

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

2021 жылды мауысым айындағы әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті жанындағы ҚР БҒМ-нің Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің Қаулысымен «Ғылыми жұмыс» грифі берілді. РОӘК ОӘБ мәжілісінің № 8 хаттамасы.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

*Философия және саясаттану факультеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы*

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

**Т.Х. ҒАБИТОВ
Н.Қ. АЛЬДЖАНОВА
Ж.О. ӘБІКЕНОВ**

МӘДЕНИЕТТАНУ

Ғылыми жұмысы

Алматы 2021

Ғабитов Т.Х., Альджанова Н.Қ., Әбікенов Ж.О. Мәдениеттану: ғылыми жұмыс
– Алматы: Лантар Трейд, 2022. – б.

ISBN 978-601-250-15-53

Пікір жазғандар: Жолдубаева А. Қ. – философия ғылымдарының
докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры;

Әлімжанова Ә.Ш. – профессор, Т. Жүргенов ат. ҚазҰӨА кафедра
меңгерушісі;

Жанабаева Д.М. – мәдениеттану PhD докторы, БҒМ ФСДИ

Ғылыми жұмыс «Мәдениеттану» пәні бойынша ҚР БҒМ бекіткен
типтік бағдарламаға сай (№ 603, 31.10.2018) орындалған. Ғылыми
жұмыста әлем және қазақ мәдениетінің рухани, этикалық, діни және
әлеуметтік құндылықтарына, олардың тарихи дәуірлер арасын
жалғастырушы сабақтастық рөліне және тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің
бүгіні мен болашағына компаративистикалық, тарихи және мәтіндік
талдау жасалады. Ғылыми жұмыстың негізін аталмыш мәселеге қатысты
тың ғылыми зерттеулер құрады, сонымен қатар Қазақстан мәдениетінің
қазіргі жаһандану кеңістігіндегі инновациялық үрдістеріне сараптау
беріледі. Ғылыми жұмыс бакалаврлар, магистрлер мен докторанттарға
және мәдениеттануға қызығушылық танытатын оқырман қауымға
арналған.

I-МОДУЛЬ. МӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ ПӘНІ, НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

1. Мәдениет морфологиясы	5
1.1. Мәдениеттану пәнінің қалыптасу тарихы мен қоғамдағы орны	5
1.2. Мәдениет ұғымының тарихи қалыптасуы, құрылымы және қызметтері	10
1.3. Өркениет – мәдени-философиялық талдау нысаны ретінде	13
1.4. Мәдениеттің құрылымы және формалары	18
2. Мәдениет тілі	22
2.1. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысандары	22
2.2. Мәдениет және тіл	26
2.3. Ауызекі және жазба мәдениет	36
3. Мәдениет семиотикасының сипаты	41
3.1. Коммуникациялық мәдениет кешенін семиотикалық зерттеу	41
3.2. Белгі мен таңба	44
3.3. Мәдени код және семиотика	51
3.4. Мәдени рәміз	55
4. Мәдениет анатомиясының сипаты	67
4.1. Мәдениет типологиясы	67
4.2. Өркениеттер типологиясы	72
4.3. Мәдениет формалары және әлеуметтік мәдениет	75

II-МОДУЛЬ. ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АРХЕТИПТЕРІ МЕН ХРОНОТОПТАРЫ

5. Орталық Азия көшпелілерінің мәдениеті	82
5.1. Қазақ мәдениетінің көшпелі шаруашылық типі	82
5.2. Көшпелілік мәдениеттің ерекшеліктері	87
5.3. Ортағасырлық көшпелі дүниетаным негізі	94
6 Арғытүркілер мен түркілердің мәдени мұрасы	99
6.1. Түркілік мәдени мұраның ерекшеліктері	99
6.2. Арғытүркілер мен түркілердің рухани мұрасы	102
6.3. Түркілік дүниетанымдағы әлем суреттемелері	115
6.4. Шаманизм мәдени мұра ретінде	124
7. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті	134
7.1. Ұлы Жібек жолы мәдениеті және Орталық Азия	134
7.2. Ортағасырлық түркі өркениетінің ерекшеліктері	143
7.3. Түркілердің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі	147
8. Ислам Ренессансы және түркілердің мәдени мұрасы	154
8.1. Ренессанс ұғымына мәдениеттанулық талдау	154
8.2. Түркі Ренессансын қалыптастырған ғалымдар	155
8.3. Жошы ұлысы мен Алтын Орда мәдениеті	164
9. Қазақ мәдениетінің қалыптасуы	172
9.1. Хандық дәуіріндегі дәстүрлі қазақ мәдениеті	172
9.2. Дәстүрлі қазақ дүниетанымының құндылықтары	183

9.3. Қазақ халқының әдет- ғұрыптары мен рәсімдері	201
10. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ мәдениеті	209
10.1. Зарзаман мәдениеті. Қазақ билері	209
10.2. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақтың алғашқы мәдениеттанушысы ретінде	212
10.3. Қазақ мәдениетінің кемелденуіне үлкен үлес қосқан тұлға – Ыбырай Алтынсарин	214
10.4. Абай – қазақ халқының рухани атасы. XIX ғасырдағы көркемөнер мәдениеті	216

3- МОДУЛЬ. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ӘМБЕБАПТЫЛЫҒЫ МЕН ТӨЛТУМАЛЫҒЫ

11. XX ғасырдағы қазақ халқының мәдениеті	225
11.1. XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлттық ояну мәдениеті	225
11.2. Социалистік жүйе және қазақ мәдениеті	232
12. Қазіргі әлемдік үдерістер аясындағы Қазақстан мәдениеті	241
12.1. Тәуелсіздік және заманауи Қазақстан мәдениетінің әлемдегі орны	241
12.2. Қазақстандағы батыстық мәдениеттің ықпалы	244
12.3. Қазақстан көркем мәдениетіндегі жаңа үрдістер	246
13. Жаһандану мәнмәтініндегі қазақстандық мәдениет	255
13.1. Жаһандану және ұлттық бірегейлік	255
13.2. Заманауи Қазақстанның мәдени типологиясы	262
13.3. Жаһанданушы әлемдегі орнықты даму мәдениеті	274
14. Қазақстанның мәдени саясаты және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы	279
14.1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық стратегия ретінде	279
14.2. Саяси мәдениет және нарық	284
14.3. Қазақстандағы Еріктілер (волонтерлер) қозғалысы	292
15. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы	296
15.1. Қазақстандағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының маңыздылығы	296
15.2. Қазақстанның мәдени ескерткіштері мен мәдени туризмнің мүмкіндіктері	298
15.3. Қазақстандағы мәдени-инновациялық үдерістер және ұлттық идея	306

Ұсынылатын әдебиет

I-MОДУЛЬ. МӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ ПӘНІ, НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

1. МӘДЕНИЕТ МОРФОЛОГИЯСЫ

Мақсат: Мәдениеттанудың ғылым және оқу пәні ретіндегі қалыптасу тарихын, оның гуманитарлық пәндерде алатын орнын, басты ұғымдарын, қағидаттарын, құрылымы мен функцияларын қарастыру.

1.1. Мәдениеттану пәнінің қалыптасу тарихы мен қоғамдағы орны

Мәдениеттану-заманауи қоғамда жоғары сұраныстар мен қызығушылыққа ие, еліміздің тәуелсіздігімен қатар дамыған жаңа ғасыр мамандығы болып табылады. Мәдениеттану-мәдениет және оның институттарын тұтас феномен ретінде зерттейтін ғылым саласы. Мәдениеттану пәні оқу үрдісіне 1994 жылдан бастап ене отырып, Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде қазіргі кезде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнаулы пәні ретінде ұсынылған.

Қазақстанда мәдениеттану бойынша білімді мамандар дайындаудың негізгі міндеттеріне тәуелсіз Қазақстанның мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттың мәдени сұраныстары мен талаптарын қанағаттандыру саясатын жүргізу жатады. Қазіргі кездегі өркениет қоршаған ортаны, әлеуметтік сипаттағы тұрмыстық жағдайды қайтарымсыз түрде өзгертуде. Осы тұрғыда мәдениет көбінесе қоғамдық жаңару бастауы, шығармашылық өмірді қалыптастыру факторы ретінде көрініс табады. Мәдениетті адамның өзін-өзі жүзеге асыру құралы ретінде қарастыру арқылы, ондағы тарих пен адамға айтарлықтай әсер ететін импульстарды анықтай аламыз. Әлемге жетудің эвристикалық құралы идеология, экономика немесе саясат емес, мәдениет болып табылады. Жер жүзінде өзіндік мәдениет нұсқасын қалыптастырмаған халық жоқ. Өзін-өзі сезіну, өзіндік сананы түсіну мәдениетке әу бастан-ақ тән, ол адам болмысының өлшемсіздігі мен тереңдігін білдіреді. Ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі екі негізгі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- Ұлттық мәдениет өзіндік даму амалымен өзіндік даму қабілетін анықтауы тиіс.

- Ол қазіргі кезде қоғамда болып жатқан түбегейлі және инновациялық өзгерістерге кедергі жасалмай, керісінше, оған демеу беріп, бірігіп, онымен іштесіп модернизациялануға ұмтылуы тиіс.

Өркениеттіліктің басқа қыры-ол алып келетін жағымды мәдени құндылықтар. Бұлар:

- қоғамның мәдени деңгейі тіршілік қалыптарының жоғарылуына, экологиялық бұлдірулердің баяулауына, жалпы гүлденуге себепші бола алады;

- ашық мәдениет нарықта жаңа жұмыс орындарын ашады, табысты молайтады, жаңа технологияларды таратады;

- әлемдік экономикамен бірігу өзімен бірге жаңа технологиялар мен идеяларды ала жүреді, халықаралық сауданы дамытады, инфляцияны жұмсартады, инновацияларды жеделдетеді;

- мәдени жетілгендік адами факторға инвестицияларды ұйғарады: білім беруге, денсаулықты сақтауға, инфрақұрылымға позитивті әсер етеді;

- мәдени өзгерістер билікті саяси және экономикалық реформаларды жүргізуге ниеттендіреді.

Мәдениеттану пәнінде маңызды рөл атқаратын антропология курсы өз ішінде әлеуметтік немесе мәдени антропологияны, антропологиялық лингвистиканы, ежелгі археологияны және биологиялық немесе физикалық антропологияны қамтиды. Мәдени антропология пәнінде теория зор мәнге ие. Ал теория мен тәжірибе өзара тығыз байланысты. Әсіресе түрлі ұлттық дәстүр ықпалымен мәдениетке берілген анықтамаларға, теория мен этнографияның өзара байланысына, синхрондық және диахрондық тұрғыдан зерттеудің айырмашылықтарына және пән тарихын мәдениеттанушылар, тарихшылар мен антропологтардың қалай қабылдайтынына мән беріледі.

«Мәдени антропология» сөзінің мәні ұзақ жылдар бойы әр елде түрлі мағынада, түрлі ұғымда қолданылып келді. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген ғалымдар «мәдени антропология» сөзін мәдени айырмашылықтар мен әлемдегі бар адамға тән, жалпы адамзатты сипаттайтын қасиеттер жиынтығы мағынасында қолданатын. Дегенмен соңғы уақытта «мәдени антропология» термині мен «этнология» терминін синоним ретінде жиі қолданатын болды. Мұнда айта кетер жайт, көптеген антропологтардың ойынша, *қолданбалы антропология* өз алдына бөлек сала болу қажет. Қолданбалы антропология дегеніміз – апаттардың салдарын жоюда, медицина саласында, қоғамды дамытуда және басқа да мәдениет пен қоғамдық маңызды салаларда мәдени антропологиядағы идеяларды қолданысқа енгізу. Кең ауқымда алып қарағанда, қолданбалы антропология биологиялық және лингвистикалық антропологияны немесе тіпті археология мәселелерін де өз ішіне қамтуы мүмкін. Мәселен, биологиялық антропология мәйіттің тірісінде кім болғанын анықтауға көмектеседі. Антропологиялық лингвистика мылқау жандарға қатысты және сөйлеу терапиясында қолданылуы мүмкін. Ал ежелгі суару жүйесіне қатысты табылған археологиялық қазбалар заманауи су құбыры құрылысына көмектесуі мүмкін.

Антропология біраз ортада, бірнеше құрылықта таза «мәдени антропология» мәнінде қолданылатын болып қалыптасты. Мүмкін, бұл дұрыс та шығар. Биологиялық антропология адам биологиясын зерттейді. Ол көбіне «антропологияның» алғашқы кездегі, адамзатты зерттейтін

ғылым мағынасында пайдаланылады. Кейде бұл өзінің ескі «физикалық антропология» терминіне балама ретінде аталады.

Мәдениет туралы ілім басқа мәдениетті зерттейтіндіктен, мәдениеттану басқа адамдардың ойлау мәнерін өзімізше түсіндіруді білдіреді. Теория болса, белгілі бір деңгейде біздің өзіміздің мәдени мәнерде ойлауымызды түсіну болып саналады. Мәдениеттану үшін не нәрсе маңызды және не нәрсенің маңызы жоқ екенін анықтап алмайынша, онымен айналысу мүмкін емес. Студенттер мәдениет теориясының не қажеті бар деген сұрақты жиі қояды. Дәл сол сияқты олар мәдениеттанудың қажеті қанша деп те сұрауы мүмкін. Мәдениеттану мәдениеттің абстрактілі мағынасын тереңірек түсінуге және (мәдениеттің ерекшелігіне байланысты қалыптасқан) адамзат табиғатының болмысын анықтауға қызмет етеді. Екінші жағынан, гуманитарлық теория мәдени антропологиясыз қандай да бір мәнінен айырылады, өйткені мәдени өзгешелікті түсіну – мәдениеттанулық мәселелердің ішіндегі ең маңыздысы.

Қазіргі заманда мәдениеттану мәселелерінің өзектілігі мен ауқымдылығын арттыратын бірнеше мәдени-әлеуметтік факторларды атап өтейік. Алдымен осы факторлардың арасында ғаламдану үдерісінің рөлі ерекше екендігіне назар аударған жөн. Әлемдік қауымдастықты құрап отырған ұлттық мемлекеттер мен аймақтардың бір-біріне өзара тәуелділігінің артуы, олардың жалпыға ортақ экономикалық, саяси және мәдени ережелері бар бір жүйеге бірте-бірте тартылуы, интеграциялануы дендеп бара жатқан жаһанданудан (глобализация) тыс қала алмайтынымыз белгілейді. Жаһандану жөніндегі түрлі көзқарастар болса да, күшті ел әлсіз елге басымдық көрсете алмайтын, барша адамзат жатырқамайтын мәдени ғаламдастыру негізінде жергілікті ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктерді сақтай отырып, өзге өркениеттен, өзге мәдениеттен талғап-таңдап, іріктеп, әлемдік мәдениетте лайықты орны бар, біртұтас ұлттық мәдени кеңістік қалыптастырған ләзім. Осыған сәйкес, Қазақстанда мәдени-саяси даму моделіне бағытталған жалпы мемлекеттік саясаттың құралына енетіндер:

- қоғамның жан-жақты дамуының алғы шарты болып табылатын мәдениет тәуелсіздігін сақтау;

- қоғамның негізгі субъектісі мен объектісі ретіндегі адамның жеке тұлғалық құндылықтары мен шығармашылық дамуын бағалау;

- қоғамның адамгершілік (діни, моральдық) және интеллектуальдық ресурстарын дамыту мен қайта қалпына келтіру жөніндегі қамқорлығын жүзеге асыру. Бұл бақылау орнату үшін мемлекетке адекватты механизмдерді жасауға мүмкіндік береді;

- құқықты базаларда, қоғамның жоғары дәстүрлі-моральдық құндылықтар мен этникалық нормаларға жетуі;

– негізгі ұлт қазақ халқының мәдени құндылықтарын басшылыққа алу және оны басқа ұлт өкілдерінің қабылдап, бейімделуін реттеу арқылы ұлттық модельді қалыптастыру және т.б..

XXI ғасырда мәдениеттанудың тағы бір саласы **мәдени зерттеулердің** жаңа парадигмасы туралы айтудың көптеген себептері бар. Ең негізгісі жаңа қалыптасқан шындықты мойындау: тіршіліктегі маңызды процестердің әмбебаптылығының сипаты, мәдени аймақтардың өзара әрекеттестігі және өзара тәуелділігі, қазіргі замандағы адамзат баласының тағдырының бірлігі, былайша айтқанда, өркениеттің бастауы және сонымен қатар оның салдары болған шынайылықтар. Кейбір халықтарды ғана емес, барлық еуропалық қауымдастықты қамтыған тағдыры біртұтас әртүрлі аймақтар «апаттарымен» айқындалады: дүниежүзілік соғыстар, тоталитарлық режимдер, фашистік экспанциялар, халықаралық терроризм, экономикалық тоқыраулар, экологиялық күйзелістер және т.б. Бұл процестердің бәрі жәй ғана шектелген күйде, басқа халықтардың мәдени дамуының қалпын бұзбай, жанап өтуі мүмкін емес еді.

Мәдени зерттеулер ұлттық мәдениетті жасаушылардың ментальдық ерекшеліктерін есепке ала отырып, кез келген ұлт мәдениетінің өзіне ғана тән сипатын ашып көрсетуде қомақты табыстарға жетіп отыр. Мысалы, орыс биінің, аргентин тангосының, негр музыкасының терең ұлттық мәнін осы тамаша рухани дүниелерді өмірге келтірген халықтың ұлттық мінезін ескергенде ғана толық түсінуге мүмкіндік алған болар едік. Мәдениеттанушылардың бұл орайдағы басты мақсаты-дүниежүзілік және ұлттық деңгейдегі тарихи-мәдени процестерді тарихи шындық тұрғысынан түсіндіріп қана қоймай, оларды болжай, әрі басқара білу. Ең бастысы-мәдениеттану ғылымы мәдениеттің қайнар бұлағынан сусындай білуі қажет. Адамзат баласы өз шешімін таппаған көптеген мәселелерге белшесінен батуы қазіргі заманға мәдениеттің көп жағдайларда өз бастауын ұмыта бастағанынан да болуы керек. Ендеше, адамзаттың мәдени жаңғыруына мәдениеттану пәнінің қосар үлесі де қомақты екенін де ескерсек, әлі де болса буыны бекімеген жас ғылым саласының болашағы зор болатындығына күмән келтіруге болмас.

Қазақстан үшін бүгінгі ғаламдану дәуіріне аяқ басар тұста жаһандану желеуімен кіріп жатқан діндік, ділдік азғындауға ұшырататын кейбір мәдени құрылымдар шырмауына ұшырау қаупі де бар. Әлеуметтік құрылымдағы, дүниетанымдағы, демек, мәдениеттегі берекесіздік – жас мемлекеттің жаңа іргетасы қаланып жатқан кезге тән құбылыс. Бүгінгі таңда басқа да мемлекеттер сияқты мәдени өркениеттің аясындағы ұлт дәстүріне негізделген жолмен немесе бұқаралық мәдениеттер үрдісімен жүру сондай-ақ, өзге мәдениеттерге ұқсамайтын ұлттық төл мәдениеттің өзегінен бүгінгі өмір ағымына сай мәдениет үлгісін қалыптастыру жолын таңдау да жан-жағына қарай бастаған тәуелсіз елдің бірден-бір стратегиялық құралы болады.

Қоғамның моральдық стандарттарын жетілдіру, мәдени-ақпараттық кеңістікте туындайтын мәдениетке қарсы (немесе жалған мәдени) құбылыстарды ығыстыру үшін мәдениеттің шектегіш-реттеуіш тетіктерін жандандыру ләзім. Қазіргі ғылым бойынша мәдениет ең алдымен бүкіл қоғамдық организмнің рухани ұйымдастырушысы ретінде, оң идеялар мен құндылықтарды көркем шығармашылық арқылы тұлғалаушы және таратушы ретінде нақ сол мәдениет бүгінгі уақытта адамның өмірдегі өз орнын еркін таңдауы мен орнығуы үшін жағдайлар жасау жолымен, тарихи маңызды міндеттерді шешу үшін халықты психологиялық жұмылдыруға көмектесуі тиіс. Осы тұрғыдан қарағанда мәдениет адамдардың әлеуметтік масылдық таптаурындарын, моральдық енжарлығын, пессимизм және ұлттық нигилизм, шығармашылық селқостығын жою үшін берік әлеуметтік базаға (негізге) айналуы тиіс.

Жоғарыдағы мәдени бағдарламаны сараптағанда мынадай бір ой туындайды. ХХІ ғасыр табалдырығында болашағынан үміт күттіретін мәдениет пен оның теориясы партикулярлық ұстанымдарға сүйенбеуі қажет. Тек ашық, сұхбатқа икемді, басқалармен үйлесімді этномәдениет қана заман талаптарына сай бола алады. Болашақ мәдениеттанулық зерттеулер мен жобалар қазақ мәдениетінің бірегейлігімен қоса, оның диалогтық аймағын да зерделеуі қажет. Ал осыған дейінгі мәдени ықпалдарды сылып тастап, «тап-таза қазақшылықты» уағыздау «тәлібшілдіктің» бір көрінісі болар. «Таза беттен бастап, батыстық үлгімен жүре берейік» деу де қазақ мәдениетінің жасампаздық потенциясы күмән келтіру. ХІХ ғасырда Батыс үстемдік етсе, ХХ ғасыр капитализм мен социализмнің текетіресі түрінде болды, ал ХХІ ғасырда ахуал өзгерейін деп тұр. Әлем сахнасына С.Хантингтон жіктеген басқа да суперөркениеттер шығайын деп тұр. Бұл да мәдениеттанулық талдауды қажет ететін мәселеге жатады.

Қазақстанда мәдениеттану мамандығының өзектілігі әлемде жүріп жатқан озық үрдістермен тікелей байланысты. Болон Декларациясына сай, адамның сапалық параметрлерін қалыптастырушы және жетілдіруші рухани өндірістің маңызды салаларының бірі-білім беру саласы. Білім беру бір жағынан, тұтас ұлттың интеллектуалды потенциалының дамуы және тереңдеуінің факторы болса, екінші жағынан-адам мүмкіндіктерінің барынша жүзеге асуының іргелі алғышарты. Білім беру экономикалық өсудің маңызды факторы, адами капиталдың ең маңызды өлшемі. Қазақстан халықтың «тапқырлық» деңгейі (яғни, антропологиялық әлеуеттің дамуы), ғылыми-зерттеу базасының, адам туралы ғылымдағы білімнің сапасы бойынша, сондай-ақ базалық инфрақұрылымның жаман емес жағдайына қатысты айтарлықтай жоғары бағаланымен, шешілмеген мәселелер жеткілікті. Адам капиталы тұрғысынан ғылымға, білімге, бір адамға жұмсалатын қаржыны есептегенде біз, әрине, әлі де болса жоғары деңгейге көтеріле алмай отырмыз. Қазақстанда индустриялық-инновациялық бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Міне, сондықтан

адам капиталының әлеуетін көтеретін кез келді. Осы мақсатта еліміздің экономикасын дамытуға мүмкіндік беретін адам капиталын дамыту жолында интеллектуалдық элита қалыптастыру үшін мәдениеттану бойынша зерттеулер өте маңызды құрал болып табылады.

Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың мәдениеті мен біліміне байланысты. Білім беру саласында экономикамызды жеделдете модернизациялап, инновациялық-индустриалдық экономикаға көтеру үшін Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын кафедрада дайындалған оқулықтар, оқу құралдары мен монографиялар сияқты білім көздері арқылы интеллектуалды төңкеріс қажет.

1.2. Мәдениет ұғымының тарихи қалыптасуы, құрылымы және қызметтері

Мәдениеттану пәнінің негізгі ұғымына «мәдениет» ұғымы жатады. Мәдениет араб тілінен «маданият», «медина» (кала) деген ұғымды білдіреді, бұл орта ғасырларда Ислам Ренессансы кезінде қалыптасқан ұғым. Еуропалық дәстүрде «культура» деген термин қолданылады. «Культура» дегеніміз натурға яғни табиғатқа қарсы қойылған ұғым. Бұл әрине ұғымның синтактикалық мәнісін білдіре бермейді.

XX ғасырдың белгілі ойшылы З. Фрейдтің анықтамасы бойынша, мәдениет бұл адамның табиғатпен және басқа адамдармен қарым қатынасын ретке келтіретін норма, талап, тілек болып табылады. Басқа бір анықтамаларда мәдениет негізінен құндылықтар жүйесі деп анықталады яғни адамға не нәрсе пайдалы, игі, құнды болса соның бәрі мәдениетке жатады. Шың мәнісінен алғанда мәдениет, әрине, бұл адаммен тікелей байланысты, бұл адамның болмыста өмір сүру тәсілі. Егер мысалы басқа тірі жануарлар табиғатта бұл тектік ақпаратын жүзеге асыру арқылы өмір сүретін болса, адам мәдени ақпарат арқылы, мәдени құндылықтар арқылы қоғамда өмір сүреді. Әрине мәдениеттің анықтамалары өте көп мәдениеттілік ұғымыменде тығыз байланысты.

Сонымен, мәдениет ұғымы бір жақты да емес, бір сатылы да емес болып табылады. Мәдениет түсінігі аясына жеке адамға, қоғамға, халыққа, ұлтқа, мемлекетке және әлемге қатысты мәдени ұстанымдар жүйесі енеді. Айтып кететін бір нәрсе, мәдениетті анықтаудағы үш көзқарасты қолдана отырып, зерттеуші соған тән барлық үдерістерді толық қарастыра алады: тарихи (уақыттылық)-қандай да бір мәдени құбылыстардың өмір сүруінің уақыты және орны; формальды-функциональды (уақыттан тыс)-мәдениеттің қызметі мен құбылыстарын талдау, олардың уақыттан тыс, қайталанатын және кері түріндегі үдерістерін, интеграция мен дезинтеграцияны түсіну; формальды-уақыттылық үдеріс, әдетте, мәдениеттің өсуі немесе дамуы деп атайды-бұл мәдени жүйенің әр уақытта өзгеруі, бір форма алдыңғы формадан шығуы және келесі бір формаға айналуы. Бұл үдерістің

шеңберінде өзгерістер жеке құбылыстармен емес, мәдени құбылыстардың сыныптарымен болады.

Мәдениет ұғымына адамзаттық қоғамның өндірістік, қоғамдық және рухани өмірдегі жетістіктер, ережелер мен тәртіптер жиынтығы, тәрбие мен білімділіктің белгілері тағы с.с. түсініктер кіреді. Ауылдар, аймақтар, этникалық топтар, халықтар, діни ұстанымдар – бұлардың барлығы мәдени әртүрліліктің деңгейлерін көрсететін өзіндік ерекшелігі бар белгілі бір мәдениетке ие. Мәдениет туралы XX ғасыр гуманисті Альберт Швейцер былай дейді: «Мәдениет дегеніміз адам баласының және бүкіл адамзаттың алға қарыштауының жиынтығы, ал бұл қарыштау индивидтің рухани жетілуіне ықпал тигізуі тиіс. Өйтпеген жағдайда, бұл қарыштау мәдениетке апармайды. Яғни, бұл алға қарыштау адам баласының рухани жетілуінің белгісі болып табылады және солай болуға тиіс» (Швейцер А. Культура и этика. – М.: Прогресс, 1973.-103 б.).

Алға қарыштау дегеніміз тек ғылыми техникалық прогресс емес, керісінше, рухани дүниенің, қазынаның, құндылықтың, болмыстың өркендеуі болуы тиіс.

Біріншіден, мәдениет адам жасағаннан немесе жасайтыннан тұрады: адам қызметінің түрлері мен нысандары, соның нәтижесінде пайда болатын өнімдер (артефактілер) және қатынастар. Сәйкесінше, бұл жағынан мәдениет табиғатқа қарама-қарсылық, жасандының табиғиға қарсы қойылуы ретінде болады. Екіншіден, мәдениет қоғаммен сәйкес келеді де, сәйкес келмейді, өйткені адамның тіршілік әрекеті мен қоғамда табиғи сипаттағы факторлар аз орын алмайды. Үшіншіден, және де бұл ең бастысы, мәдениеттің мазмұны адамды «жасау», тәрбиелеу, қалыптастыру болып табылады, яғни адамның биологиялық жағынан тұлға болуы (элеуметтік адам).

Бұл үдерісте адамның өзін дамытуы үшін жасалған қызмет жүйелері мәдениетке жатады. Сонымен біз мәдениетті адамның табиғатты түрлендіруінің саналы қызметі, материалдық және рухани салаларда іске асырылған осы қызметтің нәтижесі ретінде түсінеміз.

Мәдениеттің қоғам өміріне белгілі бір дәйектілік пен позитивті дамуы бойынша әсеріне қатысты «мәдениет» ұғымы гуманитарлық ғылымдардағы ең басты ұғымдардың бірі болып табылады. Бұл ұғым қазіргі мағынада XVIII ғасырда Еуропада Дж. Вико, И.Г. Гердер, Ш. Монтескье сынды ойшылдардың еңбектері арқасында пайдаланына басталды. Бұл кезеңде географиялық экспансия толқындары адамдардың өз мәдени құндылықтарын, стереотиптерін, өмір сүру тәсілдерін өзге мемлекеттерге тән мәдениет құндылықтарымен салыстырудан мүдделер шиеленісуіне әкелді және мәдени көптүрлілік құқығы туралы пікірталастардың тууына ықпал етті.

Мәдениет – бұл өте күрделі, көп деңгейлі жүйе. Әрбір мәдениет этносқа, халыққа қатысты болады, ұлттық болып табылады. Алайда осы

мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар бар. Ежелгі заманда мәдениеттің этноұлттық сипаты бойынша екі қарама-қарсы тенденция пайда болды: этноцентризм және космополитизм. Біріншісіне сәйкес қандай да бір этнос өзінің мәдениетін үлгі мен эталонның кейбір үлгісі ретінде қарастырады, оны басқадан жоғары қояды, басқа мәдениеттерді сенімсіздікпен немесе өшпенділікпен, кейде ксенофобия, не басқадан қорғау түрінде қабылдайды. Екінші тенденция – өзінің этносы мен елінің шеңберінен шығып, әлем азаматы болу. Бұл жағынан космополитизм патриотизмге қарама-қарсы болады.

Мәдени релятивизм және әмбебаптылықты бағалай отырып, оның көптеген ережелері толық негізді және дәлелді болады деп санауға болады, алайда оның бірде-біреуі толық шындыққа үміттен алмайды. Сондықтан олардың қарама-қарсы тұруы емес, бірін-бірі толықтыруы жемісті болар еді.

Қазір ғаламшарымызда тұратын халықтардың ұлттық мәдениеттерінің ең үздік жетістіктерінің синтезі ретінде «Әлемдік мәдениет» ұғымы қалыптасуда. Ұлттық мәдениет өз кезегінде сәйкес қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтары мәдениетінің синтезі болады. Ұлттық мәдениеттің өзінділігі, оның белгілі қайталанбас ерекшелігі және сонылығы өмір мен қызметтің рухани (тіл, әдебиет, музыка, кескіндеме, дін) және материалдық (экономикалық құрылыс, шаруашылық жүргізу, тұрмыс, еңбек және өндіріс салтының ерекшеліктері) салаларында байқалады.

Мәдениеттің нақты таратушысына сәйкес әртүрлі субмәдениеттер бөлініп көрсетіледі. Субмәдениеттерге дифференциация қоғамда әртүрлі таптардың, топтардың болуына байланысты болады. Осы фактордың рөлі қазір азайған, бірақ қалған. Қоғамның кедей, маргинал топтарының мәдениеті өте төмен болады, ол білімнен жеке бас гигиенасына дейінгі бар салада байқалады. Жоғары топтағы адамдардың қоғам элитасының мәдениеті жалпы жоғарғы деңгеймен, кейбір сыртқы түрлерімен ерекшеленеді: қатаң этикет, таңдамалы мәнерлер, ерекше кішіпейілділік, ежелгі (аристократтық) дәстүрлерді сақтау.

Орташа топтар мен таптар қазір «бұқаралық мәдениет» деп аталатын ең көп тараған, басым мәдениетті тарататындар болып саналады. Олардың жалпы деңгейі жоғары емес, орташа болып табылады. Сонымен қатар бұл топқа барлық мәдениеттің жаңаруының негізгі көзі болып табылатын, зерде мен шығармашылық потенциалдың жоғарғы деңгейін таратушы ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның негізгі бөлігі жатады. Ауыл мен қала мәдениетінің арасында едәуір айырмашылық бар. Сонымен қатар кәсіптік мәдениеттің ерекшеліктері туралы да айтуға болады.

1.3. Өркениет – мәдени-философиялық талдау нысаны ретінде

Мәдениет ұғымымен тығыз қарым-қатынаста жүретін және маңыздылығы жағынан кем түспейтін «өркениет» ұғымының болмысын қарастыратын болсақ, оның белгілі бір дәрежеде мәдени мәнге ие екенін байқауға болады. Сонымен қатар, өркениет дегеніміз мәдениетті толықтырушы және осы мәдениеттің қайталанбас, дара, қажетті сәті. Олай болса, өркениет шекарасының мәдениет негізінде айқындалары сөзсіз. Мәдениет ұғымын онтологиялық тұрғыда алып қарайтын болсақ, өркениеттен жоғары екенін көреміз. Неміс ғалымы және мәдениеттанушысы Освальд Шпенглердің пікірінше, әрбір мәдениеттің өзіндік жеке өркениеті болады. Оның ойынша, өркениет мәдениеттің құтылмас, шарасыз тағдыры болып табылады. Өркениет жоғары адамдар типінің қол жеткізе алатын ең соңғы және өте жасанды мәні. Олар – соңы, бірақ та олар ішкі қажеттілік үдеріс барысында әр қашанда шынайылықпен сипатталады (Шпенглер О. Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории. Гештальт и действительность. – М: Мысль, 1998. – 163-164 бб.).

Негізінен О. Шпенглердің осы ойымен қосылуға тура келеді, бірақ мәселе басқада. Бұғанға дейін қалыптасқан адамзат тарихы екі ерекшеліктермен сипатталынады. Біріншіден, өркениеттік-әлеуметтік өлшем біртіндеп мәдени-әлеуметтік өлшемнен бөлектелініп, алшақтатылып, өзіндік ерекше жеке бір салаға айналады. Екіншіден, әлеуметтік-орталықтық тенденция ежелгі адамзат тарихының барлық кезеңінде өлшеусіз болып келді. Нәтижесінде, тарихтың белгілі бір кезеңі (нақтырақ айтар болсақ, қоғамның архаикалық типінен антагонистік типіне өту) жоғарыда аталып отырған өлшемдер негізінде онтологиялық «инверсиядан» (өзара өзгерістен) өтеді. Осы уақыттан бастап, өркениеттік-әлеуметтік өлшем тарихи үдерісте үстемдік етіп, қалыптасудың абсолюттік қозғалыстық бағытын жойып, тарихтың әлеуметтік-мәдени өлшемінің архитектуроналық (бір тұтастықта бөлшектердің үйлесімділікте болуы) ұжымы ендігі жерде өркениеттік-социумдық өлшемнің көп қабаттылығымен жүзеге асырылып отырды. Яғни, мыңдаған жылдарға созылған тарих ағысында өркениет мәдениетке өз үстемдігін жүргізіп келді. Күштінің әлсізге билік жүргізуі адамзат тарихының және адамзат болмысының бұрмалануы дегенге келіп саяды. Мәдениеттер мен өркениеттер өздігінен бір-бірімен алмаспайды. Өркениетке ерекше түсінік берген батыс ғалымы О. Шпенглер: «Екі мәдениет бір-бірімен екі адамның қарым-қатынастық байланысы негізінде немесе бір мәдениет адамы көз алдында өзге мәдениет формасының өлі әлемін көрген кезде ғана жанаса алады. Қандай жағдай болмасын бұл жерден байқайтынымыз тек бір ғана адамның әрекеттілілігі», – деген ойға келеді. Демек, ғалым ойы, қай қырынан алып қарайтын болсақ та, барлығына негіз болып отырған адам баласы екендігіне көзімізді жеткізе түседі.

Мәдениет және өркениет ұғымдары көбінесе бір-бірінен ажыратылмай, тең қаралады. Олар шынында да ұқсас болып келеді, бірақ олардың арасында едәуір өзгеріс бар. «Өркениет» термині «мәдениет» терминіне қарағанда кеш XVIII ғасырда ғана пайда болды. Оның авторы, бір жорамал бойынша шотланд философы А. Фергюссон болып саналады, ол адамзат тарихын жабайылық, варварлық және өркениет деп бөлді, соңғысын ол қоғамдық дамудың жоғары дәрежесі ретінде түсіндіреді. Басқа жорамал бойынша «өркениет» терминін француздың ағартушы-философтары ойлап тапқан және екі мағынада қолданылған: кең және тар мағынада. Біріншісі, Фергюссонның тұжырымымен үндес, ақыл-парасат, әділдік және діни шыдамдылық бастауына негізделген жоғары дамыған қоғам дегенді білдіреді. Екінші мағынасы, «мәдениет» ұғымымен тығыз байланысты және адамның нақты қасиеттері-ақылдылықтың, білімділіктің, сыпайылықтың жиынтығын білдіреді.

Өркениет негізін мәдениет құрайды, яғни өркениет мәдениеттің сыртқы формасы, қабығы. Жер жүзіндегі мәдениеттердің барлығы құрылымы жағынан бір-біріне өте ұқсас. Кез келген мәдениеттің белгілі бір ерекше тұсы келесі мәдениетте әлсіздік танытса, дәл осы әлсіздік өзге мәдениет өркендеуінің басты себебі болуы мүмкін. Демек, мәдениеттер әрдайым өзгерісте, олардың өзіндік ерекшеліктері мәдени белгілер жиынтығының ұдайылығы мен екпінінен айқын көрінеді. Өзгермелі мәдениеттің орны мен уақыты ауысқан сәтте, мәдениет субъектілері – этнос, социум, тұлғалар да өзгеріп отырады. Ол үшін біз мәдениет динамикасын өте жақсы меңгеруіміз қажет, тек осындай білім ғана бізге константты анықтауға жәрдем береді. Үздіксіз үдерісті меңгеру феноменнің үстемдік етуші белгілерін анықтайды, әрі бейімделуге қолайлы қозғалмалы-иілгіш қалыпқа келіп, терең зерттеуді талап етеді.

Өркениеттің негізгі қызметтерінің бірі-қарым-қатынас, яғни, ғылыми тілдегі коммуникация. Өркениеттер келесі бір өркениеттермен әрдайым түрлі деңгейлерде қарым-қатынасқа түседі. Бұл өркениет болмысының міндетті түрдегі шарты, себебі бұл үдеріс жаңаға еніп, жаңа ішінде пайда болып, онда мықтап орнығады. Осы үдеріс жаңаны меңгерудегі айналымды құрайды. Кез келген өзгеріс аталмыш үдерісті толық аяқтамаса да, өркениеттің ішкі қатпараларын игере алады, бірақ бұл өзгеріс мәдениеттің өзегіне айнала алмайды, оны мәдениет мойындамайды да, себебі өзгеріске ұшырау барысында белгілі бір үйлесімділік заңдылығы бұзылады. Өртүрлі өркениеттердің қарым-қатынасы кезіндегі ең керемет, әрі ең қызықты сәт, жаңаға жолсерік болған жатық механизмдердің өзара ықпалдастығы мен ортадағы делдалдық қызметі. Біздің ойымызша, осындай сәттерден кейін нағыз шындыққа айналу мүмкіндігі бар тамаша мифтер, қиял-ғажайып ертегілер туындайды. Ұшатын кілем, мың шақырымнан дауыс еститін – «саққұлақ», бір көлдің суын тауысатын – «көлсоғар», желден жүйрік – «желаяқ», су бетіне қарап ақпарат алатын – «мыстан кемпір» т.б. мысал

бола алады. Кейде мұндай мифтер идеологиялық ағымға немесе бұқаралық қозғалыстарға ұмтылдырушы күшке де айналып кетеді.

Мәдениет пен өркениет арақатынасы туралы көзқарастардың барлық алуан түрін соңында үш негізгіге әкеп тіреуге болады. Бірінші жағдайда өркениет пен мәдениет ұғымы синоним ретінде болады, олардың арасында едәуір айырмашылық болмайды. Мысал ретінде беделді ағылшын тарихшысы А. Тойнбидің тұжырымына жүгінуге болады, ол өркениетті рухани аспектіге көңіл қоя отырып, дінді басты және нақты элемент деп санай отырып, мәдениеттің нақты фазасы ретінде қарастырды.

Екінші жағдайда мәдениет пен өркениет арасында ұқсастық пен маңызды айырмашылықтар байқалады. Француз тарихшысы Ф. Бродель де осындай көзқараста болды, ол өркениет жиынтықты құрайтын элементтердің бірі ретінде, ең алдымен рухани құбылыстардың мәдениет негізін құрайды деген тұжырымды ұстады.

Үшінші тәсілді жақтайтындар мәдениет пен өркениетті қарсы қояды. Бұған неміс мәдениеттанушысы О. Шпенглердің теориясы мысал бола алады, оған сәйкес өркениет-өліп бара жатқан мәдениет. Шпенглер өркениет мәдениеттің артынан «қалыптасудың артынан, өмірден кейін өлім болатындай, дамудан кейін дағдарыс болатындай, ақылдың қартаюы» тәрізді жүреді деп жазды. Оның ойынша, мәдениет тірі және өсіп жатқан ағза, ол өнер мен әдебиет, тұлғаның шығармашылық гүлденуі үшін еркіндік береді. Өркениетте көркем шығармашылыққа жол жоқ, онда техника мен жансыз интеллект билік құрады, ол адамдарды жояды.

Мәдениет пен өркениет арақатынасын түсінуде бірінші екі тәсіл ең қолайлысы болып саналады. Осы құбылыстар арасында шынында да көп ортақ қасиеттер бар, олар өзара тығыз байланысты, бір-бірімен жанасып, бір-біріне ауысады. Бұған ең алдымен неміс романтиктері көңіл бөлді, олар мәдениеттің өркениетке айналатынын, ал өркениет мәдениетке айналатындығын атап көрсетті. Сондықтан күнделікті өмірде біздің мұны айыра білмейтіндігіміз белгілі.

Басқа да жіктеулер бар. Қарастыру масштабына байланысты өркениет аумақты, яғни әлемдік, континентальды (мысалы, еуропалық), ұлттық (француз, ағылшын), аймақтық (солтүстікафрикалық) болуы мүмкін. Шығыстанушы ғалымдар өркениеттер жіктемесіне басқаша көзқараста, олар ең алдымен өркениет өзінің қайталанбас даму жолдары бар екі тармаққа – Батыс пен Шығысқа бөлінгендігін айтады, оның ішінде «табиғи» және «қалыптысы» Шығыс болып саналады, ал Батыс мутация, ауытқу ретінде қарастырылады.

Басқа ғалымдар да барлық өркениеттерді екі типке бөліп қарайды, бірақ оларды басқаша түсіндіреді: олардың бірі – техногенді Батыс Еуропаға тән, ал екіншісі – психогенді шығыс елдеріне тән, оған ертедегі үнді өркениеті мысал бола алады. Ал кейде өркениетке материалдық мәдениетті жатқызады, ал мәдениет деп рухани мәдениетті айтады.

Алуан түрлі көзқарастарға қарамастан, олар бір-біріне жақын. Өркениеттің ең маңызды белгілері мыналар: 1) мемлекеттің құрылуы, 2) жазудың пайда болуы, 3) егін шаруашылығының басқа кәсіп түрлерінен бөлініп шығуы, 4) қоғамның таптарға жіктелуі, 5) қалалардың пайда болуы. Алғашқы екі белгінің болуын міндетті деп санайды, ал қалғандардың қажеттілігі күмән тудырады. Ал мәдениетке келсек, онда ұлттық ерекшелік пен бірегейлік, қайталанбастық пен сонылық, құбылмалық пен жаңашылдық, өзіне-өзі қанағаттанбау, сыни және шығармашылық бастау, бағалылық, биік идеалға ұмтылу бірінші кезекте орын алады.

«Өркениет» ұғымы антик қоғамының жабайы ортадан сапалық ерекшелігінің анықтамасы ретінде сонау көне дәуірде пайда болды. XIX ғасырдың Ағарту дәуірінде әлеуметтік мәдени дамудың ең биік сипаттамасы ретінде қолданылады. XX ғасырда О. Шпенглер мен А. Тойнби еңбектерінде бұл термин анық көрінген ерекшелігі бар жергілікті қауымдастық мағынасы, яғни «тарихи өркениеттер» (Қытай, Вавилон, түркі, мұсылман, ортағасыр, т.б.) мағынасын алды.

Соңғы кездері өркениетті бір аймақта тұратын халықтардың тарихи тағдырластығы, олардың арасындағы ұзақ та тығыз мәдени байланыс нәтижесінде әлеуметтік ұйымдасуы мен реттелудің-заңдық және саяси жүйелерде, шаруашылық түрлері формаларында, дін, философия, ғылым, білім жүйесі, көркем шығармашылықта-этноаралық жергілікті қауымдастық деген анықтама кеңінен тарап отыр (Хамидов А.А. Паритетность культур и конфронтационность цивилизаций//Мир начинается у твоего порога. Сб. статей.-Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 76-87 бб.).

Сонымен, өркениет категориясы келесі негізгі мағыналарда қолданылады:

- мәдениеттің синонимі ретінде;
- қоғамдық дамудың үшінші кезеңі ретінде, бірінші кезеңі жабайылық, екінші кезеңі – варварлық (Льюис Морган, Фридрих Энгельс);
- локалды-циклдік және әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде (Н. Данилевский, А. Тойнби және т.б.);
- мәдениет дамуының регрессивті кезеңі, яғни оның деградация кезеңі (О. Шпенглер, Н. Бердяев);
- этимология жағынан «азаматтық» деген ұғыммен байланысты, «civilization» қалалық өмір деген мағынаны береді.

Яғни, барлық бұл ыңғайларда өркениет деп саяси, тұрмыстық-шаруашылық, әлеуметтік қарым-қатынаспен сипатталатын қоғамдық дамудың белгілі бір күйі белгіленеді. Бұл жағдайда, өркениет ұғымы хронологиялық немесе аумақтық мағынада алынатыны маңызды емес.

Бастысы, шамамен, барлық уақыттарда өркениет бойына өмір мән-мазмұнын дарытқан өзіндік ерекшелігі бар қабық болып табылады.

Ал бұл өмір мән-мазмұнында әлеуметтік жүйенің дамуы жүзеге асады. Сол уақытта эмпирикалық деңгейде өркениет материалды артефакттарға айнала отырып, нәтижесінде қоғамдық өмірдің материалды субстратына (негізіне) айналады.

Ғылым мен техниканың тыңғылықты және динамикалық дамуы нәтижесінде әлеуметтік өмірдің барлық салаларына өзгеріс енгізілуде. Тек еңбектің мән-мазмұны ғана емес, сонымен қатар, мәдениет құрылымы мен қазіргі өркениет жүйесі де өзгеріске ұшырап отыр. Қазіргі уақытта жаңа өркениеттік жүйе туып, сөйтіп, біздің өміріміздің жаңа заңдылығы қалыптасты, мысалы, «ақпараттық өркениет», «техникалық өркениет» және т.б.

Тарих тұрғысынан қарастырап болсақ, өркениеттің дүниеге келуі – адам баласының және қоғамның әрекеттерінің өзгеру салдарынан болды. Мәдениет пен өркениеттің дамуы негізінде қоршаған ортаның, табиғаттың, адам баласының өзі және адамзаттық қоғамның қайта қалыптасу үрдісі жатыр.

Бірқатар зерттеушілер мәдениет пен өркениетті қатар қояды, ал екінші бір топ зерттеушілер мәдениет пен өркениетті бір-біріне қарама-қарсы келетін жүйелер деп тұжырым жасайды. Мысалы, Макс Вебердің ойынша, мәдениет пен өркениет бір-бірінен ерекшеленеді, өйткені мәдениет дегеніміз бұл рухани және қайталанбас құбылыс, ал өркениет болса өзінің интеллектуалды табиғатынан-анонимді (жасырынды). Өркениет-бұл адам баласының ғылымда, техникада және жобалауда бейнеленген ақыл арқылы табиғатты иемденуі. Ал мәдениет болса-бұл адам баласы рухының жүзеге асуы.

Жоғары дамыған күрделі техника да, ғылыми табыстар да әртүрлі мақсатқа қолданылуы мүмкін. Өркениеттілікке оларды тек қоғамдық прогреске қызмет еткізу жатады. Мәселен, неміс фашистері КСРО-ға опасыздықпен соғыс ашқанда, олардың техникасы да, соғыс жүргізу әдісі де, соғыс күші де біздің бұрынғы еліміздегіден жоғары болды. Бірақ сонымен бірге олар адамды қырудың түрлі әдістерін, құралдарын жасап қолданды, бала, кемпір-шал, әйелдерді топтап атты, мұражайларды қиратты. Олардың елін өркениетті деуге бола ма? Жоқ, болмайды! Сонда өркениеттілік неге байланысты? Ол ең алдымен прогреске, заңдылыққа, ізгілікке, әділеттікке байланысты. Біздің де демократиялық, құқылық, ізгілікті ел болуға ұмтылуымыз да сондықтан.

1.4. Мәдениеттің құрылымы және формалары

Мәдениет материалды мәдениет және рухани мәдениетке бөлінеді. Материалды мәдениет бұл негізінен адамды қоршаған жасанды орта яғни адамның қолымен жасалып шыққан болса неге адамның ақылының ықпалы, ойы, парасаты араласқан болса соның бәрі мәдениетке жатады. Материалды мәдениет бұл ғылыми тілде артефактілер яғни жасанды құнды құбылыстар деп аударылады. Әрине материалды мәдениет өте маңызды

бірақ сонымен бірге рухани құбылыстармен тығыз байланысты. Рухани мәдениет жалпы мәдениеттің өзегіг құрастырады. Біз рухани мәдениет туралы айтқанда рух және жан деген ұғымды бір бірінен ажырата білуіміз керек. Жан субъективті категория психологиялық ұғым, себебі адам бекерден бекер жаным ашиды, жаным ауырады деп айтпайды. Рух бұл жағынан алғанда ерекше объективті құбылыс халықтың рухы туралы айтады жалпы әлемдік рух туралы айтылады.

Адам баласы өмірінің басты мақсаты-мәдениет ұстындарына сүйене отырып, өзінің бойындағы қасиетті дәйекті де тұғырлы етіп тәрбиелей отырып, жүзеге асыру. Өйткені мәдениеттің өзі өмірдің тиянақтылығын, дәйектілігін, мәнділігін, табандылығын, тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірден-бір институт болып табылады. ХХІ ғасырда басталған жаңа үрдістерде көп деңгейлі және көп мағыналы болып табылатын осы мәдениет феноменіне өскен қызығушылық себептерінің бірі-қазіргі кездегі қоғамдық өмірде дәйексіздік, тұрақсыздық, тиянақсыздық, негативтілік сияқты белгілердің біршама орын алғандығынан деп білу қажет. Қоғамда айқын көрінетін мына жағдайлар-ата-ана мен баласы арасындағы түсініспеушілік, олардың арасындағы дау-жанжалдар, адамдардың бір-біріне сенімсіздік білдіруі, бір мемлекеттің азаматтары бола тұрып, ұлтқа, нәсілдікке, діни ұстанымға бөліну, бір-бірін белгілі бір себепсіздіктен жек көру, т.с.с. негативті бейсаналыққа, эмоцияларға негізделген келеңсіздіктер қоғам, мемлекет, әлем өмірінде орын алып келуде. Мұның себебін іздеп, анықтап алудың кезі әбден келді деуге болады. Ал қоғам өміріндегі мәдениет функцияларының бірі-бұл реттеу функциясы. Оның негізгі мәні-адамдардың қоғамдық және жеке әрекет түрлерін реттеу. Мәдениет мораль мен құқыққа негізделе отырып, адамдардың мінез-құлқына ықпал етеді.

XVIII ғасырдан бастап көрсетілген үрдістер ұлттық және әлемдік мәдениеттер арасындағы қатынастар мәселесін құра отырып, мәдени релятивизм мен мәдени әмбебаптылық нысанында болады. Мәдени релятивизмнің басында француз философы Монтень тұрды, ол әрбір ұлт өзінің жеке ұлттық идеясын құрайды деп болжаған. Алайда бұл неміс философы Гердердің жұмыстарында жеткілікті түрде дайын күйінде ұсынылған. Мәдени релятивизмнің қазіргі өкілі француз мәдениеттанушысы К. Леви-Строс болды.

Мәдени әмбебаптылықтың белгілі өкілдері Руссо, Кант, Гете, көптеген ағартушы-философтар адамгершілік әмбебапты, көпшілік ұстындар жағында болады деп болжаған. Кант белгілі кесімді императивті тұжырымдады, оған сәйкес егер қылық әмбебапты, жарамды болса, жақсы болып саналады. Осыдан әділеттілік жалпылық болады, әділеттілік дәрежесі әмбебаптылық дәрежесіне сай келеді.

Көпшілікке арналған әдебиетте мәдениет мәселесін рухани, көркемдік салалармен байланыстыра қарау басым. Шынына келгенде,

мәдениет-адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі. Олай болса, оған рухани да, материалдық та жетістіктер жатады. Басқаша айтқанда, адам болу үшін еңбек құралдарын жасауы, сөйлесуі, пікір алысуы, түсінісуі қажет.

Мәдениеттің философиялық сипаттамасын оның құрылымы арқылы көруге болады. Ресми әдебиетте «саяси мәдениет», «экономикалық ойлау мәдениеті», «адамгершілік мәдениеті», «тәрбие мәдениеті», «ұлтаралық қатынас мәдениеті» деген көптеген мәдениетке қатысты сөз тіркестері кездеседі. Олардың әрқайсысы, жекелеп алып қарағанда, философиялық мәселелер. Басқаша айтқанда, философия мен мәдениеттің арақатынасы қоғамның рухани өмірінде орын алатын келелі, күрделі құбылыс екенін бөліп қарау қажет.

Ұлттық және әлемдік мәдениеттер арасындағы қатынастар проблемасы кейде «Батыс – Шығыс» белгілі мәдениеттану дилеммасы арқылы қарастырылады. Батыс және Шығыс мәдениеттері арасындағы үйлесімділік немесе үйлесімсіздік туралы дау ертеде пайда болды және әлі шешімін таппай, жалғасуда. Оның бірін Р. Киплинг ұсынды: «Батыс ол Батыс. Шығыс ол Шығыс. Олар ешқашан қосылмайды». К. Юнг де осындай көзқараста болды. Ол Шығыс пен Батысқа тән ойлау типтері соншалық өзгеше болғандықтан, қосылу оларға мүмкін емес, әрі қажет емес деп есептеген. В. Соловьев керісінше, болашақта Шығыс пен Батыс бірыңғай әлемдік өркениетке бірігеді де, бұл «алқалық» ұстындардың толық жеңуіне негіз болады деп санаған. Мәдениеттің өзегін салт дәстүр құрастырады Гердер деген мәдениет зерттеушісі, дәстүр бұл мәдениеттің анасы мәдениетті дүниеге алып келген құбылыс деп қарастырады. Дәстүр сипатынан алғанда әрине рәсім үлкен роль атқарады, культ деген ұғымға тығыз байланысты. Жалпы алғанда мәдениеттің құрлымы өте күрделі мәдениетке, рухани мәдениеттілікке негізінен бұл әлем мәдениетті, көркем өнер мәдениетті яғни эстетикалық мәдениет, саяси мәдениет т.б. мәдениеттің түрлері жатады.

Дәстүрлер жүйесі қоғамдық жүйенің тұтастығын, тұрақтылығын бейнелейді. Оған өрескел қарауға болмайды, өйткені мәдениеттің нәзік және күрделі механизмдері бұзылуы мүмкін. Ескі рухани құндылықтарды, тарихи естелікті ұмыт қалдырып, рухани өмірді жақсарту мүмкін емес. Екінші жағынан, мәдениет жаңарусыз болмайды. Шығармашылық, өзгеріс қоғам дамуының екінші жағы болып табылады. Дәстүрлер мен жаңарулар бірлігі – кез келген мәдениеттің әмбебап сипаттамасы. Мәдениетте дәстүрлер мен жаңарулардың, шығармашылықтың әртүрлі арақатынасы қоғамдар үшін дәстүрлі және қазіргі негізді береді. Бірінші дәстүрлерде шығармашылыққа билік жүргізеді. Мәдени үлгілер бастапқы түрінде өндіріледі. Өзгерістер жүйесіз және кездейсоқ жолмен дәстүрлер шеңберінде енгізіледі. Нормадан ауытқу қабылданбайды және теріске шығарылады.

Мәдениет нормалары-нақты үлгілер, мінез-құлық пен әрекет ережелері. Олар қоғамның үйреншікті танымында қалыптасады, бекітіледі. Осы деңгейде мәдени нормалардың қалыптасуында дәстүрлі және аңдаусыз сәттер үлкен рөл атқарады. Қабылдау дәстүрлері мен тәсілдері жылдар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Қайта өңделген түрінде мәдени нормалар идеологияда, этикалық ілімдерде, діни тұжырымдарда іске асырылған.

Мәдениеттің нормативтілігі адамдардың тұлғааралық, көпшілік қарым-қатынастары және әртүрлі әлеуметтік институттардың жұмыс істеуі арқасында қолдау табады. Ұрпақтан ұрпаққа рухани тәжірибені жеткізуде білім беру жүйесі орасан зор рөл атқарады. Онда өмірге аттап басқан индивид тек білім алып қана қоймайды, қабылдау мен әрекет ету, қоршаған ортаны түсіну және қатынас жасау ұстындарын, нормаларын алады. Мәдениет нормалары өзгермелі, мәдениет ашық сипатта болады. Ол қоғамда болып жатқан өзгерістерді бейнелейді.

Мәдениет-адамдардың әлеуметтік мінез әрекеттерінің түрі немесе ерекше формасы. Мәдениеттің пәндік мазмұнын сараптай отырып, Б. Малиновский мынадай қорытындыға келді: Мәдениет-бұл артефакт әлемі. Артефакт дегеніміз жасандылық жолмен жасалған объект немесе зат. Артефактыны оның мәдени формасынан және материалды негізден (субстраттан) айыруға болмайды. Ол белгілі бір мәдениет контекстінде (аяқталған дүние) ғана жасалынады және тіршілік етеді.

Мәдениеттің әлеуметтік рөлін ары қарай анықтар болсақ, оның рөлі зор екенін байқаймыз. Яғни, мәдениет адам баласын жабайылық пен тұрпайылыққа, еріншектік пен зұлымдылыққа, менменшілдік пен жауапкершіліксіздікке жол бермейді.

Адам баласы өмірінің басты мақсаты-мәдениет ұстындарына сүйене отырып, өзінің бойындағы қасиетті дәйекті де тұғырлы етіп тәрбиелей отырып, жүзеге асыру. Өйткені мәдениеттің өзі өмірдің тиянақтылығын, дәйектілігін, мәнділігін, табандылығын, тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірден-бір институт болып табылады. ХХІ ғасырда басталған жаңа үрдістерде көп деңгейлі және көп мағыналы болып табылатын осы мәдениет феноменіне өскен қызығушылық себептерінің бірі-қазіргі кездегі қоғамдық өмірде дәйексіздік, тұрақсыздық, тиянақсыздық, негативтілік сияқты белгілердің біршама орын алғандығынан деп білу қажет. Қоғамда айқын көрінетін мына жағдайлар-ата-ана мен баласы арасындағы түсініспеушілік, олардың арасындағы дау-жанжалдар, адамдардың бір-біріне сенімсіздік білдіруі, бір мемлекеттің азаматтары бола тұрып, ұлтқа, нәсілдікке, діни ұстанымға бөліну, бір-бірін белгілі бір себепсіздіктен жек көру, т.с.с. негативті бейсаналыққа, эмоцияларға негізделген келеңсіздіктер қоғам, мемлекет, әлем өмірінде орын алып келуде. Мұның себебін іздеп, анықтап алудың кезі әбден келді деуге болады. Ал қоғам өміріндегі мәдениет функцияларының бірі-бұл реттеу функциясы. Оның негізгі

мәні-адамдардың қоғамдық және жеке әрекет түрлерін реттеу. Мәдениет мораль мен құқыққа негізделі отырып, адамдардың мінез-құлқына ықпал етеді.

Мәдениет функциялары бір жақты да емес, бір сатылы да емес болып табылады. Мәдениет функциялары аясына жеке адамға, қоғамға, халыққа, ұлтқа, мемлекетке және әлемге қатысты мәдени ұстанымдар жүйесі енеді. Айтып кететін бір нәрсе, мәдениетті анықтаудағы үш көзқарасты қолдана отырып, зерттеуші соған тән барлық үдерістерді толық қарастыра алады: тарихи (уақыттылық)-қандай да бір мәдени құбылыстардың өмір сүруінің уақыты және орны; формальды-функциональды (уақыттан тыс)-мәдениеттің қызметі мен құбылыстарын талдау, олардың уақыттан тыс, қайталанатын және кері түріндегі үдерістерін, интеграция мен дезинтеграцияны түсіну; формальды-уақыттылық үдеріс, әдетте, мәдениеттің өсуі немесе дамуы деп атайды-бұл мәдени жүйенің әр уақытта өзгеруі, бір форма алдыңғы формадан шығуы және келесі бір формаға айналуы. Бұл үдерістің шеңберінде өзгерістер жеке құбылыстармен емес, мәдени құбылыстардың сыныптарымен болады.

Мәдениет-ақпараттық үдеріске қосылған өзіндік ерекшелігі бар механизм, ол, сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар ақпараттарды қалыптастыратын және тасымалдайтын механизм болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, мәдениеттің өнімі-бұл белгілік құралдар арқасында қоғамда жасалынатын және сақталынатын әлеуметтік ақпарат. Мәдениеттің әлеуметтік ролін ары қарай анықтар болсақ, оның ролі зор екенін байқаймыз. Яғни, мәдениет адам баласын жабайылық пен тұрпайылыққа, еріншектік пен зұлымдылыққа, менменшілдік пен жауапсыздыққа жол бермейді.

Пысықтау сұрақтары:

1. «Мәдениет» ұғымына берілген түсіндермелерге сипаттама беріңіз?
2. Мәдениеттегі әмбебаптылық пен төлтумалық нені білдіреді?
3. Мәдениеттің қоғамдағы функциялары мен рөлдерін анықтап көрсетіңіз?
4. «Мәдениетті» деп қандай адамды айтамыз?
5. «Өркениет» ұғымына сипаттама беріңіз?

2. МӘДЕНИЕТ ТІЛІ

Мақсат: Мәдениет тілінің гуманитарлық ғылымдардың ішіндегі ерекше рөлін сараптау және мәдениетті өте күрделі көп функционалды тілдік құбылыс ретінде анықтау.

2. 1. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысандары

Егер өткен тақырыпта біз мәдениетті адамның болмыста өмір сүру тәсілі деп анықтаған болсақ, мәдениеттегі ең маңызды құбылыс, ең маңызды үрдіс ол әрине тілмен байланысты. Тіл және мәдениет мәселелерімен айналысатын ғылымды лингвомәдениеттану деп атайды. Себебі, тіл-бұл адамның құдіреттілігін білдіретін, адамның шындығын анықтайтын ең негізгі құралдардың бірі болып табылады. Егер біз тілдің анықтамаларына өте қысқаша тоқталатын болсақ, тіл ең бірінші ретте қарым-қатынас құралы, коммуникациялық феномен болып табылады.

«Лингвомәдениеттану» «Lingua» (латыншадан-тіл) және «мәдениеттану» деген терминдердің жинақталуынан туындап, лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің тоғысуында пайда болып, халық мәдениетінің тілдегі әсерін, ерекшеліктерін жаңаша көзқараспен салыстыра зерттейтін сала. Қалыптасқан тәжірибе мәдениетте белгілік жүйелер аккумуляциясы трансляция және жалғасу қызметін атқарады. Белгілік жүйелер мен тіл өз бетімен тәуелсіз қалыптаспайды. Заманауи мәдениеттану ғылымында тіл және код мәселесі пәнаралық сипатта. Оны талдаудан өткізу барысы логика, философия, антропология, феноменология ғылымдарына мәдениеттану арқа сүйейді.

Осы ғылымның жеке бағыт ретінде қалыптасуы ХІХ ғасырдың 70-жылдарынан бері американың тіл білімінде Орталық Американың Үндіс тайпаларын зерттеумен байланысты өріс алып, жаңа дәстүрдің негізін салды. Этнолингвистика ғылымының негізі американдық ғалымдар Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Л.Уорф, Х.Хайер т.б. еңбектерінен бастау алады. Ғылым аясында «этнолингвистика» термині ең алғаш ғалым Б.Уорфтың идеясымен туындап, осы идеяның жалғасы Э.Сепирдың еңбектерінде көрініс тауып, ғылымда аты белгілі «Сепир-Уорф» болжамына сай тілдік этнодеректер халық мәдениеті мен жеке индивид тұрғысында қарастырылған. Осы жайтты Э.Сепир өз зерттеулерінде «халық дүниетанымында туған салт-дәстүр, мифологизм, наным т.б. ұғымдар этнос болмысымен тығыз байланысты олар тілдің символдық қызметі ретінде көрініс табады» деп көрсетеді

Ғалымдардың бірқатары этнолингвистика ұлт тілінің жалпы сипатында танылады деп анықтайды. Мәселен Н.И.Толстой; «Этнолингвистика-халықтың рухани байлығының, менталитетінің, шығармашылығының бір-бірімен байланысын, бір-біріне тәуелділігін астарластығын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Ол халықтың ұлттық менталитетінің көрнекті позициясындағы негізгі формаларының бірі болып табылады»-деп тұжырымдайды. Осы тұрғысында лингвистикалық мәдениеттанудың ең негізгі мақсаты-ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін,

тіл фактілерімен халықтың танымдық этикалық, эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады.

Мәдениетті, сөздің кең мағынасында, дүниетаным мен дүниеге көзқарас жүйесі ретінде қарастыруға болады. Мәдениет оны сақтауда, көбейтуде, ұғымдарын, стереотиптерін, құндылықтарын қалыптастыруда тікелей қатысатын тілде бейнеленеді және рәміздік өрнекке ие болады:

1) мәдениет шынайылықтың айнасы, өйткені ол адамның айналасындағы әлемді және оның өмір сүру жағдайларын ғана емес, сонымен бірге халықтың қоғамдық өзін-өзі тануын, олардың ұлттық мінезін, менталитетін, өмір салтын, салт-дәстүрін, адамгершілігін, құндылық жүйесін, дүниетанымын көрсетеді;

2) мәдениет қойма функциясын атқарады, өйткені бұл лексика, грамматика, фразеология, көркем әдебиет және ғылыми әдебиеттерде бекітілген мәдени құндылықтардың ережесі болып табылады;

3) мәдениеттің тасымалдаушы құралы – тіл, өйткені тіл – ұлттық мәдениет қазыналарын болашақ ұрпаққа жеткізуші әрі негізгі көрсеткіш;

4) мәдениеттің рухани құралы да тіл, өйткені тілге енгізілген менталитет, дүниеге белгілі бір көзқарас, құндылықтар шоғыры ана тіліне «жүктеледі», осылайша адамның – ұлттық мәдениеттің тұлғасын қалыптастырады.

Адамға әрқашан оның ұлттық мәдениеті ықпал етеді. Мәдениеттің адамға жан-жақты әсері қарым-қатынастың лингвистикалық және психологиялық аспектілерін анықтайды, сол мәдениетті тасымалдаушылар арасындағы байланысты жеңілдетеді және әртүрлі мәдениеттердің тасымалдаушылары арасындағы байланысты күрделендіреді.

Тіл ғылымының аясында адамның халықпен, ұлтпен бірегейлігі адамның әлемнің ұлттық лингвистикалық көрінісінің ерекшеліктерін тануы арқылы, сондай-ақ ұлттық құрылымға тән мәдени мұраны жеке тұлғаның шеберлігі арқылы анықталады. Тіл білімінде әлемнің ұлттық көзқарасы мен тілдің байланысы мәселесі XIX ғасырда туындады Вильгельм фон Гумбольдт, тілдің ішкі формасын ерекшелеп, осы тұжырымдамада «халық рухы» идеясын енгізді. Бұл идеяны талқылар болсақ, тіл – ғасырлар бойы қалыптасатын ментальды жады, оның уақыт талабына сай болуы мәдениеттің ашықтық және толеранттылық принциптеріне байланысты, мәселен қоғам консервативті сипатқа ие болса сыртқы әлемнің жаңалықтарына скептикалық қатынаста болатыны белгілі, егер мәселенің прагматикалық жағын айтар болсақ, бұл сипаттағы қоғамның тілі – заман ағымынан қалып, ақпараттық дәуір көшінен қалып қояды да халық сол тілдің «тұтқынына» айналады. Бұл жағдайда тілдің еш «кінәсі» болмайды, қоғамның өзі бұл жағдайды қолына алып, сана инновациясын іске асыруы тиіс, яғни, тілге көмек көрсетуі қажет. Мәселен, көптеген дамыған (Швейцария, Канада, Швеция, Испания) және

дамушы мемлекеттерде (Үндіқытай елдері, Үндістан) тіл мәселесі ағылшын тілін мемлекеттік деңгейде қарастырады, егер тілге неологизмді енгізу мүмкіндігі болмаса оған «көмекші» тіл ретінде бірден түпнұсқа тілді пайдалану локальді тілді төмендетпейді, қайта оның дамып, сақталуына тікелей септігін тигізеді. Әлем елдерімен терезесі тең дамыған мемлекет өз тілін сақтап қана қоймай, ұлттық менталитетті де жаңа деңгейге шығуына тікелей әсер етеді.

Жаһанданған әлемде бұл мәселені шешудің гуманитарлы-өркениетті формасы осындай сипатта, толеранттылықтың шынайы формасы. Кейінгі лингвистикалық зерттеулердің нәтижесінде ғалымдар ақырында ұлттық тіл құрылымының ерекшеліктері әлем туралы жалпыға ортақ идеяларды іске асырудың ұлттық ерекшеліктерімен анықталады және лингвистикалық тұрғыдан ұлттық сәйкестік проблемасы әлемнің ұлттық лингвистикалық бейнесін сипаттау проблемасымен тікелей байланысты деген қорытындыға келді. Бұл кездейсоқтық емес, өйткені тіл -халықтың тарихи жадының ерекше мұрағаты, оның өмір салтын, сенімін, психологиясын, моралін, мінез-құлық нормаларын бейнелейді, ал тілдік бірліктер ана тілінің менталитетін сақтау және беру құралы ретінде қызмет етеді, ол менталитетті тудыратын құрал.

Әлемнің ұлттық лингвистикалық бейнесін қалыптастыру логикасы, тілдегі мағыналардың көріну заңдылықтары тілдік дамудың ішкі заңдылықтарымен анықталады. Сондықтан лингвистикалық семантиканың өзара әрекеттесу тетіктері мен әлемнің ұлттық бейнесі белгілі бір дәрежеде тіпті оның тасымалдаушыларына түсініксіз.

Мәдениет тілі жалпы мағынасында-белгілер, формалар, рәміздер мен мәтіндер дегенді білдіреді, бұл өз кезегінде, қоғамаралық коммуникативтік қатынастарды реттеуші және мәдениет кеңістігінде бағдарлаушы қызметін атқарады. Мәдениет тілі-шынайы болмысты түсінуде әмбебап қызмет атқарады, оның негізінде жаңадан немесе қалыптасып қойған түбірлі ойлар, түсініктемелер мен образдар, өзге де мағына тасымалын атқаратын сана конструкциялары жатады. Мәдениет қалыптасқан локальды ерекшеліктерге сай өзара ақпарат алмасуға байланысты коммуникация жүйесінсіз өмір сүре алмайды, яғни, жергілікті дәстүрге сай ақпарат алмасу сол мәдениетті түзуші функциясын атқарады. Мысал ретінде, ақпараттық жүйе қазіргі даму деңгейіне жетпеген кездегі ақпарат сипаты мен сапасына назар аударсақ, оның аса құнды материал екенін байқаймыз, сәйкесінше, белгілі бір «ақпарат құндылығы» болды, «ақпарат дефициті» санада қалтықсыз сенуші қасиеттерін туғызады. Тіпті осы орайда, Юваль Ной Харраридің адамзаттың «қысқаша» тарихындағы «тарих» феноменінің негізі түсінікті болады.

Ақпараттық вакуум уақытында кез-келген тарихи оқиға мен тұлғалар жоғары шындық, тіпті ақиқат деңгейіне көтеріледі (дін, қоғамдық және экономикалық жүйе, соғыстар). Фрэнсис Фукуяманың

«ақпараттық» толқыны келіп жеткен уақытта ақпарат өз сипатын өзгертіп, тек прагматикалық қызмет атқаруда (әлеуметтік желілер, жарнамалар мен саяси PR). Белгілі бір ақпарат таралуы деңгейі тар уақытта «сакральды» деңгейге жеткен. Сәйкесінше, таралу масштабына сәйкес ақпарат өз құндылығын төмендетіп алғаны түсінікті жағдай. Егер ақпаратты мәдениеттің бөлігі деп қарастырсақ, ақпараттық вакуум уақытында «қаңсық таңсыққа» айналады, дәл сол жағдай мәдениетте де орын алады, қазіргі қазақстандық мәдениетте осы процесстің алғашқы жарқыншақтары қылаң беруде.

Лингвомәдениеттану пәнінің дамуында екі кезең болды:

1-кезең. Ғылым дамытудағы алғашқы еңбектер: В.фон Гумбольдт, А.А.Потебня, Э.Сепир және т.б.;

2-кезең. Лингвомәдениеттанудың жеке зерттеу аймағы ретінде қалыптасуы;

3-кезең. Бұл қазіргі таңдағы ғылымның біз байқап отырған жаңа динамикасы-негізі қаланған, пәнаралық ғылым-лингвомәдениеттанудың пайда болуы.

Қазіргі таңда лингвомәдениеттануда бірнеше бағыттар қалыптасып үлгерген:

1. Жеке әлеуметтік топтың, этностың нақты мәдени кезеңге қатысты лингвомәдениеттану, яғни нақты лингвомәдени жағдайды зерттеу.

2. Диахрондық лингвомәдениеттану, нақты бір кезеңге байланысты жеке этностың лингвомәдени жағдайының өзгеруін қарастыру.

3. Салыстырмалы лингвомәдениеттану, түрлі бірақ өзара байланысы бар этностардың лингвомәдени ерекшеліктерінің көріністерін зерттеу.

4. Салғастырмалы лингвомәдениеттану. Ол жаңадан дамып келеді.

5. Лингвомәдени лексикография, бұл бағыттағылар лингвоелтанулық сөздіктерді құрастырумен айналысады.

Бұл бағыттар бойынша қазіргі таңда отандық ғалымдарымыз да еңбек етуде. Жеке әлеуметтік топтың, этностың, ұлттың лингвомәдени жағдайын қарастыру бар, диахрондық тұрғыда зерттеуге байланысты да еңбектер бар. Салыстырмалы лингвомәдениеттанудан аз да болса монографиялар жазылған десек, салғастырмалы лингвомәдениеттану бойынша ұлтық тілімізде жазылған сөздіктер жоқтың қасы, бір сөзбен айтсақ мүлдем ақсап тұр деуге болады. Мұндай сипаттағы сөздіктер арқылы тіл мен мәдениеттің бір-біріне әсер ету сипатын зерттеу жемісті болмақ.

Лингвомәдениеттанулық бірліктердің аумағы көлемді әрі жан-жақты:

- а) мифологизацияланған тілдік бірліктер; архетиптер, мифологемалар, салт-дәстүр, наным-сенімдер,
- ә) тілдің паремиологиялық қоры,
- б) тілдің фразеологиялық қоры,
- в) эталондар, стереотиптер, символдар;

г) метафоралар, тілдік образдар;

д) тілдік мінез-құлық, тілдік этикет аумағы және т.б.

Тұрақты сөз орамдарының мәдени ұлттық мазмұны халық тілінің байырғы лексикасының сан алуан сырына байланысты. Түп-төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп кілті табылғандай болса көп нәрсені баян етіп халықтың өткендегі тыныс-тіршілігі, ой-қиялы, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады. Мысалы: қасиетті жеті, он екі, тоғыз сандарымен тіркес атаулардың (он екі сәт, сәске, тәулік, екіндік, марқа туған т.б.) халықтық атаулардың, уақыт өлшемдерінің мәнін қазақ халқының күнделікті мәдени өмірімен біте қайнасып ғылыми-тәжірибесінен туған атаулар екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Соған қарамастан ұлттық ұғымда сақталған халық дүниетанымы, яғни бүкіл болмысы этностың тіл айнасында этнолингвистика саласынан тіл арқылы мәдениеттанудың басқа да бағыттары бастау алатынын, әр ұлт менталдылығының негізін айқындайтын бағыттар екенін баса айту керек.

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың теориялық арқауы, зерттеу нысаны мен мақсатының өзектес, тамырлас екендігі дау туғызбайды. Осы екеуінің қатынасын жалпы мен жалқының бүтін мен бөлшектің байланысы іспетті деп қарауға болады. Нақтырақ айтсақ этнолингвистиканың зерттеу нысаны – этнос болмысын тұтастай танытатын «тіл әлемі». Осы қағиданың құрамдас бөлшектерінің қатыстылығы мен үлесімділігінің сипатын анықтау мақсатына қарай зерттеушілердің «этнолингвистика» деп аталатын «тіл әлемінің» тұтас шеңберін жеке-жеке салаларға бөліп қарастыруы этнос болмысының белгілі бір жақтарын көрсеткенімен, тұтас бейнесін айқындай алмайды..

2.2 . Мәдениет және тіл

Адам ешқашан біртұтастықты өз басынан ғана таба алмайды. Мәселе мұнда біреудің біреуден тәуелділігінде емес, мәселе адамның амбивалентті, бинарлы болмысында. Адам әрқашан басқалармен қарым-қатынаста болғысы келеді, өзінің жалғыздығынан шошиды, олай болса, жеке адам, жалғыз басты адам өз-өзіне жеткіліксіз. Сол жетіспеушіліктің, жоқтың орнын толтыру үшін басқа адам керек. Мен басқалармен сөйлескім келеді, басқалар үшін басқа болуға тырысамын, басқалардың әлеміне басқа ретінде кіремін, сөйтіп өзімнің өмірдегі жалғыздығымның ауыртпалығынан кетуді қалаймын». Бірақ, мен түгелдей дерлік өзімді, өз орнымды жоғалтпаймын. Өйткені, «менің қазіргі тұрған бұл дүниедегі жалғыз нүктеме осы болмыстың осы кеңістігінде менен басқа ешкім орналаса алмайды. Менің істейтін ісімді бұл дүниеде менен басқа ешкім жасамайды.

В.Гумбольдт еңбектерінен басталған тіл біліміндегі тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы мәселесінің тұжырымдарын төмендегідей анықтауға болады: 1) материалдық және рухани мәдениет тілде көрінеді; 2) кез келген мәдениет ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде көрінеді; 3) ұлттық рухтың көрінуі оның мәдениетінде; 4) тіл-адам мен оны қоршаған

әлемді жалғастырушы аралық. М. Бахтин таным объектісі-шындықты екі қатарда қарастыруға болады дейді: табиғаттың таным субъектісінен тысқары жатқан объективті процестерінің қатары және адам туралы, немесе таным субъектісі туралы қатарға белуге болады. Олардың біріншісі «әлем туралы ой» болатын болса, екіншісі-«әлемдегі ой» болып табылады. Біріншісін тануда түсіндіру қажет, ал соңғысында түсіну қажет. «Түсіндіруге бір сана, бір субъект қатынасты, ал түсіну үшін, ең кемінде, екі сана қажет. Объектіге деген сұхбаттық қатынас болуы мүмкін емес, сондықтан түсіндіруде сұхбатқа орын жоқ. Ал ұғыну, түсіну қандай да бір мөлшерде сұхбатты қажет етеді». Гуманитарлық ілімдердің негізгі тәсілі-түсінудің, ұғынудың сұхбаттылығы қазіргі герменевтикада (талдау, түсіну теориясында) өзінің жалғасын тауып отыр. Алдымызда жатқан, бізге берілген тексті түсінудің, ұғынудың қажеттілігі бізге, интерпретаторға, талдаушыға, осы текст сұрақ қояды дегенді білдіреді. Сондықтан ұғыну интерпретаторға қойылған сұрақпен тікелей байланыста жүріп отырады. Тексті түсіну әлгі қойылған сұрақты түсіну.

Гуманитарлық танымның объектісі текст (жазбаша текст болсын, ауызша текст болсын). Мұндағы текст деп отырғанымыз өзінді жеткізудің, көрсетудің бір түрі, өзінді «ойлай білетін субстанция» ретінде табу жолы. Тіпті құдайдың өзі де алғашқыда өзін сөз арқылы табады. «Бастапқыда сөз болған». Адамның өзін-өзі табу, өзін-өзі басқаға жеткізу құралы ретінде іс-әрекетті, қылықты да айтуға болады. Іс-әрекет, қылық та өзіндік текст ретінде түсіндіріле алады. «Адам іс-әрекеті потенциалды текст және ол өз уақытының сұхбаттық контексті арқылы ғана түсіндіріледі».

Мәтін (әңгіме, сөз, хат, оқиға) әрқашан біреуге (біреулерге) бағышталған әрі сол бағышталғандығымен ғана құнды, бағалы. Мәтін авторының ішкі дүниесімен қатар өзіндік көзқарасы, дүниетаным шеңбері бар. Әлемде бірдей ойлайтын, бірдей түсініп, бірдей ұғынатын екі адамды кездестіре алмайсың. Әлем дегеніміз әрқашан түрлі дауыстар, түрлі түсініктер, түрлі сана-сезімдер полифониясы.

«Тіл», «Мәдениет», «Дискурс» ұғымдары XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап философияда кеңінен қолданыла бастады. Тұңғыш болып «дискурс» ұғымын Ю. Хабермас өзінің «Коммуникативтік компетенция теориясына дайындық» атты еңбегінде қолданған болатын. Содан бері бұл термин батыстық философияда кең қолданылып жүр. Хабермас «дискурске» мына төмендегідей белгілер тиесілі деп қарастырады-қарым-қатынасқа, сұхбатқа имманентгі (іштей тиесілі), сол кезеңнің қоғамдық өмірінде қалыптасқан нормалар, ережелер және негізгі құндылықтар жинағынан тұратын идеологиялық тіл. Ондағы идеология деп отырғанымыз жалпы белгілер жүйесі деген мағынада қолданылып отыр.

Дискурс-тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, дискурс дегеніміз уақыттың мәдени-тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық

мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, дискурс деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады. Ф. де Соссюрден бастап қазіргі француз функционалистеріне дейінгі классикалық лингвистика тілді қоғамның барлық мүшелеріне ортақ, түсінікті константты (өзгермейтін) құрылым деп қарастырады. Ол түсініктің пайда болуына тілге деген мынадай көзқарастар эсер етті. Біріншіден, тілде бір нақты нәрсені білдіретін белгі және сол нәрсенің өзі бірін-бірі анықтайды деген түсінік; екіншіден сол тілді қолданатын тілдік ұжым мүшелері үшін тілдік белгілердің бәрі бір мағынаға ие; үшіншіден, осы жоғарғы айтылғандардың нәтижесінде тіл қоғамның барлық әлеуметтік топтарына бірдей қызмет етеді.

Шындығында, тіл-бәрімізге ортақ, бәріміз осы тілде сөйлесеміз, бір-бірімізді түсінеміз. Бірақ күнделікті өмірдегі сөз саптасымызға жіті көңіл бөлетін болсақ, онда біз мынадай қызық нәрсені байқаймыз-әрбір сөз өзінің нақты заттық, бұйымдық мазмұнынан басқа көптеген уақытша, өзгермелі идеологиялық мағынаға да ие екен. Сол шексіз көптүрлі мағынаның болуы бір ұлтқа тиесілі ортақ тілді көптеген «социолекттерге» бөліп-бөліп жібереді. Осы «социолекттерді» М. Бахтин «әлеуметтік-идеологиялық тіл», «айтылған сөз» деп, Р. Барт «жазу типі» деп атайды.

Адамның бірде-бір сөзі тиянақталып, аяқталмаған, өйткені ой принципті түрде тәмамдалуы мүмкін емес. Әрбір сөз әрбір адамның рухани әлемінде өзіндік өзгеріске ұшырайды. Тірі сана, тірі қарым-қатынас барысында тілді бұлжымас, қозғалмас жүйе деп қарастыру мүмкін емес. Адам үшін оны қоршаған тілдік орта да, ол адамның өзінің тілдік санасы да түгелдей дерлік көпдауыстылықтан, көпмағыналылықтан тұрады. Сөз ендігі жерде, тек бір нәрсені білдіріп қана қоймайды, сөздің өзіндік «иісі», тіпті өзіндік «дәмі» де бар.

Рухани әлемнің өзіндік ерекшелігін оның белгілік, таңбалық қасиетінен іздеу керек. Рухани болмыс-мағыналы белгі, таңба болмысы. Рухани әлемнің «белгілік» болмысы оны адам болмысының «материалдық» шындығынан өзгешелеп қана қоймайды, тіпті «материалдық» әлеммен жақындастырып, біріктіреді де. Өйткені, белгі қашанда «материалдық», «заттық» белгі. Сондықтан да белгілік шығармашылықтың жемістері-өнер туындысы, ғылыми жұмыстар, діни рәміздер, салт-дәстүрлер және тағы басқалары бәрі-адамды қоршаған шынайы әлемнің материалдық заттай бөліктері. Олардың басқа заттардан ерекшелігі оның мағынасында, мәнінде, өзіндік құндылығында.

Адамдар қарым-қатынасының әмбебап құралы ретінде белгі түгелдей дерлік қоғаммен, әлеуметпен қатынасты әлеуметтік болмыс. Ол қашанда адамдар сұхбатына, адамдар қарым-қатынасына бағышталған. Белгілік шығармашылық және ол шығармашылықтың мазмұны тікелей қарым-қатынас, сұхбат негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін.

Жалпы, ұғыну мәселесі ХХ ғасыр философиясындағы өзекті тақырыптардың біріне айналды десек болады. Осы мәселеге сонау Ф. Шлейермахерден, В. Дильтейден бастап М. Хайдеггер, Х.-Г. Гадамер, Ш.Балли, Ж.Вандриеза, И.А.Бодуэн де Куртэне, Р.О.Якобсон сынды ойшылдар көп көңіл бөліп, біраз тер төкті. Түсіну мүмкіншілігі туралы айтылған біраз көзқарастарды қарастырып өткеніміз жөн. В. Дильтей өзінің міндетін гуманитарлық ілімнің ерекшеліктерін, немесе сол В. Дильтейдің кезіндегі Германияда қалыптасқан терминология бойынша, «рухани ғылымдардың» өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру деп білді. Сондықтан да ол өзінің негізгі еңбегін тікелей рухани ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарының қарама-қайшылығына негіздеп, «Рухани ғылымдарға кіріспе» (1883) деп атады. Рухани ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарының ерекшелігі олардың зерттеу объектілерінің өзгешелігімен ғана байланысты емес, сонымен қатар ол ғылымдардың таным тәсілімен де, тәжірибе үлгісімен де байланысты. Табиғаттың белгілі бір мақсаты жоқ және ешқандай мағыналық құрылымы жоқ болып келеді. Жаратылыстану ғылымдарында табиғат-таным объектісі ретінде ақыл-ойы және еркі бар адамға (таным субъектісіне) қарама-қарсы тұр, өйткені адам үшін табиғат қашанда «сыртқы әлем», «сыртқы» тәжірибенің материалы. Ал енді гуманитарлық ілімдер, немесе «рух туралы ілімдерде» адамның өзі таным субъектісі бола тұра өзін-өзі, яғни адамды зерттейді. Сондықтан бұл жерде объекті мен субъектінің бір болуын, біріне-бірінің дәл келуін байқаймыз. Осы тұста В. Дильтей өзінің шығармаларының орталық мәселесін-адамның, субъектінің өзін-өзі түсіну, өзін-өзі танымдық объекті ету мүмкіндігі туралы жағдайды көтереді. Бір сөзбен айтатын болсақ, жалпы, гуманитарлық ілімдердің болмыстық мүмкіншілігін зерттейді. «Рух туралы ғылымдар жаратылыстану жүйесіне сай құрастырылған қисынға негізделмейді» .

Адамды түсіну үшін оның дүниетанымын, көзқарасын, идеалдарын, яғни рухани әлемін білу қажет. Ал ол жаратылыстану ғылымдары сияқты көзге көрініп тұрған нәрсе емес, сондықтан оны танып білу, зерттеудің де өзіндік ерекшеліктері бар. Осы тұста бізді қызықтыратын ұғыну, түсіну мәселесі көтеріледі.

Жаратылыстану ғылымдары зерттейтін пәніне көзімен көріп, қолымен ұстап «сыртқы» әлемнен «сыртқы тәжірибе» арқылы жететін болса, рухани ғылымдарға бұған қарама-қарсы тәсілмен әрекет ету керек. Рухани әлемді тек «эмпатикалық» ену, бойлау арқылы, яғни сол зерттейтін субъектінің орнына өзінді қойып, соған айналу арқылы-бір сөзбен айтсақ, ұғыну арқылы танимыз. Жаратылыстану, немесе нақты ғылымдар өз фактілерін өздері түсіндіретін болса, ал рухани ғылымдарды түсіну, ұғыну керек. Оларды суреттеп, мазмұндап беру мүмкін емес, оларды түсіну керек, әркім өз санасынан өткізіп, өз жеке басымен сезіну керек.

Табиғатты біз түсіндіреміз, сипаттаймыз, ал рухани өмірді ұғынамыз. Табиғат құбылыстары қайталанбалы нәрсе, сондықтан да оларды тәжірибе жүзінде бақылауға болады, ал рухани ілім объектілері, мысалы тарихи факті өмірде жалғыз рет қана орын алады, бірегей, сондықтан да ешбір тәжірибе жүзінде бастапқы қалпында қайталанбайды. Біз ешқашан Цицеронды өмірге қайта келтіре алмайтындығымыз сияқты, ешқашан оның өмір сүрген кезеңін де, ондағы тарихи жағдайларды да бәз қалпында қайталай алмаймыз. Нақты ғылымдарда біз абстрактілі жалпылауыш түсініктермен істес болсақ, ал тарихи ілімдер немесе тағы да басқа рухани ілімдерді игеру барысында біз өзіміз сияқты ерен жеке тұлғамен, оның ойымен, арман-мақсатымен кездесеміз. Басқаны объективті түрде суреттеп, сипаттап, түсіндіріп беру мүмкін емес. Басқаны ұғыну, сезіну, түсіну қажет.

В. Дильтейдің осы «ұғыну» теориясы герменевтиканың бастауында жатыр. В. Дильтей үшін Цезарьді түсіну Цезарь болуды талап етеді. Тарихи тұлғаны тек «іштей ене» түсіну ғана мүмкін, яғни соның «терісін жамылып», соның орнына өзінді қойып қана ол туралы бір нәрсе айта аласың. Қарап отырсақ, рухани әлемдегі болмыстың табиғи әлемнен ерекшелігін көрсетуге тырысқан В. Дильтей тым субъективті тәсілді пайдаланған көрінеді. Зерттеуші өзінің өмір сүріп отырған уақытынан, оның негізгі әлеуметтік-мәдени контексінен ешқашан ары кете алмайды, өйткені адамдардың белгілі бір мәдени-әлеуметтік кезеңге сай өзіндік психологиялық қалпы болады. Түгелдей дерлік, бар жан-тәніңмен бұдан бұрын өткен тарихи тұлғаларға немесе ондағы идея – ойларға ену мүмкін емес. В. Дильтейдің «ұғыну теориясы шын мәнінде басқаны тану, түсінуге жол бастамайды, өйткені тек біреуге «етене ену» арқылы басқаның басқалығын түсіну мүмкін емес, өйткені сен өзінді басқада жоғалтып алдың, өзіңнің біртұтастығыңнан айырылдың. Шынайы ұғыну қаншалықты біреудің «ішкі тұңғиығына» бата білсең, соншалықты одан биікке көтеріле ал уды талап етеді. Ұғыну үшін танымдық контекст болу керек. Біздің танымдық контексіміз қаншалықты кең болса, яғни біздің зерттеу объектімізді салыстыратын, қарама-қарсы қоятын басқа объектілер көп болса, соншалықты біз оны терең түсінеміз. Таным екіжақтылықты қажет етеді, біріншіден, зерттейтін нәрсеге «іштей ену», екіншіден, одан «тысқары кету». В. Дильтей мұның біріншісіне ғана маңызды деп мән беріп, екіншісіне көңіл аудармады. Сондықтан да оның «ұғыну» теориясы өміршең бола алмады.

А. Дильтейден гөрі ұғыну теориясында шындыққа Х.Г. Гадамер жақын болды. Ол зерттеушіні, түсіндірушіні, талдаушыны біржақты текст авторының тарихи жағдайына қойып, оның өзінің тарихи шекарасын ұмытуын мақсат тұтпады. Х.Г. Гадамер әлеуметтік-тарихи-мәдени көкжиектерді жақындатуды ұсынды. Х.-Г. Гадамер өз еңбектерінде «зерттеуші» мен «зерттелушінің» бірі-бірінің алдынан қарама-қарсы шықпайынша, шынайы түсінудің болмайтындығын айтады. Түсінудің

негізгі мақсаты ақиқат түбіне жету болатын болса, ол ақиқатқа өзінің (зерттеушінің) нақты тарихи жағдайы мен өткен (зерттелуші) әлемнің диалогы, бітпес сұрақтарға берілген шексіз жауаптар қатынасы арқылы ғана жетуге болады. М. Бахтиннің ұғыну теориясы В. Дильтейдің қатесін қайталамайды. Ол түсіну барысында өзін-өзі «ұмытпау» керектігін, өзін сырт қалдырмау қажеттігін, онсыз танымның толық емес, біржақтылығын айтады. Түсінуді, ұғынуды етене ену және өзінді басқаның орнына қою (яғни өз орныңды жоғалту) деп қана қарастыру жөнсіз. Ұғыну үшін мағыналық артықшылық қажет, ал оған біз тек «өзіміздің дара, бірегей» орнымызда тұрғанда ғана, өз орнымызды жоғалтпағанда ғана ие боламыз.

М. Бахтиннің бір қарағанда жүйесіздеу, үзікті паратерминологияға сүйенген философиясының өзіндік қисышы бар, әр түрлі мағыналық топтарды біріктіретін ортақ идеясы бар. Оны жалпылай келе мәдениет әлеміндегі адамның сұхбаттық болмысы деуге болады. «Басқаның» абсолютті қажеттілігін мақсат тұтатын диалог адам санасының болмыстық қасиетінен туындайды. «Басқаны» ақыл-ой өзінің ұғымдары арқылы толығымен қамти алмайды, ол дәстүрлі мағынадағы философиялық категория да емес, абстракция да емес, өмірдің өзінен о баста орын алған, өмірдің негізінде жатқан «Менің» сүйемелім, егіз сыңарым.

Х.-Г. Гадамер ұғыну мәселесіне келгенде текст, немесе сұрақ көкжиегінің басымдылығына көңіл аударуды талап етеді. Тексті түсіну, сұрақты түсіну дегеніміз зерттеуші мен зерттелушінің көзқарасының біріне-бірінің қосылуын, бірігуін білдіреді. Ал М. Бахтин үшін бірігудің міндетті еместігін көреміз, ең бастысы – тәуелсіз екі көзқарас шеңберінің кездесуі, сұхбаты болса болғаны. Зерттеуші өзінің ізденіс объектісінің қарайтын айнасы, айнадағы бейнесі болып қалмай, текстінің жаңа мәнін туғызатын белсенді қатынасушысы, шығармашыл бастамасы болуы керек. «Жекеленген жалғыз сөйлем, сөз, ой болуы мүмкін емес. Оның алдында да артында да көптеген сөйлемдер, сөздер, ойлар қоршауы тұр. Бірде бір сөйлем не соңғы не алғашқы бола алмайды. Ол – әрқашан белгілі бір тізбектің байланысатын бір бөлігі ретінде ғана қарастырылуы мүмкін».

Ұғыну, түсінудің сұхбаттығы оған аяқталмаған, шектелмеген қасиет береді. Айтылған сөз естуді, ұғынуды қажет қылады. Ол да бір сұрақтың әлемдегі бір жауабы. Осылайша, мәңгілік шексіз ұмтылыс. Текстің өз бітімі белгілі бір мәдениетке қатынасты, сол мәдениеттегі қалыптасқан ортақ тілдік, стильдік кеңістіктен шығады. Ал текстің мазмұны текстің өзінің ішкі шекарасына сыймайды, оның мазмұны түгелдей дерлік түп-тамырымен мәдениетер контекстінде орналасқан. Автор мен интерпретатордың дискурсы, контексті бір болса, онда тексті түсіну еш қиыншылықсыз еркін түрде өтеді. Ал бөлек болған жағдайда интерпретатордың арнайы білімін қажет етеді. Осы тұста М. Бахтин «үлкен уақыт» терминін енгізеді. Ол терминнің гуманитарлық білімдер

тәсілдемесіне үлкен ықпал еткендігін айта кету керек. «Үлкен уақыт» алғашқы мән-мағынаның дән іспеттес өсіп-өніп, өзінің бастапқы шегінен шығуының куәсі, мән-мағынаның негізін өзгертпей барып өзгеріске ұшырауының куәсі. Үлкен уақытта мән-мағына өзінің бастауынан ағып шығып, бірақ өз арнасын жоғалтпаған өзен іспеттес алға жылжи береді».

Ұғыну, түсіну барысында төрт сатыны байқауға болады. Олар шынайы ұғыну процесінде бөлінбестей бірігіп тұрғанымен де, танымдық процесс барысында әрқайсысы өз қызметін атқарады:

- Мәтінді қабылдау;
- Берілген тіл шеңберінде тексттің негізгі мағынасын түсініп, тану;
- Нақты осы мәдениет контекстінде оны ұғыну;
- Осы мәтіннің мазмұнын белсенді сұхбаттық түсіну процесі.

Мәтінді түсіну үшін дәлме-дәл, сөзбе-сөз оқу шегінен шығу керек: текст авторының көзқарасына және оның дүниетанымына, автордан тыс адамдардың «дауысына», яғни қоршаған әлеуметтік орта көзқарасына қанық болу керек әрі осы текст соған жолданған-ау дейтіндей мүмкін адресатты да көз алдыға елестете білу қажет. Тексттің сұхбаттық жүйесіне потенциалды түрде енген ұғыну, түсіну, талқылау осы тексттің мағынасын өзгерістерге ұшыратады. Текстті түсіну үшін оның басқа текстермен және мәдени контекстімен қатынасын білу қажет. Бұл жерде ең кем дегенде үш мәдени контекст белсенді түрде қатынасқа түседі: суреттелген оқиға контексті, текст авторының контексті және зерттеушінің өзінің контексті.

Текст талқылаушысы өзінің зерттеу объектісіне қатынасты белгілі бір белсенді позицияда, бірақ оның белсенділігі жаратылыстанушының белсенділігінен өзгешерек, өйткені интерпретатор сұранушы да, келісуші де, қарсыласушы да, итермелеуші де. Ол текстпен басқалармен кездескендей кездесіп, сұхбаттасу керек. Зерттеуші текстен автор айтам дегеннен де көп мағынаны тауып алады, өйткені текст үлкен уақытта өзінің авторынан тәуелсіз өзіндік өмірін бастап та жіберген болатын.

Осы жоғарыда айтқандардың бәрі белгілі бір филологиялық немесе әдебиеттанушылық текстерге қана қатысты емес, жалпы мәдениетке тиесілі. Метадеңгейде мәдениеттің өзі де үлкен метатекст ретінде қарастырыла алады. Мәдениет те текст іспеттес өзіндік шекараларымен ғана шектелмей солардан шығып кетуге дайын тұрған толықсыған құбылыс. Мәдениеттің шынайы мәні оның өзінде емес, оның басқа мәдениеттермен белсенді қарым-қатынасында, сұхбатында. Сондықтан да ол үнемі «шекаралық жағдайда» өмір сүреді, яғни өзінің басқалармен шекараластығында, бірлесе қоян-қолтық араласуында өз шындығын, өз мәнін табады М. Бахтин О. Шпенглердің өзімен-өзі шектелген мәдениеттер теориясын құптамайды. Ол мәдени релятивизм мен агностицизмге апаратын жол деп есептейді. Мәдениетті түгелдей дерлік сол мәдениет тәніне бойлап еніп қана түсінуге болады деу дұрыс емес. Әрине, басқа мәдениетті түсіну үшін оған біраз бойлап, тереңдеуің қажет-ақ. Бірақ, белсенді ұғыну өз-өзінен, өзінің уақыттағы орнынан, өз

мәдениетінен бас тартпайды. Ұғынудың ұлылығы оның түсінуге тырысқан ұғынушысының түсінейін деп отырған объектісіне, субъектісіне қатынасты сыртқарылығында-кеңістіктегі, уақыттағы, мәдениеттегі шеткерілігінде. «Бөтен мәдениет өзін толығырақ, тереңірек тек басқа мәдениет арқылы ашады. Бір мағына өз тереңін басқа, бөтен мағынамен кездескенде ғана байқайды: олардың арасында мағынаның біржақтылығын, шектілігін жоққа шығаратын белсенді сұхбаттық қарым-қатынас басталады. Біз басқа мәдениеттің өзіне-өзі қоя алмаған сұрағын қоямыз, оған жауап іздейміз, сөйтіп, басқа мәдениеттің ашылмаған қыр-сырын, бүгешігесін жарыққа шығарамыз. Өз сұрағыңызсыз басқаларды тану мүмкін емес. Мұндай сұхбаттық кездесу барысында мәдениеттер бір-бірімен араласып, бір-бірінде өздерін жоғалтып алмайды, қайта өздеріне бұрын белгісіз бағалы тұстарын айқындап, толығып байиды».

Профессор Гюнтер Шлее (Gunther Schlee) Германияның Халле қаласында орналасқан Макс Планк атындағы әлеуметтік антропология Институтының директоры, әлеуметтік-мәдени антрополог, Африкадағы этникалық қақтығыстарды зерттеуші танымал маман. Әлемнің көптеген елдерінде далалық зерттеулер жүргізу бойынша тәжірибесі мол ғалым. Г.Шлеенің пікірінше, этникалық сәйкестік дегеніміз ұжымдық сәйкестіктің формасы бола тұрып, діни аффилиация, линидж, кланның және таптың мүшесі болу сияқты феномендер тобына жатады. Этникалықтық мәдени конструкт болып табылады және оны құрау материалдары да мәдениетке жатады.

Тіл және этникалық сәйкестік құбылысына Г.Шлеенің көзқарастары бұрынғы кеңестік немесе қазіргі ресейлік ғылыми ортада қалыптасқан ұстанымдардан анағұрлым ерекшеленеді. Тіл және этникалықтық мәселесін қарастыру барысында тілдің мәдени критерийлер арасында әдетте өте жоғары бағаланатынын және этникалық шекаралардың маркері ретінде пайдаланатынын айта кетуіміз керек.

Егер тіл этникалық шекараның алғашқы маркері ретінде пайдаланылса, этникалық және тілдік бірліктер көбінесе бір-бірімен үйлеседі (Barth 1969). Екінші жағынан, Еуропа тарихында мектеп жүйесінде және басқару құралы ретінде көпшіліктің тіліне ерекше басымдық беріліп, тілдік азшылықтарға ұлттық тілдер немесе ерекше статусы бар аймақтық тілдер жүктелгенін білеміз (Gellner 1981). Тілдік қауымдастықтар мен этникалық бірліктер, ұлттардың сәйкес тура келуі мемлекетаралық деңгейде тілдік ареалдар бойынша саяси шекараларды кесіп-пішу есебінен, ал мемлекетішілік деңгейде тілдік саясатты қолдану аясын жаңа шекараларға кеңейту есебінен жүргізілді. Осындай үдерістер әлем бойынша қаншама уақыт жүріп жатса да, тек аздаған ұлттар ғана тілдік біртектілікке қол жеткізді (Ra'anana 1989).

Кейбір жағдайларда этникалық және тілдік топтардың атауы сәйкес келіп жатса, кейде басқа критерийлер көмегімен жақсы анықталатын, тілге ешқандай қатысы жоқ этникалық бірліктер табылады. Мысалы,

солтүстік-шығыс Африкалық гарре тайпасы өздерінің генеалогиясы мен кландық ұйымдасуы, көшпелі мәдениеті бойынша бір этникалық топқа жатады, алайда олар төрт тілдік кластерге бөлінген. Біреулері-оромо диалектісінде, екіншілері-af rahanweyn, үшіншілері-af garreh kofar, ал төртіншілері-сомали тілінде сөйлейді.

Этносқа қатыстылық пен бірлік сезіміне негіз болатындай саяси, мәдени, экономикалық элементтер жеткілікті болса, бұндай этникалық қауымдастықтар тілдік көптүрлілікті көтере алады. Егер ондай негіздер болмаса, ешқандай тілдік біртектілік бөлінуден сақтап қала алмайды. Кезінде біртұтас болып есептелген бір тілдің өзі саяси жағдайларға байланысты бөлініп кетуі мүмкін. Сербхорват тілінің серб, хорват, босниялық болып бөлінуін осындай жағдайға мысал ретінде келтіруге болады. Руандада хутулар олармен бір-банту тілінде сөйлейтін тутсилерді қырып жойды.

Ұлт және ұлттық тіл, олардың арасындағы тығыз байланыс мәселесі, тіпті Европа үшін өмірге жақында келген саяси идеология жетістігі. Бастапқыда «ана тілі» ұғымы (Muttersprache) басқару және оқыту тілі, яғни латын тіліне қарағанда анасынан немесе күтуші әйелден үйренген тілге қатысты қолданылды (Ahizweig 1994). Романтизм және кейінірек пайда болған тілдік ұлтшылдық арқылы бұл термин саяси сипаттар ала бастады. Қазіргі Европаның ұлттық мемлекеттері өздерінің қалыптасу кездерінде тілдердің таралу картасына аз көңіл бөлді. Мысалы, неміс, орыс не басқа ұлт өкілдері кезінде француз тілінде сөйлеуді мақтан тұтты. Мемлекеттердің этникалық сипат ала бастауы, олардың «мәдениеттенуі», белгілі бір тілге байлана бастауы Европада біртіндеп жүзеге асты.

Тілдік ұлтшылдық нақты тіл және сол тілде сөйлейтіндердің әртүрлі мәдени аспектілері арасындағы романтикалық байланыс бар екенін меңзейді. Біздің сөйлейтін тіліміз біздің ойлауымызға әсер етеді деп есептелінеді, сонысымен тілге терең мәдени мағына беріледі және тіл тек қана әртүрлі мәдени/этникалық бірліктер шекарасын айқындайтын маркер деген қарапайым түсініктерден алшақтайды.

Этникалық сәйкестік пен тілді таңдауды гендер және жас шамалары сияқты әлеуметтік сәйкестік өлшемдерінен бөлек қарастыруға болмайды. Мысалы, саны аз халықтар өкілдері жастары ұлғайған шақта өзінің бала кезінде сөйлеген тіліне қайта оралуы мүмкін. Тілдер арасында бұрындары болған байланыстар, этникалық сәйкестікте көрініс табатын сөйлеуші мен мәдени құндылықтар байланысы, әсіресе, кірме сөздерде бейнеленеді. Өте белсенді тілдік қатынастарда кірме сөздер лексикамен шектелмей, аздаған не едәуір құрылымдық кірмелер пайда болады (Thomason, Kaufman 1988).

Жазба тілі мен жазу жүйелерінде ауызекі тілге қарағанда киелі, қасиетті болып саналатын этникалық сәйкестіктің рәмізі іспеттес басымдықтар күштірек. Мысалы, арамей тілінде сөйлеген христиандар

араб тілінде жазып, біраз әдеби шығармаларды дүниеге келтірді, сөйтіп араб тілінің иеленушілері болды, дегенмен өздерінің сириялық алфавитін пайдаланды, себебі олар араб тілін Құран мен исламмен сәйкестендірді.

Жеке адамның сөйлеуі мен жеке сөйлеу актісі аясындағы тілдік вариативтілік тіл мен этникалықтың көптеген аспектілерін ашып бере алады. Сөйлеуші бір тілден басқа тілге көшуі және сол тілдердің біршама стандартталған түрлерін пайдалануы мүмкін. Полиглоттар немесе бір тілдің бірнеше варианттарын білетіндер сәйкестікті таңдауда еркіндігі бар. Г.Шлее пікірінше, тіл және этникалықты зерттеуде, көптілді және мәдени гетерогенді ситуацияда қандай тілдер/этникалық сәйкестіктер қандай функцияларда сақталатынын анықтау үшін келесідей шамаларды ескеру қажет:

1) демографиялық, тілдік қауымдастықтардың көлемі, олардың өсу қарқыны, таралу тәсілі (компактілі не дисперсті), басқа тілдердің иеленушілерімен араласу түрлері;

2) саяси және құқықтық, тіл мен сол тіл қолданылатын институттардың мәртебесі (статусы), еңбек нарығы мен тіл мәртебесі арасындағы өзара байланысында этникалық стратификацияның бар немесе жоқ болуы;

3) этномәдени, тілдің тарих пен дінмен байланысы, жазба дәстүрі мен сөздік байлығында тілдің әлеуеті;

4) интеракционды, тіл иеленушілерінің коммуникативтік ұтқырлығы және мультилингвизм деңгейі, диглоссия мен полиглоссияда тілдің функционалды мамандануы, сонымен қатар, этникалық топтар/тілдік қауымдастықтар арасындағы өзара әрекеттесу;

5) тематикалық вариациялар, тіл таңдауда әртүрлі тақырыптардың әсері;

6) тілге көпшілік және жеке салада артықшылық берілуі, қарым-қатынас жасайтын тілдер арасындағы тілдік арақашықтық (Haarmann 1986).

Тілдің дамуы жөніндегі мәселе-жалпы тілтану ғылымының күрделі проблемаларының бірі. Заманға, уақытқа қатысты болып отыратын тілдік құбылыстардың сырын білмейінше, тілдің өзіндік сипатын, мән-мағынасын түсіну мүмкін емес.

Соған қарамастан тіл дамуы жөніндегі мәселенің тіл ғылымындық проблемаларының бірі ретінде қарала бастағанына көп уақыт өткен жоқ. Көрнекті ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, тілдің тарихи құбылыс екендігіне көңіл аударып, оның тарихын зерттеуге бет бұрушылық 19 ғасырдың басында, салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дүниеге келуінен басталды.

XIX ғасырға дейін едәуір етек алған, тіл жүйесіндегі өзгерістерді құбыжық етіп көрсететін көзқарастың салқыны, ықпалы XIX ғасырдың өзінде де қалмады. Р.А.Будагов бұл жөнінде: «Жалпы айтқанда, тіл тарихы жөніндегі концепцияның жолы болмады, дүниеге келіп үлгермей

жатып-ақ күмәнданушылыққа душар болды. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы салыстармалы-тарихи тіл білімін негіздеушілердің бірі Франц Бопптың өзінде де тілдегі даму-оны бүлдіруге, деформацияға әкеп соқтыратындай болып көрінді. Мұндай пікірдің тууына үндіеуропа тілдерінің жаңа түрлеріне қарағанда, оның көне түрлерінде флекцияның редукциялануы тілдің бүлінуімен парапар деп саналды. Флекцияның молдығын, әр жақтылығын тілдің байлығымен, оның даму дәрежесімен тең қою концепциясы қаншалықты аңғырттық болғанымен, ол XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы ең үстем пікір болды», -деп жазды.

Үлкен уақытта барлық мәдениеттер бір-бірімен қоян-қолтық араласа, бірін-бірі айқындай, бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүреді. Мәдениетті талқылау, түсіну принципті түрде ашық, аяқталмаған, тәмамдалмаған процесс. Сондықтан да, гуманитарлық ілімдер, әсіресе мәдениеттанудың өзі табанды түрде аяқталмаған. Оның таным аппараты да жүйеленіп, тиянақты жетілмеген, сондықтан болар, оның терминдерінің жылжымалылығы, таным-тәсілінің қатаң сақталынбауы, нақтылықтың аздығы және т.с.с.

2.3. Ауызекі және жазба мәдениет

Ауызекі мәдениет-бұл, әрине, алғашқы форма. Ауызекі мәдениет арқылы адамзат қалыптасты бұл жерде мән мен мағына ұғымдары қалыптасты яғни тек қана ауызекі мәдениет арқылы, тіл арқылы ойлау мүмкіндігі себебі ой дегеніміз бұл әрине тілдің рухани жағы оның мазмұны ал яғни тіл бұл ойдың тікелей көріну формасы. Ауызекі мәдениет әрине адам жадына адамның есіне негізделеді, ол негізінен киелі рәміздер түрінде де жүзеге асады. Бірақ енді шынайы мәдениеттің қалыптасуында жазбаша мәдениет ерекше рөл атқарады, әлемдік діндерде де мынау жазба мәдениеттің рөліне ерекше мән беріледі: ислам түсінігінде айталық қағазға жазылған сөз Алланың жіберген жолдауы сияқты ол да қасиетті, киелі болып табылады. Әрине жазбаша мәдениет өз қалыптасуында күрделі формалардан өтті, біріншіден бұл иконикалық сипаттағы ең бірінші сурет жазу, сурет жазу негізінен көне тайпаларда қалыптасқан. Сурет жазуды пиктограмма деп ғылымда айтады, пиктограммалық жазудың өрістеуі нәтижесінде алғашқы өркениеттерде жазудың көне түрлері қалыптаса бастады. Бұған Шумердегі сына жазу немесе буындық жазу, сонымен қатар Мысыр мен Қытайдағы иероглифтік жазу жатады.

Жазба мәдениетінің өте өрістеген түрі бұл әрине кітап мәдениеті. Гутенберг әлемі бұл жағынан алғанда кітап мәдениеті, осы арқылы адамның ойлау қабылеті артып, адамның мәдени болмысы күрделі бола бастады. XX ғасырдан бастап ауызекі мәдениет, жазбаша мәдениет жана үшінші формаға ауысты, бұл қазіргі замандағы экрандық мәдениет. Өркениеттің ақпараттық толқынына байланысты, егер біз экрандық мәдениетке келетін болсақ онда ең негізі виртуалды әлем ұғымы, яғни мұнда монитор жүйесінде ерекше бір кодталған түрде

бүкіл мәдени ақпарат беріледі. Қазіргі заманда осы коммуникацияға да әрине байланысты экрандық мәдениетсіз біздің болмысымызды елестету әрине мүмкін емес.

Мәдениеттің формаларында көптеген мәселелер туындайды, айталық мәдени сұхбат мәселесі себебі ешқандай таза өзімен өзі оқшау қалыптасқан мәдениет жоқ. Мәдениет қашанда адамдар арасындағы байланыс сұхбат болып табылады. Мысалы қазақ мәдениетіне келсек қазақ мәдениеті әрине көшпелік негізде пайда болғанымен де ол көптеген басқада мәдениеттермен сұхбатта болған айталық иран мәдениетімен тығыз сипатта болды, сонымен қатар араб мәдениетімен, қытай мәдениетімен, кейін еуропалық мәдениеттермен тығыз сұхбатта болған тілдің мәдениетпен байланысы өте маңызды, бұл мәдениеттанудағы маңызды мәселеге жатады.

Мәдениет және оның өзіндік ерекшеліктері әрқашан философиялық ізденістер мен зерттеулердің негізгі пәні болып келді. Сондықтан мәдени даму барысын онда қалыптасқан ойлау тәсілі, дүниетаным түрі арқылы түсіндіруге тырысқан көптеген философиялық үрдістерді байқауға болады. Мысалы, мәдениетті рәміздік ойлау түрі арқылы анықтаған Э. Кассирердің, мәдениетті психофизиологиялық деңгейде қарастырған З. Фрейдтің және тағы басқалары концепциялары соның куәсі. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап батыс ойшылдарының арасында мәдениетті тілмен теңдестіре қарау әдісі кең етек жайып, олардың барлығы дерлік «тілді адам тіршілігінің негізгі, маңызды анықтаушы деп бір ауыздан қолдап отыр». Бүгінде тіл негізгі коммуникативтік құрал ғана емес, адамның бүткіл болмысын, адамның мәдениетін аңғартатын әмбебап ұғым. Фрейдизм, феноменология, экзистенциализм, аналитикалық философия, герменевтика, структурализм, семиология, т.с.с. бір ауыздан мәдениетті тілдік қарымқатынас саласы ретінде анықтайды. Рухани әлемдегі мұндай өзгерістердің лебі мәдениеттану саласынан да байқалады. Мәдениеттің өзін метатіл ретінде анықтап, оның бойындағы коммуникативтік мүмкіншіліктерді негіздеу барысында лингвистикаға басты назар аудару заңды іс. Өйткені, соңғы 50-60-жылдар аралығында қарым-қатынас, коммуникация мәселесін жан-жақты зерттеген бірден-бір сала-осы лингвомәдениеттану болды.

Көрнекті мәдениеттанушы ғалымдардың пікірінше, «мәдениет-адамның ақыл-ойы мен еңбегі жемісінің тізбектері, дәлірек айтқанда, материалдық және рухани құндылықтар жүйесі» (Э.Тэйлор); «мәдениет-дүниенің бөлшектері болып саналатын рухани көріністерді бейнелейтін тіл, миф, өнер, дін және т.б. негізде құрылатын семиотикалық жүйе» (Ю.Лотман). Осымен байланысты мәдениеттің таңбалық негізі тіл арқылы көрініп, рәміздік жүйедегі ұлттың психологиялық түрімен, сакрализация тәсілімен сипатталады. Бұл арада тіл тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениеттің этнотаңбалық белгісі тілден тыс көріне

алмайды. Осыған орай мәдениетпен сабақтастықта қарастырылатын тіл тек денотативті коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі бір әлеуметтік мәдени, танымдық мәні бар) құрал.

Демек, тіл бірден бір коммуникативтік құрал ғана емес, тілдік қарым-қатынас негізінде мәдениетті де анықтайтын кешенді ұғым ретінде мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының өзекті арқауын құрайды.

Соның ішінде мәдениеттің коммуникативтік, мұрагерлік табиғатына сәйкес оның ашық жүйе ретінде сақталуы, кейінгі ұрпаққа жетуі, жаңғыруы, танымы, оның игерілуі, жетілуі тіл арқылы іске асатыны қазіргі тіл білімінің антропоөзектік бағыттағы зерттеулерінде нақты дәйектелуде.

Тіл мен мәдениет сабақтастығына негізделген қағидаға сәйкес жүргізіліп жатқан зерттеулерде мәдениеттің өзі метатіл деп анықталып, оның коммуникативтік, кумулятивтік, әлеуметтік қызметтерін талдауға қазақ тіл білімінде ерекше назар аударылуда. Осы тұрғыдан қарағанда, мәдениет метатілін этномәдени негізде сипаттайтын өзекті арнаның бірі жалқы есімдердің (антропонимдердің) лингвомәдени, әлеуметтанымдық жүйесі.

«Мәдениет» сөзі, өзіңіз білетіндей, латынның *colere* сөзінен шыққан, яғни топырақ өсіру немесе өсіру дегенді білдіреді. Орта ғасырларда бұл сөз дәнді дақылдарды өсірудің прогрессивті әдісін білдіре бастады, демек егіншілік немесе егіншілік өнері термині пайда болды. Бірақ XVIII және XIX ғасырларда олар оны адамдарға қатысты қолдана бастады, сондықтан егер адам әдептілікпен ерекшеленсе және жақсы оқыған болса, ол «мәдени» деп саналды. Содан кейін бұл термин негізінен ақсүйектер үшін оларды «мәдениетсіз» қарапайым адамдардан бөлу үшін қолданылды. Неміс тілінде мәдениет деген сөз өркениеттің жоғары деңгейін білдірді. Бүгінгі өмірімізге байланысты мәдениет құндылықтар әлемі, сонымен қатар оларды құру жолдары, оларды адамзаттың дамуы үшін пайдалану, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу және мәдениетті қалыптастыру мүмкіндігі деп айта аламыз. Мәдени теорияларда тіл әрқашан маңызды орынға ие болды. Тілді байланыс жүйесі ретінде анықтауға болады, мағыналары шартты, бірақ белгілі бір құрылымы бар дыбыстар мен таңбаларды қолдана отырып жүзеге асырылады.

Мәдени теорияларда тіл әрқашан маңызды орынға ие болды. Тілді байланыс жүйесі ретінде анықтауға болады, мағыналары шартты, бірақ белгілі бір құрылымы бар дыбыстар мен таңбаларды қолдана отырып жүзеге асырылады. Мәдениет-бұл қоғамдық өмірдің негізі. Ол әлеуметтену және басқа мәдениеттермен байланыс процесінде бір адамнан екінші адамға ауысқандықтан ғана емес, сонымен қатар ол адамдарда белгілі бір топқа жататындық сезімін қалыптастыратындықтан. Өздеріңіз білетіндей, бір мәдени топтың мүшелері бөтен адамдардан гөрі өзара түсіністік, сенім және бір-біріне деген жанашырлық сезімін

тудырады. Олардың жалпы сезімдері тілде, сүйікті тағамдарында, сәнінде және мәдениеттің басқа да салаларында көрінеді.

Мәдениет адамдар арасындағы ынтымақты нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар топтар мен топтар арасындағы қақтығыстарға себеп болады. Мұны мәдениеттің негізгі элементі болған тілдің мысалынан көруге болады. Бір жағынан, қарым-қатынас мүмкіндігі әлеуметтік топ мүшелерін біріктіруге көмектеседі. Жалпы тіл адамдарды біріктіреді. Екінші жағынан, жалпы тіл бұл тілде сөйлемейтін немесе оны басқаша сөйлейтіндерді жоққа шығарады. Мысалы, Ұлыбританияда әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері ағылшын тілінің әр түрлі формаларын қолданады. Бәрі «ағылшынша» сөйлесе де, кейбір топтар басқаларына қарағанда «дұрыс» ағылшын тілін қолданады. Америкада ағылшын тілінің мыңдаған сорттары бар. Сонымен қатар, әлеуметтік топтар бір-бірінен қимылдар, киім стилі және мәдени құндылықтарымен ерекшеленеді.

Тіл-әлеуметтік құбылыс. Оларды әлеуметтік қарым-қатынастан тыс, яғни басқа адамдармен байланыссыз игеру мүмкін емес. Әлеуметтену процесі көп жағдайда жүреді ым-ишарат, ым-ишараға еліктеуге негізделген, күлімсіреу және қабағын шығару-тіл мәдениеттің негізгі құралы ретінде қызмет етеді. Оның тағы бір маңызды ерекшелігі-қосулы егер оның негізгі лексикасын, сөйлеу ережелері мен құрылымдарын сегіз-он жасында меңгерсе, ана тілінде сөйлеуді ұмытып кету іс жүзінде мүмкін емес, дегенмен адам тәжірибесінің басқа да көптеген аспектілерін толығымен ұмытып кетуге болады. Осыған байланысты көптеген қазақтардың ана тілін жоғалтып алғанын түсіну өте ащы, бірақ тілдерді қайта жандандырудың әлемдік тәжірибесі бар, бұл ұлттық тілдің қайта өркендеуіне мүмкіндік береді.

Тіл сонымен қатар ұйымнан адамдардың тәжірибесін алу процесіне қатысады. Антрополог Бенджамин Л. Варф көптеген тұжырымдамалар біздің тілімізде тамырланғандықтан ғана «қабылданған» болып көрінетінін көрсетті. «Тіл табиғатты бөліктерге бөледі, олар туралы түсінік қалыптастырады және негізінен біз оларды осылайша ұйымдастыруға келіскендіктен мағына береді. Бұл келісім біздің тілдік модельдерде кодталған». Бұл әсіресе тілдерді салыстырмалы талдауда анық байқалады. Мысалы, түрлі тілдердегі түстер мен отбасылық қатынастар әр түрлі белгіленеді. Кейде бір тілде басқа тілде мүлдем жоқ сөз кездеседі.

Тілді қолдану кезінде оның негізгі грамматикалық ережелерін сақтау қажет. Тіл адамдардың тәжірибесін ұйымдастырады. Сондықтан, бүкіл мәдениет сияқты, жалпы қабылданған құндылықтарды шығарады. Қатысушылар қабылдаған, қолданатын және олар түсінетін құндылықтар болған жағдайда ғана байланыс мүмкін болады. Шын мәнінде, күнделікті өмірде бір-бірімізбен қарым-қатынасымыз көбінесе бір-бірімізді түсінетіндігімізге байланысты.

Жалпы тіл де біртұтастықты сақтайды. Бұл адамдардың іс-әрекеттерін бір-біріне сендіру немесе айыптау арқылы үйлестіруге көмектеседі. Сонымен қатар, бір тілде сөйлейтін адамдар арасында өзара түсіністік пен жанашырлық дереу пайда болады. Тіл адамдардың қоғамда қалыптасқан дәстүрлер мен қазіргі оқиғалар туралы жалпы білімін көрсетеді. Тіл топтық бірлік, этникалық, ұлттық бірегейлік сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Тіл күшті біріктіруші күш болса да, сонымен бірге ол адамдарды бөлуге қабілетті. Осы тілді қолданатын топ оны сөйлейтіндердің барлығын өздері деп санайды, ал басқа тілдерде немесе диалектілерде сөйлейтін адамдар бөтен деп санайды.

Тіл Канадада тұратын ағылшындар мен француздар арасындағы қайшылықтардың басты белгісі. АҚШ-тың кейбір штаттарындағы екі тілді оқыту жүйесінің жақтаушылары мен қарсыластары арасындағы күрес (ағылшын және испан) тіл маңызды саяси мәселе бола алады деп болжайды. Айта кету керек, Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізген сәтте тіл мәселесіне де кезігіп келді және бұл мәселе біздің еліміз бен оның халқы үшін әлі де өзекті.

Пысықтау сұрақтары:

1. «Мәдениет тілі» ұғымына берілген түсіндермелерге сипаттама беріңіз?
2. Мәдениеттегі тілдік коммуникация нені білдіреді?
3. Тілдің қоғамдағы функциялары мен рөлдерін анықтап көрсетіңіз?
4. «Лингвомәдениеттану» деп қандай ғылымды айтамыз?

3. МӘДЕНИЕТ СЕМИОТИКАСЫНЫҢ СИПАТЫ

Мақсат: Мәдениеттің семиотикалық таңбалар жүйесін зерттеу және Қазақстан қоғамының трансформациясы және модернизациясы жағдайларында тұлғаралық қатынастарды жетілдіру, қазіргі мәдениеттегі құндылықтар жүйесін зерделеу.

3.1. Коммуникациялық мәдениет кешенін семиотикалық зерттеу

Коммуникациялық мәдениет кешенін семиотикалық зерттеу, мәдени динамика кеңмәтінінде оның дәстүрлі және инновациялық жақтарын талдау мәдениет теориясы мен практикасының шешуді талап ететін міндетіне айналып отыр. Бүгінгі таңда батыс елдерінде коммуникация семиотикасы жеткілікті дамыған теория болып табылады, бұның тәсілдері адам болмысының әртүрлі танымдық деңгейінің әрекетін талдауға мүмкіндік береді. Семиотикада белгінің бір-бірімен қатынасын синтаксис, белгінің белгіленген затқа қатынасы семантика, белгі жүйесінде тұтынып қолданылатын белгі қатынасын прагматика айырып көрсетеді. Ежелгі және дәстүрлі қоғам адамдарының дүниетанымдық түсініктерінің негізгі жүйесі семиотикалық тәсілде айқындалған.

Мәдени коммуникация құбылыстарын семиотикалық тұрғыдан зерттеу және жалпы рәміздік белгі мәселелер бойынша ізденістер семиотика мен семантиканың дамуына байланысты батыстық зерттеушілер тарапынан өрістеді: К.-О. Апель, Ч. Моррис, Ч. Пирс, Э. Кассирер, М. Фуко, Р. Гвардини, В. Тэрнер, К. Леви-Строс, Д. Фрезер, Ж. Деррида, Ж. Делез, Ф. Гваттари, О. Шпенглер, Ф. Лиотар, А. Тойнби және т.б. Рәмізді белгінің коммуникациялық мәдениеттегі маңыздылығы П.А. Флоренский, П.Г. Богатырев, Ю.М. Лотман, А.Ф. Лосев және т.б. ресейлік авторлардың еңбектерінде зерттеліп қамтылған.

Тікелей коммуникацияның семиотикалық суреттемелері мен олардың рәміздік негіздеріне арналмағанымен, осы мәселенің белгілі бір қырлары айқындалған қазақстандық кейбір ғылыми еңбектерді атап өтелік. Қазақ халқының мәдениеті, коммуникациялық қатынастары, қолөнері, тұрмысы жайлы жазылған Ш. Уәлиханов еңбектерінің маңызы зор. Оның еңбектері XIX ғ. орта кезеңіндегі қазақтардың қарым-қатынастары семиотикасы тарихына мол мағлұмат қосады. Академик Ә. Марғұланның үш томдық еңбектері қызықты деректермен, құнды мазмұнымен қатар, әрбір мәдени артефакттың семиотикалық технологиясын сипаттап, қолдану орнын анықтайды. Қ.Ш. Нұрланова «Адам және әлем. Қазақтың ұлттық идеясы» атты кітабында қазақ идеясы ретінде «адаммен егіз Жарық дүние» рәміз-суреттемесін ұсынады. Осы Жарық дүниеге қазақ адамы іштесу үшін келген.

Белгі туралы ғылымның негізгі ұстанымдарын алғашқы болып американ логигінің бірі Ч.С. Пирс (1839-1914) қалыптастырды. Ол шындық пен ғылыми білім үдерісін түсіндіретін ғылыми логиканың құрылуына ұмтылған. Сонымен қатар Пирс семиотикалық жұмыс істеудің параметрлерін белгіледі, олар: репрезентант, интерпретант, референт («белгінің үш тағанды табиғаты») және ең алғаш рет белгілерді топтастырды (икондық белгі-индекс-символ), белгінің қызмет жасау үрдісі-семиозисті зерттеді. Икондық қатынас-(ұқсастық принципі бойынша) белгіні өзінше түсінетін кейбір қасиеттері бойынша жалпылама түсінік.

Көне дәстүрлі мәдениет арнайы құралдардың жоқтығына қарамастан қоғамдағы ақпараттардың қалыпты таралуын қамтамасыз етіп отырған. Қазіргі қоғамға қарағанда мәдениет әр бөлшекті мүмкіндігінше нақты, толық қамтиды. Көне дәстүрлі мәдениетте қазіргіге қарағанда заттардың құны мен маңызы жоғары болған. Зат тек өзінің тура міндетін емес, әлеуметтік қатынастың белгісі ретінде қолданылған. Қазіргі қоғамда заттар мен белгілер әлеміне бөлу сияқты арнайы белгі жүйелері сипатталмайды. Заттар әрқашан белгінің мәнін, ал белгі заттардың мәнін білдірген.

Сонымен, белгі және белгі жүйесін зерттеумен семиотика айналысады. Семиотика (грек. semeion-белгі)-ақпаратты және түрлі белгілік жүйелердің қасиеттерін сақтап философиялық-теориялық

тұрғыдан зерттейтін ілім. Семиотикаға табиғи және жасанды тілдер (оның ішінде ғылыми теорияның тілі, кино, театр, музыка тілі), белгі жүйелерінің барлық түрі (жол белгілерінен бастап кескіндемеге дейін), табиғат пен қоғамдағы түрлі сигналдар жүйелері енеді. Семиотика тек белгі және белгі жүйесі туралы ғылым болып кеш қалыптассада, философиялық тұрғыдан жеткілікті түрде пайымдау тарихи тамыры тереңде.

1923 ж. американ семиотиктері С.К. Огден мен И.А. Ричардс «Мағынаның мағынасы: Тілдің ойлауға ықпалын зерттеу және ғылыми рәмізшілдік» деген кітапта Огден-Ричардс үшбұрышы деп аталатын семантикалық модельді ұсынды және онда логикалық-лингвистикалық категорияларды нақтылысуреттейді: 1) объектіні бейнелейтін, логикада «денотат», ал лингвистикада «референт» деп аталатын; 2) осы объектіні білдіретін «концепт» немесе «мән-мағына»; 3) объектінің мәдениеттегі атауы – таңба, рәміз. Мағына-білімнің тұлғалық, субъективтік формасы, ал мән – «қоғамдық білімнің объективті, кодталған формасы». Семиотика мәтінді формальды анықтауға мүмкіндік береді. Ю.А. Шрейдер символикалық түрде оны былай келтіреді: $T = \langle U, M, \phi_1, \dots, \phi_m, 0 \rangle$. Бұл жерде T-мәтін, $\phi_1, \phi_2, \dots, \phi_m$ -M топтамасындағы синтаксистік қатынастар.

Әрбір мәдени қауым және мәдениет «белгі» қызметінің семиотикасын зерттеп талдауды қажет етеді. Яғни К.А. Свасьян айтқандай, «жалпы мәдениет туралы айту, рәміз туралы айту деген сөз». Мәдениет өз кезегінде құндылықтар жүйесі болғандықтан, рәміздік танымның кез келген бөлшегі адамға қатысты болатыны да сондықтан.

Семиотикада белгінің бір-бірімен қатынасын синтаксис, белгінің белгіленген затқа қатынасын семантика, белгі жүйесінде тұтынып қолданылатын белгі қатынасын прагматика айырып көрсетеді. Дәстүрлі өнердің пластикалық шешімі, ою-өрнектің өзіндік жүйесі, пішіндердің құрылымдық ерекшеліктері, колорит, әуен ырғағы, өзіндік қолтаңбаның мазмұндық мәні әр шебердің эмоционалды көңіл-күйінің терең сезіміне байланысты айқындалады. Әр дәуірге өзіндік семиотикалық стилі, өзіндік мәтін талдау тәсілдері тән.

Семиотика туралы көптеген ізденістер XX ғасырда кеңінен танылып, мәдениет салаларының бәрі тіл ретінде даму үрдісінде қарастырылды. Семиотика терминімен қатар «семиозис» ұғымы қатар жүреді. Семиозис-(грек тілінде *sema*-белгі)-термині семиотикада қабылданған, белгі мағынасының дамуын білдіреді. «Семиозис»-терминін ертеде грек физиологтарының бірі Пергамалық Гален диагноз қоюға қолданған. Семиозис белгілері ауруды талдап көрсетті. Ертеде гректер семиозисті біріншіден, белгі ретіндегі нақты нәрсені, екіншіден, белгі нені білдіріп тұр немесе не нәрсеге бағыт беріп тұр (десигнат); үшіншіден, затқа белгі ретінде берілген күштің әсерін енгізіп анықтайды дейді Р. Барт.

Қазіргі семиотика «семиозис» ұғымын «объект-белгі-интерпретант» деп сипаттап, табиғаттағы қарапайым белгілердің араласуын қолданады. Ч. Пирс үшін «семиозис» ұғымы міндетті түрде оның семиотикалық теориясында орталық түсінік болды. Оның түсінігі бойынша белгі, өзінің белгі екенін түсінбейінше, белгі ретінде жұмыс істей алмайды, яғни белгі белгі болу үшін талдануы қажет.

Интерпретанта (пайымдау)-белгі қатынастарының аудармасы. Мысалы, бір адамның өзі қабылдаған белгіге белгілі бір әсері, берілген сөздің мағынасын басқа бір сөздің көмегімен түсіндіріп беруі. Әр белгі талдау тудыруға қабілетті және бұл процесс шын мәнінде шексіз болып табылады. Шексіздікті Пирс былай жорамалдайды: егер берілген объектінің гипотетикалық өмір сүруінің ең соңғы, ең күрделі, аяқтаушы талдауын (интерпретантасын) алсақ, онда ол интерпретанта біздің санамызда сол объектінің өзі болып қалады. Бірақ мұндай объект те, белгі де физикалық тұрғыдан алғанда бір-біріне сай, тең және олар өмір сүруі мүмкін емес.

Пирстің бұл пікірлерін Р. Якобсонның семиотикалық моделінде көрнекі аңғаруға болады:

Хабар контексті
адресант ————— адресат

Семиотикалық талдау үдерісі шексіз. Пирстің шектеусіз семиозис идеясы осыған негізделген, семиозис – белгі таңдаудың динамикалық үдерісі, оның өмір сүруінің жанды мүмкіндігі. Семиозис идеясы белгі мен сыртқы дүние арасындағы қатынастың мәнін көрсетеді. Репрезентациялық объекті бар, бірақ ол алынып тасталған, оған жету мүмкін емес. Алайда, бұл объектіні өзі тудырған белгілерді зерттеу арқылы тануға болады. Семиотиканың тағы бір негізін қалаушы Моррис семиозисті белгі сияқты нәрсенің әрекеті деп қарады

Ч. Пирс семиозистің логикалық жағын дамытса, Ф. Соссюрдың еңбектерінде оның лингвистикасы зерттеледі. Соссюр семиологияны «белгілердің өмірін қоғам өмірінің ішінен оқытатын» (қоғамға лингвистика құрамды бір бөлігі болып кіруі керек) ғылым деп ой толғатқан. Соссюр бойынша талдаудың бастапқы бірлігі-белгі, ол білдірілетін (түсінік, мазмұн жоспары) мен білдіретіннің (акустикалық бейне, көрініс жоспары) қатынасы болып табылады, олар еркін байланысады. Белгілі ғалым Бенвенист, белгі компоненттерінің өзара қатынасы емес, бүтіндей белгінің шындыққа қатынасының еркіндігін кейіннен анықтайды.

Пирстің семиотикасы (Моррис, Эконың жұмыстарында дамыды) мен Соссюрдің семиологиясы (Л.Ельмслев, Э.Бенвенист, структуралистер) семиотикалық парадигманы қалыптастырады: белгі семиотикасы және белгі жүйесі ретінде тіл семиотикасы.

Эко өзінің «Жоқ құрылымдар» (1968) атты еңбегінде иконикалық белгі мәселесін «кинематографиялық код» ұғымымен тығыз байланыста

алады. Семиотикада белгінің бір-бірімен қатынасын синтаксис, белгінің белгіленген затқа қатынасын семантика, белгі жүйесінде тұтынып қолданылатын белгі қатынасын прагматика айырып көрсетеді. Семиотика -ақпаратты сақтап және түрлі белгілік жүйелердің қасиеттерін философиялық-теориялық тұрғыдан зерттейтін, яғни белгі және белгі жүйесін зерттейтін ілім. Семиотика тек белгі және белгі жүйесі туралы ғылым болып кеш қалыптасса да, философиялық пайымдауы тарихи түрде тереңде жатыр.

3.2. Белгі мен таңба

Қазіргі батыстық философия семиотикалық суреттемелерін постмодерндік әдістеме негізінде қалыптастырады. Бұл ұстанымда семиотикалық суреттемелер мәдени мәтіндер ретінде қарастырылады. Осындай әдістеме, әсіресе, Ж.Деррида шығармашылығына тән. Фоноцентризмнен тілдің таза рәміздік табиғатына бет бұрған Деррида үшін еуропалық мәдениет пен философияның әр түрлі «центризмдері» (еуропоцентризм, логоцентризм, фаллоцентризм, фоноцентризм) және де «центрация» қағидасы ұнамсыз.

М.Хайдеггерден басталған еуропалық семиотикалық метафизиканың «деструкциясын» (бұзылуын) Ж. Деррида «деконструкцияға»-(бұзып барып қайта құруға) айналдырды. Дерриданың түсінігінше, бәрін-әдісті де, ұғымды да, жүйені де деконструкциялауға болады. Мысалы. Деррида батыстық философияның «мән», «құбылыс», «мақсат», «онтология», «метафизика» сынды ұғымдарын деконструкциялайды, сөйтіп оны болашақ философияның баспалдақтары ретінде пайдалануға береді.

Бұл ұстаным қазіргі философияда кең таралған. Семиозисті Саудабекова Э.К санаға манипуляция жасаудың құралы ретінде қарастырса, неміс социологі Г. Франке санаға манипуляция жасаудың құралы ретінде жарнаманы алады. Осындай ұстаным орыстілді әдебиетте кең таралған. «Манипуляция,-дейді С.Г.Кара-Мурза,-бұл биліктің әсер етуші ресурстарының бірі болып табылады». А.А.Хамидов болса, Г. Франке сияқты, БАҚ санаға манипуляция жасаудың құралына айналып кетті дейді.

Семиотика дамыған сайын «белгі» түсінігі бірте-бірте артта қала берді, интегративті белгі-айтылулардың кез келген байланыс жүйелігінде қолданатын қызмет пен мәннің жетекшілігіндегі «мәтін» түсінігі орталылық орын алады. Готлоб Фреге (1848-1925) бойынша семиотика дәстүрлі хабарламаны екі түрлі деңгейде ажыратады: денотативті (денотат хабарлама фактісі) және коннотативті (коннотация-мәдени әлеуметтік рәміздің қосымша мағынасын шартты жүктеу). Кез-келген тіл денотатив пен коннотативтің қиылысу нәтижесі болып табылады. Семиотика жүйесінің динамикалық шындығы осындай.

Ғаламдану тек сәндік үшін қолданылып жүрген түсінік емес. Соңғы жылдары ақпаратты цифрлау өзара байланыстағы әлемде жылдамдықты

арттыру мақсатында көптеген таңбалық жүйелерді қалыптастырды. Бұл жағдай білім алуда және таратуда материал форматтары (папирустан жаңа медиа форматына дейін) бойынша маңызды мәселелерді туғызады. Дәл қазіргі кезеңде әртүрлі әлемдік мәдениеттердегі глокальды (ғаламдық және жергілікті) мұраны және мәдени жадыны жаңғыртуда сан алуан формалар мен жүйелерді этикалық тұрғыда ескеру қажет. Семиотикалық үлгілер мен олардың форматтарын қолдау өзгерістері мәдениет экономикасына ықпал ету жолдарын көрсетеді.

Мәдениетті зерттеу ғылымында семиотика тәжірибелерімен тұрақтанған өзіндік даму логикасы бар. Әр дәуірдегі зерттеулердің өзіндік семиотикалық стилі, өзіндік мәтін талдау тәсілдері тән. Бүгінгі таңда семиотика философиядағы жеткілікті дамыған теория болып табылады, бұның тәсілдері адам қызметінің әртүрлі шеңберлерін талдауға мүмкіндік береді.

Коммуникациялық арналар саналуан болғандығына сай коммуникациялық белгілер де көп түрлі. Олардың арасындағы маңыздылары:

- вербальды (тілдік) арна;
- вербальды емес арна;
- иконикалық құжаттар арнасы;
- рәміздік құжаттар арнасы;
- орындау өнері арналары (музыка, би; театр);
- әдебиет және әдеби тіл арнасы;
- радио мен теледидар арнасы;
- мультимедиялық арна.

Осы арналар мен оларға тән таңбалар және рәміздерді зерттейтін арнаулы семиотикалық пәндер бар. Олардың кейбірін аталып өтелік. Таңбалар мен рәміздер адамның күнделікті тұрмыстық қарам-қатынастарында жиі кездеседі.

Вербальды емес арна келесі паралингвистикалық құралдарға ие:

-просодия-тілді вокальдандыру жүйесі – тон, интонация, тембр, дауыстау

-экстралингвистика-дауыстауды эмоциональды жүргізу-күлкі, жылау, паузалар, жөтелу, еліктеу, ымдау, ишара

-кинесика-бет әлпеттегі қозғалыстар, жүріс-тұрыс, пантомимика, визуальды контакт;

-сәлемдесу рәсімдері (такесика;)

-проксемика-әріптестер мен қатысушылардың арасындағы дистанция

Мәдениет белгілер мен мағыналардың әлемі болып табылады. Бұл нұсқа бойынша, адам баласы мән-мағыналар жүйесінде өмір сүреді, ал бұл мән-мағыналар жүйесі адам баласын басқа адамдарға және жалпы қоршаған әлемге қатысты бағыт-бағдар беріп отырады. Сондықтан да, мәдениетті өзіндік ерекшелігі бар мән-мағыналар жүйесі ретінде түсініп-

білу үшін адамдардың іс-әрекеттерінің және өзара әрекеттерінің мән-мағыналарының түпкі сырын ашып алу қажет. Бұл көзқарас тұрғысынан қарағанда мәдениет адамдардың мінез әрекеттерінің себебі болып табылатын сыртқы күш емес, осы мінез әрекеттің контексті болып табылады және осы контекстте ғана іс-әрекеттің мән-мағынасын түсінуге болады. Сонымен, мәдениет шынайы мағыналық кеңістіктің феноменологиялық (заттандырылған) саласы болып табылады, ал бұл сала болса қарама-қайшылықтардың: «имманентті-трансцендентті», «сакральды-профанды» және т.с.с. ендірілуі және түсіндірілуі арқылы анықталынады.

Мәдениет - бұл белгілер жүйесі (мәдениеттің семиотикалық қызметі). Бұл түсіндірме алдыңғы анықтамаға мазмұны жағынан жақын, бірақ кейбір ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Белгілер мен мәндер мағынаға қарағанда оның рәміздік дәнекерлері болып табылады. Белгі деп басқа заттар туралы мәліметтерді сақтауға, қайта өндіруге және тасымалдауға арналған затты-дүниені айтуға болады. Белгілер жүйесі белгілі бір мәдениет қалыптарының материалды тасымалдаушы ретіндегі артефакттер мен шынайылықты ой жүйесі арқылы қайта өндіретін және құрайтын сана жүйесі (ментал) ортасында орналасады. Лесли Уайт адам баласының рәмізденуге деген қабілетіне тәуелді заттар мен құбылыстарды «символаттар» деп атайды.

Сонымен, белгілер адам баласының мағыналық іс-әрекетінің элементтері ретінде адамдардың рәміздеу (символдау) қабілеті көмегімен мәдениеттің құрылымдық мазмұнына кіреді. Олардың материалды дәнекер болып табылатын артефактерден ерекшелігі іс-әрекеттің рәміздік дәнекер болуында.

Сонымен, бүгін біз мәдениет-ақпараттық үдеріске қосылған өзіндік ерекшелігі бар механизм, ол, сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар ақпараттарды қалыптастыратын және тасымалдайтын механизм болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, мәдениеттің өнімі – бұл белгілік құралдар арқасында қоғамда жасалынатын және сақталынатын әлеуметтік ақпарат екенін білдік.

Мағына мен таңбаның арақатынасы коммуникативтік семиотиканың басты мәселесіне жатады. Күнделікті санада екі бастама жиі шатастырылып алынады. Сөз бен сөз бейнелейтін зат пен әрекет бірдей қарастырылады. Дуалау мен сиқырлаудың мысалдары әлі күнге дейін кең таралған. Қара мысықтың жолды кесіп өтуін кейбір адамдар жамандықтың нышаны деп жориды. Ассоциациялық байланыстар себеп-салдарлық байланыстарды алмастырып жібереді. Ассоциациялық байланыстармен қатар себеп-салдарлық байланыстардың орнын жиі ретте мифтік коммуникативтік семиотика алады. Себептерді түсіндірмей-ақ бірден қорытындылар шығаратын мифологема тым үнемді болып келеді.

Вербальды тілмен қатар коммуникацияның вербальды емес түрлері де жеткілікті. Бірінші кезекте күнделікті қарам-қатынастардың вербальды

емес семиотикасына ишарат рәміздері, ымдау және окулесика (көз салу) семантикасы жатады. Бір мәдениет пен бір тілдің деңгейінде ишара мен көзбен ымдаудың рөлі ерекше болып келеді. Еуропалық мәдениетте сұхбаттасушылар бір-біріне тікелей қарап отыру керек. Егер айтылған түсінікті болса, басын изеп қояды. Әйелдер ерлерге көбірек қарап отырады, өйткені олар эмоционалды болып келеді және өзін құптау отыруды қалайды. Латын Америкасында баларды үлкендермен сөйлескенде төмен қарап отыруға тәрбиелейді. Азиаттар үшін бадырайып тұрып қарау әдепсіздіктің белгісі ретінде бағаланады, қыздардың ер адамға көз салуы – аморальдылық («күйеуінің көзіне шөп салып жүр»). Қытайлар адам жанарының жайына қарап саналуан қорытындылар шығарған.

Қазақ мәдениетінде де көз салу аса маңызды болып келеді. Өмірге деген сүйіспеншілік махаббат нұрына толы, сондықтан да Мағжан Жұмабаев: «Келші көзім, күн бетінді көрейін», – деп сыр ақтарады. Қазақ Жарық дүниеге құштарлық арқылы, оның бер жағы мен ар жағын ажыратпай сезіне-түсіне білу арқылы ерекше эстетикалық жетістіктерге қол жеткізе білген. Өмірдің қоңыр салқын сырына қанық болу арқасында күйбең өмірдің сырына мәлім болған. Осы рухани жетістікті ары қарай ғасырдан ғасырға сабақтастырған.

Ольфакция (иіс сезіну) семантикасы да күнделікті коммуникацияда маңызды рөл атқарады. «Парфюмер» деген романында Зюскинд «кім иісті білсе, сол адамдар жүрегін билейді» дейді. Афродита аңқыған хош иістермен адамдарды бір-біріне ғашық еткізген. Батыста тіпті «махаббат формуласын» феромондармен манипуляция жасау арқылы анықтауға болады дейді.

Шығыс елдерінде иіс мәдениетіне байланысты бағыт кең дамыған, бұл мәдениетте иістің адамға ететін әсеріне көп мән берілген. Бұл мәдениет түрі қазақта да кең дамыған. Қазақ иістің адамға етер әсерін білгендігі соншалық, сол арқылы адамға рухани күш-қуат дарыта білген. Ананың құрсағындағы нәрестеге мынадай салт-салтанат (салтанат – бұл жерде ерекше қарым-қатынас құру мәнінде қолданылады) рәсімі жасалады. Жусан тұнбасы құйылған сумен ананың аузын шайғызады. Анасы арқылы, жусанды ауа арқылы, су арқылы нәрестеге «информация» «жеткізіп», туған жермен, оның аңқыған иісімен осылайша тағы «таныстырып», «кездестіреді» екен. Әрине, «таныстыру» иіс арқылы болғандықтан, бұл қалыптастырып отырған қарым-қатынас сезім арқылы дамиды, қан арқылы дариды. Иіске, әсіресе жусан иісіне байланысты аңыз көп. Соның бірі Артық хан есімімен, Артық ханның елге оралуымен байланысты. Артық хан Кавказ жерлерінде жылдар бойы тұрғындап жүріп қалады. Сан рет соңынан іздеп барғандардың елге қайт деген сөзін құлағына ілмейді. Соңынан тағы бірде іздеп барған туысқаны қойнынан кепкен бір уыс жусанды суырып алады. Сол-ақ екен, жусанның аңқыған

иісі Артық ханды орнынан атып тұрғызып, арғымағына бір-ақ қондырады.

Күнделікті коммуникацияда бояу түсі өзінің тұрақты мағынасымен қуатты күшке ие, ол семиотикалық дүниетанымдық көзқараспен байланысты сипатталады. Ол эмоционалды екпінділікті күшейтуге жағдай жасайтын живописік реңдер өнертану теориясы тұрғысынан тереңірек ашылса, ал қазіргі уақытта қарастырылатын бояу түсінің тұрақты нақыштарының философиялық мәнін өнертанушылық тұрғыдан талдау маңызды.

Дегенмен дәстүрлі бояу түсінің объективті және субъективті бастаулары қазіргі суретшілердің айқындаушы құрал-тәсілдерін күшейткен болар еді. Бояу түсінің эмоционалды мазмұнды мәні пішіннің (бұл жерде жеке деталь, элемент, нәрсе, тұлға болуы мүмкін) терең астарлы мағынасын терең ашуға мүмкіндік береді. В. Кандинский айтқандай, бояу түсі пішінге бағынады. Пішін мен бояу түсі сырттан қарауға емес, картинаға енуге, соның ішінде өмір кешуге шақырады. Күнделікті коммуникациядағы бояу түсінің рәмізді белгілері күнделікті тұрмыстағы алты түсті бояумен шектелді деуге болмайды. Реалистік емес шығарманың өзінде бояу түсі пішінге бағынады. Бояу түстерінің реңі адамның ішкі көңіл-күй, мінездік сипатымен және жас ерекшелігінің өтпелі кезеңімен де ұштасады.

Күнделікті қарым-қатынас семиотикасында тамақтану мен сусын ішу рәсімдері маңызды орын алады, Оның мысалдарына Шығыс елдеріндегі шәй ішу рәсімдерін келтіруге болады, шарап ішудің де толып жатқан ерекшеліктері түрлі мәдени коммуникацияда түрлі мағынаға ие болады. Болгар зерттеушісі Г.Д. Гачев жазуынша, Францияда шарапты әлемде ең көп ішеді, бірақ онда мас адамды кездестіру қиын, керісінше Ресейде маскүнемдік үлкен мәселеге айналған

Орыс философы В. Розанов әйелді, оның ойлау, сезу, дүниені қабылдау қабілетін, кейде физиологиялық ерекшеліктерін адам болмысының құндылықтар жүйесіндегі жоғары орынға қойып, ерекше бағалаған. Ол әйел мәселесін оның мәдени мәртебесі деңгейінде қарастыруға ұмтылған. «Әйелдік нәзіктік» – ғарыштық және тарихи үдерістің мақсаты, ол «Ғаламның» өзі, сол себепті мәңгілік «әйелдік нәзіктік» ғарыштың ғұмырлық іргелі негіздерінің бірін құрайды. «Әйелдік нәзіктік» ұстанымының мәдениеттегі көрінісі әйелдің ерлердің шығармашылығын «шабыттандырушы» күшке айналу керектігінен көрінеді. Идеалды «маскулиндік» бүлікшіл батырлыққа дейінгі белсенді әрекетті, ал нағыз «әйелдік» нәзіктік, жуастық, үнсіздік, төзімділік, тыныш отбасылық өмірге ұмтылушылық сияқты қасиеттерді қамтиды,» – дейді орыс ойшылы.

Жыныстық мәдени коммуникациялар семиотикасын көбірек қарастырған-Симона де Бовуар. 1949 ж. оның «Екінші жыныс» деген зерттеуі шығады. Бұл жерде ең бірінші рет әйелдің ерекшелігі теориялық

философия тұрғысында қарастырылады. Де Бовуар бойынша әр индивид өзінің тіршілігінде өмір сүруін ақтау үшін трансценденция қажеттігін сезінеді. Міне осыдан әйел мәселесі туындайды, өйткені онда барлық дербес адамдағыдай еркіндік бар, алайда осыған дейін оны объект тәрізді анықтап келді.

Ж.П. Сартрдың экзистенциалды диалектикасын қолдана отырып, де Бовуар «мен», «басқа» ұғымдары арқылы жыныстық коммуникацияға философиялық түсінік береді. Еңбекте ер адам позитивті мәдениет формасы ретінде белгіленген, ал әйел немесе феминдік негативті формадан ауытқыған (басқа нәрсе) деп белгіленген. Сонымен қатар әйелдің беделі барлық мәдениетте екі жақтылықпен бағаланады: әйелдің толымсыздық анықтамасы арқылы немесе жоғарландыру арқылы. Бұл кезде әйелді қол жетпейтін шынға шығарады. Мысалы: құдайлық бір бейне ретінде. Бірінші және екінші жағдайда әйел басқа бір нәрсе сияқты анықталады. Ал Бовуар бойынша басқа «Мен-ге» әсер етуші болып табылады. Демек, «Мен» басқаны, яғни әйелді мойындауы тиіс. Ж. Деррида бойынша, бұндай оппозицияда бір жақ екіншіге бағынып отырады. Сол үшін бағынбаусыз ешқандай оппозиция өмір сүрмейді.

Алайда биологиялық және әлеуметтік зерттеулерден басқа мәдени-символикалық зерттеулер де жыныстық коммуникация мәселесінде аса өзекті. В. Тернер өзінің «Символ және ритуал» деген еңбегінде архаикалық бинарлы оппозициялар символикалық құрал қызметін атқарады дейді. Осындай антиномиялық қатарға жататындар: жер/аспан, аспандық/жерлік, жан/тән, құдайлық/күнәһарлық, мәдениет/табиғат, әйел/еркек, ақ/қара және т.т. Демек, бинарлық оппозиция принципі о бастан философиялық рефлексияны қамтиды. Ал әйел/еркек дихотомиясы өз негізінде табиғилықты иемденіп, өте әмбебап критерий болып табылады. Егер де «ер адам» – рационалды, рухани, құдайлық, жарық, мәдени рәміздері болса, онда «әйел» – әрине сезімтал, нәзік, күнәлі, қараңғы, табиғи болады. Бұл символикалық жұптардың ішіндегі түсініктер өзіндік иерархия бойынша құрылған. «Ер», «еркек» деген түсінікпен көрінетін ұғымдардың бәрі жағымды мағына береді, ал «әйелге» байланысты бәрі екінші жақта, олар аса маңызды емес. Сонымен гендер тағы да мәдени метафора болып табылады.

Сонымен бірге күнделікті өмірмен қатар көркем шығармаларда кездесетін этномәдени элементтер коммуниканттардың әлеуметтік және биологиялық белгілеріне байланысты кинетикалық жүріс-тұрысы мен мінез-құлқының ұлттық ерекшелігін зерттеп-білуге мүмкіндік береді. Шынында да, әйелдің мінез-құлқы табиғи, ол ешқандай боямасыз, тұрпайылық көрсетпей-ақ бақытты, шынайы және қарапайым, тіл табысқыш, ешбір дөрекіліксіз-ақ кез келген адамның тілін таба біледі.

Жоғарыдағы жайттарды қазіргі ғылыми зерттеулер нәтижесі де дәйектей түседі. Заманауи генетика ғылымы ақыл-парасаттың ана бағыты арқылы берілетінін дәлелдейді. Ойлау қабілетіне жауап беретін Х-

хромосомасы ұзындық бойына орналасқан. Әйелдерде ол екеу (XX), еркектерде біреу (XY). Дүниеге келген ұл бала ақыл қабілетін өзінің анасының генінен алады, ал қыз бала бір X хромосомасын шешесінен, біреуін әке жағынан әжесінен алады, себебі әкенің Y хромосомасында аталған қабілет жоқ. Ақыл-парасаттың ұрпақтан ұрпаққа берілуі осылайша жүзеге асады.

Әйелдер өздеріне сенімсіз жағдайда, көңіл күйінде бір қобалжу енгенде, бүркемеленген кедергілердің көзге ұрынбайтын түрлері гүл шоғын, қол сөмкесін, орамал, шарф, желпуіштерін қолданады, ал ерлер ондай жағдайда галстук, көйлек түймесі, қол сағатын, темекі тұтатқыштарын әрлі-берлі қозғап, бұрап, пиджактерінің түймелерін бір ағытып, бір түймелеп, темекілерін мыжып, үстелдің үстін саусақтарымен барабанша ұрғылап кетеді.

Әйелдердің мимикасы ерлердікіне қарағанда айқынырақ білінеді. Өздерінің табиғи интуициясына сай, балалар тәрбиелеудегі айрықша рөліне сәйкес әйелдерде майда-шүйде детальдардың бәрін бірден байқау бейімділігі басым, сол себепті де оларда бейвербалды амалдарды жақсы түсіну қабілеті ерлерге қарағанда жоғары. Физиологтардың пікірінше, әйелдерде эмоцияға жауап беретін ми бөлігі ерлерге қарағанда сегіз есе артық дамыған. Әйелдерге тән жоғары сезімталдықты осымен түсіндіруге болаты секілді. Әйелдерде «қасын керу», ал ерлерде «қабағын түю, қабағын түкситу» сияқты ишарат түрі жиі кездеседі.

3.3. Мәдени код және семиотика

Мәдени код-әлемді тануға байланысты көзқарастарды тасымалдап сақтап және дамытатын жүйе, сондай-ақ осы уақыттағы қасиеттер мен мүмкіндіктердің нақты мәдени кеңістікке сай көрінісі. Код дегеніміз ақпарат таңбаларының жиынтығы және белгілі бір ережелер жүйесі, олардың көмегімен ақпаратты беруге, өңдеуге мүмкіндік бар. «Код» термині ежелден есептеу, коммуникация, кибернетика, математика және генетика ғылымдарында қолданылып келеді. Кодтау арқылы жасанды тілдер құру, машиналық аударма, мәтіндерді кілттеу және оларды ашу мүмкіндігі беріледі. Мәдениет теориясында мәдени мәтіндердің мазмұны мен түсіну жоспары бірінші кезекке қойылады, сондықтан мәдени код ұғымы өте өзекті болып отыр.

К. Рапай «Мәдени код. Біз қалай өмір сүреміз, не және неге сатып аламыз?» атты кітабында «мәдени код-бұл машина болса да, тамақ, қатынас болса да, тіпті мәдениет контекстінде біз тәрбиеленген ел болса да, «бұл құбылыс немесе басқа заттардың тылсым ойы», -деп түсіндіреді. В.И. Даль сөздігінде «код»-құпия, құпия жазба, жұмбақ ретінде қарастырса, А.Кончаловский, А. Аузанның сұхбаттарында мәдени код тұжырымдамасында екі теориялық және тәжірибелік маңызды сәт ұсынылған: біріншіден, осы немесе басқа елдегі ұлттың маңызы бар әлеуметтік, экономикалық және саяси үрдістерге мәдениеттің әсер етуін

анықтау, ал екіншіден-мәдени кодтың өзгермеуінің нәтижесі ретінде ұлттық мәдениеттің тұтастығын сақтау болып саналатындығы айтылады.

Мәдени кодтың қажеттілігі сигналдар әлемінен мағыналық әлемге өту кезінде туындайды. Сигналдар әлемі дегеніміз-ақпараттармен есептелетін дискретті бірліктер әлемі, ал мағыналар әлемі-адамды белгілі мәдениеттің идеяларымен, бейнелерімен және құндылықтарымен байланыстыратын мағыналы формалар әлемі. Басқаша айтқанда, код дегеніміз модель, нақты ережелер мен ақпараттық сериялар құрудың белгіленген қағидаттары, нақты хабарламалардың жүйелілігі. Барлық кодтарды бір-бірімен қарапайым код негізінде салыстыруға болады. Мәселен, хабарлама, мәдени мәтін пайдаланылатын кодқа байланысты әртүрлі оқылымдарға ашық болуы мүмкін. Код мәдениеттің семантикалық деңгейіне енуге мүмкіндік береді, ал кодты білместен, мәдени мәтін жабық болады, түсіндірілмейді әрі қабылданбайды. Адам белгілер жүйесін көре алады, бірақ мағыналар мен мағыналар жүйесін түсіну арқылы ғана игереді. Мәдени код мынадай сипаттамаларға ие болуы керек: адам мәдениетін өндіру, тасымалдау және сақтау үшін өзін-өзі қамтамасыз ету, өзгеру (мобильділік) және ашықтық, сондай-ақ, уақыт талабына сай әмбебаптылық функциясы аса маңызды. Мәдениет түрлерінің жіктелуіне сәйкес: мәдениеттің кодтары, жазба мәдениеттердің кодтары, экрандық мәдениеттердің кодтары.

Егер тарихқа көз жүгіртер болсақ, ертеде мәдениетке қазіргі тарих жыл санауына дейінгі кезең, оның ішінде «жыртқыштық» пен «тағылық» қамтыды (антропологтар Л. Морган және Э. Тайлордың терминологиясы бойынша). Мәдени кодтың алғашқы негіздері алғашқы ерте дәуірде (1 миллионнан 40 мың жыл бұрын) қаланған. Болашақта оның әр параметрі жаңа мазмұнмен толықты, ең бастысы, олардың әрқайсысы мәдени өзін-өзі ұйымдастырудың жаңа деңгейін қамтамасыз ететін жұмысына мәдени кодты «енгізетін» қатынастар орнатылды.

Ертедегі мәдениеттерде басым код мифологиялық мәдени код болды: қарабайыр қоғамда миф өмірді түсінудің тәсілі ғана емес, оны объективті де, символдық формада да бастан өткеру тәсілі болды. Бірқатар ерте мәдениеттерде атау жүйесі ең маңыздысы-мәдени код болды. Атау белгілі бір нұсқаулық немесе кітап ретінде қызмет етті, оны ақсақалдар есім берушіге берді (Барт Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика/Р. Барт.-М.: Прогресс, 1994.-С. 112-130).

Қарапайым адам үшін есім мен тағайындалған зат арасындағы байланыс ерікті немесе идеалды бірлестік емес, өте нақты, нақты шындық болды. Заттармен манипуляциялар адамға арналған сөздермен әрекетке бірдей болды, сондықтан бұл атау өзі үшін маңызды бөлік болды. Қарапайым адамдардың көзқарасы бойынша жеке есімдер қорғалуы және құпия сақталуы керек, өйткені аты арқылы жау оның тасымалдаушысына сиқырлы әсер етуі мүмкін. Бұл әрбір ру-тайпаның (ер, әйел немесе бала) күнделікті өмірде қолданылатын есімнен басқа, ақсақалдар мен

бастамашыларға белгілі құпия есімдері болған кездегі құбылыс. Қазақ мәдениетінде «ат тергеу» дәстүрінің негізі белгілі. Дәл осындай әдет-ғұрып кейінгі дәуірлерде, мысалы, ежелгі Мысырда сақталған. Мысырлықтардың екі аты болды: шынайы және күнделікті. Біріншісі терең құпияда сақталды, екіншісі бәріне белгілі болды. Ежелгі Үндістанда брахман кастасынан шыққан бала бала туғанда екі ат алды. Атаудың мұндай ақпараттық блокадасы (есімдерге тыйым салу) бұл атаудың маңызды әлеуметтік-мәдени маңызы бар және адамның қоғамдағы орнын көрсететіндігімен байланысты.

Ертедегі мәдениеттерде атау жүйесі затбелгі емес, ақпараттың өзі болған кезде мәдениетті кодтау және жаңарту механизмі болды. Бұл атаудың айтылуы заттың немесе тұлғаның көмегімен нақты манипуляцияларды жүргізуге болатын энергия механизмінің рөлін атқарады деп есептелген. Ал жазба мәдениеттердің кодтары біздің дәуірімізге дейінгі 3-4 мыңжылдықтың басында пайда болған, (Ежелгі Мысыр және Месопотамия) және бүгінгі күнге дейін бар. Әртүрлі жергілікті мәдениеттердегі бұл кодтардың тарихи өзіндік және әртүрлі формалары бар. Мұндай нысандар көп, және жеке жергілікті мәдениеттерде қолданылатын кодтарды анықтау және сипаттау үшін көп жұмыс қажет. Жазбаша мәдениеттердің кодтарын сипаттауда түбегейлі маңызы бар, әлеуметтік өзгерістердің әсерінен объективтілікпен, символизммен және идеализммен ерекшеленетін қарабайырлықтан пайда болатын мифологиялық мәдени кодтың үнемі жойылып отыратындығы. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества/М.М. Бахтин.-М.: Искусство, 1986.-С. 26-48.) Оның үстіне, оның әр параметрі дербес әлеуметтік-мәдени білім беру формасын алады, ал оның жеке қызметін әртүрлі әлеуметтік топтар орындайды. Сонымен қатар, жаңа вербальды (ауызша, жазбаша) мәдени код тек ритуалдық актілерде қайта шығарылған мифологиялық кодтан айырмашылығы айқын көрініс формасына ие. Оның мазмұны, әдетте, қасиетті деп аталатын кітаптарда: Египеттің өлгендер кітабы, Еврей ескі өсиеті, Парсы Авестасы және т.б. Онда тек адамдарға, әлемге, құдайларға қатысты адамның мінез-құлқын белгілейтін заңдар мен ережелер ғана емес, сонымен бірге белгілі бір мағынада маңызы бар және сол немесе басқа адамдардың өткенін сипаттайтын тарихи оқиғалар бар. Осылайша, тарих мәдени кодқа енеді, яғни өткен – жақын болады, бір халықтың өмірін бейнелейді. Бұл оқиғалар біртұтас мағыналы тұтастыққа айналады, өйткені бұл жолы оның құдайларымен байланысты. Жазбаша мәтінде ырым сиқырының орнына сөздің сиқыры пайда болады. Діни қызметкерлердің және бастамашылардың аузындағы қасиетті (сакральды) мәтіндердің сөздері басқалардың қолы жетпейтін мағыналардың символы ретінде пайда болады, онда барлық нәрсенің құпиясы сақталады-құпия және мәңгілік (Белый А. Символизм как миропонимание/А. Белый.-М.: Республика, 1994.-С. 85-91).

Еуропадағы ауызша мәдени кодтың өзгеруі XV ғасырдың екінші жартысында басталады, ол ең алдымен типографияның ойлап табылуымен байланысты болды. Басылып шығарылған кітаптар болып жатқан әлеуметтік өзгерістердің мәдени жад кодында жаппай көріну үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Осындай маңызды өзгерістердің бірі – қасиетті латын тілінен неміс, ағылшын және басқа тілдерге аудару нәтижесінде белгілі бір деңгейде Библияны ығыстыру болды, бұл бастама мәтінін барлық сауатты адамдарға қол жетімді кітапқа айналдыруға мүмкіндік берді. Ғылым жаңа мәдени кодтың қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Оның нәтижесі-сенімді, эксперименталды түрде тексерілген, ұтымды білім-мәдени жад механизміне еніп, оны қалпына келтірді. XVII-XIX ғасырларда Батыс Еуропаның мәдени кодының негізі-факт, ғылыми теория, сонымен қатар табиғат пен қоғамды практикалық қайта құрудың эмпирикалық (эксперименттік тексерілген) әдістері сияқты белгілерге негізделген.

XX ғасырда экрандық мәдениеттің кодтары мәдени кодтың негізгі компоненттерінің өзара әрекетін жаңа түрде ұйымдастыра бастайды. Бұған дейін табиғаттың дамуына бағытталған пән «толық субъективтілікпен»-компьютерлермен, ақпараттық коммуникациялық жүйелермен, ақпараттық банктермен және т.б. өзгертілді (Библер В.С. Культура. Диалог культур/В.С. Библер//Вопросы философии.-1989. -№ 6.- С. 31-42). Сенімділік, сонымен қатар оның әрекет ету аясын едәуір кеңейтеді: экрандағы сөз, модель, символ жаңа тәсілмен жүзеге асырылады, бұл сурет-белгі іздеуде шығармашылық белсенділікке мүмкіндік береді, яғни, белгілі бір «экрандық жұлдыз» кез-келген ақпаратты таратқан уақытта қоғаммен қабылдану сипаты шындыққа айналып, «сана манипуляциясы» пайда болады, кейіннен кибермоббинг атауына ие болады. Экрандық мәдениетте «идеал» образы да айтарлықтай жаңартылуда. Жаңа ойлау логикалық және бейнелі, концептуалды және көрнекілік синтезімен, «интеллектуалды бейнені» актуализациялауымен және сенсорлық модельдеумен сипатталады.

Мемлекеттік тілге енген ұлттық «мәдени» ақпарат көбінесе бетінде жатпайды, ол сөздің семантикалық құрылымында, ішкі түрінде, грамматикалық құбылыстардың семантикасында, синтаксисте «кодталған». Осы жасырын ұлттық және мәдени анықталған мағыналарға қызығушылық мәдени код ұғымының пайда болуына әкелді. Ең көп кездесетіні-В.В. Красных енгізген анықтамға сәйкес: мәдениет кодын сыртқы әлемге лақтыратын, оны бөлетін, құрылымдайтын және бағалайтын» тор ретінде қарастырылады. Сыртқы нысандар жиынтығын білдіретін, қатаң реттелген, жүйелік сипаттағы мәдениет кодтары адамның ішкі жан дүниесін «әлем суреттері объектілерінің сипаттамаларының макрожүйесі» ретінде қарастыруға болады, сонымен қатар табиғи және адам жасаған заттарды (биофакттар мен артефакттар), сыртқы және ішкі әлемдердің (табиғи және психикалық құбылыстарды) біріктіретін әлем

суретінің элементтерінің таксономиясы)» (Ермишина Н.Д., Михайлов А.Н. Культурология: учеб. пособие для студентов МЭИ (ТУ)/Н.Д. Ермишина, А.Н. Михайлов.-М.:Изд-во МЭИ, 2006.-С. 46-58).

Қазіргі тіл білімінде бірқатар мәдени кодтар бөлінеді: анатомиялық (немесе дене), табиғи, өсімдік (вегетативті, фитоморфты), зооморфты (жануарлар, териорфты), перцептивті, соматикалық, антропоморфты, тақырыптық (материалдық немесе артефакт), гастронмиялық (тамақ), жарнамалық (мінез-құлықтық), метеорологиялық, химиялық, түсті, кеңістіктік, уақытша, рухани, теоморфтық (құдайшылық), галантерея, ойын, математикалық, медициналық, музыкалық, этнографиялық, экологиялық, экономикалық және т.б.

Мәдениеттің негізгі кодтары, яғни мәдениеттің архетиптік бейнелерімен байланыстыратын және адамның ғалам туралы қарапайым идеялары жазылатындығымен ерекшеленеді. Негізгі мәдени кодтар – соматикалық, кеңістіктік, уақытша, тақырыптық, биоморфтық және рухани мәдени кодтар. Соматикалық код-ең ежелгі. Оған адам тәжірибесі негізінде мән-мағынаны түсіну әрекеттері кіреді. Кеңістіктік код кеңістікті бөлумен, ондағы бағдармен де байланысты (Лотман Ю.М. О семиотическом механизме культуры. - Таллин: Александра, 1993. - С. 326-344).

Кеңістіктік қатынастардың түрлері (жоғарғы-төменгі, ішкі-сыртқы, орталық-перифериялық, жақын-алыс) материалдық әлеммен өзара әрекеттесетін дененің белгілі бір формасы адамға тән болғандықтан пайда болады. Уақыт коды уақыт осінің бөлінуін түсіреді және адамның кеңістік уақытындағы қозғалысын көрсетеді. Пәннің коды барлық ана тілінде сөйлейтіндерге ортақ ақпарат қорына жататын әлемдегі әртүрлі нысандар туралы білімді көрсетеді. Биоморфтық код әлемде тірі тіршілік иелерімен байланысты, өсімдік әлеміне де осыған жатқызуға болады. Мәдениеттің рухани коды моральдық құндылықтардан, стандарттардан және мәдениеттің байланысты моральдық базалық қарсыластарынан тұрады. Бұл код аксиологиялық болып табылады, ол біздің бүкіл болмысымызға сәйкес келеді, біз өзімізді және айналамыздағы әлемді бағалайды. Бұл код барлық басқа кодтармен, әсіресе тақырыптық кодтармен тығыз байланысты.

Азық-түлікті тұтыну-қоғамдағы басты акт. Сондықтан барлық уақытта және дәуірлерде азық-түлік жүйесінің элементтері белгілі бір сәйкестендіру белгілері, гастронмиялық (тамақ) кодтары бар әлеуметтік кеңістікті белгілейтін арнайы мәдени кодтың бөлігі болды. Бір қызығы, мәдениеттің гастронмиялық коды-бұл санаға енгізілген психикалық үлгі ғана емес, сонымен бірге адам бейсаналық, тәбетсіздіктің немесе ренжудің бейсаналық, риясыз көріністері ретінде қабылдайтын бірқатар енгізілген параметрлер. Ендігі жерде қазақ мәдениетінің азық тұтыну мәдениетіне мән берсек, ол ғасырлар бойы көшпелі өмір алтын ұстанғаны белгілі, сәйкесінше қалыптасқан тағамдар рационы сол өмірге сай

белсенділік пен табиғи ортаға сай қалыптасты. Егер де, өмір салты белгілі жағдайларға байланысты трансформацияға ұшыраған болса, онда оған байланысты барлық процесс те өзгеруі тиіс, болмаса уақыт ағымына сай икемделуі тиіс.

Мұндай көріністер, сөзсіз, мәдени кодтардың ұлттық анықталған табиғатымен байланысты. Гастрономиялық код ерекшелік емес. Этномәдени контексте тамақтану мен ырым-тыйымдардың тақырыбы көрнекілігі, азық-түлік кодын салыстыру мен түсіндіру үшін ашықтығымен ерекшеленеді. Әр түрлі мәдениеттер үшін әртүрлі өнімдер жиынтығы өзекті, тағаммен жұмыс істеудің арнайы ережелері, тағамды өңдеудің арнайы әдістері және оларды әрі қарай дайындауға болады. «Жеуге болатын» және «жеуге болмайтын», «дәмді» және «дәмсіз», «дұрыс» және «бұрыс» арасындағы шекараны белгілейтін ұлттық мәдениет.

Түрлі мәдениеттер өкілдерінің тамақтануға қатысты көптеген бейсаналық императивтерімен және тыйым салуларымен өмір. Азық-түлікке арналған преференциялар мен тыйым салулар «шетелдік» мәдениеттің ең танымал және таңқаларлық белгілерінің бірі болып табылады.

Әлемдік тарихта, дәуірге, мемлекеттік саясатқа және мәдениет деңгейіне сәйкес әлеуметтік-мәдени кодтардың рөлі өзгереді, бірақ олардың өзіндік ерекшеліктері мен ұлттық ерекшеліктері сақталады. Ұлттың мәдени коды мәдениеттің бұл түрін түсінудің кілті болып табылады, өйткені ол халықтардың ата-бабаларынан мұраға қалған мәдени сипаттамаларды қамтиды. Бұл мәдениетті анықтайтын кодталған ақпарат.

3.4. Мәдени рәміз

Рәміздеу, егер де онда рәмізделу жүретін, әлеуметтік қарым-қатынастардың кеңмәтіні болмаса, олар бар бола алмайтын және олар осыған дейін құрастырылмаған, объектілерді құрастырады. Олар алдын ала көз алдымызда болатын, әлдебір жағдаят немесе әлдебір объектіні тіл тек жай ғана рәміздеп қоймайды, ол бұл жағдаяттың немесе бұл объектінің өмір сүруін немесе пайда болуын мүмкін етеді. Өйткені ол, онда бұл жағдаят немесе бұл объект тек жасалынатын, сол тетіктің бөлігі болып табылады. Әлеуметтік үдеріс бір индивидтің үн қатуын басқаның әуенімен соңғының мағынасы сапасында ара қатыстырады және, ендеше, осы әлеуметтік жағдайдағы жаңа объектілердің - осы мағыналардан тәуелді немесе олармен құрастырылатын, объектілердің пайда болуы мен өмір сүруінің шарты болып табылады. Мағына, мәнісінде, тек ментальды, тәжірибе аймағынан тыс өмір сүретін немесе өмір сүруіне қолдау көрсетіп отыратын, оған олар тек кейін ғана ене алатын, сананың әлдебір күйі немесе ұйымдасқан қатынастардың әлдебір жиынтығы сапасында түсінілмеуі қажет.

Рәміз-(грек. танымдық белгі, таңба)-белгілі бір нәрсені өз қалпынан өзге, жанама сипатында алып көрсетуден туатын эстетикалық категория. Ол рәміздің шығуына алғашқы қиялдау, болжау, ертегі түстер, наным-сенімдер секілді құбылыстар әсер етіп, жалпы адам санасының дамуымен өрбиді. Ю.М. Лотманның анықтамасына жүгінсек «рәміз ешқашан белгілі бір мәдениет кезеңіне тән емес, ол әрқашан бұл өткелден өтіп, өткеннен болашаққа сапар шегеді, басқаша айтсақ, рәміз мәдениеттің тұрақты элементі». Яғни мәдени рәміздер мәдениетке тән қалыпты құбылыс.

Платон рәмізді мифтен бөліп талдау керек деп көрсетеді. Орта ғасырлардағы неміс романтиктерінің эстетикалық теориясының өкілдері (Ф.Шелинг т.б.) рәміз табиғатын идея мен бейненің ұқсастығы деп пайымдаса, Гегель романтизмді сынай отырып, рәмізді кейбір белгілер деп түсінік береді. Марксизм ғылымы да рәмізге тұжырым жасап, философиялық тұрғыдан дәлелдеме жасады. Рәмізді ең көп зерттеген автордың біріне Р.Барт жатады. Ю.М. Лотман бойынша, «рәміз ең түйінді мәндерді білдіреді. Сонымен қоса рәміз қашанда мәтін болып табылады».

Рәміз мәселесі коммуникативтік семиотиканың түпнегізді және арнаулы зерттеу объектісі болғандықтан, бұл ұғымның кейбір ерекшеліктеріне тоқталайық. Ж.Мүтәліпов атап өткендей, қазіргі мәдениеттанулық мектептердің арасында оның рәмізшілдік арнасы ерекше роль атқарады. Осы мектептің негізін салушылардың бірі – Э.Кассирер адамды ақылды жан деп анықтаудан оны рәміздік (символикалық) жан түсінігінде қарастыруды жөн көрген. Ол өзінің «Рәміздік формалардың философиясы» деген еңбегінде адам дүние мен өз санасының ортасына рәміздерді орналастырады дейді. Мәдениет семиотика тұрғысынан қарастырылады. XX ғасырда рәміз философиялық мәдениеттанулық әдебиетте өте жиі талқыланды. Интернет жүйесінде «Мәдениет рәміздері» деген сайт та бар.

Мәскеу қаласында жарияланған В.Рудневтің «Энциклопедический словарь культуры XX века» (М., 2001) еңбегінде рәміз және коммуникациялық таңбалардың арасындағы ішкі байланысқа ерекше назар аударылады. Рәміздік мектеп XIX ғасырдың аяғында Францияда еуропалық модернизмнің бір бағыты ретінде қалыптасты (П. Верлен, А. Рембо, С. Молларис), кейін Ресейде өрістеді (Д. Мережковский, З. Гиппиус, А. Блок ж.т.б.). Бұл бағыт өкілдері екі коммуникациялық таңбалар: күнделікті шындық дүниесі мен трансценденттік ақиқат құндылықтарын рәміздеуді атап өтеді. Соңғысының өзегін абсолюттік сипаттағы рәміздер құрастырады. Өйткені оны мәдени мәтін деп айтуға болады. Мәтін шындықтың бейнесі емес, оны тек рәміздік тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік бар. Символистер көркем тәсілдерімен «Мәңгілік сұлулық», «Ханша», «Қалыңдық», «Сүйікті ханым», т.т. рәміздерін қазіргі коммуникациялық таңбаларға үйлесімді қоса білді. «Мәдениеттану сөздігінде» «күнделіктіліктен жоғары жатқан шынайы құндылықтарды

танытудың пәрменді құралы-поэтикалық рәміз (символ) деп таныған символистер үшін алыстағы шалғай сырды тек интуиция арқылы сезіну мүмкін болып көрінеді», - делінген.

Рәміз мәдениетті біртұтастықты қамтиды, ал мәдениеттің біртұтастық құрылымы мазмұнында ғана емес, ол әр пішінді рәміз тәсілінде айқындайды. Рәміз әрдайым бар нәрсенің бар екенін табуға мүмкіндік беріп, ол ауыстырады, репрезентациялайды. Кез келген мәдениетте рәміздің атқаратын рөлі маңызды қасиетке ие. Рәміз деп қандай бір таңбаны, бірақ өзіндік көркем бейненің пішінінде, заттың ақпараттық мүмкіндікті көріністерін қамтитын және оның қалыптасқан идеялық бейнелік немесе идеялық-бейнелік құрылымды айтады. Рәміз теориясына Ч. Моррис, Э. Кассирер, А.Ф. Лосев және т.б ғалымдардың еңбектерінен анық айқындалған. Рәміз белгілі бір әлеуметтік саяси мәні бар, әр түрлі нышандар жүйесі ғана болып қана қоймай, онда қамтылған жинақты маңызды мазмұнды әрі қарай зерттеудің жалпылама қағидасын біріктіреді.

Дәстүрлі өмір салтын қамтитын тұрақты көркемөнер белгілерін рәміздік, яғни таңбалық белгілер деп атайды. Г.К. Вагнердің айтуынша: «Рәмізді пішін жеке нәрсені бейнелемейді, құбылыс категорияларын білдіреді».

Жеке нәрселердің нақты бейнелерде өзіндік канондық заңдылықтардан тұратын тұрақты белгілері болмайды. Қазақтың дәстүрлі өнеріндегі заттың түсі мен оның мән-мағынасы негізінен тұрақты рәміздік ұғымдармен бекіп, оны қолданылу ретіне қарай анықтаған. «Кез келген жағдайда дәстүрді тұтастай өркениетпен теңдестіру Шығыс туралы сөз болғанда ғана әбден негізді болып табылады, себебі, бүтіндей алғандағы Шығыстың кез келген өркениетті сипаты бойынша дәстүр ретінде қарастырыла алады», - дейді Р.Генон. Дәстүрлі мәдениеттегі рәміздік белгілер әрқашанда мәдени-әлеуметтік кодтаудың маңызды факторы болып табылады. Рәмізде маңызды кодтардың дүниетанымдық мәтіндері жинақталған. Осыған байланысты мәтіндердің мәні герменевтикалық зерттеу тәсілдерімен түсіндіріледі. Мәтін сөз талдаудың негізгі нысаны, түсінік пен құндылықтарды белгілейді.

Мәдениет құндылықтар жүйесінен құралса, ал адамзат өз кезегінде өзінің жасампаз қызметінің үрдісінде рәміздік көріністерді қамтиды. Рәміз ұғымының әлеуметтік – мәдени табиғаты философиялық тұрғыдан зерделеуде киім тақырыбына қатысты маңызды қызмет атқарады. Рәміз зат қандай салада болмасын, өз табиғатын ерекше кескінді бейнелерде сипаттайды. Олардың бір-бірінен айырмашылықтары болуы заңды құбылыс және басқа қырынан көрсетумен қатар өз мәнінде қала отырып, адамның ғұмырлық іс-әрекетінің жасырын, құпия мәнге толы іргелі құндылықтарын, мұраттары мен идеяларын бейнелі түрде жүзеге асырады.

Бұл психология ғылымында З. Фрейдтің психоанализ концепциясында жиі кездеседі. Тоқтала кетсек, адам санасының түкпірінде жатқан бейсаналық, ішкі шиенеліністер мен мәселелерді шешуде рәміздер мен рәміздік бейнелерді қолдану қазіргі психология саласында да өзекті бағыттардың бірі.

Рәміздің алғашқы алғышарты тілге деген қатынасы деп айтсақ, бұл түсініктерсіз семиотиканы ғылым ретінде түсіндіру мүмкін емес. XVIII ғ. француз лингвистикасынан бастап, Э. Гуссерльдің логикалық зерттеулеріндегі рәміздің және тілдің тікелей теңдесу мүмкіндігін іздеу, ең соңындағы лингвистикалық және логикалық ойлаудағы жаңа бетбұрыс, олардың бір-бірімен мағына мен мән арасындағы көрініс байқалады. Көне мәдениеттерде тілді қолдану аясы, қазіргі уақыттағы мәдениеттерге қарағанда адамдардың қалыпты тіршілік ету саласынан рәміздік сипатымен, бейнелі мағынасымен ерекшеленетін. Тіл арқылы іске асырылатын көптеген мәдени және әлеуметтік қызметтердегі тілдік қолданыс рәмізге қатысты айналыс арқылы іске асатын.

Рәмізді мәдениеттің семиотикасы тұрғысында сараптаған Ю.М. Лотманның пікірінше, «мәдениет тарихының барлық материалды әлеуметтік кодтар жүйесі мен ауқымды ақпараттар тұрғысынан талдануы мүмкін, яғни бұл ақпараттар белгілерде бейнеленіп, оны ұжым санасына жеткізуге мүмкіндік береді», -деп пікір түйеді. Осы тұрғыдан, рәміз әлеуметтік кодтың маңызды факторы бола отырып, әлеуметтік-мәдени мұраларды жинақтаушы, сақтаушы және жеткізуші болып табылатындығы даусыз. Ю.М. Лотманның ой желісімен пайымдасақ «рәміз мәдениеттің жадысы» деген идеяға сәйкес келеді және дұрыс та. Рәмізтанудың екінші әдістемелік алғышарты рәміз құрылысына қатысты. Рәміз қандай да бір таңба, бірақ өнерге келгенде оны бір-біріне қатыссыз деп қарастыруға болмайды, себебі өнер мағына мен бейнемен тығыз қарым-қатынаста, егер рәміз бірқатар шексіз заттарға бөлінген қызметтер ретінде ұсынылса, бұл жағдайда біз оның құрылысындағы екі түрлі, үнемі орын алатын қарама-қайшылығын байқаймыз. Гегель өнер дамуы мен оның үдерістеріне семиотикалық ұстаным тұрғысынан қараған. «Жалпы алсақ, рәміз тікелей бастау немесе өзі үшін тікелей тіршілік ететіндей болып көрінбейтіндей сыртқы тіршілік етуін көрсету үшін берілген, ол жалпы мағынада түсіндірілуі керек. Сондықтан біз рәміздің екі мағынасын айыра білуіміз қажет: біріншіден оның мәнін, екіншіден осы мәнді түсіндіруін», -деген Гегельдің пікіріне сүйенсек, біржағынан бұл туындайтын үлгі де, басқа жағынан онымен туындалатын шындық құбылыстарының шексіз қатары екеніне көзіміз жетеді. Бұл тұжырымдамада киімнің рәміздік алуандылығын туындататын үлгі қызметі адам бейнесі болып табылады деген бекітпеде түйінделуі мүмкін. Дәл осы бейне шындықтың рәміздік жүйесіндегі киімнің тарихи типтерінің шексіз алуандылығында кеңінен сипатталды.

Кез-келген мәдениетте бейне мен оның мағыналық қатынасы маңызды құнды бағыттардың бірі ретінде ұсынылған. Рәміздерді түсінуде әр түрлі түзілістер мен қосылыстар нәтижесінде ортақ көзқарастар арнасы қалыптасуы түсінікті қалыпты жағдай болса керек. Десек те, кеңістік пен уақыт аясындағы, немесе Л. Гумилевтің сөзімен айтсақ белгілі бір ландшафты мекен ететін ұлттық мәдениеттерге өзіндік идентификацияның өзегі мен ұйтқысы болатын ұлттық рәміздер тән екені дәлелденген ақиқат. Бұл рәміздер ұлттың өзіндік бет бейнесін көрсетеді, бітім-болмысын айқындайды, дүниені тануы мен дүниеге деген көзқарастар жиынтығының астарын ашып береді, мәдени ғаламның сыр-сипатын айшықы рәміздерімен түсіндіреді. Бұл-рәміздер ұлттың өзіндік сәйкестігі, бірегейлігі, мәдениеттің рухани біртұтастық табиғаты.

Рәмізді адам өзінің қызметінде қолданады, осының арқасында рәміздің өзінің белгілі мақсаты болады. Ол болжап біле алмайтын айқын емес бір нәрсенің табылуына әрдайым қызмет жасайды. Мақсат жоқ жерде әлеуметтік өмірдің элементі ретінде рәмізде жоқ, тек қана белгі деп аталатын объектінің қарапайым белгіленуіне қызмет ететін нәрсе бар болады. Адамның практикасы мен әлемді танып білуде рәміздің рөлін тым бағалау мүмкін емес. Рәміз мағыналарының бірлігі ешқашан таза танымдық болмайды, көбіне ол сезім мен интуицияға негізделеді, ол жан-жақты категория ретінде көркем бейне категорияларымен салыстыру арқылы айқындалады. Бір жағынан-белгі, екінші жағынан-деректік. Танымдық мақсаттарда ол араласып кеткен, түсініксіз нәрселердің айырмашылығын табу үшін заттарды топтастыруда пайдаланылады.

Рәмізді сиқыршылық мақсатта қолданғанда, ол заттардың табиғи, үйреншікті жолдарын бұза отырып, белгілі күштерді ойлағандай іс-әрекетке келтіреді. Бірақ әр жағдайда олардың бірі басым болып тұрады, бұл танымдық рәміздер мен сиқыршылдық рәміздер туралы нақты айтуға мүмкіндік береді. Әр таным әрдайым рәмізді, танымдық рәміздің мағыналары рәміздің басқа түрлеріне қарағанда әлдеқайда нақты болып келеді. Танымдық рәміз арқылы қолданып, пайдаланған адамнан әлдебір ерекше көңіл-күймен сезімдерді білдіруін талап етпейді. Рәмізді объективтей отырып, ол оған өзінің атынан сөйлеуге рұқсат береді. Танымдық рәміздің мағыналары әрдайым анықталған контекстің үйлесімін өзінің элементтерімен сәйкестендіреді. Тұрақты теорияның дәлелдеуінен кейін рәміздің рөлі төмендеп, олар біртіндеп «белгіге» айналады.

Рәміздердің басты ерекшелігі архетипті негізі мен бейнелігінде, әмбебаптығы мен терең мағынаға толы астарлы мән-мазмұн, ұлттық мәдени сипатында бейнеленеді. Көптеген зерттеушілер рәміздердің көпмағыналығын, сан алуан мазмұннан тұратындығына зейін салған. Біздің пікірімізше, рәміздің көп мағыналы сипаты мәдениетті жасаушы халықтың жасампаздығы болып табылады.

Семиотикалық құрал ретінде тек тіл ғана емес, миф, ғұрыптар, сондай-ақ тұрмыс заттары, тұрғын үй, азық-түлік, киім, жас ерекшеліктері пайдаланылады. Семиотикадағы тәсілдерді пайдалану біздің ойымызша, этнос мәдениетіндегі әр түрлі таңбалық құралдардың өзара байланысын көрсете отырып «этноанықтағышты» немесе мәдениетке этносемиотикалық әдісті қолдану туралы пікірлердің мағыналы қиылысын, негізгі өлшемдерін анықтайды. Таңбалардың әр қилы түрлерінің өзара байланысының сипатын, иерархиялық қозғалысын ашады, қызметтік семиотикалық нормаларды және дәстүрлі көшпенді мәдениеттің концептуалды-кодтық негіздемесін белгілейді»-деген философ Н. Шаханованың пікіріне толық сүйенеміз. Зерттеу нысанын рәміздік белгі ұғымынсыз түсіндіру мүмкін емес.

Күнделікті коммуникацияның маңызды жағы-киімнің рәміздік мағынасы көбінесе өзінің ішкі мағынасын, қасиеті мен тар ұлттық сипатын, белгісін жоймастан ақпараттарды жинақтап, ертеңгі күнге, келешекке жеткізумен, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыруымен айқындалады. Ол тұтас ұлттың дүниетанымынан хабар беретін ғаламның рәмізді бейнесі, күрделі әрі әмбебап категория. Киім пішінінің өн бойындағы кескінін айқындауда және әлемнің ұлттық бейнесі ретінде көрінетін оның бейнелік тұрақты нақыштары жөнінде айтқанда рәміздік белгінің құрылымдық жүйесі мен мағыналық тілін ұғу барысында оның семиотикалық заңдылықтары ескеріліп, рәміздік белгі жүйесінің үш деңгейі пайдаланылды:

а) семантикалық деңгейде алсақ-киімдегі берілетін мән-мағына, астарлы ой желісі. Ондағы бейнелік тұрақты қасиеттердің космоспен, о дүние, бұл дүниемен байланысы, кеңістік пен уақытқа қатынасы, кеңістіктегі ориентир ретіндегі, уақыт аралығындағы статикалы немесе динамикалы көрінісі және оның философиялық тұрғыдан алғанда өнердің басқа түрлеріне қатынасы зерттеледі;

ә) синтактикалық деңгейде қарастырсақ-киімнің көркемдік сипатының сыртқы дүниемен байланыссыз ішкі заңдылықтары қарастырылады, яғни біртұтас композицияға енетін жеке элементтердің рәміздік белгісі мен өзара қатынасынан туындайтын белгі-хабарлар болып келеді;

б) прагматикалық деңгейде-рәміздік белгі жүйелерінің мән-мағынасының адамға қызмет етуі, оларды қолданушылар арасындағы қатынастар қарастырылады.

Киім мәдени феномен шеңберінде сән секілді рәміздік тіл мәнімен пайдаланылып келеді. А.Ф. Лосев идеологиялық рәміздерді теориялық және тәжірибелік іс-әрекетке әсер ететінін кең тұрғыдан түсіндіреді.

Заттың ең негізгі түрі тіл құндылығы, оған ұғым құрылысына қатыстының бәрі жатады. Көбінесе сол ой мен түсініктерді, өзге тілде дәл айтып жеткізе алмайтынды сөздер арқылы қолданған. Бұған тағдыр,

аман-саулық, құнарлылық, ұрпақ жалғастыру секілді көзқарастар құнды түсінікте шоғырланған.

Қазіргі дәстүрлі материалды мәдениетте осы топтағы заттар құрайды деуге болады. Ол салт-жоралық ғұрыпта арнайы өзіне тән белгілі ақпарат беру үшін қолданатын негізгі семиотикалық жүйелерде орын алады және бұл тәсіл дәстүрлі мәдениеттің біріңғай мәтіні ретінде әрбір бөлшектің басқа да бөлшектерімен ара қатынасы түрінде қарастыруға ыңғайлы.

Мысалы, үйлену тойында бойжеткенмен қоштасу салты негізінен өлеңдер мен тұрмыс-салт жырлар арқылы іске асады, ал қалыңдықтың пәктік ақиқаты бұйымдар арқылы көрініс тапқан. Екі жақтың құдалық ырымы мен жөн-жоралғысының белгісі ретінде кәделер беріліп, кит кигізіледі.

XIX ғасырдың ортасына дейін ұзатылған қыздың жасауының ішіне де ең бағалы зат ретінде қымбат қару-жарақ түрлері (сауыт, қалқан, садақ) енген. Қазақтарда неке қию рәсімінде ат жалының қылдары байланған садақ оғы қолданылған. Ерте кезде қазақтар садақпен атылған оқтың түскен жеріне жас жұбайлардың отауын құрып, жас отаудың құтты орнын анықтаған. Жақ пен оқтың бейне моделін қорғаушы зат ретінде түркі халықтарында ұл баланың бесігіне, киіміне таққан. Дәстүрлі түсінік бойынша бұл тұмар балаға батыл да күшті болуға көмектеседі деп сенген.

Демек, әр халықтың тұрмыс-салты, дәстүрі рәміздік белгінің жүйесі арқылы анық көрініс тауып, халқымыздың бай сөздік қоры тек қана тікелей өндірістік қатынастардың ықпалымен ғана емес, қоғамдық мәдениеттің болуымен, яғни белгілі бір тіршілік салтының әсерінен қалыптасқан. Заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары мен қатынастарының жалпы қасиеттерін ақыл-ой арқылы пайымдап, тануға болады. Көптеген ұғымдар жүйесінің дамып, қалыптасуы ой кешудің сезімдік-деректік нұсқасынан арылу барысында жүзеге асып отырған.

Э. Кассирер: «Таңба рәміздік пішіннің құрылымды бөлшегі. Ол рухани мәнді жалпы белгілі бір сезімнің дара бірлігінде тасымалдайды»-деп түсіндіреді. Таңбалардың нақты субъектілерге (адам, ру) қатысты мәні мен мазмұндық сипаты қарым-қатынас мақсаттарына ғана қызмет етуге арналған. Қоғамды қоршаған ортада әр тұлғаның өз орнын белгілеп, әр түрлі амалдармен адамдардың психологиясының айқындалуы рәміздік белгілердің құрылымдық жүйесі мен мағыналық мәнінде ерекше орын алғандығы айқын.

Концептуалдық құрылыстың негізін рәміздік құбылыс ретінде этнографиялық шындық құрайды. «Этнографиялық шындықтың» әртүрлі объектілері семиозис (таңбалық жүйе) құрайтын бір семантикалық үлесте құралады. Рәміз және коммуникациялық таңбалары арасындағы байланыс адамның бес өлшемді (үш өлшемді кеңістік, уақыт және рәміз) болмыста тіршілік етуімен байланысты. Бесінші өлшем деп рәміздік мағыналық өрісті алып отырмыз. Әсіресе, бұл өріс адамзат мәдениетінің

бастауларында кең ауқымды болған және осыдан ежелгі мәдениетті таңбалық мәдениет деп атайды.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда «рәміз», «таңба», «белгі», «бейне», «үлгі» (модель) ұғымдарын жақын мағынада (кейде бірін-бірі ауыстырады) қолданылғанын аңғаруға болады. Әрине, олар түбірлес, мазмұндарды жақын мағынадағы ұғымдарға жатады. Мысалы: «елтаңба» және «елдің рәмізі». Сонда да бұл ұғымдардың арасында мағыналық айырмашылықтар да жеткілікті. Мысалы, осы мәселені терең зерттеген ғалым А.Ф.Лосев өзінің «Рәміз логикасы» атты еңбегінде рәмізді көпмағыналы, жүйеге келтірілген, ашық белгінің бір түрі деп дәлелдейді. Белгілердің барлығы рәміздерге жата бермейді. Мысалы, эмблемалар, саудадағы этикеткалар, баспаның белгілері. Әрине, кейбір таңбалар мен белгілер өзінің әмбебаптылығы мен мәнділігі арқасында рәміз қызметін атқарады. Айталық, еліміздің елтаңбасындағы, туындағы қыран-бүркіт, Күн, тұйық ою, бес бұрышты жұлдыз, пырақ және т.б. белгі-бейнелер республиканың рәмізі қызметін атқарады. Әлеуметтік-мәдени мәнге ие болған рәміздердің мазмұны семиотикалық мәдениеттану бағытында жан-жақты қарастырылады.

Семиотикалық мәдениеттануда рәміздің шарттылығына үлкен көңіл бөлінеді. Бұл жерде рәміз шарттылығы деп ондағы конвенционалдықты, көпмәнділікті, әр түрлі мәдени ая мен контекстіні атап өтуге болады. Мысалы, мұсылмандардың жасыл туы басқа өркениеттер мен мәдениеттерде бөлек символикалық мәнге ие болады. Белгі мен рәміздің айырмашылығын светофор мен тудың қыранның өзгеше мағыналығынан көруге болады. Э.Кассирер атап өткендей, әркім өзінің символикалық дүниесінде өмір сүреді. Басқаша айтқанда, рәміз мәдениеттанулық мәселе болып табылады. Ол адамның рухани болмысына мән-мағына беріп, ретке келтіріп отырады.

Жоғарыда аталып өткендей, Б.Байжігітов «рәміз», «таңба» ұғымдарын коммуникациялық таңбалардың көркем суреттемелеріне қатысты қарастырады. Ғылымның мына анықтамаларын өзіміздің зерттеуіміз үшін маңызды деп есептейміз. Қазақтың ою-өрнектерін зерделей келе Б.Байжігітов халықтың коммуникациялық таңбаларына қатысты төмендегідей тұжырымға келеді. Бұл өрнектердің терең мағынасына біз сөз етіп отырған уақыт пен кеңістік қатынас ерекшелігіне байланысты қалыптасқан халықтың тұрақты дүниетанымдық түсінігін білдіреді. «Жаратылыс дүниесі мен адамдардың кеңістік пен уақыт аралығындағы ырғақты үйлесімді қозғалыс динамикасымен анықталатын тек сол халыққа тән өмір тынысы. Рәміз, дейді автор, адамдық бейнелеу суреттемелерінің мағыналық негізіне жатады». Б.Байжігітов өз ойын қуаттау мақсатында К. Юнг пен И. Канттың рәміз туралы мына ойларын келтіреді: К. Юнг рәміз бен белгінің семиотикалық мәнін ажыратып қарастырады: «Белгілі бір таныс нәрсенің рәмізді әлпеті семиотикалық табиғатқа ие, керісінше тура сол күйінде бейнелеуге келмейтін таныс

емес нәрсенің анық, сипатты формуласы рәмізді табиғатқа ұласады. Ал, аллегориялық белгі деп осы рәміздік көріністің тұспалды бейнесін айтамыз». Сол секілді И. Кант: «Рәмізді бейне кескінді (схематическое) бейнеден өзгеше. Себебі рәмізді бейне түсінікті схематизм секілді сол күйінде бейнелемейді, жанама образ жасайды», - дейді өзінің «Пікір айту қабілетіне сын» атты еңбегінде.

Миф затты зат түрінде бейнелеп, яғни түрлі іс-әрекетті табиғи, әрі қарапайым көріністе қабылдата отырып, көркем бейнелердің қарама-қайшылық ерекшелігінде айқындайды. Мифологиялық сананың басты ерекшелігі онда адам мен табиғаттың, өлі мен тірінің, объект пен субъектінің, себеп пен салдардың, кеңістік пен уақыттың, зат пен атаудың айқын айырылмауында.

А.Ф. Лосев рәміз бен мифтің өзара байланысын былай сипаттайды: «Миф дегеніміз-зат ретінде танытатын рәміз, рәміздің субстанциялануы болып табылады. Мифте шексіздіктің өзі даралықтарды құрылымдау қағидасымен әрі материалды заттың толық күйінде шынайы өмір сүреді». Материалдық дүние алуан түрлі заттар, құбылыстар мен процестер түрінде өмір сүреді. Әрбір дара зат (құбылыс, процесс) жеке қасиеттерімен, белгілерімен байланысты айқындалып, материалдық дүниенің құрамдас бөлігі болып табылды. Өйткені өзге дүниеден қозғалыссыз оқшау, тұтастықтан тыс қалған байланыссыз ештеңе жоқ. Жалқы жалпының субстанциясы. Жалпының өзі жалқыдан құралады, мұның өзі даралыққа белгілі бір еркіндік береді. Рәміз белгілі бір таптағы барлық жалқылардың өмір сүру заңын айқындайды. Мифте жалқы өмір сүру заңы ретінде танылмай, оның өзі жалқы ретінде өмір сүреді.

Әлемді қоршаған құбылыстардың белгілерге бөлінуі мәдениеттану саласындағы зерттеулерде адам әрекетімен шартты түрде қолданыс тапқаны ақиқат, өйткені ол әрдайым объектілер арасындағы жағдайды ұстап тұрған. Оларға «материалды мәдениет» бөлшектері жатады. Дәстүрлі мәдениетте әлем біртұтас қабылданғандықтан дүниенің барлық заттары мен құбылыстары міндетті түрде көп түрлі қызмет атқарған. К.Леви-Стросстың айтуынша: «Материалдық мәдениеттің заттары тек утилитарлық құндылығымен ғана ерекшеленбейді. Ол сонымен бірге түрлі қызметтерді орындайды, оны түсіну үшін тарихи, географиялық, механикалық немесе физико-химиялық факторларды ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік факторларды да ескеру қажет». (Леви-Строс К. Структурная антропология.-М.:Наука, 1983.-536).

Қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ететін объектілер немесе оларды нышандайтын дәстүрлі қоғамдағы ғұрыптық заттардың белгісі маңызды мәнге ие. Бұл объектілер киелі саналып адамдардың осы қасиетті заттармен қатынасы салттық қатынасқа айналып, ғұрыптық пішінде қабылданған.

Заттардың семиотикалық, нышандық мәнінің маңыздылығы оның пайдалылық құндылығынан кем болған жоқ, сондықтан олар

утилитарлық және рәміздік мақсатта бірдей қолданылған. Дәстүрлі мәдениетте әр нәрсе практикалық және рәміздік талаптарға сәйкес келгенде ғана мәдениет фактісіне айналып, зат рәміздік белгі бола алатын нәрселерде ғана толығымен құнды зат болып табылған. Мысалы, ер қаруы қасиетті зат ретінде көшпелі қоғамда өте ерте заманнан діни ғұрыптың рәміздік объектісі болып қалыптасқан.

Дәстүрлі мәдениетте зат өндіру ғұрып ретінде сакральдық салаға жататындықтан құдайлар, киелі рухтар әлемінен санкцияланып, басқарылып отыруға тиіс болды, ал адам тек сол ерікті орындаушы ғана ретінде түсінілді. Антропоформизм тұрғысынан келгенде қару адам сияқты жанды саналғандықтан, белгілі деңгейде белсенділік пен еркіндікке ие болған. Ал, салт-жоралық рәсімде дара зат құнды болып табылады. Затты иемденуде адам өмірі, абыройы мен әлеуметтік дәрежесі, оның «тұлғасы» тәуелді болған болуы керек. Дегенмен, алмасатын нәрселер тек байлық пен заттардан тұрмаған, бұл бәрінен бұрын той, рәсім, жәрмеңке, әскери қызмет, әйел, бала секілді ауқымы кең үйлесімді қатынастың шартты белгісіне назар аударудың бірі болып табылған. Мысалы, қонақ күту рәсімі салттық дәстүрдің маңызды бөлігі болып табылады, осы рәсімдердің негізінде достық, туысқандық, әскери одақтың қалыптасуы мүмкін.

Таңбалар дүниетанымдық белгі болумен бірге, оның астарында күрделі әлеуметтік дәстүр нышандары көрініс алған. Таңба – ескерткіштер мәтінінің ең көне элементтерінің бірі. Ол «белгі», «мөр» деген мағынаны білдіреді. Көшпелілердің өмір салтында таңба салу басты іс ретінде қаралған. Рәміздік таңбада таңбалаушы мен таңбаланушы ешбір нақты байланыссыз бір-біріне теліне береді. Қоғамдағы байланыс құралы ретіндегі тілдер құрамына кіретін таңбаларды қатынас таңбалары деп атайды.

Б. Веймарн: «Шығыс мұсылмандарының өнерінде, адам бейнесі-сөз тізбектерімен діни текпен алмастырылған және сөз шешімі (каллиграфия) өркен жайған», - дейді. Этносемиотикалық зерттеуде келесі нақты ғылыми тәсілдердің үйлесуі қолданылады: үлгілендіру, құрылымдық-семиотикалық, құрылымдық-қызметтік және жүйелік талдау. Этностардың мәдениет тарихындағы таңбалар мен дәстүрлі өнердегі ұлттық бейненің белгілік қызметі бар заттарды этносемиотикалық зерттеу келесі қорытындылар мен нәтижелерді түйіндемелеуге мүмкіндік береді.

Этностардың дәстүрлі таңбалық пен бейнелі шығармашылық өнерінің негізі ғасырлар бойы жинақталған тіршілікке қажетті маңызды ақпараттан тұратын мәтіндер болады: 1) тіршілік қамы жүйесіндегі бейнені белгілердің өзіндік толық қызмет етуі үшін; 2) мәдениет рәміздерінің ұрпақтан-ұрпаққа таратылуы үшін 3) дәстүрлі дүниетанымын доминанттық рәміздермен өзектендірілуі үшін (этностың ментальдық ерекшеліктерін сақтау). Аса маңызды мәтіндер: 1) әртүрлі

деңгейде (таңбалар, доминаттық рәміздер, мәдени тақырыптар) 2) күрделі; ұйымдастырылған құрылымдар; 3) сөз жүйелері мен мәтіндер қатаң сақталып бекітіледі. Ұйғарымдар мен таңбалаудың әртүрлі жүйелері көркемделген. Мәдениет рәміздері мәдениет тарихын да өзін белгілі этноспен теңестіруге мүмкіндік жасайтын этникалық және мәдени маркерлер ролінде көруге болады.

Құрылымдық мағынамен толыққан таңбалық белгілердің дәстүрлі элементтерінің жан-жақты «түсіндірілуі» бірге жүретін жоғары семантикалық мәртебеге ие. Дәстүрлі таңбалық жүйе элементтерінің оның мәнін көрсететін біз «мәтін» деп атаған мазмұнды жағы өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Таңбалық түсінік, салт-дәстүр элементтерінің рәмізділігі, семиотикалық қатынастағы маңызды ақпарат әкелетіні нақты. Код әр түрлі өзгерістерге ұшырайды. Сонымен бірге, осы таңбалық белгілік тәртіп пен тұрақты тұрмыстануда ұзақ уақыт бойы сақталады.

Сонымен қатар, құнды санаттарды түсіндіру механизмі мен сакралды күшке ықпал ету механизмі салт-дәстүрлердің барлығында бірыңғай болады. Бұл санаттар біздің ойымызша, мәдениеттің доминанттық рәмізі болады, ал онымен байланысты шығармашылық әлемнің дәстүрлі картинасының элементтерін көрсететін этностың өнер тақырыбын құрайды. Өнер тақырыбындағы бейне, рәмізді бейнелер дәстүрліктің барлық кезеңінде әрекет етеді.

Дүниеге деген семантикалық қатынас қашан да қоғам өмірінің нақтылы дүниетанымдық жағдайымен тікелей байланысты. Табиғат пен адамның біртұтас жарасымымен болмысты тану, бейнелеу мәнерінің негізі адамның күнделікті өрістеу қызметіне қолайлы талпынысы қалыптастырды.

«Таңба мен тәңірлік бір уақытта, бір мезгілде бірге туған. Таңба табиғаты жөнінен теологиялық. Ешқашанда тоқтамауы мүмкін. Бірақта оның тарихи тұйықталуы енді ашылуда», - дейді Ж. Деррида. Дүниетаным-адамдар мен табиғатта, жалпы құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның жалпы қатынасын қоғам мүшелерімен ортақ көзқараспен қалыптастыратын, қоршаған ортамен қатынас орнатуда сенім, қалып, танымды айқындайтын негізгі өлшем болып табылады. Оның ауқымы өте кең. Адам өзін қоршаған дүние болмысындағы шынайы көріністерді қабылдау, қарастыру, түйсіну, елестету, ұғыну, меңгеру, тану секілді түсінік ұғымдарымен ұштастырады.

І. Ерғалив пен Ғ. Телібаевтың тұжырымдары бойынша, «дүниеге қатынас дегеніміз – адамның дүниеге деген рухани қатынасының негізі болатын және солардың бәрін жалпылама түрде қамтитын, адам мен әлемнің сан алуан арақатынасын білдіретін ұғым. Адамның дүниемен байланысы оны тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасқандықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады. Оның түрлері дүниетанымның шығу тегін, жеткізу ерекшеліктерін, оны жүзеге асыру құралдарын

айқындайды. Адамзаттың барлығына тән дүние көзқарастарының жалпы тарихи түріне келетін болсақ, олар мифологиялық, діни және философиялық көзқарастар. Философиялық көзқарастың негізі-философиялық сөздер. Бүкіл дүниені ойлау, шығу тегін білуге ұмтылу, адамның дүниедегі орнына үңілу, адам мен дүниенің арақатынасының сырын ашу», - дейді. Демек, дүниетаным арқылы әлемнің бар екеніне иланып, оны құрайтын құбылыстардың бәріне тән, бәрін біріктіретін неғұрлым ортақ, жалпы әлемдік байланыстың бар екенін анықтаймыз.

Діни рәміздер киелі идеалдармен қабаттасып, діннің тілін құрайды. Теология мен философиядағы рәміздер – ең жоғарғы шектер, олардың шындарынан универсум әр кезде жаңаша байқалып, олардың санадағы теориялық білімдердің басқа қырынан қаралуына жағдай жасайды. Рәмізде ол туралы жалпы түсініктер мен когнитивті білімдер синкреттеліп біріктірілген. Рәміз-бүркеулі мағынаны ашатын бейне, ал діни рәміз-бұл абсолютті құпияларды беру формасы. Рәміздің мағынасы оны құраушы бейнелімдермен біртұтаст ықта болып, шексіз көпмағыналықпен ерекшеленді. Діни рәміз ерекше көрініске ие және онда абсолютті шындық жасырылған, яғни рационалды иррационалдылықпен бірге біткен.

Рәмізделген діни ой-сана парадокс алды, ол «жалпылықтың нақтылығы», «эссенционалдылықтың феноменалдылығы», «ойлау дың сезімділігі», «рационалдылықтың иррационалдылығы» және т.б. Оның табиғаты антиномды; әрбір төлтума діни рәміз өткір диалектикалық қарама-қайшылықтың өзіндік белгісі, қарама қарсылықтардың тоғысып, біріктіреді.

Пысықтау сұрақтары:

1. «Семиотика» ұғымына берілген түсіндермелерге сипаттама беріңіз?
2. Қазақ мәдениетіндегі семиотика нені білдіреді?
3. Семиотиканың қоғамдағы функциялары мен рөлдерін анықтап көрсетіңіз?
4. Қазіргі Қазақстан мәдениетіндегі коммуникациялардың рәміздік суреттемелеріне тұжырымдамалық сипаттама беріңіз?
5. Қазақтың дәстүрлі мәдени коммуникациясында кез-келген практикалық іс-әрекеттерді сипаттаңыз?

4. МӘДЕНИЕТ АНАТОМИЯСЫНЫҢ СИПАТЫ

Мақсат: Мәдениет анатомиясы түсінігін ашу, ғылыми еңбектердің негізінде оның түп-тамыры мен қазіргі заман мәдениет типологиясын анықтау.

4.1. Мәдениет типологиясы

Мәдениет анатомиясы дегеніміз бұл ең алдымен мәдениет типологиясы. Ал тип дегеніміз ежелгі грек тілінен үлгі, пішін, модель, яғни мәдениеттің түрлері, үлгілері, модельдері туралы білім болып

табылады. Жалпы мәдениеттер типіне келетін болсақ, әлемдік мәдениет екі типке шығыс мәдениеті және батыс мәдениеті болып бөлінеді.

Мәдениеттердің шығыс және батыс бөліктеріне бөлінуі олардың территориялық орналасуын ғана емес, сонымен қатар әлемді түсіну әдістері мен тәсілдерінің сипаттамаларын, құндылық бағдарын, негізгі идеологиялық қатынастарын, әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдарын сипаттайды.

Батыс мәдениеті қазіргі кезде әлемде үстемдік етіп, өз үлгілерін әлемге таратып тұрған мәдени тип. Батыс мәдениетінің негізгі ұғымы бұл әрине белсенділік. Рәміздік тұрғыда, бұл Гетедегі Фауст бейнесі, Фаусттың мақсаты жұмақ аспанда емес жер бетінде, сондықтан жер бетін гүлденген баққа айналдыру керек.

Батыс мәдениеті технологиялық даму құндылықтарына, қарқынды өмір салтына, мәдениет пен қоғамды жақсартуға бағытталған. Бұл тұрғыда батыс мәдени типі көптеген жетістіктерге жетті, оған қазіргі технологиялық әлемдегі ұсынған өнімдері, технократиялық жетістіктері дәлел бола алады.

Батыс мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері бұл тұлғаның еркіндігін, жеке меншіктің, адам құқығына басымдық беруді мойындайтын құндылықтар жүйесі. Батыс мәдениетінде батыс адамына барлығы тек өзі үшін, «егер мен өзім үшін болмасам, кім онда мен үшін?» дейді. Азаматтар арасындағы пайда болған мәселелер, бұл жекелеген адамдардың қарым-қатынас арасындағы мәселе болып табылмайды. Батыста бұл тек құқықтық негізде реттеледі, себебі батыс мәдени типінде адам өз еркіндігін қамтамасыз етуде мемлекетке, құқыққа көбірек сүйенеді.

Келесі мәдени тип шығыс мәдени типі, егер батыс табиғатпен қарым-қатынасты қамтамасыз ететін техникалар мен технологияларды құру үлгісімен жүрсе, шығыс табиғатпен үйлесімділікке, табиғи жолмен дамуға ұмтылысымен, рухани мәдениеттерге басымдық беру арқылы теңдессіз жетістіктерге жетті. Батыс мәдениеті сыртқа бағытталған, ал шығыс мәдениеті адамның ішкі әлеміне енуімен сипатталады.

Барлық әлемдік діндер шығыста пайда болды. Тіпті сонын ішінде батыстың діні христиандық Таяу Шығыста қалыптасты. Шығыс мәдениетінде адам қашанда қоғамшыл, себебі шығыстық қоғамда адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Көптеген шығыс ойшылдары әлемді тек өз бойында тұтастық пен үйлесімділікке ие болу арқылы жақсартуға болатындығына сенімді болды.

Тарихи-мәдени қозғалысты мәдениеттану дүниежүзілік тарихтан басқаша қисынмен зерттейді. Оның алдында оқиғалар мен тарихи деректердің тізбесін жасау мақсаты тұрған жоқ. Ол осы тарихи-мәдени процестің қисындық модельдерін бейнелеуге тырысады. Егер біз дүниежүзілік тарихқа осы сипатта назар аударсақ, онда адамзат дамуында екі бағыт бар екендігін байқаймыз. Біріншісі, табиғатты меңгеру арқылы

өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастарды өркендетумен, білім мен техниканың дамуы нәтижесінде қалыптасатын өркениетпен байланысты. Өркениет заманы адам өміріне машинаның жан-жақты енуімен, тіпті адамның руханилығының құндылығы кеміп, оның осы машинаның тетігіне айналған көріністерімен айқындалып тұр. Н.А.Бердяев бұл туралы былай деген: «Өмір органикалық сипатын жоғалтып, табиғи тербелістермен байланысынан айырылады. Адам мен табиғаттың ортасына, адамның табиғатты бағындырғысы келген құралдары қойылған. Өркениеттің негізі енді табиғилық та, руханилық та болмай қалды, оның негізі-машиналық.

Әрине өркениет адам өмірін қазіргі кезде тұтынудың жоғары деңгейіне көтерді. Дамыған елдерде «не жеймін, не киемін» сияқты мәселелер түбегейлі шешілген. Бірақ адамзат үшін бұлардан басқа маңызды талап-тілектер бар. Екінші бағытты-адам руханилығының дамуы (мәдениет) деп атауға болады. Ол адамның ішкі дүниесіне, оның терең сезім қатпарларына, ой-өрісіне бұрылған. Осы екі бағыттың айырмашылығын Шығыс пен Батысты салыстыру арқылы да байқауға болады. Егер Шығыс мәдениетке көбірек көңіл бөлсе, Батыс өркениетті дамытуда бірталай жетістіктерге жетті. «Батыс адамы дүниемен, табиғатпен, өзі сияқты басқалармен күресуде. Шығыс адамындағы күрес пафосы-керісінше: ол өзімен-өзі, өзіндегі толымсызбен күреседі.

Егер тарихи-мәдени қозғалыстың динамикасын алып қарасақ, онда тарихи тұрғыдан төмендегідей сатыларды бөліп көрсетуге болады.

I. Льюис Генри Морганның ілімі бойынша: 1. Тағылық. Варварлық. 3. Өркениет.

II. Маргарет Мидтің ілімі бойынша: 1. Постфигуративтік мәдениет. 2. Кофигуративтік мәдениет. 3. Предфигуративтік мәдениет.

III. Даниелл Беллдің пікірі бойынша: 1. Индустриалдыққа дейінгі қоғам. 2. Индустриалдық қоғам. 3. Индустриалдықтан кейінгі қоғам.

Марксизм бес қоғамдық-экономикалық формацияға (алғашқы қауымдық, құлиеленушілік, феодалдық, капиталистік, коммунистік) тән мәдениеттің бес түрін көрсетеді. Бұған дейін мәдениет өзінің тұтастық және жалпылық белгілері бойынша бүкіладамдық, қасиет ретінде сипатталды. Алайда, нақтылы тарихта әртүрлі мәдени жүйелер өмірге келіп жатады, олар кейін орнын басқаларға береді. Ал этностық, (ұлттық) мәдениеттерді алсақ, олар тіпті бір ғасырдың өзінде талай өзгерістерді басынан өткізген. Мысалы, XX ғасырдағы қазақ мәдениеті туралы сөз болғанда көшпенділерден бастап кеңестік тоталитарлық мәдениетпен қоса, қайта жаңғырып жатқан қазақтың төл мәдениеті туралы зерттеу қажет.

Сонда, әр мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін жоғалтпай, белгілі бір жүйеге, топқа келтіруге бола ма? Бұл мәдениеттер типологиясы туралы және мәдениеттанудағы ең келелі мәселелердің бірі болып табылады.

Типология (грек тілінен «типос-пішін, үлгі, із және «логос-ілім, соз деп аударылады) деп қазіргі ғылыми әдебиетте зерттеу объектілерін жалпылама үлгі көмегімен талдау, сұрыптау және жинақтау әдістері мен тәсілдерін айтады. Типология, әсіресе, бір-біріне ұқсамайтын, көп түрлі құбылыстармен істес болатын ілімдерде реттеу және түсіндіру мақсатында жиі қолданылады. Осы сипатта типологияның XX ғасырда жан-жақты дамыған структурализм, жалпы жүйелік ілім мен мәдениеттану сияқты ілімдерде кеңінен қолданылатынын баса айту қажет.

Бұл ілімдерде типология әр түрлі құрылымдық заңдылықтарды ашу, олардың негізіндегі архетиптерді айқындау, осының нәтижесінде идеалды типтерді құрастыру және оларды салыстырмалы тәсілдермен түсіндіру сияқты ғылыми негізгі әдістерге жатады. Сонымен, адамзатқа тән сан алуан мәдениетті зерттеу үшін типология ауадай қажет.

Қазіргі мәдениеттануда типологияның бірнеше баламасы қабылданған. Бұл жерде шешуді қажет ететін мәселе-мәдени типтердің өзара байланысы. Дүниежүзілік тұтас мәдениеттер эволюциясы бар ма, әлде әрбір мәдениет оқшау, бір-бірімен алшақтап кете ме? Осы мәдени типтердің тарихтағы салмағы, оның қосқан үлесі қандай? Неліктен адамзат дамуында белгілі бір мәдени тип алға озып шығады? Ал бұрын гүлденгені, неге кейін солып қалады? Осындай сұрақтарды жалғастыра беруге болады. Енді соларға түсіндірмелерді іздестіріп көрейік.

Осы мәселе бойынша мәдениеттануда негізінен үш бағытты бөліп алуға болады. XIX ғасыр тарих тұрғысынан мәдениет типтерін негізінен біртұтас дүниежүзілік өркениеттің қалыптастыру заңдылықтарына сәйкестендіре шешті. Дарвинистік эволюциялық ілім ықпалымен пайда болған бір бағыттық прогрессивтік мәдени даму тұжырымдамасы бойынша әртүрлі өркениет жоқ. Тек бір өркениет бар және де барлық дамыған елдер мәдениеттің ұқсас сатыларынан өтеді. Бұлай ойлау, әсіресе, марксизм ілімінде анық айтылған (қоғамдық-экономикалық формациялар, спираль түрінде даму идеялары). Гегель философиясындағы жалпыламалықтың жекелерден жоғары тұрып, оларға үстемдік ету принципі мәдениет типтеріндегі өзіндік ерекшеліктерді елемеге әкеліп соқты.

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған бетбұрыс осы мәселеге де өз әсерін тигізді. Мәдениеттегі ортақ даму заңдылықтарын логикалық тұрғыдан талдаудың орнына әрбір өркениеттің көркем өмірбаянын суреттеу алдыңғы қатарға шықты.

Ресейде де бұл идея XIX ғасырда терең тамыр жайған. Осы ретте орыстың белгілі мәдениет тарихын зерттеушісі Н.Я. Данилевскийдің тарихи-мәдени тип іліміне қысқаша тоқталып өтейік. Ол өзінің «Ресей және Еуропа» атты шығармасында тарихта 13 мәдени типтің болғанын атап өтеді. Осы тарихи-мәдени типтердің арасынан біз түркі халықтарын таба алмаймыз. О. Шпенглер сияқты Н. Данилевский де «Орталық Азия

халықтары варварлық сатыдан шыға алмады» деген еуроорталықтық көзқарас шеңберінде қалып қойған.

Әрбір мәдени-тарихи тип оқшау организм тәрізді болғандықтан, олардың бір-біріне қарым-қатынасы шектелген, араларында шынайы сұхбаттасу (диалог) мүмкін емес. Н. Данилевскийдің пікірінше, ұлттық мәдениеттер шығармашылық (творчестволық) және қатып-семіп қалғандар (реликтілік) болып бөлінеді. Тарихи қозғалыс нәтижесінде кейбір мәдениет алға озып шығады да, басқалары оларға этнографиялық материал болудан озгеге жарамайды. Жалпы қалыптасқан мәдениет шамамен 1500 жылдай өмір сүреді. Оның 1000 жылын қалыптасу, нәр жинау, басқалардан оқшаулануды қамтитын этнографиялық кезеңді алса, 400 жыл мемлекеттік кезеңге жатады. Тек соңғы 50-100 жыл ішінде тарихи-мәдени тип өзін көрсетеді, тарихта із қалдырады. Бұл кезеңді Н. Данилевский өркениет деп атайды. Бірақ өркениет түбінде этностық мәдениетке орны толмайтын нұқсан келтіреді, оның архетиптік өзегін жегідей жейді.

Әрине, Н. Данилевский тарихи-мәдени типтердің арасындағы байланысты мүлдем жоққа шығара алмайды. Оның пікірінше, мәдениеттердің арақатынасының 3 түрі бар:

- а) жою, тазарту (мысалы, еуропалықтардың Америкадағы үндістер өркениеттерін мүлдем құртып жіберуі);
- ә) будандастыру (І Петрдің еуропалық мәдениетті орыс жеріне енгізуі);
- б) тыңайту (мәдениет өзінің негізін сақтап, басқалардың нәрімен толығады). Жалпы алғанда көптеген тың пікір айтқанымен, Н. Данилевский мәдениеттер тұтастығын жеткілікті ескермейді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап адамзат ғасырлар бойы қалыптасқан, алайда жаугершілік пен алапат соғыстардың салдарынан жиі-жиі үзіліп қалған өзінің бірыңғай мәдени бірлігін қалпына келтіре бастайды. Бүкілпланеталық тұтастық: идеясы гуманист ойшылдарды тарихтың ішкі мәнісін замандар сабақтастығынан іздеуге ұмтылдырды. Мәдени оқшаулық теориялары өз орнын адамзат өркениеті дамуының біртұтастығы: жайындағы ілімдерге бере бастады. Осылардың ішінде белгілі философ-экзистенциалист Карл Ясперстің (1883-1969 белдеулік (осьтік) уақыт ілімі ерекше орын алады.

К. Ясперстің пікірінше, адамзат біртұтас күйде пайда болған, негізгі даму бағыты ортақ және тағдыры мен болашағы ұқсас жалпыадамдық мәдениет пен еркениеттің қалыптасуында шешуші әсер еткен фактор-тарихтағы рухани даму, құдайлық сенімнің адамдарды баурап алуы. Бірақ әрбір дүниежүзілік немесе ұлттық дін өзара таластың салдарынан жалпыадамдық наным мен сананы қалыптастыра алмады. Оны тек қана дүниежүзілік тарихтың белдеулік уақытында пайда болған философиялық сенім тұжырымдады. Бұл-шамамен б.э.б. 800 және 200 жылдарды қамтитын уақыт. Осы кезде планетамыздың әр жерінде (Қытайда, Үндістанда, Персия мен Палестинада, Ежелгі Грекияда) рухани

қопарылыс болып, қазіргі адам типі қалыптасты. Бұл уақытта керемет құбылыстар болып жатты. Қытайда Конфуций мен Лао-цзы өмір сүрді. Мо-цзы, Чжун-цзы, Лецзы және тағы да көптеген философтар өз ойларын дамытты. Үндістанда Упанишадтар пайда болып, Будда өмір сүрді. Осы екі елде де адамзаттың барлық тағдырлық мәселелері пайымдалып, бабына жетті, Иранда Заратуштра жақсылық пен зұлымдықтың арасында толассыз күрес жүретін әлем туралы өз ілімін уағыздады, Палестинадан Илия, Исаяя, Иеремия және Екінші Исаяя пайғамбарлар шықты, ал Грекия-бұл Гомер мен Парменид, Гераклит, Платон тәрізді философтардың, Фукидид пен Архимед сияқты ғалымдарды шығарды.

К. Ясперс ертедегі ұлы мәдениеттердің пайда болуын, адамның өзінің әлсіздігін сезініп, осы жағдайдан құтылу үшін рухани күреске шығуы арқылы түсіндіреді. Адамзаттың рухани бірлігі идеясын К. Ясперс мәдениеттер типологиясын талдауға негіз етіп алған. Оны нақтылы көрсету мақсатымен төмендегідей кестені «Тарихтың түп-тамырлары және оның мақсаты» шығармасында ұсынады.

4.2. Өркениеттер типологиясы

Өркениет типологиясы туралы қалам тартқан орыс ғалымы Н. Данилевский өркениетті «мәдени тарихи тип» деп санаса, П. Сорокин «үлкен мәдени жүйе» деп қарайды, ал неміс философы К. Ясперс оны «айналмалы дәуірлер» деп тұжырымдайды. Қалай болғанда да, тарихта «шектелген мәдениет» барын ойшылдар мойындайды.

Бұл күні адам баласының тарихын мәдени және өркениеттік тұрғыда саралайтын ғалымдар не сан. Алайда осы бір ғылымдағы бағыт европалық ойшылдардың ғана табысы емес екендігін айту керек. Өркениеттік даму туралы ойларды XIV ғасырда өмір сүрген араб ғалымы Ибн Халдун (1332-1406) қалдырып кеткен.

Белгілі бір кеңістіктегі «мәдени», не болмаса «өркениет» дамуы туралы концепция XX ғасыр аяғында Батыста кеңінен тарауда. Мысалы американдық ойшыл Фрэнсис Фукуяма: «социалистік жүйенің құлауы, коммунистік идеологияның шектелуі әлемде Батыс либерализмінің (саяси демократия мен нарықты экономиканың) толық жеңген заманасын орнатуға әкелді. Әлем көз алдымызда тұтас бір өркениетке айналуға»-деп пайымдады. (Фукуяма Ф. Тарихтың соңы/Әлемдік философиялық мұра.- Алматы: Жазушы, 2006.-Т. 19.-69 б.) Ал американдық басқа бір ойшыл Сэмюэль Хантингтон «ақырзаман», «біртұтас өркениет» идеяларына қарсы шығып, «өркениеттердің түйісуін» («соқтығысуын») жақтап шықты. Хантингтон концепциясының түйіні-болашақта біртұтас өркениет қалыптаспайды, әлем бір-біріне ұқсамайтын бірнеше өркениеттерден тұрады. Ғалымның пікірінше, өркениеттің әрқайсысына бір-бірімен қатар өмір сүруді үйренуге тура келеді (Хантингтон.С. Столкновение цивилизаций.-М.:ООО Издательство АСТ, 2003.-231 б.). Заманымыздың белгілі тарихшысы ағылшын А. Тойнби өркениетті

табиғи бір ортада динамикалық даму кезінде біріккен қоғамы тұтастық деп қарайды (Тойнби А.Дж. Постигение истории.-М.:Прогресс, 1991.-87 б.).

Шын мәнінде, дамудың эволюциялық, барысында белгілі кеңістікте қоғамға тән мәдени-экономикалық, рухани ортақтық, өркениеттік тұтастық қалыптасады. Ол сол қауымның-адам баласының дамуындағы қол жеткен деңгейін көрсетеді.

Зерттеушілер Г. Чайлд, К. Фланнер, К. Клакхон, В.М. Массон отырықшылар өркениетіне тән ерекшеліктер қатарында жазу, жол тораптары, қалалық жүйесіндегі құрылыс, монументальды архитектура, сыртқы сауда және қатынас жүйелерінің қалыптасуын көрсетті. Ал көшпенділер өркениетіне өлгендерге орнатылған монументальды архитектура, қалалық типтес қоныс, жазу мен өнер, тұрақты сауда байланысы тән екендігі дәлелденді.

Өркениетке тән үш ұлы ерекшеліктер, сөз жоқ, мемлекет, жазу, монументальды архитектура. К. Клакхон осы үшеуінен монументальды архитектураны бірінші орынға қояды. Ол болса өзінің ғажайып көрінісімен, алпауыт болмысымен, қоғамның құрылыс салуға зор мүмкіндігі бар болмысымен бейнеленеді. Көне Мысырдың пирамидалары сияқты сайын даладағы патша қорғандары қарапайым адам мен билік және байлығы сай адамдар арасындағы алшақтықты ғана емес, тұтас қоғамның да мүмкіншілігін көрсетсе керек. Өркениеттің басты белгілерінің бірі-мемлекеттік. Өркениет зерттеушілердің қалың тобы ертеректегі көшпенділерді (біздің жыл санауымыздан 1 мың жыл бұрын) мемлекеттікке жетпеген, ал ортағасырлық көшпенділерді мемлекеттігі бар деп санайды.

Бұған қарама-қарсы сақтар мен үйсіндерде мемлекет болғандығы туралы деректер бар. Сонымен қатар көшпенділер мемлекеттік деңгейге жетпеген деген ғалымдар да кездеседі. Олар көшпенділерде «тайпалар одағы» болды, ал ол болса мемлекет сияқты тұрақтылығы болмады-мыс дегенді пайымдайды. Сөз жоқ, көшпенділік экономиканың экстенсивті типімен байланысты. Зерттеушілер сондықтан да жыл бойы мал соңында жүрген халықта тағылар қатарына жатқызуға бейім. Есімі танымал өркениет тарихын зерттеуші А. Тойнби: «Көшпенділердің тартқан сазайы, шынтуайттап келгенде, эскимостардан ешбір кем емес. Олар бағындыруға тура келген табиғи жағдай өздерін даланың қожасы емес, құлы қылды. Эскимостар сияқты көшпенділер де табиғи жағдайдың, жылдың төрт мезгілінің тұтқыны болды. Қырман байланысты жолға қоямын деп жүріп олар өзге әлемнен қол үзіп қалды. Олар ауық-ауық өз жерін тастап, көрші отырықшы өркениет иелеріне басып кіріп, көршілерінің қалыпты тірлік ағысын талай мәрте тоқтатып тастап отырды. Шындығына келгенде, бұл көшпенді ырықсыз бағынатын сыртқы күштердің әсерімен де болатын. Ондай күш екі түрлі: біріншіден, қырдың ауа-райы өзгеріп, көшпенді одан не қоныс, не өріс таппай

тықыршып, екіншіден, жергілікті отырықшы қоғаммен арада көзге түспес кеңістік пайда болып бірін-бірі жақындатпауы олардың зығырданын қайнатып, төтен қимылға ұрындыратын. Осыдан келіп қырғын қырқыс өзі-ақ туатын. Сондықтан көшпенділер тарихи оқиғаларға осылай айбарлы тартылғандықтан оларды тарихы бар қауым деуге болмайды» (Тойнби А.Дж. Постигение истории.-М.:Прогресс, 1991.-212 б.) деп, жазған. Өркениеттің өзін таза мәдениет деп қана танитын да осы Тойнби. Осылай біз көшпенділер, жабайылар есебінде «тарихы жоқ» халық қатарына біржолата жатқызылғанымыз қашан. «Тарихы жоқ халықтар» деушілер оларды тұрпайы қоғам, тағы қоғам, қайдағы бір томаға тұйық ортада қозғалысы жоқ, дамуы жоқ дәрежесінде санайды.

Өркениет зерттеушілерінің бір тобы Евразия даласындағы көшпенділерді тарихи даму үдерісінен бөліп алып қарауға болмайтынын көрсетеді. Өйткені, ол көшпенділер, біріншіден, басқа көршілес қауымдармен арақатынаста болды, ал ол қауымдар болса отырықшы-егіншілер, қала мәдениеті дамыған өлкелерде тұрды. Екіншіден, көшпенділердің өз ішінде жартылай көшпенді, жартылай отырықшы малшылар болды. Үшіншіден, көшпенділіктен отырықшылыққа көшу, қалалық мәдениетпен ұштасу, түйісу тенденциясы тарихта орын алды. Таза көшпенділік Еуразияның сайын даласында болған емес, қала мен дала одағы, отырықшылық пен көшпенділік өзара ұштасып, бір-біріне кірігіп, байланысып жатты. Сондықтан да Еуразия сахарасында таза көшпенділер өркениеті емес дала мен қала мәдениеті ұштасқан Дала өркениеті дамыды. Тарихшылар әулетінің бір тобының көшпенділерді динамикада қарап, олардың көшуден отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтардан мемлекетке өтуін қарастыруы тарихи әділдік. Тарихи үдерістер территорияға, хронологияға, этносқа байланысты емес, мал шаруашылығы мен егіншіліктің негізі салынуына, әлеуметтік бөлінушілік тууына, қолөнері мен сауданың дамуына, этностық бірліктің қалыптасуына, күшті әкімшілік жүйе өрістеуіне, біртұтас идеология, діннің күшіне енуіне, эпос пен жазудың болуына байланысты.

Өркениеттің мынандай тарихи типтерді атап өтуге болады:

1. Өркениетке дейінгі архаикалық мәдениет
2. Шығыс өркениеттері
3. Антикалық өркениет
4. Орта ғасырлық мәдениет немесе өркениет
5. Жаңа заман мен қазіргі заман өркениеті

Енді біз мәдени типология туралы айтқанда, мәдениет анатомиясы туралы айтқанда белгілі бір мәдени толқындар туралы, өркениеттік толқындар туралы айта кетуіміз керек.

Жалпы өркениеттің үш толқыны болды: бірінші аграрлық толқын, аграрлық мәдениеттердің пайда болуы; екінші толқын бұл өнер кәсіптік өндірістік толқын бұл негізінен батыс елдерінде басталған және қазіргі

заманда бүкіл әлемді қамтып отырған бұл ақпараттық толқын. Ақпараттық толқын заманында біз сіздермен өмір сүрудеміз.

Бүгінгі күнің тарихи мәдени типтеріне келетін болсақ, бұл негізінен Хантингтон деген АҚШ ғалымы қарастырған ол сегіз өркениетті атап өтеді:

1. Батыс өркениетті.
2. Православиялық өркениет.
3. Латын американа өркениетті.
4. Ислам өркениетті.
5. Конфуцияндық өркениет.
6. Оңтүстік Азиялық немесе буддалық өркениет.
7. Қиыр Шығыстық, негізінен синтоистік өркениет.
8. Африкалық өркениет.

Қазақстан осы өркениеттердің ішінде өзінің сенім нанымдары бойынша ислам өркениеттіне жатады. Қазақстан үш өркениеттің тоғысқан жерінде ислам өркениеті, конфуциялық өркениеттің және православиялық өркениеттің тоғысқан жерінде орналасқан.

Бір немесе бірнеше этностардың (халықтардың) этнодемократиялық мәдени әлеуметтік бірлігіне негізделген өркениет ауқымы бірде есіліп-көсіліп, бірде тарылып-қысылып дамығанмен оның өзегі негізді болды. Еуразия сахарасындағы Дала өркениетінің өзегі бір заманда түркі тайпалары, оның ішінде қыпшақтар болса, кейін қазақтар екендігі дау тудырмаса керек. Ұлы Мағжанның түркі жұртына ұлы шаңырақ иесі болып қазақ қалған жоқ па деуі де осыдан болса керек. Өркениет-мәдени тип, ол ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі, тұйық, ағысы жоқ жерде эволюциялық даму емес, борсу бар, іру бар, шіру бар, бір орнынан қозғалмай, тыпырлау бар. Қалай болғанда, өркениет-дегеніміз эволюциялық белгілі бір дәрежеде этностармен мемлекеттердің аралас-құралас қана емес тарихи және мәдени біртектілік болмысының автономды дамуы болса керек. Сонда ғана ол әлем дамуына өзіндік қадір-қасиеттерімен, өзіндік тарихи ағысымен, ұлысымен, тынысымен мен мұндалап ене алады, әлем дамуына өзіндік үлесін қоса алады.

4.3. Мәдениет формалары және әлеуметтік мәдениет

Кез-келген мәдениет көпқырлы және оның мазмұны әр түрлі формада болады. Мәдениеттің негізгі формалары: миф, өнер, дін, мораль, философия, құқық, саясат, ғылым, техника.

Миф-адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы. Миф (аңыз, ертегілер) сананың әлі толық жетілмеген біртұтас ең көне формасы. Мифология гректің *mifos*-аңыз, ертегі және *logos*-ілім, білім деген сөздерінен шыққан. Ежелгі мифтер мен аңыздар алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болып, олардың рәміздік мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жете түсінді.

Қоғам дамуының бастапқы сатыларында қоғамдық сананың формасы мифтер барлық халықтарда болды. Мифологияда сыртқы дүние

мен адам, ой мен сезім, зат пен идея, объективтік және субъективтік дүниелер арасында айқын шекара болмады. Ол шекаралар кейіннен пайда болды. Мифологияда олардың барлығы тұтасып жатты. Ол дүние жанындағы біртұтас түсінік болып табылды. Белгісіз дүниені түсіндіруге тырысудан оданда белгісіздігі мол дүниені танып білуге ұмтылу, егерде ол дүние танып білуге мүмкіндік бермесе, құпия ғаламат күшке сілтеме жасау мифтің өзіне тән ерекшелігі.

Өнер мәдениеттің бір түрі ретінде алғашқы қоғамда пайда болды, адамдардың өмірі мен рухани өмірін көркем образдарда бейнелейді. Антикалық дәуір өнердің жекелеген түрлерін бөліп көрсетті: би, ән, музыка, кескіндеме, мүсін, сәулет, театр, әдебиет, поэзия, кино және т.б.

Өнер көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

Өнер-бұл өзі адам мен сөйлесетін ерекше мәдениет тілі. Өзінің стильдік бірлігін сақтай отыра, өнер дүние мен адамды олардың қандай да кезең мен дәуірде қалайша көрінгендігін суреттейді. Өнердің ерекшелігі өзінің негізгі міндетіндегі шешілетін әлеуметтік мақсаттар сипатынан да көрінеді. Өнер ғылымы мен қатар ең алдымен, қоғамның өзін тану құралдарының бірі. Әлемнің көркемдік үлгісі, осы «екінші ақиқат» арқылы шынайы табиғи және әлеуметтік ақиқатты барынша тереңірек тануға болады.

Дін-мәдениеттің маңызды құбылысы. Діннің халықтар өміріндегі алатын орнының маңыздылығы соншалықты, діндердің негізін түсінбей, діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес.

Дінді мәдени құбылыс ретінде түсінуде оның шығу төркіні мен міндетін түсіндіру маңызды рөл атқарады. Мәдениеттегі діннің рөлін әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы деп анықтауға болады. Дін қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі.

Діннің адам мәдениетіндегі орнын, яғни мәдениеттің дінді тудыратындығын немесе діннің мәдениетті тудыратындығын түбегейлі іздеу мен пайымдау жүргізіліп келеді. Алғашқы мәдениеттанушы-теоретик және мәдениет тарихшысы болып неміс ағартушысы Иоган Гердер саналады. Оның «Адамзат тарихының философиясына апаратын идеялар» жұмысын мәдениеттану білімінің бастауы деп атайды. Дін, Гердердің көзқарасы бойынша, мәдениеттің ең көне элементі. Дін барлық халықтарға мәдени және ғылыми білімнің шымылдығын ашты. Діннің мәдениеттің дамуындағы озық рөлін бағалауға ұмтыла отыра, Гердер египеттіктер мен басқа шығыс халықтарының, ертедегі барлық көзі ашық еуропалық ұлттардың-этрустардың, гректердің, римдіктердің ғылыми білімді діни көзқарастардан алғандығын атап өтеді.

Мораль-адамдар мен әлеуметтік бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін қағида, адамның мінез-құлқын реттеу

қызметтерін атқаратын әлеуметтік институт, яғни әлеуметтік сапалар жиынтығы. Мораль әлеуметтік шындықтың этикалық сапаларын бейнелейтін қоғамдық сананың ерекше нысанына жатады.

«Мораль» бұл субъектінің өзінің көпқырлылығымен, көп өлшемділігімен байланысты. Адамдардың бірлесе өмір сүру тәжірибесінен, мәдениеттің дамуынан моральдық нормалар шығады және оның орындалуын қоғамдық пікір қадағалап отырады. Адамгершілікті нығайтатын қалыптар мораль ережелері болып қабылданады. Жеке тұлға қоғамның әдеп мәдениетін игеру барысында өз мінез-құлқын реттей алатын қабілетке ие болып, айналасында болып жатқан оқиғаларға моральдық баға бере алады. Нәтижесінде адам қасиеттерін дамыта алатын субъектіге айналып, оның бойында ар-ұят, жауапкершілік, парыз, намыс, ізгілік секілді жоғары моральдық қасиеттер қалыптасады.

Философия-бұл әлемнің жалпыланған бейнесін және адамдардың ойлауының концептуалды-категориялық құрылымын тұжырымдайтын мәдениеттің бір түрі. Мәдениет-бұл адамның тіршілік етуінің арнайы адами тәсілі, оның барысында адам уақытында кеңістіктің ерекше түрін жасайды және сіңіреді. Мәдени кеңістік шартты және танылған шындықтың сөзсіз заңдарынан қалыптасады.

Философия мәдениетте интеграциялық рөл атқарады. Бұл олардың дүниетанымын ғана емес, мәдениеттің барлық түрлерін түсінуге, рефлексияға, олардың синтезінің принциптері мен әдістерін біртұтас, үйлесімді тұтастыққа табуға, анықтауға және тұжырымдауға тырысады.

Философия-дүниетанымның теориялық негізі. Егер дүниетаным-бұл қоршаған шындықтағы адамның рухани бағдарының тәсілі, сипаты, философиялық, экономикалық, әлеуметтік-саяси, этикалық және т.б. көзқарастар, наным-сенімдер, мұраттар, философиялық дүниетаным қоршаған әлемге және адамның орны туралы жалпы көзқарастардың теориялық негізделген жүйесі ретінде тұтасымен дүниетанымның негізін құрайды. Философия бүкіл әлемдік мәдениеттің, дүниежүзілік тарихи практика мен ұстанымның жетістіктерін жинақтайды, бұл дәуірдің рухани квинтэссенциясы, өзін-өзі тануы. Ол кез-келген қызметтің идеялық-әдістемелік негізі ретінде әрекет етеді.

Құқық-бұл мемлекет қызметіне бағытталған мәдениеттің бір түрі негізделген адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастарды реттеу туралы арнайы әзірленген әлеуметтік нормалар-берілген қоғамның барлық азаматтары үшін міндетті заңдар.

Адам әр түрлі әлеуметтік қатынастарға түседі. Қарым-қатынас нәтижесінде адамдар арасында өзара әрекеттестік қалыптасады, түсіністік пайда болады, қамқорлық жасау және көмек беру жүзеге асады.

Қоғамдық қатынастар әлеуметтік нормалар арқылы реттеледі, олардың арасында құқық нормалары ерекше орын иеленеді. Құқық нормалары заңдар мен нормативті құқықтық актілерде көрініс табады.

Жалпы адамзаттық құндылықтар және әділеттілік, ізгілік, теңдік, бостандық идеялары құқықтың негізі болып табылады.

Құқық-мораль, саясат, экономика, өнер сияқты мәдениеттің ажырамас бөлігі. Құқық-сан қырлы түсінік. Ол үш түрлі мағынада қолданылады. Алғашқысы-қоғамдағы аса маңызды қатынастарды реттейтін нормалар жиыны және оларды бұзғандығы үшін мемлекет айып салады. Екінші мағынасы-жеке мүмкіндік, бұл мүмкіндікке заң кепіл береді. Бұл жерде әңгіме ар-ождан, дін бостандығы, еңбек ету, білім алу сияқты адам құқықтары туралы болып отыр. Ең соңында біз «құқық» сөзін заңдық емес мағынада жиі қолданамыз. Бұл да жеке мүмкіндік, алайда, заңда белгіленбеген. Қазір бізге адамның қалыпты дамуы үшін қоғамның рухани мәдениетін игеру қажеттігі айдан анық болып отыр. Ол мәдениеттің басқа түрлерімен қоса құқықтық мәдениетті де қамтиды. Олардың үйлесімі жеке адамның рухани дамуын қамтамасыз етеді.

Саясат-адамдардың саяси мәдениетке көзқарасы әртүрлі. Саяси шешімдерге дербес келу қабілеті-адамның саяси мәдениетінің элементі.

Саяси мәдениеттің ерекшелігі оның саясаттың өзін немесе саяси процесті құрайтындығында емес, саясат әлемі туралы пікірлер мен түсініктер жиыны екендігінде. Саяси мәдениет көптеген онжылдықтар бойында әртүрлі ұрпақ қалыптастырған саяси дәстүрлерді, саяси практиканың қолданымдағы нормаларын қамтиды.

Саяси білім мен мәдениет бүгінгі күні кәсібіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әрбір адамға керек, себебі ол қоғамда өмір сүріп, тіршілік етіп басқа адамдармен және мемлекетпен міндетті түрде бірлесіп әрекет етеді. Ал саяси білімі мен мәдениеті жоқ адам саяси істерде амал-айла, қулықтың арбауына түсіп, оны саяси белсенді күштер өз мақсаттарында пайдаланып кетуі мүмкін. Адамдардың көпшілігінің саяси сауаттылығы қоғам үшін де қажет. Саяси сауаттылық қоғамды адамгершілікке қарсы, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдастырудың экономикалық тиімсіз түрлерінен сақтандырады. Сондықтан мемлекетте адамдардың өркениетті өмір сүруіне тек жеке адам ғана емес, бүкіл қоғам мүдделі, өркениетті өмір сүру өнері ретіндегі саяси мәдениетті саналы түрде қалыптастыру қазіргі заманғы қоғамның міндеті, оның дұрыс дамуының маңызды шарты болып табылады.

Ғылым-уақыт пен кеңістікте бар, зерттеуге болатын шынайы нақты нәрселердің заңдары мен қағидаларын, тәртібі мен құрылымын объективті түсіндіретін, эксперимент пен бақылауға негізделіп, математикалық есептеуді қолданып, жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы. Жалпы тұрғыда ол жүйелі білім мен ғылыми тәжірибені меңзесе, ал, арнайы мағынада ғылыми әдістер арқылы жинақталған логикалық білім жүйесін көрсетеді. Яғни, ғылым ғылыми білімдерді ғана емес, сол білімдерге қол жеткізудің барлық жолдары мен әдістерін түгел қамтитын біртұтас кешенді жүйе.

Ғылым-адам қызметінің және мәдениеттің саласы. Оның міндеті ақиқат туралы объективті білімдерді әзірлеу және теориялық жүйелеу болып табылады. Ғылыми таным бірқатар принциптерге негізделген. Ол принциптер ақиқатқа жетудің ғылыми көзқарасын және ғылыми танымның түрлерін анықтап, нақтылайды, жеткілікті талданған өзіндік ғылыми көзқарастың кейбір ерекшеліктерін белгілейді. Ғылым этикасы-жанадан қалыптасып келе жатқан келешегі зор кешенді өрелі бағыт. Ол ғылыми қызметтің әлеуметтік-этикалық және гуманистік проблемаларын талдап, зерттейді.

Техника-бұл адам қызметінің дағдылары мен тәсілдерінің жиынтығы. Бұл қоғам қызметінің жасанды органдарының жүйесі, өндіргіш күштердің негізгі элементтерінің бірі. Техника еңбек процесінде адам мен табиғат арасында аралық орын алады.

Техника қоғам өмірінің барлық жағына әсер етеді. Өнер, мәдениет, тұрмыс, білім айтарлықтай дәрежеде техниканың әсерінен өзгереді. Техниканың бүкіл адамзат мәдениетіне әсерін көру үшін радио, кино, ТВ, дыбыс жазбаларын есте сақтау жеткілікті. Техника ғылыммен тығыз байланысты, бұл байланыс өзара байланысты.

Техниканың тағы бір ерекшелігі оның мәдениетке, соның ішінде білім, адамгершілік, өнерге әсер етуінің жүйелі және қарама-қайшы сипаты болып табылады. Техникалық өнертабыстар адамның барлық өмірлік әлемін өзгертуге қабілетті, оны техносфераға айналдырады.

Қазіргі заманғы мәдениеттегі техниканың басымдылығы мәдениеттанушылардың пікірінше, «техникалық ұтымдылық» үстемдігіне әкеледі, оның негізінде құрал-саймандық қызмет стандарттары жатыр.

Әлеуметтануда мәдениет сөзі кең мағынада өзіндік ерекшелігі бар, генетикалық жолмен берілмейтін, адамның өмір сүру ортасы мен өзара әрекеттесуінің құралдары, амалдары, нысандары, үлгілері мен бағдарламалардың жиынтығы деп түсіндіріледі. Тар мағынада мәдениет әлеуметтануда адамның нақтылы бір тобына тән, ұжымдық қолдауға ие болатын құндылықтар, сенімдер, мінез-құлық үлгілері мен нормалар жүйесі ретінде түсіндіріледі.

Әлеуметтік мәдениет-әлеуметтік топтың аясында тәжірибені екшеп, реттеуге қызмет ететін, белгілі бір байланыстағы адамдар үшін ортақ болып саналатын әлеуметтік мәні бар құндылықтардың, мінез-құлық нормалары мен қағидаларының, түсініктердің, нанымдар мен дәстүрлердің жүйесі. Әлеуметтік мәдениет немесе әлеуметтік ұжымдық және реттеушілік мәдениет өзін әлеуметтік-мәдениеттің процесінде және әлеуметтік қатынастарда, қоғамдық құрылымда, шаруашылық бітімінде, саяси билікті ұйымдастыру және іске асыруда, құқықтық нормалардың жиынтығында көрсетеді. Әлеуметтік мәдениет басқарудың тұжырымдарын, басшының бейнесін және стратегияны қалыптастыруға және т.б. жасауға әкеледі.

Әлеуметтік мәдениеттің аса маңызды бөлігі-әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметтік нормалар болып саналады. Әлеуметтік құндылықтар дегеніміз-жұртшылық мойындаған мінез-құлықтық стандарттар, яғни діттелген мақсаттар және де осы мақсаттарға жету жолдары мен құралдары жөніндегі қоғам не әлеуметтік топ қолдаған иланымдар. Әлеуметтік құндылықтар-адамдар мен олардың топтары арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың жемісі. Осы қарым-қатынастар барысында жеке адамның, әлеуметтік топтың, не тұтастай қоғамның мұқтаждығын, мүдделерін, тілегін қанағаттандыруға әлдебір әлеуметтік құбылыстың немесе процестің қабілеттілігі байқалып, бағаланады. Әлеуметтік реттеудің басты элементі ретінде әлеуметтік құндылықтар оның жалпы, стратегиялық бағытын айқындайды. Мәселен, демократиялық қоғамдағы аса маңызды әлеуметтік құндылықтар қатарына, әдетте, бейбітшілік, адамдардың бостандығы, теңдігі мен туысқандығы, ар-ожданы мен абыройы, әлеуметтік әділеттілік, ынтымақтастық, азаматтық борыш, материалдық игілік, рухани байлық және т.б. жатқызылады.

Әлеуметтік нормалар дегеніміз мінез-құлықтың, үміттің ережесі және белгілі бір мәдениет құндылықтарына сәйкес адамдардың мінез-құлқын, қоғамдық өмірді реттеуші әрі қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығын нығайтушы стандарттар. Құндылықты қатынастар өзінің жеке өмір сүруін әлеуметтік норма көрінісінен табады. Әлеуметтанудағы норма дегенде тек жалпы ереже ғана емес, сонымен бірге бұқаралық көрініс процестерінің шынайы өмір сүретін типі деп түсіндіріледі.

Әлеуметтік нормалар әр түрлі негіздемелер бойынша бөлінеді. Қоғам өмірін құндылық тұрғысынан реттеу үшін оларды құқықтық және моральдық нормаларға бөлудің маңызы зор. Құқықтық нормалар заң пішімінде, кейде мемлекеттік немесе әкімшілік нормативтік актілер түрінде көрініп, тиісті органдар жүзеге асыратын нақты заңи нормаларды, санкцияларды қолдану жайын анықтаушы диспозицияларды мазмұндайды. Құқықтық мәдениет қалыптасқан қоғамдық қатынастардағы жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың, халықтың құқықты тану, меңгеру барысындағы немесе оны жалпы сыйлаушылықтан туындайтын құқықтық санасы болып табылады.

Адамдардың бірлесе өмір сүру тәжірибесінен, мәдениеттің дамуынан моральдық нормалар шығады және оның орындалуын қоғамдық пікір қадағалап отырады. Ынтымақтастық пен адамгершілікті нығайтатын қалыптар мораль ережелері болып қабылданады. Жеке тұлға қоғамның әдеп мәдениетін игеру барысында өз мінез-құлқын реттей алатын қабілетке ие болып, айналасында болып жатқан оқиғаларға моральдық баға бере алады. Нәтижесінде адам қасиеттерін дамыта алатын субъектіге айналып, оның бойында ар-ұят, жауапкершілік, парыз, намыс, ізгілік секілді жоғары моральдық қасиеттер қалыптасады. Моральдық сана тек таңдау мүмкіндігі бар жерде ғана әрекет етеді.

Ал, әлеуметтік нормалар тек заң және адамгершілік нормаларға ғана емес, сондай-ақ әдет-ғұрпы мен дәстүрге де сүйенеді.

Салт-дәстүр-жеке адамның, топтың, халықтың және адамзаттың мәдени ұқсастығы мен тарихи зердесінің құрамында болатын құндылықтар, нормалар, идеялар, әдет-ғұрыптар жиынтығы. Қазіргі әлеуметтану еңбектерінде салт-дәстүрді жайлап үйрену мен ұзаққа созылған қандай да бір қоғамдық талаптар ғана емес, сонымен бірге адамның өмір сүруіне қажетті жағдайларға негізделуі деп қарастырады. Әлеуметтану анықтамалары қатарында, сонымен бірге салт-дәстүрді әмбебап мәдениет құбылысы ретінде қарастырылады.

Салт-дәстүр барлық әлеуметтік жүйелерде қызмет етеді және олардың өмір саласындағы қажетті жағдай болып табылады. Салт-дәстүрге немқұрайлы қатынас қоғам мен мәдениет дамуындағы сабақтастықтың бұзылуына, адамзаттың құндылықтық жетістіктерінің жоғалуына алып келеді.

Мәдениет әлеуметтануын әлеуметтік шындықтың белгілі «сегментін» немесе «сферасын» зерттейтін бағыт ретінде емес, жалпы әлеуметтік шындықты көруге ерекше көзқарас ретінде қарастыратын көзқарас бар. Бұл тәсіл әлеуметтік құбылыстардың мағыналық сипатына негізделген. Бұл жағдайда мәдениет әлеуметтануы шын мәнінде түсінетін әлеуметтануға жақын әлеуметтанудың дербес жобасына айналады.

Пысықтау сұрақтары:

- 1.«Мәдениет анатомиясы» ұғымына берілген түсіндермелерге сипаттама беріңіз?
2. Қазіргі заманауи мәдениеттанулық типология немен ерекшеленеді ?
3. Мәдени типологияның қоғамдағы функциялары мен рөлдерін анықтап көрсетіңіз?
4. Әлеуметтік мәдениет деген не?
5. Архаикалық мәдениеттің қандай нысандары өрістеді?
6. Қазақ мәдениетінің типологиясын келтіріңіз?
7. Әдеп мәдениетіндегі дәстүр мен жаңашылдық қандай қатынаста болды?
8. Мәдениеттің құқықтық бастаулары немен анықталады?

II-MOДУЛЬ. ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АРХЕТИПТЕРІ МЕН ХРОНОТОПТАРЫ

5. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТІ

Мақсат: Қазақ көшпелі мәдениетінің тамыры мен түркі өркениеті бастауларының ғылыми негізін түсіндіру.

5.1. Қазақ мәдениетінің көшпелі шаруашылық типі

Қазақтардың жалпы саны 19 млн. адамнан асады. Олардың ішінде Қазақстанда тұратыны 13 млн. адамнан артық. Қазақтардың диаспоралары жақын және алыс шетелдердің көптеген елдерінде бар: Қытайда-2 млн, Өзбекстанда-2 млн, Ресейде -шамамен 700 мыңдай, Моңғолияда-130 мың, Түркияда-120 мың, Ауғанстанда-20 мың, Иранда-10 мың, Еуропаның әр түрлі елдері мен АҚШ-та-шамамен 4 мыңдай адам. Барлық қазақтардың үштен бір бөлігінен астамы өздерінің этникалық отанының шегінен тыс жерлерде өмір сүріп келеді.

Қазақ тілі алтай тілдік отбасының түркі тобының қыпшақ тармағына жатады. Жақын туыстас түркі халықтарының тілдерінен айырмашылығы-өзіне тән ерекшелігі диалектілердің жоқтығы болып табылады. Оған себеп номадизм феномені-бүкіл Дала белсенді қозғалыста және тайпаралық қарым-қатынаста болған. Жабық, жеке, дара өмір сүру үшін объективті жағдайлар болмады-сондықтан Ертістен Еділге дейінгі ұлан ғайыр аумақта біртұтас тілдік нормалар болған. Қазіргі уақытта қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Қазақ тілін қайта өрлету және дамыту мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, іске асырылып келеді (республиканың басқа тілдерімен қатар).

Әрбір ұлттық мәдениет бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті-оның тылсымдық сипаты. Мысалы, «Ата қоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындайды. Қауымдық қатынас мекендер егемендігінен туады. Ата қоныстың әрбір жағрафиялық белгілері халық санасында киелі жерлер деп есептеледі, яғни қоршаған орта киелі таулардан, өзен-көлдерден, аңғарлар мен төбелерден т.б. тұрады. Олардың қасиеттілігі аңыз-әпсаналарда, жырлар мен көсемсөздерде болашақ ұрпақтарға мұра ретінде қалдырылған.

Алдыңғы тарих пен қазіргі кезде өз ықпалынан сақтаған және әлемдік үдерістерге терең әсер тигізген далалық өркениеттің белгілі бір уақыт тербелістерін Қазақстанға байланысты қарастырып өтейік. Шарықтап өткен бұл өркениеттің түркістандық тармағының шамамен XIII ғ. бастап күйзеліске ұшырағаны тарихан белгілі. Этникалық тұтастанудың немесе жаугеріліктің нәтижесінде қалыптасқан Кіндік Азиялық империялар ұзақ уақыт мәдени өрісте өзінің қалпын сақтай алмады.

Әртүрлі түркілік алғашқы дала империялары мен мемлекеттері, араб халифаты, Шыңғысхан империясы, Алтын Орда мен Ақсақ Темір мемлекеттері уақыт сынағынан өтпеді. Олардың құрамындағы халықтардың рухы күшпен енгізілген бірлік белдеуін үзіп тастады. Бұл үдерісті әртүрлі

бағалауға болады. Қалыптасып келе жатқан этностар тұрғысынан көшпелік империялардың ыдырауын қолайлы құбылыс деп те тануға негіз бар.

Бірақ бұл ыдырау уақыты номадаларды қоршап тұрған отырықшы империялардың есін жинап, қарсы шабуылға көшуіне мүмкіндік берді. Ол Еуразияда жаңа геосаяси жағдайды тудырды. Қазақ мәдениетінің дәстүрлік уақыты ұлт болып қалыптасуымен және өзіндік төл мәдениетінің пісіп-жетілуімен байланысты. Бұл кездегі мәдениет туралы түсініктер архетиптік уақыттың негізгі ерекшеліктерін жаңа мәдени хронотопқа байланысты жалғастырады. Осыған қатысты тағы бір пікір әдебиетте жиі келтіріледі: бұрынғы архетиптік түрік мәдениетінің басты құндылықтарын бойына толық сақтаған түріктік этностарға қазақтар, қырғыздар, ноғайлар, қарақалпақтар, қашқайлар, башқұрттар ж.т.б. жатады. Өйткені олар XX ғ. дейін бұрынғы көшпелілік өмір салтын жалғастырады. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ халқының мәдениет туралы дәстүрлі түсініктерінің негіздері өзгерістерге көбірек ұшыраған басқа халықтар үшін архетиптік қызметі бар. Сонымен Орталық Азияның және жапсарлас жатқан аймақтардың номадтары X-XII ғғ. өркениеттілік уақыт өрісіне тартылғанымен, кейін ыдырау және этностық қалыптасу кезінде уақыттың дәстүрлі түсініктерін қайтадан жандандырды. Яғни, дәстүрлік уақыт халықтық дүниетанымда фольклорлық уақыт арқылы бейнеленеді.

Көшпелілік шаруашылық-мәдени тип Қазақстан жеріндегі климаттық және ландшафтық ерекшеліктерді ұтымды пайдалана білген. Оны маусымдық жайылымдардың алмасуы деп атауға болады және ол Қазақстан территориясында номадалық типтің XX ғ. басына дейін басым болғандығын дәлелдейді. Жауын-шашыны молырақ және мал азығы жеткілікті Солтүстік Қазақстанның орманды-далаларын, таулы альпілік шалғындарды, өзен-көл аңғарларын халық жайлау ретінде пайдаланған. Қыста қары аз, тебінге қолайлы оңтүстіктегі және орталықтағы аймақтар қыстау үшін тандалып алынған. Көктеу мен күздеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан. Қалыптасқан дәстүр бойынша маусымдық жайылымдар рулар арасында бөліске түскенімен, мал қыстайтын жерлерден басқасын елдің бәрі бірдей пайдаланған. Бұл көшпелілік ШМТ-тің тұтастығын және ынтымақтастығын арттырған. Осы жөнінде М. Әуезовтың «Абай жолы» трилогиясында шебер суреттелген көріністер көп.

1897 жылғы халық санағының деректері бойынша қазіргі Қазақстан территориясында қазақтардың тек 1,14% қалаларда тұрған. XX ғ. басында отырықшылардың жалпы саны 100-мың адамға ғана жеткен (қазақтардың сол кездегі жалпы саны шамамен 6 миллиондай адам). Аталған санақ қазақтардың 77% негізінен номадалар болғанын, ал 18%-диқаншылықпен айналысқанын көрсетті. Маргиналдану аймақтарында егіншілердің үлес салмағы жоғары болған. Мысалы, Тәшкент уезінде қазақтардың 88% диқаншылықпен айналысқан.

Негізгі шаруашылық-мәдени тип халық менталитетінде нық орын алған. Хал-жағдайды сұрау «Мал-жан аман ба?» дегеннен басталады. Бекерден-бекер «Шаруа көшсе-байыды» деп айтпаған. Яғни, көшпелілер мәдениеті көшпелілердің өзі үшін мұрат, үлгі болып есептелген. «Себебі,-дейді Ш. Ыбыраев,-көпшілік жаппай жақтырмайтын қоғам мындаған жылдар бойы өмір сүре алмайды, әйтеуір бір тарихи бұрылыста елдің бәрі одан үркіп шығатыны анық (әрине, күні кешегі жаппай қырғынмен зорлап отырықшы ету басқа мәселе)» (Эпос әлемі, 32 бет). Көшпелілік менталитетте шаруашылық тәсілін алмастыруға теріс баға берілген. Табиғи биоценоздың тұтастығының бұзылуы адамдық қауымдасуға да кері әсерін тигізеді. Алайда, шаруашылық мәдени типтердің күрделене түсуіне байланысты адамдық топтастық табиғи ортадан тәуелсіз бола бастайды. Қоршаған ортаға адамның сәулесі түсіп тұр, ал оның сезімдері мен ақыл-ойы әлемнен нәр алады. Осы тұтас мәдениет әлемін түсіну мақсатында ғылыми дәстүр бойынша әрқайсысы жеке талданады. Қазақ халқының материалдық мәдениеті осы аймақты мекендеген ертедегі көшпелі тайпалар мәдениеті мен орта ғасырларда өркендеген отырықшы және қалалық мәдениеттің дәстүрлерін жалғастырды.

Ғылыми зерттеулер мен археологиялық қазбалар XV ғ. кейін Қазақстан жерінде қалалар құлдырап кетті деген пікірді өзгертуге мүмкіндік берді. Жергілікті құрылыс мәдениетінің жоғары дәрежеде болғанына XV-XVII ғғ. Яссы, Сауран, Отырар, Сығанақ, Сайрам тәрізді қалалар, Орталық Қазақстандағы Домбаул, Алашахан, Жошыхан ғибадатханалары, Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстаудағы сәулет ескерткіштері куә. Осы сәулет үлгілерін салуда халықтық мәдениеттің озық және тапқыр шеберлері жарасымдылықтың, үйлесімдік пен тұтастықтың шешімдерін таба білген. Ислам діні тірі жанды суретке түсіруге тыйым салғаны белгілі. Сонда да қыш құмыра әшекейлеріндегі түбі сонау сақтардың «аң» стилінен басталған қазақтың ою-өрнектері тіршілік иелерінің нобайын бейнелеген. Мысалы, Жошыхан ескерткіші тек өнер туындысы ғана емес, ол дәуір тынысын, дүние тылсымын жеткізіп тұрған ғимарат.



Сурет. Жошыхан ескерткіші

Белгілі сәулетші Т.Бәсенов: «Өзін талдап түсінуге қуат болатын қазақ сәулет өнерінің ою-өрнек қазынасы жинақталған өзінше бір музей», - деп жазады. Бұл жерде айта кететін тағы бір жай бар. Кейбір мәдениет зерттеушілері Қазақстан жеріндегі ғимараттар Орта Азия сәулет көшірмесі дегенге саятын пікір айтады. Егер біз ғимараттарға көрік беретін күмбезге назар аударсақ, байқайтын нәрсеміз, күмбездік шатыр-жабын мен шаңырақтық құрылымдық бірлігі. Шығыстанушы А.Н.Бернштам күмбезді дарбазалы сәулеткерліктен кейін бүкіл Орта Азия сәулет өнерінің өзегі болған үш нәрсені-құрылыстық күмбезді қанқасын, портал мен ойма қыштардан құрастырылатын декорды ерекше бөліп қарап, мұндағы күмбез идеясы мен оны тұтас жүзеге асыру көшпелі-малшы қауым мекендеген солтүстіктен алмасқан деп есептеген.

Алайда, қазақ хандығының қалалық мәдениетінің одан әрі өркендеуіне сыртқы жағдай онша қолайлы болмады. Жоңғар шапқыншылығы, Орта Азия хандықтарының толассыз шабуылы, ең бастысы-батысынан және шығысынан шыққан екі империяның-Ресей мен Қытайдың жауынгершілік саясаты салдарынан қазақ халқы отырықшылықтан гөрі жылжымалы киіз үйге қайтадан көбірек көңіл бөлді. Киіз үй тек баспана емес. Ол халықтың өмірлік салт-дәстүрінің таңбасы қызметін атқарады.

Шексіз даланы көк теңізге теңейтін пікірдің жаны бар: көкжиекте, көк аспанның астындағы шексіздікте ақшағала дөңгелек киіз үйлер аралдар тәрізді, олардың арасын дала кемелері-түйелер мен ұшқыр қайық-аттар қосып тұр. Қатал үскірік аяздан, шілденің аптап ыстығынан қорғайтын, тез жинап, тұрғыза қоятын баспанаға киіз үй өте сай келеді. Дөңгеленген сыртқы пішіні қатты желге орнықты болса, туырлықтар жауыннан кейін тез кебеді. Шаңырақ-шеңбер тәрізді шабағынан және күлдіреуіштен тұрады. Оның төбесін түндіктің жартылай ашық тұруы, бір жағынан, тұрмыс қажеттерінен туса, екінші

жағынан, шаңырақ шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке апаратын жол іспеттес. Егер киіз үйге жоғарыдан төмен қарасақ, онда шаңырақ күнге, ал уық керегелері оның сәулелеріне ұқсас.



Сурет. Киіз үй

Тұрғын үй адамның өмір салтымен, оның дүниетанымымен, әлемдегі алатын орнымен тікелей қатысты. Мысалы, орманды мекен ететін ағаштардың арасынан аспанды төртбұрышты бітімінде көреді, олардың үйлері де төрт қабырғалы, Кавказдың биік тауларындағы үй көшпелі шаруашылық типінде де әрекет етеді. Жазық дала тек көкжиекпен шеңбер тәрізді шектелген. Сондықтан көшпелілердің де тұрағы дөңгелек. Орталық Азиядағы күмбездік архитектураның бір бастауы-көшпелілердің киіз үйі. Бұл тағы да оазистік және көшпелі шаруашылық-мәдени типтердің түрік өркениетіндегі синхрондығын көрсетеді. Натуралдық шаруашылық жағдайында қазақ халқы қолөнер шеберлерін жоғары бағалаған. «Ағаштан түйін түйген», «Он саусағынан өнер тамған» сияқты шебер ұсталар, тоқымашылар т.б. іскер адамдар халықтың материалдық мәдениетінің тамаша үлгілерін жасаған.

Көшпелілерге кейбір зерттеушілер сияқты ертедегі феодализм өкілдері деп айдар таққанша, олардың кәсіптік ерекшеліктерін атап өткен жөн. Ғылыми әдебиетте көшпелілік өмір салтының мынадай типтік белгілері айқындалған: 1) мал бағу – шаруашылықтың басым түрі; 2) жыл бойы малды табиғи ұстауға негізделген шаруашылықтың экстенсивтік тәсілі; 3) жер жағдайында қарай маусымдық көшіп-қону; 4) қазіргі капиталистік ранчолардан өзгеше шаруашылықтың натуралдық әдістерінің басымдығы.

Генетикалық-туыстық бірлік арқылы да, қарым-қатынастық байланыстардың негізінде де, жалпы типологиялық ұқсастықтардың нәтижесінде де пайда болған ұйымдасушылық типтері әрбір этномәдениеттің өзіндік болмысының төлтума белгілеріне жатады.

Оларды айқындау үшін формациялық тәсілдің беретіні аз. Бұрынғыдағы «көшпелі феодолизм» ұғымы қазақ мәдениетінің әлеуметтік типтері онша жанаспайтындығы туралы соңғы кезде жеткілікті айтылды.

Егер шаруашылық-мәдени тип адамдардың қоршаған табиғи ортаны меңгеруінің тәсілі болса, онда әлеуметтік-генетикалық типтер жеке тұлғаның басқа әлеуметтік жүйелермен тұрақты және үйлесімді қарым-қатынаста болуының құралы іспеттес. Бұл туралы А.Тарақты өз ойын былай жеткізді: «Ұлы дала, көшпелі өмір салт, маңдайға жазылған соң, сол жазмышқа көндігудің бірден-бір кепілі-адамдар бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп қана өмір сүруі қажет. Бұл қажеттілікті терең сезінген көшпелілер «адамның күні – адаммен» деген принципті тіршіліктеріне тірек еткен. Сондықтан да әрбір көшпелі қазақ туыстық-қандастық жүйені тарата білуді өмір сүрудің нормасы, моральдық-этникалық критерий деп білген. Мұндай дәстүрдің бұлжымай сақталуына жеті аталық үрдіс ұйытқы болып отырған. Бұл орайда, жеті аталық үрдіске ұлттың этнобиологиялық және этномәдени тұтастығын қамтамасыз ететін ғажайып тетік ретінде ден қоюға тура келеді».

Туыстық негізде қалыптасқан рулық-тайпалық адамдардың әлеуметтік бірлестіктері бүкіладамзаттың басынан өткізген ұжымдасу типіне жатады. Бұл туралы этнографиялық әдебиетте жеткілікті жазылған. Сондықтан бұл мәселенің кейбір жақтарына ғана тоқталып өтейік.

Қазақ мәдениетінің негізгі архетипі – көшпеліліктегі тағы бір маңызды мәселе ондағы әлеуметті құрылымға қоғамдық ұжымдасу ерекшеліктеріне қатынасты. Мұндағы алдымен көзге түсетін нәрсе – қауымдық тұтастық. Егер еуропалық нарықтың қоғамда зат иелену мен азаматтық қатынастар шешуші қызмет атқарса, көшпелілерде туыскандық, рулық байланыстар ең құнды болып есептеледі.

Әрине, көшпелілі мәдениетті бүкіл адамзат үшін ең жоғары үлгі деп көтермелеудің қажеті жоқ. Номадалық өмір салты қалалық мәдениеттің қалыптасуына, оған байланысты жазу-сызудың, оқу орталықтарының, қолөнердің, техниканың дамуына жағдай туғызбады. «Мен кімін, неге өмір сүремін, қалай өмір сүремін, ажалды қалай қарсы алу керек?» – тәрізді сұрақтар қауымдық қоғам мүшелерін тым көп ойландырмады. Бәрі алдын ала шешіліп қойылған, аталдың белгілеп кеткен жолынан таймаса болды. Салт-дәстүр уақытқа бағынбайды, ол мәңгілікпен теңесті. Бұрын жасалғаннан айырылу өліммен бірдей. Ал егер табиғи апаттар, әлеуметтік қақтығыстар, жаугершілік келсе, онда көп жағдайда көшпелілердің өзгерген ортаға бейімделуі қиын болады. Ескі құндылықтар жүйесі жоғалып кетіп, қауымдық адамдар жаңа игіліктерді өздеріне пір тұта алмады. Талай атағы жер жарған көшпелілер империялары тарих жолынан шығып қалып жүрді. Бұл

жерде ғұндар мен монғолдардың, түріктер мен арабтардың тарихи тағдырын еске алсақ жеткілікті.

Көшпелі қауымдастықта жеке-дара моральдық қасиет жоғары бағаланған. Мәдени қаһарман көлеңкеде емес, тіршілік майданында толыққанды өмір сүріп, бұл дүниеден өкінбей өткен. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы тұлғаны «Шығыста тек енжар, еріктілігі шектелген, жасампаздыққа бара алмайтын, мүлгіген адамдарды кездестіреміз» деушілер ақиқаттан алыс. Тұлға топ бастаған, жауды қайтарған, ару сүйген, өзін елі мен мұраты жолында құрбандыққа шалуға да дайын. Осындай даралану эгоцентризмге емес, керісінше интерсубъектілікке сүйенеді.

5.2. Көшпелілік мәдениеттің ерекшеліктері

«Көшпенділер өркениеті» деген ұғымды Ә. Марғұлан, К. Ақышев, К. Байпақов сияқты археолог ғалымдар көбірек пайдаланып келді. Соңғы жылдары К. Байпақов Еуразия сахарасында көшпенділер өркениетінің орнына «Дала өркениеті» деген ұғымды қолдануды орынды санайды. Ең алдымен «Дала» деген ұғымның басын ашып алу керек. Оны тек бір шөл деп ұғуға болмайды. Дешті Қыпшақ жерін басып не сан өзендер өтеді. Бір шеті Енесай, Лена, Онон, Керулен, Ертіс, Тобыл, Жайық, Обь, Каспий, Арал, Еділ, Дон, Дунай, Днепр ұлы сахараның сәні мен әні еді ғой. Қазақстан жерінде 45000 өзен мен өзен аңғарлары, 85 мың көл бар екен. Осы ұлан-ғайыр далада өркениет орнауға себеп болған факторлар қандай?

1. Алтайдан Донға дейін созылған Ұлы Дала екі құрлықтың басын қосты. Ол Европа мен Азияның қақпасы, тоқсан тоғыз жолдың торабы. А. Тойнби: «аңдарды үйретіп, қол малы жасауы, өсімдік жинауға үйреніп, оны өсіріп қорек етуден гөрі биігірек өнер, өйткені ол адамның, ақыл-ойы мен ерік-күшін қажет етеді, - дей келіп, - «көшпенділер ат болмағанда мұншама маң даланы бағындырып, керемет қатаң табиғи жағдайда өмір сүре алмас еді, олардың сұңғыла да ұстамды, күшті де төзімді болып келуі сол ат үсті өмірінен» (Тойнби А. Дж. Постигание истории.-М.:Прогресс, 2011.-122 б.), -деп түйеді.

2. Сайын дала Әму мен Сыр бойы арқылы қытай, парсы, үнді, араб өркениеттерімен тоғысты.

3. Сыр мен Әмудария аралығында пайда болған Зәрдеш (зороастр) тәңірлік дүниетаным христиан, будда, ислам сияқты әлемдік діндердің өзекті қағидаларына негіз болды. Дала өркениетін рухы биік халық жасады. Олар тәңірге табынды. Әлемдік діннің қайсысы болса да сахарада орын алды.

4. Қыр баласы табиғи ортамен толық жарасымды болды. Дала перзенті ешбір шектелу дегенді білмеді, бостандықта өсті, төзімтал, өжет болып өсті. Оларға творчестволық эволюция тән еді.

5. Л. Н. Гумилев, т.б. зерттеушілер «көшпенділер» деген ұғымды абсолюттендіреді. Шын мәнінде ұлы сахарадағы халықтың негізгі кәсібі мал бағу болғаны рас. Сонымен бірге ол егін де екті, қолөнерін де дамытты, қала да салды.

Бір сөзбен айтсақ атқа қонған көшпенді географиялық кеңістікті игерді, астраномиялық білімге ұмтылды, зат айырбастау, жаудан қорғану мен шабуылға шығу, металл балқытуды игеру, әскери өнерді жетілдіру, атты әскер мен әскери арбаларды қолданып, бұрын-соңды болмаған жеңіске жету-көшпенділерді замананың иесі етті. Азияның көне көшпенділері еш жерде қайталанбайтын скиф-сібірлік «аң өрнекті» ғажайып бейнелеу өнерін жасады. Бұл өнерді игерген сақ, үйсін, сармат, ғұн сияқты тайпалардың творчествосында көне Қытайдың, Орта Азияның, Таяу Шығыстың, Грекияның отырықшы халықтарының ықпалы байқалады. Алайда, олар жасаған өнердің болмысы өзгеше, дара ғажайып баға жетпес ұлы өнер еді.

Халық өнері әсіресе киіз үй жиһаздары мен ұлттық киімнен айқын көрініс тапты. Қазақ жерінде XIX ғ. айдауда болған поляк Бронислав Залесский былай суреттейді: «Бұл бір ғажайып көрініс: олар көш кезінде, мерекедегідей жасана киінеді, ең әдемі киімдерді, әсіресе байлардың алтын зер төгіп тікке шапандарын осы кезде көруге болады. Ауыл ақсақалы көш бастаса, ер-тоқымына қызыл шұғамен тысталған көпшік немесе кілемше жапқан атқа мінген зайыбы оның соңынан ериді. Атты, атқа салт мініп жүруді жақсы көретін бұл халық ең алдымен көлігінің әбзеліне көбірек көңіл бөледі. Ер тұрман олар үшін барлықтың, байлықтың белгісіндей болып безендірілуге тиіс. Ердің алдыңғы қасын көбіне күміс қаптатып өрнектейді, тіпті қолы жеткендерінің асыл тас орнататындары да болады. Жүген, өмілдірік, құйысқан-бәрі де шебер өріліп, Шығыс үлгісіндегі өрнектермен безендіріледі».

Киім киюдің де өзіндік рәсімі болған. Мысалы, жасөспірім қыздар аң терісінен жасалған, төбесіне үкі тағылған бөрік кесе, жаңа түскен келін әуелі сәукелемен жүрсе, кейін басына желек салады. Отыздан асқаннан соң әйелдер кестеленген кимешекпен жүреді. Әшекей тастарды қолданудың да өзіндік рәсімі бар. Халық інжу көзді шел басудан, көз сүйелінен; құлпырма тас көз тиюден, маржан- азғындыққа түсуден, дүр тасы-жемсау ісігінен сақтайды деп есептеген, әйелдің қолындағы жүзікті ас адалдығынын кепілі деп білген.

Жоғарыда келтірілген деректерден көшпелілік шаруашылық-мәдени типінің адамзаттың материалды және рухани қорына қосқан үлесінің қомақты екендігіне көзіміз жетеді. Кейде «варвар-көшпелілер» жер бетінде қиратудан басқа мұра болып қалатын құндылықтарды қалдырмады деген пікірді еурорталықтық мәдениеттанушылар жиі айтады. Оған дәлелді жауабымен тойтарыс берген ғұлама Л. Гумилев ойын былай түсіндіреді: «Осынау ерекше сахара мәдениеті көне

дәстүрмен тереңге меңзейтін тамырлардан нәр алғанымен, бізге отырықшы елдердің мәдениетіне қарағанда құптарлық дәрежеде белгілі емес. Мұнын мәнісі түркілердің, баска да көшпелі тайпалардың көршілеріне қарағанда дарындылығының төменділігінде емес, олардың заттық мәдениетінің қалдығы – киіздің, терінің, ағаш пен былғарының нашар сақталғандығында болып отыр».

Көшпелілерге кейбір зерттеушілер сияқты ертедегі феодализм өкілдері деп айдар таққанша, олардың кәсіптік ерекшеліктерін атап өткен жөн. Ғылыми әдебиетте көшпелілік өмір салтының мынадай типтік белгілері айқындалған: 1) мал бағу-шаруашылықтың басым түрі; 2) жыл бойы малды табиғи ұстауға негізделген шаруашылықтың экстенсивтік тәсілі; 3) жер жағдайында қарай маусымдық көшіп-қону; 4) қазіргі капиталистік ранчолардан өзгеше шаруашылықтың натуралдық әдістерінің басымдығы.

Генетикалық-туыстық бірлік арқылы да, қарым-қатынастық байланыстардың негізінде де, жалпы типологиялық ұқсастықтардың нәтижесінде де пайда болған ұйымдасушылық типтері әрбір этномәдениеттің өзіндік болмысының төлтума белгілеріне жатады. Оларды айқындау үшін формациялық тәсілдің беретіні аз. Бұрынғыдағы «көшпелі феодализм» ұғымы қазақ мәдениетінің әлеуметтік типтері онша жанаспайтындығы туралы соңғы кезде жеткілікті айтылды.

Егер шаруашылық-мәдени тип адамдардың қоршаған табиғи ортаны меңгеруінің тәсілі болса, онда әлеуметтік-генетикалық типтер жеке тұлғаның басқа әлеуметтік жүйелермен тұрақты және үйлесімді қарым-қатынаста болуының құралы іспеттес. Бұл туралы А.Тарақты өз ойын былай жеткізді: «Ұлы дала, көшпелі өмір салт, маңдайға жазылған соң, сол жазмышқа көндігудің бірден-бір кепілі-адамдар бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп қана өмір сүруі қажет. Бұл қажеттілікті терең сезінген көшпелілер «адамның күні-адаммен» деген принципті тіршіліктеріне тірек еткен. Сондықтан да әрбір көшпелі қазақ туыстық-қандастық жүйені тарата білуді өмір сүрудің нормасы, моральдық-этникалық критерий деп білген. Мұндай дәстүрдің бұлжымай сақталуына жеті аталық үрдіс ұйытқы болып отырған. Бұл орайда, жеті аталық үрдіске ұлттың этнобиологиялық және этномәдени тұтастығын қамтамасыз ететін ғажайып тетік ретінде ден қоюға тура келеді».

Туыстық негізде қалыптасқан рулық-тайпалық адамдардың әлеуметтік бірлестіктері бүкіладамзаттың басынан өткізген ұжымдасу типіне жатады. Бұл туралы этнографиялық әдебиетте жеткілікті жазылған. Сондықтан бұл мәселенің кейбір жақтарына ғана тоқталып өтейік.

Қауымдық тұтастық жеке тұлғалардың келісімге келіп, өз құқықтарын ұжымдық бірлікке беруінен тумады. Қоғам неғұрлым қарапайым болған сайын, оның жеке тұлғалары да бір-біріне ұқсас. Керісінше, әлеуметтік жіктелу төмен деңгейде болғанда, адамдық қауымдасу бітімдерінің арасында, типті, бір құрылықта үлкен алшақтық

байқалады. Яғни, мәдени өрлеудің нәтижесінде бір-бірімен тығыз қатынаста болатын этностар жақындасуда болғанымен, оларды құрастыратын тұлғаларда автономдық, жекелік белгілер айқындала түседі. Мысалы, қазіргі Еуропаның халықтары түрі жағынан бір-біріне ұқсас болса, Азияда үлкен алшақтық бар. Ұжымдасудың типологиялық негізін еңбектің қоғамдық жолмен бөлінуі құрастырады. Жеке тұлғаның дербестілік қалыптаспаған, қауымдық тұтыстық басым әлеуметтік бірлестігін-сегментарлық қоғам деп атайды.

Генетикалық-тектік негізде құрылған көшпелілердің рулық қоғамның, оның таксономикалық басты белгісін ауыл ұғымынсыз түсіндіруге болмайды. Ауыл деп көшпелі түрік этностарының ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан тектік әлеуметтік типке негізделген қоғамдық ұйымды айтады. Этникалық, экономикалық және рухани бірліктің ең басты көрінісі ауыл болды. Қазақ халқында «Ауыл түбі-бірлік, қауым түбі-тірлік» деген мәтел бар. Әдетте, ауылда 5-6 үйден 10-15 шаңыраққа дейін түтін көтерді, ауылдастар бірге көшіп, бірге қонды. Дәстүрлі қазақ ауылы бір атадан тараған ұрпақтардан тұрады. Ауыл ішінде некелік қатынастарға тыйым салынды. Жеті аталық үрдіс дегеніміз экзогамиялық некенің ең қатты сақталатын типіне жатады. Фольклордағы ғашықтар Еңлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамыр осы дәстүрді бұзғаны үшін өлім жазасына кесілген.

Жеті аталық әлеуметтік тип генеалогиялық дүниетанымды қалыптастыруға себебін тигізді. Арғы негізі ілкі атадан басталатын туысқандық қатынастар тармақтары бүкіл халықтың тұтастануының көрінісі болды. Бұл генеалогиялық «ағаш» тек қазақ халқының туыстығын емес, сонымен бірге бауырлас түрік халықтарын да қамтиды. Туысқандық қатынастарды білдіретін кестелер де көп жарияланған.

Көшпелілердің мәдениетіндегі әлеуметтік-генетикалық ұжымдар, рушылдықтың қазіргі кездегі маңызы, трайбализм, патриархиялық үлкен отбасы және т.б. жөнінде әртүрлі көзқарастар бар. Қазақстан егемен ел болғаннан кейін бұрын тиым салынған мәселе-рулық қатынастықтардың құндылық әлемі тарихшылар мен әлеуметтанушылар тұрғысынан жан-жақты зерттеулердің басты объектісіне айналды. Бұл заңды процесс. Жоғарыда айтылып кеткендей, жеті ата үрдісі қазақ мәдениетіндегі шежірешілдік дәстүрмен тікелей байланысты.

Жеті ата үрдісін қалпына келтіру, әрине, рулық-тайпалық жікшілдік пен трайбализмге әкелмейді. Бірақ Л.Гумилевтің сөзін қайталасақ, рулық тартыс көшпелі түрік халықтарының тарихи қарғысы болды. Олардың тарихи дамудағы жемісті кезеңдері рулық-тайпалық ыдыраушылықты жеңіп, елдің бірлестікке жете алған уақыттарымен байланысты.

Кейін елдік тұтастық ұстанымының әлсіреуі жікшілдікке әкеліп, XIX ғ. аяғында бір ғана тәуелсіз түріктік мемлекеттің тарихи аренада қалуына әсер етті. Көшпелі ауылдық қауымға негізделген қазақтардың төлтума әлеуметтік типінің құрылымдық элементтеріне де отандық

әдебиетте тек соңғы жылдары дұрыс баға беріліп жүр. Бұрынғы маркстік қоғамтанудағы «феодал», «ауыл пролетарийі», «қанау», «теңсіздік», және т.б. ұғымдары қазіргі кезде аз қолданылады. Ал «бай», «кедей», «хан», «би», «төре» сияқты ұғымдардың мазмұны мүлдем өзгерген. Туыстық қатынастарға негізделген шағын ауылда тап күресі болды деген, әрине, жансақтық. Тектік негізде ұйымдасқан ауылдық әлеуметтік қатынастарды идеализациялаудан да аулақпыз. Бұл қоғам қоршаған ортаның бірқалыптылығына тым тәуелді еді. Табиғи апаттар, әлеуметтік және саяси катаклизмдер жаугершілік, елдік бірліктің әлсіреуі, ел ел басқарушыларының халық мүддесінен жеке бастарының қамын жоғары қоюы, билік адамның топтасудың бұл типін күрт өзгерген ортада дәрменсіз қылды. Қатты қиысқан жүйенің морт сынатыны белгілі.

XIX ғ. екінші жартысынан бастап қалыптасқан күрделі жаңа жағдай қазақтың ауылдық әлеуметтік типін күйзеліске ұшыратқаны белгілі. Ол батыстық экспанцияға шыдай алмады. Осының нәтижесінде ұлы Абай суреттеп берген тозу, қақтығыс, азғындық, әдепсіздік көріністері ауылдық-тектік қоғамды жайлап кетті.

Экстенсивті малшылыққа негізделген көшпелілік шаруашылық-мәдени типінің қарқынды дамуы үшін жайылымдық кеңістіктің ұлғаюы қажетті еді. Алайда XV-XVI ғғ. бастап Еуропадағы мемлекеттер күшейіп, әлемнің жаңа бөлісін бастады. Индустриалды қоғамға бет бұрған батыс елдері және олардан үлгі ала бастаған Ресей территориялық экспанция саясатына көшті. Көшпелілер заманның жаңа талабына жауап бере алатын ішкі күштерін таба алмады және оларды алауыздық пен өзара тартыс ауруы әбден мендеп алған еді.

Сонда да көшпелі шаруашылық-мәдени типі дүниежүзілік мәдениетте өзіне тиісті құнды орын алады. Номадалардың ғасырлар бойы жинақталған шаруашылық мәдениетін қазіргі кезде де ескеріп, дұрыс қолдану тарихи сабақтастықтың кепілі болып табылады. Сонымен, қазіргі қазақ халқының материалды мәдениетінің архетипінде екі шаруашылық-мәдени тип бар. Көшпелі шаруашылық-мәдени типі XX ғ. дейін жетекші шаруашылық тәсілі болып келді. Ол б.з.б. IX-VII ғасырларда Қазақстан жерінде қалыптасқан. VI-XII ғғ. оазистік-дихандық-қалалық мәдени-шаруашылық типімен синхронды өрістеп, XVIII ғ. бастап күйзеліске ұшырады. Көшпелілердің ұрпақтары бұл екі мәдени типтің бастамаларын өз бойында синкреттік түрде сақтады.

Қазақтың және оның арғы аталарының қоғамындағы әлеуметтік жіктер мен топтардың қарым-қатынасын марксизм тұрғысынан «қанау», «феодализм» деп сипаттаудың ауылы шындықтан алыс. Өйткені туысқандық қатынастарға негізделген көшпелі қауымда құндылықтар да басқаша сипатта болды. Осы жөнінде белгілі түріктанушы Мұрад Әджі былай дейді: «Далалықтарда зат емес, керісінше әрекет пен руханият құндылық қасиеттеріне ие болды. Шығыс мәдениеті мен шығыс дүниетанымы ең алдымен материалдық негіздерге емес, керісінше

руханиятқа табынған. Сылдырмақ алтындар-бос нәрсенің сыртынан ғана жылтырауы. Ат-алтыннан да жоғары бағаланған. Тағы қылыш пен садақ. Далалыққа үш тілек қасиетті болып табылған. Біріншісі-ат ерттеп міну. Екіншісі-ет жеу. Үшіншісі-әйел алу. Шығыс мәдениетін бойына сіңірген шығыс адамының психологиясы руханияттың материалдықтан басымдығы қағидасымен қалыптасқан. Бұл өте маңызды жағдай және ол көптеген тарихи оқиғалардың, тіпті адамдардың трагедияларын түсінуге мүмкіндік береді» (Мурад Аджи. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи.-М., 1999.-176 б.).

Әрине экономикалық стимулдардың төмендігінің көшпелілер үшін теріс әсері де жеткілікті: еңбек өнімділігінің бір қалыптылығы және техникалық инновациялардың жоқтығы. Бұл көшпелі қауымның батыстық, ресейлік және қытайлық экспансияға қарап тұра алмауына әкелді.

Арнаулы зерттеулерде көшпелі қауымдағы әлеуметтік теңсіздікті кемітіп, адамдық ынтымастықты арттыратын этикалық тетіктер аталып өтеді. Мысалы, қазақтың құқық мәдениеті тарихын зерттеудегі Сәкен Өзбекұлы Абайдың Шар съезі ережелерін талдай келе, «сойыс, қонақ асын бермеген адамға ат-шапаннан түйе құнына дейін айып салынады» дейді. Қазақ даласын көп зерттеген И. Георги мынандай куәлік келтірген: «Қазақ байлары нашарларына мал бөліп береді, ал олар оның қарымтасына ырза болып өзінің қамқоршысының малына көз қырын салып жүреді. Егер кімде-кімнің табыны көбейіп кетсе, бұл Алланың ырзығы деп кедей адамдарға мал бөледі. Егер жаңағы мал иесінің болашақта ырзығы толмай жүрсе, мал алғандар еш міндет өтемейді, ал егер жұттан малы қырылса, не ұрлап әкетсе, шауып алса, не басқа бір қырсықтан малынан айырылса, бұрын ол ырза қылған адамдар өзінің жасаған жәрдемі арқылы өз малын мәңгілік қылып жібереді». Осындай дәстүрлердің қатырында шүлен тарту (байлықтың бір бөлігін кемтар, бишара, науқас, жетім-жесірге таратып беру), қызыл көтеру (мертіккен малды 12 мүшеге бөліп сатып алып, құнын мал иесіне беру), жылу (кенеттен кедейлікке ұшыраған адамға рулық тегін көмек беру) т.т. атап өткен жөн. Олардың мәдени негізінде қонақжайлылық жатыр. Бұл феномен туралы қазақ әдебі тарихына қатысты еңбектердің көпшілігінде нақтылы деректер келтіріледі.

Біз қонақжайлылықтың аңыздық, сакральды тұрғыдан әдеп пен әдет нормасы ретінде көрсетілгеніне назар аударамыз. Мысалы, Алаша хан өз байлығын үш ұлына бөліп беріп, былай деген екен: «Көшпелі өмірдің жағдайларына байланысты сендердің өмірлерін отырықшылықтан бөлек болғандықтан да оның саудасы мен базарынан әр жолаушы, қайда барса да өзіне белгілі ақыға жатар орын табады: сендердің араларыңда осындай ыңғайлылықтың жоқтығына байланысты тараған ұрпақтарыңа, олардың бір-біріне қатынас жасауы қиынға түседі, себебі, сендер жарты күндік жолға өз қойларыңды, ал одан алыс шыққанда тіптен алып жүрмейсіңдер

ғой, міне сондықтан менің сендерге айтатын мәңгілік өсиетім: бір-бірлеріңе барғанда тамақ үшін ақы алмандар, бір-бірлеріңе үнемі қонаққа шақырылғандай болыңдар, соның нәтижесінде бір-біріңе қонақ асы беретін құқықты немесе ақы төлемей жататын орын және тамақ беруді пайдаланыңдар-осыған менен қалған байлықтың төртінші бөлігін алып, оны тек өз меншіктерің деп санамай, жалпы бөлінбейтін игілік, ғасырға кеткен енші деп таныңдар».

Әрине, миф мен аңызда қауымдық ынтымақтастық қарағар жақтарынан арылып, мұрат тұтатын қоғам ретінде суреттелген. Егер тарихи сананың шежірешілдік пен мифтік санадан айырмашылығын ескерсек, онда көшпелі қауымда «элитарлық» тұлғалармен қатар қауымға жатпайтын құлдар мен өздерін қауымнан аластағандардың болғанын ескерген қажет. Әдет пен әдеп аймағынан өздерін тыс қойған адамдардың болғаны ежелгі мәдени мәтіндерде бейнеленген «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған», әсіреленген әлеуметтік мәдени тұтастықта ағайын арасындағы келеңсіздіктер мен араздықтар, қатігездік пен күш көрсетудің кейбір көріністері әдейі көмескіленген. Талас пен тартыс, ішкі қайшылықтар мүліктік теңсіздіктен және адам еркіндігін шектеуден туады.

Көшпелі қауымдастықта жеке-дара моральдық қасиет жоғары бағаланған. Мәдени қаһарман көлеңкеде емес, тіршілік майданында толыққанды өмір сүріп, бұл дүниеден өкінбей өткен. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы тұлғаны «Шығыста тек енжар, еріктілігі шектелген, жасампаздыққа бара алмайтын, мүлгіген адамдарды кездестіреміз» деушілер ақиқаттан алыс. Тұлға топ бастаған, жауды қайтарған, ару сүйген, өзін елі мен мұраты жолында құрбандыққа шалуға да дайын. Осындай даралану эгоцентризмге емес, керісінше интерсубъектілікке сүйенеді. Батырлық рухпен қуатталған жырау үшін тек көпшіліктің мүддесін білу және қорғау маңызды емес. Ол коллективтік ұмтылыстың бір мүшесі де емес. Оған сана мен ерік дербестілігі тән. Сондықтан жауаптылықты да өзіне ала алады.

5.3. Ортағасырлық көшпелі дүниетаным негізі

Адамзаттың тарихында номадизмнің қалыптасуы прогрессивтік қадам болды, өйткені оның бірқатар жағымды және қолайлы жағдайлары шекаралас жерлерде тұратын, жер шаруашылығымен айналысатын елдердің және қала мәдениетінің элементтерін тартатын. Занды түрде маңызды мәселе көтеріліп тұр: номадизм осы жерлерге келгенде осында бұрын болған көркемдік әрекеттердің түрлерін сақтап қалды ма, әлде керісінше, өзімен бірге осы жерлерге көркемдік мәдениеттің жаңа формалары мен құралдарын әкелді ме?

Көшпелі қауымнан дараланып бөлінген хан, сұлтан, бек, тархан, ру басы, мырза, бай, би сияқты тұлғалардың әлеуметтік статусы олардың қоғамда атқаратын қызметімен қоса рухани-мәдени факторлармен де негізделіп отырылған және бұл аңыздық қасиеттермен толықтырылған.

Мәдени қаһармандар тек реалды кеңістік пен уақыт өрісінде әрекет етіп қоймай, мифтік континиумда қатар өмір сүрген. Тарихы оқиғалар аңыздық қосымшалармен тұтасып кеткен. Батырлар мен хандар ғажайып өмірге келеді, тез ержетеді, тұлпарымен сөйлесе алады, тылсым күштерге иелік етеді, Ғайып Ерден Қырық шілтен, Түкті Баба Шашты Әзиз, пірлер мен аруақтар оларға қолдау көрсетіп отырады. Өткен уақыт пен баяғы кеңістік қайтадан келгендей болады. Мезгіл мен мекен мәдени қаһарманның төңірегінде қоюланып тоғысады. Осы жөнінде М. Әуезов мына бір ойын алға тартады: «Ескілікті әңгімелердің бірсыпырасы белгілі бір хан мен патша немесе бір белгілі, асқан бидің айналасында жиналған болады. Ескілік әңгімелерін кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп те жинап қояды. Орыс жұртының ескіліктегі батырлар әңгімесінің барлығы «Қызыл күндей Владимирдің» айналасында жиналған. Араб жұртының ескіліктегі әңгіме, ертегісінің көбі Арон Рашид патшасының айналасында жиналған. Қазақ атаулы елдің ноғайлы дәуірінен қалған әңгіме-жырларының көбі Орманбет би заманының маңызына жиналған. Онан соң қазақтың ноғайдан бөлініп шығып, қазақ атанып, бөлек хандық құрып жүрген заманнан қалған ескілік әңгімелерінің көбі Әз Жәнібек ханның тұсында болдың. Тарихи инверсия бұрынғы мәдени қаһармандарды бізге жақындатады, тіпті арамызда жүргендей әсер қалдырады. Сол себепті Қобыланды мен Алпамыс та, Еділ мен Едіге де, Жәнібек пен Абылай да біздің замандастарымыз сияқты. Сондықтан мәдени қаһармандар біздің қазіргі өмірімізде де жақсылық пен жамандықтың арасындағы таңдауда үлгі мен бағыт беретін кейіпкерлер болып табылады. (Әуезов М. Таңдамалы.-Алматы: Энциклопедия, 1997.-512 б.). Мәселенің бұл қыры ары қарай талдауды қажет етеді.

Мифтік ұғымның араласпайтын жері жоқ. Құс пен жануарлар тілін адам тіршілігіне көшіру үшін, әрине, олармен тікелей байланыс, қарым-қатынас қажет, әр нәрсенің, заттың нақты қадір-қасиетін білу керек. Жылан әдетте батырға ақылгөйлік, даналық дарытады, емшілік, балгерлік ғаламат дарын сыйлайды. Аңдар тілін жете ұқтырып, қажет кезінде солардың өзіне де айналдырып жібіре алады. Осыншалық ғұлама білім, құдірет күш қанына, жанына әбден сіңуі үшін жылан батырды жұтуы керек, немесе керісінше, ол жыланның денесінен жұлып жеп дәм татуға тиіс. Самұрық құс Құдайбергенді жұтып жібереді де, қайта құсып, лақтырып, жарық дүние көрінетін ғажайып айнаны тауып алуына жәрдемдеседі.



Сурет. Самұрық құс.

Мифтерде де, ертегілерде де жалпы айналмалы, ауыспалы сарын мықты дамыған. Хан тыңшылары Құдайбергенді тас төбешікке айналдырып жібереді, ал оның ордасының оң жағындағы бұрынғы тас үйіндісі Жалмауыз кемпірдің дәу ұлы боп шығады. Құдайбергеннің қайтыс болған балықшы өгей әкесі Тасшылардың қызы Айсұлуды тәрбиелеп, су астында өмір сүретін етеді. Соның талап етуі бойынша ғана хан Құдайбергенді қайта тірілтеді. Айсұлудың өзіне де зымиян бақсыны инеге айналдырып, жан-перілерді орамалымен бір желпіп қалып жанына жинап ала қоятын керемет сыйқырлық қасиет дарыған.

Өліп, қайта тірілу, жан бітіріп, жан көшіру-ғасырлыр бойы халық санасында, салт-дәстүрінде ұялап келген ежелгі наным-сенім қалдықтары. Жануарларға табынуға, қоршаған ортаның көзге көрінбейтін құпия қауіп-қатерімен жасқап, әйелдерді үйден ұзатпай, тұмшалап ұстауға байланысты туған әр қилы тыйым салу (табу) жүйелері бұл.

Көне дүние көшпелілері үшін су-шейіттер патшалығы. Оған кеткендер қайтып оралмайды. Жер тіршілігіне ұқсас құралғанына қарамастан, бұл-қыршын өмірлерді қылғып жұтып жатқан мүлдем басқаша әлем-су асты әлемі. Көзге көрінбейтін Албасты осы әлеммен сабақтас, екі қабат әйелдердің ажалы содан, өкпесін ұрлап алып, суға атып жібереді. Албасты туралы Гильгамеш дастаны мифологиялық суреттерге тұнып тұр. Бірақ соның өзінде де ол эпикалық дәстүрлермен келісті дараланған. Жын-пері, құбыжық, құдайлар мейлінше молдығына қарамастан, мифологиялық үлгілер мұнда керемет көркемдік мәнісін тапқан. Эстетикалық айырықша қадір-қасиетке бөлініп, біраз өңделіп, қорытылып, жаңа ұғыммен, дүние туралы жаңаша түсінікпен байыған. Жаратылысты тәуелсіз, ақиқат бар болмысымен жан-жақты тану талпынысы кәдімгі іс адамы қызметімен өрістес тұтас бір мифтік мәнердің қалыптасуына қолайлы негіз қалаған.

Дәстүрлі көшпелілік дүниетанымдағы «өліммен күрес» уақытқа қарсы күрес ретінде «алғашқы жұмақтық уақытқа оралуды» меңзейтін ұстындармен, қимыл-әрекеттермен, яғни символдық ойлау категорияларымен берілсе, исламдағы «өліммен күресу» уақытпен алға

қарай жарысу, болашақтан үміт етуге негізделген. Дегенмен, «өлімнен қашу», «өліммен күрес», «өлімді қабылдау», «өлімді аңсау» сияқты құбылыстар психологиялық абстрактілі салмақтағы ұғымдар. Тәңірлік сенімде «өлімнен қорқуды» қамдық институт реттеп отырады. Бақсылық адамға «өліп-тірілу» тәжірибесін үйретеді. Яғни, тек бақсылар ғана өлімді таниды. Өлімді тану-қорқыныш-үрейдің жойылуы деген сөз. Ал исламда кез келген адам иман арқылы өзінің «өлімнен қорқу» сезімін реттеуге қабілетті.

Сақтар мен савроматтардағы отқа табыну ғұрпы о баста күнге табынудан шыққан. Күн мен от зұлым, қас күштерден қорғап, тазартады деген ұғыммен молаларды өртеп тазарту әдеті савромат, сақтарда көп кездеседі. Ғұндар мен үйсіндер, сақтар қабірлерінен жиі шығатын қызыл бояу сол қасиетті күн мен оттың рәмізі болған. Тотемдік және магиялық ескі түсініктер тұмарлар асудан, тас моншақтар қадау, киімге құс қауырсындарын тігіп алудан, ұлу, жылан бас сүйектерін тағудан байқалған. Скифтердің де, ғұндардың де өмір салтында жауынгерлік асқақ рух күшті дәріптелген. Сондықтан да наным-сенімдер сақ-ғұн қоғамының тірегі-жауынгерлердің соғыс қабілетін, соғыстағы жеңіске деген сенімін нығайтуға қызмет еткен.


Архетиптік сипаттағы мәдени символдар өздеріне құпиялылықты, құдіреттілікті сақтаған. Олар терең эмоцияны тудырады сөзсіз. Бұл жағдайда мәдениет белгілі бір жүйе ретінде, адам және оны қоршағана ақиқат арасында тұрған жүйе ретінде танылады, яғни әлемнен түсетін хабарды өңдейтін тетік ретінде танылады. Сонымен қатар берілген бір мәлімет өте маңызды орынға ие болады да, ал енді біреуі белгілі бір мәдениет саласында ғана танылады. Керісінше, басқа мәдениеттің тілінде бұл мәлімет өзгеше сипатта болады. Осылайша мәдениет жалпы семиотикалық жағдайда адам және әлем арасында орнайтын қарым-қатынас жүйесінде түсіндіріледі. Бұл жүйе бір жағынан оның әлемді осылайша модельдейтіні анықталады, бір жағынан адам тәртібін анықтайды (Лотман Ю.М. О мифологическом коде сюжетных текстов//Сборник статей по вторичным моделирующим системам.-Тарту, 1973.-276 б.).

Ежелгі діни нанымдар, мифтер мен аңыздар адамдардың рухын көтеру үшін, табиғатпен өзара байланысын қалыптастыру үшін қолданыста болған, әрі халықтың тарихи тағдырына, дамуына әсер еткен. Олардың мән-жайын идеялық тегі мен тарихи тұрпатын ашып көрсету аса күрделі, себебі сырттай қарағанда кез-келген діннің болмысы ессіздік сияқты немесе тіпті бір түсініксіз нәрсе болып көрінеді. Ал сол ессіздіктің өзін танып білу үшін кемел зерде қажет. Мұны түсіну үшін көне этнографиялық материалдарға, ертегілер мен аңыздарға, мифтерге жүгініп терең зерттеуді талап етеді. Олардың түп-тамырын тарихи этникалық кең аяда танып түсіндіруге болады. Ұлтық маңызы бар мифтер мен аңыздар діни наныммен байланысты аңыздармен сәйкес келе

бермейді, тіпті қайшы келуі де ғажап емес. Мысалы, қазақтың болмысы ежелден әулиеге немесе аруаққа сену, әулиелер арқылы емдеу сияқты мықты дәстүрлері мұсылмандыққа қайшы келеді. Біздің мақсатымыз халқымыздың дәстүрлі рухани жөн-жорасын суреттеп беру емес, оның әлеуметтік мәніне ғылыми талдау жасап, жарамды жақтарын ашып беру арқылы, қалайда өсіп келе жатқан ұрпақтың сана-сезімін, рухын, талғамын кетеру. Осы баяндамада қазақ өркениетінің қалыптасуында үлкен орын алған ұлттық рух, ұлттық сана, қала берді философиясы, мифологиясы туралы біраз сөз қозғамақпыз.

Сенім-нанымдардың тамыры сонау көне заманның тарихи койнауында жатыр. Ежелгі заманнан бізге там-тұмдап жеткен тарихи мұрағаттар тас пен қола дәуірлер кезеңінде даламызда анимистік табиғатпен сырласып, сіңісе білгенінің айғағы. Табиғаттың тылсым күштерін жанды деп түсініп, оларға адам қасиетін, белгісін телу дәстүрлері болған. Ол құбылыстарға жан бітіріп, иесі бар-мыс, олардың тәңірі бар деп, тәңір иеге бағыну туындаған. Элиаденің сөзімен айтқанда, «күнделікті өмір тіршілігінде орын алған сыртқы күштердің адам бойында қайта қиял түрінде бейнеленуі, жаратушыға еліктеп жер бетінде моделін жасай білген» (Eliade M., Joan P. Couliano. Dinler Tarihi Sözlüğü.- İst.:Çev:Ali Erbas. İnsan Yayınları, 1997.-S. 366.).

Сонымен, дәстүрлі-наным сенім, ырым мен жораның, әдет ғұрыптың, талғам мен түйсіктің, наным мен танымның сипаты табиғилықтан бастау алып, көшпелі өмір салтымен қойындасу, ал заттар мен өмір құбылыстарының тіршілік талабымен үйлесе сұрыпталуынан туындаған. Алматы маңында табылған Таңбалы баурайындағы тасқа қашалған құдай тұлғалары күн дидаклы адам пішінді болып келетіндігі сондықтан. Қола дәуірінің соңғы кезеңінде бұл діни түсініктер одан әрі дамыған. Мұнда затты пір тұту, затты киелеу, бірте-бірте сол затты құдірет күш иесі деп тануға ұласады. Төрт-түлік малдың иелеріне деген мадақ-сенімнің белең алған тұсы да осы кез. Сенім-нанымның түп төркіні, діни-идеяларды адамдардың әлеуметтік қарым-қатнасымен сабақтастыра отырып, қазіргі таңда оған басқа сипатта қарауды талап етеді.



Сурет. Таңбалы

Ғасырлар қатарынан бізге жеткен ежелгі рухани мұрағаттар қатарына жататын салт-санамен дәстүр әлеуметтік психологияның саласы. Бұл бай мұраларды игеру, әлем заңдылықтарын игеру, қиял мен шындықты, жарық жалғанның болмысы мен бопсасын, күйкілігі мен күдіреттілігін таба аламыз. Адам баласы қашаннан-ақ дүниені ақиқат қалпында қабылдауға құштар. Адамдар қоршаған ортаны ғылыми таным ретінде білмей жатып-ақ, диалектикалық әдіспен ойлайтын болған, себебі табиғатқа өте жақын, табиғаттың тылсым сырымен астасып, бірлесіп өмір сүріп, табиғаттан үйреніп, өмір сүруі, халықтың рухани болмысының өзегі. Халықтық бұл ақыл-ой, зерделі, өмірлік тәжірибесі (фольклор, музыка, би, сәулет өнерінде) жинақталған.

Қазақ мифологиясының және философиясының қайнар көздері ежелгі дүниеде, бұрынғы протоқазақтардың және қазақтардың мифологиялық алғашқы философиясында (б.э. д. I-II мыңжылдықтар) жатыр. Қазақ халқы көптеген елдердің өзара әсерлесуі мен бірігуінің арқасында пайда болып, олардың әртүрлі мәдени қырларын мұралап, кезіндегі жетекші өркениеттің-сақ өркениетінің мұрагері болып табылады. Олар толық қанды қазақ өркениетін қалыптастырды.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қазақ халқы көшпелі рухани мәдениетіне тән өзіндік сана сезім немен анықталады?
2. Номадалық кезеңдегі халық поэзиясының формалары, көрнекті өкілдері тураплы не білесіз?
3. Қазақтардың көшпелілік әдептілік нормалары қалай анықталады?
4. Номадалық кезеңдегі салт-дәстүрлер мен мереке-мейрамдар, халықтың рухани мәдениетіне тән өзіндік сана-сезімдер?
5. Еуразиялық кеңістіктегі номадтар мәдениетінің қандай негізгі белгілерін білесіз?

6. АРҒЫТҮРКІЛЕР МЕН ТҮРКІЛЕРДІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Мақсаты: Түркілік мәдени мұрасы талданып, ондағы арғытүркілер мен түркілердің рухани мұрасының мәдениеттегі алатын маңызы зерделенеді. Түркілік дүниетанымдағы әлем суреттемелері рәміздік негізде дүниетанымның мифологиялық формасымен байланыста қарастырылып, шаманизм мәдени архетип ретінде тұжырымдалады.

6.1. Түркілік мәдени мұраның ерекшеліктері

Түркі өркениеті өте ерте дамыған және ол қала мен даланың синтезі. Ендеше, біздің жерімізде мемлекеттің жабайы түрі емес, кемеліне жеткен түрі болған. Б.з.д. V ғасырда бұрынғы үйсін мемлекеті жөніндегі қазіргі Қытай жерінде көптеген зерттеулер бар.

Түрік қағанаты кейінгі түргеш, ұйғыр, қарахан, қырғыз, хазар қағанаттарына қарлық, оғыз, қимақ мемлекеттеріне, Алтын Орда, Жошы ұлысына, қазақ хандықтарына жол салды.

Л.Н. Гумилевтің пікірінше, тәңірге табынушылық аспан мен жер арасындағы көзқарастардың басын қосқан дүние деп мойындайды. Л.Н. Гумилев ғұндар туралы айта келіп, Қытай елшісі (245-250 ж.ж.) Кампучияда болған кезінде ғұндардың жазуына ұқсас жазу көргенін ескертеді. Ендеше Орхон-Енесай жазуының түпнұсқасы тым алыста жатыр. Қ.И. Сатпаев өзінің 1942-жылғы өкіметке жолдаған хатында 81 жастағы Мұрын Сенгірбаев жыраудың 18 жастан бастап «Қырымның 40 батыры туралы» сияқты жырларды орындағанын жазыпты. Ол Сыпыра жыраудың, Әбіл жыраудың, Нұрым жыраудың мұрагері. Мұрын жырау әрбір жырды 7-10 күннен жырлайды екен (Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары.-Алматы: Қазақ университеті, 1991.-400 б.). Сонда 40 жырға 400 күн керек емес пе?

Міне, осылай Қытай, Иран, Византиялық өркениеттермен тоғысқан түркілер жаңа мәдениет типін қалыптастырды. Егер бірінші түркі қағанатында соғды тілі үстемдік етсе, екінші түркі қағанатында руналық жазу тарады. VII-XIII ғ. қалған Монғолия мен Алтайда, Хакасия мен Тувада, Шығыс Түркістан мен Жетісуда көне түркі алфавитімен жазылған 200-ден астам ескерткіштер қалды. Ал біздің жыл санауымызға дейін V ғасырда өмір сүрген Есік жазуындағы 17 әріптің 13 көне түркі руникалық алфавиті екенін айтсақ түркілердің жазуы, өнері тым ерте екендігі көрінеді. Д. Клеменецтің көне түркілерді «тамаша халық» деуі осыдан. VI ғасырда түркілердің әдеби тілі қалыптасты, көрші шығыс мәдениеті игеріле бастады.



Сурет. Руналық жазу

Кезінде кеңестік шығыстанушылар орта ғасыр дәуірінде жеті тарихи-мәдени өлкелер қалыптасқанын мойындағанды: еуропалық, араб-исламдық, орташығыстық, Оңтүстік Азиялық, Орталық Азиялық, Қиыр Шығыстық, Оңтүстік Шығыс Азиялық. Академик Н.И. Конрад алғашқы кезде мәдени қарым-қатынаста көне

халықтардың мәдениеті үстем болды, ал екінші кезеңде жаңа ортағасырлық әдебиет туындаған кезде жас халықтарға кезек тиді, олар ортағасырлық әдебиет жасады-жапондық, жаңа үнділік, жаңа түркілік, жаңа ирандық, арабтық, армяндық, грузиндік, славяндық, романдық, германдық (Конрад Н. Запад и Восток. Традиции и современность.-М.:Наука, 1993.-403 б.),-деп атап көрсетті. Міне, осылай түркі өркениетінің қанат жайып, түркі әдебиетінің өскен кезеңі Түркі қағанатының тұсына келеді. Егер біз Египет өркениеті 6000 жыл бойы дамып, өзін танытты десек, жас түркі өркениеті алда кеткен өркениетті аса жылдамдықпен қуып, баса көктеп өркендеді.

Түркі қағанатының ғажабы-тайпалық томаға тұйықтық көзқарас орнына жалпы империялық, жалпы түркілік идеология орнады. Кейін империя құлаған кезде бұл тайпалардың мемлекеттігінде бір әдеби тіл, жазу, бірегей саяси-әлеуметтік жүйе, материалдық мәдениеттің бірегей нормалары сақталды. Сайын даладағы халықтар өздерінің бір мәдени ортаға қосылатынын білді, осының негізінде болашақ түркі тектес халықтардың бірегейлігі беки түсті. Ал бірегейлік Алтайдан Дунайға дейінгі қыпшақ даласында одан әрі жалғасын тапты. Ұлы Жібек жолы трансконтиненталды трасса сайын сахарада дала мәдениетіне қала мәдениетін қосты.

Исламды қабылдағанға дейінгі прототүркі және түркі көшпелілерінде «басқарушы» топтың әлеуметтік орны арнаулы дәстүр мен салттық сананың бақылауында болды. Бұл дәстүр көптеген жағдайда хандар мен бектердің билігін қауым мүдделері тұрғысынан шектеуге бағытталған. Осы себепті осы әдептік тұтастыққа қатысты автаркия мен деспотия туралы айту орынсыз. Мысалы, қытай тарихшылары көшпелі түрік иеліктерінде хан мен бектердің қатардағы тайпаластарынан артықшылығы аз екенін және соғыс жағдайында ғана олардың билігінің артатындығын атап өтеді.

Зерттеушілер көшпелі мемлекеттерде «хан талау» деген дәстүрдің болғанын айтып өтеді. Бұл бір сипатта Дж. Фрезер мен З. Фрейд еңбектерінде кездесетін архаикалық «көсемді құрбандыққа шалу» сарынымен ұқсас келеді. Аталған үрдіс қазақ хандығында да сақталып келген. Мысалы, Орынбор губернаторы Ваконскийдің мына бір куәлігі бар: «Күшті ру басылары немесе топтасқан барымташылар ханға бағынбақ түгіл, оның малын тартып алады». Тағы бір куәлік: Әбілхайыр хан Ресейге бодандыққа ену туралы келісімге келгеннен кейін, ел жиыны оны өлім жазасына бұйырады және сонда бұл үкімді Барақ сұлтан жүзеге асырады. III. Уәлиханов та осы сипатта өз дәлелін келтіреді. «Қазақтың ешқандай ханы Абылайға дейін шексіз билікке ие болған жоқ. Ол бірінші болып өз кеңестерімен хан билігін тежеп келген күшті ру басылары мен сұлтандарды бағындырды, тек халық жиынының ғана шешімімен

берілетін өлім жазасын өзі бұйыруға мүмкіндік алды» (Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 т.-Алма-Ата: Наука, 1976.-94 б.).

Бумын, Естемі, Білге, Күлтегін, Тоңыкөк қағандар «елдік» принципін басшылыққа алып, мәдени тұтастықта түрік халқы үшін басты қауіп табғаштан (Қытайдан) келеді дейді. Табғаштар жібек маталарымен қоса өздерінің өмір салтын, діні мен ділін арамызда таратып, түбінде түріктерді бодандандыруды көксейді. Сол себепті ішкі бірлікті нығайту қажет. Біз, әрине, мәдени қаһармандар ретіндегі елбасылардың орны мен қызметін әсірелеуден аулақпыз. Бір орталыққа бағындырылған биліктің жеткіліксіздігі ру-тайпалық сепаратизмді өршілендіріп жіберуі мүмкін. Бұл жағдайда, Л. Гумилев айтқан, түрік тайпаларының тарихи қарғысы-рулар қақтығысы орын алды.

Біздің өркениетіміз өте ерте дамыған және ол қала мен даланың синтезі. Ендеше, біздің жерімізде мемлекеттің жабайы түрі емес, кемеліне жеткен түрі болған. Б.з.д. V ғасырда бұрынғы үйсін мемлекеті жөніндегі қазіргі Қытай жерінде көптеген зерттеулер бар. Түрік қағанаты кейінгі түргеш, ұйғыр, қарахан, қырғыз, хазар қағанаттарына қарлық, оғыз, қимақ мемлекеттеріне, Алтын Орда, Жошы ұлысына, қазақ хандықтарына жол салды.

Л.Н. Гумилевтің пікірінше тәңірге табынушылық аспан мен жер арасындағы көзқарастардың басын қосқан дүние деп мойындайды. Л.Н. Гумилев ғұндар туралы айта келіп, Қытай елшісі (245-250 ж.ж.) Кампучияда болған кезінде ғұндардың жазуына ұқсас жазу көргенін ескертеді. Ендеше Орхон-Енесай жазуының түпнұсқасы тым алыста жатыр. Қ.И. Сатпаев өзінің 1942-жылғы өкіметке жолдаған хатында 81 жастағы Мұрын Сеңгірбаев жыраудың 18 жастан бастап «Қырымның 40 батыры туралы» сияқты жырларды орындағанын жазыпты. Ол Сыпыра жыраудың, Әбіл жыраудың, Нұрым жыраудың мұрагері. Мұрын жырау әрбір жырды 7-10 күннен жырлайды екен (Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары.-Алматы: Қазақ университеті, 1991.-400 б.). Сонда 40 жырға 400 күн керек емес пе?

Міне, осылай Қытай, Иран, Византиялық өркениеттермен тоғысқан түркілер жаңа мәдениет типін қалыптастырды. Егер бірінші түркі қағанатында соғды тілі үстемдік етсе, екінші түркі қағанатында руналық жазу тарады. VII-XIII ғ. қалған Монғолия мен Алтайда, Хакасия мен Тувада, Шығыс Түркістан мен Жетісуда көне түркі алфавитімен жазылған 200-ден астам ескерткіштер қалды. Ал біздің жыл санауымызға дейін V ғасырда өмір сүрген Есік жазуындағы 17 әріптің 13 көне түркі руникалық алфавиті екенін айтсақ түркілердің жазуы, өнері тым ерте екендігі көрінеді. Д. Клеменецтің көне түркілерді «тамаша халық» деуі осыдан. VI ғасырда түркілердің әдеби тілі қалыптасты, көрші шығыс мәдениеті игеріле бастады.



Сурет. Есік жазуы

Дала өркениетінің бір белесі моңғол шапқыншылығы тарихына байланысты. Сөз жоқ, бұл шапқыншылықты Европа варварлардың ісі деп біледі. Ұлы Евразия даласында пайда болған мемлекеттер жаңа мәдени-әлеуметтік тұтастықтың көрінісі болды: «Түріктер мен татарлар бәр-бәрі Кіндік Азиядан келіп, тарихта елеулі рөл атқарды. Көпшілігі олар көшпенді болғандықтан варвар болуға тиіс деп ойлайды, ал бұл қате түсінік» (Конрад Н. Запад и Восток. Традиции и современность.-М.: Наука, 1993.-403 б.).

Моңғолдар сан емес, жауларын сапамен жеңді, онда да тәртіп, ғажайып ұйымшылдықта болды. Әлемді таңдандырған жеңіс Шыңғыс ханның асқан қолбасшылық өнерінің арқасы еді. Бұл арада Шыңғыс ханның жиһангерлігін емес, өркениеттік дәрежедегі жасампаз қайраткерлігін айту керек. Далалық мемлекет басқару жүйесі сол кезде шыңдала түсті. Моңғолдардың адат заңы ғасырлық халық тәжірибесі үлкен Ясыға-Кодекске айналды. Оған бас қағанның өзі бағынуға тиіс болды. Моңғолдардың Ұлы мәжілісі-Құрылтай хан сайлады, іргелі мәселелерді шешті. Бұл тәртіп империя өз құрамына отырықшы халықты қосып алып, мемлекет көшпелілік сипатын жоғалта бастаған кезде де өзгермеді. М. Аджи Шыңғысханның түбі түркі екендігіне назар аударды (Мурад Аджи. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи.-М., 1999.-21 б.). Бұл пікірді кезінде академик В. Бартольд та айтқан-ды. З.В. Тоғанның айтуынша, Шыңғыстың бабалары өздерін Ергүнікөннен шыққан көктүрікпіз деп санаған (Кокалып З. Түрікшілдіктің негіздері.-Алматы: Мерей, 2000.-128 б.).

6.2. Арғытүркілер мен түркілердің рухани мұрасы

Қазақтың арғы ата-тектерінің дүниені мифтік тұрғыдан түсінуі әлемдік үлгілермен сабақтас. Мәдениеттанулық структурализмнің өкілдері (В. Пропп, К. Леви-Строс) әр түрлі халықтардың мифтері мен салт-дәстүрлерін зерттей келе, олардағы құрылымдық ұқсастықты атап көрсетті. Мысалы, ежелгі гректердегі Циклоп пен түрік халықтарындағы Төбекөз туралы мифтер тек мазмұндық емес, сонымен бірге құрылымдық ұқсастықты танытады. Көк Тәңірі, Жер-Су мен Ұмай ананы айтпағанның өзінде, түрік халықтарының арғы Ата-тек туралы түсініктері тарихтың

алыс қойнауларында қалыптаса бастаған. Көк бөрі туралы аңыздар, Ш. Айтматовтың және Ю. Рытхэудің көркем шығармаларында бейнеленген тотемдер-Бұғы ана мен Алып балық (кит) мифтің әсерлі белгілері. Тотемдік Ілкі тек адам мен табиғаттың ішкі тұтастығын білдіретін маңызды дүниетанымдық түйнекке жатады. Зерттеушілер Ілкі Тек жалғыз адам әлеміне тән деп есептемейді. Ол бүкіл ғарыштық әлемді, үш дүниені (жоғарғы, орталық және төменгі) қамтитын көрініске жатады. Мысалы көшпелілер әрбір төлді бір ғарыштық стихиямен байланыстырады: қой - желден, түйе-сордан, жылқы-оттан, сиыр-судан. Бұл стихиялар (дүлей күштер) ғарыштық жасампаздықтың таңбалары: сиыр-өлім мен о дүниенің, түйе-жердің, «еш» деген түбірі бар ешкі-хаостың, бостықтың таңбасы. Кейін қазақтың дәстүрлі мәдениетінде тотемдік ұғымдар қалғанымен, олардың нақтылы көріністері өзгерді.



Сурет. Бұғы тастар

Мифологияда сакральды (қасиетті) мағынасы бар сарын-адамның биологиялық өмірі, оның тууы мен өлімі. Қауымдағы ең бірінші бөлініс-жыныстық бөлініс. Оның негізінде мифологиялық сана уақыттан тыс тұратын алғашқы абсолютті бейнелердің бірі-Алғашқы Ата-Ана туралы түсінікті қалыптастырады. Егер діни түсініктегі Адам ата мен Хауа ананы құдай жаратса, мифологиялық Арғы тек-табиғат туындысы. Мифологиялық кеңістіктік-уақыттық континиумда адам мен әлемнің арасында ешқандай алынбайтын кедергі жоқ. Мифологиялық кейіпкердің сөзі мен ісі синкреттік және тұтастық сипатта болады. Оның бірлігін жүзеге асыратын күш-салт-дәстүрлердің мызғымас жүйесі. Сонымен, мифологиялық кезеңде адам мен табиғаттың арасындағы бірлік ерекше жоғары дәріптелді. Скиф-сақ өркениетіндегі «Аң стилі», қытайдың инь, ян бастамалары, Египет пен Шумердегі өліп, қайта тірілген құдай туралы аңыздар – табиғатпен үйлесімдікке шақыратын рәміздер. Мифологияның барлық халықтардың немесе этникалық топтардың көне мәдениетін қамтығаны белгілі. Қазақ мәдениеті тарихын зерттеушілер еуразиялық

далада матриархат ұзақ ғасырлар бойы қоғамдасудың басты түрі болды дейді. Археологиялық деректер балалардың аналарының қасында жерленгенін дәлелдеуде. Орталық Азияны алғашқы зерттеушілер (Иакинф) осы өңірдегі «Әйелдер патшалығы» туралы деректер келтіреді:

«Онда лақабы Суби, аты Могйе, әйелдің елді 20 жыл билегені айтылады. Әйелдер патшалығында 10 мың түтін болған. Еркектер бірыңғай аң аулаумен айналысқан. Могйе ханша тау шатқалындағы 9 қабатты ордада тұрған. Ол бес күн сайын бағынышты ханшалармен мемлекет ісі жөнінде кеңес өткізіп тұрған. Әйелдер мұнда өздерін жоғары санаған, әрі еркектерді қызғанбаған. Патшалықтың еркек, әйелі беттерін күніне бірнеше дүркін опалап, бояп жүргенді ұнатқан. Елдің негізгі байлығы-таза мыс, бояу, жұпар, тұз болып есептелген. Патша әйел өлгенде оның терісі сыдырылып алынып, сүйегі мен етіне ұнтақтар себілген. Осыдан кейін темір табытқа салынып жерленген. Жан иесі-«Асыла», «Орман тәңірі» болады деп олар сенген. Бұлардың құрметіне адам, не маймыл құрбандық шалынатын болған. Патшалық жерінде (Тянь-Шань тауының түстігі, Үндістан жағында) өсетін қырғауылға ұқсас құстың жемсауынан дән шықса, өнім мол болады, құм, қиыршық шықса қуаншылық болады деп жорыған» (Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А., 1987, 18-19 б.).

Түркі халықтарының мифтері мен сенім-нанымдары, дүние суреттемелері туралы жазғанда екі ерекшелікке назар аудару қажет. Біріншіден, мифтік дүние бағдарларында үйлесімділік пен реттілік ұстанымдарының алдыңғы қатарға шығуын ескеру қажет. Мәдениеттің өзі реттеу тетігі болып табылатындығы белгілі. Ежелгі адам табиғатқа табыну арқылы оны өзіне жақын етті, ретке келтірді. Адам әлем мен құдайларды адамиландырды (антропоморфтау арқасында).

Жаратылыс алдымен астан-кестең (хаос) сұрапыл күштерімен адамды өзіне толық бағындыруға ұмтылады (утопизм). Осы жөнінде З. Серікқалиев Гильгамеш дастанынан мынадай суреттемелер келтіреді: Жаратылыс адамы Энкиду (әкесі-есек, анасы-антилопа) Құдай құдіретімен өзіне адамгершілік қасиеттерін дарытқан: «Жұдырықтай жүрегіне жанқиярлық шынайы достық сезімі ұялаған. Дархан пейіл, ақылғой ақкөңіл, мейірбан, бір басында бәрі бар. Құдайдай құдіретті, көрікті. Әйел жанын, сұлулығын, махаббатын сезіну арқылы оның ақыл-ес, ұғым-түсінігі де тереңдей түскен бірте-бірте мәдениетке, рухани игілікке бой ұсынған» (Дүниетану даналығы. Алматы, 1994.-88 б.).

Шумер мен түркі мәдениетін салыстырудан туған ұқсастық тегін емес. Шумердің де өзіне тән тостаған ұстаған киелі әйелі болды. Бірақ ол әйел вавилон жазбаша деректерінің арқасында өзінің тәңірі құдіретін сақтап қалды. Вавилонша-Иштор, қайта тірілу тәңіриясы, Иштор оттың, көтеріліп келе жатқан күн-Тамуздың анасы. Көне миф Иштор жер асты әлеміне түсіп, Тамузды тауып алып тірілтеді дейді. Қолындағы ыдысты бауырында қысып ұстаған Иштордың мүсіншелері бар. Жайдақ

графикалық бейнеден көлемді мүсіндік бейнеге көшкенде еңкейтілген тостағанға айналған иероглифі-күннің көзі.

Өлген адамның қолына немесе басына жақын қайта тірілудің кепілдемесі ретінде іші толы тостаған қойылған. Ал тостаған сынса, ол адамның бір жылдық өмірі деген ырым. Ұйқыға кететін падишаның жасы қанша болса, көріне сонша қыш немесе ағаш ыдыс салады да, күл-пәршесін шығарып сындырады. Сынбайтын металл ыдыс қайта тірілу идеясын бейнелейді. Еңкейтілген тостаған ұстаған қайта тірілу тәңірия Иштордың мүсіні зираттың басына орнатылады.

Өлген адам күн-Тамузға ұқсатылған, Иштор тәңірия оған қайта жан бітіруге тиісті болған. Иштордың еңкейтілген тостаған ұстап, көр басында тұруы сондықтан. Қазақтарда «тамыз, тамыз, тамыздық деген өлең қайырмасы бар. Үйлесу-үйлеспеуіне қарамай-ақ кез келген халық әнімен айтыла береді. Маған бұл күн тәңірісі Тамызға мінәжат ретінде айтылатын аяттың ең сүбелі тұсының жұқанағы болып көрінеді. Ежелгі Алдыңғы Азияның құдайға жалбарынуға арналған дұғаларының кейбір нұсқалары осы күнгі тілдерде халық әндерінің қайырмасы түрінде сақталып келеді.

Көне шумер жазуында түннің таңбасы: аспан күмбезі мен жұлдыздар. Ол сонымен бірге түнек, қараңғылық, өлім. (Таңбаны төңкерілген тостаған ұғымының дамуы деп түсіндіруге болады. Жаңбыр себезгілейді. Ежелгі диқандардың әдет-ғұрпында өлім мен себезгілеу қатар жүреді, сондықтан аспаннан жаңбыр тілегенде құрбандыққа адамды шалады, яки өлген адамды жерлегенде бейітке су себеді. Бірінсіз бірінің күні жоқ деген философиялық теңдеу шешімін оп-оңай табады: егер себепші өлім болса, себезгілеу соның салдары, керісінше Көк перзентінің бейіті оның таңбасы секілді күмбез тәрізденіп жасалады).

Азияға келгесін түркілер көк құдайды-тәңіріге табыну салтын монғолдармен бөліседі. Бұл халықтардың ежелден мәдени ортақтастығы тілдеріне әсер етті. Ортақ лексикасының көптігі мен кейбір емлелік жағдаяттардың ұқсастығы тіл мамандарына монғол және түркі тілдерінің тектік туыстығын анықтауға, сөйтіп олардың басын қосатын алтай баба тілі деп есептеуге мүмкіндік берді. Тәңірімен ең кейін ажырасқан қыпшақ тайпалары болды. Олар өздерін бабаларының өткендегі ұлы істерін жалғастыратын өздерінің қыпшақ деген есіміне жансауға желідей жармасты. Мұхаммед, Будда және Ғайса ғалиассалам ізбасарларының қос жүзді алдаспандары бұл желіні кескілеп бақты.

Мифологиялық санада сақталған ру басының арғы тегі тотемдік жануар немесе оң ғұнмен (фетиш) байланыстырылған. Археологиялық зерттеулер, мысалы, ғұндарда оңғұндарға табыну жан-жақты дамығанын көрсетеді. Ғұндардың атақты шаныюйлерінің (Шоңлы) бірі Учжулю жерленген деп топшыланған Нойан-Ула қорғанынан (1911 жылы П.Козлов бастаған экспедиция ашқан) табылған бұқаның суретіне қарағанда, оны “ғұн” деп енгізді. Бұдан байқалатын бір ұқсастық, сақ-

массагеттер сияқты ғұн тайпаларының да тотем (онғұн) жануарлары болған. “Есік” обасынан шыққан сақ бекзадасының маңдайындағы алтын арқардың мүсіні оның онғұны арқар екенінен дерек береді.

Ру басылардың сакральдық билігі тек олардың қоғамдағы орнын фетиштендірумен қатар, туысқандық қауымға тән тотемдік сенімдермен де нығайтылған. Арғы тек (тотем) тек қауым-фратрияны ғана емес, сонымен бірге бүкіл ұлысты біріктіретін магиялық бейнеге жатады. Грек тарихшысы Геродот скифтердің тотемдік аңыздарына ерекше көңіл бөлген: “Олардың шежіресі бойынша, Зевс құдай мен Борисфен өзенінің қызынан Тарғытай, Тарғытайдан Липаксай, Арпақсай, Қолақсай туады. Ал эллиндердің әфсанасында Геракл Герион өгізін қуып жүріп, атынан айырылып қалады. Атын іздеп жүргенде, қалың орман ішінен Ехидна деген жылан-қыз Гераклге тиеді. Жылан-қыздан Агафирис, Гелон, Скиф туады-мыс. Келтірілген аңыздың қай-қайсысы да скиф тегін гректермен, Еуропа жұртымен туыстастыруының түптің түбінде шындығы бар деп қарауға әбден болады” (Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А., 1987, 26 б.).

Скифтердің арасынан «Жеті ғұламаның» бірі Анахарсис шыққан. (Секст Эмпирик. Соч. т.1. М., 1976. С.382). Анахарсис есімі гректің данышпан философы Платонның (427-347 б.э.б.) еңбектерінде кездеседі. Ол «Мемлекет» деген еңбегінің оныншы кітабында Гомер, философ Фалес және скиф Анахарсис туралы айтқан (Платон. Соч. т.3. М., 1971. С.427). Осы кітаптың 642-бетінде Анахарсис туралы мынандай түсініктеме берілген: «Анахарсис аты аңызға айналған скиф, Грецияға саяхат жасағанда Солонмен кездесіп, соның ықпалында болып данышпандығымен атағы шыққан. Ол туралы Геродот хабарлайды» делінген. Гректер қазіргі біздің территорияны мекендеген халықтарды ортақ атпен скифтер десе, парсылар сақтар деген.

Ендігі жерде әңгімені «тарихтың атасы» Геродоттан бастау қажет болды: «Дарийдің жорық жасаған елдерінде, Евкинский понт (Қара теңіз – F.E.) жағалауындағы скиф тайпаларын айтпағанда, тұрпайы тайпалар өмір сүрген. Понттың солтүстік жағалауында ешбір мәдениетті тайпа болмаған, тек қана атақты скиф Анахарсисті атамағанда». (Геродот. История. М., 1972, С.198). Анахарсис есімі Аристотельдің еңбектерінде де кездеседі.

Секст Эмпирик Анахарсиске біршама философиялық талдау жасаған. Оның пікірінше, Анахарсис-скептик. Себебі, ол ақиқат өлшемін жоққа шығарады. Бір нәрсе туралы бір саладағы мамандар әңгімелесе де, әртүрлі мамандар пікір таластырса да ортақ бір қорытындыға келе алмайды, себебі өз ісінің маманы бұл істе дилетант, ал сонымен бірге біртекті мамандар да келісімге келе алмайды. Оның себебі, бұларға төреші болатын адам керек. Айтысқа түскен адам бір мезгілде айыптаушы және айыпталушы. Оның әрқайсысының сөзі шындық әрі

шындық емес. Грекия елінде Анахарсиске қойылған ескерткіш бар. Онда «Басқа пәле тілден» деген мағынада сөз жазылған.

Анахарсис гректің атақты заң жүйесінің реформаторы Солонмен дос болған, олай болса, оның идеяларын скифтердің мемлекеттік тұрмысына енгізуге талпыныс жасауы әбден орынды. Сірә, шындығы, Анахарсис өзі көріп, оқып, үйреніп келгенін жүзеге асырғысы келген болуы керек. Анахарсис афиндіктерге былай деген екен: «Сіздер, грек тілі әріптерін анық айтпайтын, менің тіліме күлесіздер. Афиндіктер скиф тілінде нашар сөйлейтіні сияқты. Анахарсис грек тілінде нашар сөйлейді. Әңгіме адам игіліктері болып тұрғанда, мәселе тілге емес, ал бір грек басқа гректен ерекшеленетін, олардың көзқарастарына келіп тіреледі. Спартандықтар таза аттикалық мәнермен сөйлесе алмағанымен, алайда өздерінің ерліктерімен әр жерде данққа бөленген және жаппай құрметтелуге лайық. Скифтер қажетті нәрсе туралы айтылған сөздерді жазғырмайды, бірақ бос сөздерді құптамайды. Скифтер тек, қашан сөз жаман ойларды шақырғанда ғана, оларды теріс бағалай бастайды. Егер сіздер, айтылғанды түсінуге қадам жасамай-ақ, бөтен сөздерге тисе бастасаңыздар, онда көп нәрсе маңайларыңыздан бос өтіп кетеді. Осылай сіздер өздеріңізге зәру көптеген тауарларды жеткізуді баяулатып қоясыздар. Неліктен сіздер варвар маталарын жоғары бағалай келе, олардың тілін ұнатпайсыздар?» (Мәдени мұра. 1–т. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы.-Астана, 2005)

Жаңа тас дәуірінен бастап ру басылар басқа қауымдастарынан бөліне бастайды және бұл олардың ритуалдық дәнекершілер қызметінен де туады. Әдетте, ақсақалдар дәстүр-рәсімдердің тасадағы мазмұнын терең меңгергендіктен басқа қандастарының арасында киелі адамдарға айналады. Егер әскери демократия батырлардың дараланып шығуына әсер етсе, ілкі тектерді антропоморфтандыру ру басыларының мәдени функцияларын күрделендірді. Осы кезеңде адам мен дүниенің жаратылуы туралы этнологиялық, ру мен тайпаның арғы тектен бергі тарихын баяндайтын генеалогиялық мифтер мен арғы аталардың ерлігін жырлайтын поэтика қалыптасады. Е. Тұрсынов қауымның жіктелуінде бүкіл тайпаға ортақ тотемнің индивидуалдық қоғаушы-пірмен (нагуальмен) ауысқанының үлкен рөл атқарғанын атап өтеді. Ғалым бұл үрдісті екінші мифологияландыру деп атайды. Ру басылар нагуальдары ең мықтылар деп есептелген. Кейін бұл түсінік тектілік ұғымының пайда болуына әкелді. Текті адам деп шыққан тегінде атақты аталары көп кісілерді айтады. Әрине, алғашқы мифологиялық арғы тектер бірден жоғалып кеткен жоқ. Олар, әдетте, жаңа тарихи кейіпкерлермен синкретті көріністе болды.

Ата-бабалар рухына сыйыну арғы тектерге магиялық (сиқыр) күштердің иегері деп сенумен де байланысты. Мұны Ш. Уәлиханов та растап берген. Оның пікірінше, құдіретті адамдар жай тасымен “отты шақырады».

Ата-бабалар культі ежелгі онғұнға (фетишке) сенуді өз мақсаттарына пайдалана білген. Онғұнға табынудың түркі тайпаларындағы бір көрінісі ата-бабалардың жібектен, киізден, ағаштан қуыршақ бейнесін жасап, соған сыйыну еді. X ғасырдағы араб тарихшысы Абу-Дулефтің жазуына қарағанда, қарлұқтар ата-баба аруағы өлмейді, жебеп-желеп жүреді, өлім өмірдің жалғасы деп білген. Сондықтан да 576 жылы Истеми қаған өлгенде, онымен бірге қабіріне тұтқындар өлтіріліп салынған, азық-түлік, сауыт-сайман бірге көмілген.

Магиямен билікке жету мотиві түрік тайпаларының арасында кең тараған. Мысалы, араб саяхатшысы Ибн-әл-Факих (10 ғ.) мынадай бір аңызды жазып алған екен: «Оғыз елінің ханзадасы Балқик Джайбүйұлы, кейбір деректерде басқа ханзада туыстарымен араздасып Шығысқа кетеді. Ол ауыр жол азабын шегіп, бір асқар тауға жетеді. Бұл таудағы сиырлар аузына тістеген тасын күнге қаратса, қайнап тұрған ыстық күн көзіне бұлт шығады екен. Сол бұлттың көлеңкесіне жайылады. Мұның қасиетті жады тасы екенін білетін ханзада еліне әкеледі, өзі хан болады-мыс. Таним Ибн Бахр мұндай тастардың тоғыз оғыздар (ұйғырлар) патшасында бар екені жөніндегі аңызды келтіреді. Автордың нандыра жазуынша, ондай тас Халиф Махдидің (8 ғасыр) заманындағы ұйғыр ханы Бұқа тегінде болған-мыс». (Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А., 1987, 126 б.).

Жоғары келтірілген аңыздардан алғашқы қоғамдастықтарда жеке билік тек сакральды, дәстүр мен салттық сананың күші арқылы бекітілетінін көреміз. Әрине, ата-бабалар қиын-қыстауда арқа сүйейтін тірек бола алады. Бірақ, оларға сай құрмет көрсете алмаған жағдайда арғы тектер кесірлі күштерге де айналып кетуі мүмкін. Сол себепті ата-бабалар культі жіктеле басталған қауым ынтымақтастығын сақтайтын басты фактор еді.

Алғашқы білім жеткіліксіздігінен миф реалды дүниені қиял, ойдан құрастырылған жасанды бейнелер арқылы түсіндіргенімен, ол ақылы шарықтаған Жаңа Заман адамынан табиғатқа жақын тұр. Мифологиялық тұлға нақтылы уақытты өзінің виртуалды, ішкі, тылсымдық уақытымен қабылдайды және ол адамдық дүниемен бірге өтеді. Мифологиялық уақыттың дені оқиғалардан, оның мазмұны мифологиялық тұлғаның іс-әрекеттерінен тұрады. Оқиға да, әрекет те ерекше бір құрастырылған хронотоптар арқылы жүзеге асады. Мифологиялық уақыттың есептеу нүктесі Ілкі Тектің жаратылуынан басталады. Бұл шексіз кеңістік пен уақытты көне санадағы менгерудің бір тәсіліне жатады.

Мифтік уақытты басқа типтер ауыстырғаннан соң да тотемдік түсініктер халық жадында архетиптік қызметін атқарып, басқа бір рәміздер мен таңбаларға айналады. Мысалы, Көкбөрі жаугершілік және бостандық үшін күрес заманында қайсарлыққа шақырған рәміздік рөл атқарған. Мифтің тағы бір ерекшелігін мәдени дисперсия немесе синкретизм деп атауға болады. Әр түрлі әлемдер мен мәдениеттердің

тоғысуы, уақыттық кезеңдердің бір-бірімен араласып кетуі, қиял-ғажайып оқиғалардың тұрмыс шындығымен бірге жүруі - мифтік санаға тән құбылыс. Мысалы, «Қобыланды» эпосы қыпшақ тайпаларының сыртқа жауларымен күресін бейнелейтін, нақтылы тарихи хронотопы анықталған батырлық жыры. Алайда, бұл эпоста кездесетін Құртқаның шешесі Көктен кемпір, Баба Түкті Шашты Әзиз бейнелері исламға дейінгі мифтік кейіпкерлер болып табылады. Осындай мысалдарды қазақтың рухани мәдениетінен көптеп кездестіруге болады.

Ғұзыхан Ақпанбет түркілік дүниеден табылған археологиялық артефактыларға сүйене отырып әлемнің мынадай суреттемесін ұсынады: "Әлемнің жоғарыдағыдай түсінігі, дүниетанымның бір бейнесі көнеден келіп жеткен ескерткіштерде аз кездеспейді. Солардың бірі тұнжыраған тас бейнелер-сымтастардағы тәсім-сызық, суреттер. Кісінің қолына ұстап тұрған құс пен құмыра соншама ыждаһаттылықпен салынған. Бұл бейнелер терең ойды білдірсе керек. Құс-көк аспан, құмыра-ыдыс, сұйыққа арналған (су). Кісі бейнесі-тіршілік. Енді ретімен айтсақ, астыңғы, ортаңғы һәм үстіңгі әлемнің бірлігі деген түсінікті білдіретін жәдігер екендігі көрінеді. Дүниені құраушы төрт тектің басын біріктіруші ғарыши күрсінің геометриялық бейнесі додекаэдр, жұлдыз әлемі-ғаламшар" (Қазақтардың дүниетанымы, 1993, 34-35 б. б.).

Түркілік мифтерге қазіргі тілдерде түсіндірме бергенде оларды сол заман мәдени контекстінде қарастырған жөн. Басқа жағдайда герменевтика жаңа мифологиямен ұласып кетуі мүмкін. Бұл, әсіресе, кеңістік пен уақыт формаларына қатысты. Мысалы, Күлтегінге арналған Кіші жазуда "түн (tān) жазығы" деген тіркесті сол күйінде қараңғылықпен қатысты ала берушілер де кездеседі. Алайда, жоғарыдағы жеті қиыр шартараптағы "түн - солтүстік" байланысы басқа мағынаға сілтейді. Осы жөнінде М. Семби көптеген топонимикалық дәлелдер келтіреді. Мысалы, Қарағанды облысындағы Түндік пен Қостанайдағы Түнтөгер Исламға дейінгі ілкі түркілік әлем суреттемелерін сақтардан бастау алатын, ғұн, үйсін, қаңлы мәдениеттерінде жалғасын тауып, түркілерде кемеліне жеткен тіршіліктің көркем рәмізі "аң стилінсіз" толымсыз болады. Мысалы, Орхон-Енисей сағаналарында салынған "Тасбақа" тұйық оюы мәңгіліктің, құтты өмірдің, шексіз ізденістің рәмізі болып табылады. Немесе Есіктен табылған "алтын адамның" сақинасына арыстан денелі бүркіт бейнесі салынған. Бұл қанжарда сонымен қатар жылан мен аңдар суреттері бар. Арыстан денелі бүркітті "грифон" деп атайды. Б. Байжігітовтың түсіндірмесі бойынша, грифон-жоғарғы дүниенің, хайуанаттар жердің, жылан жер асты дүниесінің рәмізіне жатады (Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері. Алматы, 1998, 144 б.).



Сурет. Аң стилі

Ежелгі миф-аңыздар алғашқы адамдардың тіршілігінің маңызды белгісіндей, олардың символдық (рәміздік) мазмұны арқылы адамзат қоршаған ортаны және уақытты әрі игерді, әрі түсінді. ”Мифология, -деп жазады А. Қасымжанов,-алғашқы қауым адамына тән ойлаудың бірінші бөлінбеген формасы. Мұнда поэзия мен ғылымның, дін мен моральдың, рационалды әсердің элементтері бар. (Духовное наследие казахского народа. А., 1986).

Ғұндар да, скифтер де өздерінің атамзаманнан қалыптасқан көне заң-жоралғылары мен дәстүрлерін қадірлеп, берік сақтаған. Мұны мына оқиғалардан көруге болады. Скиф патшасы Спаргапифтің шөбересі, Ликтің немересі, Гурдын баласы Анахарис ханзада Эллин /Грекия/ елінде тәрбиеленіп, өз елінің әдет-салтынан алыстайды. Мұның есесіне грек құдайларының құт-бейнелеріне құлшылық жасайды. Анахаристің Эллин дінін ұстанып жүргенін сезген бауыры Иданфирс оны өз қолымен өлтіреді. Ариапиф патшаның эллин қызы әйелінен туған ұлы Скил де эллин әдет-салтын қабылдайды. Бірақ, бұл қылмыс білініп қалады да, ол Фракияға қашып кетеді. Скифтердің сол кездегі патшасы Оқтамасад Фракияның патшасы Ситалкен оны /Скилді/ қайтартып алып, басын шапқызады. Міне бұдан скифтердің көшпелі өмір дәстүрлеріне адал болғаны, әрі оны барынша берік ұстанғаны көрінеді. Олардың ұғымынша, жалбарыну әдет-салттарымен білдіріп отырған; “Вэйшу” және “Суйшу” жылнамаларының деректеріне қарағанда, күн сәулесімен хан ордасына, әрбір от басына аса рақымды нұр кіреді деп білген (Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А., 1987).

Түріктердің ең үлкен құдайы Тәңірі-көк, аспан құдайы болды. Күн мен ай, жұлдыздар да көк тәңірінің ең жақын көмекшілері, жер құдайы-төс, табиғат-жаратылыс иесі-Алтай, “иер-суб” иесі болады деп, оған да құрмет көрсетілді.

Түркі тайпаларының тағы бір құрмет көрсететін кереметі ата-бабалар аруағы. Олар өздерінің арғы тектері мекендеді-міс деп аңыз етісетін, Алтайдағы ерекше үңгірге барып ата-бабалар аруағына құрбандық шалып

отырды. Ең алдымен Жужанға (ауарға) бағынған, Ашина әулеті Ергене-көңге қалай тап болып еді, деген сауалға тағыда орта ғасырлар аңызы жауап береді. 93 жылы ғұндар Алтай, Тарбағатайдан асып батысқа көшкенде, ғұндар шаньюінің біреуі Көк тәңірі құрметіне өзінің сұлу қызын қалдырып кетеді. Алтайдың құз-қиялы шатқалында жалғыз күн кешкен қызды көкбөрі айналдырады. Сол бөріден қыз ұл табады. Бұл ұл күллі телес тайпасының, сол қатарда түріктердің де арғы атасы болып саналады-мыс. Көшпелі тайпалар арасында өздерін осындай тамылардан тарату, содан жаралдық деп аңызға айналдыру, ең көне онғұн /тотем/ тұту сенімін көрсетеді.

Онғұн да түркілер санасында ұзақ сақталған сенім иесі деуге болады. Бұған Иби-ілбіс/ілбіс/, Юигу-Үкі-Көкек хан, Боли-Бөрі хан аттарының о бастығы онғұндарды пір тұтудан, соның жебеп-желеуіне үміт артудан қойылған есімдер екені белгілі. “Тарихтағы Юук хан Ташкент көгалынан Енисейге дейінгі байтақ өлкені билеген айбынды әмірші. Илбіс Дулу хан атағымен таққа отырған Көкек хан Қытайға қарсы күштерді біріктіруші, аса дарынды басшы. Ол терістіктегі қырғыз, яғма-найман, қарлұқ, басмындардың, түстіктегі дулат, түркеш, нушиби, күнгір тайпаларының тоғысатын жеріне-Тәңірі тауының /Тянь-Шаньнің/ терістік салмауына Бешбалық қаласын салдырып, түркілердің саяси-экономикалық кіндігі етпек болады. «653 жылы дүние салған Көкек ханның әдебиеттегі бейнесі «Манас» жырының «Көкетай ханның асы» деген бөлімінде аса жарқын көрсетілген. Жырда түркештердің ел ағасы, айбынды қолбасы Баға тархан-Көкетай ханның ұлы биі-Байдың ұлы Бақай аға болып бейнеленеді. Баға тархан 740 жылы Құлан қаласы түбінде болған зор шайқаста Шығыстан келген жаулаушы әскерді ойсырата женген адам. Бұлармен қоса, батырлық жырында көп дәріптелетін Манас, Қосай, Көкше, Бағыс, Үрбі, Бекіт, Шекіш, Алмамбет қатарлы адамдар Ташкенттің, Өндіжан мен Тараздың, Бешбалықтың өркениетке қол созып тұрған сәулетті сарайларын, айбарлы қорғандарын жат-жұрттық басқыншылардан қорғаған ежелгі заман ерлері.

Жоғарыда сөз болғанындай, тарихта едеуір ізі қалған Ілбіс Дулу хан кезінде өзін Көкек атандырып, соны айбар тұтса, мұндай жануарлар атымен дақпырттау әдеті кейінгі билеушілер санатынан да түспеген. Айталық, Қарахан әулеттері арыслан, боғыра, салжұқ-түрікмендер; шағырл, шанжіл, байғұ, найман ханзадалары-бұқа, тайбұқа, бұғы, керей бекзадалары; тоғрыл, қарақұрт т.б. қосалқы аттарын мақтан тұтып жүрген. Бұлай атап, дақпырттау ақсүйектердің асыл тектілігін де білдірген. Жабайы аңдар мен құсқа табыну сенім-нанымы түркі халықтарында тіпті әріден-ғұн, скифтер дәуірінен басталса керек. Мұны кейбір тайпа аттарынан да-Хайбу-хара бұқа, Буо-боғра, сао-саокозы, гуси-гүз-өгіз, уга-әкір-найман, саманатлы, ала йонтлы, боз доғанлы, қара бағыш, киік найман, құлан қыпшақ, қараман, ақман, гөкмен, т.б. көруге болады (Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А., 1987).

Түркілердің наным-сенімінің кейбір жақтары өлікті жерлеуінен де байқалады. Өлген адам киіз үйге, не шатырға қойылады. Туыстары бір-бір мал әзірлеп, өлік жатқан үйдің жанына байлап, өздері атпен үйді жеті дүркін айналып шығады, жетінші ретінде үйдің есігі алдында пышақпен өз беттерін тілгілеп қандайды. Осыдан кейін жылау, жоқтау басталады. Көктем не жазда өлгенде шөп жапырақ сарғайған күзде жерлейді, күз бен қыста өлсе ағаш бүрлеп, жер көгергенде жерлейді. Моланың басына өлген адамның тас мүсіні тұрғызылады, тіршілігінде өлтірген жауларына тас балбалдар қойылады. Құрбандыққа әкелген малдардың басын қада-қада ғып мола басына іліп кетеді. Өлікті жөнелту салтындағы көктемде өлгенді күзге, қыста өлгенді көктемде жерлеуі, сол ұзақ уақытқа мәйітті сақтау тәсілі хақында жылнамалар ештеңе айта алмайды. Соған қарамастан, көшпелілерде оны ұзақ сақтаудың әзіндік тәсіл-тәжірибелері болған сияқты

Түркілер қадірменді адамы өлгенде оның басына сәулетті күмбез, биік тас оба тұрғызып отырған. Мұндай аса әйдік ескерткіштердің біздің дәуірімізге жеткендері Манас, Қарахан, Алашахан күмбездері. Қозы Көрпеш – Баян сұлу тас обасы, т.б.



Сурет. Қозы Көрпеш және Баян Сұлу кесенесі

Шынында, ерте дүние адамдары өздері сеніп, құлшылық ететін табиғаттан тыс күштердің қаһарлы да құдіретті кейпін сомдауға ынты-ықылысын бағыштаған. Сондықтан көне өнер туындыларындағы мұндай көркем орындауларды сол кездің наным-сенімінен бөле қарауға болмайды. Осыған байланысты сиқыршыға жай жады тасының кереметіне сену түркі халықтары санасына ертеден сіңіскен наным екенін Фердаусидан бастап, Табари, Саалиби, Балами қатарлы тарихшы, жиһанкездердің, шүршіт елінің «Бэйшу» жазба деректеріне қарағанда, әйелдер патшалығы 586 жылға дейін Қытай Үндістанмен байланыс жасап тұрған. Бұл мысалдан жаңа дәуірінің бастапқы кезіндегі аналық қоғамның кейбір әдет-ғұрыптарын 6 ғасырға жалғастырып келген «әйелдер патшалығының» саяси-әлеуметтік халін анық көруге болады. Мұндағы нақты нәрсе, аналық қоғамның ыдырағанына мындаған жылдардың

өтуіне қарамастан, әйел үстемдігі шартын мемлекет билеу дәрежесіне дейін жетілдіруі ғажап құбылыс болса керек. Жаңа тас дәуірінің адамдары ру атасына, аншылық, егіншілік құдайдарына сенсе, «әйелдер патшылығы» тайпаларында ол сенімдер «жан иесі», «орман тәңірі» атрибуттарына айналған. Осыған орай айтқанда, б.з.б. 12-13 мың жылдықтарда тіршілік еткен жаңа тас ғасыры адамдары арасында бағып мал өсірумен байланысты (Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А., 1987).

Адам баласының әлем тану аясы дүние құбылысын бірте-бірте түйсіну қасиетінің өзінде түбегейлі көп өзгерістерді бастан кешірген. Өлсіз жануар, жәндіктерді қорғау арқылы ежелгі дәуірлерден табиғатқа жаңаша көзқарас қалыптаса бастаған.

Біздің бүгінгі тіршілігімізден мындаған жылдар шалғай, сонау бағзы заман адамының жер-жаһан жайлы ұғым түсінігі ертегі-аңыз, мифтік үлгілермен қатар, әсіресе, өнердің ең көне жанрларының бірі эпоста, кең тынысты мәңгілік бейнелер жүйесінде тайға таңба басқандай сайрап жатыр.

6.3. Түркілік дүниетанымдағы әлем суреттемелері

Талай ғасырлар беленін еншілеген байырғы миф-аңыздардың туу, қалыптасу үрдісі бүкіл рулық құрылыс дәуірімен қоса номадалық өркениетілік кезеңін де қамтиды. Дүниетанымның бұл бастауы алғашқы қадамдарында космологиялық сипатта ғана дамыған. Дараланған көзқарастан гөрі мұнда да жалпы ұғым, түсінік шешуші қызмет атқарды. Қоғамның салыстырмалы тұтастығы қоғам мен жеке адам қатынасының өзара байланысында ол анық болған. Номадалар шығып келе жатқан күнге, айға тағзым етіп, құрмет көрсеткен. Айдың бастапқы күндеріне ерекше мән беріп; «сүй оны, сыйла» деген сөздермен қарсы алған. ұлылы, кішілі жортуыл-жорықтарға ай толғанда шығып, ай қайтқанда қайтқан, қадірменді адамдары өлгенде алтын, күмістеген ағаш табытқа салып жерлеген. Қызметші, күн-күлдары бірге көмілген. Өлтірген жауының басын әкелген жауынгер көсімнен сыйлық алатын, әрі өлтірген жауының дүние-мүлкіне ие болған. Аңдар адамға барынша мейірімді көрінеді. Қысыл-таяң кездерде адам баласына жақсылық істеп, туыстас, бауырлас ғажайып күш-құдірет сыйлап, керемет құрметке бөленген.

Бұл мифтерде анимистік, тотемдік, фетиштік, магиялық сарындар үстемдік етті. Яғни ғылымға дейінгі әлем бейнелері мифтік сипатта болып келді. Бірақ, бұл мифтерде сол заманның тыныс-тіршілігі айқын көрініс тапқан. Ежелгі дәуір мәдениетінде жарық дүние бастауын дәріптеу жетекші мән атқарады. Жалмауыз кемпір кейіпі арқылы алғашында нәр-сөлін, жемісін жатсынбай сыйлайтын жомарт Жер құдіретімен пара-пар аяулы ана сымбаты бейнеленген. Дәлірек айтқанда, ол бүкіл нәсіл, тұқым таралатын ел басы, тіршілік басы. Адамзат ұрпағының түпкі ұлыс-анасы жануарлар әлемін билеп, оған о бастан ғажайып бір қасиеттер дарыған. Жын-пері, қарау пиғыл, дүлей күштерден

адамдар мүддесін қорғап, шейіттер мен тірілердің сүйеніштеріне айналды.

Мәселені тікелей қарастырудан бұрын кейбір ұстанымдарды айқындап алайық. Біріншіден, мәселенің басталуын (философиялық терминмен айтқанда "архетипін") қайсы тарихи-мәдени құрылыммен шектеу жөнінде сан алуан пікірлердің бар екендігін ескерген жөн. Оларды тым алыс мәдени тұтастық (шумер-сақ-қазақ) пен тікелей Қазақ хандығы құрылған кезеңмен шектеу аймағы деп орналастыруға болады. Қазақ мәдени архетиптері еуразиялық номадалар мәдениетінде қалыптасқан. Дәлел ретінде осы кезеңнен келе жатқан төмендегідей рәміздік сабақтастықты атап өтуге болады: дүниенің тернарлық (үштік) құрылымы, тәңіршілдік, сакральды кеңістік пен қайталанбалы уақыт, «аң стилі» мен қазақтың ою-өрнегі және т.б.



Сурет. Аң стилі

Екіншіден, қазақ арғы тектерінің мифтері туралы сөз қозғағанда мәдени деректердің ерекшелігін де ескеру қажет. Бұл жерде жазба мәдени мұралармен (Орхон-Енисей жазулары, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, А. Иүгінеки және т.т.) қатар фольклорлық және мифологиялық құрылымдарды пайдалануға тура келеді. Алайда, кейбір зерттеулерде тым көбейіп кеткен жаңа мифтерді ойдан шығара берумен әуестенудің ғылымға берері аз. Олардың кейбіреулерін тек атап өтейік: «еуразиялық ежелгі түркілік мәдениетте әлем мен кеңістік, уақыт туралы суреттемелер болмаған, олар тек кеңістікте бөлінген» (номадология), «түркілік дүние таным әскери дүмпудің мүдделерін ғана қолдаған, олар тарихта із қалдырмаған» (Л. Гумилев), «түркілік дүние суреттемелері ирандық ықпал мен синтез жағдайында қалыптасқан» (Ә. Қодар) және т.б.

Осы көне дүние суреттемелерінде адам мен ол өмір сүретін дүниенің әмбебапты қатынастарына және олардың рәміздік-таңбалық бейнелеріне басты назар аударылады. Қ. Нұрланованың пікірі бойынша, қазақ болмысының түп-тамыры-Жарық дүние. Бұл символикалық түсініктің негізінде "адам мен әлем біртұтас" деген идея жатыр. Яғни,

дүние суреттемесі адам мен әлем арасындағы үйлесімділікті (гармонияны) бейнелеуден бастау алады: ежелгі философияда болмыстың өзі музыка болған (философияда онтология дейді), болмыс бір тұнып тұрған музыка. Болмыстың "структурасы" музыка, музыкадан ғана тұрған деп білген. Болмысты мәні де, сәні де біртұтас музыка деп білген. Осы көзқарасқа байланысты әл-Фарабиде Жарық Дүние жеті қат жер (сфера) қимылының айналысының музыкасы дегені бар» (Человек и мир. Казахская национальная идея. Алматы, 1994).

Ежелгі түркілік мәдениеттен үзілмей келе жатқан дәстүр - Жарық Дүниедегі адамның тек барлығын емес, бірінші кезекте оның болуын жариялау. Дүние қаншама өткінші болғанымен, онда адам үшін белгілі бір тұрақтылық (мағына, мазмұн) бар. Жалпы тіршілікке қатысты "гомеостазис" деген ұғым бар. Оның мағынасын тынбайтын өзгеріс арқылы өз орнықтылығын сақтау деп түсіндіруге болады. Бұл біздің ұсынып отырған қағидамыз философиялық әдебиетте әлі талқыланбаған және арнаулы зерттеуді қажет етеді. Салыстыру қаншама ақсағанымен, мына бір ойда негіз бар: "гомеостазис" ұғымы қазақтың дәстүрлі мәдениеті үшін рәміздік мазмұны бар: көшпелілік - жол таңдау арқылы тұрақтылықты сақтау.

Енді түркілік кезеңдегі әлемнің мифологиялық суреттемелеріне көшейік. Бұл әлем жөніндегі символ-рәміздердің басым көпшілігі номадалық шаруашылық мәдени типтен туындайды. Қазіргі философиялық, тарихи, мәдениеттанулық әдебиетте көшпелілік өмір салты туралы көптеген зерттеулер жарияланған (Ақатай С., Масанов Н., Нұрланова Қ., Мұқанов М., Кішібеков Д., т.т.). Сол себепті номадшылдық туралы қағидаларды қайталамай, бірден көшпелілік рәміздерге көшейік. Дүние суреттемелеріне қатысты көшпелі рәміздерге жататындары: «үштік әлем» (аспан, жер-су, жер асты), «әлемдік ағаш», «ата жұрт», «аспан таулары», «соңғы теңіз», «киелі от», «тамыр», «аспан шырақтары», «жеті қат жер», «жеті қат көк», «алты тарап кеңістік», «жеті тарап кеңістік», «сегіз тарап кеңістік», «мүшел», «уақыт ырғақтары», «жыл қайтару» және т.б.

Осы рәміздік бейне-түсініктерді талдаудан бұрын түркілік өркениеттің кеңістік пен уақытты меңгеру қисындарын тезистік нұсқауда бейнелеп өтейік. Мәселе тарихты қайталауда емес. Біз осы тарихтан өзіміздің зерттеу міндеттерімізге сай деректерді айқындап алғымыз келеді.

Тарихтың мәдени бейнелерінің ауысуында б.з.д. 3-2 мыңжылдықтардың ерекше мәнділігін атап өткен жөн. Бұл кезеңде О. Тоффлер суреттеген өркениеттіліктің бірінші толқыны (аграрлық өркениеттердің пайда болуы) басталады. Әдетте аграрлық толқынды тек егіншілік (өзен алқаптарында- К. Ясперс) негізінде қалыптасқан Мысыр, Қосөзен, Үнді, Қытай, Грекия өркениеттерімен байланыстырады. Бірақ аграрлық мәдениеттің тек жер өңдеумен ғана емес, оған қоса

малшылықты да қамтығаны белгілі. Малшылықтың өрістеген түрі көшпелілік сонда қалыптаса бастап еді. Сонымен, сол уақыттағы әлем бейнесі көшпелілік мәдениетсіз толық емес болып шығады.

Әрине, диханшылыққа иек артқан өркениеттердің адамзат мәдениетіне қосқан үлесі мол (қала мен қол өнердің пайда болуы, ирригациялық жүйелер, зәулім сарайлар, жазудың пайда болуы, т.т.). Бірақ, сол кездегі егіншілер игере алмаған қуаң дала тұрғындары-номадалар адамзат өркениетіне сүбелі үлес қоса білді. Егер «өліп, қайта тірілген құдай» егіншіліктің рәмізі болса, онда «кентавр» көшпелілік таңба-бейнеге (рәмізге) жатады. К. Ясперс атап өткендей, адамзат кеңістіктегі бірінші табысына атқа мінген номад арқылы жетті.

Б.з.д. 1 мыңжылдықтың маңайында бүкіл игерілген дүние (ойкумэна) қозғалысқа еніп кетті. Шығыстан Батысқа және Оңтүстікке қарай ығысқан номадтардың қысымымен әлемнің мәдениет шекаралары өзгеріп, жаңа құрылымдар пайда болды. Ғұн көсемі Атиланың алдында Рим папасы тізе бүкті. Бұл жерде тағы тарихи бейнеге назар аудару қажет. Ирригациялық жүйелерге сүйенген аграрлық империяларға өзгерістен тұрақтылық оңтайлы болып келеді. Отырықшылықтың рәмізі-құлып салынған шекара. Сақшылыларды олар керемет дәріптеген. Кеңес Одағы да осылай еді. Көшпеліліктің рәмізі-жол. Батыс (Рим-Византия) мен Шығыстағы (Қытай) екі суперөркениет көшпелілер бақылауындағы Жібек жолы арқылы ғана байланысқан. Қазіргі әлемдегі ғаламдану үрдістері басталғаннан бері көшпелілік символ (ризом) батыстық постмодернизмнің маңызды пошымна айналды. Тарих көші жаңа жолды таңдай бастады.

Әлем суретін өзгерткен шұғыл бетбұрыс ортағасырлардан басталғаны белгілі. Алайда «орта ғасырлардың» сөз тіркесінен гөрі рәміздік мағынасына назар аударсаң, онда бұл ұғымның да еуропаорталықтық мәнісі анық байқалады (антик заманы мен Қайта өркендеудің арасы). Еуропада «орта ғасырлар» 5 ғасырдан басталса, Азияда Батыс Рим империясы құлағаннан да кейін түбегейлі үдерістер болды. Афроазиялық номадтар (арабтар) әмбебапты мұсылман өркениетін бастаса, еуразиялық номадтардың (түркі-моңғолдар) салт атты әскерлері Дала империяларын әлемге әкелді. 9-11 ғасырларда бұл екі үрдіс тоғысып, Азияның орталығында мәдени Өркендеу қарыштады. Әсіресе, түркі-соғды синтезі өзінің мәдени жемістілігімен көзге түсті. Классикалық көшпелілер тарихтың бұл кезеңінде дүниежүзілік үрдістердің бағыты мен мағынасын айдындап отырды. Әрине, 14 ғасырдан бастап номадалық өркениет өз қарқынын жоғалтып, жүйелік дағдырысқа ұшырады. Ол басқа әңгіме.

Енді осы тарихи-мәдени контекстінде түркілік өркениеттің рәміздік бейнелерінің мазмұнына оралайық. Оның мәтіндік негіздері үш арнадан тұрады: ежелгі түркі жазулары, ауыз әдебиеті және мифтік құрылымдар.

Мәтіндегі ең пікірталасты түсінік «көкпен» байланысты. Біздің ойымызша, осы мәселеге қатысты зерттеулерде "көкті" аспанның реңімен (бояумен) теңестіру басым болып келеді. Бұл дәстүрдің қалыптасуына Л.Н. Гумилевтің ежелгі түркілерге қатысты зерттеуіндегі «голубые тюрки» (көгілдір түркілер) атауы үлкен әсер еткен. Алайда, жеке зерттеулер (Ғ. Есім, Т. Ғабитов, М. Орынбеков, т.т.) көк дегеніміз ғарыш пен аспанның баламасы, сондықтан «көк түркілері» деудің орнына «аспан түркілері» деген тіркесті қолдану ақиқатқа жақын дейді.

Түркілік мәдениеттегі «Көк тәңірі» рәмізін түсіндіруде мына ұстанымды дұрыс деп есептейміз: тікелей мағынасында жоғарыдағы рәміз «аспан билеушісі» деген мағынаны білдіреді. Яғни, Көк тәңірі көгілдір аспанның өзі емес, оның құдайы (жаратушысы) болып табылады. Бір сұрақ туады: Аспан тәңірісін немен бірегейлендіруге болады? Бұл әлі мәтіндік зерттеуді қажет ететін мәселеге жатады. Сонда да бір жорамал ұсынғымыз келеді: Аспан тәңірісіне Күн жатады. Н. Оспанұлы «тәңіріні» «таң-іңір» деп түсіндіріп, оны атып келе жатқан Күн деп бағалайды. Бұл жорамалды қостайтын дәлелдемелер:

1. Аспанда Күннен құдіретті ештеңе жоқ.
2. Еуразиялық даладағы «күн басты адам» таңбалары.
3. Ғұндар басшысының «тәңірқұт» лауазымын нақтылайтын «Күннен жаралған және онымен нұрланған» теңеулерінің кездесуі, үйсіндердегі «күнби» рәмізі елбасына қатысты қолданылған.
4. Түркілік мәдениетті көркем деңгейде терең суреттеген ақын Мағжан Жұмабаев «Күннен жаралған Күн ұлымыз» деген бейнені жиі қолданады.



Сурет. Тамғалыдағы Күн басты адам.

Пікірімізге жақын ұстанымдарды келтірейік. Қ. Есімов өзінің «Ұлттық ойлау мәдениеті және исламдық өркениет» атты кітабында осы жөнінде мынадай дәлелдер келтіреді: «Осы сұлбемен жүріп отырғанда байрақтағы арланның да «көк» болуы сол Көк Тәңірісіне байланыстылығында сөз жоқ. Сондықтан орысша аударғанда «синий» немесе «серый» емес, «небесный» дегенді қолдануды ұсынар едік.

Бұл ойымызды қазақтың «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірі бар» деген мақалымен бекемдейміз. Қазақ бөріні әрқашан көк, не Тәңірі есімімен жарастыра қолданып отырған. Қазақ әр сөзді өз орнына қадап қоя білетін халық. Ол «аспанға қарап ұлыған иттей» десе, түз тағысы турасында «көкке ұлыған бөрідей» дейді. Бір көз жүгіртіп шыққанда айырмасы жоқ нәрсе: екеуі де жоғары қарап ұлиды. Бірақ ит аспанға қарап, ал бөрі көкке ұлиды. Яғни, екеуінде екі түрлі мағына жатыр. Сөз жоқ, «синий» емес, «небесный волк». Бұл біздің берік позициямыз (Ұлттық ойлау мәдениеті және исламдық өркениет. Алматы, 2001, 28 б)

Зерттеушілер тәңірі ретінде Күннің символикалық мазмұнына басты назар аударады:

-Күнбасты адамдарды бейнелегенде олардың рәміздік мазмұны алдыңғы қатарға шығады: 1) Күн тіршіліктің бастауы; 2) көшпелілердің киіз үйіне жоғарыдан төмен қарағанда, ол сәулесін шашқан күнге ұқсас (шанырақ-күн, уықтары-сәулелері); 3) арбаның дөңгелегі мен күннің арасындағы құрылымдық изоморфизм; 4) көз және күн адам үшін маңызды, екеуін де шырақ деп атайды («Шырағым»-деген сөз өте ыстық жақындықты білдіреді); 5) адамдағы басты және терең сезім-«ыстық махаббат» деп аталады. Бұл сипаттаманы ары қарай да жалғастыра беруге болады. Қазақстанның елдік таңбасы-«Алтын адамның» бас киімінде нұрын шашып тұрған күн бейнеленеді.

«Үштік» (тернарлық) үлгідегі әлем бейнесі адамның тәндік құрылымынан (басы, денесі, аяғы) бастап, бүкіл ғарышты қамтиды. Көшпелі түркілік мәдениетте тернарлық әлемнің негізінде бинарлық оппозициялар (жарық-қараңғы, оң-сол, батыс-шығыс, ізгі-зұлым, Күн-Ай, еркек- әйел т.т.) жатыр. Зерттеушілер Е. Тұрсынов пен А. Ғалиев түркілік әлем суреттемелерінде, дүние модельдерінде дуальдық фратриялық құрылым анық байқалады дейді. Гендерлік және қауымдық мотивтер көшпелі түркілердің дүние суреттемелерінде жиі кездеседі.

Егер Қытайдың ежелгі рәміздеріне көңіл аударсақ, онда «ян» - еркек, қызу, Күн, жарық символикасын, «инь»-әйел, енжар, салқын, Ай рәміздерін білдіретінін аңғаруға болады. Түркілік мәдениетте бұл бинарлық рәміздер басқа мағынаға ие болады. А. Ғалиев мынадай бинарлық қатынастарға назар аударады:

Күн –еркек-ізгілік-жарық-оң-Шығыс-тіршілік. Ай-әйел-зұлымдық-қараңғылық-сол-Батыс-өлім" (Модели мира тюркской культуры. Алматы, 2001) .

Күн мен ай бинарлық оппозициясы тек түркілік әлем суреттемелерінде ғана емес, басқа да өркениеттілік аймақтарында маңызды рәміздік бейнелер болып табылады. Айталық, ежелгі Мысырдағы Күн құдайы-Ра, славяндардағы-Перун, ирандық-Митра осындай айшықтылығы арқылы өз мәдениеттеріне «солярйлік» сипат беріп отырған және бұл рәміз кейінгі суперөркениеттерде де өз ықпалын сақтаған. Мысалы, зәрдештік дініндегі Күн траекториясына қатысты бес

рет тағзым ету рәсімі кейін исламдық бес уақыт намаздың қалыптасуына әсерін тигізген. Айдың көшпелілерде еркектік бастаулармен байланыстырылуы архаикалық дәстүрмен және бұл аспан денесінің түнде бағдарлық қызметімен қатысты. Кейін мұсылман молаларында Ай таңбасы қойылатын болған.

Дүние суреттемелері ежелгі түркілік мифологияда да көрініс табады. Түркі мифтерінде әлем үштік рәмізі бойынша бөлінген: Жеті қат жерде Көктөбе орналасқан, онда Көктерек өсіп тұр, ол Көккүмбезді тіреп тұр.

Осы әлем үлгісіндегі мынадай рәміздік бейнелерге назар аударған жөн: 1. Әлемдік тау (Көктөбе). Түркілердің генеологиялық аңыздарында Алтай тауы қасиетті, өйткені ондағы киелі үңгірде көкбөрі тұрған сол тау - үш бөлікті таудың шыңы, етегі және үңгірлері. Әлемдік тауға ұқсас құрылымдар да киелі болып есептеледі: қорғандар, төбелер, мұнаралар, үйінділер. Көшпелі дүниетанымында тау дегеніміз кейде биік қорғаннан қоршалған қала болып шығады немесе тау көшпелілердің жазық даласының шекарасына айналады.

2. Әлемдік ағаш (Көктерек, Бәйтерек, Байқайын т.т.). Әлемдік ағаш үш дүниені қосып тұрған рәміздік құрылымға жатады. Мифтерде кейіпкерлер осы ағашпен өрмелеп, аспан денелеріне дейін жете алады. Бәйтеректің тамыры жер астында, діңгегі жер бетінде, ал бұтақтары аспанда орналасқан. Киелі адамдар қолындағы асатаяқты да түркілер Әлемдік ағашпен теңестірген. Қазақтың қолөнерінде Әлемдік тау мен ағаш рәміздері кілем, сырмақ, текеметтердегі оюларда сақталған. Жеке тұрған ағашты түркі халықтары қасиетті деп есептеген, оған мата немесе жүн үзіктерін байлайтын болған.

3. Түркілік әлем суреттемелерінде Әлемдік өзен бейнесі де рәміздік мол мағынаға ие. Әлемдік өзен де тернарлық сипатқа ие: бастауы Әлемдік тауда орналасқан, жер бетімен ағып, жер астына сіңеді. Кілемнің шетіндегі шашақтарды тігуді түркілер "су жүгірту" деп атаған. Әлемдік өзеннің кеңістіктегі бағдарлары еуразиялық Ұлы даланың су айырықтарына байланысты болып келеді. Бастауы Шығыс және Оңтүстіктен қор жинап, Солтүстікке қарай өзен ағады (мысалы Ертіс, Іле, Сырдария өзендері) және бұл жазықтық бағдарламалары тік құрылымдармен де байланыстырылады: Солтүстік-Төменгі дүние, Шығыс-Жоғарғы дүние. Тік және жазық бағдарлардың бірлігін жеті шартарапты кеңістік ұғымы білдіреді.

Түркілік мәтіндерде жиі кездесетін жеті қат көк, жеті қабат жер, жеті қат әлем бейне-рәміздері қазіргі қазақ мәдениетінде архетиптік қызмет атқарады. Жеті саны қасиетті «үштік» пен «төрттіктің» тұтастығын білдіреді. Жеті қат дүниенің құрылымында жазық кеңістіктің төрт бағдарына («ілгері-күн шығыс», «оң жақ-күн ортасы», «кейін-күн батысы», «сол жақ-түн ортасы»- «Күлтегін» ескерткіші») вертикалды тернарлық бағдарлар (аспан, жер, жер асты) тоғысады.

Түркілік мәдениеттегі әлем суреттемелерінің бейнелік көріністері көркем өнер туындыларында (әсіресе, бұрынғы сақтардың «аң стилінен» бері келіп жеткен рәміздерде) айшықты байқалады. Мысалы, Алматы маңында табылған Қарғалы диадемасы туралы Н. Бернштам мынадай рәміздік деректер келтіреді: «Диадема-ұзындығы 35 см, ені 4,7 см екі бөліктен тұратын алтын жолақ. Оның ішкі беті өсімдік арасындағы аңдардың, құстардың және адамдардың бейнелері. Мұнда басын артқа бұрып тұрған марал, ұшып жүрген құс, онан кейін үстіне адам мінген қанатты жолбарыс, тұғырда қанатты ат бар. Тәтінің екінші жартысында жүгіріп келе жатқан жалмауыздың суреті, оның үстінде сол қолымен жалмауыздың мүйізінен ұстап алған адам тұр. Адамның үстінен ұшып бара жатқан қаз немесе үйрек салынған. Тұғыр үстінде тұрған қанатты ат. Ақырында бейнелердің соңғы тобы-ұшып жүрген құс, таутеке, аю, арқарға мінген адам. Жануарлардың көздері ақық пен альмандиннен салынған, денелерін оймыш-оймыш перуза жолақтарымен өрнектеген» (Избранные. М., 1964, 66 с.).



Сурет. Қарғалы диадемасы.

«Аң стилі» тіршілікті қозғалыста, динамикада бейнелеу болып табылады. Қозғалыс көшпелілердің тіршілік мәнісі екендігі белгілі. Серікқалиұлы Зейнолла «аң стилінің» рәміздік мазмұны жөнінде мынадай пікір айтады: "Дала тынысының заңдылығын, оны жайлаған халықтың тұрмыс ерекшелігін сезінумен қатар көшпелі қауымның қаңыраған тылсым кеңістік әлемін кесте айшығымен толтырып, баянды ету арманы да айқын аңғарылады. Қазақтың өсімдік, жан-жануар бедері бейнеленген геометриялық ою-өрнектерінің теңдестік құрылысы, әр жігі, әр бөлшегінің өзара іштей арақатынасы жаратылыс бастауының бірқалыпты, біртұтас жарасымын куәландырғандай. Қарахан дәуірінің мұрасы Айша бибі кесенесінің (XI-XII ғғ) құрылымдық ырғағы, үйлесімі-өз заманының нақты дүние түйсіну шындығынан туған. Ата-бабаларымыздың ежелгі тұрмыс-тіршілігінің, ұғым-сенімінің таспен, ою-өрнекпен жазылған мұқалмас бір шежіресі бұл» (Дүниетану даналығы.-Алматы: Білім, 1994, 39 б.).

«Аң стилінің» рәміздік қуаты қазіргі түркі халықтарының көркем мәдениетінде де өз серпінінен айырылған жоқ. Қазіргі және бұрынғы әлемнің айшықты суреттемелерін шебер бейнелеген Шыңғыс Айтматов

түркілік символдардың өзіндік мағынасын дәл көрсете біледі. Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» хикаясында жаратылыс ғаламатын нышандайтын аналық-Бұғы аңызы қырғыздардың түпкі тегі туралы жан тебіренер шабытты сырға төгілген ақындық жырға айналып кетеді. Дәстүр тағылымы нұрландырған «құдіретті аналық-Бұғы» бейнесі эстетикалық халық талғамын, жаратылыс сезімін баб-бабымен бойына сіңіріп, қырғыз жұртының ұлттық ыстық табын қаз-қалпында мөлдіретіп жеткізіп, жалпы адамзаттық керемет қадір-қасиетке ие болған.

Аналық-Бұғы екі сәбиді-«адамзат ұрпағының қос нәрестесін»тұтқиыл төнген қатерден, ажал аранынан арашалап қалады. Сұсты Енесай жағалауынан аман-есен алып шығып, тұңғыш рет таулы өлкенің жомарт мейірімімен табыстырады. «Алайда қарлы шың, жасыл орманның қақ ортасында шексіз-шетсіз шалқыған теңіз жатыр. Көк шалғынның бетінде ақ көбік атқан толқынды самал жел екшеп, әлдебір алыс қиянға алып бара жатқандай.

-Міне, сендердің жаңа мекендерің осы болады,-деді Мүйізді аналық-Бұғы. -Осы жерде тірлік етесіндер! Жер жыртып, егін саласындар, балық аулап, мал өсіресіндер. Мыңдаған жылдар баянды ғұмырларың осында өтеді. Адам аттарыңа лайық рахат өмір сүріңдер! Ал мен сендермен, сендердің ұрпақтарыңмен мәңгі-бақи бірге боламын" Мейірімді, дана аналық-Бұғы адамдарға өмір сыйлаған өзімен-табиғатпен осы қандас, бауырластық сабақтастықты ешқашан естен шығармауды өсиет еткен». (Дүниетану даналығы.-Алматы, 1994). Сонымен, прототүркілер мен түркілердің «аң стилінің» рәміздік мазмұны жоғары болған .

Жоғарыдағы қағидалардан мынадай бір жорамалдың реті келіп тұр. Ортағасырлық түркі әдебиетінде Алып Ер Тоңға есімі кездеседі (мысалы, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде»), «Алып Ер» сөз тіркесі түсінікті болғанымен, «Тоңға» атауына ғылыми дәлелді комментарий берілмейді. Біздің ойымызша, «Тоңға» транскрипциясы «түң» (tun) атауына жақын. Сондықтан «Алып Ер Тоңғаны» «Солтүстіктің алып батыры» деп атаған қисынды. Әрине, біздің бұл ұсынысымыз әрі қарай зерттеу мен сараптауды қажет етеді.

Заратуштралық және буддалық діндердің ықпалымен «сегіз қиыр шартарап» -«мандала» үлгісі де қалыптаса бастады. Осы жөнінде қырғыз философы Ш. Ақмолдоеваның еңбегінде («Древнекыргызская модель мира») нанымды сараптау берілген. Жалпы алғанда, еуразиялық Ұлы далада әлем модельдерінің бірнеше баламалары болғанын атап өткен жөн. «Қорқыт ата кітабындағы» басты мәдени рәміз-«Мәңгілік өмір». Қорқытты осы «өлі десем-өлі емес, тірі десем-тірі емес» деп амбивалентті суреттеуі де осыған меңзейді. Тіршілік мәңгі табиғаттың аясында болады, өлудің өзі (қайтыс болу) сол табиғатпен қайта қосылуына жатады-осыдан "шеңбер" рәмізі шыға келеді.

Ә. Қодар бұл әлем туралы мынадай түсіндірме береді: «Көшпелілер Күн айналымынан қалмай отырды. Күн қайда болса, олар да сол маңда

көрінді. Біз бұдан олардың уақытты бір шеңберге қамап, қоймен қоса айдап отырғанын көреміз. Міне, осы шеңбер-Күн айналымының шеңбері - көшпенділерді тынымсыз ізденісте болған отырықшы елдерден мәңгіге бөліп тастады. Түркілер шеңбер ішінде қалды да, басқа халықтарды шеңбер сыртына шығарып тастады. Өйткені, олар өздерін Уақыттан жоғары санады. Отырықшылар өзіне Уақыт көрінісі ретінде қараса, көшпелілер өзін кеңістік қарақшысымыз деп есептеді. Кеңістікті кеңінен кешкендей. Уақыттан да шыққысы келді. Бұл-Жер мен Көктің тепе-теңдігі және Күн айналымына негізделген Мәңгілік идеясының көрінісі еді. Әрине, бұл адамзат тарихының төменгі сатысында туған балаң ой кескіні. Бірақ көшпелілер тарихына үңілетін болсақ, осы оймашықтың еш өзгеріссіз, басқа түрге ауыспай XX-ғасырдың басына дейін айна-қатесіз жетуі таң қалдырады. Демек, бұл кездейсоқ емес. Бұл біздің заманымызға дейін сол қалпында жеткен христиан, ислам, буддизм, зороастризм іспетті ерекше дүниетаным жүйелі ой ағымы» (Түрік философиясы//Тамыр.-2001.-№ 2.4).

Зерттеушілердің басым көпшілігі Қорқыт есімін түркілік рухани мәдениеттің діңгегі-«құтпен» байланыстырады. Көк тәңірі жаратқан әлем-құттылықтың ордасы. С. Ақатай, Н. Шаханова, М. Хасановтар «құт» ұғымын кейінгі «бақыт» түсінігінің түркілік архетипі деп алады. Құтты мекен (әлем) мотиві кейін Асан Қайғы шығармашылығында өз жалғасын тапты. Құтты әлем іздеген Қорқыт атаның ұрпақтарының арасында оның ізбасары туралы да көптеген деректер сақталған:

«Дүрмек қашып, Қаңлы ханнан құбала сүрдім,
Қырылдасып келген елдің онынан шықтым.
Қыршыларға, жершілерге жол бастадым,
Қайлы, қарлы екі ортада қол жұмсадым.
Қара түйе жолынан асып түстім.
Қабактыда алты жерге жұрт жұрттаттым,
Күрілдесіп артымнан жауы жетті.
Шапса кесер құрыш болатқа ту байлаттым.
Қылышымды суаруға құдық қаздым,
Ауа қыстап, қыр жайлап Балқан астым.
Кесе жатқан Қаратауға барып кірдім
Алтын көзді тауысқанды келтірді деп,
Қаз аяғы үш айырым тамға бардым».

(Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1996).

Бұл жолдардан түркі елінің әлем орталығы туралы түсініктеріндегі өзгерістер анық байқалады. Шығыстан Батысқа қарай жаңа көш басталды. Түркілік әлем орталығы Алтайдан Орталық Азияға қарай ығысты. Қасиетті таулар қатарын енді Тәңірі таулары (Тянь-Шань) мен Қаратау бастады. Жана топаңда пайғамбар кемесі Қазығұрттың басына келіп аман қалды делінді. Рәміздік жануарлардың арасында үш әлем символы Бұғы ананың рөлін енді Желмая өзіне қабылдады.

6.4. Шаманизм мәдени архетип ретінде

Көне заман мәдениетінде, діни наным-сенімдерінде айрықша орын алған және көп таралған дін бітімдерінің бірі-шамандық дін. Шаманизм ұғымы ғылыми әдебиетке ХҮШ ғасырда енгенмен, ол туралы айқын түсінік әлі қалыптасқан жоқ. «Шаманизм» термині әр түрлі мағынада қолданылады. Кейбір зерттеушілер шаманизм дін емес, себебі онда құдай туралы түсінік жоқ десе, басқалары оны діннің универсалды формасы деп санайды. Бұл құбылысты ғылыми бағалауда да қарама-қарсы көзқарас бар. Кейбіреулер оны архаикалық культ деп қарастырса, ғалымдардың басқа бір тобы қазіргі психоанализдің түп бастауы деп бағалайды.

«Шаманизм» терминінің өзі ғылымдағы бұрмалаудың нәтижесі. Буддашыл тақуаларды үндіде сакскрит тілінде «шраман» деп атаған, ал барлық діни құбылысты үнділік ықпалмен түсіндіруге әуес шығыстанушылар шраман мен шаман сөздерінің ұқсастығына сүйеніп шамандарды шрамандардың ізбасарлары деп тапты. Бурят ғалымы Д. Банзаров шаман манжурлық саман сөзі, Сібір тайпаларында ол сам түбірінен шаман деп айтылуы мүмкін дейді. Шаманизм бастауларын Үндіден немесе басқа оңтүстік елдерден емес, шаманизмнің шыққан жері Орталық Азиядан іздеу керек дейді. С.А. Токарев шаманизм барлық халықтарда кездеседі, алайда діннің бұл формасы Солтүстік Азияда кемелденіп дамып, үстем діни жүйеге айналды деп тұжырымдайды. С.П. Толстов кемелденген шаманизм Сібір халықтарында кейін қалыптасқан және оның пайда болуына буддизм ықпал еткен деген пікір айтады. С.И. Вайнштейн шамандар туралы мәлімдердің б.э.д. VI ғасыр жазба деректерінде ғана кездесетінін айқындап, адамзат қоғамының көне даму кезеңдерінде қалыптаса бастаған шаманизм басқа көне діни сенімдермен қатар дамыған, «айрықша» дін басылары болмағандықтан қоғамдық санада қосалқы рөл атқарған деп санайды. Көптеген ғалымдар шаманизм өте көне замандарда, таптық қоғамға дейінгі қауымдастықта пайда болған деген пікірді қостайды.

Сонымен шаманизм дегеніміз не? С.А. Токарев «шаманизм айрықша дін формасы, оның мәні өзін шабытқа кетіру арқылы рухтармен қарым қатынасқа түсетін қабілеті бар адамдардың қоғамда ерекшеленуі», -дейді. (Ранние формы религии. М., 1964, 283 б.)

О. Хюльткранцтың пікірінше, шаманизм толық мағынадағы дін емес, діни көзқарастар жүйесінің бір бөлігі, алайда ол кейбір халықтардың діни жүйесінде басым болуы мүмкін. И.А. Крывелев «рух», «анимизм» терминдерінен бас тартуды, оларды демон және «полидемонизм» терминдерімен ауыстыруды ұсынды, осы тұрғыда шаманизм, ғалымның көзқарасына сәйкес полидемонизмнің әдет-ғұрыптық жағы ғана" (История религии. Очерки. Т.1. М.,1975, 75-76 б.). И.С. Вдовин шамандықты зұлымдықпен күресте, көріпкелдікте, болашақты болжауда айқындалатын, басқа діни әдет-ғұрыптарға тәуелсіз көзқарастар комплексі деп қарастырады. Ол шаманизм эволюциясындағы

үш кезеңді атап көрсетеді. Алғашқыда шамандар тек науқасты емдеумен, көріпкелдікпен, болашақты болжаумен айналысқан. Табиғат күштерін тыныштандырумен айналысады. Келесі кезеңде шамандар кейбір қауымдық діни әдет-ғұрыптарды орындауға узурпациялайды. Соңғы кезеңде барлық дерлік қауымдық және отбасылық әдет-ғұрыптар шамандардың жетекшілігімен өтеді. (Заклучения. Проблемы аборигенов Сибири. Л., 1965, с 267).

Е.В. Ревуненкованың пікірінше, шаманизм дін емес, сондықтан кезкелген діни жүйемен оңай сіңісіп кетеді. Автордың анықтауынша шаманизм-айрықша дүниетаным жүйесі, онда ерекше рәсім, айрықша адамдар тобы арқылы ғарыштың үш деңгейінде қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туралы көзқарас көрініс тапқан, онда дүниетанымның рационалды, иррационалды көркем образды элементтері тоғысады. Шамандар сол «адамдар қауымдастығының әртүрлі әлеуметтік-психикалық, эмоционалды, эстетикалық және т.б. қажеттіліктерін қанағаттандырады» (Народы Малайзии и Западной Индии. М., 1980, 238-240 с). Алайда бұл дүниетаным қоғам өмірінің барлық жақтарын, соның ішінде діни саласын да қамтиды және о адамның табиғаттан тыс күштерге тәуелділігін көрсетеді.

Шаманизмді зерттеген еуропалық ғалымдар көп құнды пікірлер айтқанымен, ғылымдағы еуропаорталықтық көзқарас шеңберінде қалып қойды. Шаманизм олар үшін бөтен мәдениет туындысы болғандықтан, еуропалықтар оған экзотикалық құбылыс, архаикалық дүниетаным рудименті ретінде қарады, ал бұл шаманизмге әділ ғылыми баға беруді қиындатты.

Шамандық дінді жүйелі түрде, оны қалыптастырған мәдени жүйемен бірлікте, тұтастықта зерттеген ғалымдар Д. Банзаров пен Ш. Уәлиханов болды. «Шамандық дегеніміз,-дейді Шоқан,-әлемді, дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Шамандық сенім табиғатқа бас иеді». (Қазақтардағы шамандықтың іздері. Таңдамалы. Алматы, 1985). Қоғамдағы шаман рөлін де қазақ ғалымы басқа тұрғыдан бағалайды: «Шамандар аспан Тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары ретінде саналған. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сәуегей және емші, сегіз қырлы бір сырлы адам болған».

К.Ш. Шүлембаев «Шаманизм революцияға дейінгі Қазақстанда кең тараған діни наным-сенімдердің айрықша формасы», -деп санайды. «Шаманизм анимизм мен магия элементтері басым «пұттық» діндердің күрделі қоспасы» (Маги, боги и действительность. Алматы, 1975, 52 б). Бұған қарама-қарсы көзқарасты Ғ. Есімнің «Шамандық деген не?» атты мақаласынан кездестіреміз. Аталған автор шамандық пен бақсылықты әр түрлі, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын құбылыс деп қарастырып, шамандық туралы былай дейді: «шамандық деген дін жоқ, дүниедегі бар

діндерді жоғарыда айттық, ал шаманизм осы діндердің синкретизмінен туған, қолдан жасалған түсінік».

Шамандықты зерттеген қазақ ғалымдарының бір тобы оны адамның виртуалдық, тылсымдық дүниесіне әсер етудің ерекше дәстүрі деп санайды. М.С. Орынбековтың пікірінше, бақсы адам мен әлем арасындағы ажыраған байланысты қалпына келтіреді. Мистикалық желігу, зікір салу практикасы арқылы адам мен әлемді біріктіріп, сананың тұтасуына ықпал етеді. «Шаман дүние түйсінуінің негізі бұл дүниедегі сананың толымдылығы, үйлесімділігі, кең ауқымдылығы болып табылады. Ал сырқат-адам мен дүние арасындағы үйлесімділіктің бұзылуының салдары» (Древние верования Казахстана. Алматы, 2002). Қазіргі психиатрияның дамуы ғалымның бұл пікірін растайды, көптеген жүйке ауруларының адамның табиғаттан, әлеуметтік ортадан жаттануынан туатындығын медицина ғылымының дамуы дәлелдеп отыр.

Шаманизм натурфилософиялық негіздегі әсерлене жүргізілетін емшілік практикасына жатады. Ол-рухани мәдениеттің мистикалық тәжірибесінің типтік көрінісі. Осы жөнінде қазақ бақсылығынан бір дерек келтірейік.

Мысалы, қазір Алматы облысында тұратын қаңлы руынан шыққан бақсы Ержұма Есжанов жынданып ауырған бір жас келіншекті емдеу үшін жирен айғырды дайындап, ойын үстінде айғырға мініп, жерде жатқан ауру келіншекті аттың тұяғымен басып емдеген деседі. Қызылордалық бақсы Беркінбай-қалпе (Беркінбай Бекниязов) әуелі жын-перілерін шақырып, сарын айтып, емдеу тәсілін солардан біліп отыратын.

Тува қамдары да, көбінесе, даңғыра қағып, сарын айтып, жындарын шақырып, нендей ем қолдану керек екендігін анықтау мақсатымен оларды жан-жаққа жұмсайды:

«Қарқаралы қара сайда,
Қалықтаған қара тасты,
Суы тайыз қара сор (үстіндегі)
Жез-қола көпірлі,
Қыл көпірлі,
Ағаш қабық көпірлі,
Есігі ашық қара ханды үйде
Неше кісі бар (білу) керек,
Оң жағында шарбақ ішінде
Қызыл қаны төгілгендер
Саны неше, жеті аққу, соны біліңдер
Үш көпірде із кестіңдер ме?
Өлген кісі із кестіңдер ме?
Өлген кісі шұбыра ма көпірден
Қыл, жез-қола көпірден
Тірі кісі өтіп жатыр ма?»
/аударған Е. Тұрсынов/

Саха бақсылары да даңғыра қағып, сарын айтып, жындарын шақыртып, олардан ауруға нендей ем қолдану керек екенін, нендей тәсіл қолдану керек екенін сұрайтын болған. Осы дәстүрлерді өзбек бақсылары да ұстанады. Емдеуге кірісер алдында олар емдеу тәсілін анықтау мақсатында кеседегі суға тілім-тілім мақта тастап, бал ашатын, немесе даңғыра қағып, сарын айтып, жындарын шақыртып, нендей ем қолдану керек екендігін олардан біліп алатын. Бұл-дүние жүзі халықтары бақсыларының барлығына ортақ жайт. Осыған сай бір үзінді келтірейік:

«Ақ мандәкқа оран,
Ақ қоңыраушыққа байлан,
Ақ қолаға аударыл,
Ақ аданға (келіп), тоқыра,
Аш кіріске аударыл,
Аш қоңырауға іззет қыл»

(Турсунов Е. Древнетюркский фольклор. Алматы, 2001, 13 б.).

Мұндағы «ақ аданың-бақсының даңғырасы. Бұл бақсының жындарын шақырғанда айтқан сөзі.

Алтайлар құрамындағы чалқандықтар бақсының даңғырасын теке немесе марал деп түсінген. Бақсының даңғырасын «тірілтенде жасалатын ырымдар кезінде олар: «Даңғырамаралды (немесе даңғыра-текені) тірілтіп жатырмыз, оған жан бітіріп жатырмыз, деп айтатын. Дегенмен, бақсы ойнаған кезде даңғырасын бұлар да «ақ аданың деп атайтын. Қалай болған күнде де алтайлар даңғыраны тірі, жанды нәрсе, бақсының көлік қылып мінетін малы деп түсінген. Кейде жолдың ауырлығына қарай алтай қамының даңғыра-көлігі бірде құс болып, бірде атан болып, бірде ат болып құбыла түсе береді. Жоғарғы аспанға шығар алдында даңғыра қазға айналады. Оның үстіне мініп алған қам:

Ақ аспанның астымен,
Ақ бұлттың үстімен,
Көк аспанның астымен,
Көк бұлттың үстімен
Өрлей бер, құсым, өрлей бер!-

деп, көлік-даңғырасын сөзбен қамшылап отырады. Сарынның әрбір жолын айтып болған соң, қаз болып: «Уңғай ғақ ғақ, уңғай ғақ, қайғай ғақ ғақ, қайғай ғақ!-деп қайыра береді. Бір кездерде қам әлем ағашы болып есептелетін, діңгегінде тоғыз тепкішегі бар арнайы дайындап қойған қайыңға жақындап, бірінші тепкішегіне аяғын да, даңғырасын қатты соғып: Гок! Гок!-деп, қуана, қайың мен отты айналып барып, құрбандыққа шалынған жылқы болып есептелетін, үстіне ат келі жамылған орындықтың үстіне атша мініп:

«Бір сатыға шықтым,
Айхай, айхай!
Бірінші қабатқа жеттім,
Шабарғата!

Тантының басына шықтым,
Шабарғата!
Тантының басына шықтым,
Шабарғата!
Толған айға жеттім,

Шабарғата!», -деп, аспанның бірінші қабатынан екінші қабатына, екінші қабатынан үшінші қабатына, т.с.с. көтеріліп бара жатқандығын, бақсы бүкіл әлемді, жарық дүниені, жоғарғы, жер асты дүниесін аралап өтеді деп сенген. (Турсунов Е. Древнетюркский фольклор. Алматы, 2001) .

Табиғаттың бір ғажабы-адамның өзі. Күнделікті өмірде табиғаттың адамға әсері, әсіресе, адамның алғашқы пәк-көңіл, нәресте кезінде әсер етті. Сондықтан да, адам өзін қоршаған жаратылыстың түсініксіз құбылыстарына арналған-өмір сүру ережелерін ойлап табуға мәжбүр болды. Табиғаттың түсініксіз құбылыстары кезінде ол ереже-заңдарды басшылыққа ала отырып, әр түрлі тосын жағдайларда қалай әрекет етудің құрал есебінде қолданды. (Жақау Дәуренбеков, Едіге Тұрсынов, 1993. Қазақтың бақсы-балгерлері. Ана тілі баспасы. 105 б.)

Әлеуметтік алғашқы таптардың құрала бастаған кезінде ата-бабаларымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, жалпы рухани тіршілігінде зор өзгерістер пайда болды. Бұл дәуірде жоғары дамыған күрделі дін-шаманизм қалыптасты. Бұл процесс бақсы типінің қалыптасу процесімен қатар өтіп жатты. Еңбек бөлінісі процесінің өрістеуі бақсылармен қатар фольклор үлгілерін тудырушы әрі сақтаушы-таратушылардың өзге типтерінің қалыптасуына негіз болды. Күрделі өзгерістер қоғамның барлық материалдық және рухани тіршілігінің салаларында өтіп жатты.

Демек, фольклор үлгілерін тудырушы әрі сақтаушы-таратушылары типтерінің қалыптасуы материалдық және рухани тіршілікте болып жатқан барлық өзгерістердің негізінде болып жатты. Өзгерістердің күрделілігі және жан-жақтылығы фольклордың түрлі-түрлі типтердің қабаттаса, қатарласа келе қалыптаса бастағандығына жол ашып берді. Яғни, бақсы типімен қол ол кездің өзінде ақын, жырау типтері де қалыптасып жатты. Әрқайсысы өз жолымен қалыптасып жатты, бірақ өзге типтерден тіпті бөлек емес, қайта солармен қиыса келе, жанаса келе дамып жатты. Қазақ фольклоры үлгілерін тудырушы әрі сақтаушы-таратушылары типтерінің генезисі жағынан ең көнелері-бақсы, ақын, жырау. (Е.Д.Тұрсынов, 1976. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы. 195-б).

Қорқыт туралы аңыз және Қорқыттың бейнесі түркі фольклорымен айналысқан зерттеушілерді толып жатқан сырларымен, философиялық тереңдігімен қызықтырып жүр. Қорқыт туралы аңыздың негізгі идеясы бақсылар идеясына, жалпы шаман дініне тән идеяға сай келіп отыр. Мұны бақсы сарынының сөздерінен байқауға болады. Түркі халықтарының ұғымы бойынша, бақсының мінетін көлігі-оның қобызы. Сөздің, ән, күйдің магиялық күшіне сенушіліктен емдеу ырымдарына, бақсылардың ойынына

ән-күйді қосу әдеті қалыптасты десек қателеспейміз. Мысалы, қазақтың бәдік айтуы, бақсының сарын айтпас бұрын, емдеуге кіріспес бұрын қобызда ұзақ күй тартуы, жалпы бақсы сарындарының әндетіп айтылуы осыған айғақ бола алады.

Қорқыт туралы аңыздан да осыны көреміз: оның тартқан тамаша күйлерін дүниедегі жан иелері құмартып тыңдайтын болыпты. Жер үстінде тыныштық таба алмаған соң, суға барып тұрайын деп, кілемін Сырдарияның суына төсеп, сонда қобызын тартып тұрады. Қорқыттың қобызының үнінен Сырдарияның ағысы тынып тоқтапты. Бұл жерде Қорқыт жүз жыл жасап, өмірін мәңгі қобыз тартумен өткізеді. Қорқыт күйлерін бүкіл дүние түгел ұйып тыңдайды. Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатып, Қорқыт күйін тыңдапты. Сарыарқаның аңдары да, Сырдарияның жағасына шұбырып келіп, Қорқыт күйін тыңдайды. Сырдария ағысын тоқтатыпты.

Демек, аңыздың айтқандары да бақсы ойынының тәртібіне сай келіп отыр. Қорқыттың кілемін Сыр суына төсеп, күй тартқандығынан да бақсының ойынын салып, шаман өзеннің суымен қобыз қайығына отырып жүзіп, табиғаттың тылсым күштері иелерімен қатынасқандығын байқаймыз.



Сурет. Қорқыт Ата.

Сонымен, Қорқыт туралы аңыздың түпкі негізі-есімі ел есінде сақталмаған бір ұлы бақсының өзіне мәңгілік өмір тілеп, ойнағаны туралы баяндайтын аңыз. Өзі үшін мәңгілік өмір тілеп, арнайы сарын айтып, ойын салу-қатардағы бақсының қолынан келетін нәрсе емес. Бұл тек қана өз күшіне сенген, күшті бақсының ғана қолынан ғана келеді. Асқан күшіне сеніп, ойын бастаған бақсы туралы аңыз кейінгі ұрпақтарды күні бүгінге дейін тебіrentіп келеді. Қазақ бақсыларының Қорқытты пірі деп есептейтіндіктерінің себебі, міне осында жатыр. (Турсунов, Д.Е.2001, Древнетюркский фольклор: истоки и становление. Алматы Дайк Пресс. 172 б).

Сонымен қазақ аңыздарындағы ескі дін сарыны-бақсылық болып табылады. Қорқыттың бақсы болған деп қарастырумыздың нақты дәлелі-қолындағы қобызы. Өйткені, қобыз-әулиелердің аспабы болып табылады. Қобыз тарту, онымен пірін шақыру бақсылардың ғасырлар бойы келе

жатқан бір дәстүрі. (Өлкей Марғұлан, 2007. Шығармалары. Алатау. Алматы. 608 б).

Қазақ бақсысының әдеттегі әлеуметтік өмірінде әдет-ғұрыптық заттары қасиетті деп саналады, ондай заттарға әйелдер, бөтен адамдар жақындауға тыйым салынады. Қазақ бақсылары өздерінің қобызын өте сақтықпен әрі қасиеттілікпен ғұрпын сақтай отырып жасайды. Бұл аспаптардың бақсылар үшін маңызы ерекше, оны аруақтарды шақыруға қолданады, ал метафизикалық тұрғыдар онымен өзге әлемге ұшады. (Әлемдік мәдениеттану ой-санасы, 2006. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парагдигмалары.-Алматы:Жазушы, 496 б).

Жалпы Қорқытты пір тұтып дәстүрін жалғаушылар бақсылық пен кәсіби музыканың арасында тұрған тұлғалар. Бұл-бақсылықтың қазаққа ғана тән екендігінің белгісі, яғни, жыршы-жыраулардың қобызбен сүйемелдейтіні бақсы болмысынан қалған соңғы рәміздік нышан болып табылады.

Қорқыттың бұл мінездемесі қазақтың және өзге де түркі халықтардың дәстүрлі ауыз әдебиетіндегі хандар мен бектердің, бүкіл халықтың дана ақылшысы, жорыққа аттанатын батырларға өсиет айтатын кісі деген мінездемесіне қайшы келіп отырған жоқ, оған сәйкес келіп отыр.

Бақсының зікір салуы адамның тылсымдық дүниесін оятуға бағытталған. Бұл ішкі шексіз болмыс пен рухани бірігудің тәсілін іздеу. Бұл тәсілді бақсының ойыны деп те қарастыруға болады. Бақсы ойыны кезінде дүниені жаратушы рөлін атқарды, ол айналады, ғарыштық тұлғалық деңгейде оны қайталайды, мистикалық тұтастану арқылы жақсылық пен жамандықты айырады, зиянды қасиеттерді көшіреді, аластайды, қамап қояды.

Шамандық дүниетаным әлемді тірілер дүниесі, өлілер дүниесі және оларды қосып тұрған әлемдік ағаш пен бақсылар өзенінен тұрады деп сипаттайды. «Бақсылар өзені» әлем үлгісінің жаңа элементі болып табылады. Бұрынғы тәңіршілдік түсінікте, ежелгі мифтерде кез-келген қауым мүшесі үш дүниені аралап жүре алса, кейін тірілер мен өлілерді, жоғары әлем мен төменгі дүниені байланыстырушы дәнекер (қам, бақсы, шаман) пайда болады. «Бақсылар өзені», -дейді Е.Тұрсынов, -жоғарыдан төмен қарай ағады. Демек, бақсылардың өзені туралы ұғымы бір жағынан шаман діні болғанға дейінгі дәуірдің наным-сенімдеріне тән «өлілер өзені» туралы ұғымы бір жағынан, шаман діні пайда болғанға дейінгі дәуірдің наным сенімдеріне тән «өмір өзені» туралы ұғыммен, екінші жағынан, кейіннен пайда болған бақсылар ағашы туралы ұғыммен байланысты екендігін аңғаруға болады. (Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. Алматы, 2001, 149 б).

Әлемдік өзеннен бақсылар өзенінің айырмашылығы соңғысының рухани ағынға арналғандығында. Яғни, дүниені аралайтын шаманның өзі емес, оның рухы. Осы жөнінде Едіге Тұрсыновтың тағы бір айғағын келтірейік:

«Тірілер дүниесін, өлілер дүниесін, жоғарғы дүниені желмая қобызына (даңғырасына, сыпыртқысына) мініп, шарлап жүрген бақсы үйге жиналған кісілердің көзіне үйде отырып, ойын салып жатқан болып көрінеді, өйткені дүниелерді аралап, сапарға шығатын бақсының өзі емес, ал оның жаны (рухы) болып есептеледі. Бақсының өзі болса, жаны сапар шегіп, тиісті әрекеттерді істеп жүрген кезде күйін тартып, сарынын айтып, қысқасы, ойынын салып жатады. Күй тартпаса (немесе даңғыра қақпаса), жын, аруақтар, құдайлар бақсының өтінішіне құлақ аспайды деген ұғым түркі-моңғол халықтарына ғана емес, дүние жүзі халықтарының біразына ортақ». (Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. Алматы, 2001, 152 б).

Бақсының жандары да оның рухы жалпы әлем суреттемелеріндегідей екіұшты болып келеді. Құт-ізгіліктің, дәулет-ырыстың, берекенің рухы. Сор-зиянкес русыз әлем бейнелері осы «киелі» және «кесірлі» бастауларсыз толымсыз болар еді. Шамандық ықпалдығы түркілік әлем суреттемелерінде мынадай кесірлі демондар аталып өтіледі: албасты, жезтырнақ, сөрел, шимұрын, обыр, монтаны, марту, қырсық.

Бақсылық әлем суреттемелерін тек табиғатқа табыну деп түсіндіру біржақты болып шығады. Бұл баяғы көшпелілік мәдениетті варварлық сатыдан көтермеу пиғылдарымен шектеседі. Исламға дейінгі түркілік мәдениетте ізгіліктің, киелінің, адамға күш беретін рәміздік бейнесіне Түкті баба Шашты Әзиз жатады. Тікелей мағынасында бұл рәміз арғы тек мағынасында қолданылады. Түркілік мәдениеттегі генотиптік қисын зооморфтық ілкі тектен (көк бөрі, марал, бұғы, тарантур, бүркіт, т.т.) антропоморфтық кейіпкерлерге ауысумен айқындалады. Түкті Баба Шашты Әзиз генотиптік әулие ретінде ең алдымен ұрпаққа қолы жете алмай жүрген адамдарға көмектеседі.

Ізгілік пен зұлымдықтың арасындағы күрес туралы «Қорқыт ата кітабында» көптеген рәміздік кейіпкерлер келтірілген. Хумбабадан кем емес қатыгез-зұлым төбекөз (циклоп) Арзу қожа мен пері қызының байланысынан туады. Ары қарай сюжет антикалық Полифем туралы аңызбен тым ұқсас өрбиді. Бұл, Леви-Стростың тілімен айтқанда, әлем мәдениеттері архетиптеріндегі құрылымдық бірлікті білдіреді. Күніне екі адам, 500 қоймен қоректенетін Төбекөзді батыр Бисат (Арзу қожаның адамнан туған баласы) көзіне қызған темір сұғып өлтіреді. Яғни, жақсылық түбінде зұлымдықты жеңіп шығады деген ой айтылады.

Бақсылық және ол туралы мифтердегі рәміздік түсініктерді ары қарай талдасақ, онда бақсының сыртқы келбеті мен қолданатын нәрселерінің барлығы рәміздік мағынаға ие екендігін аңғаруға болады. Мысалы, қамшы-жындармен қарым-қатынасы құралы болса, асатаяғы-үш әлемге меңзейді. Оның қалпағындағы үкі қауырсыны аспан-көктің рәмізі болып табылады. Қараңғыда дыбыссыз бағдар табатын үкі көшпелілер үшін қасиетті құс болып есептелген.

Адамда индивидуальды көмескі санамен қатар ұжымдық көмескі сана болатындығын К.Г.Юнг айтқан болатын, көмескі сана архетиптері

адамзаттың мәдени архиві тәрізді. Алайда, архив архитиптері адам санасына сыналай еніп, оны мазалайды, оның себебін түсінбеген адам сырқатқа ұшырайды. Ал бақсы болса көмескі санадан ығыстырып шығаратын емші, басқа сөзбен айтсақ мәдени мұраның тұтастығын жеке адам санасы аумағында қамтамасыз ететін тұлға.

Шамандық қасиет адамға рухтың қалауымен қонады, бақсы зікір салардың алдында рухтарын көмекке шақырады. Көңіл аударатын тағы бір нәрсе шамандық тұқымқуалаушылық, тегіне тартушылық арқылы мұрланады. Барлық шаманда өз әулиетінде, ата-бабаларының бірінде осындай қасиет болғандығын айтады. Осыны ескере отырып, біз шамандықтың генотиптік сипаттағы діни жүйе деп санаймыз және оның төмендегідей ерекшелігін атап өтейік:

1. Шаманизмде өлі табиғат ұғымы жоқ, табиғат жанданған, барлық құбылыстың, жер мен судың киелі иесі бар.

2. Адам мен әлем тұтас. Оларды бөліп тұрған күз-жартас жоқ. "Адам табиғат патшасы",-дейтін еуропалық ұран шамандыққа жат. Адам қанша құдіретті болса да табиғаттан жоғары емес, ол-тіршіліктің ерекше бітімі.

3. Дүниедегінің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл байланыс шаман-медиум арқылы іске асады.

4. Ғарышты мекендейтін рухтар адамның күнделікті тұрмысына жақын араласып отырады, қолдайды немесе жазалайды.

5. Рух ниетін, әмірін адамдарға жеткізуші тұлға-шаман, бақсы.

6. Шамандық қасиет-тұқым қуалау, тегіне тарту. Рухтың қонуы арқылы ол дариды.

7. Шаманизм рулық қоғамның діни идеологиясы ретінде қалыптасады, шаман бір әулеттің немесе рудың абызы қызметін атқарады. Ол діни әдет-ғұрыптарды өткізеді, әулеттің немесе рудың болашағын болжайды, сол арқылы шаруашылық әрекетін, тұрмыс-тіршілігін айқындайды.

Шаманның рухтардың таңдаулысы болуы және сәуегейлік, яғни болашақты болжау қасиеті әлемдік діндеріндегі пайғамбар идеясының қалыптасуында маңызды рөл атқарған деп топшылауға болады, сол сияқты жаратушыны таза рух ретінде түсінуде де шамандық әсерін жоққа шығаруға болмайды. Жалпы жаратушы-құдай идеясының түп-тамыры табиғатқа табыну, оны құдіреттендірумен аруаққа, рухқа табыну, десек артық айтпаған болар едік.

Пысықтау сұрақтары:

1. Түркілердің космологиялық түсініктері мен дүниетанымының синкретизмі неден байқалады?
2. Өмірде алудан гөрі болуды арман еткен мифтік тұлғаларды есіңізге түсіріңіз?
3. Түркі мифологиясының және философиясының қайнар көздері неде тұр?

8. ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Мақсаты: Ұлы Жібек жолы мәдениеті және ортағасырлық түркі өркениетінің ерекшеліктеріне мәдениеттанулық талдап, түркілердің әлемдік мәдениетке қосқан үлесін анықтау.

7.1. Ұлы Жібек жолы мәдениеті және Орталық Азия

Ұлы Жібек жолы шын мәнісінде көшпелі және отырықшы мәдениеттер тоғысуының адамзат тарихында ең маңызды тәжірибесі болғандығы жөнінде айғақтар жеткілікті. Бұл, мысалы, 1991 жылы Алматы қаласында ЮНЕСКО өткізген халықаралық семинардың басты тақырыбы болды. Халықаралық қауымдастық Ұлы Жібек жолына тек тарихи-мәдениет артефакт ретінде қарап қоймай, оның қазіргі шиеленіскен, жанжалдарға толы әлем үшін де маңыздылығын атап өтті. Сол себепті ЮНЕСКО Ұлы Жібек жолы туралы арнаулы екі ірі бағдарлама қабылдады: «Адамды қоршаған орта» және «Мәдениет пен болашақ». Оның үстіне қазіргі ақпараттық қоғамдағы көшпелілікті жаңа рәміздерін ескерсек (тамырсыз ризома, орталықсыз жүйе, үйлесімділік, т.т.), онда талқыланған тақырыптың маңыздылығы күдік туғызбайды.

Көптеген зерттеушілер Ұлы жібек жолы пайда болуын б.з.д. II ғ. байланыстырады және бұл кезең еуразиялық көшпелілердің өркендеп тұрғанының айғағы бола алады. Олар тіпті дүниежүзілік үдерістерге де өз әсерін тигізіп отырды. Ұлы Жібек жолы мәдениеті тәжірибесінен туындайтын тарихи сабақтың бірі-еуропоцентризмдегі номадизмді қалалық мәдениетке қарсы қою ұстындарының жалаңдығы. Бұл жерде басты ұсынылатын тезис-көшпелілер қалалық мәдениетке қарсы қиратушы күш болды.

Егер біз отырықшы елдердің көшпелілерге жалпы менсінбей қарауынан сәл көтеріле білсек, көшпелілердің өзіне тән мәдени реттеу тетіктері болғанын көре аламыз. Ибн-Фадлан да көшпелі түркілердің құдайлары жабайы сенімді емес, ал сол қоғамдағы келенсіздіктерден адамдарды қорғау қызметін атқаратынына назар аударады. Ибн-Фадлан былай дейді: «Дінді білмегендіктен оларда мынадай наным бар екен. Әр адам бір тұтам ағашты кесіп алып, төсіне іліп қояды. Жолға шықса немесе дұшпанына кезіксе, ағашты сүйіп: «О, тәңірім, маған жар бола гөр» деп сыйынады. Мен тілмашқа бұрылып: «Бұлардың бірінен сұрап көріңізші, бір тұтам ағашты байлап жүрудің нендей сыры бар? Оған не себепті «тәңірі» деп сыйынада?» дедім. Сонда ол: «Менің тегім басында осындай ағаштан жаралған, сондықтан одан басқаға біз сыйынбаймыз» деп жауап қатты. Олардың біреуі өзі сыйынатын тәңірінің саны он екі екенін айтты. Олар: «қыс иесі, жаз иесі, жаңбыр иесі, жер иесі, ағаш иесі, адам иесі, жылқы иесі, су иесі, күн және түн иесі, ажал иесі, жел иесі, ал аспандағы тәңірі-солардың ең үлкені. Бұлар бірінің ісін бір қолдайды. Әр заттың иесі не ұйғарса, басқалары соған келіседі. Тәңірі солардың бәрінен де жоғары, ұлы, бұзық ниетке

салынғандарға жол бермейді» деді (Ибн Фадланның Еділге саяхаты//Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары.- Алматы: Қазақ университеті, 1991.-344-381 бб).

Түркілік мемлекеттердегі қалаларда түрлі дін өкілдері бір-бірімен келісімді өмір сүре білген. Осы жөнінде Ибн-Фадлан мынадай дерек келтіреді: «Еділ бойында Хазар патшасының үлкен қамалы бар. Ол екі бөліктен тұрады: бірінде мұсылмандар, екіншісінде Хазар патшасының бір баласы билейді. Оны «хаз» деп атайды, өзі мұсылман болады. Хазар елінде тұратын мұсылмандарды немесе сауда ісімен келгендерді соттау сол баланың билігінде. Оларды соттап, өз арасындағы дау-жанжалдарды қарауға одан басқалары жіберілмейді. Қалада мұсылмандар үшін салынған мешіт бар. Соған жұрт жұма күндері жиналып, намаз оқиды. Мешіттің бірнеше мұнаралары мен азаншылары бар. 309 жылы мұсылмандар әл-Бабынаж бағында тұратын бір кәпір шіркеуін бұзған. Мұны естіген Хазар патшасы: «Егер ислам діні елдерінде бір шіркеу (синагог) қалдырылмай қиратылған болса да, мен мешітті бұзудан тайынбас едім» деп, мешіт мұнараларын бұзып, азаншыларын дарға асқан. Хазарлар, олардың патшасы иудей дінінде, ал бұлғарлар және солармен шектес елдердің бәрі де Хазар патшасына бағынады. Хазар хақаны сөйлегенде оларды өзінің күлі қатарында көреді, бұлғарлар оған бас иіп тұрады».

Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелілер мен отырықшы (қалалық) мәдениеттердің арақатынасын қарастырғанда, әрине, олардың түбегейлі бөлек құрылымдарда – қала және көшпелі қауым бірігетінін есте ұстаған жөн. Қала ең басынан қолөнер мен сауданың орталықтары, иерархиялық жүйелердің әкімшілік орталықтары ретінде қалыптасты. Алайда өркениеттің аграрлық толқыны үстемдік етіп тұрған шығыстық (әсіресе, суармалы империялар – Қытай, Үнді, Халифат т.т.) жүйелер номадтармен материалды және рухани мәдениет өнімдерімен айырбас жасауға мүдделі болды.

Қол өнершілер көшпелілерден тері, жүн, сүйек сияқты өнімдерді алып тұруға мүдделі болды. Бұл әсіресе Орталық Азияға тән болды. Зерттеушілер атап өткендей, Қарахандар мемлекетінде көшпелілерден шыққан билеушілер қыста қалалардағы сарайларында болғанымен, жазда міндетті түрде жайлауларға көшетін болған.

Ұлы Жібек жолы бойында көшпелілік және қалалық мәдениеттердің арасындағы байланыстарда, әрине, қақтығыстар мен соғыстар болып тұрған. Алайда ортағасырларда соғыс, біріншіден, отырықшы империялар мен мемлекеттердің арасында да жиі орын алған. Екіншіден, отырықшылар мен көшпелілердің арасында уақыт жағынан соғыстардан гөрі бейбіт қатар өмір сүру көбірек болған. Себебі олар бір-бірінен тәуелді еді. Үшіншіден, мысалы, Шыңғыс хан шапқыншылығының нәтижесінде қалалардағы көптеген қолөнершілердің жойылуы олармен байланысты көшпелі құрылымдардың да қиратылуына әкелді. Өйткені айырбас адамдық қатынастардың әмбебап, қутты, креативті формасына жатады. Айталық, Ұлы географиялық жаңалықтардың нәтижесінде Еуропадан Шығысқа қарай теңіз жолының

ашылуы Ұлы Жібек жолының маңызын төмендетті және бұл аталған аймақта бұл мәдени құлдырауға әкелді.

Ұлы Жібек жолын мәдениеттегі екі полярлық бағдар-дифференция және интеграция-кең мәтінінде қарастырған біршама соңы ойларға жетелейді.

Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелі қолөнершілердің үлкен жетістігіне қыш құмыралар жасау өнері жатады. Мысалы, қыпшақ даласының аймағы Сығнақта қышты өндеудің ерекше бір стилі қалыптасқан. Оны Ж. Гарден «дала керамикасы» деп атайды. Ұлы Жібек жолы көшпелі мәдениеттің әлеуметтік құрылымын өзгертіп және күрделендіріп жіберді. Ж.К. Гарденнің сараптауы бойынша, артефактілер мен экофактілер негізінде номадтардың арасында малшы-көшпелілермен қатар, симбиотикалық-типтер, түйе айдаушылар, қарауылдар, күзетші иттерді тәрбиелеушілер, т.т. пайда болды.

Ұлы Жібек жолы бойында көшпелілер мен отырықшылардың арасындағы қарым-қатынастардың төмендегідей модельдерін атап өтуге болады:


1. Сауда-саттық қатынастар басым болып келеді. Оған шөлдер мен тастақтардың ортасындағы оқшау мәдениеттер жатады.

2. Уақытша саяси бірігулердің нәтижесінде пайда болатын байланыстар. Мысалы, Хорезм және оның маңайындағы шөлейт аймақтар.

3. Бір мәдени ареал шектеріндегі (мысалы, оазистердегі) тұрақты қарым-қатыстар.

4. Көшпелілердің оазистерге және өзен аңғарларына жаппай қоныс аударуынан қалыптасатын қарым-қатыстар.

Француз зерттеушісі А. Франкфордың пікірінше, номадтар мен егіншілердің алғашқы байланыстарынан б.з.д. 2 мыңыншы жылдықта Ұлы Жібек жолының бастапқы үлгілері қалыптаса бастады. Оның дәлелі ретінде Қытай мен Ордосты ары қарай Бактриямен байланыстыратын және сауда-саттық қатынастарын келтіруге болады. Ең қызығы Сапаллиден табылған жібек бактриялық ақсүйектердің Қытаймен сауда-саттықпен тікелей өздері айналысқанын көрсетеді. Себебі олар сол кезде көшпелілермен жаулық қарым-қатынаста болған.



Сурет. Ұлы Жібек жолының қазіргі Қазақстан жері бойынша бағыттары.

Зерттеушілер көшпелілер мен жерөндеушілердің арасындағы қарым-қатынаста белсенді жаққа біріншілерінің жатқанын атап өтеді. Әдетте этникалық процестер солтүстіктен (даладан) оңтүстікке (оазистерге) қарай бағытталғанын, далалықтардың саяси және тілдік үстемдікке жететінін көрсетеді. Далалықтар отырықшы өркениеттің материалдық мәдениетін қабылдағанымен, өздерінің рухани жүйелері мен басқару формаларын сақтап отырды.

Орталық Азияда көшпелілер ролінде әдетте түркі тайпалары, ал отырықшы жерөндеушілер сапасында ирантілді халықтар әрекет етті. Орталық Азиядағы мәдени ауысуларда атақты скиф триадасы (салттылар өркениеті, әскери демократия және аң стилі) маңызды рөл атқарды. Археологтардың деректері бойынша, «ат иесі» сюжеті Антика мен Уғаритте, Пазырық қорғанында, бүкіл Орталық Азияда кездесіп отырды. 3. Самашевтің түсіндірмесіндегі бұғытастағы жылқыны екі жартқыш талап жатқаны туралы тастағы кескін Монғолия мен Крит аралында қатар табылды

Бактрияда табылған мәдени артефактылар скиф-сақ өнері мен эллинистік туындыларының арасындағы көп ұқсастықты айғақтайды. Мысалы, қасқырбасты және бұғымүйізді айдаһар Сібір мен Қытай өнерінен сусындаса, ал жыланбасты екінші айдаһар (Медуза Горгона сияқты) батыстық сюжеттерге жақын. Стилдердің араласуы жалпы Жібек жолы мәдениетіне тән нәрсе. Мысалы, ертекушан өнерінде маңдайына нүкте салынған билеуші (Үнді мәдениеті) еуразиялық айдаһар және құбыжық тарантурмен күресіп жатқаны көп нәрсеге меңзейді.

Жалпы мәдениеттің бір бөлігі болатын көшпелілердің көне бейнелеу өнері тарихы да біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықта басталып, сол дәуірдің V-VI ғасырларында өте жоғары деңгейге жетеді. Жалпы, Орта Азия, Қазақстан бейнелеу өнері сонау неолит және қола дәуірінен басталады. Атап айтсақ Жасыбай және Ұлытау тастарына ойып салған өшпес суреттер осыған дәлел бола алады. Көне дәуір көшпелілерінің графикалық бейнелеу үлгісінде әсіресе жан-жануарлар дүниесі мейлінше мүсінделген.

Сақ-скиф бейнелеу өнерінің «Аң стилі» сияқты озық формалары да сол кезде пайда болған. Табиғатпен тығыз байланыста өмір сүрген көшпелі халықтардың өнер туындыларын жасауға қолданған материалдары-алтын, қола, мыс, ағаш, тас және мал өнімдері-тері, киіз, жүн болған көрінеді. Көшпелілер мәдениеті мен өнері өзінің құндылығымен жарты әлемге мәшһүр болды. Сақ-скифтер қолынан туындаған өнердің ықпалы ежелгі шығысқа да, батысқа да үлкен әсер етті. Әсіресе «Аң бейнелі» әдіспен әсемделіп сомдалған нәзік те нақышты дүниелері басқа елдердің құрметпен қарауына мойын ұсындырды. Көшпенділердің «Аң бейнесі» стилінің шығу төркіні әріде жатыр, бұл өнер өзінің бастауын «Бұғы тастар» бедерлеме суретінен алады. «Бұғы тастар» қорымының Қазақстанда пайда болуы б.з.д. II және I мыңжылдықтардың арасы, дәлірек айтқанда қола мен темір дәуірлерінде. Қорымның тасқа қашалған аң бейнелері кейінгі дәуірдегі скифтік «Аң

стилінің» дамуына үлкен серпіліс тудырғанын көрсетеді. Ертедегі көшпелілер заманында ежелгі тайпалардың мифологиялық сюжеттері мен аңыз әңгімелерінің негізінде жасалған көп пішінді композициялар пайда болған. Орта ғасырлардағы жартасқа сурет салу өнері бұрынғы қалыптасқан дәстүрде дамыды. Бұл заманда суреттерді көне петроглифтердің үстіне салу да жиі кездеседі.



Сурет. Аң стилі.

Көне заман суретшілерінің ашық аспан астында галереялар жасауы таң қаларлық жағдай. Қазақстанның тасқа салынған гравюралары, ата-бабаларымыздың бізге қалдырған ұлы мұрасы-көне заман жайында дерек беретін даусыз жәдігер. Петроглифтердің шексіз құндылығы біздің ертедегі ата-бабаларымыз өмір сүрген ортадағы әлем туралы ұжымдық дүниетанымды көрсетуінде. Ертедегі суретшілердің өнері даму барысында образдылықтың биік шыңдарына жеткен. Олардың бәрі алысқа, аспанға ұмтылып, Көк Тәңірге жетуге тырысып, ру мен тайпаның жебеуші әруақтарының құдайға мәңгілікке жету жолдарын меңзейді. Сол алыс замандарда суреттердің орны ерекше болғандығы анық. Ол болашаққа арналған петроглифтер арқылы шынайы өмірдің рухани бейнесін жеткізудің рөлін атқарды.

Кейінгі кезге дейін кейбір ғалымдар, өнер зерттеушілері көшпелі халықта (сақ, қыпшақ, үйсін, Орта Азия түрік тайпаларында) мәдениет, әсіресе қолтума сурет өнері дамымаған деген сыңаржақ пікір айтып келген еді, енді міне, соның бәрі шындыққа жанаспайтындығы белгілі болды. Кейінгі археологиялық қазбалардан табылған өнер туындылары осының айғағы. Есік «Алтын адамынан», бертін келе, қазақ жерінде мәдениет әлденеше рет дамып, гүлденіп отырған. Қазақ халқының өмір салты көшпелі болғанымен рухани мәдениеті көшпелі болған емес, оны біздің ғылыми тұрғыдан жинақтап зерттеген этнографиялық деректі материалдар айқындай түсті. Кезінде академик Ә. Марғұлан мыс, темір дәуіріндегі құйма өнерінің түрлерін терең археологиялық зертеулерден өткізіп, «ғұн дәуірінде тасқа салынған суреттер көшпелілердің графикасы», -деген пікір айтты (Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар.-Алматы: Жазушы, 1985.-23 б.).

Ертедегі суретшілердің туындыларынан жабайы аңдардың бейнелерін-құлан, елік, арқар, марал, ертедегі бұқа-тур, барыс, қасқыр, жабайы жылқы бейнелерін кездестіреміз. Жануарлар жанды қимыл үстінде көрсетілген.

Ертедегі шеберлер қос өркешті түйенің тәкәппар келбетін, тұлпарлардың сымдай сымбатын, бұғы мен маралдың әсемдігін, барыстың серіппеше атылуға әзір тұлғасын көрсете алған. Әсіресе аңшылық көріністері, жан-жануарлардың арпалысы, батырлардың жыртқыштармен жекпе-жектері бейнеленген гравюралар өте қызықты. Жартастағы суреттерден ертедегі малшылардың темір қорытушылардың, көшпелі керуеншілердің өмірінен деректер беретін сызбаларды да көруге болады. Түйелі керуендер мен салт аттылар топтары белгіленген петроглифтердің сюжеттері қазақтардың Желмая жайлы көне аңызымен үндеседі (Ұлытау, Бұланты, Білеуті, Абыралы және басқалары).

Күш-қуат пен биліктің айнасындай көрінген, тайпанын дінін де, жері мен жайылымын да жебеуші рухындай болған бөрі тотемі-түркі-монғолдардың күшті тотемі. Бөрі залалды кезеңдердегі адамдардың қорғаушысы, қамқоршысы ретінде көрсеткен аңыз әңгімелер түркі тайпаларында сақтар, ғұндар, ежелгі үйсіндер замандарынан бері кең тараған. Қолындағы ұзын найзасының ұшына бөрінің басы бекітілген атты жауынгер бейнеленген петроглифтер көне түркі дәуірінің тарихи құжаты мәніне ие болады. Бұл дәстүрдің тууы ғұн дәуірінен бастау алады.

Тарих ғылымы, мәдениет пен өнер тарихы үшін Батыс Түрік қағанаты шеберлерінің қолына жататын қабырғаға салынған бөрілі басты ту салынған өрнек суреттердің маңызы өте жоғары. Көне өрнектер VI-VIII ғғ. қалалар орнын қазу кезінде табылған. Сонымен жартастағы бейнелеу таңбалары өткен дәуірде өмір сүрген тайпалар мен халықтардың рухани әлемін тереңірек білуге мүмкіндік береді. «Аң стиліндегі» өнер туындылары мифологиялық сюжеттерге тұнып тұр. Мифтер-ежелгі наным-сенімдердің бірі. Олар адамзаттың рухани мәдениетіндегі күрделі құбылыстардың қатарына жатады. Белгілі этнолог Л.Н. Гумилевтің пікіріне сүйенсек: «Аңыздар мен мифтер қиялдан туған шығарма емес. Олар сол кезеңдердегі адамдардың көзқарасын, кезеңіне сай білімін көрсетеді» (Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу.-Алматы: Балауса, 1991.-14-15 бб.).

Ұлы Жібек жолы мәдениеті қалыптасуындағы тағы бір факторға отырықшы елдерді жаулап алған көшпелілердің олардың өмір салтын түбегейлі өзгертуінен де көрініс табады. Бұл бір жағынан әбден өзгеріссіз тұрақтанып қалған қоғамдарға мәдени серпін беріп, оларды жаңа талаптарға икемделуіне мәжбүрледі. Мысалы, II-IV ғасырларда ғұндардың бір бөлігі (эфталиттер) Соғды арқылы өтіп, бұрынғы қушандықтардың иеліктерін тартып алады. Бұрынғы малшылар өз жайылымдарынан айырылғаннан кейін қалалықтар мен жер өңдеушілердің қатарын толықтырды, олар жаңа кәсіптерді меңгеруге тиіс еді. Көшпелілердің билеушілері жаңа жұмыс күшін сауда-саттықты нығайтуға бағыттады және өзінің бұл әрекетінде осы саудағы ыңғайлы соғдылық элитаға сүйенді. Ұлы Жібек жолы бойында соғдылық мәдени экспансиясы жаңа қуатқа ие болды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени қарым-қатынастарының үдерісі нәтижесінде өнер саласында да жаңа феномендер мен стильдер қалыптаса

бастады. Бұл процесті тіпті монғол шапқыншылығы да тоқтата алмады. Мәдениеті жоғары аймақтарда билік жүргізіп тұрған Шыңғыс хан ұрпақтары тез уақытта жергілікті халықтың мәдениетін қабылдады. Сонымен бірге көшпелілер қол астындағы халық арасына өз мәнерлерін, рәміздерін, әлеуметтік реттеу тетіктерін алып келді. Мысалы, XIII ғасырдан бастап Орталық Азияда «Темірлан стилі» немесе Ирандағы «Монғол стилін» алсақ, онда Қытайдағы фарфор өнеріне еліктеу нәтижесінде туындағын «Кобальт типін» атап өтуге болады. Бұл стильде ақ және көк түстерге басымдық берілді, өйткені бұл түстер көшпелілер арасында қасиеттілік, тазалық, әділдікпен теңестірілді.

Дәл осындай процестер Оңтүстік Қазақстан аймағында да жүріп жатты. Қыш құмырасындағы ою-өрнектерді композициялық шешімдердің анықтылығы мен қарапайымдылығы, өсімдік, зооморфтық, геометриялық мотивтердің үйлесуі кең тарады. Бұл жалпы көшпелілердің дүниетүйсінуіне жақын болды.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті көшпелі мен аграрлық отырықшы өркениеттердің тоғысуының басты тетігі болған. Жазба тарихи көне заманнан желі тартатын Орталық Азия көшпелілері мәдени мұрасы туралы сөз қозғағанда, оның ең алдымен түрлі мәдени артефактылардың сұқбаттастығы нәтижесінде қалыптасқаны көзге түседі. Сақ заманында Еуразияның көшпелі тайпаларында мал өсіруге негізделген мәдени ареалдың қалыптасуы Оңтүстік Сібір, Алтай, Қазақстан, Еділ-Жайық, Қара теңіз жағасындағы қыруар ру-ұлыстар арасындағы айырбасты, мәдениеттегі ұқсастықты орнықтырды. Бұл кейін Ұлы Жібек жолы мәдениетінде өзінің қисынды жалғасын тапты.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті қалыптасуы үшін еуроазиялық даладағы мәдени үрдістердің күрделенуі маңызды рөл атқарды. Геродоттың скифтер туралы жазбаларында, агриппейлердің тақыр даланы мекендейтіні, ағаштың сөлін ішетіні, қыста ағаш бұтағына киіз жауып, соны пана тұтып, жазда киізін алып, ағашты жалаңаш тастап кететіні айтылады. Сақ-скифтер алғашқы ерте дәуірде үйдің осындай түрін пайдалана келе, кейін оны өздерімен бірге қысы-жазы ала жүруге ыңғайлы, арба үстіне қондырылған көшпелі үй дәрежесіне жетілдірген. Бұл туралы Геродот алты, төрт доңғалақты арба үстіндегі үйлер туралы хабарлайды. Тіпті көшпелілерде оңтүстікте саман, кірпіш, солтүстікте бөренеден салынған тұрақты үйлері де болған. Археология деректері олардың төбесі шатырланып және дөңгелете жабылатын киіз үйдің жасалуына жеткізген баспалдақ екенінде шүбә болмаса керек.

Қытайдан келген саяхатшылар да түркілердің мәдени деңгейінің жоғары екендігін куәландырады. Қағанның өзін қалай қабылдағанын сипаттай отырып, Сюань-Цзян түрік зиялыларының салтанатты жібек киімдерінің молдығын бірнеше қайтара ауызға алады, сонымен бірге өзіне көрсетілген сый-сияпат ішінде: «Қызғылт түсті жылтыр шыттан тілгілген неше алуан киімдер санатын және елу кездеме жібек» бергені жөнінде хабарлайды.

М. Орынбековтың сараптауы бойынша, біртұтас шаруашылықтың үш түрге: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылықтарға бөлінуі егіншілік пен мал шаруашылық өнімдерінің айырбас бағысын белгілеп, еңбек өнімділігінің артуына, басқа елдермен, халықтармен сауда қатынасын орнатуға ықпал етті. Аймақтар мен аумақтардың әр түрлі шаруашылық түрлеріне мамандануы жердің сапасы мен жағрафиялық жағдайға байланысты болды. Бұл жағдайда жағрафия мен тарихтың біртұтастығы көрініс тапты.

Ұлы Жібек жолы мәдениетінде, әсіресе бастапқы кезеңдерде, ежелгі сақтардың дүние туралы түсінігі, адамдық қарым-қатынастары жоғары болды. Белгілі мәдениет тарихшысы Э.Б. Тайлордың пікірі бойынша, көне бақташылардан дінінің қалыптасуының түпкі негізі, жанның денеден бөлінуіне сеніп, оны көз алдына елестеткені әруақ, жан туралы алғашқы түсінік-анимизм болды. Осы негізде қазақстандық зерттеуші М. Орынбеков Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелілердің рухани әлемі күрделі болды деген пікір айтады: «Сақтар да бұдан тыс қалған жоқ, өлім, түс көрудің себептері және т.б. туралы өздерінің ой пайымдарына осы жолмен келді. Өлген адамдардың заттарын бірге көмуге байланысты, жанның, о дүниеде өмір сүруі жайлы, о дүниеде «жақсы өмірдің» барлығына сендірді. Марқұмның аты, кейде тіпті әйелі өлтіріліп, мүліктерінің бірге жерленуі осыған байланысты еді. Анимистикалық көзқарас барлық дінге тән болды, сондықтан бұл ағымға артық күнә артпауға да болады (Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы.-Алматы: Ғылым, 1996.-168 б.).

Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі рухани ауысулар негізінен этномәдениетке оңтайлы қабылдаулармен ғана шектеліп отырды. М.С. Орынбеков Парсы мен Орталық Азияда отқа табыну идеясының өріс алғанын осымен түсіндіреді: «Қайтыс болған адамның жаны қайтып келмес үшін мүрдені өртеп жіберу де осыдан келіп шыққан. Бұл ағым дами келе отқа табынуға әкелді. Мазарлардағы қызыл бояу да осымен байланысты. Сол кезеңде күн-барлығын жалмаушы от ретінде басты құдірет болуына сәйкес, көкті көктей шабатын аспан атына табыну қалыптасты. Жоғарыда сақ тайпалары үшін аттың тарихи маңызын атап өткен едік. Ол малшылық пен көшпеліліктегі басты орынды иеленген еді. Бұл атты да құдірет күштерінің қатарына қосу арқылы көрініс тапты. Негізінен күн мен отқа табыну шығыс халықтарының көне ұғымы болды. Мифологияның жойыла бастауына сай оның орнына тұрақтылық пен нақтылық жайындағы ойлар, біз тіршілік етіп отырған ортадағы әртүрлі табиғат күштерінің-судың, жердің, от пен ауаның бізге тигізетін әсері жайлы ойлар басым болды.

7.2. Ортағасырлық түркі өркениетінің ерекшеліктері

Жылқының өркениеттер қалыптасуындағы рөлін тек К. Ясперс пен А. Вебер сияқты Батыс ғалымдары ғана емес, біздің отандық зерттеушілер де баса көрсетті. М.С. Орынбеков бұл мәселені тиянақты қарастырады: «Жылқыға табынушылық жылқына мүрдемен бірге жерлеудің әркелкі

жағдайларынан айқын көрінеді. Құрбандыққа шалынған жылқы мүрденің аяқ жағына көмілген. Жылқыға деген көзқарас әртүрлі болғаны соншалық, сақтар жайлаған аймақтардың әрқайсысында жерлеу салттары әртүрлі болды. Сондықтан да археологиялық қабаларда жылқы әбзелдеріне қарап, мүрденің жерлену уақытын, марқұмның тайпалық тегі мен дәрежесін айқындауға болады. Жүген, ауыздық, құйысқан, айылбас, ат әбзелдері ұмытылып бара жатқан жылқының адамдар ұғымындағы орнын көрсетеді. Геродот айтқандай, олардың жалғыз табынатыны-күн. Олар жылқыны күнге құрбандыққа шалады. Бұл құрбандық шалудың мәні: ең жүйрік, ең ұшқыр тәңірге ең жүйрік жануарды құрбандыққа шалу керек дегенді білдіреді. Әйткенмен, бұл тек сақтардың ғана ерекшеліктері емес еді. Күн мен жылқыны теңестіру көптеген халықтарда кездеседі. Ригведа мен Авестада күн тәріздес доңғалақты арбаны сүйреген ат бейнеленген. Сақ қолөнерінің негізгі ерекшелігі Оңтүстік Сібірде, Қазақстан мен Орта Азия аумағында кездесетін тағы аңды бейнелеу болды. Оның мәні мынада еді: осы тотемнің элементтері әр тайпаның шығу тегін көрсетеді».

Көшпенділер мен егіншілер арасындағы ғасырлар бойғы бітіспес жаулық жайлы идеологиялық догманы, сонау біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда көшпенділердің солтүстіктен Бактрияға баса-көктеп кіріп, мемлекетті құлатып және өздері оларға ене бастауы да жоққа шығарады. Алғашында олар бөлшектенген мемлекеттің бөліктерін басқарушы болды, ал кейіннен жан-жаққа шашыраған елді, көшпенділер династиясын біртұтас ел етіп, ұлы Күшан империясын құрды. Ал күшандар болса Қытай деректері бойынша-хюсюнилер, усунилер, ушандар. Уақыт өте абориген мен жатжұрттықты ешкім ажырата алмайтындай болған еді, өйткені өзара ассимиляция жүріп, көшпенділерді жергілікті отырықшы мәдениетке енгізді, шаруашылықтардың бірін-бірі өзара толықтыруы жүріп жатты.

Мәдениет тарихына арналған батыстық, дәл айтсақ-тек батыстық емес, әдебиетте мәдени ауысулар Еуропа, Қытай; Үнді, Парсыдан «варвар» көшпелілерге тарады деген пікір үстемдік танытқан. Бірақ Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулар кері бағыттың болғанын да дәлелдеп береді. Отандық әдебиетте бұл мәселеге К. Байпақов пен М. Орынбеков ерекше көңіл бөледі. Мысалы, тек жылқының бойынан далалық және егіншілік мәдениеттердің бір-біріне ықпалын көруге болатын еді.

М. Орынбековтың деректері бойынша, ежелден-ақ «усунилерден алынған аттар жақсы, олардың атауы-аспан аттары» деп саналатын, Қазақстан даласына елшілікке жіберілген чиновник Қытай императорына Таюань елінде мықты соғыс аттары бар, олар аспан аттарының тұқымы, өйткені «қанды термен терлейді» деп хабарлаған. Аңыз бойынша таудың аяқ жетпес шыңдарында адам ұстатпайтын жылқылар жайылады. Сонда тау етектеріне биелерді айдап әкеліп, қалдырып кетеді, сол айғырлар биелермен шағылысып қанды термен терлейтін құлындар туады. Оларды аспан жылқысы деп атаған.

Бактрияны көшпенділердің жаулап алуы кезінде Мауераннахрға осы «аспан» аты әкелінді. Оның барлық артықшылығымен қатар жалғыз-ақ кемшілігі сол-оны ұрыс даласына мінуге келмейді, жорыққа төзімсіз еді. Бірақ уақыт өткеннен кейін Ферғана өлкесінде малшылар мен диқандар бірлесе отырып, жылқының жаңа тұқымы, аспан атындай биік, күшті әрі төзімді түрі шығарылды. Ферғана жылқысының тұқымы сол уақыттардан бастап, парсының ауыр атты әскері, катафрактилері үшін кеңінен пайдаланылды. Осы жылқылардың күші мен төзімділігінің арқасында ирандықтар Месопотамия мен Арменияны жаулап алды, Кіші Азиядағы Рим легионын тізе бүктіріп, Сирия мен Каппадокияға қауіп төндірді.

Будандастыруға пайдаланатын жақсы аспан жылқысы тұқымын әкелген далалықтар мен оған «ауыр жүк жылқысы» тұқымына тән төзімділік пен жұмысқа бейімділігін қосқан егіншілердің ортақ еңбегінің нәтижесінде, керемет мықты жорық жылқысы алынған; оларды кейіннен фракийлік және гот тайпалары пайдаланып, бүкіл Еуропадағы ауыр атты әскерге пайдаланды, серілер мінетін болды. Бұл көршілес екі мәдениеттің далалық және отырықшылық мәдениеттің өзара дамуының эволюциялық дамуы бір-біріне мүлдем қайшы келмей, керісінше, өзара бірін-бірі толықтырып отырғанының бір мысалы.

Батысшыл көзқарастағы тарихшылардың және философтардың пікірінше, жалпы көшпелі мәдениеттің, соның ішінде шаруашылық жүргізу мәдениеті артта қалған еді, соның салдарынан осыларды қабылдаған көшпенділерде барлық кезде отырықшы елдерде болған, қоғамдық қатынастарда және соларға тән жеке меншіктік қатынастарда нақ сондай артта қалды. «Жасалған зерттеулер бойынша керісінше, көшпелілер бірінші болып ақша қалыбын игеріп дамытты, тұңғыш таптық қоғамға енді, бірімен-бірі айырбас қатынасын қалыптастырды, содан кейін барып отырықшы халықтармен бірге оларға меншікті қатынасты қалыптастырды, бірге дамытты. Бұған икемді көшпелі өмір салты негіз болып, игі ықпал етті. Жеке меншіктің алғашқы түрі өз аяғымен жүретін мал болды, осыдан барып мүліктік теңсіздік пайда болып, байлықтың шоғырлануы басталды. XX ғасырға дейін қазақтарда байлық өлшемі ретінде жеке меншіктегі жылқы саны алынып келді. Осының бәрі ілкі қоғамның алғашқы даму кезеңінде өздеріне тән шаруашылық жүргізу әдістері болған көшпелілер үшін әлемдік мәдениеттің тарихында прогресшіл құбылыс болды, сондықтан да олардың орнын төмендетуге болмайды (Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы.-Алматы: Ғылым, 1996.-168 б.).

Түркілік өркениет көшпелілер мен оазистер дихандары арасындағы мәдени байланыстардың қаншалықты жемісті болғанын көрсетеді. Оның бойындағы елді мекендерде мал, астық, жүн, былғары, қолөнер бұйымдары мен сауда жасау кең тарады. Көшпелілердің өздері жіктеліп, бір топтың өкілдері аграрлық шаруашылықпен айналысса, басқалары керуен жолдары тұрақтарында қолөнермен және іргелес елдермен керуен саудасы іске асырды. Этномәдениетте субмәдениеттер қалыптаса бастады. Бұл үдерістің

Қазақстан жерін де қамтығаны туралы М. Орынбеков мынадай деректер келтіреді: «Егіншілік аймақтармен шектес далаларда да, сондай-ақ ішкі дала аймақтарында да қалалар бой көтерді, оның бір мысалы Сарыарқаға тереңдеп орналасқан Саудакент қаласы сауда қақпасы болды. Қала тұрғындарын Ұлы Жібек жолы бойында негізінен соғдылар, түркілер, сириялықтар, таңғұттар құрады. Сонда да, «халықтың ұдайы араласуы көшпенділердің отырықшыларға айналуы мен ассимиляциясы, сонымен қатар егіншілердің малшыларға ауысуы процесі тұрғындардың барлық осы бөліктерінің әлде бір қауымдастыққа біртіндеп бірігуіне алып келді. Бұл қоғамдастық егіншіліктің және мал өсірудің, диқан мен малшының ортақ белгілеріне ие болды. Егер қаланың өзінде Отырар-Қаратау, Жетіасар мәдениеті басым болса, оның айналасында бұрынғы көшпелілер өмір сүрді. Олар өзінің мал өсіру кәсібін де тастамады және қала маңынан ажырамады. Отырықшы және көшпенді мәдениеттің көне түріктерде өркендеген күрделі кіндікдестігі мал өсіру мен егіншіліктің, мал өнімдерін дайындау мен жеміс өсірудің, қолөнер мен бақша өсірудің, құрылыс пен бағбандықтың бірге қатар өмір сүруіне мүмкіндік жасады. Қазақтың ата тегінің көпқырлы әлемі мамандандырылған тіршіліктің әр алуан формаларына негіз салды. Аса дамыған көшпенді шаруашылық жемісті қызмет істеп отырған егіншілікпен үйлесе отырып, сауда және қолөнермен толығып, халықтың әртүрлі этникалық топтарының мейлінше араласуы өзара ықпал етуді және бірігу процестерін күшейтті. Олар озық дүниетанымдық бағыт-бағдарға ие болды. Этностың неғұрлым басым бөлігінің ықпалымен түріктерге айналды

Бұлармен қатар, әуелгі Ұлы Жібек жолы мәдениетін жасасқан көне тайпаларға жазба деректерде көп аталатын қаңлыларды да жатқызуға болады. Деректемелер былай хабарлайды: ғұндардың Чжичжи (Шөже) шаньюйі «солтүстіктегі үш елді» бағындырып алғаннан кейін, көп кешікпей, Талас пен Сырдария өзендерінің аңғарында көшіп жүрген кангюй тайпаларын ығыстыра бастаған. Жаңа заман шегінде Кангюй ордасының 600 мың жаны, 120 мың жауынгері болған. Шөже шаньюй мұнда Қытайдың ақсүйек тұқымынан шыққан ұлығы Гу Глді (б.з.б. 48 жылы) өлтірген. Алыс жолда аязға үсіп, аш-жалаңаштықтан жүдеп-жадап 3000 жауынгер ғана Шу бойына аман жетеді. Қаңлы жеріне келген соң Шөже шаньюй қаңлы және өз жасақтарымен үйсінге шабуыл жасайды.

Сөз жоқ, көшпенділік экономиканың экстенсивті типімен байланысты. Зерттеушілер сондықтан да жыл бойы мал соңында жүрген халықты тағылар қатарына жатқызуға бейім. Есімі танымал өркениет тарихын зерттеуші А. Тойнби: «Көшпенділердің тартқан сазайы, шынтуайттап келгенде, эскимостардан ешбір кем емес. Олар бұғауларын бағындыруға тура келген табиғи жағдай өздерін даланың қожасы емес, құлы қылды. Эскимостар сияқты көшпенділер де табиғи жағдайдың, жылдың төрт мезгілінің тұтқыны болды. Қырмен байланысты жолға қоямын деп жүріп олар өзге әлемнен қол үзіп қалды. Олар ауық-ауық өз жерін тастап, көрші отырықшы өркениет иелеріне басып кіріп, көршілерінің қалыпты тірлік ағысын талай мәрте

тоқтатып тастап отырды. Шынтуайттап келгенде, бұл көшпенді ырықсыз бағынатын сыртқы күштердің әсерімен де болатын. Ондай күш екі түрлі: біріншіден, қырдың ауа-райы өзгеріп, көшпенді одан не қоныс, не өріс таппай тықыршып, екіншіден, жергілікті отырықшы қоғаммен арада көзге түспес кеңістік пайда болып бірін-бірі жақындатпауы олардың зығырданын қайнатып, төтенше қимылға ұрындыратын. Осыдан келіп қырғын қырқыс өзі-ақ туатын. Сондықтан көшпенділер тарихи оқиғаларға осылай айбарлы тартылғандықтан оларды тарихы бар қауым деуге болмайды», -деп ол жазған. Өркениеттің өзін таза мәдениет деп деп қана танитын да осы Тойнби. Осылай біз көшпелілер, жабайылар есебінде «тарихы жоқ» халық қатарына біржолата жатқызылғанымыз қашан. «Тарихы жоқ халықтар» деушілер оларды тұрпайы қоғам, тағы қоғам, қайдағы бір томаға тұйық ортада қозғалысы жоқ, дамуы жоқ дәрежесінде санайды. «Ескі және жаңа әлем мемлекеттері ұлан-ғайыр өзгерістерді бастап кешіп жатты, ал дала, ондағы көшпелі халықтардың өмір салты мейілінше баяу өзгерді.

Осы тұста белгілі ғалым, археолог Д. Уотли ойына мән бергеніміз де орынды: «қандай да бір қауым ешқашан бөгденің көмегіңсіз толық варварлық күйінен келесі біз өркениет деп атап жүрген күйге өтпеген және өте алмайды да, ал бұған біздің сенбеуімізге еш себеп жоқ. Адам жабайы күйден шыққан жоқ, әрбір қауымдағы өркениетке деген прогресс сол қауымның өз ішінде, сондықтан олар сол күйден, алыста қалған толық варварлықтан әрқашан ішкі күштері арқылы шығып отырды, соған қарағанда адамдар ешқашан толық жетілмеген немесе өздігімен дами алмаған». Д. Уотли бойынша: біріншіден, жабайылар арасында прогресс бар, екіншіден, ең ірі өркениетті ұлттардан да алғашқы варварлардың іздерін табуға болады. Шындығында да, алғашқы адамдар терімшілік, егіншілік және малшылықпен айналысты, жабайы аңдарды үй жануары етіп қолға үйретті, тіпті қазіргі арнайы дайындықтағы сарбаздарымыздың соғыс алдында беттеріне қара бояу жағып алуы, алғашқы қауым адамдарының өлімнен қорғайды деген сенімдерінен қалған. Тарих бойынша әлемнің әр түкпірлерінде бір-бірімен жарыса өрбіген өркениет нышандарын еш қиындықсыз анықтауға болады. Алғашқы варварлар адамдардың бұл атаудан құтылуына негіз болды, қазіргі заман адамдары өздерін варварлардан алшақтадық дегенімен, ол алғашқы үлгі, адамзаттың бастапқы күйі. Олар өркениеттің пайда болуына себепші. Сондықтан да біз оларды «варвар» деп айдарлап, өзімізден алшақтатқанымыз өркениеттілікке жат. Өйткені олар жабайылықтың емес, нағыз өркениеттіліктің бастамасы болды.

Ұлы Жібек жолының әлсіреуі көшпелі мәдениетке теріс ықпалын тигізді. Өйткені, кейбір зерттеушілердің керағар пікірлеріне қарамай, көшпелілер үшін сұхбат пен мәдени ауысулар тиімді еді. Л.Н. Гумилев атап өткендей, көшпелі әлемнің қарғыс таңбасы-тайпалық ыдыраушылық екені хақ. «Жайылым-қонысқа байланысты жанжалдар, барымта-мал айдап кету, қыз алып қашу, қанды кек тәрізді ұдайы болып жататын жайсыз әрекеттер бөлшектенудің бұдан да өткен зардабының қасында (көзге ілінбей) қалады:

ол-жат тайпалар шапқыншылығына басы бірікпеген тайпалардың ұйымдасып-қауымдасып қарсы тұруға қабілетінің жетпейтіні. Тайпалар одағы деп аталатын форма дәйексіз де дәрменсіз болған, әсіресе соғыс уақытында. Сол себепті де күшті жау көз алартып шыға келгеннен-ақ қуатты әскери өкіметтің қажеттілігі аса зәру мәселеге айналатын болған, ал XII ғ. чжурчжендердің тап сондай өкіметі болады».

Ұлы Жібек жолының гүлденген кезінде, түріктер тап осындай хал-ахуал кезінде, жалпы жұрттың игілігі үшін, дұшпанына «бас идіріп, тізе бүктіре білген». Бұл жүйе-ел (il) деп аталған. Бірақ бұл жүйенің рақымсыз қаталдығы-оны халыққа күстәна етіп, тезірек құруына себепші болған, сосын мұның орнын тайпалар одағы келіп басады, ол-бейбіт уақытта өзін-өзі басқарып тұратын, ал соғыс жүргізуге арналған күшті өкімет билігі бар одақ еді. Рулардың мәжілісі-құрылтай-көсемді жариялаған, оны гүрхан-тайпалар бірлестігінің ханы деп атаған. Бір-бірін жария түрде шектеп отыратын осындай жағдай екі жақтың да көңілін хош етеді: өкіметке де, бағынушыларға да ұнайды.

7.3. Түркілердің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі

Түркі мәдениетнің әлем мәдениетіне тигізген үлесі мен тарих сахнасындағы рөлін айқындай келе, қазақ-түркі мәдениетінің заңды мұрагері, Еуразия даласын байырғы автотхонды тұрғындары, бұл жерде тарихи маңызды түркі империясының әрекетері орын алып жатты, сәйкесінше, қазақ мәдениеті мен кодын қарастырғанда оның түркі жалғасы екендігіне көзіміз анық жетеді. Сондықтан, біз тек қазақты бөліп жарып қарастырумыз мүкін емес, қазақ-түркі тарихы деп алу маңызды, қазақ өз баларының барлық мұраларын пайдалануға тиіс, жасаған қателіктерін де жауапкершілікпен сезінуі міндет.

Л.Н. Гумилев пікірінше, түркілер адамзат тарихында болған «ерекше құбылыс» болып табылады. (Гумилев Л. Древние тюрки.-М.:ООО «Издательство АСТ».-С. 5-2). Өз тарихын V ғасырдан бастаған түркілер Батыс пен Шығыс аралығындағы орасан зор аймақты бақылап, Ұлы Жібек жолы бойында түрлі мәдениеттер диалогына тікелей мүдделі болды. VI ғасырда түркі шекарасы батыста Византиямен, оңтүстікте Парсы және Үндімен, шығыста Қытаймен шектесіп жатты. Осыған орай, аталмыш мемлкеттердің тарихы мен тағдыры түркі империясымен тікелей байланысты болды. Түркі қағанатының пайда болуы осы территориядағы бір-бірінің бар екендігін білмеген халықтардың бірігуі мен дамуына үлкен серпіліс алып келді. Алып тау сілемдері мен шексіз дала-мәдениеттер диалогына қол байлау болған тұста, металлургияны игергеннің нәтижесінде ауыздық пен үзеңгінің пайда болуы мен арба жетістіктері бұл аралықты игеріп, көркейтуге басты үлесін қосты. Осы уақытта, түркілер Батыс пен Шығыс аралығындағы саяси, мәдени, әскери және халықаралық байланыстарда басты рөл ойнай алды.

Кей зерттеулерде, түркілер батыс пен шығыс арасын жалғаушы ретінде ғана қарастырады, бірақ түркілердің өзіндік дамыған мәдениетіне

мән бермейді, қытай және Парсы мәдениетінен тәуелсіз мәдениет құра білген түркілер жайлы деректі Гумилев келтіреді: «Орталық Азия халықтарын тек Парсы мен Қытайдың көршілері ретінде ғана қабылдау рөлінен босату қажет, олар өз мәдениеттерін өзгелерден тәуелсіз қалыптастырды, осыны түсінген уақытта ғана олардың қалай кмір сүріп, дамып және қайтып отырғанын айта аламыз». (Гумилев Л. Н. География этноса в исторический период.-Л., 1990. с. 115). Оған қоса, бұл жер Д.Неру мен В.Вернадский пікірлері бойынша өзге мәдениеттердің қалыптасуына «алғышарт» жасап отырды.

Бұл алғышарттардың негізі келесіде: б.д.д. VIII ғасырда тас дәуірінен қола және темір дәуіріне өту кезеңі болы, дәл осы уақытта, түркілер құдай Тәңір келіп темір қорытуды үйретті, бұл өзгеріс тек Алтай халықтарынан бөлек, өзге халықтарға да үлкен өзгеріс әкелді, жалпы темір-ежелгі металл, онымен Мысыр фараондары, Кавказ бен Кіші Азия тұрғындары таныс, мәселе тек қолданылатын әдістемеде ғана болды, біріншілер темірден қажетті бұйымның шикі формасын алса, алтайлықтар оны балқыту арқылы «болат» шығарып, орасан зор көлемде өндіріс пен өндеудің жоғары дәрежесіне шықты. Осыдан бастап түркілік «болат» сөзі сонау ғасырлардың үні болып табылады. Мысырлық фараондар темірді асыл бұйым ретінде пайдаланса, түркілер темірді күнделікті пайдаланыс құралына айналдырды. Л. Гумилев бойынша, «темірді тұрмыстық металға айналдырған түріктер, Земарх түркілердің саудада темір ұсынуын түсінбеді, өйткені оны алу аса күрделі болды». (Гумилев Л. Н. Тысячелетия вокруг Каспия.-М., 1993.-с.86).

Бұл жерде, түркілер тек металлургияны дамытып қана қоймай, сапа мәселесін де қарастырған, құрамында 99,45 % дейінгі таза темірдің болуы-бұйымның төзімді болуына ықпал етті. Темірден қылыш, айбалтамен жабдықталған түркілер таңдамалы әрі сапалы әскер құруға мүмкіндік берді, оларды «бөрі» атауымен тотемдік белгіге байланысты атады. Осыған орайн көп зерттеушілердің пікірінше, Далада Орталық Азиядан бірінші болып темір қорытуды толығымен игеріп, Қытай мен Тибеттен тәуелсіз әрекет еткен түркілер болды. Мәселен, Мұрат Аджи бойынша, Алтайлық түркілердің темірді күйдіру емес, балқыту арқылы өндеу технологиясы өз дәуірінің нағыз ғылыми-техникалық революциясына бастаған жаңалық болды, ол Қытай мен барлық еуропалық мемлекеттердің дамуына серпіліс берді. (Аджи М. Азиатская Европа.-М.:АСТ МОСКВА, 2008.-С.190-191).

Ұлы орыс тарихшысы Л.Гумилев пікрінше: «Көшпелі қоғамда техникалық прогресс болмауы жаңсақ пікір, мәселен, хуннулар мен түркілердің адамзат баласына берген жаңалықтарының қатарында: алғаш дамыған шалбар формасы, үзеңгі Орталық Азияда 200-400 жылдардың өзінде пайдаланылды. Алғаш жылжымалы күйме көшпелілерге таулы және орманды қыраттарды дереу арада басып өтуіне мүмкіндік берді. Көшпелілер алғаш ыңғайсыз тік қылыш орнына қайқы қылыш жасады, садақ жебені серпігенде 700 метр қашықтықты еңсеретіндей етті. Бастысы киіз үй әр заманда актуальды, экологиялық тұрғыдан таза, ментальды-психологиялық

тұрғыдан адамға жақсы әсер етуші болып есептелді. (Гумилев Л. Н. Древние тюрки.-М.:ООО «Издательство АСТ», -с.7). Түркілер туралы алғаш жазу V ғасырдан басталады, әйгілі Бугут жазуы 582-583 жылдары Түркі қағанатының құрылғаны жайла баяндайды. Онда алғаш рет «түркі» сөзі қолданылып, Таспар қаған (қағанаттың төртінші қағаны) жайлы ақпар берілген. Сонымен қатар, орхон-енисей жазбалырында Білге қаған мен Күлтегін қолбасшы сынды мемлекет басшылары туралы жазылған. Ондағы жазудың мазмұны Отанға деген патриоттық сезімнің «рационалды» қасиеттері көрсетілген. Күлтегіннің, осы тұстағы, «әлеуметтік ақылды» патриот азамат қажет болды, оған эгоцентрлық қасиеттерден қарағанда, қоғамдық сана идеалдары маңыздырақ болды. Орхон ескерткіштерінде халықтық сана мазмұны көптеп көрініс табады. Ортағасырлық Ренессансқа үлкен үлес қосқан тұлға Қорқыт-ата екені белгілі, бұл бабамыз туралы қолжазбалар Дрезден мен Ватикан кітапханаларында сақтаулы тұр.

Еуропа мәдениетінің қалыптасуында Шығыс мәдениетінің орны ерекше, әсіресе, түркі мәдениетінің шығыс мәдениетін батысқа тасымалдауда атқарған орны маңызды. Вернадский бойынша кітап басып шығару ісіне үлкен рөл береді-адам тұлғасының дамуына, ұрпаққа білім қалдыру мүмкіндігін туғызды. Кітап шығарудан бастап заманауи техника дәуірі басталады, мәселен VI ғасырда Қытайда жазба тақтайшалары қолданылды, бұл жаңалық Еуропаға XIII-XIV ғасырда еніп, Гуттенберг ашылуын күтті. Мәселен, Марко Поло моңғол империясында ақшалай ассигнация жасалды деген ақпар берген.

Вернадскийдің пікірінше: «Көшпелі халықтырдың жаулап алуы, әсіресе, моңғол империясының «шапқыншылығы» «жоғары деңгейдегі» мәдениеттердің тоғысуы мен бірігіуіне алып келді, моңғолдар Еуропаға қағаз бен бұрғылау қондырғыларның жетуіне әсер етті».

Айтылған мәліметтер тізбегіне атақты қазақ философы А.Х.Қасымжановтың пікірінше түркілер Еуразия даласында айрықша өркениет қалыптастырды: «бүгінгі Қазақстан кіретін Еуразия даласының ландшафтында ерекше өркениет құрылды, онда табиғи ерекшеліктерге сай мал жайылымдары қалыптасты, осыған қоса жоғары деңгейдегі технологиялық және мәдени жаңалықтар да орын алды, «жылқы мәдениеті», темір балқыту, қолөнер, жер өңдеу сынды жетістіктер орын алды.Бұған қоса әлемдік деңгейдегі империялар құрылды, әлемдік миграция мен демография процесстеріне де бұл өркениеттің ықпалы жоғары болды». (Қасымжанов А. Х. Самоопределение и духовное наследие//Саясат. 1999. № 3.-С. 23-32).

Бұдан шығатын қорытынды, түркі мәдениеті адамзаттың алдында метали игеру, жануарды қолға баулу сынды жетістіктері ғылыми-техникалық революцияның бастауы болды, бұл, өз кезегінде, адамзат дамуын жылдамдатты. Түркілердің тарихи жетістіктерін ашып көрстекен француз философы Шарль Монтескье өзінің «Парсы хаттары» атты еңбегінде: «әлем тарихында ешбір халық татарлар (көшпелілер,түркілер) сынды ұлы жаулап алушылықтар жасаған халық жер жүзінде жоқ.

(Монтескье Ш. Персидские письма//Пер. с франц. под ред. Гунста Е.А.- Москва: Издательство "ИОЛОС".-С. 45-53). Бұл халық расында да, бүкіл әлемді билеп-төстеуге жаратылғандай, басқа барша халықтар оның қол астында болу үшін дүниеге келгендей, бұл халық империя құрушы мен империя күйретуші болып табылады, ол әр заманда жер бетінде өз билігін жүргізді, түркі атауына ие болғаннан кейін Еуропа, Азия мен Африкада жаулап алушылық жорықтар жүргізді, олар осы 3 құрлықтың билеушісі болды. Егер тарих тамырына бойласақ, бұл халықтың ұрпақтары Рим империясын талқандауда басты рөл атқарды. Шыңғысханның жаулап алуы мен Александр Македонскийдің жорықтарын салыстырудың өзі мүмкін бе»?

Монтескье тұжырымдары өз рационалдық себептеріне ие, тек Шыңғыс хан жаулап алушылығының өзі ғана аса үлкен 7 еуропалық қолбасшылардың (Александр Македонский, Ганнибал, Цезарь, швед королі Кал XII, Ұлы Фридрих, А.В.Суворов және Наполеон Бонапарт) жаулап алуларынан көп. Моңғол зерттеушісі Жадамбын Энхбаяр пікірі бойынша 7 қолбасшының жаулап алған территориясы 6 900 000 км кв болса, бір Шыңғысханның жауған жер көлемі 7 770 000 км кв. болды, сәйкесінше, ешбір қолбасшы көшпелілердің бір қолбасшысымен салыстыруға да тең келмейді, көшпелілер қалыптастырған мемлекеттер мен тарихта қалдырған із бойынша тең келер мемлекет жоқ.

Түркі тарихында әлемдік саясат векторы мен тарихына әсер еткен: Бумын қаған, Иштеми қаған, Білге қаған, Күлтегін және Темір сынды қолбасшылар болды. Көптеген батыстық көзқарас ұстанған зерттеушілер түркі жорықтарын тек тонаушылық әрекет деп түсіндірді, көп жерде артта қалғанның себептерін осымен толтыруға тырысты. Бірақ, Д.Неру бойынша: «Түркілер Еуропаны тек ойрандап қана қоймай, өркениет те әкелді».

Бір мәдениет екінші бір мәдениеттің дамуына ықпал етуі үшін өзі жоғары деңгейде дамыған болуы тиіс. Белгілі түркітанушы С.Максудидің ойы бойынша, түркілердің басты жетістігі-қоғамдық құрым мен мемлекет құру қабілеті. (Максуди, Садри. Тюркская история и право.-Казань: Фэн, 2002.-с.10).

Түрлі жаулап алулардан кейін орасан зор территорияны игеру және басқару үшін жоғары деңгейдегі мемлекеттік құрылым қажет болды. Түркілер өз мемлекеті мен әкімшілік жүргізу құру ісін одан әрі дамыту аса маңызды еді, жаулап алынған жердегі мемлекеттік құрылымдардың әлдеқайда дамыған жүйе болды. Егер түркілердің жаулаулары туралы ақпарат болса, олардың мемлекет құру ісі жайлы деректер аз. Бірақ Л.Гумилевпен келіссек, түркілер өз заманы үшін жоғары дамыған мемлекет құрылымын жасады, қоғамдық қатынастың дамыған формасын, шен иерархиясын, көшпелі демократия, салық жүйесін, дипломатия мен кітап басу ісін жасаған. (Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия.-С. Баку, 1991.-с. 23-28).

Белгілі түркітанушы Р.Рахманалиев бойынша, «түркілер үш құрлықтағы тақты өз қолдарына алғаннан кейін, олар Пекин, Дели,

Исфахан, Дамаск, Бағдад, Каир, Константинополь мен Алжир сынды қалаларда орналасты, осы тақты ұстап қалу үшін жоғары дамыған басқару жүйесін қалыптастыруы қажет болды. Яғни, әкімшілік басқару, салық жүйесі, кеден ісі, сауда жүргізу мен мемлекетте қауіпсіз қарым-қатынасты қамтамсыз етті, сонымен бірге, дипломатиялық іс пен барлау ісі де дамыды. Әскери іске келер болсақ, әскери тәртіп пен стратегиялық қорғаныс пен шабуыл ісінде түкілермен тең келер халық болмады, қайта бұл үлгі әлемдегі әскери тәртіптің негізі болды, мәселен, орыс әскері осы үлгімен құрылған. (Рахманалиев Р. Империя тюрков. Великая цивилизация.-М.:РИПОЛ классик, 2009.-576 с.)

Түркілердің тағы бір үлкен жаңалығы адамзат тарихында алғашқылардың бірі болып-жазу жүйесінің қалыптасуы, дыбыс негізінде алфавиттің дамуы, оған жоғарыда айтып өткен Ырқ Бітік жазбалары дәлел бола алады. Дыбысты-әріппен белгілеу арқылы оқиғаны баяндауға болды. Түркі жазуларының табылуы үлкен сенсация болды, Эрнст Добльхофер осы турасында: «Олардың жазуы (түркілер) барлық батыстық мәдениеттерге өзге ғаламмен тең еді. Азияның жүрегінде пайда болған бұл жазу жүйесінің иесі жайында ақпарат аз, дәл осы үшін де оларды тану маңызды» деген ойын білдірді. Сонымен қоса: «Біздің түркі жазуларына немқұрайлы қарауымыз дұрыс емес. Өзге мәдениеттермен әрдайым қатынаста болған бұл халық VI ғасырдың өзінде мәдени дамудың биік сатысында тұрды». (Добльхофер Э. Знаки и чудеса.-М., 1963.-с. 332-333).

Тағы бір маңызды, көңіл қойылмаған, мәселе-әскери тәртіп пен орасан зор күштен бөлек жаулап алынған халықтарды, мемлекеттерді ұзақ бойы қол астында ұстауының «құпиясы» неде? Бұл түркі дүниетанымы мен философиясына байланысты болды. Оғыз жазуында айтылғандай түркілердің «шатыры-аспан, байрағы-күн» болды. Олардың толеранттылығы көршісін бөлек қарастырған жоқ, ортақ жер деп есептеген. Түркілер әрдайым жаулап алған халықтарды гармонияда өмір сүруге шақырған, көбінде олардың идентификациясын, тілін, мәдениетін, дінін, басшысын да қалдырған. Толеранттылықтың тамыры түркілердің дүниетанымымен тікелей байланысты. Таққа аяғы жеткен соң жаулап алған халықтың пайдалы тұсын бойына сіңіріп, үйренуден жиренбеген, қайта жаңаны үйрену мен ашық санаға ұмтылған, сәйкесінше, ассимиляция процессі жылдам жүрген.

Түркі империясы өзінің орасан зор аумағына қарамастан табиғи-этикалық ақылға қонымды мақсаты болды, бұл мақсат орхон жазуларынан бері қауіпсіздік, тәртіп пен әділеттілік болды. Түркілер әлемді жаулау барысында аталмыш қасиеттерді енгізуге тырысты. Осы арқылы олар сауда және дипломатиялық қатынастарды жоғары деңгейге көтерді. Жаулап алынған жерлерде бұрын соңды болмаған көркею орын алды, мәселен, табғаштар тұсында Қытайда, селжұқтар тұсында Иранда, мәмлүктер тұсында Мысырда, моғолдар тұсында Үндістанда, Осман империясы ислам

қылышы мен қалқаны болды. Аталмыш қарапайым тарихи деректердің өзінен ақ түркілер генофонды мен рухани кодының сипатын көрсетеді.

Аталмыш деректерде алға тарта отыра, түркі идентификациясын қайта түлету маңызды, түркілік этиканы қайта идеологиялық түрде іске асыру аса маңызды.

Қазақтың және оның ата-тектерінің әлемдік өркениеттілік дүниесіне қосқан басты құндылықтарына жататындары:

1. Еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті (К. Ясперс атап өткен жылқыны пайдалану).

2. Номадалар адамдандырылған қоршаған ортаны кеңейтті, шөл мен шөлейіттерді үйлесімді игере алды.

3. Еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (А.Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграциялық үдерістер жаңа өркениеттердің қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран; Ғұн мемлекеті, Араб халифаты, т.т.).

4. Ұлы жібек жолы және басқа да мәдени коммуникациялық жүйелер арқылы ілкі түркілер мен түркілер Батыс пен Шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер болды.

5. Қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактыларын алғашқылардың бірі болып енгізді.

6. Түркілердің әмбебапты дүниетанымдық жүйесі-тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды.

7. «Адам бол!» ұстанымы, әлемді Жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарыш және басқа адамдармен үйлесімділікте болу, жасы келгендер мен баланы қастерлеу сияқты қазақ дәстүрлі әдебінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады.

Пысықтау сұрақтары:

1. Түркілердің көшпелі рухани мәдениетіне тән өзіндік сана сезім немен анықталады?
2. Номадалық кезеңдегі халық поэзиясының формалары, көрнекті өкілдері туралы не білесіз?
3. Түркілердің көшпелілік әдептілік нормалары қалай анықталады?
4. Номадалық кезеңдегі салт-дәстүрлер мен мереке-мейрамдар, халықтың рухани мәдениетіне тән өзіндік сана-сезімдер?
5. Еуразиялық кеңістіктегі номадтар мәдениетінің қандай негізгі белгілерін білесіз?
6. Көне түркі мифологиясындағы өлімнен қашып, өлместікті іздеген кім болды?

8. ИСЛАМ РЕНЕССАНСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Мақсаты: Ренессанс ұғымын мәдениеттанулық тұрғыда талдау барысында түркі ренессансын қалыптастырған ғалымдарға шолу жасап, Жошы ұлысы мен Алтын Орда мәдениетін тану болып табылады.

8.1. Ренессанс ұғымына мәдениеттанулық талдау

Еуразиялық ұлы дала кеңістігінде орын алған этностардың өркениеттік дәстүрін жалғастырушы түркі өркениетінің өзіндік болмысы айрықша сипатқа ие. Отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі өмір салтын үйлестіре білген түркі мәдениетінің негізінде номадалардың мәдени-дүниетанымдық философиясы жатыр. Қарапайым мысал ретінде Қорқыт ата туралы аңызды алып көрейік. Аңыздың мазмұнына терең үнілсек көшпеліліктен бастау алатындығын көреміз. Себебі, Қорқыт ата болған жерлерді отырықшы адам түсіндіріп бере алмаған болар еді. Өйткені көшпелілерге тән ерекшеліктің өзі осы көшпелі халық болғандығында.

Мәдениеттанулық әдебиетте өркениеттік уақыт Ренессанс идеясымен байланыстырылады (А.Тойнби, Н.Конрад, А.Қасымжанов және т.б.). Бұл сөздің тікелей мағынасы «мәдени қайта жаңғыру» ұғымын білдіріп тұр және антикалық мәдениетті қайта жаңғыртқан итальяндық қайта өркендеу дәуірінен бастау алады. Алайда бұл ұғымды рухтың дүмпуі, этномәдениеттегі гумандық негіздердің гүлденуі, пісіп жетілген мәдени жемістерді адамның өз игілігіне қолдана дәуірі алу мағынасында да талдауға болады. Яғни-Ренессанс идеясы мәдениеттің кеңістік пен уақыт өрісінде өрлеу, шарықтау, гүлдену кезеңін білдіреді. Ренессанстық уақыт жаңа гуманизмді қалыптастырады: адамның ерікті және бақытты болуға, теңдік, әділдік және парасатқа ұмтылуына құқығы бар. Гегель Ренессанс идеясын бүкіл адамзаттың «алтын таңы», жер жүзі мәдениетінің жаңа дәуірі деп атаған. Мәдениеттің өрлеу уақытын барлық өркениетті халықтар өз басынан өткізген.

Әңгіме бұл жерде жалпы мәдени өрлеу уақыты туралы болып тұрған жоқ. Біз қарастыратын мәселе: осы Ренессанс тек Еуропада болды ма, әлде бұл мәдени құбылыс барлық өркениеттерді қамтыды ма деген сұрақтың төңірегінде. Алғаш рет бұл мәселені швейцарлық ғалым А. Мец өзінің 1922 жылы жарық көрген «Ислам Ренессансы» атты кітабында көтерді. Бұл кітап шыға сала, еуропаорталықтық көзқарастағы ғалымдар өз байбаламдарын бастады. К. Беккер және В.В. Бартольд сияқты шығыстанушылар мұсылмандық мәдени өрлеу дәуірінің болуы мүмкін емес дейтін пікірлерді қолдады. Орыс ғалымы В.В. Бартольдтың көзқарасы бойынша, мұсылман әлемінде көп ғасырға созылған варварлық дәуір болмағандықтан ештеңені қалпына келтіру қажет емес еді. Д.В. Бертельс пен А.В. Сагадиев формациялық дүниетаным тұрғысынан Орта, Орталық Азияда капитализм қалыптасқан жоқ, сондықтан Ренессанс бұл

аймақта болмады деді. Мәдени даму формациялық шеңберге сыймайтындығы туралы дәлелдемелерді жоғарыда келтірген болатынбыз.

Алайда «бұл болған жоқ, себебі болуы мүмкін емес» атты жаңсақ ойдан арыла білсек, Шығыс Ренессансы әр ғасырларды Үндістанда, Қытайда, Жапония мен Кореяда, араб-парсы-түрік әлемінде де шарықтағанына ден қояр едік. Қазақстан жерін қамтыған Шығыс Ренессансы тұтас құбылыс, оны арабтық, парсылық және Орта Азиялық деп бөлу қисынсыз. Ол-мәдениеттердің ерекше бір үндесуі, үйлесуі және сұхбаттасуының нәтижесінде қалыптасады. Бұл жерде екі Ұлы дала-еуроазиялық және афроазиялық өркениеттер бір-бірімен тоғысып тұр. Сондықтан осы мәдени құбылысты бұл екі даланы басым мекендеген 3 этностың атымен араб-иран-түрік өркениеті деп атаған жөн.

8.2. Түркі Ренессансын қалыптастырған ғалымдар

Ренессанс құбылысы Орталық Азияда X-XIII ғасырларда биік деңгейге көтерілгенін жоғарыда айтып кеткенбіз. Ал оның алғышарттарының бірі VIII-X ғасырлар арасындағы түрік тайпаларының мәдени жетістіктері. Ренессанс идеясының алғашқы нышандары Қазақстан жерінде осы ғасырлар арасында көріне бастады. Бұған Жетіу, Оңтүстік Қазақстан, Сыр бойларындағы қалалық мәдениеттің өркендеуі, материалдық және рухани өмірдегі елеулі жетістіктер айғақ бола алады. Осы кезде Қазақстан жеріндегі қарахан, қыпшақ, оғыз мемлекеттерінде ірі тұлғалар талай мәдени туындыларды ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Олардың ішінде оғыз-қыпшақтардың «Оғызнаме» және «Қорқыт ата кітабы», қарахандағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» айрықша орын алды.

Шығыс ренессансының талай елдерді қамтыған және 500 жылдан артық өркендеген типі мұсылмандық мәдени өрлеу дәуірі екендігі белгілі. Оның әл-Кинди, әл-Фараби, ибн-Сина, Фирдауси, Ж.Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Омар Хайям сияқты өкілдерінің рухани мұрасын меңгермей, қазір мәдениетті адам деп есептелу қиын. Бұл жерде осы ұлы құбылыстың мұсылмандықпен қатысы қанша деген сұрақ заңды туады. Оның негізі де бар.

Арабтар Орта Азия жерін 712 жылдан бастап жаулап алды. Осының нәтижесінде бүкіл афро-еуразиялық даланы біріктірген ортақ мәдениет қалыптасуына мүмкіндік туды. Бұл жағынан алғанда ислам діні осы елдердегі мәдениеттерді араластырып, қорытып жаңа үлгі шығаруға себепкер болды. Арабтар жаулап алған көптеген елдерде (әсіресе, Иран, Үндістан, Египет, Сирия) бұрынғы эллинистік өркениеттің рухы жоғалмап еді.

Бұрыннан Орта Азиямен тығыз байланысты Қазақстан жеріне де ислам өз әсерін тигізді. Еліміздегі көптеген түрік тайпаларының мемлекеттік бірлестіктері ислам дінін бірден қабылдамаған. Қарахандар мемлекетінде мұсылман дінін алғашқы қабылдаған қаған Сатук, ал оның баласы Мұса 955 жылы исламды Қарахандар мемлекетінің ресми діні деп

жариялады. X ғасырда оғыздар мен қыпшақтардың да бірталай бөлігі мұсылмандыққа өтті. Жалпы алғанда, исламды қабылдау Қазақстан жеріндегі тайпалардың сол кездегі озық мәдениеттерге қосылуына мүмкіндік берді.

Осы кезден басталған мәдени өркендеуге мұсылманның рухани өміріндегі екі бағыттың бір-бірімен тайталасы Қазақстан жерінде де өзінің терең әсерін қалдырды. Бірінші бағыт Платон, Аристотель сияқты грек философтарына сүйенген Шығыс перепатетикасымен байланысты. Оның негізін салушы-дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы, ежелгі Отырар қаласында туған Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн әл-Фараби ат-Түрки. Әл-Фарабидің рухани мұрасы Қазақстандық және басқа ғалымдар тарапынан ойдағыдай зерттелген. Ал әл-Фарабидің өзі зерттеу жүргізбеген ғылым мен мәдениет саласы жоқ. Б. Ғафуровтың есебі бойынша, ол 200-ден астам трактат жазған. Әл-Фарабидің өзінің трактаттарын сол замандағы рухани-ғылыми құрал саналған араб тілінде жазылғанымен, өз Отанының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінен әрқашан нәр алып отырған. Әл-Фарабидің ұлылығы оның өз отанының мәдени көңіл-қалпына ирандық, үнділік және антикалық мәдениеттерді ұштастыра білуі.

Әл-Фарабидің мәдениет туралы пікірлері араб мәдениетінің мына 4 тармағына байланысты:

1. Хақиқат (бір Алланың ақиқаттығын дәлелдеу)
2. Шариғат (мұсылмандық тұрмыс-салт заңдары)
3. Тарихат (Аллаға қызмет еткен әулиелер өмірі)
4. Маарифат (білімділік, парасаттылық идеялары) (Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 380 б.).

Мыңжылдар тарихы бар Иран өркениетін бұл елді жаулап алған арабтар, осы мәдениеттегі өте терең парсылық әдебиетті меңгеру жолын әдеп деп түсінді. Әдепке жататын шығармалар өзінің қарапайымдылығымен, түсініктілігімен, ой ұшқырлығымен адамды баурап алды. Әдепті адам ілімін әл-Фараби өзіне тән гуманистік тұрғыдан қарастырады және осындай адамдағы бірінші қасиет деп оның парасаттылығын көрсетеді. Оның шығармаларында кездесетін адамды «хайуани ақли» (ақылды жан) деп анықтау кейінгі еуропалық ағартушылықтағы Homo sapiens-ке сабақтас. Ақылды жанмен қатар әл-Фараби еңбектерінде адамды «Хайуани мадани» (мәдениетті жан) деп анықтаудың да терең сыр бар.

Осындай тұлғалық деңгейге ең алдымен ел басшысы көтерілуі керек. Ол өзінің аңдағыш қасиеті арқасында дана, философ, кемеңгер, парасат иесі болып шығады, ал оның қиялдау қабілетіне қасиет дарыған адам пайғамбар, сәуегей және өмірдегі оқиғаларды түсінгіш, білгір болып көрінеді, -міне, осының бәрі оның тәңірлікті танып білетін болмысының шарапаты. Мәдениетті адам тәрбиелеу мәселелерін әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Бақыт

жолына сілтеу», «Ақылдың мәні туралы», «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Бақытқа жету жайында» ж.т.б. трактаттарында жан-жақты талдаған. Оның жиі қолданған ұғымы-«қала». Қаланы әл-Фараби жәй ғана қоныс, тұрғын жер деп түсінбей, оны адамдардың мәдени топтары, мемлекет мағынасында қолданады. Бұрын айтып кеткеніміздей, тіліміздегі мәдениет ұғымының арабшасы «маданият», мадина, яғни, қала сөздерімен түбірлес. Ізгілер қаласының тұрғындары, ұлы ұстаздың ойынша, өздерінің инабаттылығымен, әділеттілігімен, білімділігімен, өнер сүйгіштігімен көзге түседі. Олар надандар, адасқандар қалаларының тұрғындарынан мүлдем өзгеше. Әл-Фарабидің адамзат мәдениетіне қосқан үлесін, оның төмендегі өлең жолдарынан жақсы байқаймыз:

Бауырым, сен теріс жолға түскен жандарға ерме,

Олардан аулақ жүр, әділдік жағында бол.

Бұл дүние – біз мәңгі тұратын мекен-жай емес,

Әлемде ешкім өлімді жеңе алмады.

Адамдар әлде құмға түскен із бе екен?

Біз соншалықты дәрменсіз болғанымыз ба?

Бір рет самал соқса-ақ, бәріміз

Мына өмірден ұшты-күйлі жоғалып кетеміз бе?

Адамға бір сәттік қысқа ғұмыр берілген

(Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар.-Алматы:

Ғылым, 1975. – 380 б.).

Әл-Фарабидің алдында кез келген жасампаздық пен жойылудың түпкі себептері ретіндегі материя мен форманың мәңгілігінен туындайтын әлемнің бастамасыздығы туралы тезисті («Метаэтикада баяндалған Аристотель қағидасы») әлем Құдаймен жаратылған деген тезиспен біріктіру мәселесі қиындық туғызды. Ол мұны мынадай жолдармен шешеді (дұрысында айналып өтеді): әлем өз мәнісінде Құдайдың шығармашылық актісіне тәуелді болуына байланысты екінші реттегі туынды болып табылады, бірақ уақыт бойынша олай емес. Әл-Фараби бойынша, әлем Құдаймен бірге мәңгі болып табылады. Қозғалысты ол, Аристотельге сәйкес, мүмкіншіліктің шындыққа өту әрекеті, мәңгі, бірақ құрылмаған нәрсе деп қарастырады. Уақыт әрекетпен бірге мәңгі, осылайша әл-Фараби уақытты анықтауда Аристотельден бөлінеді: уақыт қозғалыстың сипаттамасына жатады.

Әл-Фараби бойынша, Құдайдың әлеммен бірге мәңгі себебі болуы әлемнің мәңгілігін бекітеді, өйткені Құдай бірінші себеп болып табылады. Бұл ой қозғалыс пен уақыттың, материяның мәңгілігіне алып келеді.

Ай үстіндегі әлемде әл-Фараби ерекше табиғи иерархияны атап өтеді, ол жоғарыдан төмен қарай жүреді. Ай астындағы әлемде ол кері жолмен, төменнен жоғары қарай жүреді: «Ең жетілмеген жалпы бірінші реттіліктегі материя болып табылады; содан кейін баспалдақтармен элементтер, минералдар, өсімдіктер, жануарлар (ақылы жоқ), ақылдан

айырылғандар; және ақырында, одан ешкім асып түспейтін, ақылды жан жоғары көтеріледі».

Біріншілік баршылықты және одан туындайтын идеалды мәндерді қарастыра келе, әл-Фараби олардың мызғымайтындығына қауіпті қарама-қарсылықтың жоқ екендігін көрсетеді. Табиғи денелермен басқа жағдайда жұмыс істеуге тура келеді. Олардың субстратты өздеріне оның белгілі бір формасын және қарама-қарсылығын бірдей табысты алуға дайын. Заттардың күрделілігіне қатысты және элементер қоспасының азды-көпті күрделілігіне тәуелді, қарама-қарсылықтардың шиеленісу деңгейі анықталады. «Аз күрделі қоспалық жүйеден пайда болған болмыс өзіне саны аз қайшылықтар мен азайтылған әлсіз күштерді жинақтайды». Және керісінше «болмыс неғұрлым күрделі болған сайын, соғұрлым ол қайшылықты және күрделі құрамды бөліктерді жинақтаған сайын, соғұрлым күрделі заттардың және күштердің қарама-қарсылығы басқаларға мықты әсер етеді». Кем күрделі денелер мен біржақты нәрселер бірегей түрінде өзгерістерге ұшырап отырады, тек сыртқы нәрселердің ықпалымен ажырай бастайды. Органикалық процесс, соның ішінде қоректену жайлы айта отырып, әл-Фараби оның алдыңғы өмірлік байланыс типінен түбегейлі айырмашылығын көрсетеді. «Сонымен бірге өсімдіктер мен жануарлар болып табылатын басқа денелер ішкі қарама-қарсылықтар бойынша да ыдырайды; сол себептен де, егер осы дененің бір бөлігі болмысқа енсе, оның формасы біраз уақытқа дейін тіршілігін жоймайды. Бұл сондағы ыдырайтын нәрселерді ауыстыру үшін қажет. Дене қандай нәрседен құралса да, оны ешкім өзгерте алмайды, оның жеке формасын жойып, бұл денемен біріге алмайды. Бұл қоректену деп аталады».

Адамды ай астындағы әлемнің ең жоғарғы даму буыны деп қарастыра отырып, әл-Фараби оның негізгі қасиеттері «жаны» мен «күшін» бөліп қарастырады, олар: тамактанатын, түйсінетін, қиялдау күш сезімі, ойлайтын, ұмтылатын. Сонымен бірге ол адамның анатомиясы, физиологиясы және психологиясы жайлы көзқарастарды дамытады. Философ өзінің көңілін біз қазір адам генетикасы деп санайтынымызға аударады. Ол жыныстық және жыныстық емес жолдармен тарайтын организмдерді ерекшелейді. Еркек пен әйелді адамды ерекшелеу кезінде ол «жыныстық күштерден» басқа барлық ағзалар мен жан күштері оларда бірдей дейді, қадір-қасиеті әйел адамдарға ұқсас еркектерді кездестіруге болады. Философ даму қабілеті еркек пен әйелді де бірдей, бірақ ол оларды «сезім күшіне қабылдауы, қияла мен интелектісіне» байланысты да бірлей көрсетеді.

Адам жоғары деңгейде әрекетшіл ақылмен ғана емес, сонымен қатар түбінде бірінші баршылықпен ұқсас, ол өз ақылымен болмыстың барлық иерерхиялық деңгейлерін көрсетуге қабілеті бар және бүкіл әлем үйлесімдігін өзімен аяқтайды.

Әл-Фараби Құдай мен оның адамдарға деген қатынасы мәселесін қалай шешеді? Егер мұны мәтіндегі ортоксальды сеніммен (мысалы, Құрандағы) және тек сезіммен шектелмесе, бұл мәселені ойлау пәніне айналдыратын болсақ, онда ол жалпы мен жекенің, қоғам және тұлғаның, «мәнділік күштері» мен адамның адамға деген қабілеттілігінің қатынастық нақтылы мәселелеріне айналар еді, өйткені Құдай осы күштер мен қабілеттердің адамдардан ажыратылған және оған «күдіреттілік», «даналық» ретінде қарсы қойылған тұтастығы болып табылады.

Әрине, мәселенің елестік сипаттамасы тарихи қажеттіліктің нәтижесі болып табылады. Спинозаның Құдайды шындықтан алшақтатын орды толтырам дегенінше, яғни Құдайды табиғат деп атау үшін көп уақыт кетеді. Фейербах дін адамның жат болмысы деп, одан да ары қарай кетеді. Адамның табиғаттан діни және бөлек жаттану формаларынан арылу мүмкіндігін және практикадағы жолдарын тек К. Маркс пен Ф. Энгельс қана көрсете алды. Әл-Фараби көзқарастарына жалпы баға бере отырып, мутазилиттер «араб философиясына ерекше бағдар берді; ол өздерінің мәнділік және құдай атрибуттары туралы ойша жорытылған зерттеулерімен Спиноза іліміне, ал Спиноза арқылы-бізге әсер етті», деген швейцарлық шығыстанушы А. Мецтің пікірін ескеру қажет.

Қашан біз адамдардың өміріне байыппен қарайтын болсақ, онда олардың тұтас дәуірді білдіретінін түсінеміз. Бірақ әл-Фараби тек қана өз дәуірін көрсетіп қоймайды, ол бүкіл адамзаттың жетілгендікке ұмтылысын білдіреді, өйткені ол көтерген мәселелер барлық уақыттарға өзекті болып қала береді, оларды шешуде адамзаттық мәңгіліктің тамаша шыңдарына барған сайын көтерілуге себепші.

Жалпы алғанда, әл-Фараби-Шығыс мәдениетінің алып тұлғасы, ол дүниежүзілік өркениетте өзінің қадірлі орнын алды. Оның рухани мұрасы өзінің ұлы ізбасарлары Ибн-Синаға, Бируниге, Жүсіп Баласағұнға және т.б. суалмайтын қайнар болды.

Шығыс Ренессансы туралы сөз еткенде оның тағы бір бастауы сопылық бағыт (суфизм) жөнінде айтпай кетуге болмайды. Қазақстан жеріндегі ұлы ғұламалар Жүсіп Баласағұн, Сүлеймен Бақырғани, әсіресе, Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығында сопылық сарын үлкен орын алған. Онан соң Ренессанс идеясын тек Платон мен Аристотельдің шығыстық ізбасарлары қолдады деу де сыңаржақтылық.

Сопылық бағыт ислам әлемінде о баста ресми дінге қарсы оппозициялық қозғалыс ретінде туады. «Суфь» термині арабтың «жүн шекпен» деген сөзіне орайластырып алынған. Сопылар-киім талғамайтын, бар ойы руханилық төңірегінде тақуа адамдар. Сопылық бағыттың тарауының бір себебі, әуелде ой бостандығын шектемеген араб халифаттарында X ғасырдан бастап фанатиктер күшейе берді. Олар құранға қарсы деп әр түрлі ағым өкілдерін қуғынға ұшыратады. Әсіресе, иран, түрік және үнділердің көне мәдениетінен қалған мұралар алла

сөзіне жат деп жарияланады. Осы қуғын салдарынан Иран, Араб жерлерінен көптеген сопылар (өздерін дәруіштер деп атаған) Түркістан жеріне қарай ағылады. Орта Азияда 300-400 мың дәруіш пайда болды. Сопылар құдайды парасатпен емес, жүрекпен түсіну керек деп жариялайды. Олар халыққа түсінікті ету мақсатында өз идеяларын жергілікті түрік тілінде уағыздайды. Осы бағыттың көрнекті өкілі, кейін мұсылман пірлерінің біріне айналған-Қожа Ахмет Иасауи. Оның ең үлкен жетістігі ғасырлар бойы қалыптасқан бай түрік мәдениетін мұсылман өркениетімен шебер байланыстыруында жатыр.

Қожа Ахмет Ясауи жазған негізгі шығарма-«Диуани хикмет» («Ақыл кітабы»). Қожа Ахметтің өмірде жасаған бір ерлігі оның 63 жасқа келгеннен кейін, «пайғамбар жасына жеттім, одан өмір сүру, жарық дүниені көру күнә» деп бар байлығын мүсәпірлерге таратып, өз еркімен жер астындағы үңгірде тіршілік етуімен байланысты. Оның пәк өміріне риза болған атақты Ақсақ Темір ғажайып Қожа Ахмет Иасауи ғимаратын салдырды. Ясауи туралы Ыбырай Алтынсариннің берген бағасын келтірейік: «Муштафид ғұламалар арасындағы ұлықтары төртеу: имам Ағзам, имам Мәлік, имам Шафиг, имам Ахмад Ханбал Иасауи. Бұл төртеуі шарифат мәнісін толық тексеріп, халыққа түсіндіріп берді».

Шығыс перипатетиктері-ақыл-ойды жоғары қойып, трактаттар жазса, сопылық бағыт мәдениеттің поэзиялық әдісімен өз ойларын насихаттаған. Есімдері әлемге белгілі Омар Хайям, Сағди, Хафиз, Низами, Руми тәрізді ақындар сопылықтың гуманистік идеяларын пайдаланып, ғажайып дастандар жазғаны белгілі. Олардың қатарында өзінің тиесілі орнын алатын, түрік тілдес халықтардың ортақ өкілі Иасауиға тоталитарлық жүйе кезінде мистик ақын деген айдар тағылып, халық мәдениетінен шеттетуге әрекеттер жасалды. Шын мәнісінде, суфийлік ағымды кертартпа мистикалық ілім деу қате.

Философиялық суфийлік ағымның негізін салушыларға әл-Ғазали мен Ибн-Араби жатады. Олардың ілімі бойынша, мәдениеттілік дегеніміз жан-жақты жетілген, толыққанды адамды үлгі-өнеге етіп қабылдау. Сопылық бағыттағы тағы бір гуманистік идея-ғарыш пенадамның тұтастығы. Кемеңгер, жетілген адамдар тұратын ғарыш мүмкін әлемнің ең жақсысы болып есептеледі. Осы тамаша ғарыш адам арқылы өз шегіне жетеді. Өйткені, адам-ғарыштың нұсқасы. Ежелгі гректердегі микродүние мен макродүниенің арасындағы үйлесімділік идеясы араб-парсы-түрік Ренессансында да осындай өз көрінісін табады. Осыдан келіп сопылық бағытт мистика деу идеологиялық жала екендігіне күмән жоқ.

Құдай мен адам арасындағы алшақтықты жоюға ұмтылған сопышайырлардағы негізгі күш-махаббат. «Диуани хикметте» Қожа Ахмет дүниенің тірегі деп адам мен махаббатты алады. Әл-Фараби өзі іздеген «Қайырымдылар қаласын» махаббат пен сүйіспеншілік үстемдік еткен, ақылды ел басы, әділетті заңдары, бақытты тұрғындары бар «Гүлстаннан»

табады». Гүлстанға жетудің жолын халықтағы ізгі қасиеттер мен адамгершілікті дәріптеп, жамандықтан арылудан көреді:

Ей ғафыл жан, зікірің тыйылмасын,
Опасы жоқ дүние құр жыйылмасын,
Жарандардың жан жылуы суынбасын,
Жолын тапқан мұратына жетер, достар.
Уа дариға, арманмен өмірім өтті,
Нәпсім мені әбден-ақ бұзып кетті,
Жаным құсы шарлап жүр зәулім көкті,
Дидар көрем деген құл тыным таппас,
Жүрсе, тұрса зікір сап аузын жаппас,
Ондай құлдың тәне де қаңсып жатпас,

Жаратқан Ием нұрын мол құяр, достар (Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (Даналық кітабы).-Тегеран: Әл-Хұда, 2000.-162 б).

Қазақстан жеріндегі Ренссанс көріністерінің бірі-Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі». Осыдан 9 ғасыр бұрын жазылған (1069-1070) бұл дастанда түрік мәдениетінің негізгі нышандары айқындалып, бақытты өмір сүру мұраттары тұжырымдалады. Жүсіп Баласағұн Хас-Хаджибтің бұл еңбегін шын мәнісінде ортағасырлық түрік мәдениетінің энциклопедиясы деп қарастыруға болады.

Жүсіп Баласағұн Шығыс Ренессансының кемелденген кезінде өмір сүрген және әл-Фараби бастаған шығыс перепатетикасынан, әрі сопылық поэзиядан нәр алған. Сондықта оны білгілі бір мәдениет ағымына үзілді-кесілді қоса салу мүмкін емес. Ол өзіндік бір дәстүр бастаған ұлы тұлғалардың қатарына жатады. Тарихи-мәдени талай арнадан қуат алады.

«Құдатғу білік» (Құтты білік»)-6520 бәйіттен тұратын философиялық-тәлімдік шығарма. Дастанның аты Жүсіп Баласағұнның өмір тірегі құт, яғни парасатты, нұрлы өмір деген басты принципіне сүйенген. Жүсіп Баласағұнның түп-тамырларын тек Ренссанс идеяларынан ғана емес, ең алдымен тағдыры ұқсас түрік халықтарының ғасырлық мәдени мұралары төңірегінен іздеу керек. Яғни, «Құтты білік», кейбіреулердің айтатынындай, араб-парсы әдебиетінің көшірмесі емес. Дастанда X-XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрпы, наным-сенімдері көп жырланған.

«Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдерінде бұрынғы тәңірлік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды-әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» («Түркі қағанаты туралы сөз») жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы. Келесі кейіпкер әділ патшаның уәзірі, ақыл-парасаттылықтың иесі, елге бақ-дәулет, яғни құт өкелетін Айтолды бейнесі арқылы ашылған. Күн мен Ай қашаннан Кіндік Азия халықтарының пір тұтқан күш-қуаттары еді. Уәзірдің ақылды ұлы Ұғділміш-осы мәдениетке тән білімділік пен парасаттылықтың көрінісі. Әдеп пен тертіп, байсалдылық Ұғділміш бейнесінде философиялық

тәсілмен суреттелген. Төртінші бейне – дәуірші Одғұрміш. Бұл жерде бірнеше терең ой айтылған. Ұғыну (Ұғділміш) пен Жүрекоттың (Одғұрміш) сұхбаттасуы бүкіл араб-парсы-түріктегі мәдени өрлеу дәуірін толғандырған нағыз дүниетанымдық ізденіс еді.

Түркі дүниетанымында өмір мәселесі күрделі этикалық ұстаным өмірдің жалғастығы, мәңгі тіршілік ету ұстанымдарына әкеледі. Өлімді адам жеңе ала ма?-деген сұрақты Қорқыт ата да, Асан Қайғы да, Шәкәрім де қойған. Тек ізгі рух мәңгілікке апаратын көпір дейді ғұламалар. Адам ажалды болса да, дейді Ж. Баласағұн, егер тірілердің есінде жақсы істері, ойлары, білімі, қайырымдылығы арқылы қалатын болса, ол қайта тууы мүмкін. Сөйтіп адам өмірінің мәні алдыңғы ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін белсенді түрде игеруде, ізгілікті істерінде екен; сонда тән өлгенімен жан мәңгі қалады:

Тәннің үйі – қара жердің аясы,
Шыбын жанның тән – баспана, саясы.
Биік ұшса, жәннатқа енгені,
Төмен түссе, бір пәленің келгені.
Екеуінің бірі болар, алайда,
Жаның мәңгі қалар тірі қалайда!
Адам мұңлық болғанымен күнәсіз,
Құрып тәні, өшер сөзі, шүбәсіз!
Қайдан келді? Енді қайда барады?
Қай жерде тұр? Енді қанша қалады?
Біліктілер айта ала ма әрдайым?
Білікті жоқ шешер мұның жұмбағын,
Жалғыз Алла қанық, білер сырларын (Баласағұн Ж.
Құтты білік.-Алматы: Жазушы, 1986.-616 б).

Бұл сұрақтарға жауап іздеген біздің ғұламалар «мәңгілік-адамгершілікте» деген түйінге келген. Абай айтқан «Адам бол!» ұстанымының мәнісі де осында жатыр. Адам болудың маңызды бір шарты-өзіндегі нәпсіқұмарлықты тежеу. Бұл жолда, деген Қ.А. Яссауи, адам өзіне өзі соғыс (жиһад) жариялауы керек. Нәпсіқұмарлықты тежеуде дін үлкен рөл атқарған. Әрине, исламда экстремистік кейбір сарындардың болуы мүмкін. Бірақ, жалпы алғанда, этикалық мазмұны бойынша исламдық құндылықтар қазақ әдеп жүйесінде оң қызмет атқарған. Ойымыз көрнекі болуы үшін жоғарыдағы ақын ойларын ары қарай жалғастырайық:

Рухым айтады: діннің ісін жақсылап жолға қойып,
Ізгілік, жақсылық, жауыздық атаулыны айырып.
Түн болса, тағат ғибадатпен тік отырып,
Күндіз болса, салауат айтып ораза тұтамын

Ақыл мен сезімталдықтың, парасат пен түсінушіліктің, ақиқат пен махаббаттың арасындағы үйлесімділік тек Еуропа ғалымдарын ғана емес, сонымен бірге Шығыс ғұламаларын да көп толғандырған. Дәуірші

Одғұрміш өзін жерұйыққа-хан сарайына қашама шақырғанымен өзінің қасиетті әлемі-бас бостандығынан айырылғысы келмейді. Күнтуды үшінші рет шақырғанда ғана, сопы дәруіш сұхбаттасу мақсатымен хан сарайына келеді. Бұл жерде үлкен мәдени сыр жатыр және осынс түсіне білген Жүсіп Баласағұн адамзаттың өркениетті болашағына терең болжам айтқан. Хан сұрақтарына дұрыс жауап бере білген Одғұрміш пендешілік ләззаттардың желегіне ермей, ескі дорбасын асынып, тау-тасты аралап кетеді. Бұл мистика да, аскеттік те емес. Қайта рухани тәкаппарлықтың жеңісі. Күнделікті пендешілік өмір тауға тас көтеріп, беталды әуре болатын Сизифтің әрекеті сияқты. Бақытқы жету жолы байлық жинау емес, басқаны алдау емес екендігін бұдан талай ғасырлар бұрын ата-бабаларымыз білген.

Дәруіш-сопылар ерлігіне таң қала отырып, Жүсіп Баласағұн, алайда, бақытқа жетудің негізгі құралы деп парасаттылыққа тоқталады:

Ақыл-шырақ, қара түнді ашатын,
Білім-жарық, нұрын саған шашатын.
Ақыл болса, асыл болар-болса ер,
Білім болса, бектік қылар-қылса ер.
Ақыл кімде болса-болар асыл ол,
Білім кімде болса-бек һәм басың ол.
Ақылымен кісі асыл атанар,
Бекке ел ісі білімімен жасалар.

Талай ізгі іс атқарылды ақылмен (Баласағұн Ж. Құтты білік.- Алматы: Жазушы, 1986.-616 б.).

Сөйтіп, Жүсіп Баласағұн қазақ және басқа туысқан түрік халықтарының рухани өрлеуіне үлкен үлес қосқан ғұламалардың бірі. Оның мұрасы-алтын қазына.

Түрік тайпалары Шығыс Ренессансының жай ғана шеткі аймағы емес екенінің бір куәсі-Махмұд Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты туындысы. Бұл сөздікті тек тілтанулық құрал демей, сонымен бірге ортағасырлық түрік мәдениетінің озық өркениетке қосқан бір үлесі деп қарастырған жөн. Мұсылман әлемін баурап алған мәдениетке өзін әлемге таныту қажеттігі туды. Оны Махмұд өзінің теңдесі жоқ шығармасында ойдағыдай жүзеге асырады. Махмұд Қашқаридің негізгі зерттеген мәселесі-түрік тайпаларының мәдениеті. Осы мақсатпен ол бүкіл түрік тайпалары мекендеген кеңістікті аралап шыққан. «мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар, қырғыздардың шаһарларын, қыстақ пен жайлауларын көп жылдар кезіп (аралап) шықтым, лұғаттарын жинадым, түрлі сөз қасиеттерін үйреніп, анықтадым. Мен бұл істерді тіл білмегенім үшін емес, қайта бұл тілдердегі кішігірім айырмашылықтарды да анықтау үшін істедім. Әйтпесе мен тілде олардың ең білгір адамдарынанмын, ең үлкен мамандарынан, көрегендерінен, тайпаларынан шыққан, соғыс істерінде мықты найзагерлерінен едім. Оларға ден қойғаным сондай, түріктер,

түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар және қырғыз тайпаларының тілдері түгелдей көңіліме қонып, жатталып қалды. Солардың мұқият бір негізде жүйеге салдым» (Қашқари М. Түбі бір түркі тілі.-Алматы: Ана тілі, 1993.-192 б.).

Лұғатта тек Қарахандар мемлекетінің мәдени өмірі ғана емес, сонымен бірге ежелгі дәуірден келе жатқан түрік мәдениетіндегі миф-аңыздар, тұрмыс-салт ерекшеліктері, түріктердің Көк тәңірісі мен Күнге табынуы, табиғат құбылыстары тамаша суреттелген. Махмұд Қашқариді халық эпосын жазбаша түрік мәдениетінде алғашқы зерттеген ғұлама деп бағалауға болады. Жалпы айтқанда, Махмұд Қашқари-қазақ және басқа түрік халықтарының ішіндегі алғашқы мәдениет зерттеушісі.

8.3. Жошы ұлысы мен Алтын Орда мәдениеті

X-XII ғасырлар Қазақстан жеріндегі мәдени өрлеудің шынайы айғағы ретінде белгілі. Алайда XIII ғасырдың бас кезінде Қазақстан мен Орта Азия мәдениеті үлкен сыннан өтті. Шыңғысхан шапқыншылығының салдарынан тамаша материалдық және рухани қазыналар жойылып кетті. Моңғол әскерлері гүлденіп тұрған қалалар мен елді мекендерді жермен жексен етті, бау-бақша мен егіс алқаптарын жойды. Дүниежүзілік өркениеттегі жоғары деңгейге жеткен Жетісу, Талас, Сыр аңғарлары қаңырап бос қалды. IV Иннокентий папаның моңғол ханы Күйікке жіберген елшісі Плано Карпини, француз королі IX Людовиктің Мөңке ханға аттандырған елшісі Рубрук өз жазбаларында моңғолдарды мәдениет қиратушылары ретінде суреттейді.

Моңғол шапқыншылығы терең ғасырлардан нәр алған түрік халықтарының бай мәдениетін мүлдем жойып жібере алмады. Шыңғысхан балалары Жошы мен Шағатай ұлыстарында билік еткен моңғол әкімдері ұзаққа бармай-ақ жергілікті халықтың тілі мен мәдениетін қабылдап, оларға сіңісіп кетті. Кейінірек Қазақ жерінің көпшілік бөлігін біріктірген Алтын Орда мемлекеті көршілерінде «қыпшақ елі» атанды. Алтын Орда Еуроазиялық даланы түгел дерлік қамтып және мамлюктік Мысырмен тығыз мәдени байланыста болды. Дешті қыпшақ елі моңғол соққысынан соң, бұрынғы мәдени салт-дәстүрлерді ары қарай жалғастырды. Жетісу жерінде XIV-XVI ғасырларда өмір сүрген феодалдық Моғолстан мемлекетін негізінен түрік тілдес тайпалар мекендеді. «Қазақтың көне тарихы» кітабында, Моғолстан мемлекетінің негізгі халқы ежелден бері осы өңірде жасаған дулат, қаңлы, үйсін, керей т.б. тайпалар еді дей келіп: «Орта ғасырдағы тарихшылардың деректеріне қарағанда, XIV ғасырда жоғарыда аталған ру-тайпалар «моғол» деп аталған. Бірақ бір кездегі «моғол» қалыптасқан халықтың аты емес, әскери-саяси одақтың аты болды».

Осы дәуір мәдениетінің басты ерекшелігін Қазақстан жерінде Шығыс әсерлерінің күшеюі деп қарастыруға болады. Шығыс Ренессансының ықпалы қазақтың төл мәдениетінде мығым орын алған.

Фердауси, Омар Хайям, Низами, Әлішер Науаи шығармаларын білмеген, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» сияқты шығыс дастандарын оқымаған қазақ ғұламалары болмаған. Осы туралы Абай өз шығармашылығында тура айтады. А.М. Горький шығыс ертегілерін қызық та ғажайып, ол бізге гүлдей жайнаған шығыс фантазиясын танытады десе, шығыстанушы ғалым Е.Д. Бертельс шығыс хикаяттарының адамға терең ой салып, ғибрат беретінін айтқан. Қазақ хандығы құралар алдында қыпшақ-оғыз тілдерінде талай ұтымды мәдени туындылар жазылған. Алтын Орда ақындары Насыраддин Рабғузи «Қисса-сұл әнбия», Саиф Сараи «Гүлстан», Хорезми «Махаббатнаме», Құтбы «Хұсрау уа шырын», Дүрбек «Жүсіп-Зылиха» дастандарын дала халқына түсінікті тілде өңдеп, жазып шықты. Бұл кезде (XIII-XV ғғ.) Карпат тауларынан Қытай, Моңғол жерлеріне дейінгі үлкен аймақты мекендеген қыпшақтар тілін еуропалықтар да білуге тырысқан. Олар қыпшақтарды кумандар деп атады. Осы өркениеттен қалған ұлы мұра – «Кодекс Куманикус». Ол XII ғасырдың аяғында құрастырылған, авторы белгісіз, қыпшақша-парсыша-латынша сөздік еді. Бұл үш тілдің ол кезде мәдени қатынастық маңызы зор болды. Латын тілі-Батыс Еуропаның дін, ғылым, мәдениетер құралы; парсыша білген адам Шығыста өзін еркін сезінеді; қыпшақ тілі үлкен әлеуметтік-мәдени ареалдың тілі болды. «Кодекс Куманикус» тек сөздік емес, сонымен бірге халықтық мәдениеттің жинағы, түрік тайпаларының энциклопедиясы қызметін атқарады.

Еуразия даласы мен оған шектесіп жатқан моңғол дәуірінен кейінгі аймақтар тарихында атауларының құрамына «Орда» сөзі кіретін көшпелілер бірлестіктері кеңінен таныс. Олардың кейбірі, мысалы, Алтын Орда тіпті «әлемдік» держава дәрежесін иеленуге де ұмтылды. (Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері 1 том. Р.Б.Сүлейменов атындағы шығыстану институты Алматы, «Дайк-Пресс» 2005 ж. 26 б).

Алтын Орда көп ұлтты мемлекет болды. Оның құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жақынан айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен халықтар кірді. Көшпелілер негізінен түркі халықтары-ең көбі қыпшақтар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т.б. болды. Отырықшылардан бұлғарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер, т.б. кірді. Мұнда моңғолдар азшылық болды. XIII ғ. аяғы мен XIV ғасырда моңғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданың халқы «татарлар» деген атау алды. (Байпақов К.М. «Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы»-Алматы, 1995.-53-б).

Алтын Ордадағы үстем ұлт моңғолдар емес, біздің бабаларымыз-қыпшақ, қаңлы, қоңырат, найман т.б. болды. Жошы ұлысын аралаған араб жиһанкезі Әл Омари: «Азғана моңғол қыпшақтарға мүлде сіңісіп, олардың бәрі қыпшақпен бір туысқандай, бір рудан шыққандай болып кетті», -деп жазды, сондықтан Алтын Орданың мемлекеттік, әкімшілік,

әлеуметтік құрылыс институттары, қала тұрғызу мәдениеті, өнері, әдебиетінде түркі мәдениетінің ықпалы байқалады.

Алтын Орданың қоғамдық құрылысын атап кетсек, толығымен Шыңғыс хан енгізген мемлекет үлгісін қайталады. Мемлекет Жошы хан әулетінің меншігі болып саналды. Ұлысты билеуге үкімет басындағы әулет мүшелерінің барлығы құқылы болды. Ал өзге моңғол ақ сүйектеріне үлесті жер ханға еткен еңбегіне қарай бөлініп берілді. Біртіндеп ақ сүйектер құқысы арта түсіп, олар қарамағындағы жерді ұрпағына мұра етіп қалдыра алатын дәрежеге жетті. Алтын Ордада көшпелілердің ру-тайпалық ұйымдары да сақталды. (Федоров-Давыдов Г. А., Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов.- М., 1966.-с. 3). Алтын Орданың гүлденуі мен құлдырауына келетін болсақ, алғашында Алтын Орда Моңғолиядағы ұлы ханға тәуелді болды. Алайда 1260 ж. Моңғол империясы бірнеше тәуелсіз ұлыстарға ыдырап кетті. Алтын Орда Батыйдың інісі Берке ханның (1256-1266 ж.) тұсында-ақ тәуелсіздікке қол жеткізген. Одан кейінгі Меңке хан (1266-1280 ж.) өз атынан теңге шығара бастады.

Алтын Орда Анадолымен, Сириямен, Египетпен, басқа да шығыс елдерімен сауда қатынасын орнатып, елшіліктер алмасып отырғандықтан Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағына айналды. XIII-ғасырдың бірінші жартысы мен XIV-ғасырдың бірінші жартысында орнаған мұндай тығыз байланыстар жөнінде К. Босворти «Орда мәдениеті белгілі бір мұсылмандық-жерорта теңіздік сипатқа ие болды» деп жазады. (Закиров С., Дипломатическое отношения Золотой Орды с Египтом,-М., 1966.-с. 17 б).

Ұлы билеуші Шыңғыс хан ұрпақтарының арқасында негізі қаланған Алтын Орда өз заманында Орта Азиядағы атақты және өз заманындағы аты әлемге мәлім қалаларымен танымал болды. Осындай полиэтникалық мемлекет біршама уақыттардан соң қыпшақ мәдениетіне бас иіді. XIII-XIV ғасырларда Қазақ территориясында материалдық және рухани мәдениет дамыған және негізі қалыптасқан кезеңдер болды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы барша түркі халықтары осынау мәдениеттің мұрагерлері болып танылады. (Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы.- А.,1993. 400 б).

Алтын Орда мемлекеті Қазақстанның еуроазиялық мәдениеті, мұсылмандық Шығыс өркениеті мен моңғолдар бағындырған елдердің отырықшы-егіншілік мәдениеттің өзара ықпалы тұрғысындағы интеграцияландыру үрдістердің дамуына мүмкіндік туғызды. (Сафаргалиев М. Г. Распад Золотой Орды-Саранск, 1960г.-с.7)

Шыңғысханның ұрпағы Жошы ұлысынан көптеген әдеби-мәдени, сәулет өнеріне қатысты және ғылыми ескерткіштер мұра ретінде қалдырылған. Алайда, аталмыш көне жәдігерлер мен теңдессіз тарихи ескерткіштер Алтын Орданың астанасы Сарай-Бату, Сарай-Берке және Сарайшық қалаларының қиратылу мен өртелу нәтижесінде жойылып

кеткен болатын. Бірақ болған жағдайлардың өзіндеде сақталып қалған тарихи деректердің өзінен-ақ Алтын Орда мәдениетінің, әдебиетінің және өнерінің жоғарғы деңгейде болғанын аңғаруға болады. Жошы құрған ұлыстың Қазақ хандығына саяси-географиялық, этникалық-мәдени тұрғыда негіз қалыптастырғанын, ең маңыздысы қазақ мемлекеттілігінің қайнар бұлағы екендігі белгілі. Ұлытау өңіріндегі Жошы хан мен Алаша хан кесенелері-Ұлық ұлысты айғақтайтын үлкен тарихи мұралар. Сондықтан бүгінгі қазақ жеріндегі Жошы кесенесі Ақ Орданың тарихы ғана емес, жалпы Моңғол империясы тарихынан сыр шертеді. Кесененің Қазақстан жерінде орналасуы Ұлық ұлыстың осы аумақта болғанын және Ақ Орданың қазақ мемлекеттілігінде ойып тұрып орын алатынын тағы да дәлелдей түседі.

Алтын Орданың тарихы соның ішінде Жошы ұлысының мәдениеті көбінесе кең көлемді әскери жорықтар мен моңғол армиясының әсерлі жеңістерінің көлеңкесінде қалып отырды. Сонымен қатар, билеуші Жошы әулеті әр түрлі халықтардың басым жағдайында тиімді және тұрақты этносаяси ұйым құра алғаны белгілі.

Жошы ұлысының маңызды аумақтары мұсылман мәдениетіне қарасты болды. Оның қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде Жошы ұлысының ресми құжат жүргізуші қызметкерлері араб графикасын қолданған. Ресми құжаттарды дайындауда ең көп кездесетін қолжазбалар-дивандар болды. Жошы ұлысының құжаттарында куфикалық жазу қолданған. Жошы ұлысының жазбаларын зерттеуші М.А.Усманов осы хаттың жаңа нұсқасын, Алтын Орда-түркі-куфикалық жазбасы деп атаған. Моңғол мемлекетінің ірі және көп ұлтты мемлекет ретінде құрылуы оның іс қағаздарын жүргізудегі көп тілділікті анықтады. Бұл факторлар сайып келгенде моңғол тілінің ресми іс қағаздарынан тез арылуына ықпал етті.

Алтын Орда мемлекеті өмір сүрген уақытта Еділдің бойы мен Донның сағасы, Днепр мен Днестр арасы, Каспий мен Қара теңіз, Азау теңізі жағасы, Қазылық (Кавказ) тау бөктерлері орасан өзгерістерге ұшырады. Құс қанаты талатын байтақ өңірде маржандай тізіліп, батыс пен шығыстың келбетін бірдей бойына сіңірген қалалар салынды.

Алтын Орда дәуірі өз кезінде Алтын Орда мемлекетінің құрамына енген түркі тілдес тайпалар мен халықтардың, соның ішінде қазақ елінінде әдебиеті мен мәдениетінің дамуының негізі болғанын байқауға болады. Бұл теңдессіз әдеби-тарихи мұралар Алтын Орда ыдыраған кезде одан бөлініп шыққан елдердің мәдениет қорына қосылған болатын. Алтын Орданың гүлденген кезеңінде жергілікті халықтардың жан-жақты дамулары байқалды. Ол тек саяси үстемдік емес, сонымен бірге жоғарыда айтып өткендей мәдениетті, әдебиетімізді, фольклорды, музыка мен өнер саласында қамтыды. (Жақып Б.Ө. Қазақ энциклопедиясы.-А., 2011. 880 б).

Алтын Орда тұсындағы түркі әдебиеті ортағасырлық Шығыс әдебиеті үрдісінде дамыды. Бұл кезеңдегі әдеби ескерткіштерден ең белгілілері Әл-Бинайдың «Шайбанинама», М.Хорезмидің «Махаббатнамасы», Бұрханетдин Рабғұзидің «Қисса-су-л әнбия», Ұсман Кухастанидің «Тарихи Әбілхайыр-хатниы».

Алтын Орда мемлекетінде өз тарихнамасы, әсіресе ауызша тарихнама жете дамыған. Көшпелілер арасында ауыз әдебиеті, жыр дәстүрі қалыптасқан. Осы кезден мұра болып келе жатқан қазіргі татар, ноғай, қазақ халық тарихында «Едіге батыр», «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Көкше» сияқты батырлар жыры кеңінен тараған. Алтын Орда, Ноғайлы заманындағы көшпелілер мәдениеті әлі де болса аз зерттеліп, өзінің әділ бағасын ала алмай отыр. Дамудың осыншама биік сатысына көтерілген Алтын Орда шаһарлары XIV ғасырдың аяғында Орта Азиялық әмірші Ақсақ Темірдің кесапатты соғыстары кезінде жойылып кетті. Әсіресе, Темірдің 1395-1396 жылдарға екінші жорығынан кейін өртелмеген, талқандалмаған Сарайшық қана қалған. (Есенберлин І. Алтын Орда, I кітап.-А.,1996).

Алтын Орданың негізгі орталықтарында қағазды өңдеудің кең таралған және танымал әдістерін білген. Қағазбен жұмыс жасауда мөлшері қатаң шектелмеген және көп бөлігі мәтіннің көлеміне және қолжазбасына, каллиграфияға байланысты болды. Көбінесе қағаз өлшемі құжаттың адресатының дәрежесі мен мәртебесіне байланысты болды. Қағаздармен жұмыс жасау түрлі түсті сияларды қолданумен ерекшеленген, бұл хаттың ерекше әсерлі болуы үшін пайдаланылған. Олардың негізгілері қара сия болды. Мұхаммед Хиндушах Нах-чивани өзінің трактатында хатшыға қажетті барлық заттарды тізімдейді. Бүгінде Царевский кентінде, Болгарияда, Жошы ұлысының басқа қалаларында оннан астам сия құтылары табылған, Жошы кеңсесінде көбінесе қауырсындар немесе «кальям» яғни қалам жазу құралы ретінде пайдаланылған. Ұлыстың жазбаша мәдениетін сипаттайтын ең маңызды олжа – бұл Волгоград облысының Бахтияровка ауылынан табылған көшірме жасаушының аксессуарлары. Осы жазу құралдарының футляры яғни қабы іс қағаздарын жүргізудің ерекше жағдайларын нақты көрсетеді.

XIII-XIV ғасырда дербес елге айналған Алтын Орда көрші мемлекеттермен жақын қарым-қатынас орнатып, сауда-саттық күшейді. Хандық Үндістан, Қытай, Мысыр, Кіші Азия және Еуропаның батысымен алыс-берісте болды. Алтын Орданың орталығы болған Сарай Азиядан Еуропаға кіретін керуен жолында тұрған ең ірі сауда орталығына айналып шыға келді. Отырықшы халық өзінің ертеден келе жатқан егіншілігімен шұғылданып, кейбір көшпенді өмір салтына үйренген халықтар да осы мәдениетке ауысты. Көшпенді рулардан шыққан ханзада, әскери феодалдар сарайда тұрақтап қалып, ендігі қалаларды қиратып, адамдарға күш қолданушы емес, олардың қорғаушыларына, қала мәдениетін күшейтуші тұлғаларға айналды. Кезінде қиратылып, жойылуға жақын

қалған көптеген кенттер еңсесін тіктеп, қайта тіріле бастады. Қалалық мәдениет жанданып, далалық жерлерді мекен еткен көшпенділер болса, отырықшы халықпен, қала-кенттермен байланысып, қарым-қатынас орнатты. Соның арқасында, сауда, қолөнер, ғылым, әдебиет, көркемөнер салалары жанданып, дами бастады. Әсіресе, Алтын Ордаға қарайтын Сарай-Бату, Сарай-Берке, Үргеніш, Хорезм, Сығанақ секілді қалалар осы уақытта аты көпке мәшһүр болған мәдениеттің ордасына айналды. Олардың дамуы әл-Фараби, ибн Сина, Яссауи, Бақырғанидың еңбектері жарияланып, білім мен ғылым кең етек жайып, адамдардың оқуға деген ықыласы аууымен де тікелей байланысты. Алтын Орданың халқының көбі қыпшақ пен оғыздар болғандықтан, олардың тілі, әдебиеті барлық түркі халықтарына түсінікті шағатай тілінде жазылған еді. Ол тіл өз кезегінде осы дәуірдегі көптеген халыққа ұғынықты болатын. Сол дәуірлерде жазба әдебиетіндегі шоқтығы биік туындылар өмірге келді. Мәселен, «Қиса Жүсіпті» жазылды. Ол-ХІІІ ғасырдың бас кезінде дүниеге келген барлық түркі халықтарына ортақ ескі мұра. Бұл дастанның татар, қырғыз, башқұрттарда да өз нұсқалары бар. 1303 жылы «Қыпшақ тілінің сөздігі» жазылды. 82 парақтан тұратын қолжазбаға діни мәтіндер мен сөздіктер енгізілген. 1311 жылы Рабғузи «Қиссасу-л-Әнби» атты әдеби еңбегін өмірге әкелді. 1341-1342 жылдары қыпшақ тайпасынан шыққан Құтб «Хұсрау Шырын» дастанын жазып шыққан. Мұнда Хұсрау мен Шырынның бір-біріне деген ыстық махаббаты айтылады. Ақын-жазушылардың көбі осы шығармаға көзі түсіп, оны әр ғасыр сайын әртүрлі жырлап, сюжеттерін өзгертіп отырған. Оның әрбір нұсқасы халық даналықтарымен толығып, заманына сай жырланған. Десе де, зерттеушілер оны Алтын Орданың әдеби ескерткішінің бірі деп санайды. Мысалы, 1357 жылы Махмұт Әлиұлы Кердері Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында өзінің прозалық көркем әдеби шығармасы «Наһжи ұл фарадис» кітабын жазды. Деректерді сөйлетер болсақ, әдебиетте Хорезмидің «Мұхаббатнамесі», Құтба ақынның «Хұсрау мен Шырын» поэмасы, Сайф Сарайидің «Гүлстан бит түркий» («Түркіше Гүлстан»), Рабғузидің «Қисса сул әнбиясы» («Пайғамбарлар туралы қысқа әңгімелер»), көне қыпшақ тілінде «Кодекс Куманикус» («Құман тілінің сөздігі») сынды шығармалар Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген. Әдеби жәдігерлердің бірінің мән-мазмұн тереңіне көз жіберсек, «Хұсрау мен Шырын» поэмасында шынайы махаббаттан бөлек, арамдық пен зұлымдықты, қастандық пен сатқындықты, өсек пен өтірікті әділдік пен адалдық жеңіп шығатыны жазылған. Демек, адамгершілікті дәріптеу мен адалдыққа сүйіспеншілікті жырлау арқылы адамды ізгілікке жетелеген. Тағы бір деректе, «Орақ-Мамай» жырындағы Орақ пен Мамай осы хандықтың белгілі қолбасшылары болған делінеді. Мамай 1361 жылы Алтын Ордада билік жүргізген, ХІV ғасырдың 80-жылдары Куликов даласында орыс князьдарына қарсы болған ірі шайқаста әскерді басқарған. «Едіге батырдағы» Едіге 1352-1419 жылдар аралығында ғұмыр

кешкен Ақ Орданың әміршісі болған. Алтын Орданы билеген Тоқтамысқа қарсы шайқасқан екен. Ал өзімізге белгілі Асан қайғы Алтын Орданың соңғы ханы Орманбеттің қасында болған билердің бірі, негізгі орталықтардағы биліктің басында жүргендерге кеңесші болған атақты Асан жыраудың Алтын Орда тарих бетінен жойылған кезде қазақ ханы Жәнібектің қасында болып, ақыл беріп отырғаны бізге белгілі. Ілгерідегі шығармалардан Алтын Орда көптеген халықтардың әдебиеті мен мәдениетінің жандануына түрткі болғанын, серпіліс бергенін, одан әрі гүлденуінің алғышартына айналғанын аңғарамыз. Олар ұлы хандық ыдыраған соң, бөлшектеліп кеткен көптеген ұлттардың мәдени қорына қосылып кетті.

Орда жеріндегі бұзылған, ескі қалаларды қалпына келтіру ісі XIII ғасырдың басынан жүргізілсе, жаңа кенттер тұрғызу Сайын хан — Батудың тұсында басталды. Батудан кейін орда тізгінін қолына алған Берке хан да қала құрылысына ерекше мән беріп, көптеген шаһарлар салдырды. Дегенмен, шаһар мәдениетінің шын мәнінде өркендеуі Өзбек пен Әз-Жәнібек хандар билік құрған, XIV ғасырдың 20-60-жылдарына тұспа-тұс келеді. Бұл кездерде Алтын Орданың Сарай, Сарай әл-Жәдид, Гүлстан, Болгар, Білар, Азақ, Қырым, Қафа, Қажы-Тархан, Орда-Базар, Бек-Базар, Үкек, Сарайшық, Түмен, Ақкермен, Шаһар әл-Жәдид, Мажар, Мамай-Сарай, Бел-Жәмен, Қопа, Хорезм, т.с.с. сынды қалаларының даңқы шартарапқа жайылып, ірі әкімшілік, мәдениет орталықтарына айналған еді. Бүгінде белгілі болған құжаттарға қарағанда, Алтын Ордадағы қала салу мәдениеті өз заманы үшін ең жоғарғы деңгейде болғанына көз жеткіземіз. Алтын Орда шаһарларынан Азияны, Еуропаны жайлаған көптеген ұлттар мен ұлыстар мәдениетінің іздері, жетістіктері байқалады. Бұл кенттерді тұрғызуда Шығыс сәулет өнерінің ең үздік дәстүрлері уақыт сынынан өткен құрылыс материалдары, оларды жасау технологиясы, қала жобалаудағы жаңашыл бағыттар пайдаланылған еді. Орыстың белгілі тарихшы-археологтары Г.Федоров-Давыдов, В.Егоров Алтын Орда қалаларының әлемдік мәдениеттегі орнын жан-жақты дәлелдеп көрсетеді. Ұлық-ұлыс кенттерінің сәулеті, салтанаты жайлы ортағасырлық жиһанкездер Плано Карпини, Әл-Омари, Ибн-Батута, Ибн-Арабшахтар көптеген деректер қалдырған, Мысалы, Ибн-Батута Сарай әл-Жәдидті «Көшелері кең, сарайлары биік, адамы көп, базары мол, бай, көркем қала» деп суреттесе, «Сарай шаһарының бір шетінен екінші шетіне салт атпен жүріп отырып жету үшін бір күн керек» деп жазады. Алтын Орда қалалары тіршілік етуге өте қолайлы болды. Оның су құбырлары, жуынды, лас суды ағызу жүйесі, ылғалдың деңгейін сақтап отыратын күрделі су техникалық қондырғылары әлі күнге дейін зерттеушілерді таң қалдырады.

Оның үстіне бұл қалаларды басып халықаралық керуен жолдары өтетіндігі себепті, олар әлемге әйгілі сауда орталықтары дәрежесіне жеткен еді. Сонымен қатар, Алтын Орда шаһарлары орта ғасырлардағы

ірі өндіріс, қолөнер орталықтары да болып табылады. Орданың 38 кентінде алтын, күміс теңгелер соғылған. Әр қалада дерлік қару-жарақ жасайтын ұсталардың, зергерлердің, тас қалаушылардың, мата тоқушылардың, тігіншілердің, құмырашы шеберлердің, т.б, махаллалары болған. Және де қаланы қоныстанған отырықшы қауым мен даланы жайлаған көшпелі жұрт бірінің қажетін бірі өтеп отырған.

Алтын Орда кезеңіндегі қала мәдениетінің ерекше өркендеуінің себебін бір орталыққа бағынған күшті мемлекеттің болуынан. Расында да, орталықтандырылған қуатты мемлекет болмаса, ұшан өңірде бірыңғай ақша айналымы, сан салалы сыртқы, ішкі сауданың өндірістің дамуы жүзеге аспас еді. Алтын Орданың әкімшілік құрылысы ұлыстық жүйеге негізделген. Ұлыстарды ұлыс бектері басқаратын, ұлыс бектері өз кезегінде бектер бегіне бағынатын. Бәрінің үстінен Шыңғыс хан әулеті билік жүргізетін еді. Ал мемлекеттің күнделікті мәселелері уәзір құзырындағы диуанда шешілетін. Әрине, Алтын Орданың мемлекеттік құрылысы, әкімшілік жүйесі, мәдениеті көптеген мұрагер мемлекеттерге ықпалын тигізді. Дамудың осыншама биік сатысына көтерілген Алтын Орда шаһарлары XIV ғасырдың аяғында Орта Азиялық Әмір Темірдің соғыстары кезінде жойылып кетті. Әсіресе, Темірдің 1395-1396 жылдарға екінші жорығынан кейін өртелмеген, талқандалмаған екі-ақ қала Сарай мен Сарайшық қана қалыпты.

Әйткенмен, Алтын Орда тұсында түркінің ежелгі қаһармандық эпосы жаңаша тыныс түзеп, өріс тапқаны және өзінен кейін тарих сахнасына келген берісі қазақ, ноғай, т.б, елдердің қаһармандық дастандарына нәр бергендігі-даусыз ақиқат. Осы кезден мұра болып келе жатқан қазіргі татар, ноғай, қазақ халық тарихында «Едіге батыр», «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Көкше» сияқты батырлар жыры кеңінен тараған. Алтын Орда дәуіріндегі әдеби ескерткіштердің қай-қайсысы да қыпшақ-оғыз немесе оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған. Қазақ тілі қыпшақ тілдерінің бір тармағы болып есептелетінін ескерсек, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетті де қазақ әдебиетіне ортақ мұра деп қарастыру әбден орынды. Яғни, сол әдеби жәдігерлер негізінде кейінгі қазақ әдебиетінің өрісі кеңіп, бұғанасы беки түсті. Олай дейтініміз, тарих толқынында жәдігер болған құндылық келер ұрпақтың бойына сіңіп, ойына ой қосып, жол-бағдар болатыны уақыт тезінен алынған негіз. Алтын Орда дәуірінде жалпы түркілік әдеби тілдің бір нұсқасы есебінде өз әдеби тілі, оның көркем әдебиет стилі және іс-қағаз стилі қалыптаса бастаған еді. Кейіннен бұлар, барлық қыпшақ, оғыз тілдері сияқты, қазақ әдеби тілінің дамуы барысында алғашқы бастаулардың бірі ретінде қызмет етті. Түркі мен моңғолдың ортақ иелігіндегі мемлекеттің Дешті Қыпшақ даласында саяси-тарихи өзгеріске, әдеби-мәдени ілгерілеуге, ғылым-білім дамуына ықпалы болды.

Пысықтау сұрақтары:

1. Гректердің «Жеті даналарының» бірі болып саналатын түркі бабамыздың есімі кім болды?
2. «Ақиқат сыйын» жазған ойшылды атаңыз?
3. Сопылық философиядағы «фана» деген ұғымның мағынасы неде ?
4. Сопылықтың қай сатысында адам Алла-тағаламен қауышады?
5. Қазақ болмысындағы шамандықтың қалдықтарын терең зерттеген ойшыл кім болды?
6. «Ақыл, әділет, дәулет, қанағат құндылықтары елді бақытқа әкеледі» деген ойшыл кім?
7. Алтын Орда кезеңіндегі қала мәдениетінің ерекше болуы себебі неде?

9. ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақсаты: Хандық дәуірдегі дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшеліктері мен қазақ мәдениетін қалыптастырушы «шежіре», дәстүрлі қазақ дүниетанымының құндылықтық түсініктерін анықтау.

9.1. Хандық дәуірдегі дәстүрлі қазақ мәдениеті

Қазақстан ғалымдары қазақ ұлтының XI-XVI ғасырларда Еуразия материгінің қалыпты белдеуіндегі даланың жартылай шөлді және шөлді аймақтардың кең аумағында, пайда болғанын айтады. Көшпелі мал шаруашылығының көшпелі экономикасы күрт континенталды климат жағдайында, жауын-шашынның және басқа су көздерінің әлсіз қамтамасыз етілуі экономикалық қатынастардың жалғыз ықтимал нысаны болды. Су адамдардың өмірінің негізгі көзі, адамзат қоғамының бейімделуінің ең ұтымды нысаны болып табылады, ол өз кезегінде өмір сүру мен өмір салтынан туындаған экономиканың қажеттіліктеріне байланысты психикаға ұзақ мерзімді әсер етуден туындайтын этникалық психологияның негізгі ерекшеліктерін қалыптастыруға ықпал етеді, рәсім, дәстүр және құндылық бағдарларының дамуына әсер етті. Қазақ ұлтының этникалық ерекшеліктері жалпыға бірдей лингвистикалық және мәдени қоғамдастықтың қатысуымен, атап айтқанда дәстүрлі және күнделікті мәдениеттің әртүрлі элементтерінде байқалады. Қазақ этносы үшін материалдық және рухани мәдениеттің, күнделікті өмірдің, салт-дәстүрлердің, өндірістің элементтерінің негізгі элементтерінің ортақтығы бар.

Профессор Б.М. Сатершинов атап өткендей, қазақ халқының мемлекеттілігінің құрылуы еуразиялық көшпенділіктің дағдарысқа ұшыраған кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұл кезең күдіретті Алтын Орданың ыдырап, оның бұрынғы иелігінде жекелеген дербес ордалар мен хандықтардың түзіліп, тегі бір түркі халықтарының тарихи қалауларына сәйкес өз алдына отау құрып, этностық құрылымдарға біріге бастаған дәуірі болатын. «Тарих-и Рашиди» мен өзге жазба деректерге сүйене отырып, еліміздің тарихындағы ең маңызды кезең және Қазақстан тарихы

мен отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы ең өзекті мәселелердің бірі-төл мемлекеттілігіміздің қайнар көзі саналатын Қазақ хандығының құрылуының мәдени-тарихи алғышарттарын сипаттауға болады. Жәнібек пен Керей бастаған жұрттың қоныс аударуы және Керейдің хан сайлануы сияқты тарихи айғақтармен сипатталатын Қазақ хандығының пайда болу датасы қазақстандық медиевистикада осы уақытқа дейін әртүрлі пікірлер тудырып келеді.

Қазақ хандығы құрылуының бірқатар объективті алғышарттары болды. Оның терең рухани-мәдени алғышарттарын қарастырмас бұрын, бұл мәселеге қатысты XV ғасырдың ортасына қарай Шығыс Дешті Қыпшақта (көшпелі Әбілқайыр мемлекетінде), Жетісуда (Моғолстан мемлекеті) және Мәуреннахрда (Темір әулетінің мемлекеті) қалыптасқан саяси-этностық жағдайға, ондағы династиялық (әулеттік) талас-тартыстар мен руаралық жанжалдарға терең тарихи талдау қажет.

Алғашқы қазақ хандарының Әбілқайыр ханнан бөлініп ауа көшуінің кейбір итермелеуші мотивтері жазба деректерде келтіріледі. Мысалы, Мұхамед Хайдар Дулати: «Ол кезде Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік жүргізетін. Ол Жошы тұқымдарынан шыққан сұлтандарға тыныштық көрсетпеді. Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып Моғолстанға бет алды» (Тұрсын Ғабитов, Бақытжан Сатершинов. Қазақтану: Тарих философиясы.-Алматы: Лантар Трейд, 2021.-127-154 бб.). Әбілғазы бахадүр де осыны қостайды. Махмұд бен Уәли былай деп жазады: «Тұқай-темірдің кейбір ұрпақтары, мысалы, Керей хан мен Жәнібек хан бағынудан бас тартты. Олар ата-бабаларынан қалған елден безіп, Моғолстанға жолға шықты» (сонда, 155-168 бб.). Бұл сөздерден қазақ хандарының тікелей Дешті Қыпшақ хандарының ұрпақтары ретінде көрініп, көшу себебі Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік үшін болған әулеттік күрестен туындағаны көрініп тұр.

Бұл күрес Шейбан (Жошының бесінші баласы) мен Тұқай-Темір (Жошының он үшінші баласы) ұрпақтары арасындағы бақталастық ретінде Алтын Орда ханы Бердібек тұсында Батудың тармағы үзілген кезеңнен басталады. Шейбан және оның ұрпақтары Батудың тұсында, кейінірек Өзбек ханның кезінде барлық Жошы тұқымдары қудаланған тұста ерекше артық жағдайға ие болды. Сондықтан да, Өтеміс-қажының айтуынша, өзбек-шейбанидтер осы артықшылықтарын есіне алып, мақтанатындығы белгілі (сонда). XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орданың дағдарысы кезінде бұл әулеттің бірнеше өкілдері Саин тағына таласты. Ал Тұқай-Темір ұрпақтары 1359 жылы Бердібек хан қайтыс болғаннан соң Жошы ұлысының шығыс қанатында Орда-Ежен әулетін ығыстырып, билікті қолдарына алды. Бұл дербес мемлекеттің (Ақ Орданың) соңғы билеушісі Барақ Саин (яғни Алтын Орданың) тағына да отырды. Демек алғашқы қазақ хандарының арғы тегі Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікке бұдан бір ғасыр бұрын араласа бастаған, сондықтан олардың шейбанидтермен күресі заңды көрінеді. Барақ хан дүниеден

өткеннен кейін осы территорияда өз мемлекетін құрған шейбан әулетінен шыққан Әбілқайырдың тұсында (1428-1468 жж.) Орыс хан ұрпақтарының 1457 жылға дейін ұстанған позициясы туралы мәлімет жоқ. Жалпы осы дәуірге байланысты жазба деректер өте аз. Прошейбанидтік бағыттағы Масғұд бен Кухистанидің «Тарих-и Абу-л Хайр-хани» еңбегінде Әбілқайыр ханға қарсы топтың ішінде бұлардың аты аталмайды.

Бұл кезеңге байланысты ақтаңдақтың орнын халық арасына тараған тарихи аңыз-әңгімелермен толықтыруға болады. Тарих ғылымында кеңінен қолданылмағанымен «даланың ауызша тарихнамасы» деген атпен белгіленетін бұл деректемелер тобына Ш. Уәлихановтың, В.П. Юдиннің, А. Сейдімбектің берген бағалары көпшілікке мәлім. Қазақтың «Ақжол бидің өлімі», «Қодан тайшының жоқтауы», «Ноғай мен қазақ айрылысуы» сияқты ортағасырлық тарихи айғақтарды дәлелдейтін аңыздар, сонымен қатар ноғайлы дәуірі мен онан кейінгі кезеңге қатысты тарихи тұлғалар (әз-Жәнібек, Асан қайғы, Алаша хан және т.б.) туралы әңгімелер тенденциялық сипатта жазылған жазба деректермен салыстырғанда шындыққа жақындығымен ерекшеленеді. Аңыз бойынша руаралық жанжал қара қыпшақ Қобыландының арғын Ақжол биді өлтіріп кетуінен басталады. Құн сұраған арғынның сұлтаны Жәнібектің талабын жоғары билеуші Әбілқайыр хан орындамайды. Мұның арты бірқатар тайпаның ноғайлы туысқандарымен айрылысып, ел-жұртынан ауа көшуімен аяқталады.

Демек, ата-бабадан қалған жұрттан безіп, бөтен елге, Шағатай нәсіліне көшудің бір себебі Әбілқайыр хандығында бұрынғы қалыптасқан далалық рулық демократиялық тәртіптің бұзылуымен де түсіндіріледі. Бұл жағдай жазба деректермен де дәлелденеді. Камал ад-Дин Бинаидің айтуынша «билік жүргізу мен сұлтандықтың жарғысы ескі тәртіпке сай келмей бұзылды». Жоғарыда келтірілген «Тарих-и Рашиди» және «Бахр ал-асрар фи минакиб ал-ахиар» шығармаларынан да осы тәріздес хабарлар ұшырасады және олардан Әбілқайыр ханның жеке билікке ұмтылғаны аңғарылады.

Хан билігінің беріктігі хан саясатының анағұрлым ірі рулардың мүдделеріне сай келу-келмеуіне байланысты екендігі көптеген мысалдардан көрінеді. Егер мүдделері сай келмей немесе құқы төмендетілген жағдайда вассалды рубасылары өзінің жұртымен үдере көшіп кететін немесе ашық қарсыласатын. Ол уақыттарда «ауып көшу» бағынбаушылықты білдіретін және көп қолданылатын қарсылықтың формасы болып табылатын еді. «Қазақ» сөзінің семантикалық мағынасы жөнінде ғылымда алуан түрлі пікірлердің орын алғанына қарамастан «қазақша өмір кешу» бағынбауды, еркін өмір сүруді білдіреді деген болжам қабылданған. Ортағасырларда «қазақшылық» институтының кең таралғаны жазба деректерден мәлім. Мысалы, Тоқтамыстың қазақтары, Ибақ ханның ноғай қазақтары, шейбанидтік қазақтар және т.б. Яғни Жәнібек пен Керейдің көші арқылы ғана этникалық мәнге ие болған

«қазақ» термині бұған дейін саяси-әлеуметтік мағынада қолданылған. Сонымен хандықтың құрылуы мен халықтың қалыптасуы тарихындағы көп нәрсені этнонимнің өзі айқындап тұр.

Енді хандықтың құрылуы мен бекуіне қалыпты ықпал еткен XV ғасырдың орта тұсындағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Мәуреннахрдағы саяси және мәдени жағдайларға тоқталайық. Әбілқайыр ханның қырық жыл бойы билік құрғанына қарамастан көшпелі өзбектер мемлекетінің ішкі саяси жағдайы берік болмады. Алайда Әбілқайыр хан 1457 жылға дейін өз ішіндегі оппозициялық топтың (Сейтек-хан, Айбақ хан, Бүреке хан, Мұса, Жаңбыршы, Аббас бектер, Мұстапа хан) әлсіз қарсылықтарын басып тастап, көрші елдердегі саяси тұрақсыздықты пайдаланып, сыртқы экспансия арқылы мемлекетінің территориясын едәуір кеңейтті. Ұлықбек әскерін Сығанақ ауданында Барақ хан тас-талқан етіп жеңгеннен кейін Мәуреннахр билеушілері ұзақ уақыт бойы қорғаныс позициясын ұстанып, қырға қарай ешқандай жорық әрекетін ойластырған жоқ. «Тарих-и Абу-л Хайр-ханида» шейбанидтердің Хорезм мен Сыр бойы қалаларын алуға толық құқы бар екендігі, сондай-ақ Сұлтан Құсайын мырза, Мұхамед Жөкі мырза және т.б. тимуридтік «қазақтарды» өзіне паналатып, олардың өзара қырқысында қазы рөлін атқарғаны баяндалады. Масғұт бен Кухистанидің сөздерінен Әбілқайыр хан Темір ұрпақтарының патроны, ал олар оның вассалдарына айналды деген идеологиялық мәндегі ұлы державалық ой-пікірді ұғуға болады (сонда). Ал, Жәнібек пен Керейді шағатайлықтардың паналатуына қарағанда Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан арасында одақтық қатынас болмаған. 1457 жылы Көк кесене түбінде (Қызылорда обылысы Жаңақорған ауданы Қожамберді ауылы) Әбілқайырдың Өз-Темір тайшы бастаған ойрат әскерінен оңбай жеңілуі мен «қазақтардың» жаппай қоныс аударуы салдарынан бұл мемлекет көп ұзамай ыдырай бастады.

Мәуреннахрда 1447 жылы Ұлықбек өлтірілгеннен кейінгі Темір ұрпақтары арасындағы билік үшін күресте Мираншахтан тарайтын Әбу Сейіт мырза 1451 жылы жеңіске жеткенімен саяси жағдай тұрақтамады. Ақсақ Темірден қалған империяны сақтап қалу үшін Әбу Сейіт екіжақты соғысуға мәжбүр болды. Шығысында Моғолстан ханы Есен-бұғаның тонаушылық жорықтарына қарсы өзіне келіп паналаған оның туған ағасы Жүніс-ханды пайдаланса, өзі батысында Хорасанға көз салған Қара Қойынлы әулетінің (Өзірбайжандағы батыс оғыздық әулет) билеушісі Шах-Жаханға қарсы соғысты.

Осы сияқты Жетісу мен Қашқарда орналасқан Моғолстанның да саяси жағдайы бірқалыпты болмады. Моғолстан біріктірген аудандар табиғи-географиялық жағдайы, экономикасы және тарихи даму барысындағы этногенетикалық және мәдени байланысы жағынан әркелкі болғандықтан шағатайлық Есен-бұға ханға (1423-1462) билікті ұстап тұру оңайға түскен жоқ. Бұл ханның қазақтарды «ілтисатпен қабылдап, оларға мемлекеттің батыс бөлігінен Шу мен Қозыбасы өңірін беруінің» өзіндік себептері

болды. Оған тайпа басылары және әмірлермен қатар, билікке таласқан туған ағасы Жүніс-хан Темір әулетіне сүйене отырып қарсы шықты. Сондай-ақ XV ғасырдың басынан басталған Жетісу мен Моғолстанның басқа да аудандарына ойраттардың шабуылы үдей түсті. XV ғасырдың 50-жылдары билеуші Исан тайшы біріктірген ойраттардың шабуылына Қашқарда өзара қырқыстармен айналысып жүрген Есен-бұға ешқандай қарсылық көрсете алмады.

Осындай қиын кезеңдерде көшіп келген қазақтарды ол батыста Жүніс-хан мен Темір ұрпақтарына қарсы пайдаланбақ болған, шынында 1462 жылы Есен-бұға қайтыс болғанға дейін батыс өлке тынышталды. Сонымен бірге қазақтарды әскери күш ретінде ойраттарға да қарсы пайдаланған. Жәнібек қазақты Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда біз қалмаққа не көрсетпедік» (Тұрсын Ғабитов, Бақытжан Сатершиноов. Қазақтану: Тарих философиясы.-Алматы: Лантар Трейд, 2021) деген халық аузындағы сөз де осыны дәлелдесе керек. Ұлы Абай бұл халық аузындағы сөзді «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралысында» осы кезеңмен байланыстырады.

Осылайша, Орталық Азиядағы саяси-этникалық процестер шиеленісіп тұрған шақта, 1458 жылы Қазақ хандығының негізі салынып, өзінің этностық ауқымының кеңдігіне орай дереу күш ала бастады. Жәнібек пен Керейге берілген «қазақ» атауы олардың қол астындағы халықтың этнониміне айналды және олар иемденген территория Қазақ елі деп атала бастады.

Алайда бұл тарихи айғақтың орын алуын тарихшылар әртүрлі этностық-саяси объективті себептермен түсіндіргенімен, оның мәдени астарларына көңіл бөле бермейді. Біздің пікірінше, «бұл инцидент пісіп-жетіліп тұрған өмірлік бағдар мәселесінің шешілуіне түрткі ғана болды. Қазақ тарихында аса маңызды орын алатын бұл ауа көшу прецедентінің орын алуының негізгі себептерінің бірі Алтын орданың күйреуімен сипатталатын еуразиялық көшпенділіктің жалпы дағдарысы мен батыстық отырықшы өркениеттің экспансиясы барысындағы «көшпенділік-отырықшылық» баламаларын таңдаудан келіп шығады». Қазақ халқының осы қалауы ауыр кезеңде ауа көшіп, жеке отау құрғанын мәдениеттанушы М.М. Әуезов көшпенді-отырықшы баламаларымен байланыстырады.

Бұл қос өркениеттің қақтығысы шиеленіскен тұста таза көшпенділік өмірқамын ұстанған қазақтардың мұнан кейінгі дамуы «қилы заманмен» байланысты болды. Бұл кезеңнің жалпы тенденциялық ерекшеліктерін ноғайлы мен қазақ айрылысуына байланысты айтылатын халық әндері мен күйлері және XV-XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ жырауларының (Дайырқожа, Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жырау және т.б.) авторлық поэзиясы арқылы сипаттауға болады. Белгілі зерттеуші Ә.

Қодар өз монографиясында ұлттық әдебиеттің кейбір теориялық мәселелерін қайта қарай отырып, бұл құбылысты «көшпенділік апокалипсистің жақындауын алдын ала сезген түрік рухының соңғы серпілісі, софистика мен трагедияның нышандары бар далалық интеллектуализмнің қияға шырқауы, Ұлы дала сахнасы болған өзіндік көшпелі театр» деп сипаттайды.

Бастапқыда дала еркіндігі мен рулық демократияның туын жоғары ұстаушы апологеттері болған «батыр-жыраулар» поэзиясында ерте түрік және ноғайлы дәуірінен мұра болып қалған патриотизм мен бірбеткей өрлік өз орнын сақтап қалғанымен, өткенге деген ностальгиялық сағыныштың, туыс халықтардың тарихи тағдырларының жолайрығы тұсындағы шарасыздық көңіл-күйдің басым екендігі аңғарылады. Кейінірек, бұрынғы көзсіз ерлік пен батырлықтың, гедонизмнің орнына күнделікті күйкі тірлік жырлана бастайды. Әсіресе, терме, толғау жанрлары түрінде моралистика мен дидактика араласа бастайды. Алайда бұл жырлардың астарында терең философиялық мән-мағына мен адамгершілік мазмұн бар.

Осылайша, қазақ мәдениетінің дәстүрлі кезеңі «алтын заманнан» «қилы заманды» бастан кешірді. «Ақырзаман» (қара қытайдың қаптауымен сипатталатын) туралы түсінік жер жаннаты «Жерұйық» туралы арман-аңсарды туғызды. Осы себептерден қазақтың сөздері, өлеңдері мен әндеріне билік, ерлік, еркіндікпен қатар арман, зар, шер, қайғы, ойларына уайым араласады. Ұлттық мәдениеттегі осындай қарама-қайшылықты ерекшеліктерді, қазақы өмір сүру тәртібін, оның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан көрінетін дүниетанымдық және ментальдық ерекшеліктерді «қазақшылық» деген ұғымға сыйдыруға болады.

Халқымыздың ұлттық дәстүрі бойынша, кісіні сыйлау, құрметтеу, оның кісілігін үйрену әрбір жастың парызы болып табылады. Үлкен кісінің алдынан қия өтпеу, үлкен адамға орын беру, оны төрге шығарып құрметтеу, оған сәлем беру, көңіліне қарау-адамгершілік борыш ретінде қалыптасқан дәстүрлер. Ерлік пен елдік, отаншылдық пен сүйіспеншілдік, ынтымақ пен бірлік, жан тазалығы мен адал достық-бәрі де ақын-жырауларымыздың жыраулық поэзиясынан орын алған, осының өзі-болашақ ұрпақтарымыздың бойына бүкіл кісілік асыл қасиеттерді жинақтауға зор көмек беретін бала тәрбиесінің бастау бұлағы.

Жыраулық поэзияның ірі өкілдері Асан қайғы мен Қазтуғанның, Доспамбет пен Шалкиіздің, Ақтамберді мен Бұқар жыраудың және т.б. елдік пен ерлікті, азаматтық пен адамгершілікті жырлаған өршіл өлең-жырлары, туған жер, ата-қоныс, ел тағдыры, өмір өткелдері мен қоғам жайлы философиялық толғау-тұжырымдары, өткір ойшылдық пен шешендік өнер өнегелері адамзат атаулыға тән асқақ кісілік идеяны паш етеді. Осы үлгі-өнеге тұтар, ұрпағымыз мақтанышпен мәңгі естерінде ұстар ақын-жырау, даналарымыздың әрқайсысының өмір жолдары сол өзі

өмір сүрген заман тарихымен тығыз сабақтастықта жатыр. Жалпы кісілік құндылық болып табылатын: салауаттылық, инабаттылық, ізеттілік, ар-ұятты болу, қайырымдылық, перзенттік парыз, ата-анаға, отанға қызмет ету, ұлтын, халқын отанын сүю, қорғау, әдептілік, имандылық, арнамыстылық, өнерпаздық, ата-текті қастерлеу, бүкіл адамзаттық адамгершілік қасиеттерді ардақтау, ерлік деген ұғымдарды тәлім-тәрбиеде кісілік өлшемдердің көрсеткіші деп санасак, адам бойына қуат берер осынау ізгі қасиеттерге баулуда жыраулық поэзиядан аларымыз өте көп.

Тұтастай белгілі бір кезеңдердің қоғамдық-әлеуметтік, тарихи сипатын таныта алатын дидактикалық-философиялық сарындағы толғаулармен қатар сөз зергерлері адамгершілік, этика, мораль тақырыптарын да адам өмірінің түрлі жағдайларына қатысты келістіре жырлап, ел ішінде тәрбиелік міндет атқарып отырғаны байқалады.

Қазақ этносы басқа көшпелі этнос сияқты, ұрпақаралық ақпарат беру дәстүрімен сипатталады. Осылайша эпикалық жанрдың сансыз аңыздар, ертегілер, термелер, эпика, шежіре және т.б. түрінде айрықша рөлі бар.

Қазақ этносының мәдени ерекшелігі отбасымен байланысты ұйым деңгейінде экзогамия болып табылады. Бір ұрпақтың, бір отбасының, бір ағайындылардың, жеті ұрпаққа дейін некелеріне, инсайтқа тыйым салу. Қазақ этносын өзге этникалық топтардан айыратын тағы бір ерекшелігі - этносаралық және күрделі құрылым. Қазақтың барлық әлеуметтік ағзасын жоғарыдан төменге дейін еніп жатқандай көрінеді. Әрбір тайпа бірнеше иерархиялық ұйымдасқан этникалық топтарға, сондай-ақ әлеуметтік қарым-қатынастардың күрделі жүйесімен біріктірілген шағын топтарға бөлінді.

Сонымен қатар, тайпалық қоғамның кішігірім ұясы болған қазақ отбасының маңызды әлеуметтік функцияны-жас ұрпақты дәстүрлерді құрметтеу, тәрбиелеу нормаларын және олардың жүрегіндегі мінез-құлық ережелерін нығайтуға тәрбиелеуді жүзеге асырды.

Ата-бабаларымызға құрмет көрсету және олардың дәстүрлерін ұстану отбасында тән қасиет болды. Дәстүр бойынша, қазақ отбасын рухани қасиеттердің негізгі тірегі және қамқоршысы болып табылатын ақсақалсыз елестете алмайсыз. Ол өткен ғасыр әлеміне, оның ата-бабаларына жақын болған деп саналатын болған, сондықтан оны басқалардан артық көрген, тәжірибесі мол құрметті данышпан ақсақал қазақтардың ғана емес, сондай-ақ басқа да шығыс халықтарының арасында ең қасиетті көсем адам, үлгі бола алатын, жалпы адамның этникалық идеясын іске асырушы тұлға.

Біздің уақытымызда биліктің төрт тармағына жиі қатысты: атқарушылық, заңнамалық, сот билігі және қоғамдық пікір. Мұндай құрылымдық бөлімше, егер біз құрылтайды және биліктердің заң шығарушы билігі ретінде қарасақ, хандардың, сұлтандардың билік

атқаруы, билер билігі мен қазы сот билігі және қоғамдық пікірдің күші - жыраулар мен ақсақалдардың позициялары образында іске асырылды. Қазақ қоғамына Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдарының кодексі жатады. Ол қоғамның мәдени және қоғамдық өміріне қатысты діни, білім беру, моральдық сипаттағы және басқа да мәселелердің шешілуін қамтамасыз етті. Өздерінің генеалогиясын, олардың тайпасының тарихы, жетінші ұрпақтың алдындағы ата-бабалары («Жеті ата») әрбір қазақ үшін олардың отбасылық идентификациясын жүзеге асыруға қажетті шарт болды, бұл ұрпақтан ұрпаққа өз халқының дәстүрлерін сақтауға мүмкіндік берді. Адамдардың бүкіл халықтың бірлігін сақтауға және генеалогиялық дүниетанымның қалыптасуына деген ұмтылысты бейнелейтін білімнің маңыздылығы туралы айтқан «жеті атасын білмеген ұл жетесіз, жеті атасын білген ер-жеті елдің қамын жер» деп айтқан сөздер кездейсоқ емес.

Уақыттың сәттік тар шеңберінен шығып, болашаққа қарай ой жүгіртіп, оны сараптау қазақтың дәстүрлі төл мәдениетінде де кең орын алған талпыныс. Бұл туралы С. Қасқабасов былай деп жазды: «Халық жақсы өмірді армандап, «алтын дәуір», «қой үсіне бозторғай жұмыртқалаған заман», не болмаса елді қиыншылықтан құтқаратын бір қайраткер туралы утопиялы әңгіме, аңыз шығарды. Ол әңгіме, аңыздардың басты кейіпкерлері-өмірде болған. Бара-бара мұндай аңыздар эпсана-хикаятқа айналады. Осыдан барып мессиандық рөл атқаратын адам, елге ырыс-дәулет беретін қоныс жайында эпсана-хикаят қалыптасады. Мұнда эпсана-хикаяттың тарихи аңыздардан айырмашылығы оның тек көркемдік дәресінде емес. Оның басты ерекшелігі сол-тарихи аңызда өткен тарихтан гөрі қиялдан, арманнан туған оқиғалар мен кейіпкерлер дәріптеледі, мұнда заман, адам, жер-су, мекен халықтың қалауы бойынша суреттеледі, олар осындай болса екен деген тұрғыда көрсетіледі».

Осындай аты аңызға айналған тұлғалардың бірі, XV ғ. алғашқы қазақ хандары Жәнібек пен Керейдің ақылшысы болған, ақын және философ Асан қайғы атанып кеткен-Хасен Сәбитұлы. Шоқан Уәлиханов оны «көшпелі ноғай, қазақ ұлысының философы» деп айтады. Қорқыт ата сияқты Асан қайғы үлгі тұтарлық Гүлстанды-идеалды қоғамдық құрылысты арман етті. Бұл қазақ мәдениетінің жаңа ғана қалыптаса бастаған кезі еді. Ол қазақ хандарына тым ерте қуанбаңдар, табысқа масаттанып кетпеңдер деп ескерту жасаған. Ол қазақтың болашағын ойлап, «Жерұйықты» іздейді. Жерұйық-қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын, ру-тайпа таласы жоқ, жұт пен қайғы-қасіретінен аулақ, шөбі шүйгін, суы сүт, топырағы май, тасы алтын, ағашы жеміс-жидекке толы құтты қоныс. Сол жерді табу үшін ол желмаяға мініп, төңіректің төрт бұрышын шарлап кетеді. Алайда, таба алмайды, қайғыланып, өмірден өтеді. М.Әуезов «халықтың нағыз ертегісі болып, тек сол қалыпта ғана ой-жадында сақталған адамдардың бірі-Асан қайғы» дейді.

Әрине, Асан қайғы пессимистік тұлға емес. Оның шығармашылығынан туатын негізгі қағида: «Жерұйыққа», бақытқа жететін жолдың оңай еместігі; оған қажымас қайратты, дәйекті, ел қамын ойлаған жетеді. Асан қайғы уақыт пен кеңістіктің салыстырмалы, олардың ішкі ырғақтары және тіршілік тылсымдары туралы терең де әсерлі бейнелер келтірген.

Дәстүрлі қазақ мәдениетін талдағанда, Асан қайғының заман мен болашақ, жақсылық пен жамандық, мұрат пен шындық, мәңгілік пен ғаріптік туралы айтқан пікірлерінің амбиваленттік сипатында болатындығын еске сақтаған жөн. Жалпы алғанда, уақыт ұғымының өзі екіұшты. Ол әрі бар, әрі жоқ. Әрі жасампаздықты, әрі өткіншілікті бейнелейді. Асан қайғы уақыт ағынына байсалды сеніммен қарайды. Оның қайғысы тіршілікті қастерлеуден туған. Асан қайғы кеңістіктен таба алмаған жер жаннаты «жерұйық» – үйлесімдік. Бұл тек Хаос пен Реттіліктің, Табиғат пен адамның арасындағы үйлесімдік емес. Ол – адамның өзінің өзімен үйлесімділігі. Бұл жағдайда заман мен адам теңесе алады.

Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі тұлғалық дарашылдық мұсылмандық ділдегі, әсіресе, араб-парсы әрекеттілік аймағындағы адамдық болмыс ерекшеліктерінен басқаша негіздерге сүйенеді. Кейбір белгілері бойынша оны Нара дәуіріндегі синтоистік (аруақтар мен табиғатқа табыну) дәстүрімен салыстыруға болады. Егер мұсылмандық дәстүрде адам өзінің пендешілдігінен арылып, жаратушыға жақындауы қажет деп есептеп, фәни дүниеден бақиға өтуге дайындалуы міндет болса, қазақ ақын-жыраулары осы дүниеде толыққанды өмір сүруге шақырады. Шалкиіз жыраудың Би Темірді қажылық сапарынан тоқтатуға айтқаны:

Ай, хан ием, сұраймын:
Тәңірінің үйі Кебені
Ибраһим Халил Алла жасапты,
Ғазырейіл – жан алмауға қасап-ты.
Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды жуатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірің үйі Бәйтолла,

Сұлтан ием, қарсы алдында жасапты! (XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы /редактор Ә. Дербісалиев.-Алматы: Ғылым, 2002.-75 б.).

Ру, қауым, тайпа, жүз-дәстүрлі көпшелілік әдептің іргетасы болғандығы даусыз. «У ішсең де, руыңмен іш» дейді халық мақалы. Қазақтың дәстүрлі рулық қоғамы туысқандық қатынастарға негізделгені де белгілі. Ш.Уалиханов атап өткендей, жүз бен жүздің, жүз ішіндегі рулардың бір бірімен арасындағы қатынас нағыз тығыз туысқандыққа сәйкес, ал рулардың өз жүзіне деген қатынасы баланың әкеге, үлкен жүздің аға руына көзқарасы жиеннің нағашысына қатынасындай. Әрине, рулық адамның классикалық көшпелілік қоғамдағы оң құндылықтары

туралы жеткілікті жазылған. Алайда, бір жағдайда ескеру қажет. Қауым жеке тұлғаны, кісіні емес, алдымен тұтастықты қайталауға ұмтылады. Бұл тұлғалық енжарлықтың бір себебі де болып табылады. Қазақтың бір мақалы «Жеңім жаман болса, жағам жақсы, өзім жаман болсам, ағам жақсы» дейді. Мақалды екі түрлі түсіндіруге болады. Бірінші жағынан, арқа сүйетін тұлғаның болуы қалыптасып келе жатқан жас өркен үшін маңызды.

Қауымшылдық құндылығы тек тікелей отбасылық негіздерге сүйенуден ғана емес, сонымен бірге аталас-руластарымен бір болумен айшықталады. Шалкиіз жыраудан бір үзінді келтірейік:

Атаның ұлы жақсыға
Малыңды бер де, басың қос,
Бір күні болар керегі.
Бостаны бар-ды теректің,
Болаты бар-ды беректің,
Тұсындағы болған нартың қорлама,
Тұсындағы болған нартың қорласаң,
Табылмас-ты керектің. (XV-XVIII

ғасырлардағы қазақ поэзиясы/редактор Ә. Дербісалиев.-Алматы: Ғылым, 2002.-75 б).

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі қауымдық арналардың басымдылығы туралы аз жазылып жүрген жоқ және оған деректерді де біршама келтіруге болады. Осы түсінік туралы біз өз назарымызды даралық пен қауымдылықтың қазақ қоғамындағы тоғысқан ұғым-бейнелеріне аудармақпыз.

Дәстүрлі рухани қазақ мәдениетінде кісі бірден дайын күйінде дүниеге келе салатын кейіпкер ретінде емес, күрделі қалыптасу сатыларынан өтетін адам түрінде бейнеленеді. Туысқандық қауымда адамдық ересектену кластары (сатылары) мәдени мазмұны мен арнаулы функциялардың субъектілері негізінде жіктеледі.

Адамның кісілік ер жетуіндегі мәдени кластарды (нәресте, бала, жігіт, жігіт ағасы, отағасы, қария) тек биологиялық немесе табиғи факторлармен түсіндіру сыңаржақтылыққа жатады.

Адамның ересектенуі мәдени үдеріске жатады және онда даралану мен қауымдасу бірге жүреді. Әрбір мәдени ғұмырлық топқа әртүрлі әлеуметтік талаптар қойылады. Зерттеушілер дәстүрлі қазақ мәдениетінде ересектену кластарының Африка және Полинезия сияқты аймақтардағыдай қатал кәсіби шектелмегенін атап өтеді. Мысалы, Шығыс Африкада жас мөлшеріне қарай жіктелу еңбектің және жауынгерлік функцияларының қоғамдық жолмен бөлінуінің негізгі тәсілі болды: шәкірттер, кіші жауынгерлер, аға жауынгерлер, басқарушылар, ақсақалдар кеңесі. Бұл жүйеде бір топтан екінші топқа өту арнаулы сынақтар мен инициациялық рәсімдер арқылы жүргізілген. Қоғамда жеке-дара әлеуметтік-экономикалық құрылымдар пайда болған соң

коллективтік жауаптылық кластарының рөлі кеміп кетті және тек тарихи, мәдени құндылық ретінде сақталады. Соңғы қағида, әсіресе, генотиптік және геронтократиялық белгілері басым дәстүрлі қазақ қоғамына сәйкес келеді. Өйткені ержету кезеңдері қазақ қоғамында кәсіби салаға тікелей әсер етеді. Жалшының баласы қанша тырысқанымен құдай белгілеген несібесінен шыға алмайды. «Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесің» дейді қазақтың нақыл сөзінде. Сол себепті ержету сатылары дәстүрлі қазақ қауымында негізінен рәміздік мағынаға ие болды. Кісінің қалыптасуындағы жас мөлшерінің әсері эпос пен ақыл-жыраулар шығармаларында да көркем суреттелген. Бұл жерде мифтік сана мен эпикалық санадағы есею айырмашылықтарын ескерген жөн. Көне эпос пен батырлық ертегілерде қаһарман (мәдени кейіпкер) таңғажайып жағдайда дүниеге келеді.

Сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамында шектеусіз геронтократиялық билік үстемдік етті дегенге де байыппен қарау қажет. Қазақ қауымында ақсақалдардың рөлі ерекше болды. Алайда олардың билігінде әдептік-мәдени негіздер басым еді. Ақсақал атану көп жағдайда жасқа қарамай, әлеуметтік статуспен әйгіленіп отырады. Осыны қазақтың «көп жасағанан сұрама, көп көргеннен сұра» деген мақалынан да аңғаруға болады. Оған қоса енші бөлініп бергеннен кейін қазақ қауымында «ортақ меншік» деген болған және ол «қонақ кәдесімен» қоса әлеуметтік әділеттілікті көздеген.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде туыскандық құрылымдармен қатар, тікелей қандастық байланысы жоқ жеке адамдарды қауым құрамына қосуға мүмкіндік беретін «анда», «тамыр», дос сияқты статустық ұғымдар болған. Құрдастық сияқты анда да бөтен ру, алыс ұлыс, басқа жүздің адамдарын бір-бірімен жақындастырады. Тіпті кейде бөтен елдің, өзге этностың кірмелері де қазақ арасынан анда тауып ел қатарына қосылып кетеді. «Құрдас», «тамыр», «дос», «жолдас», «андалар» нағыз туыстардан да шынайы жақын болады. Анда адамдар сенікі-менікі демейді, бір-бірінің бетін қайырмайды. Анда тәртібі алыс руларды, елдерді бір-бірімен туыстастырып, қоғамдық құрылымның берік негізіне өз үлесін қосады. Сонымен қатар қазақ ішінде жан дос, дос, тамыр сияқты әріптес, замандас адамдардың бір-бірімен тіл табысып, көңіл жақындастырып, араласуына мүмкіндік беретін дәстүрлі институттар бар. Жалпы қоғамдық араластық процесінде олардың тигізер ықпалы зор.

9.2. Дәстүрлі қазақ дүниетанымының құндылықтары

Қазақы дүниетанымда жақсылық пен жамандық ұғымдары ақын-жыраулар шығармашылығында жан-жақты әрі көркем суреттелген. Бұл түсініктер таза поэзия аумағынан шығып, халық даналығы үлгілеріне, философиялық пайымдауларға айналған. Жақсылықтың отаны - Жерұйықтың қандай басты белгілері бар? Бұл сұраққа жауапты заман

талаптарынан, халықтың арман-аңсауларынан, өкініштері мен мұқтаждарынан іздеу керек. Шоқан Уәлиханов – осы мәселеге алғашқы назар аударғандардың бірі. Ғалымның сараптауы бойынша, қазақтардың аңыздарында ноғайлармен көрші отырған кездері алтын заман болғаны туралы айтылады. «Ноғайлы мен қазақтың бағы жанған заманда» – дейді олардың эпостары әрбір қиссаларының басында.

Яғни, Жерұйық ешқандай утопия да емес, болашақ туралы сәуегейлік те емес, бұрынғы туыс түркі халықтарының (алты алаш) бірлігін жырлау болып табылады. Жерұйық идеясын батыстың утопиялық құрылымдарымен теңдестіру біздің зерттеулерімізде жиі кездесетін үлгі болып табылады. Бұл әдістеме батыстық барлық модельдердің біздегі баламаларын іздеумен әуестенеді. Халық жерұйықты-«қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды» немесе елді қиыншылықтан құтқаратын батыр, дана, көсем туралы утопиялы әңгіме, аңыз шығарады және бұл аңыздық тұлғалар тарихта болған кейіпкерлерден шығарылады. Осыдан барып мессияндық роль атқаратын адам, елге ырыс-дәулет беретін қоныс жайында эпсана-хикаят қалыптасады.

Қазақ әдебінде жақсылық пен жамандық синкретті: әрі әдептік, әрі тәлімдік, әрі өнегелік категориялар ретінде баяндалады және олар кісілік қасиеттердің санатында жүзеге асу мүмкіндіктерімен жырланады. Бұл өмірлік философияда жақсылықтың өлшемі адамның өз атына сай тіршілік етуі болса, онда жамандық тіршілікті шектеу деп түсіндіріледі. Яғни, жақсылық адам мен әлем арасындағы үйлесімдік. Тек нағыз адамның қолынан ғана жақсылық жасай білу келеді. Жамандық – үйлесімсіздік, шектен шығу, теріс қылық, «ғаріп» нәрсе:

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп,
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғаріп,
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғаріп,...
Мүритін тауып алмаса,

Азғын болса пір ғаріп (Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия /құр. Мағауин М.-Алматы: Ана тілі, 1993.-331 б).

Жоғарыдағы жолдардан жақсылық пен адамдық қасиеттер көрінісі ғана емес, оған қоса жалпы ізгілікпен тепе-тең, абсолютті бастау ретінде қарастырылатынына көзіміз жетеді. Қазақ философы Қ. Әбішев жазғандай, жақсылықтың айшықты өлшеміне адамдардың дүниемен қатынасына да, өзара қатынастарына да олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, оларды сақтау, қастерлеу және оны

бұзатын, оны былғайтын, оны тәрік ететіннің бәрін де жамандық деп қарау (Әбішев Қ. Философия. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998. 259 б.).

Бұл сипатта жамандықтың жиі кездесетін түрі – жетесіздік, қадірлей білмеу:

Ауылдағы жамандар
Ер қадірін не білсін!
Көшіп-қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін!
Көшсе, қона білмеген,
Ақылыңа көнбеген

Жұрт қадірін не білсін! (Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия /құр. Мағауин М.-Алматы: Ана тілі, 1993.-331 б).

Бұл жерде маңызды этикалық мәселе көтеріліп тұр. Ол- жақсылықтың шартсыздығы. Біздің ісіміз жақсылық па, әлде жамандық па деп дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Ол дауысқа салынбайды, тылсымдық түрде бірден аңғарылады. Не болса да, сол болуы керек. Өйткені ізгілік адамның болмысымен тікелей қатынасты, жақсылықтың жасалуы есеппен жүрмейді; онда ол оны сатқанмен, міндетсінгенмен бірдей әрекет болып табылады; ол «өз қайтарымын күтпейтін және адамның шынайылығынан туындаған өмірдегі нұрлы қадамдар болып табылады». Жақсылықтың бағдары-адамды көтермелеу. Керісінше жасалған әрекет жамандыққа әкеледі.

Адам үшін оның өміріне мән беріп тұрған негізгі нәрсе-өз бойындағы адамшылықты жоймау, бүкіл өмір бойында адамға лайықты өмір сүру. Осы дүниеге адам болып келгендіктен, осы дүниеден адам болып кету керек. Адамның адамдық қасиетін өмір сүру барысында жоғалтып алмау бұл да адамның ең алдымен өз алдында, басқа адамдар алдындағы жауапкершілігі, ол адам тарапынан белгілі бір ерік-жігерді, қайратты қажет етеді. Адам баласы ежелден-ақ бақытты өмірді, бейбіт тіршілікті, берекелі тұрмысты аңсап-армандап, іздеген. Қайткенде адам бақытты болады? Қай жерде, қандай жағдайда ол өзін бақытты сезінеді? Міне мұндай сұрақтар әр заманның данышпанын да, қарапайым жұртын да толғандырған.

Бұқар жырау жырларынан оның нақыл сөздерге философиялық ойлы тебіреністерге толы, заманының көкейкесті мәселелерін көтеріп отырған азамат ақын болғандығын көреміз.

Шашырап шыққан қандар көп,
Шашау жатқан малдар көп.
Қайсыбірін айтайын,

Хандық дәуірінің көркем санасында, бір жағынан, күйбең тіршіліктің ырықсыз иесі болу құпталмаса, екінші жағынан, қиял мен елеске бағытталған өмір де мұрат болмады. Осы тұрғыдан қазақ ақын-жыраулары діндегі әдептік бастамаларға басты назар аударды.

Ешнәрсеге, ешкімге қиянат жасамау-мұсылманшылықтың негізгі этикалық арқауы. Қазақ дүниетанымының негізі-этикалық арқау.

Сол сияқты хандық дәуірдегі қазақ мәдениетінде де түркілік «Тәңірі» мұсылмандық «Алламен» бір бейнеге айналып кетті. Ақын-жыраулардың әдептік түсініктері де жалпы мұсылмандық контекстіден аулақ болмады. Сөзіміз дәлелді болу үшін ақын-жыраулар шығармашылығына жүгінейік:

Басты, бірінші тілек Аллаға арналады:

Бірінші тілек тілеңіз,

Бір Аллаға жазбасқа.

Немесе жыраудың басқа да өсиеттері:

Ей, айтшы, Алланы айт,

Аты жақсы құдайды айт.

Төрт шадияр Мұстафа,

Нұсқап ашқан ғаламды айт.

Тәңірім сөзі бұрканды айт,

Кәлим Алла құранды айт,

Тәңірім салса аузына

Жан жолдасың иманды айт (Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия /құр. Мағауин М.-Алматы: Ана тілі, 1993.-331 б.).


Халқымыздың ұлттық дәстүрі бойынша, кісіні сыйлау, құрметтеу, оның кісілігін үйрену әрбір жастың парызы болып табылады. Үлкен кісінің алдынан қия өтпеу, үлкен адамға орын беру, оны төрге шығарып құрметтеу, оған сәлем беру, көңіліне қарау-адамгершілік борыш ретінде қалыптасқан дәстүрлер. Ерлік пен елдік, отаншылдық пен сүйіспеншілік, ынтымақ пен бірлік, жан тазалығы мен адал достық-бәрі де ақын-жырауларымыздың жыраулық поэзиясынан орын алған, осының өзі-болашақ ұрпақтарымыздың бойына бүкіл кісілік асыл қасиеттерді жинақтауға зор көмек беретін бала тәрбиесінің бастау бұлағы.

Жыраулық поэзияның ірі өкілдері Асан қайғы мен Қазтуғанның, Доспамбет пен Шалкиіздің, Ақтамберді мен Бұқар жыраудың ж.т.б. елдік пен ерлікті, азаматтық пен адамгершілікті жырлаған өршіл өлең-жырлары, туған жер, ата-қоныс, ел тағдыры, өмір өткелдері мен қоғам жайлы философиялық толғау-тұжырымдары, өткір ойшылдық пен шешендік өнер өнегелері адамзат атаулыға тән асқақ кісілік идеяны паш етеді. Осы үлгі-өнеге тұтар, ұрпағымыз мақтанышпен мәңгі естерінде ұстар ақын-жырау, даналарымыздың әрқайсысының өмір жолдары сол өзі өмір сүрген заман тарихымен тығыз сабақтастықта жатыр. Жалпы кісілік құндылық болып табылатын: салауаттылық, инабаттылық, ізеттілік, ар-ұятты болу, қайырымдылық, перзенттік парыз, ата-анаға, отанға қызмет ету, ұлтын, халқын отанын сүю, қорғау, әдептілік, имандылық, ар-намыстылық, өнерпаздық, ата-текті қастерлеу, бүкіл адамзаттық адамгершілік қасиеттерді ардақтау, ерлік деген ұғымдарды тәлім-тәрбиеде кісілік өлшемдердің көрсеткіші деп санасақ, адам бойына қуат

берер осынау ізгі қасиеттерге баулуда жыраулық поэзиядан аларымыз өте көп.

Дәстүрлі мәдениеттегі **қазақ ою-өрнегінің** басты ерекше қасиеті - тепе-теңдік. Қазақ текеметтерінде, сырмақтарында, терме алашаларында т.т. ою-өрнек пен оның бейнелеу аясы арасындағы тепе-теңдік принципі әр уақытта айқын көрінеді. Қазақ шеберлері аз ғана реңдер мен өрнек жүйелерін пайдалана отырып, ерекше сәнді, бай әшекей әуендер құраған. Осы өрнектердің тақырыптары тепе-теңдік принципінің арқасында ғана жарасымды қалыптасады. Онда керемет бай реңдер мен бояу түстері болмаса да, ол бір жағынан суреттердің жұмбақ қасиетімен қызықтырады. Егер сурет деп өрнекті алсақ, өрнектің фонға орналасуы адамның Жаратылыстағы орнын білдіретіні секілді. Олар бір-бірімен оңай алмастыра алатындықтан осы тепе-теңдік қасиеті Адам мен Жаратылыстың біртұтастылығын білдіретіндей әсер етеді.

Қазақ өрнектерінің ерекше үйлесімді орналасуы әлеуметтік дүниетанымдық жағдайлармен байланысты. Өрнектер, әдетте, бөлек орналасып, бір-бірінің үстіне салынбайды. Өрнек ретсіз көп немесе кез-келген әсерде орындалмайды. Өрнектер нәрсенің бетіне, түр-түсіне, жіке сызық әуендеріне байланысты ерекше талғаммен беріледі.



Сурет. Қазақ өрнегі

Ою-өрнектің біздің эмоциямызға әсері өте зор. Жалпы қазақ халқының ою-өрнектері басқа халықтардың өрнектерімен салыстырғанда композиция қарапайымдылығымен, бояу түсінің ұстамдылығымен, формаларының монументтілігімен ерекшеленеді.

Ою-өрнектің сыртқы сызықтарының бір пішіннен екінші формаға ырғақты өтулері, бір-бірімен қайталай, жаңа өрнектер құрауы, бояу түстерінің бір-бірімен гармониялы үйлесімі әсем сазды әуен құрайды. Көңіл-күйі сезімін тудыратын осы ерекшеліктер оны музыкалық шығармаға жақындатады. Қазақ халқының астарлап, тұспалдай сөйлей білуі музыкадан да, ою-өрнектен де, жалпы дәстүрлі өнерден жақсы көрінеді. Әр түрлі тылсым сырға толы өрнектер, Маңғыстаудағы мінтас,

қойтас, арқар тас, құлпы тас, сағана там, күмбез мазарларының әрбіреуі бір музыка, оның бәрі қосылғанда дала әнұраны естілгендей.

Халқымыз ою-өрнекті мазмұнды мәнге толтырып, музыкалық әуенде сөйлете білген. Оған мысал, Қазақ аңыздарының бірі «Ақсақ құлан» күйімен байланысты. Жошы хан баласының аң аулау сәтінде қаза болғанын күйді тыңдап отырғанда түсінеді. Осыған ұқсас сырмақ шерткен сыр аңызы да қазақ ауызында сақталған. Ол ою-өрнектің оқылуымен байланысты аңыз.

Қандай өрнекті пайдалану, біріншіден, өңделетін шикізатқа, жасалатын бұйымның пішіні мен көлеміне қатысты болды. Мысалы, текеметте ою-өрнектің жазық, бояу түсі қарапайым, монохромды, сыртқы сызықтары «қарадүрсін». Бұл оның монументтік сипаты. Ал, темірге күміспен жалатылған өрнек ерекше әсерлі көрінеді.

Сонымен бірге ою-өрнекті жіктеп, оны симметриялық шеңберде ғана қарастыру оның көркемдік мүмкіндіктерін шектейді. Қазақ ою-өрнегі канондық заңдылыққа бағынғанмен бірін-бірі қайталайтын екі бұйым кездеспейді. Бұл жалпы өнердің болмысын анықтайтын заңдылыққа жатады. Табиғатта, табиғи құбылыстарда, кескіндерде, пластикаларда екі бірдей қайталанулар болмайды.

Өрнектің маңызды міндеті оның адамға тікелей эмоцияналдық әсер ету қабілеті мен күрделі байланысты. Кілем мен түскиіз көрініс әсері жағынан суретке жақын. Әйткенмен де ол тұрмыстық зат. Ою-өрнектің материалдан бөлек те өмір сүріп, тәуелсіз құрылым құрай алатындығы оны қолданбалы өнердің «контексінде» ғана қарастырмай, өз алдына бөлек өнер түрінде қарастыруға негіз болатын сияқты.

Ою-өрнек (латын тілінен аударғанда әсемдеу сәндеу) – әр түрлі заттарды, архитектуралық ғимараттарды әшекейлеуге арналған жүйелі ырғақ пен қайталанып отыратын әр үйлесімділікке құрылған өрнек-нақыштар. Ұлттық ою-өрнек өзіне тән белгілерінің жүйелерін қазақ халқының қалыптасуымен әрі республиканың қазіргі аумағын мекендеген Азияның басқа да халықтары мәдениетімен тығыз байланыста дамыды. Бұл ортағасырлық архитектуралық ғимараттардағы көгеністік және геометриялық ою-өрнектерден (Айша-бибі, Ахмет Иасауи кесенесі) айқын көрінеді. Ою-өрнектің дәстүрлі тоқыма өнері үлгісінде, кестеде, ағаш, мүйіз, сүйек, металл мен теріге өрнек салу мейлінше жетілдіре түсті. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді.

Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің,

әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан, ою-өрнек деп қосарланып айтылады.

Қазақ оюларының мазмұны мал өсіру, аңшылықты, жер-су, көшіп-қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі заттардың сыртқы бейнесін тұспалдайды, бірақ қолөнер саласындағы қай бұйымды алсақ та, сол заттың бетінде түрлі нұсқада бейнеленген «мүйіз» элементін байқаймыз. Әрбір оюшы ою-өрнек жасап, оған ат беріп, оны тұрмыста қолданған. Сондықтан қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің ең басты мәнері, әртүрлі мәнер жасауда жиі қолданылатыны «мүйіз» тектес ою-өрнектер.

Мүйіз тектес ою-өрнектер кейде өте ұсақ, кейде өте ірі болып келеді. Ұсағы зергерлік, кесте тігу, ағаш, сүйек, мүйіз ұқсату сияқты нәзік істерге қолданылса, ірісі кілем, алаша, терме алаша, текемет, сырмақ, ши орау, қоржын, киім-кешек, құрылысқа қолданылады.

Халық шеберлері мүйіз өрнегінен сан қилы мәнерлермен құбылта, бір элементке екінші, үшінші элементтерді қосып, молықтырады да, құлпырған әдемі де мазмұнды композиция жасайды. «Мүйіз» тектес ою-өрнектердің негізі қойдың, арқардың, ешкінің, сиырдың, бұлан­ның, бұғының, қодастың, еліктің мүйіздерін тұспалдаудан пайда болған. Шеберлер жаңа ою-өрнектерді тұрмыс тіршілігіне өз дәуіріндегі заман ағымына қарай лайықтап пайдаланып келеді.

Қазақ ою-өрнегінің дүниетанымдық түсінікпен байланысты түрлері көп. Мысалы, мал-жанға байланысты түсініктер; қошқармүйіз – қошқардың мүйізі тәріздес ою, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көшпелі өмір салтымен байланысты туған. Қошқармүйіз оюы неше түрі формаларға еніп, қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Әсіресе киіз үй жасауларының барлық түріне де салып тоқуға болады. Мәселен, текеметтің ортасына «қошқармүйіз» шет-шетіне «тұмар », «шаршы» немесе «су» оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман-тілегі. Омыртқа – мал шаруашылығымен тығыз байланысты туған, малдың дене мүшесіне қатысты өрнек. Бұл ою қайраттылықтың, ерліктің белгісі. Ер адамның, батырдың киімінің, кейде құрлардың шетіне салынады. Мұндай оюлардың формасы қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз тәрізденіп келеді де, кейде осы мүйіздің қолтығында қойдың құлағын долбарлаған шолақ мүйіз тәрізді тағы екі буын тұрады. Байқап қарағанда бұдан қошқардың тұмсық бейнесі аңғарылады.

Ою-өрнек-дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы ою ойған адамның жүрегі жылы, жаны нәзік болады. Ең көп тараған ою-өрнек өнері қазіргі кезеңде жаңа қырынан танылуда. Өткеннің көлеңкесінде

қалмай, жаңа туындылар тудыру қазіргі шеберлердің шығармашылдық мақсаты.

Жалпы Орталық Азия музыка мәдениетінің бір бөлігі ретінде қазақтың дәстүрлі музыка мәдениетін қарастыра отырып, оның басты өмір салты көшпелі түрінде өткенін ескеру қажет. Өйткені қазақтарға дейін өмір сүрген тайпалар да көшпелі шаруашылық түрін ұстанатын. Сондықтан қазақ музыкасын зерттеу үшін номадизмнің әлеуметтік-тарихи белгілерін талдап, оның ерекше эстетикалық белгілеріне және өнердің дамуындағы ерекше заңдылықтарына назар аудару керек.

Музыкалық өнерлердің (музыка және поэзия) қазақтың жалпы ұлттық мәдениетінің жүйесінде ерекше әлеуметтік-тарихи орны туралы сөз қозғасақ, халық үнемі қозғалыста болып, көптеген шақырым жерлерге көшіп жүргенде мүмкіндігінше өзінің қоғамы өмірін ұйымдастыруға тырысатын. Көшпелі өмір салтының жағдайында рулық, тайпалық және одан да ірі ұйымдар құрылып, олар дұрыс тіршіліктің басты шарты ретінде ұйымдастырушылық пен жалпы мақсаттылықты ұстанатын. Ғасырлар бойы қазақ қоғамында тәрбиелік функцияны атқаратын белгілі салттар мен ғұрыптар жүйесі қалыптасқан. Ұрпақтардың арасындағы сабақтастықты орнататын құрал ретінде музыкалық-поэтикалық өнердің ішінде эстетикалық құндылықтар қалыптасқан.

Сондай-ақ бірінің жеріндегі аңын бірінің аулауына байланысты ерте заман адамдары арасында дау-жанжал көп болған. Мұның аяғы ұрыс-төбелеске айналған. Өз ру-тайпасын, жерін қорғау үшін енді олар соғысты көз алдына елестетердей әскери билерді ойлап тапқан. Жалпы ертедегі адамдар өз тұрмыстарының қай болмысын болса да би арқылы беруге тырысқан. Айталық, діни наным-сенімдерге байланысты аруаққа табыну, арбау, құрбандық шалу, бақсылық сияқты неше түрлі ойын, билерді тудырған.

Соңғы деректер бойынша ғалым-зерттеушілерге қазақ халқының бес-алты мыңдай күйі белгілі. Бұл, әрине, бес-алты мыңдай күйімен қосарлана айтылатын аңыз-әңгімесі де соншама. Сондықтан да күй мен күй аңызын бір-бірінен бөлмей қарау қажет. Ғалым-зерттеуші Ә. Марғұлан күйдің тарихи кезеңдерін бес кезеңге бөледі:

«Бірінші кезең күйлері б.з.д VIII-V ғасырлар мен біздің заманымыздың VI ғасыр аралығын қамтиды. Бұған Евразияның ұлы даласындағы көшпелілер арасында ислам діні тарағанға дейінгі қиял-ғажайып тақырыптарға арналған күйлер жатады. Мәселен «Қос мүйізді Ескендір», «Көк төбет» «Аққу» т.б. күйлерді атауға болады. Бұлардың қайсысы болмасын көне саз-сарындарымен ғана емес, қосарлана айтылатын аңыз-әңгімесімен де алыс замандарды меңзейді.

Екінші оғыз-қыпшақ VI-XII ғғ. күйлері. Бұл кезеңге Қорқыт атаның сарындары «Абыз толғауы», «Саймақтың сары өзені», «Малжыңгер» сияқты күйлер жатады. Бұл кезең күйлеріне тән арқау болған тақырыптар өмірдің мәні, бақыттың баяндылығы, Қорқыттың мәңгілік өмірді іздеуі.

Оғыз-қыпшақ кезеңінен жеткен күйлер өзінің аңыз-әңгімесінің тарихи сәйкестілігімен де Қорқыт сияқты тарихи тұлғаның өмір шежіресімен де рухани мұрамыздың генезисін нақтылай түседі.

Үшінші, ноғайлы кезеңнің XIII - XVI ғғ. күйлері. Оғыз-қыпшақ заманының аласапыранынан кейінгі қазақ даласындағы рулық-тайпалық тұтастану, Алтын Орда сияқты мемлекеттің бой көтеруі осы кезеңдерге тұспа-тұс келеді. Тек ол ғана емес, ілгері ғасырлар талқысында тарихи тағдырын ортақтастырған далалық ру-тайпалардың саяси одақ құрып «Қазақ» деген мағыналы этникалық атаумен тарих сахнасына шыға бастаған кезі де осы кез.

Ноғайлы кезеңінде туған музыкалық мұраларымыздың санатына «Жошы ханның жортуылы», «Шора батыр» «Қамбар күйі» сияқты халық күйлерімен бірге Кетбұғаның «Ақсақ құлан», Асан Қайғының «Ел айрылған», Қазтуғанның «Сағыныш» күйлерін жатқызуға болады. Бұл күйлер саз-сарынының ширыққан динамикасымен де, қосарлана айтылатын аңыз-әңгімесімен де, тарихи тұлғалардың көрініс табуымен де сол заманның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани күйін айқын бейнелейді.

Төртінші, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі XVII-XVIII ғғ. күйлер. XVI ғасырдың алғашқы жартысынан бастап қазақтар мен ойрат феодалдарының арасындағы бәсеке-бақталастық осы екі халықтың екі ғасыр бітпес дауына, бітпес шайқасына ұласты. Бұл кезең күйлері өзінің өр мінезімен, тарихи оқиғалармен сабақтастығымен, нақтылы тұлғалар өміріне, қызметіне деректілігімен баурайды. Мұның музыкалық мұрамыздағы орны ретінде «Елім-ай» әнін, «Қаратаудың шертпесі», «Қалмақ биі», «Бел асар», «Абылайдың қара жорғасы», «Кеңес» т.б. күйлерді айтуға болады. Бұл кезеңдегі күйлердің типологиялық қасиеті ретінде этикалық сабыр мен тереңдікті айтуға болады.

Бесінші XVIII-XIX ғасырларда және XX ғасыр басында туған күйлер. Бұл кезеңнің рухани мұраларында саяси-әлеуметтік сарынның айқын көрініс тауып отыратынын баса айту керек. Әсіресе ұлттық дербестіктен айрылған халықтың хан-сұлтандарға, бай-патшаларға деген көзқарасы, көңіл-күйі, әлеуметтік айырмашылықтың ұлғаюы жалпы рухани мұрамызда, соның ішінде ән-күйлерімізде өте-мөте айқын көрінеді. Содан да болу керек, бұл кезеңдегі қазақтың музыкалық мұрасы ерекше молдығымен де, тақырыптың әр алуандығымен де, әуен-сазының мейлінше шындалған профессионалдық деңгейімен де айрықша назар аударады. Бұл кезеңде Байжігіт, Боғда, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Тоқа, Ықылас, Қазанғап, Сейтек сияқты дәулескер күйшілер қазақ музыкасының ұлттық тілін біржолата орнықтырып, жалпы адамзаттық мәні бар рухани феномен деңгейіне көтереді» (Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар.-Алматы: Жазушы, 1985.-295 б.).

Күй өнері пайда болуының табиғи негіздерін бірден бекерге шығару сыңаржақтылық болып табылады. Бұл әсіресе мимезис, еліктеу құбылыстарына қатысты. Мысалы күйдегі әуен мен «әнші құстардың

сайрауында көптеген ұқсас белгілерді тауып алуға болады. Қазақ даласын А.В. Затаевич «ән теңізі» деп атаған. Шынымен, ұзатылып бара жатқан қыз әдетте өз «сыңсуынң өзі шығарып, айтатын. Еш бір жас жігіт өзінің сүйгеніне махаббатын қарапайым күнделікті әңгімелесетін жай ғана прозалық формада айтпай, арнайы сұлу ән шығаратын. Үйлену салтының тойларында ғұрыптық әндердің орындалуы музыкалық-поэтикалық спектакльдерге айналатын. Адам қайтыс болғанда да ән айтылатын. Егер қартайған кісі өзінің артынан ән шығаруға қабілеті жететін адамды көрмесе, өз «жоқтауынң өзі шығарып, жақындарына оны айтуға өсиет қалдыратын.

Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі **ойын-сауық** түрлері ғалымдар арасында үлкен қызығушылық тудырған. Қай халықты алмаңыз, өзінен кейінгі ұрпақтың жан-жақты дамуына қамқорлық жасаған. Осы қамқорлықтың басты құралы етіп ойындарды да пайдаланған. Олардың көбісі адам өмірінің қажетін өтеу үшін туады да. Әр кездегі жас мөлшеріне, әрекет-тіршілігіне орай лайықталып ойналады. Балалардың сәби кезінен бастап бозбала, бойжеткен шаққа дейінгі аралыққа арналып қалыптасқан сөз ойындары қамтылады. Халқымыздың тарихында қаншама қырғындар болса да, ержүрек батырларымыз бен ақылгөй даналарымыз қамқорлығы арқасында көптеген ұлттық салт-дәстүрлеріміз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Ата-бабаларымыз халықтық ертегілер мен аңыздарды, шешендердің алғыр да ақылды сөздерін балалары мен немерелерінің құлағына құйып сіңірді. Халық ақындары мен жыршылары ел аралай жүріп, олардың арман-тілектерін өз жырларына арқау етті. Сөз өнері мен ой-сананың құлашын кеңге жайдырды. Ел көңілін сергіту үшін сол жүрістерін салтанатқа айналдырды. Сөйтіп, салдық пен серілік жоралғысы далалық өнерпаздардың дәстүріне, ел өмірінің арнасына айналды. Мұндай кәусар бұлақтан сусындаған жастар өз арман-тілектерін өлеңмен жұртқа жайды. Соның арқасында жаппай айтыс, яғни екі жас өлең айтып сырласу дәстүрі қалыптасты. Осындай сауықтарда ойналатын ойындардың да түрлері ұлттық сипатымен құлаш жайды.

Әдетте жастар бір өнермен қанағаттанбаған, бірнеше өнерді қатар игерген. Ақындар әрі күйші, әнші, жыршы болған, кейде тіпті, ат ойынын, қол ептілігін, білек-күшін көрсетіп циркаштардың да қызметін атқарған. Ақан Сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, т.б. өнер иелері сондай сегіз қырлы, бір сырлы болған. Сондықтан ондай ақын-жыршылардың, сал-серілердің ауылға келуі бейнебір той-тамаша, мәдени-уақиғаға айналған. Кейбір ақын, сал-серілердің бір өзі көшпелі театрдың, концерт ұжымының қызметін атқарған. Ойындардың бір саласында негізгі қызметті атқаратын сөз ойындарының негізгі мақсатында — балаларға жалпы жастарға дұрыс сөйлеуді, түрлі құбылыстар мен іс-қарекеттерді түсінікті, жатық етіп сипаттауды үйретумен қоса сөйлегенде шешен, тапқыр болуға тәрбиелеу қамтылған. Мұндай сөз ойындарының қатарына жырлар мен айтыстарды, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды жатқызамыз.

Бұлардың үлгілері халықтың дүниетанымы өркендеген сайын жаңа қасиетке ие болып, жаңа бөліктермен толығып күрделене түседі.

Қазақтың ертеден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық сахналық бұйымдардың халық өнеріндегі тегін тектеп, болмысын айқындау театртануда аса қажет. Олай болса алдымен ұлттық театрдың басты өзегі болған қазақтың ескіден келе жатқан көне ауыз әдеби мұраларынан театр элементтерін іздестіруге болады. Мәселен, «Жар-жар» мен «Беташар», «Айтыс» өлеңдерін М.Әуезов ешқандай қоспасыз театр деген. «Жар-жарда» екі топқа бөлініп, яғни қыз бен жігіт болып топтасып, алма-кезек орындағанның өзінде сахналық әрекетті, астарлы тартысты, тіпті әлеуметтік мазмұнды аңғару қиын емес.

Қазақ қызының жанкүйер жақындарымен, ел жұртымен қоштасу сәтін сахналық үлгіге жақын сипаттайтын салт жырларының бірі – «Сыңсу». Мұнда біздің сахналық өнерімізге, актерлік ойынымызға жақын ерекшеліктерді байқауға болады. «Жар-жардың» осындай сахналық ерекшелігін ең алдымен танып, өзінің театр туралы алғашқы зерттеуінде талдап берген ұлы суреткер М.Әуезов болатын. «Шынында, ерте күнде аспен тойда, ұлы жиында ізденіп келіп өлеңмен, әнмен айтысатын көп ақындар, өз заманында театр жасамай, не жасады? Солар жасаған сауық елдің құр қуанып, құр көңіл көтергеннен басқа, кәрі жастың сай сүйегін босатып, әруағын шақыртып, барынша қыздырып, желіктірген жоқ па еді? Онан соң ұзатылатын қыздың тойында еркек пен әйел қақ жарылып алып тайтысатын «Жар-жар» мен «Беташар» бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да, қалай болса, солай қоюға болады», - деген сөзінде мұндағы сахнаға қатысты театрлық элементтердің барлығын, оның сахна төрінде актер арқылы орындауға ыңғайлылығын, ондағы сахналық құрылымды, мизансценалық қалыптарды, актерлік ойынды көрсетіп отыр. «Жар-жар» мен «Беташардағы» театр мен драматургияға жақын сипат қатысушылардың характерлерінің жасалуы кейіпкерге тән кейбір ерекшеліктердің ашылуында. Қатысушылардың ойын үстінде өз міндеттерін сахнадағы актер сияқты нақты орындауында алғашқы актерлық өнердің элементтерін толық байқауға болады. Сонымен, ұлттық сахналық элементтер халық шығармашылығының көптеген түрлерінде дами қалыптасып, бүгінгі актерлық өнердің табан тірер негізін қалаған.

Театрлық сипатты «Айтыс» өнерінен де көруге болады. Сөз өнерінің ең биік шыңы болуымен қатар айтыс табан астында суырып салып айтуға, сахнаға жақындық жағынан импровизациялық және орындаушылық тәсілімен тікелей байланысты. Мұнда сөзбен қатар қимыл-қозғалыс, бет-әлпеттегі өзгеріс, психологиялық толғаныс бейнелеу құрал ретінде тұтастықта көрініс табады. Халқымыздың әдебиетіндегі ақындар айтыстарының сөз ерекшеліктеріне зер салсақ, олардың көркем табиғатында актерлық өнерге етене жақын драмалардағы диалогтар мен

сөз қақтығыстарының әрқилы сипатын байқауға болады. Екі ақынның мазмұнды да қызық айтысының өзі сахналық қойылымдай әсерлі.

Осы аталған ауыз әдебиетінің көптеген дайын үлгілері «ешбір қосымшасыз» өзіміздің ұлттық драматургиямыз бен сахнамызда орнымен пайдаланып, көркемдік үйлесім тапқаны белгілі. Эпостық жырлар мен дастандарды музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен айтатын ақын-жазушылардың орындаушылық өнерінде театрға жақын ажырамас ерекшеліктерді көруге болады. Бұларды түрлі жиындарда, шаршы топтың алдында орындау. Қазақ арасында кеңінен тараған өнердің түрі. Және эпостық шығармалардағы дайын сюжет пен шиыршық атқан тартыс желілері драма жазуға дайын үлгі болса, сахнада тұрмыс-салттық һәм этнографиялық бояуды, халықтық орындаушылық тәсілді қолдануға мол мүмкіншілік туды. Эпостағы хикаяларды жырлау үстінде ақын-жырау, сан алуан кейпікерлер мінездерін, оның өн бойындағы тарам-тарам оқиғаларды шебер жеткізу жолында кәдімгі актер сияқты ойнап отыратыны белгілі. Кейіпкерлердің әр психологиялық толғанысын дауыс үн-ырғағымен әртүрлі қимыл-қозғалыстармен роль орындаушы актер тәріздес бейнелей білген. Қазақ театры мен актерлық өнерінің тууы мен дамуына эпостық дастандардың әсері мол. Бұл үрдіске тереңірек үңілсек, эпостық сюжет негізінде жазылған пьесаларды сахналаудың алатын орны бөлек.

Ел ішінде ойын-сауықты көркем қызықтырып, асқан тапқырлықпен, табиғи дарынымен дүйім жұрттың ішек-сілесін қатырып, күлкі ләззатына бөлеп, халық арасынан жарып шыққан өнер шеберлері болған. Олар өлмес өнерлерін жұрттың көп жиналатын жерлерінде, ас пен тойларда, жәрмеңкелерде, тіпті ауыл-ауылды аралап жүріп те көрсете берген. Олар әжуа-мысқыл, әзіл-оспақ сияқты сатиралық тәсілдермен ел арасында көрініс беретін келеңсіз құбылыстарды, байлардың сараңдығы мен пасықтығын, әлдінің әлсізге зорлығын күлкінің найзасына іліп отырған.

Зерттеушілер қулар өнерін сипаттай келіп: «бұлар кезегі келгенде домбыраға қосылып, ағыта сөйлеп кететін ақын, жылата да, күлдіре де білетін әнші» болып кететін қабілеттерімен бірге, «күтпеген жерден күлкі шақыратын құбылыстар жасау, лезде басқа бейнелерге айнала қалу қулар деп аталушылардың басты қарулары»-дейді. (Қалиев С., Оразова М., Смаилова М. Қазақтың салт-дәстүрлері.-Алматы: Рауан, 1994.-23 б.)

Қулардың күлдіргі репертуары негізінен аттары аңызға айналған Алдар Көсе, Жиренше, Айдарбек, Торсықбай, Қантай, Тантай, Мауқай т.б. төңірегінен өрбіп, асқан шеберлігімен, ақыл-ай лакерлігімен қоғам тірлігіндегі әлеуметтік құбылыстарды күлкі нысанасына айналдырып, жан-жануар хайуанаттардан бастап, сан қилы адамдардың естен кетпес комедиялық бейнелерін жасаған. Шабытқа мініп, қазақ даласын дүр сілкіндірген ұлт өнерінің қайталанбас майталмандары Қалыбек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Иса Байзақов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбековтер болып табылады. Жоғарыдағы өздері өнеге

тұтқан ортаның дәстүрін жалғастырушы, өнердің мұрагерлері, бүгінгі театрдың классиктері. Қайталанбас мысқыл, әжуа, сықақ бұлардың басты бейнелеу тәсілдері болып, сатиралық өткірлікке, күлдіргінің сойқан гротескісіне барған. Кейде сөйлемей-ақ пластикалық икемділік, жанды мимикалық тәсілмен бет әлпетін құбылтумен де тамаша сахналық күлдіргі суреттер салған. Мәселен, «Алдар Көсе» спектакліндегі Қ.Қуанышбаев Шораяқтың бір ғана тамақ жеу сәтіндегі әрекетін көрсете отырып, мешкейдің қайталанбас сахналық бейнесін сомдаған.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, мәдениетінің арқауы, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып кележатқан ата дәстүрінің желісін үзбей халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып отыру өркенді де өнегелі іс. Дәстүр, салт қашанда адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп отырады. Сондықтан бұған осы тұрғыдан қараған дұрыс. Әркім керектісін, көңіліне ұнағанын, көкейіне қонғанын қабылдап, іс жүзінде қолданса, оны ұлтымыздың озық салт-дәстүрлерімен байланыстырып, байыптап, мазмұндыра түссе, нұр үстіне – нұр.

Біздің қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай. Әлбетте соның бәрінде театр элементтері қатысып отырады. Айталық, қыз ұзату тойы алдында істелінетін салты бойынша Ы. Алтынсаринның «Орынбор қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты еңбегінен байқағанымыз «ит ырылдатар» салты бойынша жаңа келген күйеу бала босағадан аттар кезде ит болып ырылдап ішке енгізбейтін таймас қыздың жеңгесіне ақы пұл төлеу қажет. Өз кезегінде босағаны енді аттар күйеу бала ырым-салтын орындау кезеңінде қаржылай немесе қымбат сый ұсынуы тиіс. Содан кейін ғана «қол ұстату», «шаш сипату» жоралғылары басталатын. Таймас жеңге өзіне тиісті жорасын алмайынша қауып алар қабаған иттің табиғи қасиетін көрсете берері сөзсіз.

Осы сияқты «кемпір өлді» салты да күйеудің киіз үйден шығар сәтінде істелінетін бір театрлық көрініс. Күйеу аттанар кезінде кәрі кемпір жас шамасына қарамай есік алдында өлген болып, демін тартып жата қалады. Күйеу бала аттап кетуге ары бармасы хақ. Демек, өлген кемпірді тірілту керек. Ол үшін арнайы жорасын жасауы тиіс. Міне, кемпірдің өліп қалған адамның образын сомдауы нағыз актерлік өнер-театр элементі.

Тағы да бір өткізілетін салт-жораның бірі-«кебіс жоғалды». Үйдің үлкен келіні аяқ астынан кебіс жоғалтқанын жария етіп айқай-шу көтереді. Әлбетте бұның бәрі ойын. Жас күйеуден қайтарар қарымның бірі. Жеңгенің аяқ астынан бұлдануы сенерліктей көрініс. Өз кезегінде күйеу бала сый-тартусыз құтыла алмайтынын біліп, тиісті жолын жасайды. Бұл кәсіби театрдағы белді актрисалар орындайтын рөліменен бара-бар екені айқын (Әлімқұлов Б., Әбдрахманов Е. Күйеу келтір, қыз ұзат.-Алматы: Санат, 1994.-22-27, 113 бб).

Қыз бен жігіттің айтысы өз алдына музыкамен көркемделген диалог болса, музыка көркем мәнерлеу тәсілдерінің бір компоненті. Диалог – драматургияның ең басты бір қасиеті. Бұл жерде сонау ежелгі антикалық дәуірде Дионис құрметіне арналып айтылған хор және әрекетшілер тұғызған саз сайысы айнытпай театрлық көрініс бейнесінде өз орнын тауып тұр.

Зерттеушілер сал-серілерді құпия одақтардан шығарады. Олардың пікірінше, көне кезде мифология жаңғырып, ырыми құпия одақтар құрылған еді. Бұны алғашқы қауымдық құрылыстың ыдыраудағы соңғы кезеңі деп есептеген жөн. Өйткені құпия одақтар жаңа қалыптаса бастаған ақсүйектер тобының әкімшілікке қол жеткізу функциясын атқара бастаған. Осы құпия одақ мүшелерінің жүріс-тұрыстарында ерсіліктер пайда болып, олар тіпті дағдыға айналды, сонымен қатар актерлік элементтерде бой көрсете бастады. Яғни, ырыми рәсімдерді құбыжық серілер киіп атқару салтқа айналған, өзге адамдардың киім киісіне ұқсамайтын, мүлдем басқа үлгілер бойынша тігілген киім кию дағдыға, бізше модаға ұласқан. Жұрт алдында ерекше көзге түсіп, ерекше көрінуді ұнатқан (Жүзбасов Қ. Қазақтың сал-серілері//Мәдениет. 1985.-№ 5.-13 б.).

Осыдан келіп ырыми мақсатта орындалған рәсімдер мен бишілер тобы бірте-бірте молайып, актерлік сахна өнерінің алғашқы бастама элементтерінің негізі қаланған. Сол кездерде басқа этностардың ешқайсысында сақталмаған, тек қазақта фольклорлық үлгілерді таратушы ретінде орын алған «сал-серілік» тип пайда болу кезеңі сол құпия одақтардың ыдырауымен байланысты. Мысалы қазақ елінде сал-серілер жанына бір топ өнерпаз «нөкерлерін» ерте жүріп, ел аралаған. Бәлкім, бұл құпия одақтан қалған бірлесе, топталып жүру әдеті шығар. Сал-серінің киген киімі өзге жұртқа ұқсамаған. Киімдері кең болған, әсіресе, кең балақты шалбар киген. Сал-серілер бір орында тұрақтамай әр жерді аралап, ел кезіп өнер көрсеткен. Әр салдың қасында ақын, балуан, серілер, өлеңшілер, домбырашылар еріп жүрген. Ат басын бұрған үйге салдар өз аяғымен кірмеген. Ауыл қыздары қолдарымен көтеріп әкеп салды үйге кіргізеді екен.

Сал-сері феноменін өз монографиясында арнаулы зерттеген Тұрсынов тайпааралық соғыстар арқасында байлығы жағынан өзге руластар арасынан оқшаулана бастаған әскери көсемдер, әскербасылар, батырлар құпия одақтар арқылы ру, тайпа, тіпті тайпалық одақ ішінде өз беделін арттырып, руластарына билігін жүргізуге тырысқан дейді (Турсунов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау.-Астана: Фолиант, 1999.-5 тарау).

Құпия одақтар осы жаңа қалыптаса бастаған ақсүйектер тобының әкімшілікке қол жеткізу құралы болып табылатын. Құпия одақтардың әлсіреп, ыдырауы процесі таптық қоғамның қалыптасу процесімен өзге адамдарға, тіпті ру көсемдеріне жеуге тыйым салынған тағамдарды күнделікті ас етіп ішуге және жай адамдарға ұят деп есептелетін іс-

әрекеттер істеуге рұқсат етілген. «Ол салдың өзінің үстіне киген киімі – халық кимеген түрден киеді екен. Егер ол киген киімді халық кесе, оны кимей, қарақұрым киізді киім қылып киеді екен, астарына қымбат нәрседен астар қылып, және де киген киімдері сондай кең болады екен: шалбардың бір балағына бір кісі кіріп шығады екен» Біржан сал туралы: «Ал үстіндегі киісі сол кездегі адамдардың кигендеріне тіпті өзгеше болатын. Кең жағалы ақ көйлек, дөңгелек етектегі оқалы камзол, сыртында көкала қаптал шапан, бастына үкілі құндыз бөрік, үкісі бұлғақ-бұлғақ етеді». Той-думандарда салдар жұрттан ерекшеленіп, шынтақтап, бүйірін таянып отыратын.

Қазақ салдары да жалғыз жүрмейтін. Әр салдың соңында ақындар, балуандар, серілер, өлеңшілер, домбырашылар еріп жүретін. Ареоилердің фанаунаулары сияқты, олар да салдармен бірге өнер көрсетіп, той-думанды қыздыратын. Соғыс жоқ кезде олар бүкіл уақытын той думандатуға жұмсайтын. Ал, қазақ салдарының соғыс өнерімен әуестенгендігі туралы мағлұматымыз жоқ. Бұл заңды да, өйткені бертінгі салдар бағзыдағы құпия одақтардан баяғыда-ақ қол үзіп, өнер жолына түскен адамдар еді. Дегенмен, бұрынғы салдар әскери тіршілікпен айналысқан секілді. Осыдан салдардың бір кездерде әскери тіршілік еткендіктерін және бос уақытын ойын-сауықпен, қыз-келіншектермен әзілдесіп, қалжыңдасумен өткізген деп шамалаймыз. Шынымен-ақ, салдардың қыз атаулыға өзгелерге қарағанда бір табан жақындау тұрғандығы байқалады: «Бұрынғы уақытта сал деген болған екен. Оның ісі сол: бір бай жас күнінен жігіт-желең ертіп, сейілшіл болады екен, мұның іздегені қыз? Одан басқа ісі жоқ. «Сал, ойыныңды көрсет алдыңнан қыз таянды, артыңнан жау таянды,-дегенде аты мойнын жерге салып шабады. Жарты шақырым жерге барғанда, қыздарға аяғын бүгіп, басын иіп, тәжім қылады екен. Ол салдар жігіт-желеңімен бір үйдің қасына келген уақытта атынан құлайды, ауылдан қыздар жүгіріп шығып, сүйеп, көптесіп, көтермелесіп, үйге алып кіргізеді. Сол уақытта салдың балағынан, қалтасынан, қойнына тақа дүрия, шәйі кәм ақшалай төгіліп жүреді екен; оны қыз-келіншектер жиып-теріп алады екен».

Жалпы салдар поэзиясында махаббат лирикасы негізгі орын алады. Мысалы, Біржан өлеңдерінің 1967 жылы басылып шыққан ең толық жинағы енген 59 өлеңнің ішінде 23-і махаббат тақырыбына арналған, 9-да махаббат, сауық-сайран мотивтері кездеседі. Мұның себебін бұрынғы салдардың қыз-келіншектермен қалжыңдасып, ойын-сауық құру дәстүрінен іздегеніміз дұрыс сияқты. Бұл дәстүрді Біржанның да ұстанғанын оның:

«Мен өзім Жетісуға барып қайттым,
Манабын жақсылардың көріп қайттым.
Қыздары Жетісудың сұлу екен,

Жиғаным-тергенімді беріп қайттым», - деген өлеңінен көруге болады (Турсунов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау.-Астана: Фолиант, 1999).

Салдар келген үйге өз аяғымен жер басып кірмеген, ауыл қыздары оларды қолдана көтеріп, үйге кіргізетін. «Тамақты өзі ішпейді, жатқан жерінде қыздар аузына салып жегізеді; сұйық тамақ болса, қыздардың бір басын көтеріп сүйеп отырып, бірі аузына апарып, іштіреді екен. (Екінші бір) ауыл сыртына барып, құлағанда қыздар келіп, тұрғызып алмаса, еш орнынан тұрмайды екен». Ә.Диваевқа салдар туралы әңгімелеп берген кісі ауылға келген сал ертемен тұрғанда беті-қолын өзі жумайтын, ауылдың қыздары келіп, биенің сүтімен жуғызып беретін дегенді де айтады.

Қазақ ауылы серісіз болған ба, ертеде малдың тісіне еріп тіршілік құрған заманда жұртты аталы сөзімен ауызына қаратқан, арқалы әнімен құлақ құрышын қондырған елден ерекше бір сері жігіт болыпты. Жігіттің серілігінің жұрттан асқандығы сонша, белін қырық құлаш шайымен буынып, атынын аяғын кәріс жібекпен тұсайды екен. Көшпелі елге қызық керек, жүрген жері ойын-той, ән мен күй, көңіл ашар аталы сұхбат болған соң, сері жігіттің басын ауыл қыздарына сүйетіп, қыз қолынан қымыз ішкізеді дейді. Ол келген ауылда ақ түйенін қарны жарылғандай таңды-таңға ұрған қызық-думан көптің көңіліндегі мұнды сейіліп, көкіректеріне жыр толтырып кеткендей болса керек. Мұндайда ауылдың үлкен кішісі, кәрі-жасы риза болып: ер туса сендей тусың, сегіз қырлы бір сырлы сері болса сендей болсын!» деп сүйсінеді екен. Үлкен-кішіні, кәрі-жасты сүйсінткен жанға әсіресе жастардың еліктегіш келетін әдеті емес пе, күндердің бір күнінде, ауылдың жаңа ер жете бастаған бозбалаларының бәрі әлгі сері жігіттің соңынан еріп кетіпті. Көпті көрген қарттар ақыл айтып: «Ау, бәрін бірдей тойшы болсаң жын боларсың, бәрін бірдей қойшы болсан құл боларсың, бірін тойшы, бірін қойшы болсан бұл боларсын, еліктеп-солықтап серілік құрғанша елдің іргесінен табылар кәсіпке мойын бұрғандарын жөн» (Турсунов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана: Фолиант, 1999) деген екен, ондай ақылдың байыбын білген жас болмапты.

Қазіргі қазақ халық ақындарының лирикалық шығармашылығына және өлең-жыр үлгілерін орындау шеберлігіне тән кейбір ерекшеліктер сал, серілер дәстүрінің ықпалымен пайда болғаны белгілі. Мысалы, жастық шақтың қызығы, сауық-сайран, махаббат сарындары өз дамуын сал, серілер поэзиясында тауып, қазіргі халық ақындары репертуарынан орын алды; Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов сияқты ақындардың, Бісмілдә Балабеков секілді халық әншілерінің орындаушылық мәнерінен де сал, серілер дәстүрінің іздерін байқау қиын емес (Турсунов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау.-Астана: Фолиант, 1999.-195 б.).

Тұрсынов қазақ салдарының репертуары күрделі болған дейді. Бертіндегі салдың негізгі қасиеті-ақындығы. Бізге белгілі, Өздембай, Шашубай сияқты салдардың бәрі де тамаша ақын еді. Сонымен қатар олар асқан әнші болатын. «Біржанның дауысы он-он бес шақырым жерде отырған ауылға жетіп, даланы жаңғырықтырып жіберуші еді. Мұндай күшті, зор дауысты естігеміз жоқ, ақырын шырқағанда аспан асты, жер үсті қалтырағандай жер-тау қозғалып, көл шайқалғандай болушы еді», «Дауысының күштілігі сонша, терезе қйнегі зіркілдеп, ілулі тұрған поднос, от басындағы құман-легендер бірге күңіреніп тұрушы еді», «Біржанның шырқаған дауысы естілгенде, мал сауып отырғандар сауынын қоя қойып, малдарын исіндіріп алушы едің. Біржанның дауысын естіген адамдардың пікірі, міне, осындай» (Турсунов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау.-Астана: Фолиант, 1999.-19 б.).

Ақыншылығы мен әншілігінің үстіне, салдар тамаша актер, ойыншы болған. Профессор Е. Ысмайылов салдардың репертуарында ақындық, музыкалық драмалық өнер қабысқандығын, салдар әрі ақын, әрі күйші-домбырашы, әрі фокусшы, әрі жонглер, әрі тамаша әнші, ойын көрсетуші болғандығын дұрыс көрсетеді (Турсунов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау.-Астана: Фолиант, 1999.-195 б.).

Салдар неше түрлі цирктік ойындар көрсететін. «Кигені қымбат киім, мінген аты да неше түрлі ойынды үйретілген болады» (Ә-ИҚҚ, п. 120). Ағашаяқ тамаша ақын, әнші болуымен қатар ағаштан басқыш жасап, жиналған жұртқа ойын көрсетіп жүрді. Шашубайды өз көзімен көрген Әбенев Боранқұл деген кісінің айтуына қарағанда, Шашубай дастарқан үстімен қоянша жорғалағанда қонақтардың алдына қойылған түрлі ыдыс-аяғын тигізбейтін. Оның және бір өнері болған. 20-жылдары машинамен «Балхашстройға» бара жатқанда адамдардан ақша жинай бастаған шофер Шашубайға жақындағанда, Шашубай бір қолымен өз бетін қағып жіберген екен, бет терісі артқа қарай сыдырылып кетіпті. Не істерін білмей сасып қалған шофер жалт бұрылып, орнына қайтыпты да, машинасын жүргізіп, кете беріпті (Турсунов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау.-Астана: Фолиант, 1999.-193-201 бб.).

Қазақ серілерінің тамаша өкілі-атақты Ақан сері Қорамсаұлы. Біржан, негізінен, серілер тобына жақын. Оның серілерден айырмашылығы киімінің кейбір ерекшеліктері мен өлең айтқандағы актерлік қимылдары ғана. Бұл сапалық айырмашылық емес, түр айырмашылығы ғана. Осыған және салдар мен серілер шығармашылығының ортақтастығын аңғартатын жоғарыда келтірілген фактілерге қарап, серілерді сал типінің дамуы нәтижесінде дүниеге келген жаңа түрі деп есептеуімізге әбден болатын сияқты. XIX ғасырда сал дәстүрінің түр ерекшеліктерінің ғана кейбір элементтерін сақтап қалған Біржан секілді жаңа сапалы салдармен қатар серілер тобына жататын Ақан сияқты өнер иелерінің пайда болуына, осы кезде «сал», «сері» деген ұғымдардың бір тектес ұғымдар есебінде пайдалана

бастауына, сал, серілер шығармашылығы мен дәстүрлерінің тығыз ішкі байланыстылығына қарағанда, серілер-сал типінің негізінде өткен ғасырда қалыптасқан өнер иелерінің жаңа түрі деп айтуымызға болатын секілді. Генезисі жағынан алғанда, серілер ыдырай бастаған құпия одақ мүшелерінің соңында жүріп, олардың ойындары мен билеріне қатысқан «фанаунау» типтес серіктерімен тамырлас болғанға ұқсайды. Серілердің жүріс-тұрыстары мен репертуарларында салдарды спецификалық түрде ерекшелендіретін элементтер жоқ. Алайда, салдар шығармаларына тән негізгі сарындар богема сарындары өз дамуын серілер поэзиясынан тауып отыр.

Сал, серілер дәстүрі революциядан кейінгі ақындар өнерінде де сақталып келеді. Шашубайларды былай қойғанның өзінде, салдарға тән актерлік кейбір қимылдар Иса Байзақовтың өлең айту мәнерінде, терме айтқанда, отырған жерінен тұрмай, өлең ырғағымен қозғалып отырып, дастарқанды айналып шығуынан анық бой көрсеткен. Серілерге Жетісу ақыны Кенен Әзірбаев та бір табан жақын. Біріншіден, Кенен-лирик, екіншіден, өлең айтудағы кейбір қимылдары, жүріс-тұрысы, киім киісі Кенен бойындағы серіліктің нышандарын танытады. Тегінде, қазіргі қазақ ақындарының репертуары мен өлең мәнерінде серілер дәстүрі өзінің жаңа сападағы дамуын тауып отырған сияқты (Тұрсынов Е. Сал-серілер дәстүрінің төркіні//Заман-Қазақстан.-1996.-8 қараша, 14 б.).

Қазақ сауық мәдениетінде Наурыз мейрамы ерекше орын алады. Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша, 21 наурыз түні даланы Қызыр аралайды екен. Сол себепті осы түн – «Қызыр түні» деп аталады. Қызыр - адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейпінде көзге көрінетін қиял-ғажайып персонаж. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен Күн нұрының символы- Қызыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен. Күн сәулесі жер шарының шығыс бөлігінен таңғы сағат 6-да себездеп атқан кезде, біздің өңірімізде бұл сәт түнгі сағат 3-ке тұспа-тұс келеді. Сондықтан да қазақ халқы Жаңа жылды 22 наурыз күнгі таңғы 3-те қарсы алады, дәл осы сәтте даланы Қызыр баба аралап, Самарқанның көк тасын ерітсе керек. Сондықтан осы күнді асыға күткен үлкендер:

Самалық, самалық,
Көк құс көзін ашты ма?
Аяғын жерге басты ма?
Самалық, самалық,
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?
Самалық, самалық,
Қап тауының көк құсы

жүгірді ме, көрдің бе?,-(Қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптары . С.Е. Әжіғалиев (жауапты редакторы).-Т. І.-

Алматы: Арыс, 2005.-21 б.) деп, қойнында көжегі, қолында нәуірзегі (бәйшешек) бар балаларына сұрау қойған.

Наурыз түні ауыл бойжеткендері өздері ұнатқан жігіттерге арнап соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, «ұйқыашар» аталатын ерекше дәм дайындайды. Ал, жігіттер мен бозбалалар болса, қыздардың қол ақысының қарымтасына айна, тарақ, иіссудан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» сыйлықтарын ұсынады. Бұл дәстүрлі сыйлықтағы айна-пәктік пен жастықтың, тарақ-әдемілік пен сұлулықтың, иіссу-бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, жайнай түсудің белгісі. Алдымен ауыл жастары бір асау тайыншаға ашамай ерттеп, үстіне жандықуыршақ мінгізіп, мойнына қоңырау тағып, төбесіне құстың бір шоқ қауырсынын (қарқара) тағып дайындайды. Олар түнгі сағат үште қорадағы малды үркітіп, иттерді шулатып, елді ұйқыдан оятып, тайыншаның басын бос жібереді. Бұл тайынша мінген жандықуыршақ жерімізге келе жатқан Жаңа жылдың бейнесі іспеттес.

Қазақ халқының жаңа жылы Наурыз ұлттық ойындарды ойнаумен басталған. Мұнда екіге бөлінген топ өз өнерлерін ортаға салған. Және оның бір түрінен ғана емес, жан-жақты, ақындар айтысы, бәйге, палуандар күресі, т.б. ойын мен өнердің барлық саласы бойынша қызу тартысқа түскен. Осылай басталған мерекеде адамдар бір-біріне әктілек арнап, шынайы ыстық ықыласын білдіреді. Бір-бірін құттықтаған жас пен кәрі үй-үйге кіріп наурыз көжеден дәм татады. Одан крі ауылдан-ауылға қыдырып, үй тастамай түгел құтты болсын айтады. Осындай қыдырыста жастар өзінше бөлек жүреді. Өлең-жыр төгіліп, сауық-сайранның туын көтереді. Көпшіліктің көңілін масайратады. Өнді қосылып салып, өлеңді бірігіп айтады. Біраз серпіліп алған соң әрі қарай өздерінің сырлары мен сезімдерін бір-біріне өлең сөзбен жеткізеді. Қандай құпия сезім болса да өлеңнің ішіне араластырып, сыйғызып астарлап жібереді. Сәнді киінген қыз-келіншек пен жігіт-желең ыңғайлы үйге оқшауланып, думанды әрі қарай жалғастырады. Осылайша сауық желісі жүйеге түседі де, ақындар өлең-толғауларын айтса, жыршылар қисса-дастандарын тыңдатады. Мұндай кездегі сезімдер өмірдің өрлігін, сәнін, сыры мен қасиетін және адамгершіліктің парасаты мен адамның атқарар борышын жан-жақты қамтиды. Сондай-ақ сауықтарда өмірдің ұлылығын дәріптеу алғы шарт боп есептеледі. Сөйтіп үлкен сайысқа жол ашылады. Ендігі жерде өлең айтыс дәстүрінің ізімен өрістейді. Ұлт өнеріне құштар бүгінгі жеткіншектердің бұдан үйренері көп.

9.3. Қазақ халқының әдет- ғұрыптары мен рәсімдері

Қазақ халқының өміріндегі салт-дәстүрі ерекше орын алды. Ең қарапайым, алдымен белгілі бір уақытта және орынға белгілі бір уақытта жасалған мінез-құлықтың әдеттегі мінез-құлқына негізделген. Күнделікті дәстүрлі еңбек дағдыларын, мінез-құлық нысандарын, өмір салтын, білім беруді салт-дәстүрге жатқызуға болады. Күнделікті өмірде қарапайым

гигиеналық ережелер, тұрмыс-тіршіліктегі, қолданыстағы нұсқаулар әдетке айналған.

Қазақтардың да, барлық түркі халықтарының сияқты бұрынғы өткен заманда өздерінің ежелгі, төл графикасы – руналық жазбасы болған. Ол ерекше (негізінен, сызықтық жазбалар) белгілер түрінде болып келген. Руналық әліпби 72 руналық белгімен берілетін 28 әріптен тұрады. Номадизмнің арқасында қ. т. ежелгі түркі тіліне жақын болып қалған және руналық ескеткіштерді аудару мәселелерін дұрыс шешуге мүмкіндік береді. Ұлы далаға исламның келуімен (VIII—X ғғ.) Қ.-дың арасында араб графикасы тарай бастайды. Сауат ашудың негізгі ошақтары мешіттердің жанындағы мектептер мен медреселер болды. XX ғ. 20-жылдарының аяғында жазу латын графикасына, ал 40-жылдары кириллицаға көшірілді.

Қазақтардың діни наным-сенімдері-мұсылман-суниттер. Исламға дейінгі кезеңде Қазақстанның аумағында Тәңірге-Мәңгі Көкке табынушылық басым болатын. Тәңіршілдік адамзаттың ежелгі монотеистік діндерінің бірі болып табылады. Тәңіршілдіктің көптеген белгілері ежелгі шығыстық табынушылықтармен туыстыққа меңзейді. Тәңірге табынушылық қандай да бір ережелер жинағын қалдырмаған (мысалы, иудейлердің «Ветхий Заветі», христиандардың «Новый Заветі», мұсылмандардың «Құраны» және т.б. сияқты). Жалғыз жазбаша дерек Ұлы Түрік қағанаты кезеңіндегі (V-VIII ғғ.) тастарға руналық жазбамен жазылған батырлық поэмалар-эпитафиялар болып табылады XIV ғасырда, Алтын ордалық Өзбек ханның тұсында ислам империяның мемлекеттік дініне айналды. Соған қарамастан, XIX ғасырдың ортасында Ш. Уәлиханов исламның таралуын және кейбір аймақтардың әлі де тәңіршілдік дәстүрлерді ұстанатындығы жөнінде жазған. Кеңес уақытында атеизм үстем болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ислам діні Қазақстанда мемлекеттің қолдауына ие бола бастады. Сонымен қатар дінді секуляризациялау мемлекет идеологиясының бір бөлігі болып табылады. Қазақ халқының тұрмысында қазақтардың этносанасы мен менталитетіне ықпал еткен жекелеген ежелгі тәңіршілдік әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері ата-бабалар әруағына, отқа, күнге, жұлдыздарға, көкке және т.б. табыну исламдық дәстүрлерімен трансформацияланған. Қазақ номадтық және діни дәстүрлердің ықпалымен дінге ерікті болып табылады.

Қазақстан-ғасырлар бойы қуатты империялар мен мемлекеттер пайда болып, күйреп, қайтадан жанданған Еуразия құрлығының ежелгі өркениет жері. Оның аумағынан Шығыс пен Батысты байланыстыратын маңызды сауда жолдары өткен. Елдің аумағында өмір сүрген ежелгі тайпалардың тарихи-мәдени бірлестіктері көптеген ғасырлар бойы Қ. этносының қалыптасуының негізі болып табылды (сақтар, үйсіндер, ғұндар, қаңлылар, түркілер, қыпшақтар, Қазақ хандығы). Еуразияның түркі тілдес халықтары, соның ішінде Қазақстанда туып, өмір сүріп

жатқан жер әр уақыт кезеңіне сәйкес әр түрлі аталған: Тұран, Оғыздар даласы, Дешті Қыпшақ, Түркістан. Ортағасырларда Түркі қағанатының, Алтын Орданың құрамында болған қазақ ру-тайпалары XV ғасырдың орта тұсында өздерінің тәл мемлекетін – Қазақ хандығын құрды. Алайда XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей империясына тәуелді болып қалады. XX ғасырдың соңында Қазақстан. өздерінің тәуелсіз мемлекетін құрудағы тарихи мүмкіндікке ие болды. Ежелгі дәстүрлерді, әдет-ғұрып пен салтты, тарихи-мәдени құндылықтарды қайта жаңғырту идеясы жас мемлекет үшін ерекше маңызға ие бола бастады.

Қазақстан-ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алатын (сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, ортағасырлық түркілік дала империялары, Алтын Орда, Ақ Орда, т.т.), кейін қазақ хандығы уақытында қалыптасқан, түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестік. Қазақстан үш үлкен өркениеттердің (православиялық, исламдық, конфуцийлік) тоғысқан жерінде орналасқан. Бұл ұғымның қалыптасуына «Дала өркениеті» деген түсініктің маңызы зор болды. Аталған ұғыммен қатар Қазақстан кеңістігі «Орта Азия», «Орталық Азия», «Тұран», «Түркістан» сияқты терминдермен де бірегейлендіріледі. Қазақтар өзінің төмендегідей белгілерін атап өткен жөн: 1. көшпелі өркениеттің мәдени негізіне ру-тайпалық одақ жатады; 2. түркі тілінде сөйлеген тайпалар “түрік” этнонимі пайда болғаннан талай ғасырлар бұрын қалыптасқан, бұл қағида Орталық Азияны автохтонды түркі тайпалары мекендігінің бір дәлелі болып табылады; 3. мұсылман дінін түркі тайпалары біртіндеп өз еркімен қабылдаған және бұл үдеріс Шыңғыс хан империясы тұсында баяулағанымен, түбінде табысты аяқталған; 4. ортағасырлардың соңынан бастап түркі тайпалары моңғолдық этникалық элементтерді өзіне сіңіре бастады; 5. XV ғасырда түркілік Орталық Азияда қазақ деп бұрынғы мемлекетінен бөлінген адамдарды айтты.

Зерттеушілер қазақ өркениеті тарихын хронологиялық және рухани-ділдік негіздерде қарастыра отырып, төмендегідей хронотоптарды атап өтеді: 1) сақ кезеңі; 2) кейін қазақ құрамына енген тайпалардың мемлекеттік бірлестіктері (үйсін, қаңлы, ғұн); 3) ежелгі түркілік кезең; 4) қарақандар мемлекеттілігі; 5) қимақ-қыпшақ кезеңі; 6) моңғол кезеңі; 7) моңғол империясы ыдырау кезеңі; 8) қазақ хандығы қалыптасуы кезеңі; 9) жоңғар басқыншылығымен күресу кезеңі; 10) Ресейдің отарлау кезеңі, 11) кеңестік кезең, 12) ұлттық интеллигенция мен мемлекеттің қалыптасу кезеңі. Ал Қ. ө.-нің рухани мәдени типтеріне жататындары: мифология, Ренессанс, Жер ұйық, Зар заман, ағартушылық, ұлттық ояну, тоталитаризм мен маргиналдану, төлтума мәдениетті жаңғырту.

Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы-көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы (қой өсіру, негізінен қылшық жүнді және құйрықты тұқымдар, ірі қара мал), соның ішінде жылқы өсіру және түйе өсіру. Қазақтардың қоныстанған аумағының басым бөлігінің аридты

сипатына байланысты егін шаруашылығы негізінен қосалқы болған, ал су ресурстары мол жерлерде тіпті жарыспалы шаруашылық болып табылған. Қазақтар малды қорада бағу үшін жем-шөп дайындамаған. Мал жазда да, қыста да ашық жайылымда жайылған. Бұл көшпелі жүйенің бірегейлігі қазақтардың күн мен көк шөптің артынан көшкендігінде: жазды олар солтүстік ендіктерде өткізген (шұрайлы жайылымдары көп, салқын климатты жерлерде), ал қысты-тау етектері мен жартылай шөлейтті оңтүстік аймақтарда (жер бедері аңызақ желден қорғайтын және жайылымдардағы қар қабаты қалың емес жерлерде) өткізетін болған. Ресейдің қол астына кірген соң және жайылымдық жерлер мен су қоймаларының біртіндеп қысқаруы халықтың әлеуметтік межеленуіне және олардың біртіндеп отырықшылануына алып келді.

Кеңес кезеңінде, большевиктер қолдан тудырған жаппай ашаршылық пен ауқымды қуғын-сүргіннің нәтижесіндегі үлкен құрбандықтарға (шамамен 50% байырғы тұрғындар қаза болды), сонымен қатар Ұлы Отан соғысындағы еңбекке қабілетті ерлердің көптеп қаза болуына қарамастан Қазақстан Ресей империясының артта қалған елінен дамыған өндірістік республикаға айналды. Қолданбалы өнердің ежелгі түрлерінің біріне металдарды көркем өңдеу: ұсталық іс, сүйекпен, күміс және алтындармен әшекейленген ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдар, қару-жарақ, ер-тұрман, сонымен қатар ат әбзелдерін, киім-кешек әзірлеу жатады. Көшпелі дәстүрлі үй-киіз үй, атқа арналған ер-тұрман, салт атты шайқас өнері, ұлттық кілем өрнектері, күміс және алтын әшекейлер өрнектері-көшпелі мәдениеттің теңдессіз туындылары екендігі белгілі. Киіз үй киізбен қапталған ағаш қаңқаға (кереге) негізделеді.

Шаңырақ-киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі, ол ошақтан шыққан түтіннің шығуына және киіз үйдің ішкі бөлігіне жарық түсіруге арналған. Температураны сақтап тұру және желдету қайырмалы шымылдықпен қамтамасыз етіледі, оның өлшемін шаңырақтың киізден жасалған жабынымен реттеуге болады, ол екі немесе одан да көп қабаттан тұруы мүмкін. Дұрыс құрылған киіз үйде жазда салқын, қыста жылы болады. Оны бұзуға және құруға бір сағаттан кем уақыт кетеді. Киіз үйдің ортасында қазан-ошақ орналасады. Киіз үйдің басты әшекейі киіз кілемдер (текемет) мен жүн кілем бұйымдар болып табылады. Сонымен қатар киіз үйдің іші әр түрлі ою-өрнекті, құрақты, кестелі, өрілген таспалармен байытылған. Қарапайымдылығы мен тиімділігі, құрудың жеңілдігі мен жылдамдығы, құрылысының мінсіздігі мен жоғары тасымалданғыштығы киіз үйді көшпенділердің аса қажетті үй-жайына айналдырды. Қазіргі уақытта киіз үйлер музейлердегі, театрлар мен басқа да көпшілік орындарында сәндік бұйым ретінде жиі қолданылады. Ұлттық мейрамдардың кезінде алаңдарға тігіледі.

Қазақтардың дәстүрлі киімі толығымен көшпелі өмір салтына бейімделген болған. Ерлердің киімі көйлек немесе жейдеден және шалбардан тұрған. Бейбіт уақытта жеңіл шыт және тоқыма маталар

қолданылған. Ал жаугершілік заманда киім-кешек негізінен былғары мен болат сауыттардан құралған. Қыста қысқа күпілер киген. Өңделген қой немесе қасқыр мен түлкі терісінен, кейде бағалы аң терілерінен (кәмшаттың, бұлғынның) әр түрлі тондар киген. Жазда бастарына тақия немесе киіз қалпақ, қыста-тері мен елтіріден жасалған әр түрі бас киімдер (бөрік, тымақ, малақай, телпек) киген. Аяқ киімдері былғары етік (етік, мәсі), былғары аяқ киім (шарық, қалыш, кебіс). Қста киіз байпақ және сыртынан биік саптама етік киетін болған. Әйелдердің киімі жасы мен мәртебесіне қарай әр түрлілігімен ерекшеленеді. Көйлектері ұзын, кең етекте болған, олардың астынан сол матадан тігілген шалбарлар (дамбал) киген. Көйлектің сыртынан жүн, сондай-ақ барқыт, қамқа, ши барқыт, жібек жеңсіз камзол мен бешпенттер киетін болған. Сыртқы киімдері кең шапан, ал қыста жеңіл күпі болған. Әйелдердің де, еркектердің де былғары белбеу тағу дәстүрі болған, олар атақты және бай адамдарда алтын және күміс түйіндіктермен және асыл тастармен әшекейленген. Аяқ киімдері биік өкшелі нәзік сахтияннан пішілетін болған. Бас киімдері тақиялар, елтірі жиекті әр түрлі пішімді бас киімдер (бөрік, орамал) болған. Тұрмыстағы әйелдер кимешек киген-ол бетке арналған қимасы бар, басты, кеуде мен арқаны жауып тұратын ақ матадан тігілген жаулық. Кимешектің сыртынан әйелдер (әсіресе егде жастағы) орамалдың бір түрі-жаулық байлайтын болған. Кейде кимешектің орнына арқа мен иықты жауып тұратын үлкен орамал-сұлама орамал пайдаланылған. Көйлектің сыртынан немесе шалбармен бірге жас әйелдер оюмен өрнектеліп кестеленген кең етекте белдемше киген. Жылдың суық кездерінде жылы, барқытпен қапталған шапандар мен қымбат аң терісінен тігілген тондар-ішік киілетін болған. Жалпы ерлердің де, әйелдердің де киімдері алтын және күміс бөлшектермендетті элементтермен өрнектеліп тігілген, бағалы теріден елтірі компоненттер көптеп қолданылған. Қыздар мен жас әйелдердің киімі бай ұлттық ою-өрнектермен әшекейленген. Әдемі сырттан әкелінген маталар үлкен сұранысқа ие болған. Қазақ қалыңдығының киімі ұзын ақ жібек кестелі көйлектен тұрады. Көйлектің сыртынан қою қызыл барқыттан тігілген бешпент тігіледі, сонымен қатар күміс және алтын әшекейлер: алқа, білезік, жүзік пен сақина және т.б. тағатын болған. Көйлек пен бешпент біртұтас ансамбльді құрап, оны үйлену тойына киетін көне бас киім-сәукеле аяқтайды. Биік, конус тәрізді пішінді, барқытпен қапталған ол асыл тастармен, күміс түйіндіктермен, салпыншақ маржан жіптермен және жақтау, шолпылармен безендіріледі. Салпыншақтардың саны бойынша қалыңдықтың мүлтік жағдайы мен әлеуметтік мәртебесі анықталған. Еркектер де шекпен-жүннен тоқылған жадағай киім киетін болған, олар қажет болған жағдайда сырт киім ретінде де қолданылған. Ашық ою-өрнекті кестемен кестеленген сәнді ұзын шапан өнер туындысы болып табылады. Кейде композицияның негізін Күнді бейнелейтін шеңбер түріндегі ірі өрнектер құрайтын болған. Тақия немесе кепеш

(кішкене бас киім, тақия)-барлық қазақ ерлері киген киім-екшектің маңызды бөлігі болып табылады. Бас киімнің енді басқа түрі-қасқыр, түлкі немесе қой терісінен тігілетін қатаң қысқы жағдайларда теңдессіз тымақ болып табылады. Тымақ малшылардың ортасында әлі де пайдаланылады және құлақшындардың қалдығы болып табылады. Қазіргі уақытта сәнгерлер дәстүрлі киімдерді немесе олардың жекелеген бөлшектерін күнделікті тұрмысқа енгізу үшін белгілі күш жұмсайды.

Қазақтардың дәстүрлі тағамдары негізінен етті және сүтті тағамдардан тұрады. Ет жыл бойғы азық-түлік өнімі болған, оны пайдалану жазда біраз бәсеңдеп, қыста айтарлықтай ұлғайып отырған. Сүт өнімдері де соншалықты кең қолданыста болған: биенің сүтінен-қымыз, түйенің сүтінен-шұбат; қой мен ешкінің сүтінен-құрт (кептірілген ірімшік) дайындалған. Сиырдың сүтінен сондай-ақ айран, қатық,-бидай, тары немесе күріш қосылған ашыған сүт көже дайындаған. Астық және өсімдік өнімдері көбінесе жартылай отырықшы аудандарда пайдаланылған. Қазақтардың ерекше құрметтейтін тағамы ет болып табылады. Құрметті қонақты ерекше әдіспен дайындалған қойдың басымен сыйлайтын болған. Ол басты бөліп, қонақтарға, үлкендерге, балаларға, жақын және алыс туыстарға деген қарым-қатынастың ежелгі қазақ дәстүрлеріне негізделген ерекше салтын ұстана отырып, оны басқа қонақтарға таратып беретін болған. Етті сорпаға пісірілген жайылған нан бөліктерімен бірге береді. Бұл тағамға қосымша ретінде еттің сорпасы беріледі, ол ағаш немесе шыны тостағандарда ұсынылады. Дастарханға міндетті түрде бауырсақ салынады. Тағамға дәмдеуіштер, әдетте қара бұрыш пен қалампыр қосылады. Шай ет тағамдарының алдында ішіледі. Еуропалық көріністердегіден ерекше сусын барлық ас-шаймен және тәтті-дәмділермен бірге ұсынылады. Әдетте сүтпен немесе кілегеймен бірге құйылады. Тамақтың соңынан қымыз беріледі. Қазіргі қазақ тағамдары тек қана дәстүрлі қазақ тағамдарынан ғана емес, сонымен қатар өзбек, ұйғыр, татар, орыс, украин, корей және т.б. тағамдарынан тұрады. Көкөністен, жемістерден, балықтан, теңіз өнімдерінен көптеген тағамдар, әр түрлі кондитерлік өнімдер дайындайды.

Салт-дәстүрі. Кез келген халықта отбасын құру, үйлену-адам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Қазақтарда бұл оқиға отау көтеру немесе шаңырақ көтеру деп аталып, ата-аналар үшін ерекше қуаныш болып табылады. Шаңырақтың әрбір отбасының ерекше құрметтейтін нәрсесі, бақыттың символы және ұрпақ жалғастығының белгісі болып табылатындығы белгілі. Қазақтардың әдеттегі дәстүрі бойынша әкесі жаңа отбасын (отау) құрған ұлдарына өз мал-мүлкінің бір бөлігін (енші) беретін болған. Қазіргі уақытта да дәстүрлі үйлену тойының негізгі салттары сақталған: құда түсу, беташар, жар-жар. Ежелгі әдет (салт-дәстүрлер жинағы) бойынша 7 ұрпаққа дейінгі туыстардың арасында некеге тұруға тыйым салынған. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін ұсталып келеді. Барлық қазақ отбасыларында баланың дүниеге келуі шілдехана

(баланың өмірге келуіне байланысты той), бесікке салу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу сияқты дәстүрлі тойлармен қатар жүреді. Қазақтардың отбасында «бесікке салу» дәстүрі ерекше атап өтіледі – онда жаңа туған нәрестені ол жылдам өссін және денсаулығы мықты болсын деген тілектермен бесікке бөлейді. Сонымен қатар бесікті баланы тіл-көзден, пәле-жаладан сақтау мақсатында үкінің қауырсынымен әшекейлейтін ежелгі дәстүр де сақталып қалған (үкі көптеген түркі халықтарында қасиетті және қорғаушы құс болып саналады).

Адамның дүниеден өтуі де дәстүрлі рәсімдермен қатар жүрген. Қайтыс болған адамның туыстарына қайғылы хабарды жеткізуші адамдарға үлкен жауапкершілік жүктелетін болған. Бұл «естірту» арқылы жүзеге асырылатын болған. Салт бойынша әйелдер «жоқтау» айтып марқұмды көп жоқтайтын болған және бір жылға дейін қара жамылып жүрген. Осындай жоқтаудың көптеген мысалдары ән өнерінің үлгілері болып табылады. Еске алу рәсімдері 7-ші және 40-шы күні өткізілетін болған, ал адамның дүниеден өткеніне бір жыл толғанда ас беріледі. Ерекше жағдайларда кейінгі жылдары да ас беріліп отырады. Марқұмның отбасына туған-туыстары мен жақын-жуықтары көңіл айтып, белгілі материалдық көмек көрсетіп, бата жасайды. Қазақтарда үлкенді құрметтеу салты сақталған, ол қоғамның моральдық-этикалық және өнегелілік ұстанымдарының негізін құрайды. Ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты әжелер жанұяның басы болып табылады, олар отбасы мүшелерінің құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленіп отырады; жиі отбасының тұрмысы аға буын өкілдерінің мүдделеріне сәйкес қалыптасады. Ата-бабаларға табыну, өлгендердің әруағын құрметтеу, қара шаңырақты сақтау ұрпақ жалғастығының кепілі болып саналады. Әрбір қазақ өзінің шежіресін білуі тиіс (тым болмағанда 7 атасын). Өзінің ата-тегін білмеу надандық болып саналады. Бұл мағынада көп ғасырлық шежіре бар, ол адамның генеалогиялық шығу тегін көрсетеді. Қазақтардың рухани құндылықтарының көрініс беретін салаларының бірі билер мен ақсақалдардың (әділ қазылар мен данагөй кеңесшілер) шешендік өнері болып табылады, олар тек халық бастауларының тасымалдаушысы болып қана қойған жоқ. Билердің пікіріне көшпенділердің жоғарғы билігі-хандар мен сұлтандар да құлақ салатын болған. Қазақтар әрқашан өздерінің қонақжайлылығымен танымал болған.

Олар үйіне келген адамды «Төрге шығыңыз» деген сөздермен құрметті қонақ ретінде қарсы алатын болған. Төр үйдегі ең лайықты орын болып табылады, қонақты сол жерге отырғызатын болған. Қонақпен бірден танысу ерсі болып саналған. Оған әуелі шай немесе қымыз беріп, содан кейін ғана танысып-білісетін болған. Ең дәмдісін, ең жақсысын қазақтар қонақтарына сақтаған (сыбаға). Үйге кірген кез келген адамды дәм ауыз тигізбей жібермейтін болған. Мұның бәрі осы дәстүрдің бекзаттылығын дәлелдейді.

Қазақ халқының фольклоры бай және алуан түрлі. Ол батырлық жырлармен, жыраулар (дала ақындары) мен суырып салма ақындардың мұраларымен, сонымен қатар басқа да жанрлардың: ертегілердің, аңыздардың, мақал-мәтелдердің көптеген санымен ұсынылған. Осы рухани мұраның көбісі біздің күнімізге дейін дәстүрлі ауызша поэтикалық үлгіде жеткендігі есте қаларлық. Ежелден бері халықтың рухани байлығын жеткізушілер және өздерінің шеберліктерін ән-поэзиялық жарыстар-айтыста көрсетіп келе жатқан халық ақындары ерекше құрметке ие болған. Бір де бір ірі іс-шара олардың қатысынсыз өтпейтін болған, себебі оларға маңызды оқиғаны бағалаудағы құрметті де жауапты роль жүктелетін болған. Айтыстардың кезінде ақындар әлеуметтік, саяси және мәдени салалардағы халықтың өмірлік мәселелерін көтереді. Орындаушылар өз әндерін ежелгі музыкалық аспаптар-домбырада немесе қобызда ойнаумен сүйемелдеп отырған. Халық арасында «Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қамбар батыр», «Едіге батыр», «Қыз Жібек» және т.б. сияқты ежелгі эпикалық дастандар кеңінен танымал. Жаугерші жыраулар Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберділердің; ежелгі жыршылар-Кетбұғы, Асан қайғы, күйшілер-Қорқыт ата, Құрманғазылардың жекелеген туындылары біздің күнімізге дейін жеткен. Халықтың рухани қалыптасуында оның ұлы өкілдері әл-Фарабидің, М. Қашқаридың, Ж. Баласағұнның, М.Х. Дулатидың, Ахмет Иасауидың, Абайдың, М. Өтемісовтың, М. Өуезовтың және т.б. мұралары бүгінгі күні үлкен рөл атқарады.

Қазақ би өнерінің түп-тамыры ғасырлар қойнауынан нәр алады. Халқымыз ежелгі би өнерін дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытқан.

Қазақ биінің құрылымынан, болмысынан халықтың жан дүниесін, оның таным-түсінігін, табиғатпен байланысын, философиясын көруге болады. Қазақ ұлттық биі ерте заманнан бері өзіндік ерекшелігімен, ерекше пластикасымен, мәнерлілігімен, нәзік әсемдігімен және сонымен қатар мықты мінезімен ерекшеленіп келген.

Ұлы Дала тарихында бала дүниеге келген күннен бастап өмірінің әрбір маңызды кезеңін әнмен әрлеп, күймен көмкеріп, би билеп көңіл көтеру, болып жатқан оқиғаны сазбен ерекше мәнді ету басты орын алады. Қазақтың барлық салт-дәстүрлері, ұлыстың ұлы күні-Наурыз, діни мейрамдар секілді мерекелердің барлығы да ән-бисіз болмаған. Би қазақ халқының тұрмыстық болмысын, өнер сүйгіштігін жан-жақты аша түседі. Қазақ даласында жан-жануарларға байланысты «Аю биі», «Бура биі», «Бүркіт биі», «Қоян-бүркіт», «Құр биі», «Құсбегі», «Ортеке», «Тырна биі» атты билер болған. Би де, ән де, күй де-бір-бірінен бөлінбейтін біртұтас дүние.

Қазақ биі қоршаған ортадағы шынайы өмірден алынған формалар мен түрлерге аса бай. Халық тұрмысы ұлттың би дәстүрін, қимылдардың

төл қозғалысын, иілгіштік айқындықты, сазды әуенді суреттерге толы би қимылдарын қалыптастырды. Қазақ халқының би мәдениеті, онда қолданылатын лексика ырғақпен, халық музыкасымен және сәндік-қолданбалы өнермен, ауыз әдебиетімен, салт-дәстүрмен үйлесімділікте дамыды.

Ұлттық ойындар-ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы тым тереңде, ғасырлар қойнауында жатыр. Осы ойындар негізінде әр халық әртүрлі жаттығулар жасау жолымен дене- шынықтыру ісінің негізін салды. Бұл бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсартуға түсуде пайдасы зор екені белгілі. Қазақтың ұлттық ойындары – бабаларымыздан қалған асыл қазына. Сондықтан халықтық мұраны үйренудің әрі күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде орасан пайдасы тимек. Ойын әр баланың алдынан өмірдің жарқын сәттерін ашып, жеке қасиеттерімен біте қайнасып, әрі қарай дамуымен ұштасады.

Бұл дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті. Осы арқылы балалық балдәурен шақта өзін қоршаған орта туралы түсінігі мен дүниетанымын қалыптастырады. Ойын дегеніміз-білуге, білімге құштарлықты ұшқындататын құрал. Міне, мұның бәрі баланың көңілін ашатын, оны ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат қақтыратын ғажап ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Ұлттық ойындар «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақсерек-Көксерек», «Асық», «Айгөлек», «Ақ сандық-Көк сандық», «Ақ сүйек» сияқты ойындар ойнату арқылы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйретеді.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қазақтың дана билерін есіңізге түсіріңіз?
2. Қазақ хандығының құрылуы-ұлттық мәдениет қалыптасуының негізі жыраулар, ақындар, күйшілер, шешендер шығармашылықтарының әдептік рәміздерінің ерекшеліктері неде?
3. Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруі, ұлттық төл мәдениет саласындағы дағдарыс және оның ақындар поэзиясындағы көрінісі неде?
4. Қазақ поэзиясы мен музыка өнерінің белгілі қайраткерлері, әдебиет майталмандары мен саяси қайраткерлері кімдер?
5. Қазақ даласындағы алғашқы жыраулар кімдер болды?
6. Абылай ханның кеңесшісі болған ұлы жырау кім еді?
7. Ойын мәдениетіндегі әмбебаптылық пен этникалықты ажыратып беріңіз?
8. Сал-серілер қазақтың ойын мәдениетінде қандай рөл атқарды?
9. Наурыз мейрамындағы ойындық элементтер неден тұрады?
10. Қазақ мәдениетіндегі агонистикалық бастаулар қандай рөл атқарады?

10. XVIII-XIX ҒҒ. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Мақсат: Қазақ мәдениетін алғашқы зерттеген мәдениеттанушы ғалым-Шоқан Уәлиханов, қазақ білімінің негізін салушы-Ыбырай Алтынсарин, қазақ философы және ақыны-Абай Құнанбайұлының рөлдерін айқындау

10.1. Зарзаман мәдениеті. Қазақ билері

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі индивидуалдық және қауымдық факторлардың арақатынасын қарастырғанда, оларды органикалық тұтастық немесе адамдық ынтымақтасудың көшпелілік тәртібі деп анықтауға болады. Хандық дәуірде бұл тәртіп қазақ қоғамының болмыс бітіміне сәйкес болғанымен, кейінгі трансформацияларда өзінің үйлесімдіруші функцияларынан айырылып қалды. Өйткені XVIII ғасырдан бастап қазақтың әлеуметтік мәдениеті ішкі қисындылықтан гөрі сыртқы әсерлер ықпалымен түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бұл әсерлер (Ресей отаршылдылығы, Қытай мен Орта Азия мемлекеттерінің экспансиясы, жоңғар шапқыншылығы) қазақтың әлеуметтік мәдениетін шайқалтып жіберді.

Атамекеннің тарылуы қазақтың кісілік негіздерін шайқалтатын, жаугершілік пен отаршылық әсерінен өрістеген теріс қылықтардың көбеюіне әкелді. Біз бұл жерде бодандық психологиядан тарайтын жасқаншақтық, үрей, жағымпаздық, ұлт мүддесін сату сияқты құбылыстарды айтып отырмыз. Қауымшыл кісінің (ынтымақтастық құндылығы мағынасында) орнын «пысық» пен «масыл» басты. Қазіргі замандағы әдеп пен мәдениеттен тыс пысықтар («крутойлар») мен алыпсатарлық «масыл буржуазиямен» оларды салыстыруға болады.

Бодандық адамның типтік ерекшеліктерін XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ақындары көркем суреттеген. Мысалы, Дулат Бабатайұлы бодан пысықтарды былай шеңейді:

Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады-ай.
Өзі елді қорқытып,
Онан өзі қорқады-ай,
Алдында түсіп топандай.
Жарлылардың торпағы,
Бір торпаққа он болып
Пысықтардың ортағы,
Қара шығын алымы-
Бай-кедейге бірдей боп
Шаңыраққа салығы,
Ел ұйытқысы шайқалып,

Төгіліп судай аққандай (Бес ғасыр жырлайды. 2-ші том.-Алматы: Жазушы, 1985.-280 б.).

Дәстүрлі әдептен айырылу тек отаршыл әкімшілікпен байланысты «жаңа қазақтарды» ғана емес, оған қоса бұрынғы дәстүрлі тұлғалардың болмысын құлазытып жіберді. Дулат ақыннан тағы бір үзінді келтірейік:

Мынау азған заманда

Қарасы-антқор, ханы-арам;

Батыры көксер бас аман;

Қырсыға туды қыз балаң;

Нары-жалқау, кер табан;

Құсы-күйшіл, ат-шабан;

Жырғалаң жоқ, жобалаң,

Ебі кеткен ел болды (Бес ғасыр жырлайды. 2-ші том.-Алматы: Жазушы, 1985.-280 б.).

Қазақ мәдениетіндегі қауымдық ынтымақтастықтың шайқалып, кісілік қасиеттер өрістей алмай, теріс қалықтардың көбейгенін тек сыртқы факторлармен түсіндіру біржақтылыққа жатады. Тарихта мынандай бір қағида бар: өзі бодандыққа көңісі келмеген елді ешкім бағындыра алмайды. Мысалы, палестиналықтарды Израил қаншама қысқанымен, олар ел азаттығы үшін күресін тоқтатқан жоқ.

Отарлық қысым жағдайындағы қазақ мәдениетінде тұлғалық пен қауымдық ынтымақтастықты, ел мен ер абыройы және намысын қорғауға бағытталған үдерістер де болды. Тарихшылар атап көрсеткендей, отарлық езгіге қарсы күрес қазақ мәдениеті өрісінде бірнеше дараланған кісілік типтердің қалыптасуына себеп болды. А. Сейдімбек отаршылдарға қарсы 300-ге жуық көтерілістер мен қақтығыстардың болғанын атап өтеді. Құлдықты көтермейтін тәкаппар ерлер мен осы тұйыққа тірелген жағдайдан шығу үшін жол іздеген ел даналарын жаңа мәдени қаһармандар деп қарастыруға болады. Сондай тұлғалардың бірі-Мұрат Мөңкеұлы еді. Ә. Қодар атап өткендей, Дулат пен Шортанбай сияқты Мұрат сатқын қандастарын әшкерелеп, азаттық туын жеке-дара көтеру арқылы желбіретті.

Отарлық езгімен бірге келген орыстандыру саясатының халықтың адамгершілік қасиеттерін жұрдай еткендігіне налыған ақын «қоңсыдан туып би болған», «қара кісі хан болған», «асылзада баласының құл болып», «асылсыз баласының ақшасына сүйеніп пұл болғанын» батыл сынайды. Оның пікірінше, халықты текті тұқымнан шыққандар ғана басқаруы тиіс, «құлдан туған төрені, ақсүйектер ұлы деп», оған ел тізгінін ұстау «адыра қалғыр заманының белгісіне» жатады. «Діні басқалардың ел билеуін» бар пәленің бастауы деп есептеген Мұрат ақын, бекерден-бекер жылай бермей, «кейінгі туған бала үшін», кейінгі ұрпақтың «сауабы үшін», «күндердің күні болғанда, обалы маған» болмас үшін «дулығалы қара нарларды» атқа қонуға шақырады. Осындай ерлердің арасында

Кенесары хан ерекше орын алады. Абылайдың немересі Кене хан ұлт азаттығы үшін күрестің рәміздік тұлғасына айналды.



Сурет. Кенесары ескерткіші

Қазақ мәдени жүйелеріне арналған еңбектерде XVII-XVIII ғасырлардың түйіскен шенінде қазақ халқының бірлігі ойдағыдай болмағаны расталады, оның тарихи себептері де жоқ емес. Көшпелі өркениет кезінде қазақ сай-саланы паналады, өзен-көл жағасын жағалады. Жер дауы, жесір дауы, барымта мен қарымта қазақ еліне маза бермеді. Қазақтың саяси ынтымағының әлсіз болғандығының тағы бір себебі рулық, тайпалық өмір кешуінде еді. Көшпелі өркениет кезінде ел билеу жүйесінің рулық, тайпалық болып бөлінгені оны одан әрі заңдандыра түсті. Орта ғасыр кезеңінде қазақтың этно-териториялық бірлестік ретінде қалыптасуы, табиғи географиялық жағынан көшпелі өмір қаракеті, ру-тайпалық қатынастар халқымыздың жан дүниесіне өз әсерін тигізеді деу қателік болар еді. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым Датұлы, т.т. сияқты тұлғаларды халық өз дәуірінде елін, жерін шапқыншы жаудан қорғап қалу, халықтың бірлігін, ынтымағын нығайту, адамгершілік, парасаттылық, ата-баба намысын, дәстүр-салтын сақтау жолында зор еңбек сіңірген, әлеуметтік ақыл-кеңес берген билердің биі, көсем би деп қадір тұтады.

Қазақ халқының бұл қадірменді билері ел басында күн туған қиыншылық кездерінде, ел жиналған айт, той тұсында, жер дауы, жесір дауы, барымта дауы көтерілген жерлерде ауыл ақсақалдарымен кеңесіп, ел тағдырын бірге шешісіп келген. Кейде ауыл ақсақалдары, билері бір шешімге келе алмай қалғанда ортадан билік айтып дауды тындырып отырған. Алайда отарлық әлеуметтік құрылымда қазақ биінің қоғамдық қызметі кейін орыс әкімшілігі тарапынан «болыс», «старшина», «ояз», «аудармашы», «писарь» сияқты функционерлермен ығыстырылған. Билік айту мен әкімшілік басқарудың арасында түбегейлі айырмашылықтар

бар. Біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты мынандай тұжырым айтуға болса: болыс әкімшілдік тұлға болса, онда би-мәдени тұлға. Ұлыс билері көпшілікке бағыну керек деген тәлім айтпаған. Бұл саясат қана, ол ғылыммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Би төбеде қаралуға тиісті мәселелер қаралып болып, шешілетін мәселелер шешімін тапқан соң дәстүрлі ойын-сауық думаны өткізілетін. Бұл ойындар ақақу-сықақу деп аталатын. Этнографиялық деректер билердің көріпкелдікпен айналысқанын да дәлелдейді. Мысалы: түс жору, түс-көрінген елес, оның қандай мәнісі бар екенін шамалау-жору делінеді. Жора-халық пікірін жинаушы билер. Би-би төбеге әр рудан сайланған алқалар. Халықтың қақ ортасында жұмыс жүргізушілер. Халық пікірін бас алқаға жеткізушілер. Халықтың қандай ой-пікірі, жағдайы бар, оны ары дамытудың немесе нашар жағдайларды болдырмаудың жолдары, бұрынғы заң ережелердің өмірге сәйкеспейтін, өзгертуге қажетті тұстары талқыланды. Демек, би жиынына баратын, онда ру атынан сөз алатын адамға жатады. Мәселе талқылауға қатысып, пікір білдіретін кісі, жиында қабылданған заң-ереже, қағида, жөн-жолдарды қайтып халыққа жеткізуші және соны іске асырып орындаушы. Халыққа басшылық етуші. Халықтың өз ішінен тапқырлығымен, шешендігімен, әділдігімен қатарынан озған, сынақтан өткен адам».

Қазақтың дәстүрлі қауымдық мәдениетіндегі әлеуметтік-мәдени тұлғалар мен құрылымдарды кейінгі өзгерген формалармен теңестіріп, басқа мәдени контекстте алған дұрыс емес. Мысалы, «барымта» түсінігін алайық. Көшпелшілік шаруашылық-мәдени тип күйзеліске ұшыраған жағдайда барымтада деструкциялық мақсаттар басым болған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы оның мәнісі басқа еді. Барымтаның алуан түрлі себептері бар. Біреудің ақ баталы жесірі яки некелі әйелі кетсе, біреу кісі өлтіріп, кісі өлтірген жағы тиісті құн төлеуден бас тартса, біреудің қорық жерінде малы жайылып, бүлдірсе; қыс қыстауына, жаз жайлауына біреулер рұқсатсыз қоңса; ортаға түскен олжадан тиісті сыбаға берілмесе; тойға шақырылмай елеусіз қалдырылса; арнап келіп түскен қонаққа тиісті қонақасы берілмесе т.б. салт-сана, әдет-ғұрып қағидалары бойынша барымталаушы ісі заңды деп саналатын. Әсіресе, кісі өлімі үстінде тиесілі құны мөлшерінде барымталап, мал қуып алса да ерсі болмайтын. Оның әлі де болса шексіз, ретсіз қолданылуына Тәуке бірталай тыйым салды. Ресей империясы құрамына енгеннен кейін және дәстүрлі әлеуметтік реттеу өзгергеннен соң барымта бастапқы мағынасын жойып, заңсыздық аймағына кетті. Әрине, өзгерген заман жағдайында ескі әлеуметтік құрылымдарды қайтадан қалпына келтіруге шақырудың теріс жақтары айтпаса да түсінікті.

10.2. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақтың алғашқы мәдениеттанушысы ретінде

Қазақтың дәстүрлі мәдениетін заманның жаңа талаптарына сай әрі үйлесімді өзгертудің бір бағдарламасын қазақ ағартушылары негіздеген.

Егер Зарзаман өкілдері ресейлік ықпалды түгелімен теріске шығарып, өткен уақыт құндылықтарын жандандыруға шақырса, қазақ ағартушылары екі Ресейді айыра білді (орыс білімділері және әкімшіл жүйе).

Қазақстан мәдениетінде үлкен үлес қосқан қазақтың алғашқы ғалымдарының бірі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов орыстың әскери мектебінің түлегі еді. Алайда, Шоқанды қазақ даласында орыстандыру саясатын жүргізуші деп бағалау үстірт болады. Арғы атасы Абылайды пір тұтқан Шоқан өз халқының мәдениетін жоғарғы деңгейде көтеруге тырысты. Бұған негізгі құрал оның ағартушылық әрекеті болды.

Қазақ ағартушыларына Еуропадағы ағылшын, неміс, француздардағы сияқты жалпы ортақ белгілер тән еді. Ең бастысы-ғылым мен білімді адамдарды бақытқа жеткізетін күш деп ұғыну. Алайда, қазақ ағартушыларының өзіндік ерекшеліктері де жеткілікті. Мұның өзі Шығыс Ренессансына, тәуелсіз Қазақ хандығына және империясына құрамындағы бодан халық тағдырына қатысты.

Ағартушылық мәдениеттің негізгі тетігі-адам. Шоқан сыртқы әлемге «дала адамын» түсіндіргісі келді. Осы мақсатпен ол қазақ және қырғыз халықтарының миф-аңыздарын, салт-дәстүрін, діні мен тілін зерттейді. Шоқан жазған «Үлкен қырғыз-қайсақ ордасының ескі аңыз адамдары», «Қазақтардағы шамандықтың іздері», «Қашқария туралы жазулар», «Сахарадағы мұсылмандық туралы» және т.б. ғылыми еңбектерде қазақ және басқа түрік халықтарының мәдениетіне энциклоредиялық талдау берілген.

Шоқанды тек қазақ ағартушысы деп шектеу жеткіліксіз. Ол шын мәнінде нағыз ренессанстық тұлға. Не бары 30 жыл ғана өмір сүрген ол өзін дарынды тарихшы, тіл маманы, географ, мәдениеттанушы ретінде Еуропа мен Азияға таныстырып отырды.

Шоқан туралы айтқанда, алдымен көзге түсетін мәселе-мәдениеттанушылық дихотомия-Батыс пен Шығыстың арақатынасы. Патшалық Ресейде білім алған империя офицері ретінде ол әрине, Черняев экспедициясына қатысты, басын қатерге тігіп, Қашқарияға жасырын барды. Ф.М. Достоевский, С.Р. Дуров, Н.Г. Чернышевский сияқты орыстың озық ойлы ғұламаларымен достасып, алдыңғы қатарлы Еуропа мәдениетінен нәр алды. Шоқанның бар арманы өз халқы мен төл мәдениетін, тарихын, тілін жоғары деңгейге көтеріп, жалпы адамзаттық мәдениетке тең етіп қосу болды. Осының негізгі құралы деп Ресей мәдениетін қазақ сахарасына таратуды атады. Омбыда оқып жүрген кезінен бастап-ақ Шоқан екі түрлі Ресей бар екендігін сезді: бірі-озық ойлы, адамзатты ардақтаушылар, екіншісі-отаршылдар.

Шоқан патша әкімшілігінің Қазақстан туралы саясатына әр уақытта күдікпен қарады. Мысалы, әуелде «жақсы әскербасы және әділ» болар деп ойлаған М.Г. Черняевті Шоқан өз халқының мүддесіне қолданғысы келіп, оның жорығына қатысты. Алайда, орыс әскерінің жантүршігерлік

қылмыстарын байқаған Ш.Уәлиханов патша қызметін тастап, еліне қайтып келеді. М.Ф. Достоевскийге жазған бір хатында Шоқан, отандастарыма пайда тигізу үшін тіпті сұлтан болғым да келді дейді. Алайда, өмір шындығы оның бұл ойының қиял екендігін көрсетті. Даладағы зорлық-зомбылықты жалғыз білімді әкім жеңе алмас еді.

Шоқан араласқан тағы бір мәдениеттанулық мәселе мұсылмандық туралы болды. Қазақтарды жылдам христианға айналдыра алмайтынына көздері жеткен патша әкімдері исламның өздеріне қажетті жақтарын нығайту мақсатымен далаға көптеген татар және Бұхар молдаларын жіберді. Шоқан осы саясатқа қарсы шығып, орыс-қазақ мектептерін көбірек ашуды талап етті. Бірақ бұдан Ш.Уәлиханов атеист болды және исламға қарсы күресті деген пікір тұмау керек. Шоқан бұрын қазақтар арасында кең таралған тәңірілік дін және шамандықтың маңызын көре білді, исламға қарсы шығудан бас тартты; ол: «біз исламды қудалауды ұстанбаймыз, мұндай қадамдар қарама-қарсы нәтиже беруі мүмкін. Бірақ біз үкіметтің қандай да болсын білімге қарсы дінге қамқорлық жасамауын және далада ұрып-соғу мен қорқыту негізделген теологиялық заңдарды күштеп енгізбеуін сұраймыз және талап етеміз»-деп жазды. Яғни, Шоқан мұсылмандықтағы мәдени-тұтастық функцияларды көре білді.

Ұлы мәдениеттердің тоғысуында дүниежүзілік діндер интеграциялық қызмет атқарады. Қысқаша айтқанда, Шоқанның қазақ мәдениетіне қосқан үлесінің негізінде Батыстың да, Шығыстың да тигізген әсері емес, өз халқының төл мәдениеті жатыр. Шоқанның өзіне сөз берелік: «Далалық орданың тұрғындары-қазақтар өздерінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр. Осынау дала көшпелілерінің ақынжанды болып келетіні мұңсыз-қамсыз болу керек немесес ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан болар. Түрік атаулы халықтардың арасында өзінің ақындық қабілет-дарыны жөнінен қазақтар бірінші орында болса керек».

Халықтың тәуелсіздіктен айырылып, бодан болуынан ұлттық мінезде ұнамсыз қылықтар көбейе түсіп, жасқаншақтық, «құлдық психология» пайда бола бастады. Қазақ елі осындай тұйыққа тіреліп, одан қалай шығуды білмей, болашағын ойлап, қабырғасы қайысқан кезде халқымыздың Шоқан, Ыбырай, Абай сынды асыл перзенттері ұлттық әдеп жүйесінің күрделі мәселелерін шешуге ұмтылды. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев орыс мәдениеті мен білімінен нәр алуға шақырды. Олардың арасында қазақтың дәстүрлі құқығын арнаулы зерттеген ғалым-Шоқан Уәлиханов. Ол өзінің «Сол реформасы жөніндегі жазбасында» қазақтың дәстүрлі әдебіне терең талдау бере келе, оны бұрынғы заман талаптарына сәйкес болды және қоғамдық ынтымақтастықты нығайтудың басты құралы болды деді. Оның пікірінше, Ресей империясы халықтарының ішінде қазақтар

жаңашылдықты қабылдауға бейім тұрады. Шоқанның айтуынша, біз жақсы деп есептейтін белгілі бір жағдайларда адам кім бола алатындығы туралы сенімді білімнің бар екендігін мойындаған кезде және адам өзі кім бола алатынымен өзі шұғылданған кезде ғана оның жаны тынышталады деп, сондай-ақ жеке тұлғалар мен мәдениеттердің түпкі этикалық мақсаттарының арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деп, құндылықтарда мәдени өзгешеліктер өзара үйлесімді келеді, өйткені әрекет құндылықтары жөніндегі пікір өзі пайда болатын белгілі жағдайларды есепке алады, оның салдары-сол әрекеттің өзі жағдайлардың бір жиынтығына сәйкес келсе-дұрыс, ал жағдайлардың басқа бір жиынтығына қайшы келсе бұрыс болады деп мойындаған кезде ғана жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс, ұнамды мен ұнамсыз нәрселер жөнінде сөз етуге болады.

10.3. Қазақ мәдениетінің кемелденуіне үлкен үлес қосқан тұлға – Ыбырай Алтынсарин

Қазақ мәдениетінің кемелденуіне үлкен үлес қосқан тұлға-Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай халық ағарту ісінің практикалық және дидактикалық мәселелерін шешуге тікелей ат салысты, алғашқы педогогикалық оқулық «Қазақ хрестоматиясын» және қазақ балаларына орыс тілін үйретуге арналған оқу құралдарын жазды. Сонымен бірге Ыбырай қазақтың әдеби тілінің негізін салушылардың бірі және халықтың ауыз-әдебиетінің, әдет-ғұрпын зерттеуші ретінде белгілі; ол жазған қазақтардың құдалық және үйлену рәсімдері туралы, адамдарды жерлеу және еске алу салттары жөніндегі еңбектері жоғары бағаланып, 1874 жылы Ы.Алтынсарин Ресей географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің мүшесі болып қабылданды. Ыбырай өз қызметі мен шығармашылығында нағыз ағартушы бейнесінде көрінеді.

Ыбырай өзінің ағартушылық қызметінде миссионерлік орыстандыру саясатын қолдаған жоқ. Ол өз халқын білімге, мәдениеттілікке шақырғанда өркениетті елдер қатарына көтерілуді армандады. Ыбырайдың миссионер еместігінің куәсі-оның атақты «Кел балалар, оқылық!» атты өлеңі. Тоталитарлық жүйе кезінде алынып тасталған бірінші жол мынадай еді:

Бір құдайға сиынып,
Кел балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.

Ыбырай 1884 жылы Қазан қаласында өзінің атақты «Ислам Шариаты» атты кітабын шығарды. Қарапайым халыққа түсінікті тілмен жазылған бұл еңбегінде ол мұсылмандықтың негізгі қағидаларын қазақ мәдениетіне шебер қоса білді. Шығыс Ренессансында қалыптасқан дін мен білімнің арасындағы үйлесімділік идеясын Ыбырай өз заманына байланысты дамыта білді. Қай дінде болсын, адамдар бір-бірін сыйлау

керек делінеді, ал мәдениетсіздіктің негізгі себептеріне надандық, жалқаулық және мақтаншақтық жатқызылады.

«Ендігі жерде мынадай ақылды бұлжытпай ұстаңыз,-дейді Ыбырай Н.А. Мазохинге жазған хатында,-бұл менің айтып отырған ақылым емес, атақты философ-педогог Коменскийдің ақылы. Ол кісі: «Қолындағы барын қанағат ете білетін адам, шын бақытты адам және біз өзіміздің адал тіршілігімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам шын бақытты адам», -деген екен; ал тағы бір араб философы бақыттылық пен байлық неде дегенде-«ынсаптылықта», -деп жауап берген екен; міне осы ақылды алыңыз».

Өзгерістер жағдайында қазақтың әдеп мәдениетін трансформациялауға шақырған тұлғалар ағартушылар болды. Ыбырай Алтынсариннің мына жолдарында бұл ой анық айтылып тұр:

Желкілдеп шыққан көк шөптей

Жас өспірім достарым,

Қатарың кетті-ау алысқа-ай,

Ұмтылыңыз қалыспай.

Біз надан боп өсірдік

Иектегі сақалды.

«Өнер-жігіт көркі» деп

Ескермедік мақалды.

Біз болмасақ, сіз барсыз,

Үміт еткен, достарым

Сіздерге бердім батамды (Қазақ даласының ойшылдары. 4-ші кітап/ред. Нысанбаев Ә.-Алматы: ФСИ, 2001.-274 б.).

Шын мәнісінде, Шоқан мен Ыбырайдың қызметі мен шығармашылығы кейін XX ғ. Қазақстан жеріндегі большевизмге емес, керісінше ұлт-азаттық қозғалысына демеу болды.

10.4. Абай-қазақ халқының рухани атасы. XIX ғасырдағы көркемөнер мәдениеті

Қазақ мәдениетінің ғасырлар бойы калыптасуында осы үдеріске сыншыл көзбен қарап, оны ақыл және жүрек таразысынан өткізетін тұлғатым қажет еді. Абай, міне осындай тұлға болды. Абай өз шығармашылығында қазақ елінің белгілі тарихи тұйыққа тіреліп (бодандыққа түсіп), одан қалай шығуды білмей, болашағы туралы күдіктенген жағдайын суреттеді. Осындай шым-шытыранда ғұлама ақын таза уайым мен зарлау дәстүрінен арылып, халық өмірінің кем-кетігіне ашық көзбен қарап, оны емдеудің жолдарын көрсете білді.

Абай туралы көптеген еңбектерде бір-біріне қарама-қарсы пікірлер айтылып жүр. Әсіресе, тоталитарлық жүйе кезінде Абай қазақ арасында орыс мәдениетін насихаттаушы болды, ол жер ауып келген Ресей ғұламаларының ықпалымен дәстүрлі көшпелі мәдениет құндылықтарынан бас тартты деген пікірлер жиі айтылды. Тағы бір көп

тараған пікір Абайды дала феодализмімен қабаттастырып қою мен оған «діни философ», «пантеист» сияқты айдарларды тағумен байланысты.

Ортағасырлық озық мәдениетінен, қалалары мен төл жазуынан айырылған халықтың бар сенімі фольклор еді. Көшпелі мәдениетке қолайлы форм- ауыз әдебиеті, ел басқарудың ұтымды түрі-билер соты. Алайда XIX ғ. екінші жартысынан бастап Қазақстанды Ресей өзінің тікелей отарына айналдырып, жаңа әкімшілік тәртібін енгізді. Қысқаша айтқанда, көшпелілік мәдениет орыс империясының әсерінен біртіндеп шайқала бастады. Қалалар салынып, фабрика мен зауыттарда қазақ жұмысшылары көбейе берді. Ресей экспансиясы қазақ сахарасындағы көне Шығыс мәдениетін ығыстыруды өзінің негізгі мақсаттарының бірі деп санады.

«Абай,-дейді Ғ. Есімов,-тұтас ел болудан қалған, отаршылық жағдайда күн кешкен қоғамда туған, оның ойшыл болып қалыптасуы XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ халқының басынан кешкен ауыр тұрмысына сәйкес келеді. Абайды тек ақын қылмай, ойшыл гуманист дәрежесіне де көтерген осы өтпелі қоғам қайшылығы» (Хакім Абай. Алматы, 1994. 31-32 бб). Қазақ халқының ауыз әдебиетінен нәр алған Абай жаңа ұлттық жазба мәдениетке көшуге негіз салды.

Батыс (Ресей) мен Шығыстың (Ислам) өркениеттерінің ара- сындағы Қазақстан болашаққа қарай жол іздеуге мәжбүр болды. Далалық мәдениет осы екі ағынның ортасында өзіндік ерекшеліктерін сақтауға ұмтылды. Абай орыстық білім мен техниканы насихаттағанымен, христиан дінінен қазақты аулақ болуға шақырады. Ислам-халықтық мәдениеттің тірегі, оның рухани қазығы.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.

Абай исламды қазақ халқына тұрақты жаңа өркениетті, жоғары имандылықты қалыптастыру құралы ретінде уағыздады. 28-сөзінде ол былай дейді: «Құдайтағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз деген, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен. Жөн, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдайтағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң діннің өзі неден болады?» Жоғарыда келтірілгеннен Абай діншіл, ескіні жақтаушы тәрізді пікірлер тумауы тиісті. Оның мұраты-парасат және мәдениетке қолдаушы болатын ислам. Абайды ағартушы діни ғұлама деп бағалаған дұрыс. Алла жаратушы болғанымен, дүниенің тұтқасы, белдігі-адам.

Сопылық бағытпен жақсы таныс Абай Алла мен Адамды қосатын күш ретінде махаббатты ұсынады:

Дененің барша қуаты,
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,

Махаббат қылса тәңірі үшін.
Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.

Абайдың өз шығармашылығында қойып отырған үлкен мәселенің бірі-мәдени сабақтастық. Көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа ауыса бастауына, Батыс мәдениетінің қазақ еліне таралуына қатысты дәстүрлік мәдениет пен өзгерістердің арақатынасын анықтау қажет еді. Ренессанстық парсы-араб өркениетін жоғары бағалаған Абай, ескі мұраны қайтадан жандандыруға шақырды. Абай нәр алған қайнарлардың бірі-классикалық Шығыс поэзиясы.

Физули, Шәмси, Сейхали,
Навои, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз — бу һәммесі
Медет бер я шағири, фәрияд.

Бұрынғы мұра туралы сөз болғанда, оны тек араб-парсы мәдениетімен шектемеу керек. Түрік елінен шыққан Әбунасыр әл-Фараби, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Мұхаммед Хайдар Дулати т.б. шығармашылығымен Абай жақсы таныс болған. Ол-этностық мәдениеттің насихатшысы.

Ұлы ойшыл ақын сонымен бірге ежелгі мұра мен бұқаралық мәдениеттегі теріс жақтарды да анық көре білген. Ол ислам дінін өз мақсаттарына бұрмалаған кейбір діни өкілдерді әділ сынға алады.

Дәстүрлі мәдениет туралы Абай өзінің 39-сөзінде былай дейді: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуірді біржола жоғалтып алдық. Осы күндегілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік». Бұл жерде екі мінез деп Абай елдік намысты, бірлікті, өзара дау-жанжалдан аулақ болуды айтады.

Осындай теріс қылықтарды атап айтқан Абай өз халқының бойындағы кемшіліктерді де көрсетеді. Бұл жерде ол «біз ең жақсы халықпыз» сияқты құр далбасалықтың орнына көршілес ұлттардың жақсы жақтарын қабылдауға шақырады: «Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп. Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһари жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың «ахиреттігін», тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе, дін күтуге де шыдайды. Еңбек кылып мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына құзғын тамағымыз үшін біріміз жалшы,

біріміз қош алушымыз. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз». Абай бұл сөздерін қазақ халқын жамандау үшін айтпаған. Ол осы тарихи тұманнан шығу жолын іздейді. Абай қазақтың жасына білім жарығына ұмтыл дейді, кәрісіне малыңды дұрыстап бақ дейді, атқа мінген жақсыларына елді іріткіге салмай, адал еңбек қыл, парызыңды атқар дейді.

Отарлық жағдайдағы дәстүрлі мәдениеттегі өзгерістер жөнінде Абай шығармашылығында көптеген құнды пікірлер айтылған. Зерттеушілер атап өткендей, өзінің жалпы мәдени ілімінде Абай үш негізге сүйенеді. Ресей арқылы қабылданатын батыстық білім, исламның жалпы өркениеттілік қағидалары және қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесі. Абай дәстүрлі әдептің басты тұлғасы – билер қызметіне жаңаша баға береді. Оның пікірінше, көшпелілер үшін сыртқы сот – билер соты қоғамдық қажеттіліктен туындайтын құбылыс. Олар оны әлеуметтік қажеттілік есебінде ғана мойындайды. Бірақ сыртқы сотты (сот үдерісін) онша «жақтыра, құптай» бермейді. Оның қоғамдағы орнын амалсыз мойындайды, бірақ асыра бағаламайды. Керісінше, егер мүмкіндік болып жатса, әр адам өз ісін өзі сотсыз-ақ тікелей шешкенді қалайды. Сот тек басқа жол болмағанда (талас-дауды шешудің, бітімге келудің) ғана қолданылатын шара деп қарастырылады.

Абай қазақ мәдениетіндегі теріс қылықтарды тек айыптап қана қоймай, оның себептерін де ашып көрсетеді. Абайдың түсінігі бойынша, ешбір адам туған күннен бастап қылмыскер болмайды. Олай тұжырым жасаудың ешқандай да негізі жоқ, яғни жалған. Зар заман ақындарынан Абайдың бір айырмашылығы, ол құрыған уайым мен мұңның орнына қазақ әдебінің кертартпа жақтары мен кемшіліктерін түсінетін көз ашықтық пен оларды емдеу жолдарын көрсетеді. Мәдениетті елдер қатарына қосылу үшін, дейді Абай, ең алдымен қазақ халқы төмендегідей кеселді қылықтардан құтылу керек: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі-надандық, екінші-еріншектік, үшінші-залымдық деп білесің. Надандық-білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік-күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік-бәрі осыдан шығады. Залымдық-адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады» (Абай Құнанбаев. Шығармалары.- Алматы: Мөр, 1994).

Абай өз шығармашылығында ауытқушылықтың отаршылдық қоғамда белең алуына өз алаңдауын білдіреді. Әрине, ауытқушыл (девианттық) әрекет дәстүрлі әдепте де орын алып келген. Бірақ, жүгенсіздік пен әдепсіздік көріністері бодандық жағдайда тым көбейіп кетіп еді.

Абай әдеп тақырыбын қозғағанда иман мәселесіне көп көңіл аударады және оны арлылық пен ұяттың баламалары ретінде түсіндіреді.

Абай өз халқының бойындағы кісілік қасиеттермен қатар, теріс қылықтарды да қатал сынға алады:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ,-

деген өлең жолдарында Абайдың сыни этикасы көрініс тауып тұр. Хакім 34-ші қара сөзінде «Адам баласына адам баласының бәрі-дос», - дейді. Абай қазақ этикасының түбегейлі ұстанымы-«Адам болу» талап-мұратын жоғары деңгейге қойды. Абайдың тағдыры метрополия айқындап берген жолдан басқаша болып шықты. Ол бодандық адамдық тип шеңберінен шығуға талпыныс жатады.

Абай орыс білімі мен ислам дінінің қазақ қабылдаған құндылықтарын тоғыстыруға ұмтылды және осы негізде заман талаптарына сай қазақ адамын қалыптастыруға шақырды. Абай тұлғасыздандырылған еуропалық білім жүйесінің қазақ қоғамына сәйкес келмейтіндігін анық түсінді және «Адам болуды» негізгі бағдар ретінде қабылдады. Бұрынғы ислам арқылы келген шығыстық «кемел адам» ілімін Абай дәстүрлі көшпелілік кісілік қасиеттермен және еуропалық (ресейлік) біліммен органикалық түрде қосуға ұмтылды. Сол себепті ол Ақыл, Жүрек және Еріктің бірлігіне шақырды. Қазақ адамына мұсылмандық отарлық жағдайда өзіндік менді сақтайтын күш ретінде ұсынылады:

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және қақ жолы осы деп әділетті.

Руза, намаз, зекет, хаж-талассыз іс,

Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс. (Құнанбаев.

Өлеңдер мен поэмалар.-Алматы: Мөр, 1977.-454 б).

Абай бойынша, Алланы сүю адамды сүюге жеткізеді. Адамды Алла табиғатқа жақын етіп жаратқан. «Адамды жаратушы,-дейді ақын,-әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтып ләззат алар едік? Ол көз нәзіктігінен керегіне қарай ашып, жауып тұруы үшін қабақ беріпті. Желден, ұшқыннан қаға беріс болу үшін кірпік беріпті. Маңдай теріні көзден қорғап тұруға керек болғандықтан, басқа тағы керегі бар қылып қас беріпті. Құлақ болмаса, не қоңыр, не күңгір дауыс, жақсы үн, күй, ән-ешбірінен ләззат ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не дәмдінің қайсысынан ләззат алар едік? Бұлардың бәрі біздің пайдамыз емес пе?». Яғни, Абай табиғатпен үйлесімді адамды мұрат тұтқан дәстүрлі қазақ мәдениетінің ұстанымдарын қолдап шығады.

Жалпы руханилыққа ден қою шығыстық және көшпелі өркениеттің айшықты белгісіне жатады. Абай да осы принципті басшылыққа алады. «Жас бала да,-дейді Абай,-анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары. Біреуі -

білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен демелік. Мұның бәрі-жан құмары» (Абай. Шығармалары.-2 т.-154 б.).

Дуалы ауызды Абай үшін туа біткен қасиет (жан құмары)-жибиліде, ал жүре біткен білім (тән құмары)-кәсіби. «Ақыл, ғылым бұлар-кәсіби. Көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдасы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпымен әрнешік өз суретімен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілге суреттемек. Ол-жанның жибилі қуаты дүр». Тәнді жаннан жоғары қоюшылық пендешілдікке жатады. Пендешілдік тобырлық белгілері басым көпшілікке бас иеді. Олар «құзақтай шулайды, қарғадай барқылдайды, ауылдағы боқтықтан ұзамайды». Пенде кісілік қасиеттерін азайтып, хайуан малдан артығы шамалы болып қалады.

Абайдың қазақ мәдениетіне қосқан тағы бір үлесі Ақыл мен Жүректің рахатын заман талабына сәйкес шешуінде жатыр. Бұл мәселе ежелден Шығыс өркениетінде жан-жақты талқыланған. Әл-Фараби мен суфизм фәлсафасында белгіленген екі бағыт кейін де талай ғұламаларды толғандырды. Абайдың пікірі бойынша, ақылды жетілдіру үшін Солтүстіктен Логосты, Білімді қабылдау қажет. 25-сөзінде ол орыс тілі, оның мәдениеті арқылы Еуропа өркениетін меңгеру қажет дейді. Алайда, бұдан Абай Ресей империясының саясатын қолдады деген пікір тұмау керек, ол отаршылық әкімшіліктің итаршыларын қатты сынға алады:

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға.

Ұлттық мәдениеттің қорғаушысы деп Абай Руханилықты, Иmandылықты, Сезімді ұсынады. Ақыл, Ерік және Жүрек таласы соңғысының пайдасына шешіледі.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде өзіндік із қалдырған, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, ұлы Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы, өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас мол мәдени мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев белгілі гуманист ақын, ойшыл тарихшы-шежіреші ағартушы, ғұлама болды.

«Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты тұңғыш кітабы 1911 ж. жарық көрген. Шәкәрімді философ, тарихшы, ойшыл ретінде де танытатын «Үш анық», «Мұсылмандық шарты» атты туындылары, әлеуметтік ағартушылық арнадағы жыр жинақтары мен поэмалары басылып шыққан. Оның сезімді жүрегінен «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» сияқты жиырмаға тарта әсем әуезді әндер туған.

Орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген. Батыс, Шығыс әдебиеттерін жетік білген. Жеті жасынан бастап өлең жазып, өмірінің

ақырына дейін ағартушылық бағыт ұстаған. Абайдың жаңашылдық дәстүрін дамытып, Абайдан кейінгі екінші реалист ақын болған. Шәкәрім шығармасы сан-салалығымен ерекшеленеді. «Жастарға», «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» өлеңдері Абай үлгісінде жазылған. «Өмір», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Анық асық әулие», «Шын сырым», «Арман», «Насихат» өлеңдерінің авторы. Шәкәрім ауыз әдебиетінің суырыпсалма ақындар поэзиясының жазба әдебиетке ауысуына зор қызмет етті. Лирикалық жанр түрлерінің дамуына, мазмұнының өмірмен етене жақындасуына мол еңбек сіңірген. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандарын жазған. «Нартайлак-Айсұлу» поэмасының, «Әділ-Мария» романының, «Крез патша» шығармаларының авторы.

Қазақ даласын асқақ та жігерлі күйлерімен тербеген ұлы күйші-композитор Құрманғазы Сағырбайұлы 1818 жылы Бөкей хандығы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жерде дүниеге келген.

Құрманғазының ғұмыр кешкен уақыты, тіршілікке белсене араласа бастаған кезі мейлінше күрделі еді. Бұл кезең патшалық Ресей жүргізген отаршыл саясаттың ең қарқын алған, әбден құныққан, шектен шыға басынған кезі болатын. Қашанда ел басына келген нәубеттің ауырлық тауқыметі ең алдымен еңсесі биік ерлердің иығына түсетін әдеті. Замана зобалаңы Құрманғазыны да от-жалынымен шарпып бағады. Оның «Кісен ашқан», «Ертең кетем», «Бозқаңғыр», «Пәбескі», «Терезеден-есіктен», «Бозшолақ», «Бұқтым-бұқтым», «Не кричи, не шуми», «Арба соққан», «Аман бол, шешем, аман бол», «Қайран шешем» сияқты күйлері замана басқа салған зобалаңның бір-бір бекеті сияқты. Ол қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, өнерімен із қалдырып отырған.

Құрманғазы өмірге ғашық күйші. Тіршіліктің нұрлы сәттеріне ол балаша қуанып, қалтқысыз сезімге бөлене алады. Оның «Қызыл қайың», «Ақжелең», «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Серпер», «Назым», «Балқаймақ», «Бұлбұлдың құрғыры», «Ақсақ киік», «Төремұрат», «Қуаныш» сияқты күйлері өмірге іңкәр жанның жүрек лүпілі сияқты. (Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005).

Құрманғазыны суреткер ретінде айрықша даралап көрсететін қасиет – ол концептуалды күйші. Бірнеше ұрпақтың тағдырына ықпал ететін заманалық құбылыстарға бойлай үңіліп, ой толғау Құрманғазының рухани болмысына тән. Оның «Жігер», «Көбік шашқан», «Кішкентай», «Ақбай» сияқты күйлері өзі ғұмыр кешкен заманның тарихи-әлеуметтік болмысына берілген күйші философтың бағасы. Сол сияқты «Айжан-ай», «Айда бұлбұл», «Алатау», «Амандасар», «Бас Ақжелең», «Демалыс», «Лаушкен», «Ойбай, балам», «Саранжап», «Теріс қақпай», «Ұзақ Ақжелең» күйлері кеңінен танымал Құрманғазының асқақ рухы бір ғана музыка саласына сиятын құбылыс емес. Мұндай тегеурінді дарынның болмысы біртұтас ұлттың рухани болмысына айғақ бола алады. Ұлт

тағдырындағы тарихи ұлы өзгерістердің барша қуаныш-қайғысы қашанда біртуар перзенттерінің тағдыр-талайымен шендесіп жатады. Бұл, орайда, Құрманғазы өзінің қайталанбас өнерімен ғана емес, өмірімен де туған халқының бүкіл қасиетіне, алмағайып аласапыран кезеңді күйімен сипаттаған суреткері бола білді. (Атырау: Энциклопедия.-Алматы: Атамұра, 2000).

Тәттімбет Қазанғапұлы (1815-1862)-Ұлттық музыка өнері аспанында жарық жұлдыздай жарқырап өткен сегіз қырлы, бір сырлы талантымен, өнерпаздығымен танылған суреткер-күйші-композитор. Ол - қазақ халқының аспапты музыкасында қоңыр күйлердің дәстүрлерін қалыптастырып, тұтас бір мектептің орнығуына мұрындық болған ұлы күйші. Тәттімбет Қазанғапұлының шығарған күйлері «Сарыөзен», «Шайып қалды», «Қосбасар», «Сылқылдақ», «Былқылдақ», «Сарыжайлау», «Азамат», «Азына» т.б. қазақ мәдениетінің бір үлкен бөлшегі. Сондықтан да ол халық жүрегіне берік орнап, сұлулықтың, ізгі дүниенің бір мұрасы болып қалады.

Тәттімбет күйлері өмірді терең түсінген, ойшыл, қиялшыл жанның сыры мен сезімін аңғартады. Ол-негізінен лирикалық композитор. Шығармалары философиялық түйіндерімен астасып жатады, ал музыка тілі көңілге қонымды, тез жатталғанымен орындауға қиын, күрделі болып келеді. Тәттімбет күйлеріндегі лирикалық сарындар, әуен толқындары қазақтың кең даласы мен оның сұлу табиғатын суреттейді.

Мұса Байжанұлы (1835-1929)-әнші, ақын, композитор. Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Жасыбай көлінің маңында дүниеге келген. Жастайынан халық музыкасымен, ауылға келіп-кетіп жүрген әнші-күйшілер өнерімен танысады. Өзі де ән салып, домбыра тартады. Ол домбыра, қобыз тартумен қатар, сырнай мен скрипка ойнауды да меңгереді. Қаладағы оркестрлердің, әншілердің орындауындағы концерттерді қызыға тыңдайды. Бұл оның музыкалық-эстетикалық талғамын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Мұсаның әншілік, композиторлық өнері халық музыкасымен тығыз байланыста дамыды. Мұсаның әлеуметтік теңсіздікті әшкерелейтін «Хаулау», «Шормановқа», «Толғау», «Бұзау зары», «Сүйіндік», туған жер табиғатын суреттейтін «Баянауыл», «Жаздың күні», «Жазда», «Ұлытау», «Сарын»; аңшылық-саятшылық туралы «Тұрымтай», «Қаршыға», «Көгершін», күлдіргі «Құлбай», «Қазан қыздары», махаббатты жырлайтын «Сұрша қыз», «Шолпан», «Сәулем қыздар», «Гауһар қыз», «Ләйлім» атты әндері бар. Сондай-ақ, ол-лирикалық сипаттағы «Қыз күйі», «Қыз-бала күйі», «Қызқарқара», «Қамшылау» сияқты күйлердің де авторы. Мұсаның музыкалық шығармалары-халықтың әншілік-орындаушылық дәстүрі, сондай-ақ, қала әсерінен пайда болған марш, би ырғағындағы туындылар негізінде дамыған. Мұсаның әндерінде қазақ халық әндерінде аса сирек кездесетін құбылыс-классикалық музыканың формасын құрайтын ерекшеліктер «Ақсиса», «Ескендір», «Тұрымтай» әндерінен анық

байқалады. Мұса композитор, әнші ғана емес, өз әндеріне лайықтап, өлең шығарған ақын. Көптеген мысқыл өлеңдерімен қатар «Шал мен торғай», «Бөдене мен қаншыр» атты мысалдары да бар. Қазақ қоғамының әлеуметтік істеріне белсене араласып, ұлт мәдениетіне елеулі үлес қосқан.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қазақтың ғалым-ағартушыларының белгілі еңбектері атап өтіңіз?
2. Абай-философ және ақын, Шоқан-Шығыс мәдениеттерін зерттеуші, Ы.Алтынсарин-қазақ ағартушылығының көрнекті тұлғасы деген анықтамалармен келісесіз бе?
3. «Адам бол!» ұранын тастаған ойшыл кім еді?
4. Жаңа мектептер ашып, қазақша оқулықтарды алғаш жазған ағартушы кім болды?
5. Абай қандай «бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық бол» дейді, соны есіңізге түсіріңіз?

3- МОДУЛЬ. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ӘМБЕБАПТЫЛЫҒЫ МЕН ТӨЛТУМАЛЫҒЫ

11. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XX ҒАСЫРДАҒЫ МӘДЕНИЕТІ

Мақсат: XX ғасырдағы қазақ қоғамындағы күрделі өзгерістерге, қазақ-кеңестік мәдениеті мен тоталитарлық жүйеге ғылыми-объективті баға беру.

11.1 XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлттық ояну мәдениеті

Абайдан басталған қазақ мәдениетіндегі тың сарын XX ғ. бас кезінде ары қарай жалғасты. Қазақ мәдениеті XX ғ. әрі үмітпен, әрі күмәнмен қарсы алды. Дүниежүзілік техникалық және демократиялық прогресс Азия орталығына да жете бастады. Ұлттық идея темір тордағы халықты толғандырып, оны азаттық үшін күресуге ұмтылдырды. Әрине, ұлт-азаттық күреске бүкіл Ресей империясын камтыған революциялық және реформалық қозғалыстар да әсерін тигізді. Алайда Қазақстандағы толқулар тек орыс революционерлерінің ықпалымен болды деу жаңсақ пікір. Бірде-бір ресейлік саяси ұйым мен белгілі қайраткерлер империяны таратып, басқа ұлттарға азаттық әперу туралы мәселе көтермеді. Социал-демократтардың өздері Шығыс халықтарының оянуына панисламизм, пантюркизм айдарын тағып, күдіктене қарады. Мәселе, сонымен бірге Ресейдің халықтары әр түрлі өркениеттерге жататындығында. Батыс христиандарына жақын эстондар мен араб-парсы әлеміне түбірлес өзбек, қазақтардың арасында ортақ мәдени негіз тым аз еді.

Өзіне туысқан халықтардағы сияқты Қазақстандағы мәдени қайтадан жаңғыру патшалық Ресей экспансиясына қарсы шығудан басталды. XX ғ. басында қазақтан шыққан алғашқы саяси қайраткерлердің бірі Міржақып Дулатов қазақ халқының манифесі-«Оян,

қазақ!» өлеңін жариялады. Ол тұңғыш рет халықты ашық күреске шақырған ұран тастады: «Қазақстаннан болған социал-демократтарға бір ауыз сөз айтамын: Еуропаның пролетариясы үшін қанды жас төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқының күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір ұлы тайпа бола тұрып, басқа халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер» (Дулатов М. Оян, қазақ!-Алматы: Алтын Орда, 1991.-10 б.). Міржақып саяси мәселелермен коса өз шығармасында қазақ мәдениетін тұйықтан шығаратын жолдар іздейді. Ең алдымен мәдени тоқыраудың себебін М. Дулатов бодандықтан көреді.

Екі ғасырдың арасында қазақ мәдениетінде пайда болған бір құбылыс кейін өріс алған маргиналдықтың көбеюі. Бұл жерде әңгіме ұлттық мәдениеттен алыстап, үстемдік етіп отырған жат өркениетке қызмет еткендер туралы болып тұр. Болыстар мен тілмаштар, әкімшіліктің маңайындағы неше түрлі пысықтар көптеген жағдайларда «мәнгүрттік» қасиеттерге ие болып, ұлттық мәдениеттен қол үзе бастады. Тағы да «Оян, қазақ!»-қа жүгінейік:

Төбелес, жанжал, керіс әңгіме
Құмар-ақ болып кетті біздің халық.
Тұрады төрелері кекірейіп,
Переводчик онан жаман шекірейіп...
Сатылды ғазиз ұждан аз ақшаға,
Ғәләмәті надандықтың емес пе бұл?
Волост, билік, ауылнайлық, выборнайлық
Қимайтұғын соншама падишаһлық па? (27-29 бб.).

Екі ғасыр арасында қазақтың ұлттық санасының оянуына үлкен әсер еткен тұлғаның бірі-Әлихан Бөкейханов. Ол қазақ хандарының тікелей ұрпағы, ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, қазақтың алғашқы саяси партиясының басшысы, қазақтың бірінші ұлттық үкіметі – Алашорданың көсемі еді. Әлихан Бөкейханов сан қырлы қоғамдық қызметтерімен бірге қазақтың рухани мәдениетін алғашқы зерттеушілердің қатарында танымал. Ол Абайдың шығармашылығы туралы тұңғыш мақаланы жариялады, қазақ эпосы мен фольклоры жөнінде әлі күнге дейін ғалымдарды өзінің ой тереңдігімен таң қалдыратын еңбектер жазды. Солардың ішіндегі құндысы-1899 жылы «Түркістан ведомостыларында» жарияланған «Қырғыздың «Қобыланды» аңызындағы әйел бейнелері» атты еңбегі еді. Әлиханның бұл жерде көтеріп отырған мәселесі бұрынғы қазақтың рухани мәдениетінің бай мұраларына байланысты. Аталған аңызда мұсылмандық дін мен ежелгі тәңірлік түсініктердің қарым-қатынасы, көшпелілер мәдениетіне тән ана мен әйелді қастерлеу, ел намысын пендешіліктен жоғары қою т.б. мәселелері талқыланады.

Шексіз сахара қазақ мәдениетін көптеген жылдар бойы сыртқы жаулардан қорғаштап, өзіндік ерекшеліктерін сақтауға себебін тигізді. Дүлей далада тек жүз бен руға бөлінген тұтас қауым ғана өмір сүре

алатын еді. Қысқаша айтқанда, Әлихан мен Міржақып, Ахмет Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов пен Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді алаштың арыстары өз күресінде халқының ғасырлық мұрасынан қашанда күш-қуат алып отырды.

Қазақтың рухани мәдениеті мен менталитетінде өшпес із қалдырған алып тұлғаның бірі-Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның шығармашылығының негізгі тақырыбы мораль философиясы мен мәдениет ілімін қамтиды. Шәкәрім Абайдың немере інісі және ұлы ақынның мұрасына сүйенген. Ол арнайы оқу орнында оқымаса да, араб, парсы, орыс, шағатай тілдерін өз бетімен үйреніп, осы тілдердегі шығармалардан дала ойшылы тұрғысынан ой қорытқан.

Абай сияқты Шәкәрім де қазақ елін қалай өркениетті, мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынады. Оның ойынша, бұл азаматтық өтеудің басты шарты туған елдің бүкіл тарихи мәдени құндылықтарын жоғалтпай, оларды заман талабына сәйкес қолдану. Шәкәрімнің рухани ізденісінде ежелгі сақ-түрік заманынан қалыптасқан ғарыштық дүниетаным ерекше орын алады. Тәңірі, Нұр, Күн, Табиғат-ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар.

Қазақ мәдениетінде бұрыннан келе жатқан идея-жанның мәңгілігі. Әл-Фараби мен Қожа Ахмет Ясауи, Абай мен Мағжан жалпы Шығыс ғұламалары бойынша, адамның дүниедегі тіршілік ету мағынасы жанның мәңгілігімен айқындалады. Әйтпесе өмір мазмұны жануарлық күн көруден алыс кетпек емес. Әлем мен адамға бағыт беретін жол көрсетуші, мәңгілік пен шексіздіктің кепілі-Нұр. Оған адамның жай ақылы жетпейді, оны аңғару, түсіну, жан дүниесімен қабылдау қажет. Өтпелі өмірден мәңгілікке (фәниден бақиға) көшу, басқа сөзбен айтқанда, бұл дүниеден кету дегеніміз адам жанының Нұрға қосылуы. «Жан,-дейді Шәкәрім,- менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгеретін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса бір түрге түсіп барлықтың ішінде бар болып жүреді» (Үш анық.-«Әлем», 39 б.). Осы негізгі шығармасын Шәкәрім ұзақ дайындықтан соң жазған және ол Жаңа замандағы қазақ кәсіпқой философиясының алғашқы туындысы болып табылады. Бұл шығармада айтылған ойлардың сыры мен астарлы қатпарлары мол. Батыстағы материализм және идеализм тәрізді екі анықпен Шәкәрім шектелмей, өз жолы-үшінші анықты ұсынады:

Еңбекпенен, өрнекпенен
Өнер ойға тоқылса,
Жайнар көңіл, қайнар өмір
Ар ілімі оқылса.

Яғни, басты мәселе-ар ілімі, моральдың төңірегінде. Кәдімгі этиканы Шәкәрімнің «ар ілімі» деп атауында да үлкен мән бар. Себебі оның негізгі категориясы, мәдениеттіліктің тірегі-ұждан. Бұл категорияны түсіну үшін Шәкәрімнен үзінді келтірейік: «Әрине, жаның өлген соң

тазарып, жоғарылайтынына нанған кісі қуанышта болып, жоғалуына нанған кісі өкініште болып біржола жоғалмады-ау деп өлсе керек. Және ұждан жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай болса нанбай, ұждан, совесть құр ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық, қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек.

Ізін білдірмеудің айласын тапса болғаны, себебі өлген соңғы жан өміріне нана алмай ұждан, совесть, жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар. Жан екі өмірде де азығы-ұждан, совесть деумен еш нәрседен кемдік көрмейді. Тіпті бұл жоғарылаудың ең зор жардамы үш анық дегенім осы». (Үш анық.-«Әлем», 44-45 бб.). Шәкәрімнің ұжданы біз жоғарыда айтқан, ежелгі гректегі «каллокагатия», И. Канттың «кесімді императив» ұғымдарымен астас. Ұждан дегеніміз-ынсап, әділет, мейірім.

Ресей патшалығы отарланған қазақ халқын қанды шеңгелінен шығармау мақсатымен үш түрлі қанды қақпанға құрылған түбірлі саясат ұстанған. Олары: қазақ жеріне келімсектерді қоныстандыру тәсілімен тартып алып түпкілікті меңгеру; өздерінің рухани сағын сындыру үшін, христиан дініне шоқындыру арқылы орыстандыру; ең қауіпті нәрсе-қазақтардың ұлттық санасын оятпау, азаматтық сезімін өшіріп рухани құлдыққа таңудың таптырмас құралы территориялық ұстынға негізделген болыстық сатылы сайлау жүйесін орнықтыру арқылы рушылдықтың отына май құйып, өздерімен өздерін жауластырып қоюдан басқа ешнәрсе де емес.

Қазақ зиялылары бұл саясатқа қарсы тұра білді. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ тілінде «Мұсылмандық шарты» атты дінді қазақ мәдениетімен үйлесімді қосуға арналған еңбегін жариялады. Аталған еңбегін жазылу себебін Шәкәрім былай түсіндіреді: «Оқығандарыңыз кітаптан, оқымағандарыңыз молдалардан есітіп білген шығарсыздар. Олай болса біздің қазақ халқының өз тіліменен жазылған кітап жоқ болған соң, араб, парсы кітабын білмек түгіл ноғай тіліменен жазылған кітаптарды да анықтап ұға алған жоқ шығар деп ойлаймын. Сол себептен иман-ғибадат туралы шамам келгенше қазақ тіліменен жазайын деп ойландым. Бұл кітап әрбір қазақ үшін оқуға оңай болып, әрі оларға пайда әрі өзіме сауап болар ма екен деп үміт еттім» (Шәкәрім. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1988.-560 б.).

Шәкәрім ықшамдаған мұсылмандық құқық қағидаларында екі нәрсе қатал сақтанған: а) қазақы салт-дәстүр мен исламдық нормалардың

арасындағы үйлесімдік; ә) жалпыадамзаттық мораль құндылықтарының әмбебаптылығы. Мысалы, адам еркінділігін алайық. Исламның фундаменталистік түсініктері бәрі алдын-ала жазылған деп адам еркіндігіне шек қояды. Шәкәрім еркіндікті жақсылық пен жамандықтың арасындары таңдау деп қарастырады.

Әрине, біз бұл жерде канондық құқықты мұрат ретінде ұсынып отырғанымыз жоқ. Мұсылмандық құқықтың да кертартпа жақтары жеткілікті. Әңгіме канондық құқықтың әдептік-өркениеттік нормалары туралы болып отыр. Және Ресей боданы Қазақстан үшін бұл құқық мәдени қорғаушы қызметін атқарды дейміз. Осы туралы М. Дулатов мынадай сындарлы жолдарын қалдырған:

Әуелі үйренетін бір ғылымың,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның кәміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың.
Екінші хажет ғылымың – орысша дүр,
Өзіңе бек айдалы тіл білуің.
Қараған мемлекеттің низамы не?
Мұны білсең сақталар дүниелігін
Кеш біліп, кенже қалып көп айдадан,
Жібергені сол емес пе жер мен суын.
Жол тауып әлде болса данышпандар,
Дұшманның құлатқай-ды тіккен туын (Дулатов

М. Оян, қазақ!-Алматы: Алтын Орда, 1991.-80 б.).

Тарих аумағынан қарағанда тым қысқа уақыт аралығында (70 жыл – бір адамның ғұмыры) қазақтың ұлттық мәдениеті Кеңес өкіметі кезінде сан қырлы құбылыстарды өз басынан өткізді. 1916 жылдан басталған күрес келесі жылы мақсаттарына жеткендей болды. Өздерін «демократтар» санаған Уақытша үкімет өкілдері сөз жүзінде езілген халықтарға азаттық береміз деді. Қазақ ғұламасы Ә. Бөкейханов революция жасала сала «Жаңарған Ресейдің ерікті азаматтары-қазақтарға» деген өз үндеуін жариялады. Жалпы алғанда, қазақтың ұлттық мәдениетін XX ғ. талаптарына сәйкес қайта құруда «Алаш» партиясының рөлі ерекше болды.

Революцияның бастапқы кезіндегі маңызды мәселенің бірі ұлттық-мәдени автономияға қатысты еді. Ресей революциялық қозғалысының кадеттік, социалистік және коммунистік бағыттарының көсемдері бұл идеяға қарсы шықты. В.И. Ленин болсын, Ф. Керенский болсын территориялық федерацияны желеу етіп, бір орталыққа бағынған Ресейдің империялық мәнін сақтап қалуға тырысты. Большевиктер оған қоса өздерінің аты шулы «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» ұранын басшылыққа алып, ұлттық мүддені шетке шығарып тастады.

1917 жылғы маусым айындағы басылымында «Қазақ» газеті осы мәселені тікелей қойды. Автономияның қазақтарға ауадай қажет екендігін

айтып, оның үш негізі бар екендігіне оқырман назары аударылды (территория, мәдениет және ұлттық ерекшеліктер). 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында Бірінші бүкілқазақтық құрылтай өтті. Оның шешімдері бойынша «Алаш» партиясының бағдарламасы жарияланды. Бағдарламаның кейбір бөліктерінен үзінді келтірейік:

1. «Россия демократиялық Федеративтік Республика болуы керек, оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз әрекет етеді.
2. Қазақтар тұратын аймақтардан құралған автономия Россия Федеративтік Республикасының құрамды бөлігі болып табылады.
3. Россия Республикасында тең праволылық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар еріктілігі болады.
4. Дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең праволы... қазақтардың өзіндік муфтийлігі болуы керек.
5. Билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажетті, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі міндетті.
6. Білім алу – барлығының ортақ игілігі. Бүкіл оқу орындарында білім алу тегін. Қазақтардың өз тіліндегі орта және жоғары оқу орындары, университеттері де болуы керек».

Бұл бағдарлама 5-12 желтоқсанда өткен Бүкілқазақтық екінші съезде құпталынып, осы құрылтайда ұйымдастырылған Алашорда үкіметінің негізгі заңына айналды. Сонымен 1917 жылдың аяғына таман Қазақстан үдеріс жолында талай жетістіктерге жетті және ұлттық төл мәдениетті дамытуға мүмкіндік алды. Қазақ рухани мәдениетінің сол тұстағы деңгейінде «Алаш» қайраткерлері алдыңғы қатарда тұрды. Кейін тоталитарлық жүйе оларға әдейі «контрреволюцияшыл-ұлтшылдар» деп жала жапқан.

XX ғасырдың басында қазақ мәдениетінде жаңа нышандар пайда бола бастады. Біріншіден Ресей Қазақстанды толық отарлау саясатын жалғастырды. Бұрынғы дәстүрлі басқару мен реттеу тетіктерінің орнына империялық заңдар енгізілді. Билер соты өз функциясынан айырылып қалды. Оны әлсірету мақсатында Ресей әкімшілігі билер сотының шешіміне апелляция (шағым) беруді ресми бекітті, яғни барлық мәселені түбінде болыстар мен ояз әкімшілігі шешіп отырды. Алайда кейінгі Кеңес өкіметіндей Ресей дәстүрлік мәдени реттеу тетіктерін толық жоймады.

Ресей өкіметі өзінің Қазақстан жеріндегі мүдде-мұратына қарсы келмейтін, олардың іске асуына кедергі жасамайтын әдептік «аудандардың», принциптердің, нормалардың өмір сүруіне бейтараптық танытты, «көнбістік» көрсетті. Мүмкіндігінше оларды «көрмеуте», «байқамауға», не болмаса «айналып өтуге» тырысты. Мұндай аймақтардың, қағида-жарғылардың тыныштығын бұзбауға, «мазасын алмауға», «қытығына тимеуге» ұмтылды. Тіптен, мұндай әдет-ғұрып нормаларымен жергілікті халықты «игеріп», басқарып, оны «тыныштықты ұстап тұру» мүддесі тұрғысынан келіп, осы көзқарас аясында бағалап, пайдалануға тырысты. Яғни, аталмыш әдеп

нормаларының мәдени-рухани, реттеушілік-басқару, іс-қимылдық бағдар беру потенциалын Ресей мемлекеті мүддесі шеңберінде қолдап, қолданып отырды.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі түбегейлі өзгерістер, сонымен, табиғи жолмен емес, күштеу принципі арқылы жүргізіліп отырылды. XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы – қазақ халқының отаршылдыққа қарсы толассыз көтерілістер кезеңі. Қазақтың дәстүрлі әдептік реттеу тетіктерінің біртіндеп істен шығуы далада тек мінез-құлықтық ретсіздік ғана емес, сонымен бірге ұлттық сананың оянуына әкелді. Қазақ мәдениетінде ұлт-азаттық қозғалыс дүмпуі басталды және бұл қазіргі тәуелсіз Қазақстанға дейін апарған сара жолға жатады.

XX ғасырдың басында қазақтың дәстүрлі мәдениетін өзгерту қажеттігін мойындаған мынадай бағыттар қалыптасқан:

1. Түркиядағы «Танзимат» және Ресейдегі милләтшілдік пен жәдидшілдік идеялары ықпалымен дамыған діни-реформистік ағым (М.-Ж. Көпеев, Ғ. Қараш, Ғ. Мұсағали, А. Әділбайұлы, Ә. Кердері т.т.) Жәдидшілдік атауын қазақ тіліне «жаңару, елдікті сақтау үшін жаңа бағытты ұстау» деп аударуға болады. Осы бағыттың бір өкілі, ақын Ғұмар Қараш былай деген:

Надан шейх діннің соры, күннің соры,
Бір қашпа, надан шейхтан мың кері қаш.
Құран – шам, ақыл – басшы, ғылым - құрал,
Құралсыз шекпе сапар, жолың болмас!
Айырылма жатсаң-тұрсаң Құранды ұста,
Жол бастар қараңғыда ол бір компас».

Бұл бағыт қазақ топырағында жаңа мағынадағы «мұсылманшыл қазақ мәдениетін» қалыптастыруға ұмтылды.

2. «Түрікшілдік бағыт» (М. Шоқай, М.Жұмабаев, Т.Рысқұлов, М. Ходжаев т.т.)

Бұл бағыттың өкілдері түркілік өркениет тұтастығы контекстінде қазақ мәдениетін қалыптастыруға шақырды. Бұл типтің басты ерекшеліктеріне тарихи сананы түркілік тұтастық идеясы негізінде жаңғырту, тәңіршілдік, Батыс пен Шығыстан даралану, қазақ халқы түріктің қара шаңырағының иегері деп мойындау, т.т. жатады. Осы бағыттың басты ерекшеліктері М. Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңінде көрнекті суреттелген.

Ерте күнде отты күннен Гун туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам,
Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.
Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен-Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келемін-
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмейме әлде көзің көр?
Күншығыстан таң келеді, енді көр.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында қалыптасқан келесі бағытқа реформашыл либерал-демократтық сипаттағы тұлғалар жатады және олар Алаш ұлттық қозғалысын дүниеге әкелді (А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов т.т.). Ә. Қодар Алаш қозғалысының руханият саласында үш тенденциясы болды дейді: а) ағартушылық (А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов); ә) көшпелі әлеммен ностальгиялық қоштасу (Ж. Аймауытов, М. Әуезов); б) жаңа ұлттық мифтік шығармашылық (М. Жұмабаев).

Мәдениетке Алаш қозғалысының өкілдері ұлттық мүдде тұрғысынан қарады. Алдымен олар большевизм ұсынған таптық принципті бекерге шығарды және «қазақта тап жоқ» деді. Мысалы 1919 жылы Мәскеуде жарияланған А. Байтұрсыновтың «Революция және қазақтар» атты мақаласында қазақ қауымының мүддесін білдіретін жазушы қалай болу керек деген сұраққа жауапты былай топтастыруға болады:

-Алаш жазушысы бауырмал, қазақшыл, ұлтшыл. Өйткені жұрттың теңсіздігі осы қасиетті талап етеді.

-Қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп ету керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса-жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні қазақтың қасындағылары қыңсылауды қояды.

-Мәдениет алға басу тіршілік ісі шеберленуімен, сана-саңылауы күшеюімен болады. Тіршілік ісінен шыққан шеберлікті-өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді-ғылым дейміз. Бұл екеуі де үйренумен табылатын нәрсе.

-Оқу ісі сабақтас әдебиетпен: оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді.

-Қалам қайраткерлерінің жұмысы-әдебиет, әдебиетсіз оқуда қуаттану жоқ, оқусыз мәдениетте қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазаққа қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ.

-Азаттық асылы-мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі-оқу мен әдебиетте.

-Жазушыларымыз бытыраңды болмай, ұйымдасып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері берекелі, өнімді болар.

Алаш қозғалысы ұсынған қазақ әлеуметтік мәдениетін реформалау жобалары тоталитарлық мәдениетте жүзеге аспай қалғаны белгілі

11.2. Социалистік жүйе және қазақ мәдениеті

Социалистік құрылыстың теріс әсерлері, әсіресе, қазақы әдеп пен мінез-құлық жүйесіне тиді. Ұлан-ғайыр, кең-байтақ жерді иеленіп келген қазақ табиғатынан батыр мінезді, бостандық пен еркіндікті қастерлеген қайсар халық еді. Бірақ 270 жылға созылған тәуелділік жылқы мінезді

халықты момын, қой мінездіге айналдыра бастады. «Жаман үйді қонағы билейдінің», «Есіктен кіріп, төр менікінің» күйіне түсе бастады. Озбырлық саясат нәтижесінде халқымыз құнарлы, сулы, нулы жерлерінен шөл, шөлейт жерлерге ығыстырылды, тек мал бағумен күн кешкен елге күн көрудің өзі қиын болды. Бұрын «у ішсең-руыңмен», «ағайынның аты озғанша-ауылдастың тайы озсың» деп, елдік пен бірлікті мұрат еткен қазақтардың арасында өзімшілдік, дарашылдық өріс алды. Кейбіреу ақты-қара, қараны-ақ деп бірінің үстінен бірі арыз жазса, басқалары бастықтың алдында майлы қасықтай құрша жорғалап, жылпылдаған жағымсыз қылықты бойына дарытты. Шолақ белсенділер, «пысықтар», «шаш ал десе, бас алуға» дайын тұратындар пайда болды. «Адам адамға дос, бауыр», «Барлық адам тең құқықты» деп ұрандатқанымен, қолында билігі барлардың арасында екіжүзділік, озбырлық, тамыр-таныстық, жүгенсіздік, паракорлық өріс алды. «Ортақ мүдде жеке адам мүддесінен жоғары» деген ұран адам бостандығына нұқсан келтірді, «қуыршақ-адамдарды» көбейтті. Әкімшіл-әміршіл жүйе «ескінің қалдықтарымен күресуді» желеу етіп, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасын жойып жіберуге барынша тырысты. «Малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деп келген халықтың ішінен сан мыңдаған мәңгірттер шықты.

Большевиктер орнатқан тоталитарлық жүйе қазақ халқының (Ресейдің басқа халықтарының да) азаттық алу, мәдени өркендеу мүмкіндіктерін құлдыратып жіберді. XX ғ. ең сұмдық қылмыстардың бірі Кеңес Одағында жасалды. Тоталитарлық жүйе өз халқына қырғын салып (геноцид), оның этно-мәдени тұтастануына орасан зиян келтірді. Адамзаттың бүкіл тарихында ешбір саяси өзгеріс нақ осындай сүргінге әкелген жоқ. XX ғ. екі социалистік эксперимент (фашистік ұлттық-социализм және коммунизм) 100 миллионнан астам адамды қырды. Этнобірігу және мәдени эволюцияны бекерге шығаратын большевиктік идеология мен практика бұрынғы Ресей империясы топырағындағы халықтардың ғасырлар бойы жинақталған мәдени құндылықтарын талан-таражға салды. Бұл, әсіресе, қазақ тағдырынан анық көрінеді.

Ұлттық-мәдени тұтастануға кеселін тигізген төмендегідей большевиктік тәжірибелерді атап өтейік:

Белгілі демограф Мақаш Тәтімовтың есептеуі бойынша, тоталитарлық жүйе кезінде қазақтар шетелдерге біржолата көшіп кеткендерін қоса санағанда 4,5 миллион адамынан айырылған, яғни бүкіл халқының үштен екісін жоғалтқан. «Пайыздық қатынаста,-дейді М. Тәтімов,-Қазақстан қасіреті Батыс Армения қасіретінен, Еуропадағы фашизмнің еврейлерді жоюынан, Камбоджадағы зұлматтан да асып түсті». (Демографиялық кескін.-«Қазақ», 66-67 бб.).

Этномәдени экспанция. Патшалық Ресей империясы бастаған миграциялық саясатты Кеңес өкіметі де дәйекті жүргізді. Геноцид нәтижесінде қаңырап бос қалған кең дала келімсектермен толтырылды.

XIX ғ. ортасында өз жерінде 92%-ын құраған жергілікті ұлт өкілдері 1959 жылғы санақ бойынша 29%-ға дейін төмендеді. Мұның өзі 1916 жылғы қырғынның, азамат соғысының, Ф. Голощекин жүргізген «Кіші Октябрь» саясатының, 30-жылдардағы аштықтың, тың және тыңайған жерлерді игеруге сырттан жүз мыңдаған бөгделердің келуінің салдары екені белгілі. Этномәдени экспанция: «феодализмнен социализмге бірден секіру» үшін аймақты индустрияландыру қажет, ал бұрынғы көшпелілер техникаға жетік емес, сондықтан орталық аудандардан кәсібилерді шақыру керек дегенді желеу еткен. Мигранттардың көптеп көшіп келуі қазақтардың дәстүрлі мәдениетін шайқалтып, оның өрісін тарылтты. Әрине, этномәдени экспанцияның жағымды жақтары да болды (білімділік деңгейінің көтерілуі, экономикалық даму, мәдени диалог т.б.). Алайда, таразының екі басы тең емес еді.

Қазақ кеңес мәдениеті туралы әңгіме еткенде оның тарихи ерекшеліктері мен өзіндік белгілеріне тоқталып өткен жөн. Егер бұрынғы қазақ мәдениетін дәстүрлік өркениет деп бағаласақ, онда тоталитарлық жүйеде ұлттық негіздерді жойып жіберуге бағытталған большевиктік шараларды ескеру керек. «Тағдыры ортақ жаңа қауым», «тарихта бұрын болмаған адамдардың жоғары бірлестігі-кеңес халқы», сондай-ақ, «мазмұны пролетарлық және түрі ұлттық социалистік мәдениет» ұрандарын басшылыққа алған идеологтар мен саясатшылар рухани мәдениеттің тамырына балта шапты. Ерте заманның өзінде атақты Аристотель мазмұн мен форманың бірлігін дәлелдесе, революционер марксистер мәдениеттегі ұлттық мазмұнды бекерге шығарды.

Шын мәнінде, ең алдымен, мәдени туындының мазмұны ұлттық болып табылады. Өйткені мәдени қайраткерлер өз шығармашылығында нақтылы ұлттық көкейкесті мәселелерді көтереді; қандай абстрактылы шығарма болғанымен, оның тамыры этностық фольклордан, халықтық педагогика, этика, дүниетанымнан нәр алады. Жоғарыдағы «социалистік» мазмұнды көмкерген ұлттық форманы Сталин тек тілге әкеп тіреген. Олай болса, өз ұлтының тарих-талғамын орыс тілінде жазған Ш. Айтматов пен О. Сүлейменовты қалайша ұлттық мәдениеттен аластаймыз. Әдеби тілден басқа әр этностың өзіндік рәміздері, таңбалары, музыка, театр, көркемөнер тілі бар.

Әр этностың төлтума мәдениетіне үлкен нұқсан келтірген большевиктік «тәжірибелердің» бірі-ұлтаралық некелесуді дәріптеу. Әрине, табиғи-тарихи жағдайларда бұл-прогрессивті процесс, дүниежүзілік мәдени сұхбаттасу ағынының бір бұлағы. Әр түрлі этностардың, тіпті нәсілдердің араласуы нәтижесінде қазіргі әлемде көрнекті рөл атқаратын американдар, бразилиялықтар, мексикандар, үнділер сияқты халықтар қалыптасты. Этнобиологиялық және этноинтеграциялық тұтастануды оқшаулану деп түсінудің ауылы ақиқаттан алыс.

Алайда, Кеңес Одағында бұл үдеріс өктемділікпен жүргізіліп, империядағы басқа халықтарды орыстандыру саясатында өтгі. Саяси-идеологиялық ұрандардың желеуімен 200-ден астам этностар араластырылып жіберілді. «Нәтижесінде жүзге тарта төлтума мәдениет мәңгілік жоқ болып, жұмыр жердің мәдени-рухани болмысы солғын тартты. Осынау жойқын да жойдасыз қасіреттің орнында мындаған жылдар бойы қалыптасқан төлтума мәдениетін әбден таптап, химералық күйге жеткен 300 миллион тобыр қалды; басқа ұлтпен некелескен 60 миллион дүбара қалды; 60 мың тірі жетім балалар қалды (тіркеуге алынғаны ғана); абақтының тұрақты тұрғындарының саны 20 миллионға жетті» (Тарақты А. Ауызша тарихнама.-«Қазақ», 36 б.). Шын мәнінде, Кеңес Одағы маргиналдар қоғамына айналды.

Әр ұлттың мәдени архетиптерін шайқалту Кеңес Одағында мемлекеттік саясат дәрежесінде нысаналы түрде жүргізілді. Мысалы, 1951 жылы Орталық мұсылман халықтарының «Деде Қорқыт», «Алпамыс», «Манас». «Ер Сайын», «Шора Батыр», «Қобыланды» сияқты эпостарын діншіл және ақсүйектік деп жариялап, оларға тыйым салды. Халықтық мәдениетті қудалаудың сорақы бір көрінісі-домбыраны феодализмге апарып тіркеу.

Тоталитарлық жүйенің мәдениет саласында жүргізген саясаты тек кеңестік ұлттарды «тазалаумен» шектелген жоқ. «Жаңа коммунистік мәдениетті қалыптастыру» дегенді басшылыққа алған партократия дүниежүзілік озық мәдениет үлгілеріне тосқауыл жасады. Белгілі «темір пердемен» қоршалып қойылған КСРО-да таза пролетарлық мәдениет дәріптелді; бүкіл Батыс-буржуазиялық, ал Шығыс-ескішіл феодалдық деп жарияланды. Мұның бір дәлелі-Отан соғысынан кейін сталинизмнің жүргізген шаралары. «Космополиттік мәдениет», «империализм ықпалдарына түскен» ғылымдар қатарына кибернетика, генетика, тілтану т.б. қойылды.

Қорытып айтқанда, большевиктік «мәдени революция» Жер шарының 6-дан бір бөлігінде «кеңестік адам» атты, бұрын-соңды болмаған, адамдардың айрықша түрін қалыптастыруға бағытталды. Бұл туралы Шыңғыс Айтматов шеберлікпен суреттеген мәңгірт бейнесін еске алайық. Тарихи дәстүрден мүлдем айырылған мәңгірттер қаптап кетті.

Бір ғасырға жуық созылған бүкіл осы кезенді тек қара бояумен суреттеуден аулақпыз. Қазақстанда кеңес өкіметі жылдарында мәдени салада едәуір жетістіктер де болды. Партия саясатын түсіну үшін елге «көзі ашық», сауатты азаматтар керек еді. Ресей сияқты бұрын негізінен сауатсыз империяда халыққа білім беру жүйесі бірталай табыстарға жетті. Әрбір одақтық республика өз Ғылым Академияларына, мемлекеттік университеттеріне, институттарына ие болды. Жоғары басқару жүйелері негізінен орыстарға сүйенгенімен, «жергілікті ұлт өкілдеріне» де мұқтаж еді. Оларды даярлау Ресейдің орталық аудандарында жүргізілді. Мұның

нәтижесінде көптеген ұлт өкілдерінің еуропалық мәдениет және білімге қолдары жетті.

Баспасөз, газет-журналдар шығару, радио хабарларын тарату, теледидар, кезінде «от арба», «сиқырлы машина» деп жүретін ауыл тұрғындарына жете бастады. Қазақстанның мәдени өмірінде ұлттық опера, балет, драма, симфониялар пайда болып, ауқымы кеңі түсті. Қазақ бұлбұлы Күләш Байсейітова, шебер биші Шара, кәсіпқой сахна жұлдыздары Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Шәкен Айманов т.б. өз өнерлерімен халық дәстүрін жаңа заманға лайықты жалғастыра білді.

XIX ғ. ортасынан кейін қалыптаса бастаған жазба әдебиеті де кеңес өкіметі жылдарында біршама табыстарға жетті. Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Мұқағали Мақатаев сияқты көптеген ақын-жазушылар, социалистік реализм мен тап күресі идеологиясының шеңберінен шығып, өз шығармаларында халықтың көңіл-күйін, арман-тілегін, тыныс-тіршілігін шебер суреттей білді.

Осы жылдары қазақ халқының мәдени тарихын зерттеп-білуге бағытталған біршама әрекеттер жасалды. Бұл ретте қазақ эпосының негізінде көрермендерге ұсынылған «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қалқаман-Мамыр» сияқты опера, көркем фильм, балеттерді атап өтуге болады. Тарихи ескерткіштерді қорғау, сақтау, Қазақстан тарихын көрсету мақсаттарында республикада көптеген мұражайлар ұйымдастырылды. 80-жылдарда республикада 47 мұражай, оның ішінде 29 өлкетану, 5 тарихи-мемориалдық, 4 әдеби-мемориалдық, 4 өнертану, 1 этнографиялық музей жұмыс істеді.

Алайда тоталитарлық жүйе Қазақстан халықтарының мәдени толысуына ынталы емес еді. Мұны, әсіресе, мәдениеттің өзегі тіл мен дінге байланысты жүргізілген саясаттан көруге болады. «Феодализм мен алғашқы қауымдық құрылыс қалдықтарымен күресуді» желеу еткен Орталық 20-жылдардан бастап мешіт пен медресе мүлкін тәркілеп, діни өкілдерді қуғынға ұшыратты. Ондаған түрік халықтары алдымен латын, кейін славян алфавитіне көшірілді. 1927-1928 жж. билер соты жойылып, дәстүрлік заңдар жарамсыз деп жарияланды. Мәдениеттің таза партиялылығын жоғарыдан бақылаушы ұйымдар қатты қадағалап отырды. Баслит (цензура) мен Басрепертком баспасөз бен театрларда социализм идеяларына сәйкес келмейтін шығармаларға тыйым салды.

Социалистік мәдениеттің басты кемшілігіне жүйеорталықтық ұстанымды қолдау жатады. Яғни, қоғам мүддесі жеке адам мүддесінен жоғары қойылады. Бұл жүйеде адам құқықтары кейін шегіндіріледі. В.И. Ленин айтқандай, жалғыз моральдық критерий коммунизм үшін күрес болып табылады. Бұл иезуитшілдіктің жаңа түріне әкеледі. Мақсат барлық құралдарды ақтауға себеп бола алады. Социалистік әдептің мәдени негізінде теріс таңбалы сенім мен наным жатыр. Бұл жүйеде

жазылған заң құдай сөзі іспеттес болып келеді. Дүние күйіп кетсе де нұсқау-инструкция орындалуы қажет. Сөз жүзінде құдайды терістегенімен, социалистік жүйеде діннің барлық белгілері болды (пайғамбарлар, рухани көсемдер, идеологияны жүзеге асырушылар т.т.).

Әрине, бұл заманда қазақ мәдениеті таза құлдырау жағдайында болды деу сыңаржақтылық болар еді. Жалпы сауаттылықтың артуы, қалалардың өсуі, орыс тілі арқылы әлемдік рухани мұрамен таныса бастау әмбебап әдептілік жүйесін қалыптастыра бастады. Қазақстанда кәсіби философтарды дайындау ісі де жүргізілді. Бұл қазақ этикасын зерделеген кәсіби мамандардың пайда болуына оң ықпалын тигізді. Қазақстан әдептанушылары мораль философиясы және қазақ этикасының тарихы мәселелерімен шұғылданды.

Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастарды енгізу мен азаматтық-құқықтық қоғам құру міндеттеріне байланысты кәсіптік этикалық алғашқы зерттеулер жарияланды. Бұл еңбектерде еліміздегі моральдық ахуалға ғылыми талдау беріліп, өтпелі қоғамға тән ауытқушыл қылықтың өрістеп кетуінің себептері мен халықтың әдеп мәдениетін жоғары деңгейге көтерудің жолдары қарастырылды.

Азаматтық қоғам бірден жеке меншік институтының дамуы және индивидтер мүдделерінің өзара әрекеттері нәтижесінде қалыптаспайды. Субъективтік сипаттамаларды қабылдауға себебін тигізетін, меншік формаларының жеке тұлға құқықтары мен еркіндіктерінің либерализациясы қоғамның демократиялық жаңғыруының негізгі факторлары болып табылмайды, адамгершілік қатардағы факторлар одан да мәнділеу. Шынында да, оның негізінде экономикалық еркіндік пен азаматтардың іскерлік белсенділігі жататын нарық жүйесі, рухани мәдениеттің шектеуші күшінсіз, қоғамдық өмірді «бәрінің бәріне қарсы күресіне» айналдырып жіберуі мүмкін. «Құқықтық қоғам» деп аталатын, шындығында бәрі үшін ортақ мақсат, жалпыадамдық, корпоративтік және жеке мүдделер мен құндылықтардың үйлесуін жақтайтын, мәдениеттің дүниетанымдық қағидаттарына негізделген адамгершілік ұстанымдары арқылы «тұрақтанып» тұр. Тұтас халық пен дәуірдің құндылықтарын ашып көрсететін, адамгершілік әмбебаптары қоғамдық пен адамдықтың үйлесуінде құрастырылған.

Кеңес Одағы кезіндегі әдеп ахуалын тікелей қарастырудан бұрын тоталитарлық қоғамның моральдық негіздеріне қысқаша тоқталып өтейік. Бірішіден, адамзат тарихындағы барлық қоғамдарды қауымдасу негіздері бойынша екі түрге (ынтымақтастықтың келісімді тәртібі және күш көрсетуге сүйенетін тәртіп) бөлуге болады. Егер біріншісін-тұлғаорталықтық қоғам десек, екіншісі-жүйеорталықтық әлеуметтік құрылымға жатады. екіншісіне жасандылық тән, сондықтан оны «құрылыс» (үлгі бойынша жасалған) деп атайды. Осы жүйеорталықтық әлеуметтік қауымдасудың қисынды шегіне жеткен түрін тоталитаризм деп атайды. Фашистік тоталитарлық мемлекеттің негізін қалаушылардың

бірі Б. Муссолини оған мынадай сипаттама береді: «Бәрі мемлекет үшін, мемлекеттен өзге және қарсы ештеңе болмауы керек», тоталитаризмнің Ресей большевиктері жүзеге асырған сталинистік партия-мемлекет үлгісі жеке адам түгіл бүкіл қоғамнан жатсынған және қоғамды басып тастаған.

Көпшілік әдебиетте кеңестік тоталитаризм мен К. Маркс ұсынған «Қоғамды коллективистік рухта қайта құру» феномендері жиі шатастырылады. Бұл К. Маркс еңбектерімен сырттай таныс болудан шығады. К. Маркс өзінің «1844 жылғы экономикалық және философиялық қолжазбаларында» қоғамдық дамудың мақсаты «еркін индивидуалдық» деген және коллективті жан-жақты дамыған индивидтердің ассоциацияланған бірлестігі деп түсіндірген. Неміс ойшылы «тұрпайы коммунизмді» қатал сынға алған. Әрине, марксизм классиктерінде дара адамдардың қауымдасуының орнына тап күресін, пролетариат диктатурасын ұсыну сияқты қазіргі заман тұрғысынан теріс пікірлер де кездеседі. Большевиктер орта ғасырлардағы схоластар Аристотельге қалай қараса, Маркс мұрасына да солай қарады. Жасампаз идеялар жасырылып, конъюктуралық ұстанымдар бірінші қатарға қойылды. Осы себепті ресейлік марксизм шегіне жеткен антигуманизмге (Альтюссер) айналды. Қазіргі телесериалдарға ұқсас айтқанда, Ресейде мутацияға ұшыраған марксизм жеңіп шықты. Пролетариат диктатурасының атын жамылған партия көсемдері мен бюрократиясының диктатурасы өмірге келді. Кейін бұл жүйе әлем халқының үштен бірін қамтыды және бекерден бекер ол «лагерь» деп аталған жоқ. Лагерьде моральдық еркіндік пен ынтымақтасқан қауым туралы сөз қозғау артық.

Коммунада бәрі араның ұясындағыдай: аналық ара, жұмысшы-солдаттар, қуылған және аластатылған дарашылдар. «Коллектив мүддесі жеке адам мүддесінен жоғары қойылады» және ауыстырылмайтын адам болмайды. Сталинге жазған хатында Ф. Раскольников «Сіз адамды жек көретін социализмді жақтайсыз» деген екен. Тек бір ғана адам еркін бола алады. Ол-харизматикалық көсем. Шын мағынасында ол-Әзәзіл. Жеке адам мемлекеттік машинаның тетігі ғана. Ең жақсы мінездеме-«революция солдатты».

Тоталитарлық қоғамдағы адамдық даралықтың шектелуі Кеңес Одағында қатал бақылауға қарамастан жеке дара тұлғалар қатарынан наразылық тудырып, қарсылық қозғалысын дүниеге әкелді. Олардың арасында зиялы қауымның еркін ойларын, катокомбалық өнер мен тұлғааралық қарым-қатынаста өрістеген саяси анекдоттарды, диссиденттер әрекеттерін атап өтуге болады.

Тоталитарлық құрылыс идеологтарының терминін қолдансақ, онда адам үшін күрес «мәдениет майданында» да жүріп жатты. Социалистік қоғамда ресми функционерлер («шолақ белсенділер») мәдениетті идеологиялық құбылыс деп түсініп, абстракты «коммунистік тұлға» дегенді тәрбиелеу құралы ретінде насихаттады. Мәдени қаһармандар «ақ» пен «қызыл» саяси жіктемесі бойынша «үстем тап өкілдері» мен

«еңбекшілер мүдделерін қорғаушылар» болып жасанды екі топқа бөлінді. 50-і жылдардың ортасына дейін Абайды бейнелеудің өзі патриархалды-феодалдық тұлға деңгейінен шықпай қалды. Дегуманизацияға ұшыраған социалистік қауымды сол себепті «тарихи қателік» деп бағалаудың негізі бар.

Енді тоталитарлық қоғамдағы қазақ мәдениетіне тікелей көшсек, онда мынадай үрдістерге назар аударған жөн:

- Кеңес Одағының басқа да халықтарындағы сияқты қазақтың төлтума мәдениетіндегі дәстүрлі әдептің ғасырлар бойы қалыптасқан тетіктері шайқалып, аномиялық жағдай мен тұлғасыздандырылу өрістеді. Қ. Әбішевтің тілімен айтқанда, қазақтың мәдениеті жат болмыста әрекет етті.

- Тоталитарлық қоғамдағы дәстүрлі қауымдасу мен даралану нормаларын өзгерту күш көрсету мен жасанды схемалардың тар шеңберлері арқылы жүргізілді. Осы жөнінде Елбасының «Тарих толқынында» атты кітабында мынадай ой айтылады: «Олардың түпкі негізінде кез келген тоталитарлық доктринаның жан түршіктіретін табиғи және тарихи кінараты – адамның жеке басы мен адамдар қауымының кез келген жоспар бойынша ондауға да жондауға да бола береді дейтін түсінік жатады. Өзгені былай қойғанда, мыңдаған жылдар бойы жинақталған қазынаны тас-талқан қылып қиратып, «жасаймыз жаңа дүние» дейтін тоталитаризмнің ең танымал гимнінің өзі-ақ осыған айқын дәлел» (Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра, 1999.-65 б.).

- Тоталитаризм дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан қазақ адамын «Мен» дегізгерлік әдептік қасиеттерінің тарихи құндылықтарына (еркіндік, азаттық, қонақжайлылық, мәмілелік, тәубешілдік, қауымдық ынтымақтастық, үлкенді сыйлау, т.т.) орасан зор нұқсан келтірді. Әдептік сана әлеуметтік-таптық санамен ауыстырылды. Халық ғасырлар бойы құрмет тұтып келген хандар, билер, шонжарлар, батырлар, діни әулиелер, т.т. (Абылай, Кенесары, Алаша хан, Жәнібек хан, Қасым хан, Қазыбек би, Төле би, Айтеке би, Ясауи, Қорқыт т.б.) нигилистік деструкцияға ұшырады. Елбасы кітабынан осы туралы тағы бір үзінді келтірейік: «Тоталитаризмнің өзге бір «тамаша формуласы»-ұлттық сананы әлеуметтік-топтық санамен алмастыру. Сонда ұлттық сананы тастай қып бекітетін ұйытқыны қалай ірітпек керек? Мұның бірден-бір тәсілі-ұлттық тұтастықтың орнына топтасқан тобырды әкеліп қою. Жағдайдың насырға шапқандығы сондай, осы күнгі баз біреулердің өзі ата-тегін «заңгердің баласынан» бермен қарай тартатынын еске түсіретін еді. Ұлттық сана-сезімді талқандаудың қосымша тетіктері ретінде неше түрлі мифтер мен жағымсыз үлгі өнегелер іске қосылды» (Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра, 1999.-65 б.).

Тоталитаризм уақытында қазақтың тек әдептік қауымдасу негіздері ғана емес, оған қоса кісілік даралану типтері мен мендік сана-сезімінде

теріс қылықтар көбейіп кетті. Мемлекеттік «казармада» адамның тектілігі оның шыққан әлеуметтік тобымен айқындалады. Анкеталарда «әкешем жұмысшы болды» деп жазуға көп адамдар ынталанған.

Тоталитарлық қоғамдағы мәдениеттің органикалық формаларының бұзылуы туралы көп дәлелдер мен деректер келтіруге болады. Алайда жағдайды қара бояумен суреттей беру де сыңаржақтылыққа жатады. Жоғарыда аталып өткендей, тоталитаризм «қазақ адамын» мүлдем өз ыңғайына көндіріп, орындаушы мәңгүртке айналдыра алмады. Осыған дәлелдер мен мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Қатал сынға ұшыраған қазақтың әдептік-мәдени құрылымдары (қауымдық және тұлғалық деңгейде де) өзіне тән ынтымақтастық, кісілік пен сұхбатшылдық құндылықтарын сақтап қалды. Оны бірнеше себептермен түсіндіруге болады.

Біріншіден, Қазақстанда индустрализация жүргізіліп, қалалардағы тұрғындардың саны артқанымен қазақтардың басым көпшілігі ауыл-селода қоныстанды. Нақтылы тарихи жағдайда, осы кеңестік 70 жылдың ішінде қазақтың төлтума мәдениеті ауыл-селоларда өз бітімін сақтай алды, маргиналдыққа кем ұшырады, дүбаралық қатынастар аздау болды. Қысқаша айтқанда, ауыл тоталитарлық қоғамда да қазақ мәдениеті үшін ұйытқы болды. Қазіргі қазақ зиялыларының басым көпшілігі ауылдан шыққандар.

Екіншіден, Кеңес Одағында жүргізілген мәдени революцияның жағымды жақтары да болды. Жалпы сауаттылықтың қалыптасуы мен білім-ғылым ордаларының ашылуы, ұлттық кадрларды дайындау қоғамның мәдени деңгейін көтерді. Көзі ашық қазақ зиялылары тоталитарлық бақылау жағдайының өзінде қазақтың әлеуметтік мәдениетін жетілдіруге үлкен қызмет атқарды. Мысалы Қ. Кеменгерұлы: «Бұқарашыл орыс қиялиларының жеке дара ұстаған жалпы бақыт-махаббатына көтермеші болмай, таза Жапония жолымен жүріп, бірлік-берекеден айырылмай, ұлтшылдықты сақтау керек», - деді. Тағы бір ескеретін жәйт: коммунистер өзінің Батысқа қарсы текетіресінде Шығысқа иек артқысы келді. Қазақ зиялылары осы ұстанымды пайдаланып, жалпы Шығыстың (соның ішінде-қазақтың) азаттығын армандады. Мысалы, кейбіреулер «кеңесші» деп атайтын Сәкен Сейфуллиннің өзі-«Күн Шығыстан атады!» деді.

Пысықтау сұрақтары:

1. Өнердің, білім мен ғылымның Кеңестік Қазақстандағы дамуы қалай болды?
2. XX ғасырдың басында Қазақстандағы ұлттық мәдениеттің бағыттарына баға беріңіз?
3. Тоталитаризм мәдениетке қалай әсер етті?

4. Маргиналдық және мәңгүрттіктің байланысын көрсетіңіз?
5. Мәдени геноцид ұғымы нені білдіреді?

12. ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДІК ҮДЕРІСТЕР АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы тәуелсіздік жылдарындағы мәдени үдерістеріне талдау беру және ел мәдениетінің әлемдегі орнын анықтау.

12.1. Тәуелсіздік және заманауи Қазақстан мәдениетінің әлемдегі орны

Шын мәнісінде, 1991 жылдан Қазақстан үшін Күн атып, тәуелсіздік заманы келді. Қазіргі постиндустриалдық қоғамда әдеп негіздерінің, тұлға мен қауымның, әлеуметтік тұтастықтардың арасалмағы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Ақпараттық қоғамда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін даралану үдерістері бұрын-сонды болмаған қарқынға ие бола бастады. Жаңа әлеуметтік жағдайда коллектившілдіктің бұрынғы формалары (социализм, корпоративтік құрылымдар, аграрлық мәдениеттен қалған қауымшылдық, т.т.) өздерінің нормативтік мүмкіндіктерінен айырылып, тарихи шектілігін анық аңғартты.

Бұл мәселені басқаша қарастыратын ұстанымдар да жеткілікті. Әсіресе, этноцентристік дүниетанымда жекешілдік, Меншілдік ұлт мүддесіне қарсы келеді деген ой айтылады. Қазақ ұлтының жалғыз мемлекетінде бірегейлену этникалық деңгейінде өту керек делінеді. Алайда, ұлттық бірегейлену абстрактылы ұран болып қалмауы керек. Ұлттың өзі адамдық Мен төңірегінде заман талаптарына сай модернизацияға ұшырап отыруы қажет. Мысалы, Орталық Азияның постсоциалистік ұлттарын нақтылы алсақ, онда олардың капиталистік те, социалистік те, демократиялық та, монархиялық та тәжірибелері жоқ екендігіне көз жеткізу қиын емес. Басқаша айтқанда, патриархалды-рулық өзіндік сана мен тоталитарлық құрылымдардың тарихи тұйыққа апарып тірейтіні сөзсіз. Әрине, жоғарыдағы ойларды тек оппозицияның өкілдері ғана емес, сонымен бірге ресми билікті жақтаушылар да айтады. Қазақстан сияқты жаңарушы қоғамда азаматтық құрылымдар бірден пісіп-жетіле салмайды. Жекешіл дүниетанымды орнықты ету орасан зор талпыныс пен ерікті қажет етеді. Осы мәселенің мәдени жақтарына назар аударайық.

Қазіргі кездегі өркениет қоршаған ортаны, әлеуметтік сипаттағы тұрмыстық жағдайды қайтарымсыз түрде өзгертуде. Осы тұрғыда мәдениет көбінесе қоғамдық жаңару бастауы, шығармашылық өмірді қалыптастыру факторы ретінде көрініс табады. Мәдениетті адамның өзін-өзі жүзеге асыру құралы ретінде қарастыру арқылы, ондағы тарих пен адамға айтарлықтай әсер ететін импульстарды анықтай аламыз. Әлемге жетудің эвристикалық құралы идеология, экономика немесе саясат емес,

мәдениет болып табылады. Жер жүзінде өзіндік мәдениет нұсқасын қалыптастырмаған халық жоқ. Өзін-өзі сезіну, өзіндік сананы түсіну мәдениетке әу бастан-ақ тән, ол адам болмысының өлшемсіздігі мен тереңдігін білдіреді.

Осының барлығын ескере отырып біз мынаны айтуымыз керек: «американдану», «еуропалану» да біздің жол емес, ескішіл, фанатик болып, қайтып келмес көшпенділікті аңсау да орынсыз. Біз екі бұрынғы рухани элитаның екі буынының да тәжірибесін, тәсілдерін ұштастырып қолдануымыз қажет. Жаппай вестеризация, рухани азу ықпалы күрт өскен жағдайда, оған төтеп беру үшін руханият, өз дәстүріміз бізге қорған болады. Сөйтіп қана зиялылары, басшылары ұлтты дағдарыстан алып шыға алады.

Ендеше, ХХІ ғ. ұлттық мәдени трансформация кері жылжу емес, біреуді қайталау да емес, жаңа жағдайда шығармашыл ізденіс біздің бүкіл аймақтық мәдени, әлеумет, саяси трансформация процестеріне үлкен өзгеріс, ілгері басу, гүлдену әкеледі.

Рухани кеңістікті құрайтын ұлттық идеяның элементтері көп. Солардың ішіндегі оның мәнін терең де ауқымды анықтайтындар бұл ұлттық философия мен әдебиет; мәдениет пен оның түрлері, рухани қазынанның басқа да элементтері осы екі үлкен тұғырлардың айналасында өрбиді, дамып отырады. Олардың даму деңгейі, қоғамдық өмірге тигізетін әсері және қоғамдық сананы белгілеудегі алатын орны ерекше. Дамыған елдердің тәжірибесі осы ойды айғақтап отыр, оған көптеген мысалдар келтіруге болады.

Қазір Батыс елдері үлкен дағдарыста деп мойындайды кейбір батыс ойшылдары. Қазіргі кезде бала туу деңгейі ең аз жиырма ұлттың он сегізі – еуропалықтар. Еуропадағы бала туудың орташа деңгейі соңғы кездері 1,3 адамға дейін түсіп кетті. Ал халықтың тым болмаса, қазіргі санын сақтап қалу үшін, бұл деңгейдің шамасы 2,1 болу керек. Бұл турасындағы болжамдар да өте көңілсіз. 2000 жыл мен 2050 жылдар аралығында жер бетіндегі халықтың саны 3,5 миллиардқа өсетін көрінеді. Алайда бұл өсім тек Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің есебінен болады. 1960 жылы еуропалық нәсілділер әлем халқының ширегін құраса, 2000 жылы алтыдан бірін, ал 2050 жылдарға таман бұлар бар болғаны оннан бірін құрайды. Батыс кеміп барады. Өйткені, Батыстың халқы өздерін көбейтуді тоқтатып, шапшаң азайып барады. Дәл осы секілді көрініс Құрама Штаттардан да байқалады. Бұған қоса, 1969 жылы Ричард Никсон президенттік ант қабылдағанда, Құрама Штаттарда 9 миллион иммигрант болған. Ал Трамп билікке келген уақыт ішінде мұндай америкалықтардың саны 40 миллионға артқан.

Батыстың бұлайша «өзге» Батысқа айналуына белгілі бір әлеуметтік факторлар әсер етті. Бірінші фактор-күйеуі тұрмыстық қажеттіліктерді тауып, асыраушы қызметін атқаратын, әйел үй шаруасы және бала тәрбиесімен айналысатын дәстүрлі отбасылардың бұзылуы. Бұл

шаңырақтан индустриалды қоғам еркекті суырып алып, фабрика, зауыттарға жіберсе, постиндустриалды қоғам жоғары жалақы төлейтін офистер мен фирмалардан жақсы жұмыс тауып беріп, әйелдерді шығарып алды. Батыстағы әйелдердің жалақысы әжептәуір өсіп, есесіне, еркектердің еңбекақысы айтарлықтай төмендеді. Әйелдер экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізіп, отбасы олар үшін өзінің мүмкіндігін жүзеге асыратын орын болудан қалды. Жас батыстық қыз-келіншектер отбасынсыз-ақ өмір сүріп, дербестік пен тәуелсіздікке қол жеткізе алатынын түсініп, күйеуге тиюге асықпайтын болды. Сондай-ақ 2010 жылдың санағынан байқағанымыздай, Америка тарихында алғаш рет әрбір төрт үйдің біреуінде ғана толық (әке, шеше, бала) отбасы тұратын болса, жалғыз басты америкалықтар ел халқының 26 пайызын құрайды екен. Яғни, бұл неке «сәннен» қалды деген сөз. Америка әйелдерінің көпшілігі, Еуропа әйелдері секілді, үй шаруашылығы мен ана болу бақытына қарағанда, қызметтік өсуді «қуаныш» көреді.

Екінші фактор-әлеуметтік қозғаушы күш ретіндегі «ерікті ұрпақтың» дүниеге келуі. Батыстың соғыстан кейінгі, яғни сол кезде құрылып жатқан «берекелі қоғамның» ұрпағы Батыстарихында тұңғыш рет жоғары білім алуға кең мүмкіндік алды. Бұл ұрпақ дәстүрлі отбасыдан университет аудиторияларына көшіп алды. Сөйтіп, әке-шешесінің қайырымды қамқорлығымен емес, бұқаралық ақпарат құралдарының, соның ішінде теледидар мен «жылтырақ» баспасөздің «тәрбиесімен» өсті. Ақырында бұл ұрпақ-Батыстың дәстүрлі құндылықтарынан елеулі айырмасы бар құндылықтарды бойға сіңірді. Жаңа ұрпақ санасындағы басты нәрсе-фаустық жердегі жұмақты орнату емес, «осы жерде және қазір» ләззат алуды қалайтын эгоистік гедонизм бола бастады. Руханияттың орнын-қызмет пен ақша, отбасының орнын-шектеусіз төсек қатынасы мен «ерікті» өмір сүру, Жаратушы берген қасиетті өмірдің орнын-есірткі мен өз еркімен өлімге мойынсұну басты. Мұның бәрі сол кезде жүріп жатқан «мәдени төңкерістің» аясында жүзеге асып жатты (Бюкенен П. Дж. Батыстың ажалы//«Жас қазақ».-2014.-№ 30.-4 тамыз).

Кесімділік пен аяқталғандыққа шешім шығармай-ақ, қазіргі мәдениеттің мынадай қиындықтарын атап өтейік:

- руханилық пен материалдықтың арасындағы ажыратылу;
- эскапистік және дүниетанымдық ұстанымдардың араласып кетуі;
- нонконформизм, конформизм мен девианттық қылықтың өрістеуі
- рационалдықты шектеу, тылсым сана қабаттарымен манипуляциялар жүргізу, жалғыздық, үрей, шарасыздық сенімдерінің өрістеуі;
- стандартты қарапайымдалған тіршілік ету баламаларын жасанды ұсыну.

Төлтума мәдени типтің ділін айқындау үшін шығыстық, батыстық және қазақи дүниетанымдар мен дүниелік қатынастардың ерекшеліктерін кестелік тәсілмен келтірейік:

Шығыстық тип	Батыстық тип	Қазақы
Микрокосм	Макрокосм	Жарық дүние
Виртуалдық	Рационалдық	Адамгершілік
Интроеубъект субъект	Субъект объект	Субъект субъект
Біртұтас дүние	Өзгермелік дүние	Адамдандырылатын
Психология	Технология	Экология
Мистика	Ғылым	Этика
Тұйық қоғам	Ашық қоғам	Сұхбаттастық қоғам
Өзін тану	Табиғатты тану	Адам болу
Дін	Философия	Дәстүр
Тағдыр	Белсенділік	Қарым-қатынас
Идеализм	Материализм	Синкретизм
Поэзия	Проза	Эпос
Егіншілік	Урбанистік	Қауымдық

Әрине, бұл типтік белгілерді сол күйінде эмпирикадан іздеу қателік болар. Идеалды тип белгілі бір нәрселік саланың идеалдық көрінісін жалпылау жолында емес, ал сол саладағы мәнді ой тұрғысынан мұрат дәрежесіне көтеру арқылы қалыптастырылады. Тағы бір ескеретін нәрсе: бұл кестені еуразиялық мәдени типтің болашақ потенциалын көрсету мақсатында келтірдік, ал мүмкіндіктің шындыққа айналуы диалектикалық процесс.

12.2. Қазақстандағы батыстық мәдениеттің ықпалы

Қазақстандағы батыстық мәдениеттің ықпалының артуы болашақ даму стратегиясын таңдау мәселесін жаңа қырымен қояды. Зерттеушілер осы мәселе бойынша қазір тек Ресей мен Қытайдың арасында тұрған Қазақстан емес, ал біздің еліміз үшін мұсылмандық және батыс христиандық өркениеттік үлгілердің арасалмағын айқындаудың маңызды екендігі жөнінде өз пікірлерін білдіреді.

Қазақстан исламдық елдер қатарына жатады ма және вестернизацияға қарсы ислам туын көтеруге болады ма? Әрине, ел халқының 70 пайызынан артығы мұсылмандар құрастырғандықтан және төлтумалық мәдени ерекшеліктерден Қазақстанды ислам өркениеті аралығына жатқызуға негіз бар. Алайда, бұл жерде бірнеше нақтылы жағдайларды ескеру керек. Исламдық түсінік бойынша, мұсылман ұлты дегеніміз «умма» болып табылады және діни ортақ сезімді ұлттық төлтумалықтан жоғары қоюға болады. Осымен бүкіл қазақстандықтар келісе қоя ма екен? Оның үстіне Қазақстан республикасы діни емес, зайырлы мемлекет болып табылады.

Заманауи қазақ мәдениетін қарастыруды «нарықтық адам типі» төңірегіндегі мәселелермен жалғастырайық. Ғасырлар бойы адамзат рухани мәдениет өзімшілік пен пайдакүнемділікке қарсы құбылыс дегенге сеніп келді. Бұл, әсіресе, көне қоғамдағы биологиялық тылсым

күштер мен пендешілікке тежеу мақсатындағы мәдениеттіліктің баламасы ретінде ұсынылды. Адамгершілік пен руханилықты сақтап қалатын құрал ретінде, мұрат беру ұстанымдарын ғұламалар мен саясатшылар қарама-қарсы тұрғыдан түсіндіріп келеді. Ең көп тараған қағиданы былай тұжырымдауға болады.

Әділеттілік пен теңдік бір нәрсе. Қоғамдағы қайшылықтарды шешу үшін бір орталыққа негізделген құндылықтарды тепе-тең үйлестіру жүйесін құру қажет. Оның тетігін ұстап тұратын адам немесе әлеуметтік топ «ортақ мүдде» дегенді басшылыққа алуы керек. Сонда ғана үйлесімді қоғамдық құрылым қалыптасады.

Осы ұстанымды жүзеге асыру мақсатында талай төңкерістер, соғыстар, қантөгістер, «тап күресі» болғандығы, талай трактаттар мен ғылыми еңбектердің жазылғандығы, өзін әділетті деп жариялаған патшалардың, диктаторлардың, көсемдердің болғаны тарихтан белгілі.

Алайда XX ғ. аяғына таман адамды бағалау мен оның әрекетінің жемісін тұтынудың нарықтан басқа әділетті тетігін адамзат әлі ойлап тапқан жоқ деген қорытындыға келдік. Нарықтың негізгі принципі-жеке адамның өзі үшін белсенді әрекетін қоғамдық байлықты арттыруға бағыттау. «Егер мен өзім үшін болмасам, кім онда мен үшін», - дейді нарық адамы. Нарықтың төрешісі-ұсыныс пен сұраныстың арасалмағы.

Нарықтық адам өзін тауар, ал өзінің құндылығын айырбас өлшемі деп бағалайды. Тұлғалар базарында табысқа жету үшін адам өтімді, модаға сәйкес, құны жоғары болуы тиіс. «Қанша – бағалансам, соншама – бақыттымын» – дейді нарық адамы. Нарықтың тағы бір негізі – меншік. Ал меншіксіз адам әлеуметтік жағдайларға тым тәуелді екен. Көріп отырғанымыздай, нарықты дінге айналдырып, оған табынуға болмайды. Ол – қажеттілік. Қажеттілікті меңгеру үшін, оны танып біліп, оны адам ырқына пайдаланған жөн. Нарықтық адамның жағымдылық құндылықтарына белсенділік, жауапкершілік, іскерлік, жағымпаздық, нақытылық, мақсаткерлік ж.т.б. жатады. Оның теріс жақтарында қатыгездік, өзімшілдік, тік мінезділік, әсіресе рационалдық, есепшілдік, тұрақсыздық, дәйексіздік, принципсіздік, құрал таңдамау, дәстүр сыйламау сияқты қылықтарды көреміз.

Нарықтың теріс жақтарын жақсы түсінген өркениетті елдерден кәсіпкерлікті тек технологиялық әрекетпен шектелмей, оны әдеп жүйесімен толықтырады. Сондықтан «бизнес этикасы» қазіргі жоғары дамыған елдердегі алдыңғы қатардағы пәндерге жатады. Бұл сипатта, өркениетті нарық деген ұғым қалыптасады.

Нарық рухани мәдениетке әзірше онша қолайлы болмай тұр. Өркениетті елдерде мәдениет әр уақытта қоғам мен мемлекет тарапынан көмекке сүйенеді. Мәдениетке қаржы мынандай көздерден түседі: 1) мемлекет бюджеті; 2) халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер; 3) ұжымдар мен жеке азаматтардың жәрдемдері. Міне, осы іс бізге жетіспейді. Қаржы тапшылығына қарамай мемлекет пен азаматтық қоғам мәдениетке қарай

бетбұрыс жасау өте қажет. Бұған қосымша мынандай шаралар ұсынамыз: а) халықтың, оның әртүрлі әлеуметтік және демографиялық нақтылы әрі шынайы мәдени талап мұқтаждарын зерттеу және анықтау керек. Мұны тек ғылыми зерттеу Мәдениет институты жүзеге асыра алады; ә) мәдениет саласы қызметкерлерінің материалдық және рухани ахуалын түбегейлі жақсарту; б) балалар мен жасөспірімдердің мәдени қалыптасуын арзанқолды бұқаралық мәдениеттің зиянды үлгілерінен арашалап, оларды дүниежүзілік өркениеттің, соның ішінде ғасырлар бойы қалыптасқан өзіміздің төл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасымен таныстыра отырып, өнерге баулу.

12.3. Қазақстан көркем мәдениетіндегі жаңа үрдістер

Тәуелсіз Қазақстанның көркем мәдениетінің басты тәжірибесі жаңалыққа сергектігі мен ашықтығы деу орынды. Мұның айқын бір көрінісі-Contemporary art, яғни қазіргі заман өнерінің тез арада әрі табиғи түрде пайда болуы. Алғашқы кезде бұл бағыттың жақтаушылары Қазақстан үшін ең маңызды және қажетті тек Contemporary art деуге басқан. Бірақ Қазақстанның бүгінгі өнері тек осы бағытпен шектелмейтінін, ол әр алуан және әр түрлі стильдік бағыттардан және әр түрлі шығармашылық ерекшеліктерден тұратынын өзі көрсетіп отыр.

Дәстүрлі халықтық шығармашылық өзінің түрін өзгерткенімен қазіргі кездегі жастардың көркемдік ізденістерінде ерекше сапаға еніп отыр. Дәстүрлі әдістер өзгерістерге ұшырады, жаңа сипаттағы бұйымдар пайда болды.

1991 жылдан бастап «темір шымылдырлықтың» құлауынан кейін түрлі бағыттағы он бес шақты жеке меншік галереялар пайда болды, Содан бастап, Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында «Галереялар шеруін» өткізу жыл сайын дәстүрге айналды. Құрылған әр галеренің өзіндік бейнесі, бағыты бар. Бірі әйгілі шеберлердің шығармаларымен жұмыс істегенді қаласа, енді бірі жас талантты шеберлерді тауып, олардың шығармашылығын насихаттайды. Сонымен қатар, авангард үлгілерін, классикалық натюрморт үлгілерін жинақтайтын кішігірім салондық көрмелер де ашылды. Өнерді жан-тәнімен сүйіп, табынатын жандар мен қатар, көркемөнер туындыларын жинап, оны насихаттаумен айналысатын коллекционерлер де көптеп саналады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан көркемөнер туынгерлерінің әр буыны жалпы дүниежүзі өнері мен мәдениетіне өзінің баға жетпес жарқын үлестерін қосуда. Осы шеберлердің, оның ерекшеліктері мен үлгілерін көрерменге таныту, насихаттау мақсатында «Ою» галереясы зор үлес қосуда. 1990 жылдардан бастап, көшпелілер мәдениетіне деген қызығушылықтың жаңа толқыны қайта келеді және тіптен күшейе түседі. Бір топ кескіндемешілердің интеллектуалды ізденістері ежелгі тарих элементтері мен артефактілерін және барлық тіршілік иелеріне тән онтологиялық өлшемді дәстүрлі мәдениетті зертеу деңгейіне дейін көтерілді. Олар: А. Дүзелханов, Ж. Қайранбаев, М. Қаспак, Д. Қасымов

және т.б. суретшілер болатын. Оларды дәстүрлі мәдениеттің тамырларынан, қайнар көздерінен келетін тақырыптар мен бейнелер толқытатын, кейде кейбір жұмыстар өзінің сюжеті және түсінуі бойынша жалпылаудың, түсінудің және типтеудің философиялық деңгейіне жақындай түсті. Олардың шығармаларына іштегі тереңдік және ойдың кеңдігі, мазмұндық және түрлік нақтылық сипатты болды.

Д. Қасымов өнерді шынайы пән ретінде қабылдап, фольклорлық мифологиялардан шығармашылық қуат алады. Автор туралы айтуға мәжбүр еткен алғашқы көркем полотно болып «Таң» картинасы танылды. Ерекше орын алған монументальды «Күлтегін» полотносында суретші ұлы бабаларымыздың біртұтас субстанциональды кейпін бере білген.

Қазақ суретшілерінің көбіне тән күнделікті өмірді салттау-түр жасаушы қасиет және кәдуілгілік пен сакралдылықтың, уақытшылық пен мәңгіліктің арасындағы параллель жүргізуге тырысу ретінде көрініс береді. Өмірді жүйелі, әмбебапты түйсінуге деген сана астары деңгейіндегі қажеттік-ішкі мәдени код ретінде байқалады.

Нелли Бубэ қазақ мәдениетінің дәстүрлерін бірегей түрде нақыштады. Онда адамгершілік аясында көрініс беретін ерекше реалдылыққа ие болған жоғары руханилық орын алған. Бірақ олардың бәрі өзінің ең жоғарғы іске асуын өнерден табады. Оның «Ұлы Жібек жолы» шығармалар сериясы шынайы әсер туғызады. Адам өмірі мен оның көркем шығармашылығының мағынасы мен мақсатын білу жақсылық, әсемдік және ақиқаттың бірлігін түсінуінсіз мүмкін емес.



Сурет. Көкпар. Автор Нелли Бубэ

Шығыс миниатюраларының әсері көрінетін жас суретші Ақтоты және Ботагөз Ақанаевалардың жұмыстары өз стилистикасы бойынша танымал. Суретшілерді қоршаған ортаны бейнелеуде тек қана реалистік үрдістерде болуға міндеттеуге себептер жоқ. Өзіндік стилді таңдау көптеген субъективті және объективті факторлармен байланысты.

Ө. Жұбаниязовтың, Б. Ақанаевтың, Қ. Әжібековтың, И. Заузенг жұмыстары экспрессивті, Н. Қилыбаевтің бейнелері декоративті көмкерілген және поэтикалық кейіпте, А. Қазғұловтың пейзаждары терең және тылсым, М. Нұрғожиннің жұмыстарынан нәзік лиризм және жылылық сезіледі. Т. Ысқақов Ұлы Даланы жырлайды, Ш. Ноғайбаевтың графикалық парақтары юмор мен мысқылға толы. Е. Оспановтың графикасы тартымдылығы сақтардың «Аң стилі» экспрессиясы мен ежелгі түркілердің тас мүсіндерінің статистикасының диалектикалық бірлігінде жатыр.


Кең мағыналы «реализм» ұғымының шексіз кеңістігінде еркін қалықтап жүрген Қазақстан өнерінің әр түрлілігін айқын танытатын осы ерекшеліктер 3-ші мыңжылдықтың басындағы Қазақстанның бейнелеу өнерінің шарықтауы туралы сенімімізді қуаттайды.

Бүгінгі таңда Қазақстан өнері бірегей өркениетті ғарыш ретіндегі қазақ мәдениетінің сақталуы мен дамуындағы ұлы жасампаз рөлді атқарады және әлемдік мәдени кеңістікке ену жолын салады.

Сәндік живописьтің ұлттық сипатын өрнектеп шешу қазақ қолөнерінің күре тамырымен ұштасып жатыр. Шынайы сурет салуға бейімделудің өзі тарихи дамудан тұрады. Көшпелі халқымыздың ежелден келе жатқан анималистік өрнектерін көркем шығарма орындауда сабақтастыруы тегін нәрсе емес. Сондықтан болар суретші Ө. Рыстанұлының өзіне тән жеке дара қолтаңбасы бар екендігі бәрімізге аян. Суретшінің атын асқақтатқан ең құнды көркем туындылары «Бүркітші», «Қош», «Биші қыздар» деп аталады. Әрдайым суретшінің көркем туындылары байыптап қарауы қажет етеді. Өйткені кез келген көркем туындыны көрермен жете қабылдауы мүмкін. Оның басты себебі, өрнектің құпия кілтін тауып көркем шығармада композиция құрып, басу үндестігімен әуен тудыруында жатыр. Мысалы «Екеу» атты көркем туынды да жұлдыздар тәрізді адамға әсерлі ой туғызады. Жарты ай мен жұлдыз тәрізді геометриялық дененің сұлбасында бейнеленген көрініс тас қараңғыдан жол тапқан үкідей болып үн қатады. Мұнда «Аң стилінің» жаңғырығы анық байқалады. Ал «Елес» атты көркем шығармада көркем түстей шым-шытырық терең философиялық ойдан туындаған әр алуан адамның келбеттік тұлғасынан тұратын пішінде ортақ көзқарастың болмауы суретшінің ішкі жан сезімімен сипатталған. «Ырыл» атты көркем туындының басты идеясында адам арасындағы күншілдік, көре алмаушылық, іштарлық айқын көрінеді. Суретші Ө. Рыстанұлының кез-келген көркем туындысы, шығармалары терең ойлылығымен көркем шеберлігімен көрерменге ұнайды. «Дүбір» атты картина көрінісінде желдей ескен ақ боз бие екі құлының ертіп шауып барады. Зымырап өтіп бара жатқан өмір мен уақыт еске салса, артындағы асқар таулар биік белестердің барлығын аңғартады. Алдында тұрған балбал тас өткен ата-бабалардың мұрасындай көзге ыстық көрінеді. «Ұлым менің» атты көркем шығармада ақ боз аттың үстінде домбыра үнімен әндеткен

баланың әуені шартарапқа жайылып, күн шапағатына бөленеді.

Соңғы онжылдықтарда Қазақстанда тамаша жетістіктерге жеткен бейнелі өнерінің түрі-гобелен. Л. Қалымова және Б. Зәуірбекова гобелендерінде монументтілік пен камерлі шешім өзара жақын үндестігін табады. Б. Зәуірбекованың шығармашылығынан ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүрлер үрдісін танып, тарихымыздың тереңінен халқымыздың көне мәдениетін көріп, ғасырлар жаңғырығын естуге болады. «Әуен», «Көктем», «Жер Ана», «Композиция» туындылары көңілге көктемгі Күн шуағын сыйласа, «Бақыт құсы» әйел жанының гармониясын, нәзіктігін жырлайды. Ал, «Қазақстан», «Астана» гобелендері болса, бүгінгі өркениетке ұмтылған егемен еліміздің болмысын, көрінісін, шатшадыман тұрмысын, өсіп-өркендеуін көрсетеді. «Муза», «Ғасырлар үні» т.б. бірқатар туындылары ғасырлар белесінен бүгінгі желі тарта орындалған түнгі аспандағы Құс жолы сияқты. Осы гобелендері арқылы ол қазақтың дамыған мәдениеті, тарихы болғанын айтып жеткізуге тырысады.



Сурет. Ғасырлар үні. Автор Б.Зәуірбекова.

Әлемді шығармашыл жаңғырту-адам іс-әрекетінің басты мақсаты. Әлемді әрекетшіл қайта құру қабілеттілігіне адамның рухани күштері мен талпынастарын бекіту арқылы шындықты меңгеру ретіндегі өнер қызмет етеді. Көркем танымның өзі-көрінетін және сезілетін әлемге апаратын, ашық жүйе.

Халық шығармашылығы-суретшілеріміздің ізденісінің құнарлы әрі берекелі негізі. Халықтың қолданбалы өнерінің форма байлығы, өмірге құштарлық сезімі, нәзіктігі сияқты құнды қасиеттері олардың шығармашылығынан жалғастық табуда. Этномәдени салт-дәстүрдің өзегі адамдар мен табиғат арасындағы жақындық, әлемді сезінудің әмбебаптылығы, өзін-өзі сақтау арқылы қоршаған ортаға бейімделе білу және табиғат пен мәдениет арасындағы экологиялық тепе-теңдікті түсіне,

сезіне білу сияқты түпнегізді мәселелерден құралады. Жаңа философиялық, адамдарға жақын осы идеялар, көбінесе XX ғасырдағы адам ойы мен мәдениетінің дамуымен тұспа-тұс келді.

Көксерек галереясы (Қанат Ибрагимов, Ербосын Мелдібеков, Жазира Жанабаева, Жанат Елубаева және т.б.) өзінің көркемдік тәжірибесінде көне ғасырлар қойнауына енген дала тұрғындарының тұрмыстық, пұтқа табыну жораларымен, ежелгі «Аң стилінен» туындаған бейнелерімен байланысты. Оларда ежелгі көшпелілердің динамикалық өмірі біздің мәдениетіміздің түп-тамыры ретінде көрінеді. Галерея суретшілерінің құрбандық шалу, шамандық әрекет сияқты көне тотемдік тәжірибесі, біздің көзқарасымызша, кез-келген өнердің біздің мәдениетіміздегі негізін табуға тіпті өндіруге бағытталған, оларда суретшіні тәуелділік тәжірибесіне бағындыратын бейсаналық импульсі табылады.

Өнерді көрсетудегі статикалыққа «Көксерек» тірі динамиканы, ежелгі «Аң стилінен» туындаған өнерді қарсы қояды, бірақ оны сананың үзіліссіз саны деңгейінде қарастырады. Осында құрбандық жануардың денесі, ым, мимика, сөз, айқай - барлығы инспирация, алғашқы логикалық кеңістік тудыру үшін қажетті, бұл жерде көптеген қарама-қарсы көңіл – күй – қайғыдан бастап, шексіз қуаныш пен таңданысқа дейін бар. Өнер бұл жерде өмірдің адвокаты емес, перманентті адасудағы өмірдің өзі болып көрінеді.

Бұндай кейіпте Көксеректердің жасаған шамандық рәсімінің элементтері, егерде нәтижесінде өмірлік драмаға толтырылатын өткір функциональды бағыттылықты ескермесек, біршама нақтылыққа ие. Көз алдымызға оның барлық қарама-қарсылығында шындық байқалады. Бұл қарама-қарсылықтардың шекті формаға дейінгі потенциалдануы жүреді.

Осы магиялық әрекеттердің айтуынша, өнер де енеді бос және өлі форманың статусына ие болғысы келмесе, бақылаушыны өткір де қатал күшімен баурап алуға мәжбүр. Ол өзінің туындау және жоғалудың шексіз ойынында кез-келген форма үшін ашық болуы тиіс.

«New Kasachische Kunst» акциясында бұл ойын құрбандық жануарының денесіне қатысты өзгереді. Қойды өлтіру мезеті туындайды. Суретші-шаман әлдебір сакральды формуланы келтірген соң, құрбандықтың өмірімен байланысы, шаман тарапынан көрсетілетін белгі бір манипуляция арқылы үзіледі. Нәтижесінде өлімнің қатыстылығын білдіретін әсер туындап, ыдысты толтыратын таза қан пайда болады. Кейін шаман бір бөлігі беті мен киіміне төгілетіндей етіп қанды ішеді. Осындай кейіпте жеткілікті брутальды формада бұл тәсіл сол жақтағы сахнадағы бейнені көрсететін, сол өмірдің құқығын қалыптастырады.

«Евразиялық утопия» аймағындағы «Азия Арт» галереясында «Суретші терісі» жәрмеңкесі ұйымдастырылған болатын. Онда әртүрлі түрдегі салалы тері, киім, гипотетикалық шаманның құралдары мен заттары көрсетілуі, сонымен қатар оның тәніне, тактильді тәжірибесіне

байланысты суретшінің шексіз мутациялық бейнесі көрсетілген болатын. «Суретші терісі»-бұл әрбір мезгілді салалаушы. «Азия Арттың» әр салалы теріден жасалған бұйымдарына барлық дәстүрлі өнер қатысты.

Өнер жым-жырт мұражай құшағынан сытылып шығып бүгінгі өмірге қауышуда, қазіргі қазақстандық қала интерьерінен өзіне лайық орын алуға ұмтылуда. Бұл енді ғасырлар беделінде аты белгісіз күйінде кеткен шеберлер сомдаған низами ою өнері емес, суреткердің жеке етене сыры, дүниетанымы, оның этникалық мәдениетті қалыпқа келтіру ісіндегі жеке үлесі. Қазіргі шеберлердің бірі ағаш ою, темір қию немесе зергерлік бұйымдар жасау сияқты байырғы қолөнер түрлерін жандандырып жатса (Д. Шоқпарұлы), бірі дәстүрлі кілемшілер, ши тоқушылар, киіз басушылар іске жаратқан материал мен техниканы пайдаланып қайталанбас өнер туындыларын сомдап жатыр (Б. Зәуірбекова, С. Бөлтірікова). Бұл жердегі шеберлік, тек байырғы материал мен техниканы ғана емес, сондай-ақ дәстүрлі өнердің жекелеген элементтерін пайдаланудан да көрінеді. Алайда, аталмыш элементтер қайталанбас дара түйсік сүзгісінен өткізіледі. Бұрынғы қолданбалы мәнінен ажыратып алынған ою-өрнек элементтері қазіргі заманға сай сезім мен экспрессияға молыққан. Оңтүстік Қазақстандық шеберлер Жәңгір Үмбетов пен Амангүл Ихановалар әшекей жабдықтарын ғана дайындап қоймайды, сондай-ақ олар «күшкөн» деп аталатын жаңа қолданбалы өнер түрінің негізін қалады. Теріні өңдеуден бастап, бояп пішкенге дейінгі аралықтығы барлық технологиялық процесті көктей өткен авторлар қазіргі адамның бойында өшіп қалған, теріні сезіну, оның пластикасы мен қисапсыз бедерін көру, тосын символдық теңеулер табу қабілетін қайтадан оятады.

Олар өздерінің композицияларын аса нәзік көркемдік түйсікке сүйене отырып жасайды. Нәтижесінде адамды ойлануға, көргеніне шомуға, іштей етене тілдесуге шақыратын бірегей өнер туындылары пайда болады.

Қазақ киносы Қазан төңкерісінен кейін пайда болды. Алғашқы киношежіре 1925 ж. түсірілді. 1928 ж. РКФСР Халық Комиссарлары Кенесі жанынан акционерлік «Востокфильм» кино қоғамы құрылды. 1929 жылф Алматыда оның өндірістік бөлімі ашылды да, ол Қазақстанның өмір-тұрмысы туралы «Соңғы хабар» атты киножурнал шығарып тұрды. Режиссер В. А. Турин ел өміріндегі тарихи оқиғалардың біріне саналатын Түркістан-Сібір т.ж. магистралінің құрылысы жайлы «Түрксіб» атты деректі фильмін қойды. 1934 жылы Алматыда «Кеңестік Қазақстан» киножурналын үзбей шығарып тұратын Республикалық киношежіре студиясы құрылды. Осыдан кейін Қазақстан киностудиясы жаңа өркендеу жолына түсті. «Ленфильм» студиясының ұжымы қазақтың алғашқы кино қайраткерлерінің қатысуымен «Амангелді» (1938, реж. М.З. Левин) көркем фильмін жасады. Қазақ көркем фильмдерінің тарихы осы туындыдан басталады. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында «Мосфильм»

мен «Ленфильм» киностудиялары бөлімшесінің Алматыда болуы Қазақстан киносының одан әрі өркендеуіне әсерін тигізді. Бұл студиялар Алматыда өзара бірлесіп, ЦОКС (Біріккен орталық киностудия) деген атпен өзінің қызметін бастады. 1941 ж. Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия ұйымдасып, 1944 ж. ол Алматының көркем және деректі-шежірелік фильмдер студиясы (1960 жылдан «Қазақфильм») деп аталды. Қазақ киностудиясы алғашқы ұйымдасқан кезінен бастап 100-ден астам көркем фильм және 500-дей деректі фильм шығарды. Бұл фильмдер тақырыбы жағынан әр алуан. Экранға қазақ халқының өткен өмірін көрсететін, 2-дүниежүзілік соғыс жылдарындағы халық батырлығы туралы, заманауи тақырыпқа арналған картиналар шықты (мыс, «Абай әні» (1946), «Махаббат дастаны» (1954), «Шоқан Уәлиханов» (1957), «Қыз Жібек» (1972), «Ботагөз» (1957), «Атаманның ақыры» (1971), «Орман балладасы» (1972), «Біздің сүйікті дәрігер» (1957), «Менің атым Қожа» (1963), т.б.). Қазақ киносын дамытуға реж. Ш.Айманов, Е.Е. Арон, М.Бегалин, О.Әбішев; А.Қарсақбаев, С.Қожықов; актерлер А. Әшімов, Қ.Қуанышпаев, Е.Өмірзақов, Н.Жантөрин, Қ.Байсейітов, С.Қожамқұлов, Қ.Қожабеков, Ә.Өмірзақова; операторлар М.Аранышев, Ф.Әбсәлемов, М.Беркович, т.б. мол үлес қосты. Кеңестік қоғамдағы демократиялық жаңартулар Қазақстанның көркем фильмдерінің эстетикасына да әсерін тигізіп, қазақ «жаңа толқыны» өкілдерінің шығуына жол ашты. Осы кезде К. Салықовтың «Балкон» (1988), Р.Нұғмановтың «Ине» (1988), С.Апрымовтың «Қиян» (1989), Т.Теменовтың «Адамдар арасындағы бөлтірік» (1988), А.Әмірқұловтың «Отырардын күйреуі» (1991), Ә.Қарақұловтың «Әззіл қыз» (1991), Е.Шынарбаевтың «Сұр үшбұрыштағы орын» (1993), С.Нарымбетовтың «Көзімнің қарасы» (1994) фильмдері түсіріліп, ұлттық кино шетелдерге таныла бастады. Халықаралық кинофестивальдарда жүлделі орындарға иікті. Бұл кезеңдегі қазақ киносында бірнеше көркемдік-стильдік бағыттар айқындалды: әлеум. авторлық фильмдер-С.Апрымов, Д.Өмірбаев; бейнеклиптік эстетика, көпшілік қауымға бет бұру-Р.Нұғманов, А.Қарпықов; ретро фильмдер-С.Нарымбетов; «халықтық кино»-Б.Шәріп, А.Әмірқұлов, Т.Теменов, Д.Манабай.

Кейінгі жылдары өнер саласындағы ел таланттары әлемдік аренада жиі топ жарып жүр. Соның ішінде Қазақстандық Димаш Құдайбергеннің өнері-оның жанкүйерлерінің Қазақ еліне, мәдениетіне, тіліне деген қызығушылығын оятқан бірегей құбылыс. Қазақ өнерінің деңгейін көтеріп, мәртебесін асырған, асқақ үнімен жер-жаһанды тамсандырған әлемдегі ең танымал қазақстандық әнші, композитор, бесаспап музыкант Дінмұхаммед Құдайберген 1994 жылы 24 мамырда Ақтөбе қаласында Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткерлері танымал әншілер Қанат пен Светлана Айтбаевтардың отбасында дүниеге келген.



Сурет. Димаш Құдайбергенов

Ең алғаш рет спектакльде ойнауымен таныла бастады. Бес жасында музыкалық колледж сахнасында алғаш әнші ретінде ән салған. Алты жасында «Айналайын» республикалық байқауының «Фортепиано» номинациясында жеңімпаз атанған. 2010 жылы «Байқонырдың Әсем дауыстары» Халықаралық фестивалінің І жүлде лауреаты атанды. 2012 жылы «Жас қанат» Республикалық жас ән орындаушылар байқауының Гран-при жүлдесіне ие болып, осы жылы «Восточный базар» Халықаралық байқауында І жүлде лауреаты атанды. 2013 жылы Димаш Құдайберген «Мейкин Азия» І Халықаралық фестивалінің жеңімпазы болды. 2014 жылы Димаш Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледжде академиялық ән орындау сыныбын тәмамдады. Димаш Қазақ Ұлттық өнер университетін «Эстрада вокалы» мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Нағыз танымалдық Витебск қаласында XXIV Халықаралық эстрадалық ән орындаушылар «Славян базары-2015» байқауында Гран-при жеңіп алған соң келген. 2015 жылы 28 қазан күні Ыстамбұлдада Димаш Құдайбергенов «Abu TV» Халықаралық Азия-Тынық мұхит фестивалінде Қазақстан Республикасының атынан алғаш рет қатысты.

2017 жылы 27 наурызда Қазақстанның сүйікті әншісі Димаш Құдайбергенов «Top Chinese Music Awards» номинацияның жеңімпазы, 15 сәуірде Қытайдағы «Singer 2017» жобасында екінші орын алды.

Бүгінде «Қазақтың Моцарты» атанған Рахат-Би Әбдісағин-пианист, композитор, өнертану ғылымдарының магистрі «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, 100-ден астам музыкалық шығармалардың авторы.



Сурет. Рахат-Би Әбдісағин

Ұлтымыздың музыка өнерін әлемдік деңгейде насихаттап жүрген 10 жасында музыка жаза бастады. Көптеген халықаралық байқаулардың лауреаты, П.И.Чайковский атындағы халықаралық байқау лауреаттары қауымдастығының мүшесі. 14 жасынан бастап Грац қаласындағы (Австрия) Impuls заманауи музыканың композиторлары мен орындаушылары халықаралық академиясының тұрақты қатысушысы. International Summer Academy 2015 стипендиаты (Австрия). Оның туындылары Бах, Моцарт, Гайднадан бастап, қазіргі классиктерге дейінгі әлемдік классикалық шедеврлерді жинайтын Оңтүстік Иллинойса университетінің (АҚШ) «Discography» оркестрімен фортепианоға арналған туындыларды орындайтын әлемдік қордың қоржынына енген. Ол заманауи музыкаларды орындаушылар мен композиторлардың халықаралық академиясының ең жас қатысушысы: Impuls (Грац, 2013, 2015, 2017), ISA (Мюрццушлаг, 2015), KlangZeitMünster (Мюнстер, 2016), ең жас лектор ICTM 2015.


Рахат-Би Әбдісағиннің шығармаларын Еуропа, Азия және Американың симфониялық оркестрлары мен камералы ансамбльдері, атақты солистер орындайды. Оның шығармаларының әлемдік премьерасы Прага, Лондон, Вена, Париж, Берлин, Сеул, Анкара, Стамбул, Мәскеу, Рогашке-Слатине, Бергамо, Аркейе, Аликанте, Алматы және Астана қалаларында өтті. Жас әрі талантты композиторға шетелдік сыншылар «қазақтың нағыз ғажайып құбылысы, мінезінде амбициясы қолында ерекше күші бар асқан шебер пианист» деген баға берді. Рахат-Би қазақ, орыс, ағылшын, итальян, испан тілдерін меңгерген.

Мәскеу қаласындағы «Композитор» баспа үйінен Рахат-Бидің «God's dwelling» және «Over the vault of depth» атты симфониялық картиналарының партитуралары шықты. Бүгінде ол әр жыл сайын 24 елден 200-ге жуық әлемге әйгілі музыканттар мен педагогтар қамтылған П.И.Чайковский атындағы жасөспірімдер конкурсының әділқазылар мүшесі.

Рахат-Би Төлегенұлы Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы 17 жасында ТМД парламентаралық Ассамблеясының «Мәдениет пен өнерді

дамытудағы ерен еңбегі үшін» құрмет белгісімен марапатталған ең жас композитор.

Әр музыканттың шығармашылық жолындағы ең керемет сәт – Grammy сыйлығын иелену. Осындай жетістікке жеткен қазақстандық музыкант Иманбек Зайкенов өзінің таланты мен мақсат қоя білуінің арқасында әлемдік шоу-бизнестің басты сыйлықтарының бірін иеленді. Оның шығармашылығы Қазақстан жастарының да ең биік шыңдарды бағындыра алатынын дәлелдеді.



Сурет. Иманбек Зайкенов

Заманауи Қазақстанда көркем мәдениет түбегейлі **инновацияларға** ұшырайды, **цифрландыру мен төртінші өнеркәсіптік революция** бүкіл рухани болмысты да қамтиды, **Z-ұрпақпен қатар жасанды интеллектпен байланысты A-ұрпақ** қалыптаса бастайды. Жаңа технологиялармен бірге, біздің көз алдымызда кино киносымен бәсекелес компьютерлік графиканың (дигитографтың) белсенді қалыптасуы жүріп жатыр, оның ең маңызды шығармашылық қағидасы-қиял мен шындық арасындағы шекаралар мүлдем жоғалып кететін виртуалды шындықта болудың ойын моделін абсолюттендіру. Шығармашылық сипаттағы көптеген шығындармен біз виртуалды шындықты көркемдік дамытуға жаңа және маңызды қадам жасалып жатқанын мойындауымыз керек.

Кинематографиялық және мультимедиялық әдістердің араласуы посткино, метакино-дамудың жаңа кезеңі және киноның өзі туралы айтуға итермелейді. Виртуалды шындықты құрудағы ең үлкен нәтижеге көркемдік және эстетикалық сипаттағы міндеттер тікелей қойылмайтын екі салада қол жеткізілді; біз бұқаралық мәдениеттің ойын сегменті және қандай да бір жолмен оқу-жаттығу бағдарламаларымен байланысты қолданбалы сала туралы айтып отырмыз. Виртуалды шындықтың осы сатысында алушының компьютерлік әрекетке, виртуалды кеңістікке қатысуы артады, яғни виртуалды шындықтың әсері белсенді түрде жүзеге асырылады.

Бұқаралық мәдениет саласында виртуалды шындық формаларын интерактивті ойын-сауық пен жаңа буын қызметтерінің бүкіл индустриясы пайдаланады, олар кері байланыс принципі мен қатысу әсерін жеңетін әртүрлі компьютерлік ойындар, видео-компьютерлік аттракциондар мен шоулар, виртуалды жәрмеңкелер, телешоулар және т.б. көбінесе олар көркем безендірілген және өте шебер болып табылады.

Кейбір заманауи компьютерлік-желілік ойындарда виртуалды шындықтың толық әсеріне ешқандай қосымша сенсорсыз, тек аудиовизуалды және моторлы (пернетақтадағы қолдар) деңгейлерде қол жеткізіледі.

Ойын өздерінің виртуалды жұптары бар және оларды еркін басқаратын ойыншылар көбінесе бірнеше күн бойы компьютерлерден шықпай-ақ ойын атмосферасына толықтай үйренеді. Жастардың белгілі бір бөлігі үшін әр түрлі елдердің көптеген ойыншылары бір уақытта қатысатын заманауи желілік ойындар нақты өмірдің өзінен гөрі өмірлік маңызды ортаға айналады. Олар желідегі ойын өміріне толығымен еніп, нақты өмірден кетеді, бұл көбінесе жүйке бұзылуларына, психикалық және басқа ауруларға әкеледі. АҚШ-та және басқа да техникалық дамыған елдерде бұл бағдарлама мемлекеттік деңгейге көтерілуде. Онымен психологтар, дәрігерлер, мұғалімдер, философтар белсенді айналыса бастайды. Компьютерлік ойын индустриясы үлкен табыс әкеледі және тез дамып келеді.

Компьютерлік ойындарға негізделген толық метражды көркем фильмдер және комикстер жасау салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болды. Бұқаралық мәдениетті виртуализациялаудың басқа құбылыстарының ішінде біз жаппай өнімнен кейінгі өнімді (ойыншықтар, танымал фильмдер мен телешоуларды шығаратын гаджеттер және т.б.) атап өтеміз: бұл өнерді осы түрдегі виртуалды жарнамаға айналдырып, өзіндік рөл метаморфозын тудырды.

Қолданбалы салада оқу электронды тренажерларын жасаушылар (мысалы, автомобиль немесе ұшақ жүргізу), сондай-ақ ғылыми және әскери мақсаттар үшін мүмкін болатын жағдайларды компьютерлік модельдеудің арнайы орталықтарының зерттеушілері әсерлі нәтижелерге қол жеткізеді, мысалы, төтенше жағдайларда адамның мінез-құлқын зерттейді, осы жағдайларда туындайтын мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын жасайды және т.б.

Айта кету керек, қолданбалы салада виртуалды шындық арқылы физикалық шындықты кеңейтетін гибриді формалар кең таралған. Бұл пилот кабинасындағы дисплейдегі қоршаған орта туралы қосымша ақпарат, визуалды көру шекарасын едәуір кеңейтеді. Оқу мақсатында ұшудың, айнарудың, құлаудың, соқтығысудың, жылдамдықтың артуының, бағыттың өзгеруінің, бүйір және артқы түрлердің және т.б. сан алуан оптикалық-кинетикалық елестері құрылады, олар оқушыда қорқыныш, қауіп сезімін тудыруға, оның назарын жұмылдыруға қабілетті. Осыған ұқсас бағдарлама бойынша жанып жатқан үйдегі өрт сөндірушілердің іс-әрекеттерін компьютерлік модельдеу және т. б. жүзеге асырылады.

Интернетке дәстүрлі өнер түрлерін бейімдейтін желілік өнер тәжірибелерінің ішінде гиперлитератураны (гипермәтін) ерекше атап өту керек. Автор орнатқан виртуалды гипермәтінді тек компьютердің

көмегімен оқуға болады, оқырманның интерактивтілігінің арқасында сюжеттің даму жолдарын таңдап, оған жаңа эпизодтар мен кейіпкерлерді «кіргізеді» және т.б. Желілік әдебиеттер арнайы зерттеуге лайық, әдеби жазудың дәстүрлі әдістерін өзгерту интернет жағдайына байланысты. Интернет сонымен қатар Самиздат, мұрағат және кітапхана функцияларын орындайды. Жер шарының кез келген бөлігіндегі пайдаланушыларға қолжетімді желілік мұражай-көрме кеңістігін, виртуалды консерваториялар мен театрларды, әлемнің қандай да бір көрікті жерлері бойынша желілік саяхаттарды құру тәжірибесі үнемі кеңеюде.

Осылайша, виртуалды шындықтың көркемдік модельдеуінің мотивтері мен парадигмалары қазіргі заманғы көркем мәдениетте компьютерлік технологиялар мен желілік кеңістіктер мен технологияларды игеруде белсенді түрде ойнатылады. Әр түрлі дигитальды өнімдер іс жүзінде қазіргі заманғы қабылдаушыны дайындайды, ал монитор экранның алдында салыстырмалы түрде пассивті отырады, виртуалды шындықтағы белсенді әрекеттерге және қабылдау психологиясына сәйкес келеді; жаңа эстетикалық сананың құбылыстарын қалыптастырады. Шамасы, болашақта виртуалды артефактының қиял-шынайылық сияқты белгісі толық көрінеді.

Жаңа технологиялар «мен осылай көремін» классикалық қағидатын «мен осылай ойлаймын, сезінемін, әрекет етемін» постулатына ауыстырумен, шартты шеңберден (пандус, жақтау, кино кадрлары) бас тартумен, жазу мен бейнені біріктірумен, шығармашылықтың импровизациясына толы ХХІ ғасырдағы көркемдік Авангард жобасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Компьютерлік-желілік ойын принциптерін виртуалды театрдың, кинематографтың, кейбір өзекті арт-практикалардың дамуымен байланыстыру қаладыжәне өз қалауымызға бағынатын және шынайы өмірде жүзеге асырылатын шынайы эстетикалық тәжірибе сезімін беретін толыққанды виртуалды шындыққа тап боламыз.және дәстүрлі өнер ортасы. Адам бұрын-соңды кездестірмеген мүлдем жаңа эстетикалық тәжірибені қамтитыны анық және сәйкесінше оны зерттеудің, түсінудің, сипаттаудың мүлдем жаңа, барабар әдістерін қажет етеді. Атап айтқанда, егер дәстүрлі өнер миметикалық принципке сүйенсе, онда виртуалды шындықта ол мүлдем жоқ сияқты. Адам бір нәрсені бейнелемейді, білдірмейді және ойламайды, бірақ нақты ойын ережелеріне сәйкес виртуалды өмір ортасында өмір сүреді және әрекет етеді. Шын мәнінде, виртуалды шындық ХХІ ғасырдағы адамға айналады. Ол өзін материалдық әлемдегі толық материалдық болмыс ретінде сезінетін ерекше сферасы.

Эстетикалық құбылыс ретінде виртуалды шындық қазіргі заманғы эстетиктердің назарын талап ететін *terra incognita* болып табылады. Мұнда олар психологтардың, әлеуметтанушылардың, математик-бағдарламашылардың, әртүрлі мамандықтағы өнер тарихшыларының,

философтардың, мәдениеттанушылардың және тіпті теологтардың ең заманауи тәжірибелерінсіз жасай алмайды. Жаңа эстетикалық тәжірибені дамытуға елеулі және түбегейлі шектеулер қоятын жалғыз, бірақ басты мәселе-адам психикасының нақты мүмкіндіктері, оның электронды виртуалды әлемнің квази-реалдылығының шексіз саласында жұмыс істеуге рұқсат етілген шектері. Бұл мүмкіндіктер адам үшін, әсіресе оның жеке басын, түпнұсқалығын сақтау үшін шексіз және қауіпсіз емес деп айтуға негіз бар.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының мәдениеті. Тәуелсіздік және мәдениет байланысын көрсетіңіз?
2. Батыс пен Шығыс өркениеттері сұхбатында қазақ мәдениеті қандай рөл атқарады?
3. Қазақстанда демократиялық саяси үлгісінің қандай мәдени-өркениеттік негіздерін атап өтуге болады?
4. Қазақстанда нарықтық қатынастар қандай мәдени-өркениеттік негіздерде өрістеді?
5. Адамдық ынтымақтастық пен өзара көмектің қазақ мәдениетінде қандай үлгілері орын алды?

13. ЖАҒАНДАНУ МӘНМӘТІНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

Мақсаты: Қазақтан мәдениетіндегі әмбебаптылық пен төлтумалыққа талдау беріп, жағандану және ұлттық бірегейлік тұжырымдамалық негіздерін жүйелеу, заманауи Қазақстанның мәдени типологиясының маңыздылығын дәлелдер, жағанданушы әлемдегі орнықты даму және экологиялық мәдениет маңыздылығын анықтау.

13.1. Жағандану және ұлттық бірегейлік

Ұлттық өзіндік бірегейлену жағдайларында жеткілікті өткір формалар қабылдайтын, дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы дағдарыстың нақтылығы мен мәжбүрсіздігін еске алмауға болмайды. Ұлттық мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюы жағдайында ұлттық мәдениет ұлттық мемлекеттіліктің, ұлттық азшылықтардың құндылықтары мен нормаларын, сонымен бірге этноәлеуметтік және жалпыадамдық мәдени бағдарларды өзінде жинақтайды. Бірақ, білімнің, коммуникацияның жаңа формаларының, озық технологиялық тәжірибенің басымдылығы, ұлттық мәдениет шектерінде жеңіл сіңірілетін, жалпыиндивидуалдық заңдылық өлшемдерін қабылдағаны анық. Модернизациялық үдерістердегі гумандық жағына қарай бұрылыс, мәдени әрекеттегі тұлғалық басымдылықпен себептелген, жаңа сапалар үшін негіздерді (мәдени, өркениеттік) ашады.

Қазіргі әлемде рухани өмірдің стереотиптенуінің жаһандық үдерістері жүзеге асуда, сондықтан этнос мәдениеті әлемдік мәдениет кеңмәтінінен тыс өмір сүре алмайды. Ұлттық мәдениеттің қайталанбайтындығы оның адамзаттың өркениеттің қозғалысынан бөлектенуін ұйғармайды. Техногендік әрекеттердегі жаһандандыру үдерістерін нысанаға алған, бүгін құрастырылып жатқан адамзат бірлігінің мұраты ретіндегі жаһандану бағдарлары оған қайшылықты қатынас туғызады. Жаһанданудың ықпалы дүниежүзілік қауымдастықтың дамуына, жеке мемлекеттердің дамуына да, этникалық көптүрліліктің сақталу болашағына да, тұтас мәдениеттің жай-күйіне де тиеді. Түбінде барлық өзгерістер, жаһанданумен ілесіп жүретін, әлеуметтік-мәдени трансформацияларға ең сезімтал болып келетін, әрбір адамның өміріне көшіріледі.

Алайда бұл мәселе бойынша зерттеулерде жаһанданушы әлем жағдайында күрделі эволюцияланушы жүйе ретіндегі мәдениеттің күйі мен жаһанданудан антропологиялық мәселелері ғылыми талдауда алғашқы қатарда тұрған жоқ. Мәселенің экологиялық және геосаяси жақтары, әлемдік экономиканың интернационалдануы жеткілікті анық көрсетілген, мәдениет саласындағы үдерістердің шиеленісуі жеке жаңғырықтық көріністер сапасында қарастырылады.

Адамзаттың бүгін екі үлкен қосынға бөлінгені әбден анық. Бірақ бұл бәрінен бұрын көркем метафора, өйткені бұл бөлініс кеңістіктік-территориялық немесе идеялық-саяси ұстындар бойынша жүргізілген жоқ. Адамзат өркениеті тарихында алғашқы рет адамдарды құндылық және тіршілік мәні бағдарлары айқын ажыратып тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы табиғи катаклизмдер туралы күнделікті хабарларға мән бермейтін, демографиялық қопарылыстар жөніндегі қайталанушы ескертулерге үйреніп кеткен, өз өміріне риза, әлеуметтік жанжалдар мен соғыстарды, эпидемияларды, аштық пен лаңкестікті елемейтін, жер шары тұрғындары бір бөлігінің дүние қабылдау ерекшелігі, мүмкін, жердегі бүкіл тіршіліктің жойылып кету қауіпінің жоқ екендігіне әбден сенуден тұратын шығар.

Бұл үмітсіз жеңіл ойлы оптимистердің әрбірінің әлдебір тектік жадысында бекітілген және соған сай құндылықтар жүйесінде мәдениетпен қуатталған ақпарат, оларды адамзаттың игілікті болашағы туралы иландырады. Алайда ядролық энергия ғасырындағы әлемге деген осындай жайбарақат қарым-қатынас планеталық қауымдастық үшін жойылу қауіпін туғызады. Адамдардың біршама бөлігі оны ұстанатын, өтіп жатқан үдерістерге деген көзқарастың, бұрын болмаған биіктік пен күрделікке жеткен адамзат өз дамуында түпсіз күз-шыңыраудың жағасында тұр деп түсінуі, таңқаларлық емес. «Біз ойластыра алатынымыздан, біздің жауаптылығымыз анағұрлым артық,-дейді Ж.П. Сартр,-себебі ол бүкіл адамзатқа таратылады» (Сартр Ж.П. Экзистенциализм-бұл гуманизм//Құдай ымырттары.-М., 1990, 324 б.).

Жаһандану замандық әлеуметтік, мәдени дамуға күшті толқу береді және адамзат сол мәселелермен танысқаны кеше емес. Еске түсіретін бір нәрсе, бұл мәдени және әлеуметтік үндестердің интеграциялық бастамасын дамыту сияқты жаһанданулық тенденция, XX ғасырдың соңғы төртінші ширегінде екпінмен ашылғанымен бірақ та адамзат олармен кемі екі жүз жыл бұрын істес болған. Сол немесе басқа формада адамзат байланысты қалыптастыруға және өзара байланыс үрдісін жалғастыруға ұмтылды. Жаһандану өзінің қалыптасу үрдісінде мәдени әлеуметтік мықты дамуға айтарлықтай тұрақсыз сілкініс берді. Жаһанданудың уақыттық және кеңейіп ашылып «жетілуі» мәдени әлеуметтік үрдіс ретінде бізге оны тек өткен және алдағы жағдайды салыстыру жолы арқылы ғана бағалауға мүмкіндік беріп қоймайды, сонымен қатар жаһанданудың жалпы даму үрдісінің қыр-сырын толыққанды зерттеуге мүмкіндік береді. Ойлаудың сабақтас принциптері біздің алдымызға баламалы негізді шешуші жағдайдағы жолмен шешпей, шын жағдайдың жолын салыстыруға мүмкіндік береді. Қаншалықты синергетика дамудың қайталанбас терең мәнін түсінуге, оның тарихи ретроспективтік және перспективтік шарттарын көрсеткенімен, ол көп нұсқалық пен альтернативтілікке алып келеді.

Күш арқылы мәдени әлеуметтік үндестіру бағыты өзгеруінің ықпалымен мәдени дамуының кездейсоқ сипаттамасы жүйе ретінде өршіте түседі. Олар ауыспалылық флуктуацияның өзіне тән жолымен стимулятор ретінде болған кездегі жағдайда пайда болды, яғни әртүрлі ұқсастықты күшейтеді, сезімталдықтың бастамасын өзгертеді жүйелердің эволюциясының толық дискретті көмегін тудыртады. Тұрақсыздыққа байланысты, флуктуация күшейе түседі. Бұрынғы жүйенің құрылымын ол қозғалысқа келтіретін және оны өтпелі кезеңнен шығаратын болады. Дәл сол уақытта мәдениеттің алдында басқа аумаққа өту үшін жолды таңдаудың ауқымды бейнесі ашылады. Аңғаратын бір нәрсе дамудың жобасында бір-бірінен мүдделі өзгеше болуы мүмкін және жаһандану үстінде көрсетілген немесе басқа мәдениеттің мақсатының мүмкіншілігі, тек қана кеңейіп қоймай, сонымен қатар тарылуы да ықтимал.

Өзіндік ерекшелікті сақтау мәдениеттің әмбебап қасиетті дәстүрін консервациялауды, мәдени формальды қарапайымдауды, қысқартуды білдірмейді, сонымен бірге айналасында инновация өрістейтін, әрқашан да күрделенетін, мәдениет өзегінің тұрақтануына және дамуына алып келеді.

Сондықтан жаһандану жағдайында тек қана әр түрлі мәдениеттің дәстүрлерінің, сәйкестігінің мәселесі ғана маңызды болып табылмайды, сонымен қатар құндылықтар да келешегі бар болып есептеледі. Батыстың жолы, протестанттық құндылықтың негізінде ортақ бір этиканың қалыптасуына, бұқаралық сананың ұқсастығына алып келетін мәдениет әр алуандықта, өз мақсатында әмбебап болып есептелмейді, сондықтан әртүрлі көзқарастардың типтеріне ол үндес келеді. Қаншалықты

мәдениеттің бейімделу мүмкіндігі күрт төмендейтіндіктен, мұндай жаһандану идеясы тығырыққа алып келуі мүмкін.

Жаңа форманы қабылдау-бұл мәдениеттің өзін дамыту кезеңі, сондықтан заманауи этникалық мәдениеттердің өзі алмасушылықтан тәуелсіз емес, себебі озық мәдениеттерді дамытатын жаһандану үрдісінде көбінесе жаңа форма қалыптасады. Құрылымның тұрақтылығы әркелкіліктің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Қолайлы жол, шектіліктен бас тартып, шегіну болып ол көрсетіледі.

Партикулярлы және әмбебап, шектелген және жаһанданған, жергілікті және жалпы дағдарыстар оның негізгі категорияларына жатады. Бірақ та экономиканың өзгеріс мысалы, оны халықаралықтандыру процесі, және экономикалық өзгерістер әр деңгейлі құбылыстар болып табылады.

Өзіндік ерекшеліктің негізі ретінде шығатын оның этномәдени (жергілікті) бірегейлігін сезініп, түсінуіне кедергі жасалмайтын басқа мәдениеттен қажетті элементтерді оған алып үйренуі керек. Бірақ та инновациялық қоғамды қалыптастырушы үлгі, тек жаңа нәтежелердің жетістіктеріне және шығармашылыққа талпынған әлеуметтік-мәдени тәжірибе мен иновацияларды сақтаудың амалы болып табылатын дәстүрлердің өзара толықтырушылық принциптерінің бұзылуы, мәдениеттегі құндылықты бағдардың күрт өзгеруіне, даму ырғағының жылдамдауына алып келеді. Мәдениеттің инновациялық қабаттында басымдылыққа ие дәстүрдің негізі болып табылатын, жаһандану тенденциясының ықпалы заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайға ықпалды алуандылыққа түсіреді. Дәстүрлер және инновациялар арасындағы ұқсастықтың бұзылуы мәдениет «ырғағының шиеленісуінің» енуі жайында айғақтай түседі-шеңберлік динамикасының заңдылығына оның сай келуі, сонымен бірге сол фазаның тоқырауын көрсетеді. Жүйе өзінің мәнді белгісін жоғалтпайтын жағдайдағы, мәдениеттің айқындалуы қозғалыстың ерекше логикасына ие болады, дегенмен оның даму процесіндегі қалыптасқан байланысты жоғалтады.

Қоғам дамуының жаңа арнаға түсуі, яғни еліміздің егемендік алуы қаншама құндылықтарға жол ашты. Қоғамның бағыт-бағдары, қажеттіліктері мен себеп-салдарлары түбегейлі өзгерді, мұның өзінің жастардың ой-санасына, өмірлік ұстанымдарына әсер-ықпалы болмай қалған жоқ.

Қазіргі таңдағы жастардың мәдениеті келешектегі қоғамдық даму үдерісінің негізі бола алады, ұрпақ алмасуына орай қоғамдық санадағы өзгеріс мазаламай тұрмайды.

Қазіргі жастарды қандай «идеяларға қызығады», олардың трендіндегі мәдени-әлеуметтік немесе субмәдени құбылыстар, ең басты приоритеттері, жалпы мағыналық идеалдары, кеңінен қолдау тапқан жаңаша жөн-жоралғылар, неге алаңдады, нені қажетсінді т.б. тәрізді сауалдар қазіргі жастардың образын ашудың параметрі бола алады.

Мұндағы негізгі өлшем-құндылықтар жүйесі. Әр ұрпақтың өз түсінік-көзқарасы барын ешкім жоққа шығара алмайды. Біздің білуімізше, құндылықтардың әлеуметтік-тұрмыстық, моральдық, абсолютті-мәңгілік, жалпыадамзаттық, ұлттық, материалдық, саяси, рухани-діни, мәдени, тарихи түрлері бар.

Қазақстан жастарының рухани құндылықтарын қарастыру барысында жалпы рухани құндылықтарға талдау жасаған философ С.Е. Нұрмұратов: «Құндылықтар адам өмірінің мәнділігін, бағыт бағдарын анықтаушы рухани күш ретінде қала бермек»-дей келе былай деп тұжырым жасайды: «руханилық орныға бастаған қоғамда құндылықтар әлемі өзінің нағыз шынайы бейнесінде, өз формасында болмысын көрсетеді және адам үшін қызмет етеді, жеке тұлғаны бұл өмірде бақыттылыққа жеткізеді» (Нұрмұратов, С.Е. 2000. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау.-Алматы, ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 178 б.).

Қазақстанда құндылықтар үдерісінде жана құндылықтар орнығуына байланысты күрделене түсуде. Сондай жағдайда күрделі және өзекті мәселелердің қатарына жаңа мәдени құндылықтар құбылысының өзіндік көрінісін жатқызуға болады және ол прагматикалық тұрғыда ғылыми пайымдауды қажет ететін ерекше мәдени құбылыс болып табылады. Жалпы біз өзіміздің құндылықтарымызға тек теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени, рухани-тәжірибелік қырларына, қоғамдағы жүріп жатқан мәдени үдерістерге үлкен мән беруіміз керек.

Жалпы әлемдегі күрделі-қайшылықты саяси-экономикалық өзгерістер түптеп келгенде, жалпы мәдени-әлеуметтік және рухани-құндылықтық бағдарлардан туындайды немесе оған айтарлықтай өзгерістер енгізеді. Бұл жаһандану заманындағы мемлекетаралық кеңістіктің ашықтығына байланысты елімізге өзіндік жағымды-жағымсыз ықпалын тигізетіндіктен, әсіресе, оның теріс әсерлерінің ұлттық руханияттық аймаққа бойлай енуі мәселенің құндылықтар тұрғысындағы өзектілігін білдіре алады. Бұл да өз кезегінде Қазақстан азаматтарына да ықпалын тигізеді, мұндағы қалыптасып келе жатқан жаңа буынның мәдени құндылықтары мен рухани танымының қалыптасуына оңды өзгерістер мен қатар жағымсыз әдеттерді де қалыптастыруға қарай бет түзейді. Бұл жастардың мәдени танымдық қатысуына, мінез-құлқына тікелей әсер ететін құбылыс.

Жастар субмәдениеті-жастардың жеке мәдениеті. Ол элитарлы, яғни барлығына арналмаған. Қоғамдағы негізгі мәдениеттің астында қалыптасқан кіші мәдениет болып табылады. Ол өмірлік ұстанымды, өмір сүру стилін, мәдениетті анықтайтын тұлғаның әлеуметтенуі, жастардың қоғамға бейімделуі. Жастар субмәдениеті-киген киімнен, сөйлеу мәнерінен, айрықша әуестенулерден көрініс табатын үлкендер әлеміне, қоғамның ережелері мен құндылықтарына деген өзіндік қарсылық. Жастардың өмір сүру қалпы және тіршілік ұстанымы контрмәдениет

шеңберінде болуы мүмкін емес сияқты. Себебі субмәдениет-жалпы мәдени құндылықтар мен нормаларға қайшы келмейтін жалпы мәдениеттің бір бөлігі, ал контрмәдениет-жалпы мәдени құндылықтар мен нормаларға қайшы келетін жалпы мәдениеттің бір бөлігі.

Жалпы барлық кәсіби мәдениет нормативті, өйткені ол адамдарға ең жоғарғы үлгідегі-«дүниежүзілік стандарт» деп аталатынға сәйкес талаптар қойғанымен, мәдениет нормаларын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-жоралар, тыйым салу нақтылай түседі. Бұл әлеуметтік институттардың өздері де қайсыбір нақты жағдайда қажетті тәртіп үлгісін орнықтыратын нормалар болып саналады. Құндылықтар мен мәдениет нормалары тығыз байланысқан, яғни нормалардың өзі мәдени құндылықтар болып табылады. Мәдени құндылықтар мен нормалардың бірлігі мәдениет субстанциясын, оның «денесін» құрайды.

Жалпы біз Қазақстанда трансформациялық үдерістің ерекшеліктерінің бірі ұрпақтардың құндылық қақтығыстары жоқ екенін байқаймыз. Бұл аға ұрпақтың мәдени құндылықтар мұрасын тасымалдауда іс жүзінде жүзеге асырылып отырғандығын сипаттайды. Дегенмен жаңа ұрпақтың әлеуметтенуі құндылық бағдарлары мен құндылық иерархиясының радикалды өзгерістері көлеңкесінде өтіп жатыр. Сонымен қатар, мәдени құндылықтардың да типтерінің де өзгерістерге ұшырап жатқандығын атап өтуге болады.

Дегенмен мәдени құндылықтардың тасымалдау процестері әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани қанағаттанарлық ақиқаттардың өзгерістеріне жауап беретін нормалардың регулятивті қызметінде, тәртіп стереотиптерінің, иерархия мен дәстүрлердің, салттардың, білімдер мен нышандардың әлеуметтік танылған ұрпақтан ұрпаққа берілетін жеке тұлғаның интернализациялануына немесе әлеуметтенуіне байланысты болады.

Әрбір тұлға қоғамда белгілі бір орынды иемденеді және нақты міндеттерді атқарады, ол үшін соған сәйкес оның құқықтары мен міндеттері, яғни белгілі бір әлеуметтік мәртебесі болады. Қазіргі пікірлерге сәйкес әлеуметтік мәртебе-бұл кәсібіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, саяси мүмкіндіктеріне, жынысына, шығу тегіне, отбасы жағдайына сәйкес, қоғамдағы, қоғамдық-саяси өмірдегі топтың немесе тұлғаның арақатынас жағдайы.

Осы арақатынас жағдайында жеке тұлға қоғамдағы мәдени құндылықтарды жете ұғынып, саналы түрде меңгеріп алады немесе мәдени құндылықтарды қоғамдағы білім мен тәрбие алу процестерінде пайда болған адамның сапалы ақыл-ойы, мінезі, оның ойлау қабілеті, сезімі ретінде қарайды. Жеке тұлғаның мәдени мұралар мен мұраттарды, яғни алуан түрлі құндылықтарды, ережелерді, нұсқауларды, жоғары адамгершілік қасиеттерді, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, бүкіл адамзаттың озық тәжірибесін жан-жақты меңгеріп, бойына сіңіруі, оның мәдени құндылықтарды бағалауына әсерін тигізеді.

Тұлғалық құндылықтар қажеттілікпен өзара әрекет жасай отырып, социогенез үрдісінде қалыптасады. Адам әлеуметтік тәжірибесін өзіндік құндылыққа айналдырады. Отбасы-ертеден келе жатқан әлеуметтік институт. Оның қоғамдық құндылығының шарты мәдени тұрғыда мәдени құндылыққа негізделген өзіндік сананы қалыптастыру болып табылады (К.У.Биекенов, С.К.Биекенова, Г.А.Кенжеакимова, 2012. Әлеуметтану.- Алматы. Раритет, 237 б.). Әрбір отбасының өзіне ғана тән ерекшеліктері бар: олардың ішінде жас ерекшелігі және туысқандық қатынастар бойынша құрамының әртүрлі болуы, отбасы өмірінің стилі, материалдық пен рухани құндылықтарды пайдалану мүмкіндігі, отбасының ересек мүшелерінің әлеуметтік кемелдігі т.б. Бұның барлығы тұлғаның күнделікті өмірін ұйымдастыру және оған тәрбиелік ықпал жолдарын анықтайды. Ал отбасылық микроклиматтың дұрыс болуы көбінесе жеке тұлғаның ата-анасымен құндылықтарға деген көзқарастары мен ұстанымдарының бір бағытта болуына ықпалын тигізеді. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнап, әдетке айналып әдептілік ережелерін қалыптастырады.

Дегенмен жастар құндылықтарды қазіргі өмірдің ырғағына теңбе-тең нормативтік-құндылық кешенін белсенді және жеткілікті деңгейде тиімді игеруде. Қазақстанда өзінің табиғи иерархиясы бар отбасылық құндылықтар және ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени кодтардың берілу бірізділігі сақталынған деуімізге болады. Әрине өмірлік құндылықтар жүйесіндегі құндылықтар тұлғаның мазмұндық тұсын анықтайды. Бұл жүйе адамның қоршаған ортаға, өзге адамдарға, өз-өзіне қатысты көзқарасының негізін қалайды.

Сонымен қатар бұқаралық ақпараттың тармақталған құралдары, яғни ғаламтор арқылы жастар мүлдем жалған құндылықтар мен көзқарастарды сіңіре бастауынан, әлемдік рухани-мәдени кеңістікте өріс алып келе жатқан ақпараттарды талдап, ұлттық таным түсінігімізге сай келмейтін қырларын іріктеп барып қабылдау және еліміздегі жағымды және жағымсыз идеологиялардың қиюласқан «лабиринттерінен» және олардың санаға және бейсанаға ықпал ету өрістерінен жастардың өз мақсаттарын анық білуі үшін мәдени құндылықты бағдардың өзіндік бір тұтас жаңа жүйесін ұсынуды қажет ететіні белгілі.

Бұл үшін прагматизмнің орны мен рөлі өте жоғары. Прагматизм қазіргі жастар үшін аса қажет. Осы тұрғыдан алғанда прагматизм өзінің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Ол ұлы дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын жайлаған отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Шынайы мәдениеттің белгісі орынсыз сән-салтанат емес, ұстамдылық, қанағатшылдық, қарапайымдылық, үнемшілдік пен ресурстарды орынды пайдалану.

Жастар социумның жай ғана бөлігі ғана емес, ертеңгі күні қоғамның барлық саласындағы бүгінгі ересектерді алмастыратын дайын ресурс болғандықтан, келешектегі заманның келбетін жасап береді. Ендеше, «олардың пайымдаулары мен дүниетанымы, өмірге және өз міндеттеріне деген көзқарасы, мәдени құндылықтар мен игіліктерді түйсіну деңгейі қандай» деген сұрақтарға бейтарап қарауға болмайды. Нақтырақ айтқанда, ұлттық мемлекетіміздің болашағы оларға тікелей байланысты.

13.2. Заманауи Қазақстанның мәдени типологиясы

Егер тоталитарлық жүйеде қоғам мемлекет ішіндегі бағынышты тетікке айналса, онда көптеген посткеңестік елдерде қоғамдық құрылымдар мүлдем елеңбей қалды: бір жағынан, өзінің мәнді белгілері бойынша тұлғасыз көпшілікке (масса) айналған халық бұқарасы бар. Екінші жағынан, жүйелер теориясы бойынша, құрылымы біртептес тұтастық түбінде деградацияға ұшырайды. Әрине, Қазақстан және ТМД-ның басқа елдерінде жаңа әлеуметтік-мәдени құрылымдар қалыптасып жатты. Алайда олар билеуші топтың белсенділігіне қатысты болды. Халықтың онда ісі аз болды.

Халықтың бұқаралық мәдениеттің теріс жақтарын өз бойына жылдам сіңіріп алуының тарихи себептері бар. Біріншіден, еліміздің негізгі тұрғындары қазақтар мен орыстар ғасырлар бойы қауымшылдық ділде әрекет етті. Мысалы, Ресейдің «алтын ғасырындағы» соборлық идея жеке индивидтің ар-ожданы негізінде қоғамдасуын білдіреді. «У ішсең де, руыңмен іш» деген қазақтар менталитеті айтпаса да түсінікті. Жоғарыда дәстүрлі мәдениеттегі тұлға мен қауымның арақатынасы белгіленген. XX ғасырдың аяғында дейін ол өз тұрақтылығын сақтап келді. Социалистік құрылыстағы «коллектившілдік» турасынан алғанда қауымшылдықтың ерекше түріне жатады.

Бұл сипатта мына бір теориялық қағиданы ескеру қажет: қоғамдастық, қауым, неше түрлі коорпоративтіктер (клан-ру, діни ұжымдар, отбасы, мамандық, спорттық бірлестіктер, клубтар, мүдделері құрылымдар, т.т.) адамдық келісімнің нәтижесінде өмірге келеді және оған тәуелді болып отырады. Сол себепті тұлғалық және әлеуметтік бірлестіктер тарихи-релятивтік болып келеді. Қоғамдастықтың салыстырмалылығы әлеуметтік-мәдени феномендерінің де шарттылығын тудырады. Мысалы, КСРО тарағаннан кейін отарсыздану үдерістері әлемдік өркениеттіліктің басқа тарихи жағдайында өтіп жатыр. Өйткені XX ғасырдың 60-ы жылдарындағы отарсыздану Батыс метрополиясы емес, бұрынғы метрополияның үлкен болса да бөлігінде жүрді. Сол себепті этнократиялық ұстаным тарихи үдерістердің жалпы бағытына сәйкес келмейді, индивидуализмге негізделген қоғамды құру үшін батыстық немесе ресейлік құндылықтардан алшақтамай, қайта олармен ұлттық архетиптерді сақтай отыра конвергенцияға бару қажет.

Индустриалдық және бұрмаланған тоталитарлық қоғамдардың дағдарысыстанған және тұлғасыздандырылған әдептік құрылымдарды шекті. Оның негізінде өркениеттік дағдарыс жатыр. «Өркениет» термині бұл жерде адам мен қоғамның барлық деңгейлерін біріктіре алатын құрылымды білдіріп тұр. Үшінші толқын көпшілікке арналмаған жоғары сапалы индивидуалдық құндылықтарды көздейді. Ұлтшылдық ескі индустриалдық қоғамның туындысы. Ақпараттық өркениетте индивидуалдық құқық нормалары қоғамдық мүдделерден жоғары қойылады. Ғаламдану ұлттық «шекараларды» бұзып отырады. Бұл жерде екі бағыттың күресі қазіргі әлемдік өркениеттердің қарым-қатынастарының мазмұнына айналды. Осы екі бағытқа ғаламдану мен ұлттық-мемлекеттік төлтумалықты сақтау жатады.

Бұл, әрине, тым «қоюланған» сценарий. Ғаламдану мен постиндустриалдық өркениеттің теріс жақтары жөнінде жеткілікті жазылған. Біздің назар аударатын мәселеміз: осы постиндустриалдық қоғам ондағы тұлға әдебін қалай өзгертті? Басты жауап: Үшінші толқын мәдениет, құндылықтар мен моральды индивидуалдандырды. Орталық өзінің көптеген функцияларын шет аймақтарға бере бастады. Өйткені өзгермелі қоршаған ортада ақпарат орталыққа жеткенше ескіріп кетуі мүмкін. Тотальдық иерархиялық құрылымдар тиімді нәтижелерге жете алатын мобильдік топтармен ауыстырыла бастады. Индивидуалистік мәдениет өндірістік-әлеуметтік қатынастармен бірге білім беру саласын да қамти бастады. Бұрынғы мектептегі типтік бағдарламалар бойынша стандартты оқыту мен күнделікті қарадүрсін тексеру постиндустриалдық өркениет талаптарына сәйкес болмай шықты. Елдерді сандық өлшемдер бойынша салыстырудың орнына келген адамдық даму индексінің тиімділігі қанша болса, жалпыға бірдей білім берудің орнына мақсаттық, дара, арнаулы білім беру де сонша тиімді.

Бұқаралық емес мәдениетте азшылықтың рөлі ерекше артады. Үндемейтін көпшілік индустриалдық немесе тоталитарлық қоғамдарға тән. Бір мақсатты көздеген миллиондар шектеусіз қиратушы күшке, массаға айналып кетуі мүмкін. Егер осы миллиондар өздерінің индивидуалистік мақсаттарын жеке түсініп және осының негізінде үйлесімді әрекетке барса, онда біз орнықты дамитын өркениет үлгісін көреміз. Кейін тарихшылар жалпыға бірдей дауыс беруді және көпшілік мүддесін ескеруді архаикалық рудимент деп қарастыруы мүмкін.

Бір жағынан, маркстік философияда шынайы ұтымды нақтылы жалпылық деген ұғым бар. Оны тұтастықтың жеке ерекшеліктері айқындалған, көптүрліліктің бірлігі деп анықтауға болды. Саяси жағынан индивидуалдандырылған қоғамдағы демократия өкілеттік емес, тікелей қатысушы демократиямен ауысады. Егер сайлаған өкілдер біздің көзқарасымызды дәйекті жүргізе алмаса, онда өз көзқарасымызды өзіміз жүргізуіміз керек. Мысалы, «электрондық парламент» арқылы; Интернет жүйесін де естен шығармаған жөн. Мәселе қашанда орталықсыздандыру

арқылы шешіле бермейді. Мәселені шешудің жолы -жауапкершілікті арттыруда. Экзистенциализмнің терминімен айтқанда, кез келген адам барлығы үшін жауапты. Керісінше емес. Онда анонимді әдепсіз қоғам пайда болады.

Жоғарыда келтірілген қағидалар қазіргі өркениеттілік тенденцияларын сараптаудан алынған. Енді осы тенденциялар мен қазіргі Қазақстан шындығын салыстыра қарастырайық.

Осыдан бұрын аталып өткендей, Қазақстандағы тоталитарлық жүйені қазіргі өркениеттілік үлгілерімен (нарық, азаматтық қоғам, демократия, т.т.) ауыстыру жергілікті элитаның белсенділігімен және қол жеткен тәуелсіздікті нығайту ұрандарымен жүргізілді.

Еркіндік пен теңдік арасындағы дисгармонияны болдырмау тұлғалық және әлеуметтік мәдени құндылықтардың арасындағы амбиваленттік қатынастарды уақытында айқындап, нақтылы тарихи жағдайларды ескере отырып, үйлестіру шаралармен байланысты. Бұл жерде жалпы үлгі, схема жоқ. Сонда да әлемдік тәжірибелерден тағылым алған артықшылық болмайды. Мысалы, Латын Америкасында өткен рестратификация мен жекешелендіру элита мен халық бұқарасының арасында терең шатқалдың пайда болуына әкелді және көпшіліктегі сауатсыздық пен саяси мәдениеттің төмен деңгейі экстремизм мен терроризмнің пайда болуына себептер болды. Осы сияқты құбылыстарды Ауғанстан сияқты мұсылман елдерінен де байқауға болады.

Егер Қазақстанда өтіп жатқан рестратификация мен десоциализация үдерістеріне назар аударсақ, онда осы «латынамерикандық дамудың» жаңа түрлерін аңғаруға болады. Мысалы, соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында (әсіресе, теледидарда) «зомби» туралы жиі айтылып жүр. Аталған ұғымның көркемдік, көпшілік мәдениетінде – табыстық-кассалық мағынасынан басқа рәміздік (символдық) мазмұны бар. «Тірі өлік» немесе зомби деп көптеген жағдайда рухани мәдениеттен тыс адамды айтады. Зомби тарихи-мәдени жадыдан тыс адам. Зомбиге жақын типтік ұғымға мәңгүрт жатады. Бұл Ш. Айтматовтың көрген бейнесі кейін әлеуметтік-мәдени рәмізге айналған. Осы ұғым жөнінде арнаулы талдау біршама жеткілікті болғандықтан, оның кейбір жақтарына ғана назар аударайық. Тәуелсіздік жылдарында рестратификация мен бірегейлену біздің елімізде этникалық доминанттар ықпалымен жүргізілгендіктен, кейбір зерттеушілер қазақ мәдениетіндегі екі субэтнос (қазақ тілді және орыс тілді қазақтар) туралы жазып жүр. Біздің ойымызша, осындай бөліністің кейбір негіздері болғанымен қазіргі өркениеттілік үдерістері мен индивидуалданған қоғамда оның жасандылығы да айқын көрініс табады. Басқаша айтқанда, этносты тілдік негіз бойынша жіктеу мәдениеттанулық ухрония мен утопияға жатады. Архаикалық және патриархалдық-кандық сананың белгілі бір өкілдері орыс тілді қазақ мәдениетінде мәңгүрттік белгілер бар дегенді де шығарады. Өйткені олар үшін рухани мәдениет қоршаған орта мен заман

талаптарына оқшауландырылған мұражай сипаттас болып келеді. Бұл сана ежелгі туысқандық қатынастарды адамдық пен кісіліктің жоғары үлгісі деп жариялады.

Қазіргі қазақстандық мәдениеттегі негізгі мәдени-әлеуметтік типтерге көшейік. Мәселенің бұрын зерттелмегенін аңғару қиын емес. Мәдени-әлеуметтік тип ғылымда қалыптасқан қағидаларды талдаудың нәтижесінен гөрі, өмір идеяларын жалпылаудың тәжірибесіне жақын.

Мәдени идентификация (теңестіру) адамның, белгілі бір нақтылы мәдени ортада өзін-өзі сезіну деңгейіне байланысты. Адам туғанынан құндылықтар жүйесін, әдетте, сол күйінде дайын қабылдайды (отбасылық, топтық, этностық, мемлекеттік, өркениеттік т.б.). Еркін таңдау қабілеті тек шығармашылық типтегі адамдарға тән. Бұл ретте, әсіресе этникалық сананың тұрақтылығын, рәміздері (мифтері, аңыздары, мұраттары, қасиетті символдары, салттары т.б.) мен дүниетанымының өткен кезден сусындап тұратынын ескерген жөн. Этномәдени сана «біз және біз емес» деген ажыратушылық оппозицияға негізделген. Бұл сана адамды өткен тарихқа басты назар аударып, этностың түп-тамырларын құрметтеуге шақырады. Бұл-жағымды әрі қажетті талап. Өзін сыйламаған, басқаны да сыйлай алмайды.

Алайда, этномәдени ментальдықтың әсіре бейнеленген типтері бар. Олардың бірі-архаизм. Архаизм-мәдениеттің өтіп кеткен сатыларын қайтадан қалпына келтіруге бағытталған. Бұл типке зерттеушілер кейде «дәстүршілдік», «ортодокстық», «фундаменталистік», «партикулярлық» сияқты белгілерді де қосады. Шынында да, мәдени жүйе өзін өзі сақтап қалғысы келеді, тұрақты бастауларынан алыс болмауды қалайды. Екінші жағынан алғанда, адамның шығармашылдығы, жасампаздығы, жаңашылдығы белгілі. Осы екі тенденция бір-бірімен тайталаста болады. Архаистік бағдар туралы бірнеше деректер келтірейік.

Бұл мәселені А. Тойнби жан-жақты қарастырған. Оның пікірі бойынша, архаистік мәдени бағдар мінез-құлық бітімдерінде, өнерде, тілде, дінде, экономика мен саясатта байқалады. Мысалы, Германия тарихындағы «тевтонизм, таза қанды арийлік» идеялары мен фашистік-корпоративтік мемлекет құру тәжірибесі, Израильдегі өлі тіл ивритті тірілту әрекеті, Үндістандағы санскритті қалпына келтіру талпыныстары, Рим императоры Августың христиандықты көне тайпалық діндермен алмастыруға тырысуы осы архаизмнің көріністері болып табылады.

Фундаменталистік дүниетаным тіршіліктің негізгі қағидаттарына сәйкес келмейді. Дж. Холденнің эволюциялық ілімі бойынша табиғи сұрыптаудың нәтижесінде ішкі өзгерістерге бейімделмеген жүйе дегенарцияға ұшырайды. Ал кибернетик Росс Эшби жабық және кесімді ұйымдастырылған жүйелерде энтропия артып, коллапстық қалып туады дейді. Мұның мәдениетке не қатысы бар деушілердің де табылуы мүмкін. Алайда мәдениет бүкіл әлемдік заңдылықтардан тыс болатын «мәңгі қозғаушы» емес.

Архаистік мәдени тип заман өзгеріп, қалыптасқан өмір салты шайқалған өтпелі кезеңдерде ерекше байқалады. Ескі құндылықтар жүйесін қирату әр кезде уақыт сынынан өткен үйлесімді құндылықтарға жеткізе бермейді. Бұрынғыдан бас тарту кейде болашаққа емес, оның да алдында болған мәдени бітімдерді жаңғыртуға бағытталуы мүмкін.

Қазіргі Қазақстан Республикасын алып қарайық. Отаршылық және тоталитарлық мәдени құндылықтардың жалғандығы айқындалды және төл мәдениетті жаңғырту ниетіндегі заңды әрі түсінікті ұмтылыс қалыптаса бастады. Бірақ азаматтық қоғамның орнына жеті аталық үрдіске, рулық-тайпалық басқару жүйесіне, исламның орнына тәңіршілік пен шаманизмге қайтып келу, дүниежүзілік тарихты шежірешілдікпен ауыстыру және тағы басқа осы архаизмнің көріністеріне жатады. Тағы бір мысал келтірейік. Әрине «жеті атасын білмейтін ұл жетесіз». Бірақ қазіргі ақпараттық әлемде, экрандық мәдениетте, өркениеттердің тоғысу заманында бұл мәселе тәрбиелік-жадылық мағынаға ие болып, басқа өркениеттілік құндылықтарға орнын береді.

Қазіргі кезде өркениетті елдерде мәдени тұтастанудың төмендегідей жүйесі қалыптасқан: адам-отбасы-мәдени шағын топ-этномәдениет-үлкен өркениет-адамзат. Бұл жерде формалдық логикадағы ұғымның мазмұны мен көлемінің кері қатынасы заңды әрекет етеді. Яғни, ең мағыналы мәдени тұлға адам болып табылады. Ұғымдардың көлемі кеңейе берген сайын комплиментарлықтың деңгейі де азайта түседі. Енді архаистік нұсқаны келтірейік: қауым мүшесі-ата баласы-ру-тайпа-жүз-ұлт. Ары қарай байланыстың ықтималдық дәрежесі төмен. Бұл жүйенің басқа адамдарды ассимиляциялау қабілеттілігі де жеткіліксіз. Түрік халықтарының тарихынан инкорпорациялық деңгейі жоғары болған этностардың санының тез өскенін байқаймыз. Бұл да ескеретін жайт. Әсіресе дәстүршілдіктің көріністеріне қазақтың және әр жүздің ханын сайлау, шариғат пен қазылық салтты қалпына келтіру, батыстық киім үлгілеріне тежеу сияқты пікірлерді ұсыну жатады.

Мәңгүрттік тип. Бұл типке ұлттық салт-дәстүрден жүрдай, оның рәміздік рәсімдік мағынасын білмейтін, күнделікті өмірде ұлттық мәдени жүйенің құндылықтарын қолданбайтын адамдар жатады. Бұл туралы Ш. Айтматовтың шығармашылығында әсерлі жазылған. Мәңгүрт дегеніміз рухани тамырларынан айырылған адам.

Мәңгүрттік тип-дәстүршілдің қарама-қарсы бейнесі. Бірақ архаист өмірлік позицияны өз қалауымен қабылдаса, мәңгүрттік-сыртқы күштеудің нәтижесі. Мәдени жадыдан адам зорлық-зомбылықтың әсерінен айырылады. Әдетте бұл отаршыл экспанцияның ассимиляциялау саясатынан туады.

Мысалы, Ресей империясының мәңгүрттендіру саясатының кейбір әрекеттерін еске алайық:

1. Халықтың өзін өзі басқару жүйесін отарлық әкімшілікпен алмастыру.
2. Салт-дәстүр мен руханилықтың тамырына балта шабу.

3. Миссионерлік әрекет, төлтума жазбаша мәдениетті шектеу, алфавитті алмастыру, орыстандыру, орыс мектептерін ашу.
4. «Бұратана» халықтардың тілін жоғары мәдени аймақтардан аластап, күнделікті-тұрмыстық деңгеймен шектеу. Метрополиялық менталитет пен мәдениетті күшпен енгізу.

Осыдан келіп «мәңгүртсің» деп біреуді айыптау әділетсіздікке жатады. Мәселе осы жағдайдан қалай құтылудың жолдарын айқындауда болып отыр. Оның басты жолы-ұлттық мәдениетті қайтадан игеру.

Алайда, мәңгүрттіктің елестері аз емес. Мысалы, этномәдени нигилизмді алайық. Еуропотектік әдебиетті айтпағанның өзінде біздің республикалық басылымдарда кездесетін мынандай пайымдаулардың төркініне көз салайық.

- Қазақ тілі көшпелілік үрдістен қалған реликт.

- Көшпелілер шынайы мәдениетке жете алмаған, «мәдениет» деген сөз арабша «қала» мағынасын білдіреді. Сондықтан, оны тек отырықшылардың үлесі деп жариялау.

- Жеке зерттеушілер республикада екі тип бар дейді: біріншіден, психидиагностикаға икемді «еуропа орталықтандырылған» тип, екіншісі-этноорталықтың мінез-құлыққа және дінге бағдарланған «ортодоксты-азиялық» тип.

- Түрік халықтарының мәдени мұрасының түбінде арийлік архетип жатыр, олардың мәдени жетістіктері ирандық «баулудың» нәтижесінде қалыптасқан. Кейбір зерттеушілердің түпкі атамызда ақ нәсілдік тип басым болған, сондықтан олар арийлер деп жариялауда кездеседі. Бір тілдік топтың әр түрлі нәсілдерден құралу мүмкіндігін ескерген жөн.

Мәңгүрттік менталитеттік өкілдерінің типтік белгілерін күнделікті өмірденде аңғаруға болады. Жоғарыда келтіргеніміздей мәңгүрттік типке тарихи жадыдан алыс болу жатады. Тарихи жады мен руханилықтың маңызды бір тармағы-әрбір ұлттың адамгершілік туралы түсініктері мен әдеп жүйесі. Батыстың мәдени ауысушылықтың белгілері бір жақтары қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие жүйесіне принципіалды сәйкес келмейді. Кейбір басылымдар ақша үшін құныға тарататын жезөкшелік, нашақорлық, маскүнемдік, рэкет, отбасылық құндылықтарды сыйламау, ж.т.б. осы сияқты құбылыстар мәңгүрттікке апаратын тура жолға жатады. Әрине, тек Батысты кінәлай беруге де болмайды. Көп жағдайда батыстық өркениет ізгілікке жатпайтын теріс қылықтарды тежеп, мәдениетті нарықтық гуманистік әдеп жүйесімен үйлесімді қоса білген. Бұл жерде әңгіме транзиттік (өтпелі) қоғамдағы мәдени қайшылықтар туралы болып отыр. Сосын ұлттық тілді жақсы меңгеруге әр уақытта мәңгүрттік менталитеттен құтқара алмайды.

Кейде мәңгүрттік мәдени типтен (оны мәдениет деп айту шартты нәрсе) маргиналдықты тұтас қарастыру кездеседі. Оның үстіне маргиналдар қатарына ана тілін білмейтіндерді де қосады. Сонымен, **маргиналдык мәдени тип** дегеніміз не?

Бұл ұғымды американ әлеуметтанушы Р.Парк енгізген және латын тілінен-«шетте болушы» деп аударылады. Р.Парк маргиналдар деп мінез-құлқында тынымсыздық, агрессиялық, өзімшілдік, сенімсіздік, депрессиялық белгілері бар америкалық мулаттарын атаған. Мәдениеттану мен әлеуметтануда бұл ұғым рухани өзіндік санасы тұрақсыздандырылған, «өліара» мәдениеттің өкілдерін бейнелеу мақсатында қолданылады.

Әдетте маргиналдық ұғымымен қалыпты мәдени сәйкестікке оппозициялық қатынастардағы адамдарды сипаттайды. Қысқаша айтқанда маргиналдар-не қоғамнан өздері аулақ кеткендер, не қоғамның өзі оларды шеттеткендер.

Француз ғалымы А.Фарждың пікірі бойынша маргиналдардың алдында екі жол тұр:

- барлық дәстүрлі қарым-қатынастарды бұзып өзінше жаңа бір субмәдениетті қалыптастыру;
- біртіндеп заңдылық аймағынан шектелу.

Әрбір өзін-өзі өркениетті деп есептейтін қоғам тас джунглилердегі адасып жүргендердің санын көбейтпеуге ұмтылу қажет. Бұл жерде мәдени адаптациялық жүйелердің қызметінің маңызы зор. Өйткені басқа мәдени ортаға жаңадан келгендер өздерінің ғасырлар бойы қалыптасқан басқа мәдениеттерімен қарым-қатынасқа түсу тетіктерінен айырылып қалады. Мәдени бейімделуді аккумуляциялық үдерістермен теңестіру дұрыс емес. Резервациялар мен фильтрациялық ұжымдарда күшпен орнатылған басым мәдениеттің тар шеңберінде адамдық абырой мен намыс аяққа тапталып, рухани азғындау өріс жаяды.

Қазіргі кезде өркениетті елдерде бұрынғы жоғары мәдениетке күшпен егізу (аккультурация) бағадарламасының орнына «мәдениеттер сұхбаты» идеясы ұсынылып отыр. Бір ескере кететін жайт: мәдениеттанушылар «жоғары және төменгі» деген бөлуден мәдениеттердің тең қалыпты қағидатын қолдануға көшті.

Еуразиялық мәдени тип. Бұл типті негіздеуден бұрын қазіргі кезде өтімді бір теория – С. Хантингтонның «Өркениеттер жанжалы» ілімінің бір қырын қарастырып өтейік. Бұл ілім бойынша әр түрлі суперөркениеттердің шекаралық аймағы тұрақсыздық пен жанжалдардың (конфликтердің) ошақтары болып табылады. Ал Қазақстан өзінің геомәдени кеңістігі бойынша конфуцийлік және православиелік өркениеттердің ортасында орналасқан. Алайда ТМД-ның кейбір мемлекеттермен салыстырғанда, Қазақстанда қоғамды-саяси тұрақтылықтың мығым екендігі белгілі.

Мұны көптеген факторлармен түсіндіруге болады. Олардың арасында мәдени фактордың да алатын орны ерекше. Біздің пікірімізше, қазіргі Қазақстан Республикасының ішкі жағдайын анықтайтын маңызды және аумақты мәдени топқа еуразиялық менталитет өкілдері жатады.

Қазақстандағы Ресей ықпалы тек республикадағы үлкен славяндық топтың барлығымен (соңғы деректер бойынша республика халқы санының-20 %) ғана емес, қазақ халқының ұзақ жылдар бойы Ресейдің қол астында болуына қатысты. Отаршылдықтың қазақ мәдениетіні тигізген теріс әсерлері жөнінде осыған дейін жеткілікті айттық. Алайда, бірнеше ғасырлар бойы бірге өмір сүрудің нәтижесінде қазақ халқының мәдени құрылымында біраз өзгерістер болды. Бұл үдеріс ең алдымен тілді қамтыды және орыстілді қазақтар (ұйғырлар, өзбектер, татарлар т.б) мәселесін тудырды. Белгілі елтанушы ғалым М.Тәтімов өз ойын былай түйіндейді:

«Тұжырымдап айтар болсақ, қазақтар арасында шешуші демографиялық фактор-тілдің ортаның тікелей ықпалымен өз ана тілін жоғалту енді ғана тоқталып, өз ана тіліне оралу үрдісі жаңа ғана күш ала бастады. Демографиялық ахуалымыздың жақсаруы оған тегеурінді ықпал көрсеткенімен, бұл үрдісті тағы да жылдамдату үшін өмірдің әр саласында оған пәрменді жәрдем көрсету қажет. Былайша айтқанда, белсенді тіл саясатын демографиялық шешуші, өзімізге тиімді өзгерістермен ұштастырғанда ғана ол жемісті болмақ, яғни екінші сөзбен айтқанда, ананың тілін атаның күшімен (демографиямызбен) құлпырта аламыз» (Қазақ әлемі, 91 бет).

Әрине, демографиялық және тілдік факторлардың этномәдениетке тигізетін әсері зор. Алайда, тілден айырылдың деп бұл үлкен топты ұлттық мәдениет аймағынан шығарып тастаған да дұрыс емес. Мысалы, шотландтар мен ирландтар ағылшын тілінде сөйлегенімен ұлттық менталитетінен айырылған жоқ. Осы сияқты республикадағы орыс тілді қазақтардың және басқа да мұсылман халықтарының бірталай ұлттық салт-дәстүр мен діни-мәдениет өрісінен алыстап кеткен жоқ. Мәселе сан-мөлшер мен үлес туралы болып отырған жоқ.

Қазақ халқының XX ғ. басындағы мәдени жүйесінде үш бөліктің бар екендігіне көз жеткізуге болады. Оларға төлтума дәстүрлі мәдениет, отаршыл мәдениет және батыстық әсер жатады. Еуразиялық мәдени тип дәстүрлі мәдениетті батыстық өркениет жетістіктерімен ұштастыра білген. Арнаулы зерттеулер қазақтардың мәдени диалогқа икемді екендігін көрсетеді. Бұл туралы Абай да жеткілікті айтқан. Тек «дәстүрлі адам» прогрестің антиподы, ал «моделделген тұлғаны» антиподтың антиподы деп қарастырған жасандылық. Осы мәселе төңірегінде Елбасының мына бір орынды ойын келтірейік: «Біз өзіміздің мәдени тамырларымыздан едәуір ажырап қалдық. Оның есесіне өзге өркениеттер әсеріне көбірек ұшырадық. Бұл жақсы ма, жаман ба – өз алдына мәселе» (Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. Алматы, 1996, 264 б.).

Әлемдік тарихтан да бірнеше осыған ұқсас жағдайларды келтіруге болады. Бодандық жағдайға түскен еврейлердің алдында екі жол тұрды: бірі беріспейтін зилоттық тактиканы жүзеге асырып, антикалық Рим мәдениетін түгелдей бекерге шығару. Екіншісі жауды оның құралымен

ұру, оның әрбір жүрісін алдын ала аңғарып, қарсы құралды дайындап қоюмен байланысты. Бұл тактика еврей мәдениетіне стратегиялық жеңіс әкелді. Оған қазіргі еврей мәдениеті куә.

Осыған ұқсас құбылыстарды Ресей, Жапония мен Қытайдың батыстық мәдени экспанциясына қалай жауап бергенінен де байқай аламыз. Батыспен кездесердің алдында бұл үш ел реформаларынан кейін Ресейдің батысеуропалық мәдениетке жақындағаны белгілі. Бұл істегі 1 Петрдің қарсыластарын-«ескі сенімдегілер» мен славянофильдерді зилоттық архаизмнің Ресейдегі көріністері деп бағалауға болады.

Жапония мен Қытай батыстық қысымға сәл өзгеше жауап берді. Өздерінің материалдық мәдениет деңгейін батыстық озық үлгілерді қабылдау арқылы көтергеннен соң, Жапония мен Қытай еуропалық рухани экспанцияның алдына тосқауыл қойды. Бұл, әсіресе, Қытайға қарағанда, Жапонияда дәйекті жүргізілді және осының нәтижесінде ол әлемдегі озық бір мәдениеттің иесіне айналды. Көріп отырғанымыздай, еуропалық экспанцияға әртүрлі жауап беруге болады. Қаншама орны толмайтын құрбандықтарына қарамай, қазақ халқы тарихтың бұл сынынан абыроймен шықты деп айтуға болады. Бұл жерде қазақ мәдениетіндегі еуроазиялық субтиптің рөлін кеміту дұрыс емес.

Еуразиялық мәдени тип, Гегельдің тілімен айтқанда, «айырылған санаға» жатады, ол Батыс пен Шығыстың арасында ауытқып жүреді. Бұл дәстүрдің ескі үлгісін Ұлы Жібек Жолы мәдениетінен де көруге болады. Бірақ еуразиялық мәдениетті тек Батыс пен Шығыстың ортасындағы буферлік аймақ ретінде қарастыру да сыңар жақтылықтың бір түрі. Өйткені, бұл жерде бір адамзат тарихындағы екі субөркениеттің жай қарым-қатынасынан емес, олардың тұтастану үлгісінің қалыптасуының куәсі болып отырмыз. Азияның кіндігінде адамзат мәдениеті үшін маңызды оқиға жүзеге асты.

Орта ғасырларда эллинистік, арабтық, парсылық, түріктік мәдениеттің тоғысуынан бір Ренессанстың өріс алуын байқасақ, ХХІ ғ. Орталық Азиядағы жаңа өрлеудің басталатыны күмәнсіз. Тек бұл үшін халықтың қажымас қайрат, елдің бірлігі, дәстүр мен заман тұтастығы қажет.

Әрине, бұл типтік белгілерді сол күйінде тікелей эмприкадан іздеу қателік болар. Идеалды тип белгілі бір нәрселік саланың эмпириялық көрінісін жалпылау жолында емес, ал осы саладағы мәндіні ой тұрғысынан мұрат дәрежесіне көтеру арқылы қалыптастырылады. Тағы бір ескеретін нәрсе: бұл кестені еуразиялық мәдени типтің болашақ потенциалын көрсету мақсатында келтірдік. Ал мүмкіндіктің шындыққа айналуы диалектикалық үдеріс.

Қазақстан жағдайында еуроазиялық-қазақы тип пен орыс тілді мәдениет өкілдерінің арасында көптеген ұқсатық бар. Әрине, соңғылардың менталитеті әр уақытта православиялық дінге және Ресейдің қамқоршылығына бағытталған. Алайда, Кеңес Одағына қаншама

әділ теріс баға бергенімен, бір нәрсені мойындау керек. Халықтар достығы тек жалған ұран емес, қарапайым адамдардың ментальдық қасиетіне айналды. Осы себепті Қазақстанның халқының көпшілігі 1991 жылдың наурызында Кеңес Одағын сақтап қалуды жақтап дауыс берді. Бұдан олар Қазақстанның тәуелсіздігіне қарсы деген тұжырым тумауы керек. Қысқаша айтқанда, өздерін Қазақстан Республикасының азаматтары деп сезінетін еуропа тектестер еуразиялық менталитетке ие болып, республиканың өркениетті елдер қатарына қосылу жолында жемісті қызмет атқара алды.

Еуразиялық мәдени тип өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін қазақтың дәстүрлі мәдениетімен тұтасуы қажет. Керісінше болса, онда еуразиялық қазақ мәдениетінің маргиналдық белгілері басым болып, рухани қайнарлары таусылып қалады. Маргиналдық пен шығармашылық бір-біріне қолайлы емес.

Енді жаңа жағдайлардағы қазақтың төлтума мәдени типінің кейбір тенденцияларына, даму бағыттарына қысқаша тоқталып өтейік. Қазақтың төлтума мәдени типінің жүйелік құрылымдық және функционалдық ерекшеліктері мен олардың әлемдік тарихпен үндестігін алдыңғы тарауларда қарап өттік. Қазақстанның тәуелсіздік алғанына 25 жылдай ғана болды. Бұл аз уақыттың ішінде, әрине, жаңа мәдениет қалыптасты деу асығыстық болар.

Сонда да қазіргі дүниежүзілік мәдениетте ХХІ ғ. қарсаңында кейбір адамдық әмбебаптық болмыстың басты бағыттары айқындала бастағандықтан, олардың қазақ мәдениетінің мүмкіндіктері, парадигмалары және бағдарламаларымен салыстыра қарайық.

ХХ ғ. адамзат тарихында өзінің ұлылығы мен әлеуметтік дағдарыстары, ғылым мен техниканың керемет жетістіктері мен сұрапыл соғыстары, болашаққа нақтылы қадам басуымен және термоядролық эзезіл қаупімен ерекше орын алады. Ғасырдың алғашқы жартысында адамзат басынан өткізілген екі дүниежүзілік соғыс заманақыр жақын деген үрей туғызса, олардың аяғына таман планетамызда парасаттылық пен ізгілік күшейе бастады. ХХ ғ. ең негізгі сабағы «біздің бәріміз бір ғарыш кемесінің-Жер деген планетаның жолаушылары» екенімізді түсіну, мұны айтқан ұлы гуманист-Антуан де Сент-Экзюпери.

ХХІ ғ. қарсаңына мәдениеттердің ұлы тоғысуы, сұхбаттасуы және тұтануы басты тенденцияға айналды. Біз, шынында да, біртектес адамдық мәдениеттің аймағына ене бастадық. Нәсілдік, отаршылдық, саясми-идеологиялық жікшілдіктен «бүкіладамдық үйге» көшу басталды. Бұл мәселе қазақ мәдениеті үшін де өте актуалды болып табылады. Ішкі жікшілдіктен айырылу, әлемдегі өркениетті елдермен жақындасу, халықаралық қатынастардың тұлғасына айналу қазақ мәдениетіне жоғарғы талаптарды қойды. Тәуелсіз Қазақстанда бұл мәдениет шешуші қызмет атқарады әрі басқа этникалық топтардың және субмәдениеттердің

дамуына және бір-бірімен келісімді болуына жауапты болғандықтан ХХІ ғ. шеруге шыққан көшке берекесі кеткен мәдениет қосыла алмайды.

Қазақ мәдениетін тағдыр қысымынан сақтап қалған күдіретті күштің бірі ана тілі екендігі белгілі. Қазақ болашағы оның тілінің тұрмыстық-отбасылық деңгейден халықаралық қарым-қатынас, өнер мен ғылымның жоғары бітімдерінің құралы дәрежесіне қатысты екендігі жөнінде де аз жазылып жүрегі жоқ. Бұл сипатта тілдік Ренессанс қажет және оның бағдары барлық еуропалық терминді шығыс сөздерімен ауыстыруда да емес. Мысалы, моральды «ақылақпен», класты «сыныппен», философияны «пәлсапамен» алмастырумен ұтыстар шамалы болар. Әрине, тілдің қолдану тәжірбиесінде соңғы кезде енген ұтымды терминдер де жеткілікті. Тіл мәдениетін көтерудің маңызды бір мәселесі-кириллицаны латын алфавитімен алмастыру. Бұл туысқан халықтардағы және әлемдегі тенденциямен үндес.

ХХ ғ. тағы бір сабағы тоталитарлық жүйелердің дәрменсіздік көрсетіп, «демократия», «азаматтық қоғам», «құқықтық мемлекет», «адамның бостандығы» ұғымдары мен ұстанымдарына негізде оған өркениетті жаңа мыңжылдыққа қарай нық қадам басуында. Мұны кейде батыстық либерализмнің жеңісі деп те бағалайды. Осындай топшылаудан жасандылық пен сыңаржақтылық көрініп тұр. Әлемнің мозаикалық құрылымы, этностардың, мәдениеттердің, дәстүрлердің, құндылықтардың сан алуандылығы бастыстық модель-үлгі жеңіп шықты деген тұжырымның негізсіздігін көрсетеді. Жоғарыда аталған әлеуметтік-мәдени құндылықтарды біз сол «таза» күйінде емес, ұлттық менталитет пен мәдени дәстүрлерге үйлестіре қабылдауымыз керек.

ХХ ғ. аяғында әлемдік мәдениетке қалыптасқан тағы бір ахуал озық технологияны гуманистік этикамен үйлесімді қосу талпынысы. Біздің заманымыздың ұлы ойшылдары А.Швейцер, М.Ганди, Л.Толстой, Тейяр де Шарден, Э.Фромм т.б. адамгершілікті негізгі құндылық деп жариялап, Шәкәрім «ар білімі» деп атаған этиканы ғылымдардың ішінде бірінші орынға қойды. Бұл туралы әлемде көп айтылып-жазылып жүрумен шектелмей, нақтылы істер де жүзеге асуда. Мысалы, бұрын әр түрлі елдердің экономикалық даму деңгейіне, тауар өндіруге байланысты салыстырулар етек жайса, соңғы жылдары БҰҰ мемлекеттерді адамдық даму индексі бойынша сараптайды.

Республикада адамгершілік мәдениетін дамыту бағытында аз істер істеліп жатқан жоқ. Бұл ретте жас қауымды халықтың дәстүрлік адамгершілік нормаларына, ұстанымдарына, ережелеріне үйлесімді тәрбиелеумен қатар, қазіргі заман талаптарына сәйкес өркениетті елдерде басты назар аударылатын этикет ережелерін де білуге және күнделікті өмірде орындауға құмарту қажет.

Адамгершілік мәдениетін қалыптастырғанда әдептің құқықпен жақын екендігін, қоғамда тәртіп пен заңдылықты реттейтіндігін естен шығармаған жөн. Келеңсіз көрініс рушылдыққа қайтып келсек, оның

коррупция, таныстық, енжарлық, өктемдікпен байланысты екендігін байқауға болады.

Қазақстандағы бұрынғы қоғамнан қалған адамгершілікке жатпайтын әлеуметтік типтерге «пысықтар» мен «шолақ белсенділер» жатады.

13.3. Жаһанданушы әлемдегі орнықты даму және экологиялық мәдениет

Жаңа өркениеттің басым құндылықтарының біріне «орнықты даму» концепциясы жатады. Ең алдымен, орнықты даму концепциясын адамзат тарихында алғашқы рет Рим клубының өкілдерінің тұжырымдап бергенін еске алған жөн. Рим клубының оң баяндамаларында қазіргі экологиялық жағдайды талдау негізінде Батыс өркениетінің ғылыми-техникалық экспансиясының нәтижесінен туындаған қазіргі әлемнің жүйелік дағдарысы туралы қорытынды жасалды. «Қазір,-деп жазады Ф.Сен-Мара,-біз, табиғи кеңістіктің жетіспеуінен және әлсіздігінен болашақ адамзаттың өмір сүру қауіпсіздігін пайымдау арқылы түсінілген табиғат ғасырына-жаңа заманға аяқ бастық» (Сен-Мара Ф. Социализация природы.-М., 1977.-54 б.). Рим клубының бірінші баяндамасының авторлары бойынша, өркениеттілік дағдарыс шекті кеңістікте экспоненциалдық дамудан туындайды. Егер өткен ғасырларда ғылыми-техникалық прогресс индустриалдық қоғамды дамыту арқылы адамзат алдында тұрған қиындықтар мен мәселелерді шешуге себебін тигізсе, онда бұл күндерді прогрестің өзі адамзат үшін қауіп төндіріп тұр.

Алғашқы баяндамаларда адамзат дамуының болашағы жөнінде пессимистік сарындар басым болса («даму шектері», «нөлдік даму», «болашақтық шок»), кейін қазіргі адамзат дамуындағы бағыттарды өзгертетін кең көлемді бағдарламалар түйінделді (Нэсбит Д. Және Эбурдин П. Мегатенденциялар. 2000 жыл. Бізді 90-шы жылдары не күтеді?-Москва, 1982). Осы және басқа да еңбектерде еңбектерде адамзаттың «бүкілғаламдық тепе-теңдік» пен «орнықты дамуға» қол жеткізе алатындығы дәлелденді.

Бұл тек қана өндірісті жаппай дамыту мен шектелмейтін, адамдық дамуды алдыңғы қатарға шығаратын және жер бетінде өмір сүретін барлық адамдардың негізгі талап-мұқтаждықтары мен құндылықтары өтелетін, әркім өзінің тұлғалық адами мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын (Д. Медоуз) өркениеттілік қалыптасып келе жатқандығын білдіреді. Осындай орнықты және тұрақты, үйлесімді дамуды жүзеге асыру үшін қажет мөлшерден ауылшаруашылық өнімдерін өндіре алатын, жан басына шаққандағы ресурстарды қамтамасыз ететін минималдық деңгейінен аспайтын даму және демографиялық шектерді анықтау қажет.

Орнықты даму концепциясының жаңа мыңжылдықтың табалдырығындағы қазіргі адамзат болмысының өзекті мәселесі екендігі 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында өткен қоршаған орта мен орнықты даму жөніндегі халықаралық конференцияда аталып өтті. Осы жиын қабылдаған Декларациядан үзінділер келтірейік.

«1. Адам жөнінде қамдану орнықты дамуды жүзеге асырудағы әрекеттерде орталық орын алады. Адамдардың табиғатпен үйлесімді, салауатты, жасампаз өмір сүруге құқығы бар...»

«3. Даму құқығы бүгінгі және болашақ ұрпақтардың даму және қоршаған орта салаларындағы қажеттіктерін әділетті түрде жүзеге асыру керек».

«6. Дамушы елдердің, солардың арасында, бірігіші кезекте, ең төмен дамыған және экологиялық жағдайы қауыптілерінің ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне басты назар аудару керек».

«25. Әлем, даму және қоршаған ортаны қорғау бір-біріне байланысты және бөлінбейді» (Ноосфера – устойчивое развитие. – Алматы. 1996. № 1.-22 -28 бб.).

Орнықты даму ұстанымдарының өлшеуіші ретінде адам алынады. Соңғы жылдары әлем елдерін салыстыру білімділік деңгейін, адамдардың орташа жас мөлшерін және басты қажеттіктерін өтеу сапасын қамтитын адамдық даму индексі арқылы жүргізіледі.

Адамдық көрсеткіштерді ескермейтін, тек табиғатты пайдалануға бағытталған, табиғи және әлеуметтік тұтынушылық пиғылдағы ұстаным шынайы кісілік байлықты дамыта алмайды: адамды белгілі бір жоспарлар мен стратегияларды жүзеге асыратын құрал ретінде қарастырған жөн емес, керісінше даму жоспарлары адамға қызмет ету керек» (Печчеи А. Человеческие качества.-М., 1980.-183-184 бб.).

Өсу үшін өсу адамзаттың мүдделеріне қайшы келеді-ол өмір саласын жоғарылатудан гөрі, керісінше, төмендетіп жібереді. Экономикалық даму гуманды мақсаттарға қызмет етуі керек және осы міндетке сәйкес болса ғана өзін-өзі ақтай алады. Қоршаған ортаның тежеусіз ластануы, қалалық конгломераттардағы автокөліктің көбеюінен пайда болған шу мен зиянды тұман, тұлғасыз бюрократтану мен руханилыққа қарсы стандарттау, нәпсіқұмарлықта жарнама мен өндірісті пайдалану, жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс және халықаралық саудадан түсетін пайда арқылы өлшенгенде экономикалық даму болғанымен, ол адамзаттың түбегейлі мүдделеріне ыңғайлы және қолайлы емес.

Орнықты даму жүйесінде барлық құрылымдар адамдық табиғаттың ізгі және гуманды негіздерімен айқындалады және мынадай адамгершілік құндылықтарын жүзеге асыруға бағытталған:

- әлем азаматтарының тең құндылығының көрінісі ретінде бүкіл дискриминация мен қорлауға қарсы тұратын теңдік;
- демократия және адамдардың экономикалық, саяси және қоғамдық өмірге толыққанды қатысуы;
- ортақ мүдде мен өзара сыйласуды білдіретін және басқаға деген туысқандық пен сүйіспеншілік сезімін аңғартатын бірегейлік;
- халықтардың өзіндік ерекшеліктерін дамытатын және әртүрлі елдердің арасындағы мәдени құндылықтар алмасуының құралы болатын мәдени әр түрлілікті сақтау;

- салауатты қоршаған ортаны сақтау (Тинберген Ф. Пересмотр международного порядка.-М., 1980).

Орнықты даму ХХ ғасырдың соңындағы жаңа бағдарларды тереңдету арқылы мүмкіндікке ие болды. Американдықтар Д. Нэбитт пен П. Эбурдин олардың арасында мыналарды атап өтеді: 1. 90-шы жылдардың барысындағы экономикалық жедел даму және жаңа технологиялар; 2. әлеуметтік реттеу элементтерін ерікті нарықпен үйлесімді қосу; 3. әмбебап өмір салты және мәдени ұлтжандылық; 4. приваттық (жекеше) және мемлекеттік дәулеттілік тенденцияларын үйлесімді қосу; 5. өнердің, көркем мәдениеттік қайта жанғыруы; г) діни өркендеу; д) тұлға салтанаты.

Барлық осы бағдарлар негізінен дамыған елдерге тән, сондықтан орнықты даму концепцияларында әр елдің даму деңгейін еске алған жөн. Мәселені зерттеушілердің атап өткеніндей, Батыс пен Шығыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы ұлғайып бара жатқан алшақтық әлемдік өркениеттің тұрақтылығына қауіп тудырады. Сондықтан Рио-92 декларациясында нашар дамыған елдердің жалпы кешеуілдеуін тоқтатуға үлкен көңіл бөлінді. Әлем барған сайын жалпы ғаламдық сипатқа ие болып отыр. Жоғарыда аталған құжатта орнықты дамудың мынадай басты алғышарттары аталып өтеді:

- адамдық-«үздіксіз дамудың түйінінде адамдар тұруы қажет»;
- экологиялық-«қоршаған ортаны қазіргі және келешек ұрпақтар үшін сақтау міндет»;
- экономикалық-«даму, тұтыну үшін мұқтаждық»;
- әлеуметтік-«кедейлік пен қайыршылықты жеңу»;
- құқықтық-«қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді заңдар жүйесін жасау»;
- халықаралық ынтымақтастық пен әріптестік-«мемлекеттер мен халықтар арасындағы сұхбаты жаңа деңгейге көтеру» (Ноосфера-устойчивое развитие.-Алматы, 1996. № 9. – 35 б.).

Осы сәтке «дағдарыс» анықтамасы көбірек тән болғанымен, қазақстандық қоғам үшін орнықты даму концепциясының маңызы зор. Аталған дағдарыстан шығу үшін Қазақстан орнықты даму жолына шығуы қажет. Белгілі болғандай, Қазақстан экологиялық қауіпті және төтенше елдер қатарына жатады. Осы мәселені зерттеуші В.Н. Василенконың сараптауы бойынша, «Қазақстан қоршаған ортаны қорғауға арналған ең төмен шығындарды жұмсай отырып (Еуразия елдерінің арасында), планетадағы ең жоғары техногендік биосфераға бағытталған қысымды басынан ұшыратып отыр. Белгілі экологиялық SAIC фирмасының деректері бойынша, Қазақстандағы экологиялық қаржылау жылына бір адамға 20 центті және әр шаршы шақырымға 1.21 АҚШ долларын құрастырады. Неше түрлі азық-түлік, энергетикалық және басқа да мұқтаждықтарды өтеу үшін, әлемдік базарларға шығу мақсатында Қазақстан жыл сайын бір адамға шаққанда 50 тонна табиғат затын

өндіреді және технологиялық оңдеуден өткізеді. Олардың арасында қалдықтар 95 пайызын құрастырады және Қазақстан жерінде 19 миллиард тонна өнеркәсіптік қалдықтар қалған әр қазақстандыққа 1 тоннадан артық келеді. Әсіресе қауіпті жағдай елдің демографиялық жағдайында қалыптасқан-халықтың едәуір бөлігін экологиялық себептерден туындаған дерттер қамтыған және осының салдарынан өмір сүру ұзақтығының орташа көрсеткіші әлі төмен. 1990-1995 жылдар арасында ол 68.6-дан 66.1-ге дейін төмендеген» (Ноосфера-Жербесік. Алматы, 1996, № 1.-334 б.).

Егер жоғарыда аталған факторларға Қазақстандағы экологиялық зардап шеккен төтенше аймақтарын (Арал маңы, Семей полигоны, Байқоңыр космодромы аймағы, далалардың шөлденуі ж.т.б.) қоссақ, онда еліміздегі экологиялық жағдайдың аса қауіптілігі күмән туғызбайды. Сонымен қоса патерналистік ұстанымдағы тоталитарлық ділдің қалдықтарын да ескеру керек. Экологиялық апат себебін тек ғылыми-техникалық прогресс пен халық кедейлігінен іздемей, адамдардың санасындағы мәдени-ізгілік құлдырауды да экономикалық-экологиялық қиындықтарды тудыратынын ұмытпаған жөн. «Ноосфера-Жербесік: Орнықты даму» экологиялық алуманағында осыған байланысты төмендегідей пікір айтылады: «Көптеген саясаткерлер, әлеуметтанушылар, заңгерлер мен экономистер, психологтар мен реформаларға қатысты сарапшылардың ортасында, елдің ұлттық мүдделері мен басым бағыттарына қайшы келетін мынадай стереотиптер мен мифтер кездеседі:

- Қазақстанның табиғи ресурстарының арзан және таусылмайтындығы туралы;
- биосфераның экологиялық заңдылықтарын елемесе де болады;
- саясаттағы, құқықтағы, экономикадағы және табиғатты пайдалану технологияларындағы экономикалық талаптарды орындауды кейінге қалдыруға болады;
- экологиялық заңдар жүйесі ұлттық қауіпсіздіктің стратегиялық приоритетті бөлігіне жатпайды;
- қоршаған ортаны қорғауға көп қаржы бөлу-бай және қаржылы елдердің үлесі;
- халықтың экологиялық талаптарын мемлекеттік шешім қабылдағанда, онша елемесе де болады» (Ноосфера-устойчивое развитие. Алматы, 1996. № 1.-334-335 бб.).

Орнықты даму қалпына түсу үшін Қазақстанның өзіндік тағы бір күрделі мәселесі қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани салаларының өтпелі түрде болуы жатады. Егер дамыған елдер орнықты жеделдеудің 3-4 басым міндеттерін шешетін болса, онда посткеңестік мемлекеттер барлығын қайтадан бастап, түгелдей шешуі керек. Қазақстан жағдайында орнықты дамуды қалыптастыру міндеттеріне мемлекеттің өзінің тікелей қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қолдау, оның

территориялық миканы қайта құру, демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғамды қалыптастыру, рухани жаңғыру т.б. жатады.

Орнықты дамуға көшу қоғамдық өзгерістерді, дәстүршілік пен модернизацияны рационалды түрде үйлестіруді талап етеді. Қазіргі тұтас әлемде тек этноорталықтық үлгілерді негізге ала отырып, табысқа жету мүмкін емес. Әсіресе дәстүршілдік, тек өзінің қуаттарына ғана сену, елдің ерекшелігін баса айту бір елді де көркейткен жоқ. Егер бұрынғы жаңғыртулық, модернизациялық бағдарламаларда басты назар ішкі факторларға ғана аударылса және модернизацияны білімді элитаның шығармашылығының нәтижесінде бұқара халық оны дайын күйінде қабылдайды деп түсінілсе, онда қазіргі жағдайда жоғарыдағыға қосымша мынадай факторлар маңызды болып есептеледі: әлемдік геосаяси жағдай, адам құндылықтарының мемлекет егемендігінен кем болмауы, сыртқы экономикалық және қаржылық көмек. Халықаралық базарлар мен ақпараттардың ашық болуы, гуманистік құндылық бағдарларының үстемдік етуі. Тек қана элита емес, сонымен бірге әлемдегі озық үлгілермен бұқаралық ақпарат құралдары және жеке сұхбат арқылы тамыс қарапайым адамдар да өз өмір қалыптарын заманға сай өзгерткісі келеді.

Қазақстанда соңғы жылдары орнықты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған бірнеше стратегиялық және бағдарламалық құжаттар қабылданған. Олардың арасындағы елеулілері: «Қазақстан Республикасындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету концепциясы», «Экономикасы өтпелі кезеңдегі елдерде табиғатты пайдалану әрекеттерін жүйелі басқарудың басшылыққа алатын ұстанымдары», ХХІ ғ. арналған күн тәртібі: «Өркендеу үшін Отанды орнықты дамыту». Бұл құжаттарда Қазақстанның жаңа мыңжылдықта демократиялық және гуманистік негіздерде, барлық халықтардың рухани, этикалық, мәдени және басқа да құндылықтарын сақтай отырып, туған табиғат пен үйлесімді болатын орнықты экономикалық жән адамдық даму кеңістігіне енгісі келетіндігі жарияланды.

Орнықты даму принципі тек экономикалық және экологиялық мәселелермен шектелмейді. Орнықты даму қазіргі әлем мәдениетінің ажырамас маңызды бөлігіне айналып отыр. ЮНЕСКО-ның Париж қаласында 1998 жылы қабылданған құжатында, даму құқығы және оның жүзеге асуы әлем мәдениетін жетілдіруге бағытталған және адам құқықтарын одан қарай тереңдетуге арналған салалардың арасында ерекше орын алады деп атап өтілген.

Пысықтау сұрақтары:

1. «Жаһандану» ұғымын қалай түсінесіз?
2. Қазіргі қазақстандық мәдениеттегі инновациялық үдерістерді қалай түсінесіз?
3. «Архаистік мәдени тип» дегеніміз не?

4. «Мәңгірт» ұғымын қалай түсінесіз?
5. «Еуразиялық мәдени тип» дегеніміз не?
6. «Маргиналдық мәдени тип» дегеніміз не?

14. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ САЯСАТЫ ЖӘНЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Мақсаты: Қоғамның негізгі құндылықты бағыттары мен тұлғаның жасампаз бастамасын қалыптастыратын саяси мәдениеті дамыған мемлекеттің басты идеологиялық тұғырнамасын талдау.

14.1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және Ұлттық стратегия

2014 жылы 11 қараша күні Қазақстан халқына арнаған өзінің «Нұрлы Жол» Жолдауында Н.Ә. Назарбаев ел тағдырын алдағы күрделі жылдарда айқындайтын терең идеяларды ұсынады. Экономикалық мәселелерді айта келе, Елбасы, бұрын өзі ұсынған, «Рухани жаңғыру» ұстанымын ұлттық идея ретінде тағы да дәлелдеп береді: «Біз Жалпыұлттық идеямыз-Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел-елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан 2050» стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі-Мәңгілік Ел! Ол-барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде нақтылы жасалып шықты. Онда ұлтымыздың жаңа тарихи даму кезеңінің негізгі мақсаттары көрсетілген, атап айтқанда: рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау және ұлғайту, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену. Осы мақсаттарға жету жолына бағытталған жобалар бағдарламада толық көрсетілген.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне біртіндеп, кезең-кезеңмен көшуі туралы жобасы тіліміздің дамуына жаңа импульс беріп, оны әлемдік кеңістікке шығаруға, сөйтіп халықты тілімізді толық меңгеруге ынталандыруға арналған. Ал 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне толық көшетін боламыз: осы уақыттан бастап барлық жазбаша дүниелер – БАҚ беттеріндегі жарияланымдардан бастап, кеңселік іс қағаздарын толтыруға дейін тек қана латын тілінде жүргізілетін болады. Оған дейін ақырын үйреніп, кириллицадан латынға біртіндеп өтетін боламыз.

«Қазақ тілінде 100 жаңа оқулық» жобасы жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік беруге, білім сапасын арттыруға және ұлттың өзіндік сана-сезімі мен оның тілін дамытуға бағытталған. Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір

ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық». Міне, осы шектіліктен арылу үшін, тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология саласы бойынша әлемнің ең үздік 100 оқулығын қазақ тіліне аудару ұсынылып отыр. Бұл бағдарламаның нәтижесі 5-6 жылдан кейін-кітаптар студенттердің қолына тигеннен кейін өз жемісін бере бастайды, сол кезде отандық жоғары оқу орындарының түлектері халықаралық еңбек нарығында бәсекеге төтеп бере алатын болады деп күтілуде.

«Қазақстанның 100 жаңа есімдері» атты жобасы еліміздің түкпір-түкпірінен әртүрлі жастағы және әртүрлі ұлттардың өкілдері арасынан жоғары жетістіктерге жетіп, отандастарына үлгі боларлық тұлғаларды дүйім жұртқа таныстырады. Осы жобаға енетін 100 жаңа есім қазіргі Қазақстанның бетке ұстар бейнесі ретінде алынады.

«Қазақстанның киелі географиясы» атты жоба еліміздің тарихи-мәдени және символикалық киелі негіздеріне сүйенеді. Бұл жобаға жататын қасиетті орындар – елде туризм индустриясын дамытуға, сөйтіп халықты киелі жерлерге тартуға арналады. Сонымен қатар Елбасы өз мақаласында республикада жаппай спортты дамыту мәселелеріне де көбірек көңіл бөледі. Осы орайда аталған «Туған жер» жобасы елдегі әлеуметтік маңызы зор мәселелерді шешуге, азаматтарды өздері тұратын елді мекендерді абаттандырып, өлкені жандандыруға, дамытуға, сөйтіп жалпы қоршаған ортаны қорғауға баулуға бағытталған.

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін шетелге таныстыру жүйесін қолға алуды көздейді. Шын мәнісінде қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті мазмұндық жағынан да, қалыптық жағынан да ілгері дамытуға бағытталған. Осы орайда алдымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шетелдік қауым назарына ұсынылып, 2017 жылы 17-19 қазан күндері UNESCO-ның Париждегі штаб-пәтерінде онымен таныстыру рәсімі өткен болатын. Осы шара аясында шетелдік көрермен қазақстандық мәдениеттің әртүрлі бағыттарымен танысып, көптеген мәдени іс-шараларды тамашалады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстанның бірінші Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың **«Ұлы Даланың жеті қыры»** атты еңбегінде нақтылана түсті. Мақалада қазақ халқының ежелгі заманнан бергі рухани мәдениеті мен материалдық мәдениетінің ерекше тұстары баяндалады.

I. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 1. Атқа міну мәдениеті. 2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия. 3. Аң стилі. 4. Алтын адам. 5. Түркі әлемінің бесігі. 6. Ұлы Жібек жолы. 7. Қазақстан-алма мен қызғалдақтың отаны.

II. Тарихи сананы жаңғырту. 1. Архив-2025. 2. Ұлы даланың ұлы есімдері. 3. Түркі әлемінің генезисі. 4. Ұлы даланың ежелгі өнері және

технологиялар музейі. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 6. Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы заманауи тәуекелдіктер мен жаһандық талаптарды ескере отырып, ұлттың рухани құндылықтарын жаңғыртуға, сондай-ақ Қазақстанның заманауи әлемдегі басекелік қабілеттілігін арттыруға, ұлттық сәйкестікті сақтауға, азаматтардың мәдени білімін және сана-сезімінің жоғары екендігін дәріптеуге бағытталған. Міне, осы сапалардың барлығы қазақстандықтар сүйенетін негізге, тірекке айналуы тиіс.

«Рухани жаңғырту» бағдарламасы қоғамды шоғырландыруға, зиялы қауым мен жастарды, барлық ұлт өкілдерін Елбасы жариялаған жарқын идеяның айналасына біріктіруге мүмкіндік береді. Бағдарламаның барлық бағыттарын іске енгізу әлеуметтің, ғылыми-эксперттік қауымдастықтардың, азаматтық қоғам өкілдері мен жастардың белсенді түрде атсалысуымен жүзеге асады.

Ұлттық идея тек бүгін пайда болған жаңалық емес, ол миллиондаған адамдардың өздерінің міндеттерінің түсінуінің жемісі болып табылады. Біздің міндетіміз-қоғамның көп ұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру, яғни мықты ұлттық идея қалыптастырып, бүкіл халықтың арман-мүддесін жүзеге асыру. Елдер мен елдердің, ұлттар мен этностардың мақсат мұраты ескерілмеген жағдайда, бір елдің екінші елге дұрыс қарамауы, бір халықтың екінші халықты кемсіту, намысын қорлау, бір тілдің екінші тілді қыспаққа алу, бар болмысын, құндылықтарын аяқ-асты ету орын алса, ұлттық идеяға қауіп төнері анық. Сондықтанда ондай өрескелдікке жол бермеуіміз керек. Сол себепті еліміздің ұстанымы өз-ара тату, бейбіт өмір сүру, ауызбіршілік, ынтымақтастықта әр халықтың рухани үйлесімділігін сақтап, еліміздің абыройын асқақтата отырып, әлемдік деңгейге көтеру үшін еліміздің әр бір азаматы бойындағы бар күш жігерін салып, жаңа заманда жаңаша өмір сүруі қажет.

Ол үшін Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» Жолдауындағы білім саласына да назар аударып, ел болашағы жастардың білім деңгейінің әлемдік стандартпен тең болу керек екендігіне зор көңіл бөлгендігі аса қуанышты жағдай екені баршаға аян. Ел болашағын тереңнен ойлай білу үшін ұлттық идеяның өзегі ретінде қазақтың тілін, рухын, мәдениетін көтеру міндет. Бұл ұлттық мүдде мен ұлттық идеологияның астасар тұсы. Ұлттық идеология туралы әңгіме, ең алдымен, қазақ мемлекеті туралы әңгіме. Бүгінгі ұлттық идеология-ұлттық мемлекет құру. Ал, кез-келген мемлекетте ең алдымен мемлекеттік идеология жүреді. Бұл идеология мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын пәрменді жүргізуге бағытталған ең басты қаруы, ең басты қондырғысы.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның негізгі идеясы-Ел Тәуелсіздігін баянды ету, халықтық, ұлттық бірлікті нығайту, әлеуметтік, экономикалық жағдайларды жақсарту, көрші елдермен тату-тәтті өмір

сүру, Республикаға сырттан инвестиция тарту сияқты аса маңызды мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыруға бағытталады. Біздің мемлекеттік идеологияның ауқымы 2050-ға дейін аралықты қамтып жатыр.

Бүгінгі заман-мәдениеттердің жаһандану кезеңі. Жаңа сапаға көшер алдындағы, яғни, өз дамуының ең биік сатысы-біртұтас адамзаттық өркениетке құйылар алдындағы қарбалас шағы. Жаһандану-өркениеттің кезекті даму сатысы. Қазіргі әлемдік мәдениет пен өркениетте ерекше ықпал тигізіп отырған жаһандану-өмірдің барлық салаларын қамтып отырған күрделі процесс. Ол дүниежүзілік адамзат қоғамының даму заңдылықтарын айқындайтын факторлардың бірі ретінді қоғамда тіл мен дінімізге, рухани кеңістігімізге әсер етеді.

Қазақ елі еркіндікке бет түзеді. Бұл, сөз жоқ, жаһандану алып келген игілікті, табысты өзгерістер. Халықтар өзінің бұрынғы, бүгінгі, ертеңгі-әр кездегі дамуын терең тануда өзіндік бағыт-бағдар алды. Әр халықтың өркениет әлеміндегі орнын білу мүмкіндігіне ие болып қалыпты жағдайда өмір сүруін қамтамасыз етеді. Біздің әлемдік өркениетке қол жеткізуімізге мүмкіндік туды. Бұл орайда әлемдік өркениеттің өрісне шыққан, дамудың сара жолына түскен елдердің тәжірибесіне баса назар аудара отырып, өз жолымызды табудың маңызы зор болмақ. Демек, біз, таяудағы жылдарда дәстүрімізге сай халықтық қалпымызға оралып, әлемдік білімді игеруге қол жеткізу арқылы біздің де өркениетті елдердің қатарына қосылуымызға, яғни адамзат өркениеті биігіне көтерілуімізге толық мүмкіндігіміз бар екендігі ақиқат. Оған көптеген шаралар жасалып, алғашқы қадамы жүзеге асып та жатыр. Қазақ халқының рухани түлеуінің тарихи жағдайларды түгендеусіз мүмкін еместігі, тарихи, ділдік, діни және тілдік сабақтастықтың ұлттық идеологияның негізі екендігі де барынша сезіле бастады.

Дұрыс идеологиялық бағдарды ұстанып, болашаққа сеніммен аяқ басайық. Көп ұлтты, көп конфессиялы республикамызда мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі салыстырмалы аз мерзімнің ішінде берілген конституциялық құқық негізінде идеологиялық ағымдардың түрлі нұсқалары қалыптасып үлгерді. Еліміздегі этно-демографиялық, саяси-әлеуметтік жағдайдың дамып, өзгеруіне байланысты осы идеялардың арасынан басталған реформалардың табысты жүргізіліп, оған қоғам мүшелерінің белсенді қатысуын қамтамасыз ететін, халықтың көпшілік бөлігінің рухани сұранысын қамтамасыз ете алатын ұлттық дәстүрін, құндылықтарын мемлекеттік дәрежеге көтерудің қажеттілігі барынша сезіле бастады.

Ұлттық мемлекет-еліміздің негізін құраушы, ұйыстырушы қазақ ұлты және қазақ ұлтының қалыптасқан тарихи мекені болғандықтан міндетті түрде қазақ ұлтының мемлекеттігі орын алуы шарт.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы (ҚХА) «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда үлкен рөл атқарады. ҚХА-ның мақсаты-республикадағы оқиғаларға баға беру және саяси жағдайларға болжам

жасау негізінде қоғамдағы ынтымақты қамтамасыз ететін іс-тәжірибелік ұсыныстарды ойластыру, ҚР Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі ретіндегі қызметіне атсалысу. Ассамблея:

- мәдени-ағартушылық-тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау;

- тәрбиелік-қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру;

- ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту;

- Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ісімен айналысады.

Ассамблеяның 380-нен аса мүшесі бар. ҚХА-на мүшелікке кандидаттарды тең арақатынас қағидасы бойынша жергілікті жерлердегі Қазақстан халықының кіші Ассамблеясы, республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктер, Ассамблея Кеңесінің мүшелері ұсынады. ҚХА-ның төрағасы-ҚР Президенті. Ол Ассамблея мүшелерінің ұсынысы бойынша төрағаның екі орынбасарын тағайындайды. Ассамблея мәжілістері арасындағы жұмысты ҚР Президентінің шешімімен Ассамблея кеңесі жүргізеді. ҚХА кеңесі ұлттық-мәдени орталықтар, ардагерлер кеңесі өкілдерінен, кіші Ассамблея жетекшілерінен, сондай-ақ, Ассамблеяға мүше басқа тұлғалардан құралады.

ҚХА-н құру идеясын алғаш рет ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының 1-форумында ұсынды. Ассамблея өзінің жиырма бес жылдан аса тарихында көптеген сессиялар өткізіп, аталған шараларда қоғам өміріндегі маңызды мәселелер мен мемлекет дамуындағы негізгі бағыттар талқыланды. ҚХА Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық халықтардың мәдениетін, тілін дамытуға қолайлы жағдай жасау бағытында Қазақстан халықтарының фестивальдерін, тілдер фестивальдерін, жексенбілік мектеп оқушыларының мемлекеттік тіл мен ана тілін білу дәрежесін анықтайтын байқауларын, тіл саясаты мәселелері бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар, т.б. өткізеді.

Бұл ерекше институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен сындарлы дамыту мақсатына айтулы үлес қосты. Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

Ассамблея Кеңесінің мүшелері жетекшілік ететін республикалық, аймақтық және қалалық ұлттық мәдени орталықтар жұмыс істейді. Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық, 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық-өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істейді.

Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды. Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде.

14.2. Саяси мәдениет

Демократия. XX ғасырдағы өркениеттілік ізденістердің бір сабағына мәдениет пен демократияның ішкі қисындылығы туралы идея жатады. Кейбір қазіргі либерализмнің өкілдерінің демократия өзіне-өзі мақсат емес, ол адамдық ынтымақтастық пен бірге өмір сүрудің тиімді түрлерін нығайтуға бағытталған утилитарлық құрал болып табылады, кейде тарихта қоғамның неғұрлым көп бөлігінде азаматтық құқықтарды барынша мол беретін билік жүйесі ретінде анықталады.

Демократиялық саяси үлгіні орнатуға бағытталған саяси белсенділік, өзінің өту жағдайлары (экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани) бойынша да, қойылған мақсаттарының ауқымдылығы жағынан да саяси қатынастың күрделі түріне жатады. Демократиялық қоғамға бағытталған қозғалыс барысында кейбір елдер бірден тоталитарлық дағдылардан арыла алмай «рационалды авторитаризм» сатысынан да өтуі мүмкін, бұл демократиялық режим қалыптасуының күрделілігін көрсетеді.

Қазақстан сияқты көп құрылымды мемлекетте полиархияны орнықтыру күрделі болғанымен, өз шешімін таба алады. Осындай қоғамда қалыптасып келе жатқан демократия мынадай негізгі алғышарттарын назардан шығармауы тиіс:

- мемлекеттік басқарудағы «үлкен коалициялар»;
- өзара вето салу мүмкіндігі;
- саяси топтардың мемлекет билігіндегі үлесін сақтау;
- жергілікті құрылымдардың автономиясы.

Өз мәнісі бойынша осындай демократияны «либералдық де-

мократияның» баламасы ретінде қарастыруға болады. Ортега-и-Гассет мынадай түйін айтады: «Бірге өмір сүруге барынша икемділік танытатын, әлеуметтік пен қоғамдылықты сақтайтын саяси формаға либералдық демократия жатады. Ол басқа адамдардың пікірімен есептесуге негізделген және «тікелей емес әрекеттің» түпкі үлгісі болып табылады» (Ортега-и-Гассет. Восстание масс//Вопросы философии. М., 1989. № 3.- 37 б.).

Сонымен, қазақстандық қоғамда «бірлескен-әлеуметтік демократияны» («полиархияны», «либералдық демократияны») орнатуға ұмтылу, мемлекеттіліктің «этнократиялық үлгісінен» бас тарту, өркениеттілік пен гуманизмге қадам жасаудың кепілі болып табылады. Ол бұрынғыдан келе жатқан тоталитарлық қалдықтардан әлі толық арылмағанымен және неше түрлі күрделі соқпақтардан өтетіндігімен, өзінің түпкі бағытында саяси үдерістердің өркениеті жолымен дамуына негіз бола алады және қазіргі заман талаптарына сай саяси мәдениетті қалыптастыра алады.

Этнократия деп әлеуметтік негізде емес, керісінше, этникалық бастауларға иек артатын және «олигархиялық коллективизмнің» (Д.Бернхэм) бір түрі болып табылатын билік жүйесін айтады. Ол саяси үдерістердің субъектісі ретінде әрекет ететін азаматтардың санын азайтуға бағытталған және басты белгі түрінде азаматтардың ұлттық және тілдік ерекшеліктерін қабылдайды.

Этнократиялық саяси модельді орнатуға ұмтылу, оны пантүріктік, панисламдық, ұлттық-демократиялық, немесе этатистік-қауымдық идеялармен толықтыру, қоғамдағы бүкіл әлеуметтік-саяси қатынастар жүйесін ары карай ұлтшылдандыру мен этатизацияға ұшырау, этностарды саясаттандыруға алып келеді. Осыдан пайда болатын сегментарлық қайшылықтар мен сепаратистік қозғалыстар әлеуметтік тұрақтылыққа нұқсан келтіріп, этникалық негізде пайда болатын шағын немесе аумақты этникалық қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Билікті архаика мен тоталитаризмнің дәстүрлі тәсілдерімен қалыптастыру Қазақстандағы демократия дамуын тежеп жіберуі де ғажап емес.

Кландық-рулық, этатистік-қауымдық доминанттарды қазақтың билеуші элитасы өзін-өзі теңестірудегі басты белгі ретінде алса, онда билік бытыраңқылығы мен трайбализм қауіпі туады. Кейбір саясаттанушылардың сараптауы бойынша, Қазақстандағы саяси оппозиция да белгілі бір аймақтың, жүздің, рудың партикулярлық мүдделерін білдіре бастады. Сондықтан, қазіргі Қазақстандағы билеуші топ өзінің либералдық-демократиялық бағдарларды ұстайтындығын жария еткендіктен және ұлтты осы заман талаптарына сай құндылықтарға бастайтындығын бірнеше рет айтқандықтан мемлекеттік құрылыс демократиялық ұстанымдар негізінде жүргізілуі тиіс. Бұрынғы этникалық саяси элитаның ұрпақтан ұрпаққа рулық ұстанымнан тыс тұратын «ақсүйектер» тобы-сұлтандар, төрелер және қауымдық-рулық

басқарушы-билер болып бөлінгені белгілі. Қазіргі заманда бұл бөліністі қалпына келтіру архаикалық сананың қатпарларына жатады және болашақ үшін кертартпалық мазмұны бар.

«Демократиялық мемлекет» моделі тек саяси билік пен азаматтық қоғам арасындағы кері байланыстардың жүйесін талап етпейді, ол сонымен бірге саяси билік институттарының әрекет етуінде барлық әлеуметтік топтар мүдделерінің ескерілуін де қажет етеді және олардың билік ұжымдарының өкілеттілігін қорғап отырады. Осындай өкілеттілік халықтың сайлаған адамдарының міндетті түрде теориялық арнаулы дайындалған сарапшылар немесе мамандар болғанымен шектелмей, билік құрылымдарын қалыптастыруды демократиялық жолмен өткізу арқылы жүзеге асады. Азаматтар мүдделерін білдіру және қорғау құқығы, депутаттарда арнаулы білімдер жүйесінің барлығымен ғана немесе олардың әкімшілдік-бюрократиялық элита жасаған формалды талаптарға сәйкес келетіндігімен емес, репрезентативті демократияның саяси-ұйымдастыру ұстанымдарымен негізделуі қажет.

Қоғамды қалыптастырудың демократиялық ұстанымдарын нығайту жоғары деңгейдегі саяси мәдениеттілікті талап етеді. Қазіргі өркениетті әлемнің саяси мәдениеті тұлға орталықтық сипатта болады. Оның мәнісі ашық қоғамның жоғары құндылықтарына сай келетін, барлық нормативтік салаларда жеке өмір мен бостандыққа бағытталған адам құқықтарын қорғаумен байланысты.

Постиндустриалдық қоғамда ерекше консенсус (келісім) қалыптасқан: көп тұлғалық жағдайда әрбір жеке тұлға өз мүдделерін білмеуші пердесін жамылып алып, рационалды түрде басқалармен үйлесімді шешімге келеді, яғни әділдік ұстанымы жүзеге асады: әрбір адам басқалармен салыстыруға келетін ең жалпы түбегейлі еркіндіктерге бірдей құқылы болып шығады және осы арқылы табиғи құқықтың И. Кант айтып кеткен әмбебапты еркіндік ұстанымы жүзеге асады: «Әркімнің еркіндігімен және жалпы заңмен сәйкес бір адамның жігер еркіндігі кез-келген тұлғада көрініс таба білуі қажет». Яғни, жеке тұлғаның еріктілігі жалпы бостандықтың негізі болып табылады. Осындай модель азаматтық қоғамның либералды-демократиялық ұстанымдарына сәйкес келеді.

Алайда, әлеуметтік келісімнің ұлттық дәстүрлі тұптамдарларын ескермей демократияның батыстық формаларын абсолютке айналдыру, ең жақсы дегенде, қатып-семіп қалған, абстрактылы догмалар мен схемаларға әкеледі. Бұл жерде формалды логиканың ұғым көлемі мен мазмұнының кері қатынасы туралы заңдылығын ойға түсіруге болады. Біз тым жиі, тым жалпылама, абстрактылы, тікелей өзін алғанда әртүрлі құбылыстарды тым тар білдіретін ұғымдар (демократия, халық, мәдениет, мемлекет және т.б.) арқылы ойлаймыз. Жалпы, дұрыс ұғымдар өмір нақтылығымен толықтырылып отырылуы қажет.

Қазақ өркениеті және оның әлеуметтік-дiлдiк рефлексиясы партиялық-саяси плюрализм негiздерiнде қалыптасқан емес және оның құндылықтарының институционализациясы парламенттiк түрлер арқылы жүрген жоқ. Бiрақ бұдан келiп қазақтың дәстүрлi саяси мәдениетiнде тұлғааралық қатынастарды әлеуметтiк-мәдени реттеу және билiк бөлiнiсi болған жоқ деген пiкiр тудырмаған жөн. Тарих қазақтың көшпелi мәдениетiнде билiк бөлiнiсiнiң де, толеранттылық, плюрализм, адам мен қауымның бағалылығы, еркiндiктi сүю сияқты мәдени-әлеуметтiлiк құндылықтарының да бар болғанының куәсi.

Ұлттық ерекшелiктердi ескеру демократия үлгiлерiн таңдауда, әрине, үлкен мәнге ие болады. Алайда, әлемдiк тәжiрибе көрсеткендей, тек ұлттық ерекшелiктерден шыға алмау демократияның орнықты және пәрмендi дамуына ыңғайлы бола алмайды. Кейбiр саясаттанушылар тоталитаризмнен демократияға өту уақытында ақылға сыйымды авторитаризм кезеңi қажет дегендi айтады (А. Мигранян және И. Клямкин). Осымен демократиялық өзгертулердiң дәйексiздiгi ақталады; iзгiлiк жартылай болмайтындығы сияқты, қысқартылған демократияны жақтау, көбiнесе, спекулятивтiк сипатта болады.

Демократия мәдениеттiлiгiнiң әмбебапты құндылықтары 1995 жылғы әлем мәдениетi туралы ЮНЕСКО-ның жинақталған баяндамасында былай делiнген: «Демократиялық мәдениеттiлiктi қолдауға бағытталған шараларды күшейте түсу қажет және ол мынадай әрекеттермен толықтырылады: азаматтық қоғамды мобилизациялау, саяси партиялардың еркiн қалыптасуына жағдай туғызу, сайлауға көмек беру, тәуелсiз ақпарат құралдарының дамуына үлкен көңiл бөлу, адам құқықтарын сақтау арқылы бейбiтшiл саяси мәдениеттi қалыптастыру және оның жүзеге асуын тұрақты бақылап отыру, үкiметтегi мемлекеттiк басқару секторларының және демократиялық құрылымдарының әрекеттерiндегi ашықтықты, есептiлiктi және сапалықты жақсарту, оған қоса заңдылық жүйесiн жетiлдiру. Парламенттiң, соттың және сайланылған ұжымдардың басқарушы құрылымдарын жетiлдiргенде орталықсыздандыру мен жергiлiктi басқару органдарына ерекше назар аудару қажет және осы үдерiске азаматтық қоғамның ұйымдарын қатыстыру маңызды» (На пути к культуре мира: Свободный доклад, содержащий проект Декларации и программу действий в области культуры мира. Париж, 1998. – 34 б.).

Демократияның әмбебапты үлгiсi жоқ, бiрақ қазiргi әлемдегi кез-келген адам шынайы демократиялық құндылықтарды интуитивтi түрде ажырата алады. Әлем мәдениетiнiң максаты осы құндылықтарды нығайту және тереңдету мiндеттерiмен байланысты.

Нарық. Демократиялық қоғам тарихи жағынан нарықтық қатынастардың енуiмен жалпылама сипатқа ие бола бастады. Мәдениеттiң, демократияның, нарықтың арақатынастарын қарастырайық.

Мәдениет пен нарықтың арақатынасы туралы әртүрлі, кейде бір-біріне қарама-қарсы көзқарастар бар. Алайда, бір нәрсені анық айта аламыз: адамзат әлі күнге дейін адамдық әрекетті ынталандыру мен қоғамдық байлықты бөлудің нарықтан жетілген тәсілін ойлап тапқан жоқ.

Нарықтық шаруашылыққа негізделген үлгілердің бір артықшылығын қоғамдағы экономикалық әрекеттерді, бір жағынан, тұтынушылардың сұраныстарына сәйкес бағыттап, екінші жағынан, тауар дефицитін барған сайын кемітетін бәсекелестік пен еңбек өнімділігін арттыру арқылы жүзеге асыру және тиімді және рационалды шаруашылық үдерістері нәтижесінде қысқарту деп пайымдауға болады. «Әлеуметтік нарық экономикасы» атты кітабында Х. Ламперт нарықтың төмендегідей басымдықтарын атап өтеді:

- еркін баға жүйесі ең төмен шығындарға негізделген және осы арқылы өндіріс құралдарын тиімді түрде қолданатын осыған дейін белгілі өндірістік қатынастардың арасындағы нағыз ұтымдысы болып табылады;

- Өз шешімін қабылдауда автономды және ерікті болып табылатын кәсіпкерлер шығынды аз жұмсайтын өндіріс тәсілдерін қолданып, өзгермелі сұраныс жағдайында жылдам әрекет ете алады және өз әрекеттерінің тиімділігін қашан да естен шығармайды, керісінше, мемлекеттік экономикалық басқаруды жүзеге асыратын құрылымдар көптеген жағдайда динамикасыз, бюрократиялық машиналардың тетігіне айналып, дұрыс әрі тиімді шешімдер қабылдай алмайды және олар өндірістің жағдайымен кәсіпкерлерге қарағанда формалды түрде ғана таныс болып келеді;

- әкімшілік экономикасының үлгісіне қарағанда нарықтық шаруашылық моделі жеке белсенділік пен іскерліктің толыққанды, шығармашыл және еркін жүзеге асуына көбірек мүмкіндік береді:

- сосын, нарықтық шаруашылықта өндірушілер шектелген, қатал, міндетті жалпышаруашылық жоспарларымен тоқталынбайды, шаруашылық субъектілері өндіріс құралдарын өз мақсаттарында еркін қолданады және осы себептен нарықтық жүйеге және ондағы өзгерістерге жылдам бейімделе алады (Ламперт Х. Социальная рыночная экономика. М.: Дело, 1993.-33-34 бб.).

Нарық-бұл демократиялық құрал, онда әрбір тұтынушының дауыс құқығы бар. Мемлекеттік артықшылықтар, жеңілдіктер, коррупция және тыйымдармен шектелмеген нарық жүйесінде байлыққа жетудің бірден-бір жолы бар. Ол-тұтынушылардың талап-мұқтаждарын дер кезінде аңғарып, оларды өтеу мақсатында тынбай еңбек ету.

Мәдениет нарықтық қоғамда оның әрекеттік ұстанымдарынан тыс тұра алмайды, тіпті мәдениеттің өзі тауарға айналып кетуі мүмкін. Құндылықтың нарықтық ұғымы, айырбас құндылығының тұтынушы құндылықтан жоғары болуы, құндылықтың осыған ұқсас адамға қатысты, айталық адамның өзін-өзі бағалауына байланысты ұғымының пайда болуына әкеліп соқты. Өзін-өзі тауар, ал өзіндік құндылық айырбасқа

қатысты есептейтін мінез-құлық бағдарын нарықтық адам бағдары деп сараптайды. Соңғы жылдары «тұлғалық базар» деп аталатын әлеуметтік құбылыс қалыптасқан. Ондағы бағалау жүйесі мен ұстанымдары тауар базарымен бірдей: біріншісінде сатылуға тұлғалар ұсынылады, екіншісінде-тауарлар, табыс негізінен, адам өзін-өзі базарда сата білгеніне байланысты; қаншама оның сыртқы түрі жарасымды, қаншама ол тартымды? Белсенді? Керек адамдармен байланысқа түсе ала ма? Отбасылық жағдайы қалай? Қолынан не келеді, қаражаты қалай? Адам өзінің беделі мен құндылығынан гөрі, өтімді тауар болғанда көбірек қалайды. Элиталық тауар сияқты, адам өтімді болуы керек, ал осылай болу үшін, тұлғалар бәсекесі қажет. Осы тұстан жарнама, бұқаралық ақпарат құралдары, неше түрлі «имидж» қалыптастырушылар іске кірісіп кетеді.

Нарықтың бағасын ойлайтын адам өзін өзі сатушы, әрі тұтынушы ретінде қарастырады және оның көңіл-күйі тұлғаның өзінен гөрі оған бағынбайтын сыртқы жағдайларға көбірек тәуелді болып шығады. Егер ол табыстан табысқа жетсе, онда құнды, ал сәтсіздіктерге жиі ұшыраса - құндылығынан айырылған. Ол өзінің ішкі мәнді күштерімен тұтас әрі үйлесімді емес, себебі ол үшін өзін-өзі жүзеге асырудан гөрі, нарық базарында табысты сатылғаны мәнді.

Осында ділдік тип қазіргі мәдениет жүйесіне де үлкен ықпалын тигізеді. Мәдениет бұл жағдайда шығармашылық пен жасампаздықтан, нарық мүдделеріне сай мол ақпарат жинақтауға көбірек бағытталады. Мәдени қайраткерлер өз туындыларының құндылығына қарағанда, олардың нарықтағы бағасына көп көңіл бөледі, басқаны ойлауға оның мұршасы да жоқ.

Нарықтық бағдарды мәдени жасампаздықтан бөліп қарастыру салыстырмалы түрде жүргізіледі. Нарықтық бағдарға сынның абсолюттік мораль тұрғысынан берілетіндігін есте тұту керек. Нарықтық бағдар шынайы адамдық құндылықтарға әкелуі үшін, нарықтық қатынастар субъектілері белгілі бір қылық ережелерін сақтауға міндетті. Тек гуманистік, этикалық ережелерді бұлжытпай орындау нарықты қазіргі әлем мәдениетімен үйлесімді қоса біледі. Адамдық ынтымақтастықтың спонтандық тәртібі қалыптасқан жерде өз әрекеттерін жалпы мәдениеттілікке бағыттаған әлеуметтік топтардың нарықтық табыстары адамзаттың жоғары әдеп жүйесін нығайтады. Бұл үдеріс тура бағытты болып келмейді және адамдық топтар өз әрекеттерінде тек ылғи рационалды есепшілдікті басшылыққа ала бермей, көп жағдайларда жіберілген қателіктерінен сабақ алу арқылы коррекцияларға барып отырады және бұл түзетулер бәсекелік қалпында өтеді. Түбінде ынтымақтастық деңгейі жоғары топтар тарихта ұтып отырады. Ф. Хайектің жазғанындай, «іс-әрекеттер ережелерінің эволюциясы ылғи даңғыл жолмен жүріп отырмады, өйткені қалыптасып қалған дәстүрлі

көзқарастар эгоизмді корғаштап, өзінікін дұрыс және әділетті деп есептеп келеді» (Хайек Ф. Пагубная самонадеянность.-М., 1992.-39 б.).

Егер өркениет мәдениеттің арнаулы емес өзгерістерінің нәтижесінде біртіндеп қалыптасты десек, онда өркениетте моральды критерийлердің болмауы нарықты оның коррупциялық және криминалдық түріне айналдырады деген пайымдаудың көп негізі бар. Әрине, бүкіл тұлғалар нарығы мен өмірді қастерлеуге негізделген жоғары ізілік этикасының арасында белгілі бір алшақтық бар. Алайда, мынадай сұрақ туады: қандай моральға нарықтық бағдар сәйкес келмейді? Әрине, жоғары адамгершілік құндылықтары бүкіл моральдың мазмұнын тауыспайды. Мұрат-нормадан басқа күнделікті мақсаттарға сай нормалар да жеткілікті. Сонымен, нарықтық бағдар қандай моральды күнделікті өмірде негізге алады? Оны жеке мүдделері үйлесімді ететін әлеуметтік әріптестік әдебі деп алуға болады және оның басты құндылықтарына әділеттілік (жеке басының жетістіктері бойынша), теңдік (құқық), тұлға дербестілігі және адам абыройлығы жатады.

Тұлға орталықтық көзқарас маңызды болғанымен қоғам байлықтың бір қолда жинақталып, басқалардың кедейленуін және пауперлендіруін қолдамауы керек. Әлеуметтік топтардың арасындағы алшақтықтың тереңдеуіне әртүрлі әлеуметтік әрекеттер қарсы бағытталуы тиіс. Қазіргі кезде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және мәдени реттеу функциялары артып келеді. Осыдан келіп қоғамдағы әділетсіздік пен теңсіздіктің жалғыз кінәлісі деп нарықты айта беруге жөн жоқ.

Дәстүрлі тарихи дамудың жемісі ретіндегі ұлттық мәдениеттің басты құндылықтарын таза нарықтық бағамен өлшеуге келмейді. Сол себепті шектеусіз нарықтық қатынастар жағдайында ұлттық құндылықтардың кейбіреулері нарыққа икемделе алмай, қолданыстан шығып, мұражайлық, этнографиялық құндылықтарға айналып кетеді (Темирбеков С.Т. В объятиях рынка.-Алматы: Мысль, 1998.-№ 7.-66-68 бб).

Нарықтық либералдану дәстүрлі құндылықтарды, нормаларды, институттарды, әлеуметтік-қызметтік стереотиптерді, өткен ұрпақтардың тәжірибесін өмірлік табыстарға жетудің стратегиясы ретінде жарамсыз және адекватты емес қылып, бұрын-соңғы болмаған қысымға алды. Осының нәтижесінде бұқаралық, азаматтық, әдептік және ұлттық өзіндік сананың деформацияға ұшыраған құрылымдары пайда болды. Оларда дәстүрлі құндылық-мағыналық иерархиялар мен басымдылықтар қиратылып не маргиналданып, қазіргі өмір ырғақтарына сай рухани адамгершілік ұстанымдар әлі қалыптаса алмады. Осы жағдайларда дәстүрлі ұлттық құндылықтар арзандатылып және ескі раритеттер түрінде қалды, ал оларға иек артатын тұлғалар экономикалық прагматизмнің либералдық демократиялық ұстанымдарын қабылдай алмады және өздерінің күнделікті әрекеттерінде бойкүйездік, селқостыққа немесе агрессияшыл тынымсыз девияцияға бұрыла бастады, кейбір тұлғалар ескі

әлемнің құндылықтарының ауысуын бүкіл адамдық ынтымақтастық, руханилық жоғалуы деп жариялады.

Нарықтық қатынастарға тежеусіз ерік бере отырып, мемлекет те өз әрекетінде осы стихияның ықпалында кетеді. Ол болашаққа бағытталған бағдарларды күнделікті өмір талаптарына құрбан ете салады. Болашақты бағдарламау адамның өзіне теріс әсерін тигізеді. Мысалы, «адамдық капиталды» инвестицияландыру мәселесін алайық. Қазақстан сияқты ТМД елдерінде стихиялық нарық табысты кейінірек түсіретін ғылым, білім, мәдениет салаларын қаржыландыру қиындықтарын туғызды. Тікелей пайда әкелмейтін бұл салалар құлдырай бастады.

Мысалы, орта білімді қаржыландырудың пайдасын 10 жылдан артық күту қажет. Бірақ білімсіз халықтың болашағы солғын. Сол себепті таза прагматикалық ұстанымды шектеп болашақты да ойлаған жөн. Мемлекеттің азаматтық қоғам салаларынан мүлдем кетуі, стихиялық нарық жағдайында мәдениеттің, ғылымның, білімнің толық коммерциализациясына әкеледі.

ТМД елдеріндегі нарықтық экономика мен жеке меншік қатынастарға өтуінің кейбір тәсілдерін В.Эрн ұсынға «қиратушы прогресс терминімен» де атауға болады. Нарықтық экономика тетіктерінің еркін қалыптасу ұстанымдарын ұлттық игілікті бұрын болып көрмеген тойымсыз және тоқтаусыз талан-таражға салумен жиі алмастыру да ТМД елдерінің кейбір көріністеріне жатады. Осындай «тәжірибеге» талдау бере келе, бір сарапшылар мен ғалымдар классикалық либерализмнің нарықтық экономика, демократия, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет идеяларының ішкі қисындылығына күмән келтіре бастады: «адам құқтарын, демократия мен еркін нарықты бір-бірімен байланыстыру концептуалдық немесе эмпирикалық пайымдаудан гөрі құндылық пікіріне жақын. Нарыққа өту мен демократиялық арасында ішкі байланыс жоқ. Осындай байланыстың мүлдем болмауы да мүмкін» (Межуев В.М. Куда движемся?//Вопросы философии, 1993. № 2).

Нарықтың мәдени негіздерін сынау тек белгілі бір шекке дейін ақылға сыйымды, одан тыс болса, ол адам заттың артқа қалдырған кезендерін қайтадан қалпына келтіруді көздеуі мүмкін. Оның ішінде кертартпа үлгілерді мұратқа айналдыру қоғамға зиянын тигізбей қоймайды.

Тағы бір ескеретін жай: адамзат заманның талабына сай осы мәселе бойынша жауап таба білді. Кәзіргі постиндустриялық өркениет үшін мәдени шынайы гумандық бастауларын жаңғырта алды. Дамыған елдер мәдениет өзінің тартымдылығымен, көп функционалдығымен, адамгершілігімен, ыңғайлығымен және оптималдығымен көзге түседі. Бизнестің әр түрлі құрылымдары мен филантропиялық ұжымдар мен тұлғалар жоғары мәдениетті қалыптастыруға бағытталған әрекеттерге барады, фирмалар мен корпорациялар қызметкерлерінің мәдени деңгейі артып келеді, мұның өзі нарықтық субъектілердің табысын көбейтеді.

Мәдениетті қолдау қоғамның рухани байлығын молайтады және әлеуметтік қақтығыстардың алдын алады, іскерлік және әлеуметтік белсенділікті жоғары деңгейге көтереді, осының бәрі қуатты мәдениет индустриясын қалыптастыруға мүмкіндік береді Қазақстан жағдайын да да осындай өркениеттілік бағдарларына бет бұрыс жасау қажеттілігі бар.

14.3. Қазақстандағы еріктілер (волонтерлер) қозғалысы

Мұқтаж адамдарға көмек қолын соза алатын кез келген адам волонтер бола алады. Волонтерлі қызметтің мақсатты бағытталған тобы түрлі көмекке мұқтаж жандар болуы мүмкін: ауру және ауру балалар, нашакор немесе маскүнем ата-ана балалары, жастар, мүгедектер, зейнеткерлер және кедей адамдар, сонымен қатар ҰЕҰ, жануарлар, табиғат және т.б.

«Асар»-бұл ерте уақыттағы «көмек сұраған» адамдарға ерікті көмек көрсету түрі. Бұл шақыруға келушілер, қыстақ салуда, той және жерлеу рәсімдерін ұйымдастыруға көмек берген. Асар түрлі жастағы және әр түрлі әлеуметтік статуска ие адамдарды бір істе біріктіргенмұқтаж жанға көмек беру. Бұл ерікті көмек беру идеясының таралуындағы алғашқы қадамдар. Ол жеке бір индивидуалдық емес, қоғамдық игілік үшін қажет. Уақыттар өтті, асар әлі де бар, алайда оған паралельді көмектің түрі пайда болды олволонтер.

Бастапқыда еріктілерді тек қана ерікті әскери адамдар деп атады. Италияда, Францияда, Англияда және Германияда сексен және отыз жылдық соғыс кезінде әр түрлі билеушілер жаңа аңшыларды өздерінің туының астымен күресуге шақырды, бірақ көбінесе әскерлерді қолдауға ақшасы болмай, олар тек атақ пен әскери олжа ғана олардың сыйақысы болады деп шешті.Көптеген адамдар үшін бұл жеткілікті болды: XVII-ші ғасырда француз волонтерийі, итальяндық волонтерий, неміс волонтерийі, ағылшын волонтеры бір мезгілде дерлік пайда болды, сондықтан XVIII-XIX ғасырларда Ресейде бұл сөз ұзақ уақытқа созыла алмады: ерікті, ерікті, ерікті, Валентин, волонтер-ерікті болған орыс дворянының қандай шет тілін тандағандығына байланысты қолданылды. XVII ғасырдың аяғында, көптеген Еуропа елдерінде еріктілер институты еріктілерді жалдау немесе шұғыл жұмылдыру (соғыс жағдайында) үшін толыққанды мемлекет жүйесінде қалыптасты.

Бұл жүйе техникалық қызмет көрсетуге кететін мемлекеттік шығындарды азайтумен қосалқы әскери бөлімдерге қызмет көрсету үшін қолданылды. Бұл жүйе Ресейде I Петрден бастап қолданылды. Бірақ бұл процесс Англияда, ең алдымен, армия бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін негізінен еріктілермен жасақталды. Мұнда да «волонтер» сын есімі (1640 ж.ж.), есімше «волонтер» (1690 ж.ж.), «волонтер» етістігі (1755 ж.т.) және еріктілерге қатысты емес бірінші ескерту (1630 ж.ж.) кездеседі. Дәл Англияда 1844 жылы христиандық сеніммен расталған сау денелер мен рухтарды дамыту мақсатында қазіргі танымал христиан жас адамдар қауымдастығы (YMCA) пайда болды.1851 жылы Америка Құрама

Штаттарында ҮМСА бөлімшелері Азаматтық соғыстың алдында пайда болды, оның барысында әскери операциялар нәтижесінде жарақат алған немесе қатты мұқтаждарға тез арада жарақаттанған, жетім қалған балаларға көмек пен мақсатты көмек көрсетудің мақсаттары мен әдістері пайда болды.

Мейірімділік Қоғамы, Құтқарушы Армия, Қызыл Крест Қоғамы сияқты декларативті еріктілер ұйымдарының дамуы мен бүкіл әлемге таралуы ХІХ ғасырдың соңғы онжылдықтарында «волонтер» сөзін қайырымдылық, әлеуметтік пайдалы және ең бастысы жанқиярлық әрекетпен байланыстырды. Керісінше, индустрияның дамуы, экономикалық ұлттық жүйелердің шоғырлануы және нәтижесінде салық базасының өсуі үкіметтерге «еріктілердің» жұмылдыру тиімділігін күрт төмендетіп, кәсіби және көптеген армияларды қолдауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы әдебиеттерде еріктілер полкіне қарағанда «мейірімділік апа-сіңлілеріне» сілтеме табу әлдеқайда жеңілрек. КСРО-да «волонтер» сөзі сирек қолданылды; ол «еріктілер» және «милиция» сөздерін артық көрді. Азаматтық өзара көмек пен салауатты «денені, ақыл мен рухты» насихаттаудың идеологиялық әлеуметтік миссиясы батыстық еріктілер қоғамдары сияқты құрылған (ерікті) ұйымдарға В. И. Ленин атындағы ДПО, ДОСААФ және Комсомол сияқты толықтай байланысты ұйымдарға жүктелген. КСРО-ның ыдырауымен және осы ұйымдардың таратылуымен елде уақытша әлеуметтік вакуум қалыптасты.

Өмір деңгейінің төмендігі, кейде құндылықтарды жан-жақты қайта бағалаумен қатар, Ресейдегі еріктілер принциптері мен ұйымдарының дамуын мәжбүрлеп бұзуға әкелді. Алайда, 2000 жылдан кейін, елде мұндай іс-шараларды өткізуге сұраныс жасалды. Бірінші волонтерлік бірлестіктер пайда бола бастады. Олардың кейбіреулері белгілі бір әлеуметтік капиталды жинап, ұйымның жаңа деңгейіне-аймақтық немесе тіпті федералды деңгейге көтерілді. Еріктілердің түрлі жобаларына қатысушылардың саны біртіндеп артып келеді. 2006 жылы коммерциялық емес ұйымдарға немесе үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттық қолдау жүйесі пайда болды. Еріктілер ұйымдары КЕҰ анықтамасына да енеді.

Еріктіліктің үш түрі бар:

1. Еріктілер-менеджерлер. Олар қоғаммен жұмыс істеуге, еріктілерді жалдауға, директорлар кеңесінің жұмысына, кездесулерді ұйымдастыруға және өткізуге көмектеседі.

2. Еріктілердің көмекшілері. Осындай еріктілер бір адамға байланысты емес, көмекке мұқтаж адамға уақытша қажет болған жағдайда ғана көмектеседі. Көбінесе олар аптасына бір рет жұмыс істейді. Егер олар ұйымда жұмыс істесе, олар тіркеуші, хатшы, телефон операторы, тазалаушы, күзетші, қызметші және т.б. функцияларын орындай алады; олар үйде жұмыс істей алады, мысалы, хат алмасу,

мейірбикенің рөлін ойнау, түрлі құжаттарды басып шығару, тамақ пісіру, пәтерді тазарту.

3. Еріктілер-тікелей көмек. Олар «клиент-ерікті» қағидаты бойынша жұмыс істейді, яғни көмекке мұқтаж адаммен бір-бірінен тыс, ешқандай көмексіз жұмыс істейді және бұл олардың көпшілігіне үлкен рахат сыйлайды.

Қазақстанда еріктілік жастар мен басқа да әлеуметтік топтардың елдің мәдени, экономикалық және әлеуметтік өміріне қатысуының тиімді тетіктерінің бірі болып саналады. Қазақстанда Ұлттық еріктілер желісі, үкіметтік емес ұйым, желі мүшелері мен аймақтардағы өкілдердің арасындағы байланыс қызметін атқарады, бұл Қазақстанда еріктілерді дамыту тәсіліне серпін береді. Еріктілік идеясы Қазақстанда 1993 жылдан бастап, БҰҰ еріктілер бағдарламасы пайда болғаннан бастап дами бастады. Еріктіліктің ауқымы артып келеді, көптеген тәуелсіз волонтерлық бастамалар мен топтар, сондай-ақ өз бастамасы бойынша шетелдік тәжірибе жинақтаған еріктілер жұмыс істейді. Еріктілердің ең ірі ұйымдарының бірі – 2014 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан және еліміздің барлық аймақтарында кеңселері бар «Қазақстан еріктілері Лигасы» қоғамдық қоры. Бұл ұйымның есебінде сәтті жүзеге асырылған жобалардың көп саны және 10 мыңнан астам ізбасарлары бар. Ұлттық еріктілер желісі бойынша әрбір 8-ші қазақстандық азамат қандай да бір түрде еріктілікке қатысады.

2006 жылдың 25 шілдесінде Қазақстан Президенті «2006-2011 жылдарға арналған Қазақстандағы азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасына» қол қойды. Тұжырымдама өз қызметін халықты ерікті қоғамдық белсенділікке тартуды көздейтін коммерциялық емес ұйымдардың, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың әртүрлі типтерін ашу арқылы азаматтық қоғамды ұйымдастыруды және қалыптастыруды қолдайды. Ұлттық еріктілер желісінің мүшелері 2015 жылдың басында қабылданған «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңға ұсыныстар әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс топтарының сарапшылары ретінде әрекет етті. Бұл заң Қазақстанда алғаш рет «ерікті» ұғымын заңнамалық негізде қарастырады. 2016 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті «Еріктілік туралы» Заңға қол қойды, осылайша Қазақстандағы еріктілердің құқықтық негіздерін ретт. Сонымен қатар, мемлекет еріктілерді ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердің саммиті, Ислам конференциясы ұйымы, ШЫҰ, VII Азия ойындары, Азия ойындары, ЭКСПО-2017 және басқалары сияқты республикалық маңызы бар ауқымды іс-шараларды өткізуге еріктілерді тартады.

Пысықтау сұрақтары:

1. Мәдени саясат ұғымын қалай түсінесіз?
2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ұлттық санаға әсерін қалай бағалайсыз ?

3. Қазақстандағы Еріктілер қозғалысының ерекшелігін көрсетіңіз?
4. Қазақстанда демократиялық саяси үлгісінің қандай мәдени-өркениеттік негіздерін атап өтуге болады?
5. Қазақстанда нарықтық қатынастар қандай мәдени-өркениеттік негіздерде өрістеді?
6. Адамдық ынтымақтастық пен өзара көмектің қазақ мәдениетінде қандай үлгілері орын алды?
7. Қазақстан мәдениетінде толеранттылық қағидаты қандай рөл атқарады?
8. Қазақстан мәдениетінде қандай инновациялық бастамаларды атап өтуге болады?

15. «МӘДЕНИ МҰРА» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Мақсат: Қазақстандағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының құндылықтарын талдау.

15.1. Қазақстандағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының маңыздылығы

Отыз жылдығы жақындаған тәуелсіз Қазақстанның үлкен жетістігі- «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Жаһандану жағдайында алдымызда тұрған міндеттердің бірі-халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің терең тамырларын анықтап, оларды қопара зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық мұрамызды жаңғыртып жасап шығару. Қазақ халқының әлемдік өркениетке мен дегізгерлік өзіндік болмысымен енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ұстанымды ерекшеліктерін саралау өте маңызды және бұл ғасырлар тұңғышымен тамырласып жатқан ұстын-құндылықтар, яғни біздің ұлттық тұтастануымыз үшін табан тірейтін тұғырларымыз ұлттық руханиятымызды жаңа өркениеттік көзқараспен, терең біліктілікпен жан-жақты талдау.

Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті нұсқауымен жасалып отырған аталмыш «Мәдени мұра» рухани жаңаруымызға байланысты көптеген көкейтесті мәселелерді толық қамтып отыр десек қателеспеген болар едік. Бұндай ерекше бағдарламалардың дәл осы тұста, яғни дербестігімізге жиырма үш жыл толған соң да өз актуалдығын жоғалтпайды. Бұл тағы да Қазақстан Республикасын құрушы қазақ халының өміршендігінің, арман-тілегінің орындалғанының айғағы емес пе? Олай болса, соқпағы көп тар жолда көршілес елдермен терезесі тең болу үшін дұрыс бағдар ұстап, әлемдік өркениетке ұмтылу, өз халқыңның жетістігін әлемге паш ету әрбір Қазақстан азаматының парызы. Осыған орай, атқарылған іс, жоспарланған жұмыстың барлығы өркениет өлшемдеріне сәйкес, жемісті де нәтижелі болуы қажет.

«Мәдени мұра» бағдарламасының бір бағытынан мысал келтірейік. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының алғашқы кезеңінде (2004-2008 жж.) «Әлемдік философиялық мұра» сериясының редакциялық алқасы (Төрағасы-Нысанбаев Ә.Н., Философия және саясаттану институтынан Қ. Әлжан, С. Нұрмұратов, А. Сағиқызы, Ғ. Құрманғалиева, Н. Сейдахметова, әл-Фараби ат. ҚазҰУ-нен Ғабитов Т.Х., Молдабеков Ж.Ж.) үш бағытта жұмыс істеді. «Әлемдік философиялық мұраның» 20 томдығының, «Қазақ халқы философиялық мұрасының»-20 томдығының, әл-Фараби шығармашылығы 10 томдығының құрылымы, әр томның тарихи-философиялық кезеңдері мен оған енетін ойшылдардың шығармалары талқыланып, іріктеліп алынды.

«Әлемдік философиялық мұра» тұңғыш рет қазақшаға аударылды. Осы серия бойынша ежелгі дүниедегі шығыс және антикалық философиядан бастап, XX ғасырдағы батыс философиясының басты ағымдары және олардың әйгілі өкілдерінің негізгі еңбектерінен үзінділер берілді. Еңбектер түгелімен орыс тілінде шыққан шығармалардан аударылды. Әр томның құрастырушысы үзінділердің мазмұны мен сабақтастығына жауап берді. Жұмыстың келесі түрі – сол іріктелген еңбектердің топтамаларын қазақшаға аудару.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көріп жатқан тамаша туындыларды оқитын оқырман қауымды қалыптастырған жөн. Сонда ғана ұлттық идея мен отаншылдық сезім, ұлттық рух пен ұлттық намыс оянады. Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру жастарды тәуелсіз және еркін ойлауға үйретеді. Ой еркіндігі, пікір дербестігі қазақ халқының қанына туа біткен қасиет. Оған ақын-жыраулар дүниетанымы, би-шешендер және ағартушылар философиясы кепіл. Қалыптасқан пікірлер мен қағидаларға күмәнмен қарау-қазақ ойшылдарының негізгі ұстыны. Еркін ойлау адамзаттың танымын кеңейткен талай-талай ғылыми және техникалық жаңалықтардың ашылуына, өнер мен шығармашылық туындыларының пайда болуына, күрделі саяси-экономикалық мәселелердің шешілуіне себеп болды.

Аудармашының ыждағатты еңбегін талап ететін қызметін-басқа ешкім емес, негізінен, кәсіби философтар атқаруы тиіс, өйткені философияның категориялық (ұғымдық) аппаратының мәні мен мазмұнын бұрмалауға жол беруге болмайды. Әдеби мәтіндердің тамаша тәржімалаушылары немесе журналист-аудармашылар философиялық мән мен мазмұнның жіктелуі маңызды болып табылатын мәтінмен жұмыс істей отырып, еріксіз түрде шынайы басқа акценттер жасау арқылы мәтіннің мазмұнын өзгертуі немесе оның мәнін оқырманға дейін толық жеткізе ал-мауы мүмкін. Сондықтан тұтастай жұмыстың сапасын қамтамасыз ету үшін қазақ мәдениетіне қатысы бар, әсіресе, ежелгі, маңызды мәтіндерді іріктеуді, мәтіндердің аударылуы мен түпнұсқамен бірегейлігін тексеруді, біртұтас категориялық аппарат пен бірыңғай терминологияны жасақтау және философиялық редакциялауды, негізгі

идеялар мен қағидалардың түсініктемелерін дайындауды және т.б. міндетіне алатын дайындық кезеңіне интеллектуалдық тұрғыдан да, қаржылық тұрғыдан да ерекше көңіл аударылу қажет.

Қазақ тіліндегі 20 томдық «Әлемдік философиялық мұраға» қатысты бұл жауапкершілікті кәсіби философ-аудармашылармен кадрлық қамтамасыз етілуін талап етіп қана қоймай, ең алдымен, әлемдік философиялық ойдың аса бай қазынасынан анағұрлым көрнекті ойшылдарын іріктеп алуды керек етеді. Олардың шығармаларын таңдау біздің еліміздің мәдени және рухани дамуының қажеттіліктерінен туындауы тиіс.

Қазақ тілі әлемдік ойшылдардың рухани байлығы осы тілде сөйлей бастағанында ғана, бұл тіл әрбір адамның күнделікті өмірқамында қажеттілікке айналғанында ғана және оның сөздік қоры, коммуникативті және мәдени қызмет аясы байытылғанда ғана, жаңа терминдер мен ұғымдар пайда болғанда ғана толық қанды мемлекеттік тілге айналады. Ендеше, мемлекеттік тіл философия тіліне, ғылыми тіліне айналады.

«Мәдени мұра»-сан ғасырлардың сүзгісінен өтіп, осы күнге жеткен ұлттық мәдениет руханиятын жаңғыртуға арналған бағдарлама. Ел экономикасы аяғынан тік тұрып, мемлекет байлығы еселенген тұста ұлттық мәдениеттің қордаланған проблемаларына мұндай биік дәрежеде мән берілуі ғылым, мәдениет пен әдебиет саласына өз үлесін қосары сөзсіз.

Жалпы ел мен елдің, ұлт пен ұлыстың арасын идеология емес, мәдениет жалғастырады. Өркениеті қанат жайған елдерде экономикалық даму соңынан мәдени жаңғыру жүреді. Экономика-бұл саясаттың, мәдениеттің негізі, мемлекет, қоғам, әрбір нақты адам, оның отбасы өмірінің негізі. Олай болса, республикамыздың ғылым, білім, мәдениет пен әдебиет қайраткерлерінің кең көлемде қатысуымен жасалатын «Мәдени мұра» бағдарламасын ұлт мәдениетінің тәуелсіздік жағдайына рухани жаңғыруының басталуы деп қарастырған жөн.

Кез келген мәдениеттің, кез келген өркениет пен дүниетанымның өмір сүруге және өзіне қастерлі көзқарас болуына деген заңды құқығы бар. Бұл адамзат тарихының барысы айқындаған болмыс. Сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы қауіпсіздік түрлі мәдениеттер мен діндердің тең құқылы үн қатысуын дамытпайынша, қамтамасыз етіле алмайды. Сондықтан да бүгінде, мәдениеттер мен өркениеттердің сан алуандығын мойындаумен қатар, әлемнің жаңа сапалық жағдайға-шыдамдылық пен еркіндіктің, басқа пікірлер мен нанымдарға төзімділіктің жалпыға ортақ құндылықтарына негізделе алатын жаһандық өркениетке, планетадағы бар мәдениеттер мен діндердің сан алуандығын жоғары көтеретін өркениетке эволюциялану процесіне қолдау білдіру маңызды.

15.2. Қазақстанның мәдени ескерткіштері мен мәдени туризмнің мүмкіндіктері.

Ескерткіштер-сөздің кең мағынасында алғанда-елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді (құрылыстарды, ғимараттарды, т.б.) қамтиды. Сондай-ақ, ескерткіштерге тарихи-танымдық немесе тарихи-көркем құндылығы бар жазбаларды да жатқызуға болады. Яғни адамзаттың көне заманнан күні бүгінге дейінгі дамуы жолындағы түрлі саладағы аса маңызды жетістіктерінің ерекше, қайталанбас заттық-рухани үлгі-нұсқаларын; адам өміріндегі оқиғаларды, белгілі бір елдің, халықтың басынан кешкен тарихи кезеңін еске түсіретін құндылықтарды, қастерлі мұраларды ескерткіш деп атау қалыптасқан. Мәселен, адам қабірінің басындағы оба, қорған, дың, сондай-ақ, сақ дәуірінен, көне түркі, қыпшақтар кезеңінен жеткен тас мүсіндер, сынтас, сартас, құлпытас, қойтас, ұштас, бестас, сағана, төртқұлақ, кесене т.б. археологиялық және сәулет ескерткіштері – ең алғашқы ескерткіш түрлері қатарына жатады. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мемлекеттік деңгейдегі шара болып табылады және өскелең ұрпақ тәрбиесінің маңызды бөлігін құрайды.

Қазақстанда ескерткіш орнату 1940 жылдан кейін кең өріс алды. Алғашқы ескерткіштердің бірі-Алматыдағы «Амангелді Иманов» ескерткіші (Мүсінші Х.Б. Асқар-Сарыджа, сәулетші Т.Бәсенов; 1947). Белгілі мүсінші Х.Наурызбаевтың «Абай» (1960), «Шоқан Уәлиханов» (1969, екеуі де Алматыда), «Жамбыл Жабаев» (1964, Тараз), «Амангелді Иманов» (1959, Қостанай облысы Амангелді ауданы), Т.Досмағамбетовтің «Шоқан Уәлиханов» (1972, Көкшетау), Ю.Г. Былықтың «Нүркен Әбдіров» (1969, Қарағанды) т.б. мүсін-ескерткіштері Қазақстандағы алғашқы ескерткіштердің ең көрнектілері болып табылады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де ұмытылмас есімдер мен тарихи оқиғаларды жаңғыртатын бірқатар ескерткіштер тұрғызылды. Олар: мүсінші Б.Әбішевтің «Жамбыл» (1996, Алматы), Республика тәуелсіздігіне арналған кешен-«Тәуелсіздік монументі» (авторлық шығармалар топ жетекшісі-Ш.Ы. Уәлиханов, мүсіншілер А.Жұматаев, Н.Далбай, К.Сұранышев, А.Боярлин, М.Мансұров, К.Сатыбалдин; сәулетшілер-Қ.Монтахаев, Н.Жарылғапов; 1997, Алматы), мүсіншілер Боярлин мен Т.Мырзагелдиннің «Саяси қуғын-сүргін зобалаңынан құрбан болғандарға ескерткіш» (монумент; авторлық топ жетекшісі-Т.Сүлейменов, сәулетші А.Ордабаев, А.Кенжетаев, Монтахаев; 1997, Астана), мүсінші Досмағамбетовтің «Қаныш Сәтбаев» (1999, Алматы), мүсінші К.Кәкімовтің «Сұлтан Бейбарыс» (2000, Атырау), қазақ елінің бірлігі мен ынтымақтастығының белгісі ретінде Ордабасы тауында орнатылған «Ордабасы кешені» (сәулетші Ұ.Садырбаев, 1997, Оңтүстік Қазақстан облысы) ескерткіштері, т.б. Сондай-ақ, әдебиет, өнер, мемлекет

және қоғам қайраткерлерінің қабірі басына бейне-мүсін қою немесе олар тұрған үйдің қасбетіне жазулы ескерткіш тақта орнату да дәстүрге айналған.

Ескерткіштер-елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарих және мәдениет ескерткіштерін жиынтық мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді (құрылыстарды, ғимараттарды, т.б.) қамтиды. Ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштерді негізгі 2 түрге бөледі: 1) археолог. ескерткіштер, тарихи ескерткіштер, сәулет өнері ескерткіштері, монументтік (мүсін) ескерткіштері. Сондай-ақ ескерткіштерге тарихи-танымдық немесе тарихи-көркем құндылығы бар жазбаларды да жатқызуға болады; 2) ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды. Бұл атау монумент деген ұғымның мағынасына жақын. Алайда ескерткіштер, әдетте, дүние салған адамның құрметіне тұрғызылады. Етің кең тараған түрі де осы көлемі нақты тұрпаттан үлкендеу мүсіндік бейнелер. Олар, әдетте, көрнекті жерге (қала алаңына, саябаққа, тарихи орындарға, тарихи адамдардың туған не жерленген жерлеріне, ұрыс даласына) орнатылады.

Ескерткіштер Қазақстанда мәдени туризмді өркендетуге нешгіз бола алады. Мәдени туризмнің жаңа модельдері («Орталық Азияның алтын шаршысы», «Жетісу мен Шығыс Түркістанның көне ескерткіштері», «Ұлы Дала көшпелі империяларының жәдігерлері», «Орталық Азиядағы таулы-далалық өркениет ошақтары») жаңа туристік өнімдер ретінде ұсынылады. Сакральды мәдени туризм сценарийлерін синергетикалық әдіснамада қарастыру бұл локальдану үдерістеріне сәйкес келеді және, әсіресе, Орталық Азия мемлекеттері үшін өзекті болып тбылады. Ұлы Жібек Жолының өткен ғасырларында ел аумағы арқылы өтіп, Қазақстанға шетелдіктердің қызығушылығын тудыратын ерекше тылсымдылық береді. Бұл маңызды тарихи және мәдени жүктемені тудыратын және қазақ халқының генетикалық естелігі үшін маңызды ескерткіш болып табылады. Көптеген туристік аймақтардың тәжірибесі туристік саланы дамытуға мұқият қараудың мәдени құндылықтарды өзара тиімді байытуға және таратуға бірегей мүмкіндік беретіндігін көрсетті. Мәдени туризмге қатысты мына жұмыстар маңызды:

- мәдени-тарихи жұмыстарды жүзеге асыру-ел тарихының жаңа, үзілмеген аспектілеріне қызығушылық, тарихи ескерткіштер мен мемориалдық орындарға бару, тарих және басқа да шаралар бойынша тақырыптық дәрістер;

- мәдени және оқиғалық жұмыстарды жүзеге асыру-ескі дәстүрлі немесе қазіргі заманғы мәдени іс-шараларға немесе «оқиғаларға» (мерекелерге, фестивальдерге) жаңа ынталану және оларға қатысу;

- мәдени және діни жұмыстарды жүзеге асыру-дінге деген жаңа көзқарас, ғибадат орындарына бару, қажылық орындары, дін туралы тақырыптық дәрістер, діни кедендік, дәстүрлерді, әдет-салт танысу;

- мәдени және этнографиялық жұмыстарды жүзеге асыру-этникалық мәдениет, қондырғыларға, объектілер мен этникалық мәдениет құбылыстарына қызығушылық, күнделікті өмір, костюмдер, тіл, фольклор, салт-дәстүр, этникалық шығармашылық;

- мәдени-этникалық жұмыс іске асыру-өз халқының ескерткіштерімен, қорғалатын этникалық аудандардың, этникалық тақырыптық парктер мәдени мұрасымен танысу, олардың ата-бабаларының жеріне бару;

- мәдени-антропологиялық жұмыстарды жүзеге асыру-эволюция тұрғысынан дамудың этносына қызығушылық; қазіргі «тіршілік мәдениетімен» танысу үшін елге бару;

- мәдени-экологиялық қызметті жүзеге асыру-табиғат пен мәдениет, табиғи және мәдени ескерткіштердің өзара әрекеттесуіне қызығушылық, табиғи және мәдени ансамбльдерге бару, мәдени және экологиялық бағдарламаларға қатысу.

Қазіргі заманғы мәдени туризмнің үш негізгі сипатты белгісі бар:

1) туристің белсенді рөлі мен ұстанымы өте маңызды, маршруттарды және олардың өту формаларын таңдау өте жоғарғы деңгейде;

2) бұрынғыдай жеке ескерткіштерді емес, сонымен бірге ажырамас мәдени ортаны тарту рөлі бар;

3) Қазақстанның белгілі бір аймағының мәдени құндылықтары көбінесе көбейтуге қабілетті мәдени капитал, оның ішінде туризмнің қазіргі заманғы нысандарынан түсетін табыс арқылы жүзеге асырылады.

Бір топ адамдар бірігіп басқа жерлерге географиялық саяхат жасайды, оның мақсаты туристерді шет елмен, белгілі бір аймақпен немесе қаламен таныстыру. Мұндай сапарлар күрделі (танысу объектісі-бір елдің немесе оның астанасы, олардың мәдени және тарихи көзқарастары, заманауи әлеуметтік және экономикалық өмірі) немесе мамандандырылған (туристер тек мәдени және тарихи ескерткіштермен белгілі жерлермен танысқан кезде, табиғат немесе экономиканың жекелеген салалары) болуы мүмкін.

Американың әдіснамасында мәдени туризм өте анық, бірақ анық болса да өте тар мағынада қолданылады. Онда «мемлекет қаржыландыратын археологиялық және тарихи қорларды, соның ішінде археологиялық ескерткіштер мен тарихи ғимараттарды сақтау және зерттеу, мәдени қорларды басқару немесе археологиялық мәдениет ресурстарын басқару федералды бюджет немесе мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын археологиялық зерттеулер, жеке меншіктің белгілі бір бөлігін жол, көпір салу немесе басқа қоғамдық жұмыстар үшін пайдалану» деп көрсетілген.

Мәдени туризм кең және әртүрлі феномен ретінде көптеген жіктелімдерге ие. Туристердің жекелеген санаттары туристік қызметтегі мәдени компоненттің көлемін және туристік өнімнің сипаттамалары мен турдың сипаттамаларына негізделген «турдың тақырыбы» оларды сол классификация бойынша үйлестіру арқылы анықтайтын «мәдени құрамдас деңгей» сипаттамасына жатады..

Мәдени туризмнің әр кіші түрлерінде әртүрлі туристік өнімдердің үлкен алуан түрлерін жасауға болады. Сонымен қатар кәсіби тарихи, этнографиялық, археологиялық, архитектуралық, діни және т.б. тарихи-мәдени туризм ғылыми туризммен тығыз байланысты және негізінен ғылыми экспедициялар мен конференциялар түріне ие болады. Арнайы мәдени туризм толық тақырыптық турлармен сипатталады. Мысалы, мамандандырылған архитектуралық тур-туристік аймақты сәулет ерекшеліктерімен таныстырады және т.б.; этнографиялық тур-халықтың мәдениеті, дәстүрі, өмір салты, халықтың немесе өңірдің халықтарының тағамдары көрсетіледі. Мамандандырылмаған мәдени туризм табиғатпен таныстыруды көздейтін әртүрлі тақырыптық экскурсиялар, анимациялық бағдарламаларды қамтиды, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген туризм түрлеріне қатысты болып келеді.

Шетелдік сараптама негізінде мәдени мақсаттармен туристік сапарларға сұраныс пен ұсыныстың ғылыми ерекшелігі және ішкі дереккөздер, халықаралық туризмде дәстүрлі мәдени-танымдық туризммен қатар, этнографиялық, мәдени-этникалық, мәдени-діни, мәдени-антропологиялық, мәдени-экологиялық және басқалары. Ол осы мәдени туризм қосалқы түрлердің мазмұнын нақтылау үшін қажет:

- мәдени-тарихи (ел тарихындағы пайыздық, тарихи ескерткіштер мен орындарға бару, тарих және басқа да іс-шаралар туралы тақырыптық дәрістер);
- мәдени іс-шара (ескі дәстүрлі немесе заманауи аралық мәдени іс-шараларға қызығушылық немесе «оқиғалар» (мерекелер, фестивальдар) және оларға қатысу);
- мәдени және діни (дін немесе елдегі діндерге қызығушылық, ғибадат орындарына бару, қажылық орындары, дін туралы тақырыптық дәрістер, діни дәстүрлермен, әдет, салтпен танысу);
- мәдени және археологиялық (елдегі археологияға қызығушылық, ежелгі ескерткіштерге бару, археологиялық экспедицияларға қатысу);
- мәдени және этнографиялық (этникалық топтың (халық пен ұлт), нысандар және этникалық мәдениеттердің құбылыстары, өмірі, костюмдері, тілі, фольклоры, салт-дәстүрлері, этникалық шығармашылық мәдениетіне қызығушылық);
- мәдени және этникалық (елдегі халықтардың, қорғалатын этникалық аудандардың, этникалық тақырыптық мәдени мұрасымен, атамекеніне бару, танысу);

- мәдени және антропологиялық (этникалық топқа, өкіліне қызығушылық, эволюция тұрғысынан, қазіргі заманғы «тірі мәдениет» танысу үшін елге бару);

- мәдени және экологиялық (табиғи және мәдени ескерткіштер табиғат және мәдениет арасындағы өзара іс-қимыл қызығушылық, табиғи және мәдени ансамбльдер бару, мәдени және экологиялық бағдарламаларға қатысу).

Мәдени ресурстар-монументалды, әшекейлі, сәндік-қолданбалы өнер туындылары мен басқа да өнер туындыларын, сондай-ақ халықтың мәдениеті мен өмірін дамытуға, мемлекеттің көрнекті адамдарының өміріне байланысты іс-шараларды қамтиды. Суретшілердің, сәулетшілердің, музыканттардың, жазушылардың, ғалымдардың, халық өнерінің шеберлерінің туындыларын – адамның өміріне мән беретін құндылықтар жиынтығын құрады. Ол халықтың шығармашылығын, оның тілін, әдет-ғұрпын, наным-сенімін білдіретін материалдық және материалдық емес туындыларды да қамтиды. Жалпы алғанда, туристер фестивальдерге, қойылымдарға, театрларға, ескерткіштер мен мұражайларға барады.

Археологиялық ресурстар-бұл археологиялық ескерткіштер мамандардың жұмыс орны ғана емес, бұқаралық туристер үшін қызықты орындар. Археологияның объектілері адамзат өркениетінің және әлеуметтік-экономикалық мәдениет ескерткіштерін, ежелгі қалаларды, ежелгі қалалардың қираған жерлерін, әскери мәдениет ескерткіштерін: қорғандар, қорғаныс қабырғалары мен дуалдар, шайқас алаңдары және т.б. қамтиды. Археологиялық қазбалар-«ашық аспан астындағы» мұражай, адам мәдениетінің эволюциясын түсіну үшін үлкен мәнге ие, сондықтан туристерді тарту үшін үлкен артықшылығы бар. Адамзат мәдениетінің ескерткіштері жоғары тарихи және мәдени құндылық болып табылады.

Діни құндылықтар-діни нысандар, көбінесе ғибадатханалар мен қасиетті орындар. Көптеген ғибадатханалар сәулет өнерінің көрнекті ескерткіштері болып табылады.

Этнографиялық ресурстар-бұл этнографиялық мұра, туристік бағыттармен айналысатын, екі түрді ұсынады. Бұл жергілікті тарих мұражайларында, халық өмірінің мұражайларында және ағаш сәулетінде немесе осы салаға тән дәстүрлі басқару формалары, мәдени өмірі мен салт-дәстүрлерінің сипаттамаларын сақтаған қоныстар. Мұражай экспозициясында халықтық костюмдер жинағы, белгілі бір өңірлердің халқын сипаттайтын шаруалық өмір мен халық өнерінің объектілері бар. Олар туристерді халықтың тарихи өткенімен таныстырады.

Экологиялық ресурстар-ландшафттық сәулет ескерткіштерін құру. Көркем ландшафт жағдайында орналасқан немесе керемет көріністерді ашатын орындар, олар саналы қорғалған және дамыған болса, оларды капиталға айналдыра алады. Табиғи және тарихи саябақтар құру құнды мәдени және тарихи ескерткіштерді интеграциялық архитектуралық,

ландшафттық және мәдени кешендер ретінде сақтауға көмектеседі. Мәдени ескерткіштерді және тарихи құндылықтар, ұлттық қазына болып саналатын адам жасаған, табиғи және дәстүрлі пейзаждардың тарихын қорғау және қалпына келтіру қажет.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, мәдени туризм-адамның рухани құндылықтар мен туристік экскурсия жасау арқылы рухани шынайылыққа жетуі болып табылады.

Қазақстан өзіндік мәдениеті мен бай тарихы бар ел. Бұл аймақтағы туризм бағыттарының бірі этнотуризм болып табылатыны таңқаларлық емес. Ұлттық тарихи-мәдени туризмді дамытудың негізгі міндеттерінің бірі кең ауқымды инвестицияларды қажет етеді. Алайда, осыған орай, Қазақстандағы мәдени туризм өзіндік қызмет көрсетудің төмен деңгейі, тарихи және мәдени ескерткіштерге инвестициялардың әлсіздігінен, әлсіз сұраныс пен шағын табыс әкелуі сынды себептерден жабық шеңберде қалып отыр. Аз ғана кіріс, тиісінше, шағын ақша жинақтары мәдени туризм индустриясына әлсіз инвестиция алып келді.

Өкінішке орай, кейбір жағдайларда байланысты, Қазақстан әлі толық өз рекреациялық әлеуетін жүзеге асыруға және осы саладағы өз ресурстарын бір жақты пайдалана алмай отыр. Ол мынадай жағдайларға байланысты:

- ішкі саясаттың тұрақсыздығы;
- автомобиль және көлік инфрақұрылымының халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі;
- ескі әуежай, автобус және темір жол станцияларын салу және қайта жаңарту, қызмет көрсету;
- қонақ үйлер мен олардағы қызмет көрсету деңгейі халықаралық стандарттарға сәйкессіздігі;
- қалалардағы қонақ үй және мейрамхана қызметтеріне шамадан тыс баға;
- мемлекеттік және жергілікті деңгейде ішкі туризм үшін заңнамалық және экономикалық ынталандырудың жетілмегендігі;
- белгілі бір туристік орталық үшін де, тұтастай алғанда ел үшін теріс имиджді қалыптастырып отырған, жеткіліксіз білікті туристік қызмет ұйымы;
- Қазақстанның туризм елі ретінде оң имиджін қалыптастыру үшін мемлекет пен жергілікті биліктің бірыңғай саясатының жоқтығы себеп болып отыр.

Қазіргі Қазақстан территориясы екіежелгі көшпенді және отырықшы мәдениеттің тоғысқан жерінде орналасқандығы белгілі. Олар көптеген ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келген және үздік материалды және рухани жетістіктерімен бүгінгі күнгі мәдениеттің қайнар көзі болып отыр. Бұл жерде көп халықтар мен ежелгі өркениеттердің мәдени ескерткіштері пайда болған.

Қазақстандағы туризм индустриясының қазіргі жағдайы мен үрдістерін ескере отырып, мәселелерді шешу үшін мынадай ұсыныстар ұсынылады:

1) туризмді аумақтық ұйымдастыру және дамытудың кешенді болжау мәселелерімен айналысатын мамандандырылған ғылыми құрылымдардың практикалық маңыздылығын арттыру, туризмді және рекреациялық ресурстарды бағалау бойынша жұмыстар жүргізу, туризмді ұйымдастырудың ғылыми принциптерін әзірлеу, оның кейбір түрлерін қоса, оларды басқару;

2) туристік объектілердің табыстылығына байланысты демалуға және экономикалық өсуге жағдай жасау. Бұл халықты жұмыспен қамту және халық табысының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді, тиісті салаларды дамытуды ынталандырады;

3) ішкі және сыртқы туризмді дамыту туралы заңнаманы жетілдіру, тіркеу процедураларын жеңілдету арқылы туризм қызметін мемлекеттік реттеу және қолдау жүйесін дамыту;

4) ішкі туризмді дамыту саласындағы түрлі министрліктер арасындағы ынтымақтастықты орнату, өйткені бұл міндетті шешу ғылым, мәдениет, білім, денсаулық сақтау тұрғысынан кешенді көзқарасты қажет етеді;

5) техникалық реттеу жүйесімен белгіленген талаптарға сәйкес көлік және қонақ үй қызметтерінің сапасын арттыру;

6) қоршаған ортаға зиян келтірмеу және демалушылар мен жергілікті тұрғындардың қоршаған ортаға зиян келтірмес үшін халықтың мәдениеті мен жауапкершілігі деңгейін көтеруін қамтамасыз ету;

7) туризмді кеңінен тарату және кеңінен тарату мақсатында туристік компаниялар туралы ақпаратты теледидарда, ғаламторда, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен тарату. Әр облыстың туристік қызметтері туралы толық ақпарат беретін бірыңғай онлайн журналды жасау. Мұндай активті ақпарат алмасу турагенттер арасында ұсыныстар алмасуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда 25 мың тіркелген ескерткіштер арасында алғашқы адамдардың тұрақтары, мыңдаған жылдар бойғы тарихы бар қалалар орналасқан. Осы бірнеше археологиялық куәліктер арасында ежелгі, ортағасырлық, шығыс сәулет өнерінің құнды қазынасы жатыр. Қызылорда облысындағы б.з.д. IV-II ғғ. Баланды-II ескерткіші-кірпіштен жасалған әлемдегі алғашқы күмбездердің бірі. Маңғыстау ескерткіші-өзіндік, автономды сәулет стилінің әлемде қайталанбас дамуымен ерекшеленеді. Жамбыл облысындағы Айша-Бибі кесенесі-Қазақстан территориясында VII-VIII ғасырларда құрылыс технологиясының даму деңгейінің зор екендігін көрсететін тағы бір әлемде қайталанбас сәулет туындысы. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің кесенесін ЮНЕСКО «әлемдік ескерткіш» деп таныды. ЮНЕСКО-ның қорғауындағы «Таңбалы

тас» петроглифтер кешені де ерте кезгі уақыттан қалған бірден-бір ескерткіш.

Мәдени нысандардың саны мен әртүрлілігінің өсуі. Бұл фактор бірнеше жолмен жұмыс істейді.

Біріншіден, мәдени нысандарды қалыптастыруда инвестициялар белсенді түрде жүргізіледі. Өйткені, соңғы орындар туристер үшін ғана емес, жергілікті тұрғындардың өмірі мен жұмысына көңіл көтеру құндылығын жоғарылату тұрғысынан және өмірдің гидонистикалық тұжырымдамасын қамтамасыз етуде және сол арқылы басқа елді мекендермен бәсекелестікке жету үшін өздерінің әртүрлілігін қамтамасыз етуге, инвестициялық және білікті жұмыс күшін тартуға арналған. Өз театры, галереясы, тарихи мұражайы және т.б. жергілікті мақтаныш пен беделдің (жергілікті билік үшін күрес) атрибуты бола алады. Туристерді тарту көбінесе осындай жобаларды жүзеге асырудың қосымша бөлігі болып табылады, себебі жергілікті аудитория тым аз.



Сурет: ЮНЕСКО мұрасына енген қалалар мен нысандар бейнесі

15.3. Қазақстандағы мәдени-инновациялық үдерістер және ұлттық идея

Көптеген мәдениетті және ұлттарды сақтай отырып, адамзаттың өркениет синтезінің жетістігіне ұмтылысын, жаһандануға сай позитивті бағытынан түсіну, құндылықтың жүйелерін құнды етіп қайта құруынсыз және мәдениет әдіскерлерінсіз, адамзат дамуының жалпы парадигмасының өзгеруінсіз іске асыру мүмкін емес.

Интеграциялық тенденция жағдайына сай, тұтастықтан көрі оны құрушы бөлшектері жылдамырақ дамуын мойындауға негізделген. Сондықтан жаһандану үрдісі мәдени алуандылықты жоюшы және біріктіруші процес ретінде ғана қарастырылуы мүмкін емес. Сонымен қатар даму барысында, бірге дамудың өзі тиімдірек екені айқын, себебі материалдық және рухани шығындар үнемделе түседі. Құрылымның

үлгілік дұрыс бірігуіндегі әрбір жаңа амалдар сәтінде барлық келесі пайда болған иерархиялық ұйымдар қабатын тұтас және құрушы бөлшектердің даму ырғағын жылдамдата түседі. Дегенмен біріктіруші және дамытушы құрлымдағы ең дұрыс құрылған ұйымдардың құрылысының өзі барынша дамуға және қайшылықтандыру сәтінің жақындауына алып келуінің нәтежесінде, жаһандану алып тұтастық қасиетіне ие бола алмайды: заманауи әлемдегі болып жатқан нақтылы өркениеттік және әлеуметтік мәдени үдерістер айтарлықтай күрделі және оның аумағына сыймайды. Бұл жайында әлеуметтік мәдени мегажүйенің қайта құрылуына алып келетін, әлеуметтік мәдени процестерінің дамуының айтарлықтай тұрақсыздығы және жаһандану процестерін алып жүруші, қайшылықты факторлар айқындай түседі.

Бір жағынан осы бағытқа сай қажеттіліктің теңестірілуі еңбектің халықаралық бөлінісі және мамандандырудың үдерісі ретіндегі жағынан, әлемдік нарық дами түседі; коммуникацияның жаңа формалары бектіліп, ақпаратқа ауқымды жол ашылады; әлемнің көптеген аймақтарында әлеуметтік көрсеткіш жақсара түседі (адамның өмір сүру ұзақтығы арта түсіп, үйлесімдіктің деңгейі өседі); әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсінік арта түседі; өмірлік бағытты таңдаудың көлемді мүмкіндіктері ашылып, адамның нақтыланған ортадан еркіндігі өседі.

Егерде осыған басқа қырынан келетін болсақ, әлемдік экономика тұрақсыз, өзара байланысты және әлсіз болып қалыптасады; Шығыс және Батыс арасында экономикалық және әлеуметтік дамуындағы алшақтық артады; орталықтан шеткі жақпен жаңа технология мен білім алмасу қиындықтары туындап, миграциялық қозғалыстар артады.

Халықтың кедей топтары мен қуатты байлардың өмірінің деңгейінің арасындағы ерекшелік көбейеді; ұлтаралық тасымалдаушы коорпарация лар әртүрлі мемлекеттерге тек қана өзінің экономикалық ықпалын күшейтіп қана қоймайды, сонымен бірге саяси да ықпалын жасайды; азаматтық қоғам институттарының және мемлекеттердің өзара әрекеттестігінің мәселері тереңдей түседі; әр алуандылыққа қатер төндіретін көпшіл мәдениеттің ықпалы арта түседі. Бұлардың бәрі, күннен-күнге асқындап жатқан экологиялық тоқыраулардың әсері сонда байқалады. Олардың кейбіреулеріне тоқталатын болсақ, барлығынан бұрын атап өтетіні, әлеуметтік мәдени динамиканың басым жоғары технологиялық ғылымдандырылған өндіріс бөлімі өрлейді немесе білім мен ақпарат негізгі өндірістік қорға айналады.

Болашақтағы білім мен ақпаратты өндіру үшін адамның шығармашылық табиғатын қалыптастырушы және күшті ішкі мотивациясымен жаңа тұлғаның үлгісін қалыптастырушы ретінде мәдениет пен білім берудің рөлі маңызды және жоғары деңгейде қызмет атқарады. Құндылықтың жаңа өлшемі қалыптасып, экономикалық емес мотивтердің мәні өседі. Жоғарыда көрсетілгендей, бір қырынан технологиялық прогреске ұмтылыс анық, басқа жағынан алып

қарастырғанда-адамзат қорының маңыздылығын арттыру көпшіліксіздендіру мен материализацияландыру өндірісі процесінің жылдамдауына бағдарланған.

Одан басқа жаһанданған әлемнің тұрақсыздығы жайында әлемнің өркениеттік, әлеуметтік мәдени айырмашылықтарын сақтауы бойынша ерекшеліктерінің күшейуін айғақтай түседі. Әлеуметтік мәдени айырмашылықтары арқылы, екі шекті полюстың жағдайындағы даму жолы, танып білуге болмайтын және ашылмайтын оқиғаларға алып келуі мүмкін, кеңкөлемді интеграциялық үдерістің қайшылықтары анықталады.

Модернизация деп индустриялық және әлеуметтік өрістегі артта қалуды жеңіп шығуға деген талпыныста көрініс табатын қоғамдағы жаңғырту процесі түсініледі. Модернизацияға деген қажеттілікке тек дамушы елдер ғана емес, сонымен бірге дамудың жетілген деңгейінен шыға отырып, өзінің мақсатты мен міндеттеріне сай, батыс елдері де тап болады. Модернизацияның классикалық үлгісі әлеуметтік батыстық өркениеттің бейнесі және баламасы түрінде, бірбағытты даму ретінде ұғынылып келді. Бүгін бұл түсінік өзгерді және модернизация тек дайын үлгілерді қарапайым қабылдауға келіп тірелмейтін, ал дәстүр мен қазіргінің элементтерін синтездеуді іздестіретін, күрделі және көпқырлы процесс ретінде түсініледі. Халықтың дәстүрлері мен салттарын елемеу мәдени-әлеуметтік дағдарысты туындатады.

Халықтың рухани дүниесі қаншама бай болғанымен, ол ұлттық дүние болып қала береді, белгілі бір кеңістіктік-уақыттық шекараларда өсіп жетеді, этностың, халықтың, ұлттың дүниетүсінуі мен дүниетүсінуінің ерекшелігін әйгілейді. Ол өзінің дүниені аңғаруының қайталанбайтындығын бекіте отырып, дүниежүзілік мәдениет пен тарих тәжірибесіне ашық, басқа мәдениеттерді түсінуге қабілетті, бұл мәдениеттермен өзара әрекет етуге дайын, тек сондай мәдениет үшін ғана болашақ ашық болады. Бүгінгі ұлттық рухани мәдениет ашық, өзін өзі ұйымдастырушы динамикалық жүйе ретінде дамуға міндетті. Бұл үшін жағдайды жасау-өзіне өркениеттік шұғыл өзгерістердегі қазақстандық қоғамды модернизациялаудың қиын міндетін алған, жаңа ақпараттық қоғамның жаһандану кезеңіндегі құндылықтар әлеміне еніп бара жатқан, мемлекеттің ісі.

Жаңа демократиялық Қазақстан шетелдермен мәдени байланыстарды дамытуға белсенді түрде ат салысып келеді. Мемлекеттің мүмкіндігі шектелген, ал демеушілік көмек әлсіз және тұрақты емес. Қазіргі жағдайларда әлемдік қауымдастық бәрі-бір қазақстандық мұражайлардың, музыка мен театрдың қазыналарымен танысып келеді. Таңдаулы ұжымдар мен орындаушылар гастрольдерге барып жүр, халықаралық көрмелер мен вернисаждар өткізілуде. Гастрольдік қойылымдар мен көрмелер шетелдерде тұрақты орасан зор қызығушылық танытып келеді.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануы және ол қамтамасыз ете алатын үлес туралы айта келе, оның гуманитарлық барлық салаларда дүниежүзілік ынтымақтастыққа ашық екендігін атап өткіміз келеді. Демократиялық даму, адамгершілік шындалу әйтсе де жинақталған мәдени мұраны сақтаусыз және арттырусыз мүмкін емес. Барлық экономикалық және әлеуметтік соңғы жылдарды қиындықтарға қарамай, көпұлтты қазақстандық мәдениет өзінің өміршеңдігін көрсетті. Қазақстан отандық ғылымның, білімнің, денсаулықты сақтау ісінің, ұлттық мәдениеттің тәжірибесі және жетістіктерімен бөлісуге дайын.

Қазақстан Ата заңы халықтарға ұлттық дәстүрлерді сақтау және дамыту құқына, ал әрбір азаматқа-шығармашылық еркіндікке, мәдени өмірге қатысуға кепілдеме берді. Бұл конституциялық қағидалар парламент қабылданған «Мәдениет туралы Заңда», «Авторлық құқық туралы», «Мұрағаттық қорлар және мұрағаттар туралы», «Мәдени құндылықтарды алып шығару және әкелу туралы», «Кітапханалық жұмыс туралы», «Мұражайлық жұмыс туралы» заңдарда ары қарай дамытылды.

Соңғы жылдардағы экономикалық қиындықтар, өкінішке орай, мәдениеттің бұқаралық ұжырымдары торабының қысқаруына әкелді. Бұл жағдайда саясаттың басты бағыттарына Қазақстанның бай мәдени және тарихи мұрасын, ұлттық мәдениеттің озық үлгілерін сақтау, қалпына келтіру және пайдалану, мәдени инновацияларды дамыту, мәдени құндылықтарды қорғау жүйесін орнықтыру, қазіргі өнер мен дарынды жастар өкілдерін қолдау, барлық азаматтарға мәдениет және оның ұйымдарының нәтижелерін пайдалануға мүмкіндік туғызу жатады.

Жуық арада негізгі инвестициялық құюларды мәдени мұраның ерекше құнды объектілерінің материалды-техникалық негіздерін нығайтуға, оларды қалпына келтіру мен қайта құруға бағыттау жоспарланып отыр. Қазақстанда шетелдердің мәдениеті мен оларды бағалаудың критерийлерін қалыптастыру қажеттілігі пісіп жетілді. Халықаралық келісімдер нәтижесінде біздің елдің қабылдаған, мәдени ынтымақтастық пен айырбас саласындағы барлық міндеттіліктерді бұлжытпай орындау керек. Олардың әрекеті мәдениетпен байланысты, үкіметтік емес барлық халықаралық ұжымдардағы Қазақстанның рөлін белсенді ету барған сайын маңызды болып келеді.

Қазақстан мәдениетінің әлемдік қауымдастыққа интеграциялануында, оған Қазақстан 1992 жылы кірген, ЮНЕСКО халықаралық ұйымының рөлі маңызды. ЮНЕСКО қолдауымен өткізілген ауқымды шаралардың арасында Абайдың 1995 жылғы 150 жылдық мерейтойын және 1997 жылғы Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығын халықаралық аталып өткенін ескерген жөн. Париждегі коллоквиумға және Алматыдағы конференцияға қатысқан, француз философтары Ж.Перар мен М.Перро Абай шығармашылығын зерттеу мен талдауға ерекше үлес қосты және оған жаңа тұрғыдан келіп, Абай мен Серен Кыркегордың көзқарастарына салыстырмалы талдау берді.

Мәдениеттің қалыпты дамуы шығармашыл кадрларды тұрақты түрде жасап шығару жағдайларында ғана мүмкін. Бұл мақсатта мәдениет пен өнер саласында көпдеңгейлі кәсіби білім беруді дамыту ойластырылған және мәдениет қызметкерлерін дайындау, қайта дайындау және кадрларды ротациялауда тұтас жүйені құру, менеджерлер мен әлеуметтік қызметкерлер сияқты, жаңа мамандықтар бойынша мамандар дайындау ісіне басымдылық ұйғарылған.

Кәсіби өнерді қолдаумен қатар, олар бүгін жан-жақты өрістеген және біздің Отанымыздан тыс елдерде де үлкен табыстарға жеткен, халықтық, фольклорлық туындылар зор маңыздылыққа ие. Қазақ халқы рухани мәдениетінің даму динамикасы, қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты, қайшылықты және күрделі процесс болып көрініс табады. Қазақстан тұрғындарының көпэтникалық табиғаты, оның дамуының анық суреттемесін айқындауға мүмкіндік беретін, шектер мен өлшемдерді белгілеуде жүзеге асады. Қазақтардың рухани өмірі, қаншама ұлттық құндылықтар бүкіләлемдік, жалпы өркениеттік дерек, құбылыс маңыздылығына ие болғанда немесе бола алатындығында, соншама оқиғалығында және қоғамдық көркейтілуінде өзін көрсетеді. Оларды қайтадан жаңғырту тек қазақтар үшін ғана өзіндік құндылық емес, ол Қазақстанда өмір сүретін барлық ұлттар мен этникалық топтардың рухани өзін білдіруінің алғышарты мен жағдайы, қазақстандық ұлт институционализациясының жүйе құрастырушы факторы болып табылады.

Халықтың әлеуметтік өмірі, ұлттық сананың әрекет етуі, ұлттық мәдениеттің болмысы тек күнделікті тіршілікпен шектелмейді. Қазіргі ұлттық мемлекеттің модернизациялық және өркениеттік тәжірибесінде ұлттық сана мәдениет универсалийлеріне қатысты ерекше бір сарапшы рөлін атқарады: мәселе жалпы адамдық құндылықтардың этностың дүние түйсінуіндегі жаңғырығы туралы болып отыр. Бұл әмбебаптарды сынақтан өткізу де ұжымдық сипатқа ие. Модернизациялық процестер барған сайын ашық, өзіндік дамушы жүйеге айналады, мәдени ұйымдасу мен халық типтері мен ұстындары пайда болады. Егер сөз өркениеттік даму кеңмәтініндегі мәдениет туралы болып отырса, онда мәдениеттің адамдарды тек қана біріктірмей, оларды ажырататынын да ескеру керек. Экономиканың ашықтығына ұқсас, көптүрлі мәдени формаларды ассимиляциялауға қабілетті, «қуатты» ұлттық мәдениеттердің ашықтығы жөнінде де айтуға болады. Полиэтникалық мемлекет сияқты, әлемдік қауымдастық адамзаттың бірегей мұрасы ретінде ұлттық мәдениеттердің бүкіл көптүстілігін сақтауға мүдделі.

XX ғасырдың соңы-бұл көркемдік әмбебаптылық дәуірі. Дегенмен, әмбебаптылық дегеніміз-бір түрлілік емес. Қазіргі заман мәдениеті-бірлікте, біртекті, сұхбатқа дайын, сонымен қатар әр түрлі, немесе мәдениеттердің біріге іс-әрекет етуіне, осы саладағы барлық жетістіктерді өз бойына сіңіру қабілетіне негізделеді. Мұнда міндетті түрдегі

сипатталуға ие емес дәстүрге сүйену жаңа қағидаттарды өңдеудің негізі болып табылады.

Стратегиялық міндет: тіл, дін, діл тұтастығы. Осы үш ерекшелікті басқа ұлт өкілдерінің ұйытқысы ретінде қолдану арқылы ынтымақтастықты дамыта отырып, жалпы мемлекеттік сүйіспеншілікке жетелеу.

Жуық арада ескеретін, ағымдық міндеттер: қоғамның тыныс тіршілігінде болып жатқан құбылыстарды стратегиялық міндеттер негізінде реттеп, бақылап отыру.

Қазақстан Республикасының мәдени даму тұжырымдамасы тәуелсіз Қазақстанның мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени сұраныстары мен талаптарын қанағаттандыру және отарсыздандыру саясатын жүргізу маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта әр ұлт өз бірегейлігін жоғалтқысы келмейді. Бұл-әр ұлттың жан қалауы және табиғи құқығы. Бұндай жан қалауының себебі-қазіргі кезде алдыңғы қатарлы әлем империяларының (мемлекеттердің) индустриалды өндіріс салаларының қарқындылығы әлеуметтік, технологиялық, инновациялық бөлініске ұшырауына, ұнамдылық-моралдық құндылықтардың дағдарысқа түсуіне, өркениеттік өмірдің күйзеліс күйінің қалыптасуына, идеологиялық, әскери, экологиялық «катаклизмдердің» болуына ықпал етіп отыр. Осы факторлардың барлығы берік болып табылатын адамзаттың дәстүрлі сенімдерін, адами құндылықтарын және ұнамдылық нормаларын іштей күйзеліске, барша адамзатты дағдарысқа ұшыратып отыр. Ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі екі негізгі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- Ұлттық мәдениет өзіндік даму амалымен өзіндік даму қабілетін анықтауы тиіс.
- Ол қазіргі кезде қоғамда болып жатқан радикалдық және инновациялық өзгерістерге кедергі жасалмай, керісінше, оған демеу беріп, сыбайласып, онымен іштесіп модернизациялануға ұмтылуы тиіс.

Көптеген батыс ойшылдары әлемнің тұтастануын Батыс қоғамының жеңісі ретінде қабылдайды. Мысалы, заманымыздың белгілі ойшылы К. Поппер еркін демократияның елдері, Батыстың ашық қоғамы жеңді дейді. Тоталитарлық қоғамдар бар болғанын ешқашан, ешкімнен жасырмаған, орасан зор ішкі күштердің әсерінен құлады. Алдымен өзінің қалдықтарының астына біріңғай Кеңес империясының темір жұдырыған көміп, өте топтасқан және мызғымастай болған шығыс еуропалық диктатура жойылды.

XX ғасырдың ішінде Батыс-Шығыс қарым-қатынасында үлкен өзгерістер болды, Батыстың өзі күрделі эволюция үстінде еді. Батыс Шығыс руханиятының даналығын тани бастады, ғалымдары буддизм, үнді философиясын зерттеп, Батыс суфизмді өзіне «ашты». Өз философиясын байытты. Жоғарыда айтылған К. Юнг, т.б. дүниеге

көзқарас батыс рационализмінен терең болу керек екенін мойындады және материализм, дінсіздік, техноцизмді, беймәдени «демократиялық» болмыстың «көпшілік мәдениеті» зиянын өздері өздеріне әшкереледі. Әрине, ойшылдардың Бұл тұжырымдары нақты саясатқа әзірге шейін үлкен әсер ете алмай отыр. Дінді, этиканы мойындау, әлемдік интеграцияны рухани жағынан толықтырып, шынайы «жүректер интеграциясына» айналдыру, әр бір ұлттық қайталанбас келбетін сыйлау, «жанын» түсінуге тырысу, сол арқылы шынайы бауырмалдыққа жетуіне Батыс пен Шығыс ойшылдарының, жалпы прогрессивтік ниеттегі адамдардың келген қорытындысы. Қандай халық болмасын, жалпы бүкіл адамзат ендігі жерде этикаға, руханиятқа бет бұрмаса, адамды түземесе-жер бетіне үлкен қасірет жақын екені енді анық сезіледі.

Біз ұлттық идеяны ақыл таразысынан өтіп халықтың басым бөлігі қабылдаған ұлттық құндылықтар жүйесі деп түсінеміз. Ұлттық идея Қазақстанда жүріп жатқан мәдени мұраларды жаңғырту үрдісі мен әлемдік өркениет ықпалымен туындаған жаһандану процесінің арақатынасында қарастырылуы тиіс. Соңғы процестің объективтік негіздеріне өркениеттің ақпараттық толқынының қарыштауы, Кеңес Одағы тарқағаннан кейін батыстандыру мен американдандырудың жаңа пәрменге ие болуы, бұқаралық мәдениет үлгілерінің жаңа тәуелсіз елдерде барынша таралуы, этникалықтан өркениеттіліктің басымдылыққа ие болуы т.т. жатады. Қазақстанда ұлттық идеяның қалыптасуына үш суперөркениеттердің тоғысуында орналасуы (православтық, мұсылмандық және конфуцийлік), мәдени-әлеуметтік транзиттік, тоталитарлық және атеистік сана қалдықтары, номадалық діл архетиптері ықпал етеді. Басқа да ТМД елдерінде сияқты, Қазақстанда ұлттық идеяны іздеу амбивалентті құбылыс болып табылады. Қазіргі өркениеттік және ұлттық-рухани құндылықтарға қарай бетбұрыс әлемдегі елу озық елдердің қатарына қосылуға себебін тигізе алады.

Қазіргі кезде ойлау жүйесінің шеңбері ұлғайып, ауқымдалып, ғылымды, қоғамды және адамның өзін дұрыс бейнелеу белесіне жетуге мүмкіншілік бар. Оның басты бағыты-зерттейтін объектісі осы заманнан шығып, өткенді, қазіргіні, келешекті жүйелі түрде ақыл-ой өрісінен, елегінен өткізіп, сол арқылы өз бойындағы жаңа типті ойлау мәнерін, өрнегін таразылау, сақтау және жаңарту. Осы мақсатта мына мәселелер зәрулік танытады: қоғамдық келісім және демократиялық даму, адам және қоғам, нарық және ғылым байланыстары. Ерекше бөліп қарайтын мәселе азаматтық қоғам қалыптасуындағы қазақ идеясының орны. Қазіргі зерттеулерде «Қазақстан-жалпы біздің үйіміз» деген қоғамдық ой негізі орын алуда. Дегенмен бұл идея өткен қоғамдағы ұрандарға ұқсас, негізінен саяси мәнге ие болып тұрған сияқты. Ұлттық идея-адамдардың ішкі рухани дүниесімен астасып жатуы ғанибет. Сондықтан біздің ойымызша қазақ идеясы мынадай формулаға айналса, ұлтымыздың өресінен шыға ма дейміз: «Еркіндік түбі бірлікте!».

Шығыс халықтары ұлттық идеяларының құндылығы мәселесін қарастыруда бірінші тұғырнамаға баяғыдан белгілі еуропоцентризм жатады. Егер классикалық еуропоцентризм тек жалғыз Батыс өркениеттілігі бар, басқалары «аборигендік», «жабайылық», «варварлық» деңгейден шыққан жоқ және Шығыс мәдениеттерінің болашағы жылдам вестернизацияға енумен айқындалады деген пікірлер төңірегінде өрбісе, онда қазіргі жаһанданып келе жатқан және мозаикалы өркениеттерде аталған ұстаным, әрине, мимикрияға ұшырайды.

Ұлттық идея-ұлттық мүдденің туындысы. Идеология сол ұлттық мүддені мейлінше анық белгілеген идеяға қол жеткізудің нақты әрекет-қимылына сілтеу жасап, бағыт-бағдар беретін үгіт-насихат мазмұны.

Қазақтың ұлттық мүддесі не? Ұлттық мүдде-ұлттық құндылықтар. Құндылықтар ұлтқа берілетін анықтаманың әр параграфынан құралады: атамекені, ана тілі, қалыптасқан ділі, бір діні, ортақ салт-дәстүрі, төл әдет-ғұрпы, жалғыз тарихы. Ұлттық идея-ұлттық құндылықтардың жаһандастыру дәуірінде қауіпсіз өмір сүре алатын жағдайын көксеген мұраттың көрінісі. Ұлттық идея-талай ұрпақтың еңбегімен, қуаныш-қайғысымен сараланған рухани дүние. Бұл қайталанбас байлық өмірге ұлттық өзіндік тарихи болмысымен келген, сол себептен де ол ұлттық дүниетанымның айнасы.

Тәуелсіздікті нығайта түсудің басты шарттарының бірі-адамдардың бойында еліміздің тәуелсіздігін айрықша қастерлейтін қасиет-ұлттық рухты нығайту. Енді рухани мәселелерге ден қоятын уақыт та келіп жетті. Себебі, рухани тамырымыз терең болса ғана өзгелер бізбен санасады. Кім көрінгеннің таптаурын болған ескі жұртын шиырлап жүрсек, дамыған елу елмен иық тірестіру түгіл, егемендікті сақтап қалудың өзі қиынға соғады. Өйткені, материалдық байлығымен танылған ғана емес, рухани құндылықтарын дәріптеген, ұлттық ерекшелігі сақталған, тарихы таза мемлекет қана ертеңгі күні халықаралық қауымдастықтың ортасында зор беделге ие болады.

Ұлтты ұлт ретінде анықтайтын тек, оның қоныстанған мекені ғана емес, оның тілі мен ділі, діні мен рухани дүниесі, салт-дәстүрлері мен философиясы, әрине ұлттың рухы. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрімізді, дінімізді, тілімізді, ділімізді айтпау мүмкін емес. Бүгінгі күндегі біздің қоғамымыздағы рухани дүниедегі, елдік пен бірлікке негізделген жоғарыдағы келтірілген қасиеттер ұлттың құндылық бағытына айналуы қажет. Әсіресе егер ұлт-ол ашық әлеуметтік жүйе екендігін ескеретін болсақ, онда өзіндік ұлттық ерекшелігі мен өзіндік сананы сақтап қалу күрделі жағдай екенін түсіну қиын емес. Өйткені қоғамда әртүрлі процесстер жүріп жатады, ол жасау, сақтау, қирату сияқты процесстер, онда дәстүрлі құндылықтар, салт-дәстүрлер, институттардың жаңғыруы мен дамуымен қатар, жаңа институттардың енуі, басқа мәдени идеялардың орнығуы, басқа

халықтардың тәжірибесін пайдалануы сияқты процесстер де жүріп жатады. Сол себептен де әсіресе жаһандану кезеңіндегі өзіндік ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалу күрделі де, қажетті болып табылады. Ол ұлттық идея, ұлттық идеология мен ұлттық рухтың негізінде, қазіргі қоғамға сай қаншалықты ыңғайланса да, өзіндік өзегін сақтайтын мызғымас құндылықтарымызды жоғарғы дәрежеде қалдыру міндет. Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгіннің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық идеологиямыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты, ой толғаныстары күшті ел болу еш күмән тудырмайды.

Ұлттық «Менді» қалыптастыратын тетіктер мен жағдаяттар сан алуан. Оған көшедегі қаптаған жарнамалардан бастап, енді ғана дүние есігін ашқан сәбидің құлағына естілетін ән мен үнге дейін кіреді. Солардың бәрінің басын қосатын, бәрін өгіздей өрге сүйрейтін құдірет Ұлттық Идея деп білгеніміз жөн. Ойы онға, санасы санға бөлініп отырған қазаққа ортақ ұлттық идеяны таба қою оңай міндет емес. Ол шіркін әлі күнге дейін жоқ та. Ал қажеттігін отансүйгіш рухтағы әрбір қазақстандық азамат сезініп отырғаны айдай ақиқат. Армансыз адам-қанатсыз құспен тең, дейді халқымыз. Ендеше ұлттық идеясыз қала берсек қанатсыз ұлтқа айналарымыз сөзсіз. Ұлттық идеяны таппайынша елде жүріп жатқан реформалар қарын тойдырудың ғана міндетін атқарып шығатындай көрінеді. Өзін-өзі жарылқамағанды басқалар ұшпаққа шығарады деудің еш қисыны жоқ. Көлдей жайылып келе жатқан жаһанданудың табанында жаншылып қалмау үшін де ұлттық идеяның өзектігі мен қажеттігі күн санап артып келеді. Демек қарап отыруға болмайды.

Алдымен бізге қажет ұлттық идеяға қойылатын талаптарды пысықтап алу керек. Біріншіден, ол идея Ата Заңымызға қайшы келмеуге тиіс. Яғни нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық кемсіту немесе дәріптеуден алыс тұрғаны абзал. Екіншіден, ұлттық идея қазақстанның атын анықтап отырған қазақ халқының мұратын ұлықтаумен қоса, басқа диаспоралардың тарихи, дәстүрлі, этникалық ар-намысына тимейтіні былай тұрсын, қайта соған қуат беретін факторға айналуын қамтамасыз ететін болсын. Үшіншіден, ұлттық идеяның хронологиялық бастапқы сәті белгілі болғанмен, бүгін де, ертең де шексіз жүзеге аса беретінін баса көрсеткені жөн. Елдің ішіндегі, жер-жаһандағы нақты ахуалға байланысты оның көздегені өзгеріп, нақтыланып отыратыны айтпаса да түсінікті жайт.

Ұлттық идея құндылықтары мен ұстанымдарын әлеуметтік қауым арасында мейлінше дәйекті бекемдеу қажет. Бірі-бала бақшада тәрбиеленуші бүлдіршіндерден бастап, университет аудиторияларында отырған жастарға жеткізуден ештеңені аяуға болмайды. Екіншісі-мамандар мен зиялылардың ұлттық идеяға қалтқысыз берілгендігін

қалыптастыру. Осылардың санасына, өмір салтына сіңген ұлттық идея кімді болсын өз иіріміне ала жөнелетініне күмән жоқ.

Зерттеулерге сүйенсек, ХХІ ғасырда өркениеттің даму бағыттарының бірі-жаңа ақпараттық мәдениет қалыптастыру, ол барлық ғылыми-техникалық жаңалықтармен бір деңгейде болуы қажет. Тарих көрсеткендей, қғамдық мәдениетке лайық жаңалықтар мен өнертабыстар ғана келешекте прогресске ұшырап отырды. Сол себепті нақ қоғамның ақпараттық мәдениеті оның жемісті дамуының негізі бола алады, ол әр елдің әлеуметтік-экономикалық және ұлттық қауіпсіздігінің көрсеткіші бола алады. Ақпараттық қоғамға қадам басқаннан кейін жаңа категория - ақпараттық мәдениет енгізілді. Ақпараттық мәдениет-ақпаратты жоғары деңгейде өңдеп заманауи технологиялар арқылы тарату. Жаңа заманда адамның ақпараттық мәдениеті келесі аспектілерден көрініс табады:

- Түрлі технологияларды пайдалана білу;
- Телефоннан персоналды компьютерге дейін тарату;
- Ақпараттық технологияларды шебер пайдалану;
- Газеттен, компьютерлік коммуникациялардан ақпарат таба білу;
- Ақпаратты өңдеу әдістерін меңгеру;
- Ақпаратты түсінікті деңгейде жеткізе білу;
- Графикалық, мәтіндік, кестелік, видео және аудио ақпараттармен жұмыс жасай білу;
- Ақпараттық қоғамның орнауы.

Ақпараттық қоғам-ақпараттың көлемі мен оның қолжетімділігі, еркіндік дәрежесі. Бұл түсінікпен постиндустриалдық адамзаттың өркениеті байланысты. Индустриалдық қоғаммен салыстырсақ, тауар өндіру мен оны пайдаланғаннан көрі ақпараттық қоғамда интеллект өндірісі мен оны тұтыну, яғни, ой еңбегін талап ететін уақыт болып есептеледі. Адамнан шығармашылыққа бейімділік және білім талап етіледі. Қол еңбегі азайып, бірқалыпты білім процессі қысқарады. Нәтижесінде, шығармашылық қабілетке сұраныс артып, «адамға-адамшылық, машинаға-машиналық» атты түснiк қалыптасады. Қоғамның дамуына материалдық өндірістен ақпарат өндірісі маңыздырақ болып есептеледі. Ал материалдық өнім ақпараттық тұрғыдан кеңейеді, оның негізінде, инновациялық, дизайндық және маркетингтік даму байқалады. Өзге кезеңдерден басты ерекшелік-білімді пайдалану мен желілік технологияларды пайдалану басты орында болады.

Қазіргі кезде, ақпараттық білім мен мәдениет түсінігі ұлттық шекараларды асып, ғаламдық көлемде таралуда. Осыған орай, азаматтарды ақпараттық ұйымдастыруға бейімдеу маңызды. Кітапханалар мен білім алу орындары осыған тікелей жауапты болып табылады. Ақпараттық мәдениетке даярлаушы мәселені көтеріп, оқушылар, студенттер және өнер қайраткерлерін оқыту көзделгені жөн. Бұл процесс индивидуалды деңгейде әр адамның психо-физиологиялық ерекшеліктеріне мән бере отырып іске асуы тиіс.

Жуық арада ескеруге тиіс міндеттер: қоғамның тыныс тірішілігінде болып жатқан құбылыстарды стратегиялық міндеттер негізінде реттеп, бақылып отыру. Қазіргі уақытта әр ұлт өз бірегейлігін жоғалтқысы келмейді. Бұл әр ұлттың жан қалауы және табиғи құқығы. Мұндай жан қалауының себебі-қазіргі кезде алдыңғы қатарлы әлем империяланының индустриалды өндіріс салаларының қарқындылығы әлеуметтік, технологиялық, инновациялық бөлініске ұшырауына, ұнамдылық-моральдық құндылықтардың дағдарысқа түсуіне байланысты.

Көптеген батыс ойшылдары әлемнің тұтастануын батыс қоғамының жеңісі ретінде қабылдайды. Мәселен, заманымыздың белгілі ойшылы К.Поппер еркін демократияның елдері, Батыстың ашық қоғамы жеңді дейді. Тоталитарлық қоғам бар бар болғанын ешқашан, ешкімнен жасырмаған, орасан зор ішкі күштердің әсерінен құлады. Алдымен, өзінің қалдықтарының астына бірыңғай Кеңес империясының темір жұдырығын көміп, өте топтасқан және мызғымастай болған шығыс еуропалық диктатура жойылды.

Әлеуметтік желілер негізінде адамдар арасындағы хат-хабар алмасу мүмкіндігін беретін жүйе, аудио және фото материалдар бөлісумен қатар қарапайым құттықтауларға дейінгі аралықтың бәрін қамтиды. Соңғы зерттеулерге сәйкес адамадардың 42%-ы аталмыш жүйені пайдаланады, негізгі контингент 30 жасқа дейінгі аралықты қамтиды, кейінгі кезде 60 жас көрестекіші де байқалады. Әлеуметтік желілердің негізгі артықшылықтары-адамдардың өзара танысуына кеңістік береді, жер шарының қай нүктесі болса да үнемі сапалы байланыс жасау мүмкіндігі, әлемдік жаңалықтардың куәсі болу, өзіне қажетті қызықты қажетті ақпараттарды бөлісу және алу. Мысалы, Facebook желісінің қолданушыларының 60%-ы күн сайын желі қызметтерін пайдаланса, ал 40%-ы аталмыш әрекетті күніне бірнеше рет жасайды. Бұл әрекеттердің себеп-мақсатын әртүрлі бағамдауға болады, біреулер өзге адамдардың жаңа суреттері мен жазбаларын бақылайды, екіншілері өз көңіл-күйі эмоцияларымен бөліскенді жөн көреді, негізінде, сыртқы әлемнің қызықсыз және көңілге қонымсыз әрекеттері мен бейнелерінен қашып құтылудың бір амалы ретінде пайдаланады, саналық «допинг» деп те сипаттасақ болады. Екіншілер үшін әр жаңа жазба немесе бейне жариялаған сайын кометарийлер мен «лайк» атты жағымды жауаптар қайтады, аталмыш әрекетті қайталай беру зиянды әдетке айналады.

Қорытындылай келесі түсініктерге тоқталып өткіміз келеді: әлемде орын алып жатқан технологиялық және виртуальды прогресс әлеуметтік және мәдени тұрғыдан терең өзгерістерге, салдарға жетелейді. Солардың бірі ретінде, қазіргі мәдениеттің, қоғамдық құндылықтардың «диффузиялық» жағдайда екені белгілі, өз кезегінде, ол девиантты әрекеттердің пайда болуына тікелей әсер етеді, ал виртуалды әлемдегі «адамдар» саны миллиардтан асқан соң бұл өте актуальды мәселеге айналып отыр. Дәстүрлі қоғамда-су мен жерге меншік салу қылмысқа

теңелген, индустриалдық кезеңде-капитал негізгі құндылық капитал болса, оны ұрлау немесе заңсыз иелену қылмыс болып есептелген. Қазіргі кезде негізгі құндылық-ақпарат болып табылады, ал оны өзгерту және теріс мақсатта пайдалану алдыңғы кезеңдерден де ауыр қылмысқа теңеледі, себебі, ол кезде «қылмыскер» белгілі болса, қазір, оларды тану күрделі. Аталмыш процесстердің ортақ атауы-сана манипуляциясы немесе мәдени девиация, ақпаратты теріс мақсатта пайдалану арқылы тұтас ұлт пен мемлекеттер тағдырына әсер ету, ол әрқашан игі мақсатта бола бермейді.

Әлемдік және қазақ мәдениетін толық білу үшін арнайы зерттеу мақсатында шет ел университеттерімен нақты қатынас орнатып, тәжірибе алмаса білу мүмкіндіктерін көбейту қажет. Қазақ жерінің өзінде де әлі де зерттелмеген мәдени-тарихи орындар жетерлік, оған біз сапалы деңгейде қызмет етуіміз керек. Қазақстан алдыңғы қатарлы мемлекет болғысы келсе, басындағы шалмасы мен аяғындағы мәсісін тастауы тиіс, жастары білімді, жалынды Батысқа қараған, Шығыстағы Жапон, Корей мемлекеттеріне де мән берген болуы тиіс, ашық және демократиялы қоғам болуы қажет.

Қаншама жылдар біз ел болып қалыптасуды арман еттік. Бізге Қазақ елі атану арман болды. Тек мемлекеті бар ел ғана өркениет жолына түсе алмақ, сондықтан Қазақ өркениеті деген ұғымды қоғамдық білімдер жүйесінде қолдануға мүмкіндік туды.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қазақстандағы мәдениетінің болашағын қалай бағамдайсыз?
2. Қазақстанның ұлттық идеясында қандай жаңа үрдістерді атап өте аласыз?
3. Орнықты даму қағидатын қалай түсінесіз?
4. Мәдени әмбебаптылық пен жеке дарашылдықты қалай түсінесіз?
5. «Мәдени мұра» ұғымын қалай түсінесіз?

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Мәдениеттану: Оқулық, ұжымдық монография – Алматы: Лантар Трейд, 2019.-416 б.
2. Жолдубаева А.К. Культурология: практикум. – Алматы Қазақ университеті, 2014.
3. Жаһандану және Қазақстанның заманауи мәдениеті: ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. –334 б.
4. Дәстүрлі және заманауи қазақ мәдениеті. Хрестоматия (Электрондық кітап). Авторлар ұжымы. Традиционная современная культура Казахстана. Коллектив авторов. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
5. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: Оқулық (ҚР БҒМ РОӘК). – Алматы: Эверо, 2018. – 343 с.
6. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология. –Алматы, 2011.

7. Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. – Алматы: Өнер, 2012
8. Мәдени-философиялық энциклопедия. Авторлар ұжымы – Алматы: Лантар Трейд, 2019. – 344 б.
9. Gabitov Tursun. Kazakh culture challenges.-Almaty: Evero, 2018.-234 p.
10. Қазақстан руханияты мен мәдени ескерткіштерінің энциклопедиясы. Авторлар ұжымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 298 б.
11. Жолдубаева А.К. Мәдени антропология: негізгі мектептер және бағыттар. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 160 б.
12. Швейцер А. Культура и этика. – М.: Прогресс, 1973. – 103 б
13. Шпенглер О. Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории. Гештальт и действительность. – М: Мысль, 1998. – 163-164 бб.
14. Хамидов А.А. Паритетность культур и конфронтационность цивилизаций//Мир начинается у твоего порога. Сб. статей. - Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 76-87 бб.
15. Леви-Строс К. Структурная антропология. – М.: Наука, 1983. – 536
- Фукуяма Ф. Тарихтың соңы/Әлемдік философиялық мұра.-Алматы: Жазушы, 2006.-Т. 19.-69 б.
16. Хантингтон.С. Столкновение цивилизаций.-М.: ООО Издательство АСТ, 2003.-231 б.
17. Тойнби А.Дж. Постижение истории. – М.: Прогресс, 1991. – 87 б.
18. Лотман Ю.М. О мифологическом коде сюжетных текстов//Сборник статей по вторичным моделирующим системам. – Тарту, 1973. – 276 б.
19. Eliade M., Joan P. Couliano. Dinler Tarihi Sözlüğü. - İst.: Çev: Ali Erbas. İnsan Yayınları, 1997. – S. 366.
20. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 400 б.
21. Конрад Н. Запад и Восток. Традиции и современность. – М.: Наука, 1993. – 403 б.
22. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 т.-Алма-Ата: Наука, 1976. – 94 б.
23. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 400 б.
24. Мурад Аджи. Кипчаки. Древняя история тюрок и Великой степи. – М., 1999. – 21 б.
25. Кокалып З. Түрікшілдіктің негіздері. - Алматы: Мерей, 2000.-128 б
26. Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А, 1987, 18-19 б.
27. Дүниетану даналығы. Алматы, 1994.-88 б.
28. Олжас Сүлейменов. АЗ иЯ. – Алматы, 1992, 262-274 б.
29. Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А., 1987, 26 б.
30. Секст Эмпирик. Соч. т.1. М., 1976. С.382.
31. Платон. Соч. т.3. М., 1971. С.427.
32. Геродот. История. М., 1972, С.198.
33. Мәдени мұра. 1–т. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. – Астана, 2005.

34. Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А., 1987, 126 б.
35. Қазақтардың дүниетанымы, 1993, 34-35 б. б.
36. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері. Алматы, 1998, 144 б.
37. Духовное наследие казахского народа. А., 1986.
38. Құнанбаев А. Қара сөздері, 7- сөз
39. Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. А., 1987
40. Человек и мир. Казахская национальная идея. Алматы, 1994.
41. Дүниетану даналығы.- Алматы: Білім, 1994, 39 б.
42. Түрік философиясы//Тамыр.-2001.-№ 2.4.
43. Келіметов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1996
44. Ранние формы религии. М., 1964, 283 б.
45. История религии. Очерки. Т.1. М.,1975, 75-76 б.
46. Заключение. Проблемы аборигенов Сибири. Л., 1965, с 267
47. Народы Малайзии и Западной Индии. М., 1980, 238-240 с
48. Қазақтардағы шамандықтың іздері. Таңдамалы. Алматы, 1985
49. Маги, боги и действительность. Алматы, 1975, 52 б
50. Древние верования Казахстана. Алматы, 2002
51. Турсунов Е. Древнетюркский фольклор. Алматы, 2001,13 б.
52. Жақау Дәуренбеков, Едіге Тұрсынов, 1993. Қақтың бақыс-балгерлері. Ана тілі баспасы. 105 б.
53. Тұрсынов Е.Д, 1976. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы. 195-б
54. Турсунов, Д.Е.2001, Древнетюркский фольклор: истоки становление. Алматы Дайк Пресс. 172 б.
55. Әлкей Марғұлан, 2007. Шығармалары. Алатау. Алматы. 608 б.
56. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы, 2006. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары.-Алматы:Жазушы, 496 б
57. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. Алматы, 2001, 149 б
58. Ибн Фадланның Еділге саяхаты//Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары.-Алматы: Қазақ университеті, 1991.-344-381 бб.
59. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.-23 б.
60. Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу.-Алматы: Балауса, 1991.-14-15 бб.
61. Орынбеков М. Ежелгі қақтың дүниетанымы.-Алматы: Ғылым, 1996.-168 б.
62. Гумилев Л. Древние тюрки.-М.: ООО «Издательство АСТ».-с. 5-2.
63. Гумилев Л. Н. География этноса в исторический период. – Л., 1990. с. 115
64. Гумилев Л. Н. Тысячелетия вокруг Каспия. - М., 1993.-с.86. Адж М. Азиатская Европа. – М.: АСТ МОСКВА, 2008. – с.190-191.
65. Касымжанов А. Х. Самоопределение и духовное наследие//Саясат. 1999. № 3. – с. 23-32).

66. Монтескье Ш. Персидские письма//Пер. с франц. под ред. Гунста Е.А. – Москва: Издательство "ИОЛОС".- С. 45-53
67. Максуди, Садри. Тюркская история и право. – Казань: Фэн, 2002. – с.10.
68. Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия.-С. Баку, 1991.-с. 23-28.
69. Рахманалиев Р. Империя тюрков. Великая цивилизация. – М.: РИПОЛ классик, 2009. – 576 с.
70. Добльхофер Э. Знаки и чудеса. - М., 1963. - С. 332-333.
71. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975.-380 б.
72. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (Даналық кітабы). – Тегеран: Әл-Хұда, 2000. – 162 б.
73. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.).
74. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.).
75. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері 1 том. Р.Б.Сүлейменов атындағы шығыстану институты Алматы, «Дайк-Пресс» 2005 ж. 26 б.
76. Байпақов К.М. «Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы»-Алматы, 1995.-53 б
77. Федоров – Давыдов Г. А., Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – М., 1966. – с. 3.
78. Закиров С., Дипломатическое отношения Золотой Орды с Египтом, – М., 1966. – с. 17 б
79. Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы. – А.,1993. 400 б).
80. Сафарғалиев М. Г. Распад Золотой Орды-Саранск, 1960г.-с.7
81. Жақып Б.Ө. Қазақ энциклопедиясы. – А., 2011. 880 б.
82. Есенберлин І. Алтын Орда, І кітап. – А.,1996.
83. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы /редактор Ә. Дербісалиев. – Алматы: Ғылым, 2002. – 75 б.
84. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия /құр. Мағауин М. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 331 б.
85. Әбішев Қ. Философия. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998. 259 б.
86. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар.-Алматы: Жазушы, 1985.-295 б.
87. Қалиев С., Оразова М., Смаилова М. Қазақтың салт-дәстүрлері. - Алматы: Рауан, 1994.-23 б.
88. Әлімқұлов Б., Әбдрахманов Е. Күйеу келтір, қыз ұзат.-Алматы: Санат, 1994.-22-27, 113 бб
89. Жүзбасов Қ. Қазақтың сал-серілері // Мәдениет. 1985.-№ 5.-13 б.
90. Турсунов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау.-Астана: Фолиант, 1999.-5 тарау
91. Турсунов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана: Фолиант, 1999.-195 б.
92. Тұрсынов Е. Сал-серілер дәстүрінің төркіні // Заман - Қазақстан. – 1996. – 8 қараша, 14 б.

93. Қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптары . С.Е. Әжіғалиев (жауапты редакторы). – Т. І. – Алматы: Арыс, 2005. - 21 б.
94. Бес ғасыр жырлайды. 2-ші том. — Алматы: Жазушы, 1985.- 280 б.
95. Қазақ даласының ойшылдары. 4-ші кітап / ред. Нысанбаев Ә. – Алматы: ФСИ, 2001. – 274 б.
96. Абай Құнанбаев. Шығармалары. – Алматы: Мөр, 1994
97. Құнанбаев. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Мөр, 1977. – 454 б.
98. Абай. Шығармалары. - 2 т. – 154 б.
99. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
100. Атырау: Энциклопедия. -Алматы: Атамұра, 2000.
101. Дулатов М. Оян, қазақ! – Алматы: Алтын Орда, 1991.-10 б.
102. Үш анық. – «Әлем», 39 б.
103. Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б..
104. Демографиялық кескін. – «Қазақ», 66-67 бб.
105. Тарақты А. Ауызша тарихнама. – «Қазақ», 36 б.
106. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра, 1999.-65 б.).
107. Бюкенен П. Дж. Батыстың ажалы//«Жас қазақ».-2014.-№ 30.
108. Сартр Ж.П. Экзистенциализм – бұл гуманизм//Құдай ымырттары.- М., 1990, 324 б.).
109. Нұрмұратов, С.Е. 2000. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. - Алматы, ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 178 б.).
110. К.У.Биекенов, С.К.Биекенова, Г.А.Кенжеакимова, 2012. Әлеуметтану. - Алматы. Раритет, 237 б.
111. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. Алматы, 1996, 264 б.
112. Сен-Мара Ф. Социализация природы. – М., 1977. – 54 б.
113. Нэбит Д. Және Эбурдин П. Мегатенденциялар. 2000 жыл. Бізді 90-шы жылдары не күтеді? – Москва, 1982
114. Ноосфера – устойчивое развитие. –Алматы. 1996. № 1. -. 22 -28 бб
115. Печчеи А. Человеческие качества. – М., 1980. – 183-184 бб.
116. Тинберген Ф. Пересмотр международного порядка. – М., 1980.
117. Ноосфера — устойчивое развитие. – Алматы, 1996. № 9. – 35 б.
118. Ноосфера – устойчивое развитие. Алматы, 1996. № 1. – 334-335 бб.
119. Ноосфера — Жербесік. Алматы, 1996, N9 1. – 334 б.
120. Ортега-и-Гассет. Восстание масс//Вопросы философии. М., 1989. № 3.-37 б
121. На пути к культуре мира: Свободный доклад, содержащий проект. Декларации и программу действий в области культуры мира. Париж, 1998. – 34 б.
122. Ламперт Х. Социальная рыночная экономика. М.: Дело, 1993.-33-34 бб.
123. Темирбеков С.Т. В объятиях рынка.-Алматы: Мысль, 1998. – № 7. - 66-68 бб.

124. Хайек Ф. Пагубная самонадеянность.-М., 1992. – 39 б.
125. Межуев В.М. Куда движемся?//Вопросы философии, 1993. № 2.
126. Ыбыраев Шәкір. Эпос әлемі. Алматы: Ғылым, 1993. — 297 б.
127. Барт Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика/Р. Барт.-М.: Прогресс, 1994. – С. 112-130.
128. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества/М.М. Бахтин.-М.: Искусство, 1986. – С. 26-48.
129. Белый А. Символизм как миропонимание/А. Белый.-М.: Республика, 1994. – С. 85-91.
130. Библер В.С. Культура. Диалог культур/В.С. Библер//Вопросы философии. – 1989. – № 6. – С. 31-42.
131. Ермишина Н.Д., Михайлов А.Н. Культурология: учеб. пособие для студентов МЭИ (ТУ)/Н.Д. Ермишина, А.Н. Михайлов.-М.: Изд-во МЭИ, 2006. – С. 46-58.
132. Лотман Ю.М. О семиотическом механизме культуры//Его же. Избранные статьи. Т. 3/Ю.М. Лотман. – Таллин: Александра, 1993.–С. 326-344.

Интернет-ресурстар:

1. ЖООК (МООК). Мәдениеттану /Ғабитов Т.Х. және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2020
2. Алан Бэрнанд. Антропологияның тарихы мен теориясы (Ғабитов Т.Х. – 25 видеодәріс) Тіркеу тегін:
<https://openu.kz/kz/courses/antropologiya-tarihy-men-teoriyasu>
3. Семиосфера (Жолдубаева А.К. – 25 видео) :
<https://openu.kz/ru/courses/semiosfera>
4. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: Мультимедиялық оқулық – Алматы: Epigraph.kz 2018. – Библиотека КазНУ
<http://mbook.kz/ru/activate/26a272c4e21fe5d6f9affd2603a7e5c44a6872b4/>
Промокод Kaznu 19
- 5 Дәстүрлі және заманауи қазақ мәдениеті. Хрестоматия. Электронды кітап. Авторлар ұжымы. - Алматы: Қазақ университеті, 2019.
6. Электрондық кітап-контент: Қазақстанның рухани мұрасы мен мәдени ескерткіштерінің энциклопедиясы. Авторлар ұжымы. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.
7. Электрондық контент: Қазақстандағы мәдени ескерткіштер мен жәдігерлер Ұжымдық контент. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.
- 8 Мәдениеттану кітапханасы. Электрондық контент. Авторлар ұжымы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.